Nothing would have been achieved in the company if there had been no communication; since workers cannot fulfill orders, tools and supplies cannot be ordered, and most importantly, even little progress would not be made. All five management roles, according to Drucker, are dependent on communication: planning, organizing, staffing, leading and controlling, and so on. In several studies of highly successful companies, flexible communication with employees has been identified as the most important skill required for all employees. Since it is important for an employee to be able to quickly send, receive and understand strategic information.

Certain norms characterize communicative behavior, allowing for the classification of specific communicative behavior as normative or abnormal. The purpose of this research is to look into the communicative behavior of employees in the workplace, specifically in private companies. As part of our research, we proposed the following hypothesis: employee communicative behavior is directly influenced by communication strategy in both private and public companies. And the communication strategy affects their professional communication. We also investigate the relationship between communicative behavior and stress by studying it. That is, we assume that private-sector employees are less stressed than public-sector employees. However, we must remember to assess their level of competence, tolerance, and intolerance.

## ЖАСӨСПІРІМНІҢ СИБЛИНГТІ ПОЗИЦИЯСЫН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ПСИХОЭМОЦИОНАЛДЫ ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУІ

*Төреғалиева Г.А.*

*Г.А. Қасен жетекшілігімен*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы*

*e-mail: gul\_11.98@mail.ru*

Адам баласының қарапайым өмір барысы психоэмоционалды күйлерсіз өтпейді. Ана құрсағында қалыптасып бастаған сәттен өзін қоршаған әлеммен эмоциялық деңгейде қарым-қатынас жасап бастайды. Дүниеге келгенде де, сөйлеу білмейтін сәбидің негізгі құралы ол – эмоциясы. Сондықтанда эмоцияны бірінші тіл деп бекер айтпаса керек. Ал, жасөспірім шақтан күрделі өзгерістер арқылы тұлғалану сатысына өтіп қалыптасатын осы психоэмоционалды күйді реттей алу маңызды мәселе болып отыр. Заман ағымының күрделенуі, талаптың жоғарлауы адамның осы эмоционалды сферасына өз ықпалын тигізери сөзсіз.

Ғылым мен қоғам алдында тұрған басты мәселелердің бірі өскелең ұрпақтың болашағы, әсіресе психологиялық денсаулықтың маңыздылығын ескеру алдыңғы қатарға шықты десек қателеспейміз. Еңбекке жарамды, бәсекеге қабілетті жан-жақты дамыған тұлға кез-келген әлеуметтің басты күші болып саналады. Осы орайда жастайынан бала бойында қалыптасып, тұлғалану сатысында оның өмірінде ерекше әсер қалдыратын фактор ол – отбасы. Адамның бірінші «тілі» саналатын эмоциялары оның тұтастай ішкі әлемін құрап, сыртқы қарым-қатынас ортасымен байланыстыратын негізгі құралы. Жастайынан психоэмоционалды күйлердің қалыптасуы баланың отбасыдағы туылу кезегіне, оның ата-анасымен, бірге туған бауырларымен қарым-қатынасы кезінде құрылады. Осы уақытқа дейін шет елдік және ресейлік ғалымдар еңбектерінде сиблингті позицияны ескере отырып, балалардың интеллектуалды қабілеті, қарым-қатынас сферасындағы ерекшеліктері зерттеліп, балалардың туылу кезегінің атқаратын рөлі бары анықталған болатын. Бұл зерттеу жұмысы сиблингті позицияның психоэмоционалды өзін-өзі реттеуінде ерекшеліктерді анықтау бағытына баса назар аударады.

Туу тәртібі теориясының көптеген ережелері кейінгі эксперименттік жұмыстарда да (70-80 жж.) расталмады. Белгілі бір жағдайға байланысты жеке сипаттамалар бір-бірімен ғана емес, сонымен бірге туу тәртібімен де корреляцияланбады. Алайда, 1990 жылдары сиблингті позицияны зерттеуге деген қызығушылық қайта арта бастады. Бұл зерттеулер отбасы жүйесіндегі сиблингті қарым-қатынастардың алатын рөліне баса назар аударды.

Психологиялық тұрғыдан алғанда сиблингті қарым-қатынас екіжақты сипатқа ие. Бір жағынан, бұл туыстық қатынастар: ең алдымен, отбасы мүшелері өте тығыз эмоционалды байланыстармен, сондай-ақ тәрбие стилдерімен, отбасылық құндылықтар мен дәстүрлермен байланысты отбасының ішкі жүйесі ретінде қарастырылады. Екінші жағынан, сиблингті қарым-қатынас – бұл құрдастарымен қарым-қатынас тәрізді, яғни сиблингтердің арасындағы жас айырмашылығы қандай болғанына қарамастан. Сонымен қатар, сиблинг отбасы жүйесіне қатты әсер етуі мүмкін, оны қандай да бір жолмен өзгертеді. Бұл сиблинг қарым-қатынастарының тағы бір ерекшелігі. Көптеген адамдар әпке-қарындастарымен және ағаларымен бірге тәрбиеленетіндіктен, бауырлар арасындағы қарым-қатынас, көптеген басқа да әлеуметтік қатынастар сияқты, әртүрлі процестермен сипатталады.

Сиблингті позицияның адамның дамуындағы оның психологиялық ерекшеліктеріне туылу кезегі, отбасыдағы балалардың арасындағы жас айырмашылығы, жынысы, ата-ана тәрбиесінің стилі әсерін тигізетінін осыған дейін көптеген шет елдік және отандық ғалымдар еңбектерінде анықталған. Интеллектуалды даму ерекшелігі мен сиблингті рөлдің байланысын алғаш Ф. Гальтон (ағылшынның беделді тұлғалары мысалында) айқындап көрсеткен. Осы тұрғыдан Альберт Йодер, Эллис, С. Шахтер сияқты ғалымдардың кейінгі зерттеулері Гальтонның идеясын дәлелдеді. Сиблингті позицияның тұлға құрылымында алатын рөліне ерекше тоқталған психоаналитикалық зерттеулер болды. Әсіресе, А. Адлердің негізгі көзқарастары адамның индивидуалды тұлғалық қырларының қалыптасуы отбасыдағы позицияға байланысты екенін айшықтайды. А. Адлердің идеясын Вальтер Томан жалғастырды. В. Томанның зерттеулері 50-ші жылдары басталды. Ол сиблингті позицияның болашақ жар таңдауда алатын рөлін жүйелі түрде зерттеген. Ал, 50-ші жылдардың аяғында В.Томанның зерттеуіне қызығушылық тудырған Мюррей Боуэн отбасы психотерапиясы шеңберінде сиблингті позицияны зерттеді. М. Боуэн отбасыны – эмоционалды жүйе ретінде қарастырып, онда дүниеге келген балалардың тұлғасы тікелей олардың функционалды позициясына байланысты деп санады.

Заманауи психологиялық зерттеулерде сиблингті позиция феномені және оның бала тұлғасының қалыптасуында алатын орны әлі күнге дейін өзекті әрі теориялық маңызды. Аталған зерттеулер үйлесімді ересек тұлға тәрбиелеуге деген әлеуметтік сұранысты өтеп қана қоймай, отбасыдағы тәрбие тәжірибесін оптимизациялауға қажетті.

## ӘР ТҮРЛІ ЖАС КАТЕГОРИЯЛАРДАҒЫ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ЖАНУ КӨРІНІСІН ЗЕРТТЕУ

**Тұрсынғали А.А.**

*Н.С. Жұбаназарова жетекшілігімен  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы  
e-mail: aidabreeze@gmail.com*

Әлеуметтік-демографиялық зерттеулер педагог еңбегін эмоционалдық қысымы ең жоғары қызмет түріне жатқызады, сондай-ақ В.В. Бойко педагогтердің соматикалық патологиясы клиникалық невроздық бұзылыстар негізінде орын алатын жүрек-қантамыр, ми қызметінің бұзылулардың тым жоғары деңгейін анықтады. Ендеше, қазіргі талабы жоғары заманда педагогтердің эмоционалдық сферасы жайлы мәселе өте маңызды әрі қажет.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі заманауи педагогтер тек қана профессионалды білім ғана емес, сондай-ақ профессионалды қызметін жүзеге асыруда қолданылатын психологиялық білімдерге де ие болуы керек. Қоғам тарапынан қойылатын талаптардың жоғарылауы және көбеюі сәйкесінше объективті түрде педагогтердің жұмыс және оқу интенсивтілігін арттырады, психоэмоционалды жағдайына әсерін тигізіп, эмоционалды жану мүмкіншілігін арттырады. Осыған сәйкес эмоционалды жану отбасылық мәселелер, балалармен қарым-қатынасқа кері әсерін тигізеді және психосоматикалық сырқаттарға да алып келу мүмкінділігі жоғары. Бұл тарапта эмоционалды жану синдромының дамуындағы профилактикаға аса назар аудару қажеттігі пайда болады. Сондықтан, педагогтердің психологиялық ахуалын зерттеу қажеттілігі қазіргі заман талаптарына қажет мәселелердің бірі болып отыр. Әдебиеттерді анализдеу арқылы бұл феномен бірқатар шетелдік зерттеушілердің басты қарамағында екенін байқауға болады. Осы тараптан қазақстандық жолмен аталған феноменді зерттеу де жаңа ғылыми ақпараттар береді деп күтілуде.

Зерттеу объектісі: 5 ж. дейінгі және кейінгі еңбек өтілі бар әр түрлі жас категориясындағы педагогтар.

Зерттеу мақсаты әр түрлі жас категорияларындағы педагогтардың эмоционалды жану ерекшеліктерін тәжірибелік тұрғыдан анықтау; педагогтардың эмоционалды жану синдромымен профилактика жұмыстарын дайындау және жүргізу, эмоционалды жану профилактикалық бағдарламасының жас мамандарды дайындаудағы маңыздылығын негіздеу

Зерттеу жұмысының эмпирикалық бөлімінде клеесі методикалар қолдану көзделініп отыр: «Эмоционалды жану деңгейін анықтау» (В.В.Бойко), «Өзін-өзі реттеу» (А.К.Осницкий), «Тұлғаны көпфакторлы зерттеу» (Р.Кеттел), қалыптастырушы эксперимент, контент-анализ. Көрсетілген бағдарлама арқылы педагогтердің әлеуметтік-демографиялық сипаттары мен тұлғалық ерекшеліктері анықталады.

Зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша болжам – педагогтердің эмоционалды сферасының ерекшеліктерін анықтап, олармен жұмыс жасау және жану синдромын алдын-алу және болдырмау мақсатында білім дағдыларын қалыптастыру. Себебі, эмоционалды жану синдромы сыртқы факторлар әсерімен ішкі алғышарттары негізінде пайда болады.

Әл-Фараби айтқандай: «Адамға тән бір жақсы қасиет – өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ете алу», соған сәйкес жұмыстың практикалық маңыздылығы да осы тұрғыдан ашылады, яғни, адамның ең алдымен өзін-өзі танып, реттей алуы, рухани гармониясы – оның барлық өмірлік сфераларына әсер етуші басты фактор, ал біз сол фактордың сапалы болуына қадам жасап отырмыз.

## ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ СИБЛИНГОВЫХ ОТНОШЕНИЙ В СЕМЬЯХ РАЗНОГО ТИПА

**Унайбекова С.К.**

*Под руководством Кабаковой М.П.*

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы*

*e-mail: unaibekova\_97@mail.ru*

В современном обществе приобретает актуальность проблема сиблинговых отношений в семьях разного типа, поскольку растет число повторных браков после развода. Да, и тема сиблинговых отношений между родными братьями и сестрами практически не изучена в казахстанской психологической науке.

В своей работе авторы основываются на системно-деятельностном подходе, и в частности, на концептуальной схеме анализа семьи как психологической системы, рассматриваемой в качестве совокупного субъекта совместной жизнедеятельности (Кабакова М.П.). Поскольку сиблинговые отношения являются одной из подсистем системы семья.

Объект исследования: сиблинги в семьях разного типа.

Предмет исследования: отношение между сиблингами в семьях разного типа.

Цель исследования: психологический анализ сиблинговых отношений в семьях разного типа.

Общая гипотеза: Отношения между сводными сиблингами отличаются от отношений между родными сиблингами по эмоциональной близости/дистанции, характеру общения, степени доверия.

Методики исследования: методика «Незаконченные предложения», опросник (шкала) «Степень выраженности соперничества между старшими и младшими сиблингами», Методика «Межличностные отношения ребенка» и др.

Выводы:

1. Отношения между сиблингами зависят от таких компонентов, как очередность рождения, пол, состав семьи и др.

2. Взаимоотношения родных сиблингов складываются быстрее и эффективнее, чем у сводных сиблингов.

3. На эффективность взаимоотношений также влияют такие факторы, как возраст и общие интересы, то есть если сводные сиблинги примерно одного возраста и живут вместе с малых лет, то отношения между ними складываются быстрее и становятся близкими. Еще немаловажный фактор – это общие интересы и совместная/общая деятельность.

4. Подготовка детей родителями и беседа с ними, один из важных факторов в подготовке к будущим взаимоотношениям между сводными сиблингами.

Результаты исследования могут быть применимы практическими психологами учреждений, семейными психологами в организациях социальных проектов и в деятельности образовательных учреждений.

Теоретическая значимость состоит в том, что выводы по проведенной работе обогащают актуальный на данный момент раздел семейной психологии. Исследование расширяет теоретическую базу по этой проблеме.

Практическая ценность исследования заключается в том, что полученные результаты помогут специалистам в налаживании взаимоотношений между сиблингами в семьях разного типа, а также между детьми и их родителями.

## КОНЦЕПЦИЯ ДУШИ ПО ИБН СИНЕ

**Утеулиева Н.Е.**

*Под руководством Ташимовой Ф.С.*

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы*

*e-mail: u.nazerke@mail.ru*

Вопрос о душе и психике один из старейших и философских вопросов, которыми были заинтересованы восточные ученые и не смотря на теологические и метафизические определения, они пытались объяснить взаимосвязь поведения людей с демонстрацией их ценностей. Эти учения получили место в золотом веке греческой философии античных ученых таких как Сократ, Платон и Аристотель и вопрос был перенесен с исследовательского уровня “онтология” до уровня исследования фундаментальных проблем человека.

Одним из наиболее важных вопросов является исследование того, что такое душа, начиная с Сократа, с его слов можно видеть, что он призывал глубоко погрузиться в её глубины, чтобы познать самого себя и прислушиваться к внутреннему голосу, голосу души: “Познай себя Самостоятельно”[1].

Без бессмертия это ведет к уничтожению. «Душа – не что иное, как собрание жизненно важных функций живого организма, то есть функции тела, и является отличием от неодушевленных предметов, а без неё тело не более чем труп». Вывод Аристотеля с точки зрения понимания природы души, стал одним из лучших теории и послужило основой в учениях восточных, а также греческих философов. Среди них можем выделить Ибн Сину.

Душа влияет на тело так же, как тело влияет на него. Эмоции, такие как состояние радости, гнева и другие, являются результатом взаимодействия, то есть, ощущение – это действие души с участием тела. Важность души остается в том, что она является двигателем и сущностью тела [2].

Вопрос о душе считается одним из важных исследований, которым посвятил Ибн Сина.

“Книга о душе” (“Китап ан-Нафс”) – основная работа Ибн Сины по психологии, оказавшее существенное влияние на развитие этой науки не только на Востоке, но и в Европе. “Книга о душе” входит в 6 раздел книги, в раздел физики. Это объясняется тем, что начиная с Аристотеля, физика понималась как учение о природе вещей и их состояниях.

Ибн Сина преуспел в психиатрии, как и в отраслях медицины. И еще он изучал нервные расстройства и знал некоторые психологические и патологические факты с помощью психоанализа, рассматривая психологические и ментальные факторы как печаль и страх, тревога, радость и другие чувства в теле человека [3].

В области психологических исследований Ибн Сины мы находим два взаимодополняющих подхода, между умственной дедукцией и индукцией. Именно так он изучал состояние психики человека. Человеческая психика – это глубокое исследование, сочетающее в себе медицинские, физиологические и психологические аспекты, что отражает ее важность.

### Список использованной литературы:

1. Ждан А.Н. = История психологии. От Античности до наших дней: – 2004
2. Психологические воззрения учёных Средневековья Шодиев Х. Т., Атамуродова Р. К., Алимкулов С. О.
3. Избранные произведения мыслителей стран Ближнего и Среднего Востока. М., 1961

## ИССЛЕДОВАНИЕ СОСТОЯНИЯ СЕКСУАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

*Хайрушева Ж.А.*

*Под руководством Басыбековой К.Е.*

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы*

*e-mail: janim1988@inbox.ru*

Сексуальное воспитание – это процесс постепенного (с учётом возраста ребенка) информирования детей в вопросах пола, анатомического строения мужских и женских половых органов, о личных границах, об изменениях, которые происходят с человеком во время процесса полового созревания (менструация, поллюции, рост волос и т.д.), о сексе, разъяснение информации о деторождении, о контрацепции и инфекциях передаваемых половым путем.

Нами было проведено исследование посвященное изучению психологических аспектов сексуального воспитания в Казахстане. В исследовании приняли участие 61 человек – родители, воспитывающие детей в возрасте от 3 до 18 лет. 67,2% опрошенных – в возрасте от 25 до 35 лет, 21,3% в возрасте от 35 до 45 лет, 3,3% – в возрасте от 18 до 25 лет, остальные опрошенные старше 45 лет.

Мы задали респондентам несколько похожих вопросов. Первая категория – вопросы относительно того разговаривали ли родители респондентов с ними о сексе и вопросах связанных с ним. Вторая категория – вопросы относительно того говорят ли респонденты о вопросах сексуального воспитания со своими детьми. Эти данные могут помочь нам в понимании того, насколько современные родители повторяют поведение своих родителей. По результатам опроса было выявлено, что с 73,8% респондентов родители в детстве не говорили о сексе, контрацепции и инфекциях передаваемых половым путем. При этом 44,3% опрошенных родителей отметили, что о сексе они узнали от сверстников, от родителей об этом узнали 31,1% опрошенных. Об инфекциях передаваемых половым путем, контрацепции, большинство (45,9%) современных родителей узнали на специальных занятиях в школе, либо от преподавателей и только 18% ответили, что узнали эту информацию от своих родителей. 31,1% опрошенных ответили, что узнали об изменениях, проходящих в организме подростков в период полового созревания от родителей, 24,6% узнали эту информацию от сверстников.

Относительно сексуального воспитания современных детей их родителями были получены следующие результаты: 60,7 % респондентов ответили что ни он(а), ни его(её) супруг(а) не говорили с детьми о сексе, контрацепции и инфекциях передаваемых половым путём, 31,1% ответили что говорили на эти темы, но только с подростками. Не говорили с детьми на темы изменений происходящих в организме подростка во время полового созревания 55,7% опрошенных, 23% ответили что говорили, но только с подростками. 45,9% опрошенных ответили, что, скорее всего, будут испытывать стеснение или дискомфорт, если в ближайшее время им необходимо будет поговорить с ребенком на темы секса. При этом 23 % ответили, что не будут испытывать таких чувств, то есть они готовы к разговору с детьми о сексе.

Почти половина опрошенных – 49,5% ответили, что согласны с утверждением «сексуальное воспитание может служить профилактикой педофилии», что может означать, что современные родители осознают важность сексуального воспитания. 39,3% ответили, что затрудняются ответить и 11,5% ответили, что не согласны с данным утверждением.

На вопрос о том, считают ли респонденты, что они воспитывают своих детей также как воспитывали их 65,6% ответили «нет» и 34,4% согласны с данным утверждением.

И финальные вопросы были о том, кем, по мнению современных родителей должно производиться сексуальное воспитание детей. На вопрос о том, должны ли быть в школе уроки по сексуальному просвещению 82% респондентов ответили утвердительно, 8,2% ответили, что таких уроков в школе быть не должно. На вопрос о том, нужно ли давать детям сексуальное воспитание в семье 91,8% родителей ответили утвердительно, но 3,3% ответили отрицательно, остальные респонденты затруднились с ответом. Из этих данных можно сделать вывод, что современные родители в большинстве своем осознают важность и необходимость сексуального воспитания, при этом оно должно производиться как в семье, так и в школе.

## ИЗМЕРЕНИЕ ОРГАНИЗАЦИОННОГО КЛИМАТА У СОТРУДНИКОВ В ПЕРИОД КОНСОЛИДАЦИИ БАНКОВ

**Хон А.**

*Под руководством Садуакасовой З.М.  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы  
e-mail: hon.aleksandra@bk.ru*

В деятельности любой организации важную роль в достижении целей и его результативности влияет положительный организационный климат. Организационный климат в понимании ученых, а также, социально-психологический климат или производственный климат есть набор стабильных характеристик, описывающие определенную компанию, значительно оказывающие влияние на поведение и эмоциональное составляющее ее сотрудников. В описании организационного климата применяются такие параметры, как структура или степень формальной структурированности, степень риска при принятии решений, тактика вознаграждений; возможности продвижения по службе; отношение руководства к служащим; отношение служащих к руководству; эмоциональная атмосфера [1].

Организационный климат – совместное чувство цельности, а также взаимопонимания, создающий пространство, оказывающее содействие вольным коммуникативным потокам, а также манеру восприятия сведений, оказывающим большое влияние в следующие поступки сотрудника, также конфигурациями передачи сведений, зависящие в этом количестве также с характера управления компании. Негативный организационный фон зачастую считается результатом общественной либо коммуникативной неграмотности управляющего или итогом бытия в команде неофициального руководителя, дезориентирующего сотрудников, также рушащего целостность [2].

В последнее время в различных организациях происходят обновление, изменение, чтобы быть конкурентоспособными. Измерение психологической готовности сотрудника в банке, консолидирующегося со вторым банком, может быть осуществлена благодаря диагностическим методикам, базирующиеся на анализе эмоционального фона каждого сотрудника в нем, а также, диагностики системы ценностей, влияющие на мотивацию к работе. Мы предполагаем, что поведение сотрудников можно описать через понятие «тревожности и неопределенности». Сотрудники переживают о предстоящих изменениях, которые могут коснуться состоявшегося графика рабочей деятельности, своей нынешней позиции сотрудника, а также будущей карьерной перспективы. На примере двух банков, которые сливаются в одну экосистему, происходит внутренний отбор персонала, связанный с отсеиванием слабых и малокомпетентных сотрудников. Сотрудники, которые не пройдут опрос, будут со временем сокращать, и в этот момент работодателю необходимо учитывать ряды психологических моментов [3].

В период консолидации банков, в нашем случае – поглощение одного банка вторым, происходит увеличение доли портфеля, увеличение кредитоспособности и конкурентоспособности на рынке в сфере предоставления банковских услуг. С точки зрения социально-психологических особенностей, процессы слияния и поглощения вызывают недоверие и страх у работников. Сотрудники, осознавая незащищенность своих должностных позиций постепенно выражают свое негодование; наблюдается значительный отток кадров, увеличиваются случаи возникновения проблемных ситуаций, связанных с клиентами, также, поступки сотрудников выражаются в неподчинении и несоблюдении должностных обязанностей, что говорит нам о том, что в коллективе чувствуется возмущение сотрудников и желание завоевать внимание руководителей [1].

Для поддержания здорового организационного климата руководителям коллектива нужно знать не только основы организационной психологии, но и соблюдать стили общения между новыми сотрудниками и тех сотрудников, которые ждут сокращения, хранить вектор общего направления к цели компании [4]. Поэтому, лучшее понимание менеджерами и управленцами социально-психологических процессов в процессе консолидации банков будет являться ключом к успеху в будущем управлении компанией. Следует отметить, что грамотная диагностика и превентивные меры, направленные на поддержание организационного климата, помогут преодолеть грядущий кризис и сохранить организационный климат в благоприятном состоянии [5].

### Список использованной литературы:

1. Барков С.А., Дорохина О.В. Объединение компаний как социальный процесс: современные реалии // Вестник Московского университета. Серия 18. Социология и политология. Том №23, 2017. - №2. – 272 с.
2. Реньш М.А. Организационная психология: учеб. пособие / М.А. Реньш [и др.]; под ред. М.А. Реньш. Екатеринбург: Изд-во ГОУ ВПО «Фос. гос. проф.-пед. ун-т», 2009. 255 с.
3. Скавитин А.В. Психологические аспекты увольнения // Психология в экономике и управлении. 2017. Т.9, №1. С-97-103.
4. Хвеженко С.Г., Лукунгу П. Факторы, влияющие на социально-психологический климат в служебных коллективах правоохранительных органов Республики Уганда // Организационная психология: люди и риски. сб. материалов XI международной научно-практической конференции (24-25 апреля 2020 г.) Т. 10. - № 1. – С. 228–232.
5. Johannes Ullrich, Rolf van Dick. The Group Psychology of Mergers & Acquisitions: Lessons from the Social Identity Approach // Advances in Mergers and Acquisitions 6:1-15, 2007.



## ПСИХОПРОСВЕЩЕНИЕ ПОДРОСТКОВ ПО ВОПРОСАМ РЕПРОДУКТИВНОГО ЗДОРОВЬЯ НА ОСНОВЕ АРТ-МЕТОДОВ

**Шаужанова М.Н.**

*Под руководством Қасен Г.А*

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы*

*e-mail:shauzhanova\_malika@gmail.com*

Проблема гармоничного психического развития подростка, формирования подростка как личности является одной из самых актуальных тем в современном мире. Большой рост подросткового суицида непосредственно зависит не состоявшейся личности, поиска самого себя, неспособности к созданию семьи или не готовности к созданию семьи, причиной которой может являться именно состояние репродуктивного здоровья личности.

Проблема репродуктивного здоровья личности привлекает внимание не только специалистов в лице психологов, социальных работников, медиков, сексологов, но и родителей, которые очень сильно озабочены вопросами адекватного репродуктивного здоровья своего ребенка. В этих условиях психопросвещение является одной из основных форм работы практического психолога по данному направлению.

Цель работы: теоретически обосновать и апробировать возможности арт-методов в психопросвещении по вопросам репродуктивного здоровья.

Задачи исследования:

1. Провести теоретический анализ проблемы репродуктивного здоровья и методологии психопросвещения в рамках деятельности психолога.
2. Обосновать значение психопросвещения подростков в вопросах сохранения и укрепления репродуктивного здоровья.
3. Раскрыть возможности арт-методов в психопросвещении подростков по вопросам репродуктивного здоровья.
4. Апробировать программу психопросвещения подростков по вопросам репродуктивного здоровья на основе арт-методов.

Объектом исследования в данной работе будет психопросвещение как элемент образовательного процесса школы

Предметом исследования является репродуктивное здоровье подростка.

Гипотеза исследования звучит так, если организовать процесс психопросвещения подростков по вопросам репродуктивного здоровья на основе арт-методов, то приобщение к психологическим знаниям в данной области будет носить более деликатный характер за счёт специфики арт-методов, т.к. Они раскрывают глубинные процессы самопонимания и самопринятия, влияют на подсознание личности и через визуальные образы помогают приобщиться к ценностям красоты, здоровья и гармонии. Методы исследования в себя включают:

- Теоретические: анализ, синтез, обобщение, систематизация.
- Практические: анкетирование, тестирование, метод изучения продуктов деятельности, метод экспертных оценок.

Теоретическая значимость исследования:

Выявление влияния арт-методов на уровень понимания репродуктивного здоровья, которое непосредственно или косвенно формирует поведение подростка, служит источником социальной поддержки. Исследование репродуктивного здоровья личности даст возможность иметь более четкое представление подростку о себе и о своих правах и обязанностях в репродуктивной сфере. Поможет избежать таких проблем как ранняя незапланированная подростковая беременность, подростковые аборт, дородовая и послеродовая депрессия, матерей одиночек. Уровень состояния репродуктивного здоровья подростка поможет правильно сформировать у него понимание семейно-брачных ценностей. То, как впоследствии будет развиваться демографическая ситуация, в значительной степени зависит от представлений о семейно-брачных отношениях, сексуальном поведении, а также репродуктивных установок современных подростков.

Исследование влияния репродуктивного здоровья на формирование личности подростка, деликатное раскрытие посредством арт-методов глубинных проблемных вопросов репродуктивного здоровья, под вуалью цензуры сознания, является актуальной задачей, решение которой, расширит представления о факторах, способствующих поддержанию эмоционального благополучия репродуктивного здоровья как элемента общего психологического здоровья современных подростков Казахстана.

Подводя итоги, хочу обратить внимание на практическую значимость исследования: разработка анкеты, позволяющей подростку описать свой текущий уровень репродуктивного здоровья, на основании результатов которой можно составить обобщенный портрет современного подростка в области отношения к вопросам репродуктивного здоровья. Также можно не маловажна разработка и апробация программы психопросвещения подростков по вопросам репродуктивного здоровья на основе арт-методов всех подростков Казахстана.

## ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ТАБЫСТЫ ОҚУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР

**Шынасыл А.М.**

Н.С. Жұбаназарова жетекшілігімен  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы  
shynassyl.a@mail.ru

Студенттердің жоғары оқу орындарында білім алуының табыстылығына көптеген факторлар әсер етеді. Мысалға айтатын болсақ:

- материалдық жағдайы;
- денсаулық жағдайы;
- жасы;
- отбасылық жағдайы;
- ЖОО-ға дейінгі дайындық деңгейі;
- өзін-өзі ұйымдастыру, өз қызметін жоспарлау және бақылау дағдыларын меңгеру (ең алдымен оқу);
- ЖОО таңдау мотивтері;
- ЖОО-дағы оқытудың ерекшелігі туралы бастапқы идеялардың оның санасында болуы;
- оқыту нысаны (күндізгі, кешкі, сырттай, қашықтықтан және т. б.);
- оқу ақысының болуы және оның мөлшері;
- ЖОО-да оқу процесін ұйымдастыру;
- оқытушылар мен қызметкерлердің біліктілік деңгейі;
- таңдаған ЖОО-ның беделі және, сайып келгенде, студенттердің жеке психологиялық ерекшеліктері.

Нәтижесінде кейбір студенттер білім мен кәсіби шеберлікті игеру мақсатында талмай жұмыс істейді және туындайтын қиындықтар оларға тек күш пен мақсатқа жетуге деген ұмтылысты қосып отырады, ал кейбір студенттер бәрін уақыттың тығыздығына қарай жасайды және оларға кез-келген маңызды дерлік кедергілердің пайда болуы олардың белсенділігін оқу әрекетін жойылғанға дейін күрт төмендетеді? Мұндай айырмашылықтарды оқу іс-әрекетінің бірдей сыртқы жағдайларында (әлеуметтік-экономикалық жағдай, оқу процесін ұйымдастыру және әдістемелік қамтамасыз ету, мұғалімнің біліктілігі және т.б.) байқауға болады. Бұл құбылысты түсіндірген кезде психологтар мен педагогтер көбінесе оқушылардың **интеллект деңгейі** сияқты жеке психологиялық ерекшеліктеріне жүгінеді (білімді, дағдыларды, дағдыларды игеру және оларды проблемаларды шешу үшін сәтті қолдану мүмкіндігі); **шығармашылық** (жаңа білімді өздігінен дамыту мүмкіндігі); оқу мақсаттарына қол жеткізу кезінде жағымды тәжірибелерді қамтамасыз ететін **оқу мотивациясы**; барлық талаптардың жоғары деңгейін қалыптастыруға әкелетін **жоғары өзін-өзі бағалау** және т.б. ерекшеліктер. Бірақ бұл қасиеттердің әрқайсысы жеке-жеке, тіпті олардың комбинациясы да кез-келген күрделі іс-әрекетте сөзсіз болатын жиі немесе ұзақ сәтсіздіктер жағдайында білім мен кәсіби шеберлікті игеру үшін студенттің күнделікті, қажырлы және қиын жұмысына деген көзқарасын қалыптастыруға кепілдік беру үшін жеткіліксіз. Әрбір мұғалім өзінің педагогикалық тәжірибесінен мысалдар келтіре алады, онда жоғары (және кейде жеткіліксіз жоғары) өзін-өзі бағалауы бар және бастапқыда күшті оқу мотивациясы бар өте қабілетті және шығармашыл студент, белгілі бір оқу іс-әрекетінде елеулі қиындықтарға тап болып, «сынып қалды», алға жылжуды тоқтатты, ал әлдеқайда аз дарынды жолдасы бұл қиындықтарды сәтті жеңіп, уақыт өте келе көп нәрсеге қол жеткізді.

Бұл сұрақтың жауабына жақындау үшін, кем дегенде, адамдардың психологиялық және психофизиологиялық сипаттамаларының негізгі түрлерін, сондай-ақ олардың студенттердің оқу іс-әрекетіне әсері туралы қолда бар мәліметтерді қысқаша қарастыру қажет:

- **Конституциялық сипаттама** (дене бітімі) Э. Кречмер бойынша;
- **Нейродинамика** (күш және темперамент) Павлов бойынша.

Жүйке жүйесі мен темпераменттің қасиеттері генотиптік сипатқа ие және өмір бойы іс жүзінде өзгермейді, бірақ кез-келген темпераментті адам кез-келген әлеуметтік жетістіктерге, соның ішінде оқу іс-әрекетіне қабілетті болуы мүмкін, бірақ бұл нәтижеге әртүрлі жолдармен қол жеткізеді.

---

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТТАРЫ  
ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК ШЫНДЫҚТА  
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС:  
ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ҚИЫНДЫҚТАР

СОЦИАЛЬНЫЕ ИНСТИТУТЫ КАЗАХСТАНА  
В НОВОЙ ГЛОБАЛЬНОЙ РЕАЛЬНОСТИ  
СОЦИАЛЬНАЯ РАБОТА В КАЗАХСТАНЕ:  
ИЗМЕНЕНИЯ И ОТВЕТЫ НА ВЫЗОВЫ

SOCIAL INSTITUTIONS OF KAZAKHSTAN  
IN A NEW GLOBAL REALITY SOCIAL WORK  
IN KAZAKHSTAN:  
CHANGES AND RESPONSES TO CHALLENGES

---

## ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Абдрахман Н.Е.**

Әлеуметтік жұмыс, 1-курс докторанты  
Ғылыми жетекшісі: әлеум.ғ.к., доцент Назайбаева З.А.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

### Аңдатпа:

Мақала тірек-қимыл аппараты бұзылған балалармен әлеуметтік жұмыстың негізгі қызметтерін анықтауға бағыттала отырып, оның ерекшелігін ашып көрсетуге негізделген.

Автор мақалада статистикалық мәліметтерді көрсете отырып, Қазақстанда тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың негізгі мәселелерінің өзектілігін айтып, оларға қандай әлеуметтік қолдау көрсетілетінін талдаған. Сонымен қатар, елдегі арнайы мамандандырылған стационарлық мекемелердегі әлеуметтік қызметкерлердің тірек-қимыл аппараты бұзылған балалармен жұмыс жүргізуінің мысалында олармен әлеуметтік жұмыстың ерекшелігін ашып көрсеткен.

**Түйін сөздер:** тірек-қимыл аппараты бұзылыстары, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар, әлеуметтік жұмыс, жүйке жүйесінің аурулары, полиомиелит, тірек-қимыл аппаратының туа біткен патологиясы, қаңқаның жүйелік аурулары, жүре біткен тірек-қимыл аппаратының аурулары мен жарақаттары.

Бүгінгі таңда Қазақстанда балалардың түрлі аурулармен сырқаттануының көрсеткіштерінің саны артуда. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының 2021 жылғы мәліметтеріне сәйкес 2020 жылы жалпы Қазақстанда балалар саны 6 110 156-қа жеткен, оның ішінде 861 748 балалардың түрлі аурулармен сырқаттануы тіркелген. Сондай-ақ, 0-14 жастағы аурудың негізгі топтары бойынша балалардың алғашқы сырқаттануы 1-суреттегі ауру түрлерімен байланыстырады:



\*Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросының сайтында жарияланған мәлімет

**1-сурет** – ҚР-да 0-14 жастағы аурудың негізгі топтары бойынша балалардың алғашқы сырқаттануы

Статистикалық мәліметтерді талдай келе, жалпы 2019 жылы 861 748 сырқаттанған балалардың арасында жүйке жүйесі мен сезім органдарының аурулары және сүйек-буын жүйесінің, бұлшықет пен дәнекерлеу тінінің аурулары көптеп кездеседі (1-сурет). Тірек-қимыл аппараты бұзылған аурулар дәл осы аурулар категорияларымен тікелей байланысты [1].

Тірек-қимыл аппараты бұзылған аурулар қатары церебральды сал ауруымен көптеп жанасады. Бұл патология орталық жүйке жүйесінің ауруларына жатады және көп жағдайда мүгедектікке әкеледі. Церебральды сал ауруының негізгі себебі ерте даму сатысында мидың дамымауы немесе зақымдануымен байланысты. Мұндай балалардағы мотор функциясының бұзылуы көбінесе психикалық, сөйлеу, көру және есту қабілетінің бұзылуымен біріктіріледі.

Қазіргі кезде тірек-қимыл аппараты бұзылған ауытқулар аясында церебральды сал ауруы бар балалармен және олардың жақындарымен әлеуметтік жұмыстар жиі жүргізілуде, сонымен қатар терапевтік, психологиялық, педагогикалық жұмыстар да жүргізілуі міндетті. Алдымен мұндай сырқаттары бар балалармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің негізгі ерекшеліктеріне тоқталмас бұрын, тірек-қимыл аппараты патологиясының түрлерін анықтап алсақ.

Бүгінде медицина құжаттарына сәйкес, тірек-қимыл аппараты патологиясының түрлеріне жүйке жүйесінің аурулары, тірек-қимыл аппаратының туа біткен патологиясымен жүре біткен тірек-қимыл

аппаратының аурулары және жарақаттары жатады деп айтуға болады. Оларды ашып көрсетер болсақ, мысалы: жүйке жүйесінің аурулары қатарына балалардың церебральды сал ауруы, полиомиелит сынды аурулар кірсе, тірек-қимыл аппаратының туа біткен патологиясының қатарына жамбастың туа біткен шығуы, иінді сүйек, аяқтың қисаюы және аяқтың басқа деформациясы, омыртқаның даму аномалиясы (сколиоз), аяқ-қолдардың дамымауы және ақаулары (қолдың саусақтарының даму аномалиясы, артро-тұмау), қаңқаның жүйелік аурулары (хондродистрофия) сынды аурулар кіреді, ал жүре біткен тірек-қимыл аппаратының аурулары мен жарақаттарына жұлынның, мидың және аяқ-қолдардың жарақаттары, полиартрит, қаңқа аурулары (сколиоз, туберкулез, сүйек ісіктері, остеомиелит), қаңқаның жүйелі аурулары (рахит), артраушандар, артриттер сынды аурулар топтары жатады. Бұл көрсетілген ауру түрлерінің бәрі дерлік индивидуалды медициналық емдеумен қатар әлеуметтік және психологиялық қолдауды да талап етеді [2].

Ш.Г. Мансурова және соавторлар «Мектеп жасындағы балалардағы тірек-қимыл аппаратының бұзылуы» атты мақалада тірек-қимыл жүйесінің патологиясы дәстүрлі түрде мектеп оқушыларының аурулары құрылымында жетекші орын алады деп тұжырымдама жасайды. Олардың пікірінше Ресейде әр түрлі дене бітімі бұзылған және омыртқаның құрылымдық деформациясы бар балалардың саны мектепте оқу кезеңінде едәуір артады. Жалпы алғанда, жалпы білім беретін мектептердің бірінші сыныптарына түсетін балалардың 25-30%-ы денсаулық жағдайында кейбір ауытқуларға ие, ал мектеп бітірушілер арасында бұл көрсеткіш 80%-ға дейін артады деп көрсетеді. Авторлардың пікірінше оқушылардың сырқаттанушылық құрылымын талдау мектепте оқыған сайын бірқатар аурулардың, әсіресе тірек-қимыл аппараты жағдайындағы ауытқулардың жиілігі артатынын көрсетеді [3].

Авторлардың пікірінше балалық шақта және жасөспірімдерде сүйек массасының жиналуын бұзудың себептері тамақтану жеткіліксіздігі немесе оның режимінің бұзылуы, D витаминінің төмен болуы, әртүрлі патологиялық жағдайлармен қатар кейбір препараттарды ұзақ уақыт қолдану болуы мүмкін. Медициналық және ғылыми әдебиеттерде оқушылардың физикалық белсенділігінің төмендігі бұл аурудың ең көп таралған себептердің бірі ретінде қарастырылады [3].

Тірек-қимыл жүйесінің дұрыс қалыптасуының маңызды шарты – тұрақты дене белсенділігі мен физикалық жаттығулар. Сәйкесінше, тірек-қимыл аппараттарының бұзылуымен байланысты ауруларды тек емдеу немесе оңалту жұмыстарымен ғана айналыспай, сондай-ақ профилактикалық алдын-алу шараларымен де айналысудың маңызы үлкен.

Мұндай балалармен жұмыс жасаудың мақсаты – баланың психикалық және қозғалыс функцияларын қалыптастыру, түзету және дамыту, өмір мен жұмысқа дайындық болып табылады. Сол себепті де, мұндай жағдайды бастан кешіріп жатқан балалармен жұмыста әлеуметтік қызметкерлер де денсаулық сақтау тобының ажырамас мүшелері болып табылады. Олар дәрігерлермен, медбикелермен, диетологтармен, физиотерапевттермен және басқа мамандармен бірге адамға қамқорлық жасау үшін тығыз жұмыс істейді. Сонымен қатар, әлеуметтік қызметкерлер тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың әл-ауқатын арттыру үшін жеке адамдармен, отбасылармен, топтармен және қауымдастықтармен бірлесе жұмыс атқара алады.

Әлеуметтік қызметкерлердің жалпы жұмысы тірек-қимыл аппараты бұзылған балалармен еркін және сенімге негізделген тіл табысудан басталады. Сонымен қатар, олар науқастың білім деңгейін, отбасын қолдау деңгейін, отбасының қаржылық жағдайын, аурудың науқастың өзіне және жақындарына тигізген әлеуметтік және психологиялық әсерін, бос уақыт мүдделерін, науқастың тұрғылықты жерінің жағдайын, оның мінез-құлқын диагноз жасау арқылы жұмысын бастайды.

Әлеуметтік қызметкер өз жұмысында сонымен қатар эмоционалды реакцияны және науқастың ревматикалық аурудың диагнозына, аурудың отбасына эмоционалды және қаржылық әсерін, науқастың қарым-қатынасы мен рөліне әсерін, сондай-ақ оның ауруына әсер етуі мүмкін басқа да жеке немесе әлеуметтік мәселелерді қарастырады.

Әлеуметтік қызметкер команданың қалған мүшелеріне психоәлеуметтік мәселелер туралы ақпарат береді, олар медициналық қызметкерлерді пациентті емдеуге, басқаруға және өзара әрекеттесуге бағыттай алады.

Әлеуметтік қызметкер пациентті Денсаулық сақтау жүйесімен тиімді келіссөздер жүргізуге бағыттай алады. Батыс елдерінде және АҚШ-та әлеуметтік қызметкерлер созылмалы ауырсыну мен мазасыздығы бар науқастарды қолдау үшін қолданылатын биологиялық кері байланыс бойынша арнайы медициналық дайындыққа ие. Сондай-ақ, әлеуметтік қызметкерлер өздерінің экологиялық, жеке немесе тұлғааралық қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын қоғамдық ресурстарды (мысалы, қаржы, медициналық сақтандыру бағдарламалары, үйде күтім жасау, көлік және қоғамдық ұйымдар) анықтау арқылы функционалды тәуелсіздікке оралуға ықпал етеді.

Кеңес беруден және күтімді үйлестіруден басқа, әлеуметтік қызметкерлер бағдарламаларды жоспарлауға, бағалауға және зерттеуге қатыса алады.

Қазақстанда тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балалармен жұмыс жүргізуде әлеуметтік қызметкер стационарлық жағдайда, профилактикалық кеңес беруде және оңалту іс-шаралары барысында өзінің кәсіби көмегін бере алады. Мысалы, мақаланың тақырыбын ашу мақсатында, стационарлық мекемелердегі тірек-қимыл аппараты бұзылған балалармен жұмыста әлеуметтік қызметкердің жұмысын талдап көрелік.

Арнайы мамандандырылған стационарлық мекемелердегі тірек-қимыл аппараты бұзылған үш жастан он сегіз жасқа дейінгі, интеллектісі сақталған, стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж балаларға әлеуметтік қызмет міндетті түрде көрсетіледі.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың стационарлық үлгідегі ұйымдарда тұруы үшін медициналық көрсеткіштер келесідей: психикалық аурулар, барлық дәрежедегі ақыл-ой кемістігі, жиі эпиплептиформды талмалар (айына бес реттен артық), мінез-құлықтың психопатияға ұқсас бұзылулары, қалпына келтірілмеген гидроцефалия, жіті психотикалық симптоматикасы бар нашакорлық пен алкоголизм, мінез-құлықтың психопатияға ұқсас нысандарымен және (немесе) интеллектуалдық-мнестикалық бұзылулары, белсенді процесс сатысындағы туберкулез, карантиндік инфекциялар, жұқпалы тері мен шаш аурулары, венерологиялық аурулар, ЖИТС және мамандандырылған медициналық ұйымдарда стационарлық емдеуді талап ететін басқа да аурулар жатады.

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13-сәуірдегі Заңының 23, 24-баптарына, «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29-желтоқсандағы Заңында стационарлық мекемелердегі әлеуметтік қызмет келесі тұлғаларға көрсетіледі дейді, атап айтқанда: психоневрологиялық патологиясы бар мүгедек балаларға; *тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға*; психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектерге; бірінші және екінші топтағы мүгедектерге; егде жасына байланысты өз бетінше қызмет көрсетуге қабілетсіз адамдарға.

Стационарлық мекемелерде тірек-қимыл аппараты бұзылған балалармен жұмыс жасау барысында әлеуметтік қызметкердің негізгі ұйымдастыру функцияларына келесідей қызметтер кіреді:

- тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың ауруларын, жай-күйінің ауырлығын, жасын ескере отырып қабылдау және орналастыру, оларды жаңа жағдайға бейімдеу жөніндегі іс-шараларды өткізу;
- балалардың жеке басына қол сұғылмауын және қауіпсіздігін заң аясында қамтамасыз ету;
- стационарлық үлгідегі ұйымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал жасау;
- сауықтыру және әлеуметтік-оңалту іс-шараларын жүргізуге бағытталған қажетті арнаулы әлеуметтік қызметтер кешенін ұсыну арқылы қызмет алушыларға жан-жақты көмек көрсету;
- баланың тұру жағдайларын жақсарту, келушілерді қабылдау үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- баланың жеке заттары мен құндылықтарының сақталуын қамтамасыз ету;
- баланың және олардың отбасы мүшелерін арнаулы әлеуметтік қызметтердің көлемі мен түрлері, стационарлық үлгідегі ұйымдардың ішкі тәртіп қағидалары туралы хабардар ету [4].

Әлеуметтік қызметкер стационарлық жағдайда тірек-қимыл аппараты бұзылған балалармен жұмыс барысында тек ұйымдастыру немесе балаларға арнайы орта жасау жұмыстарымен ғана айналыспай, сондай-ақ, олар диагностикалық қызметтермен де тікелей айналысады.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалармен әлеуметтік қызметкердің диагностикалық және емдеу қызметтеріне:

- медициналық-әлеуметтік тексеруді ұйымдастыру және жүргізу (қажет болған жағдайда денсаулық сақтау ұйымдарының мамандарын тарта отырып жүргізу);
- дәрігерге дейінгі көмек көрсету;
- медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге жәрдемдесу;
- тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға жәрдемдесу;
- алғашқы медициналық тексеріп-қарауды және алғашқы санитариялық өңдеуді жүргізу;
- емдеу-дене жаттығуларын орындауға көмек көрсету;
- қызмет алушылардың денсаулық жағдайын ескере отырып күтімді қамтамасыз ету;
- алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету;
- емдеу-сауықтыру іс-шараларын, оның ішінде денсаулық сақтау мекемелерінде ұйымдастыру;
- әлеуметтік-медициналық сипаттағы оңалту іс-шараларын жүргізу, оның ішінде дәрі-дәрмектік емес терапия қызметтері;

– дәрігерлердің қорытындысы бойынша дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етуге жәрдемдесу жұмыстарымен айналысады [5].

Егер әлеуметтік қызметкердің медициналық білімі бар болса ол емдеуші дәрігердің тағайындауына сәйкес медициналық рәсімдерді жүргізе алады. Олардың қатарына: тері астына және бұлшықет ішіне инъекциялар, компресс салу, таңу, ойықтарды, жара беттерін өңдеу, тазалау клизмаларын орындау,

зертханалық зерттеулер жүргізу үшін материалдар алу, катетерлерді және басқа да медициналық бұйымдарды пайдалануға көмек көрсету сынды процедуралар жатады.

Сонымен қатар, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалармен жұмыс жүргізу барысында әлеуметтік қызметкер баларды бағыттау және түсіндірме жұмыстарымен де айналысады. Оларға:

– тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес санаторлық-курорттық емдеуді, техникалық көмекші құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

– балаларды техникалық көмекші және міндетті гигиеналық құралдарды пайдалануға оқыту;

– тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес протездік-ортопедиялық және т.б. протезі көмегін алуға жәрдемдесу;

– әлеуметтік-медициналық мәселелер бойынша, оның ішінде жасына қарай бейімдеу мәселелері бойынша консультация беру;

– бейінді мамандардың, оның ішінде денсаулық сақтау ұйымдарынан медициналық консультация беруіне жәрдемдесу;

– денсаулық сақтау ұйымдарына емдеуге жатқызуға және алып жүруге жәрдемдесу.

Европа мемлекеттерінде тірек-қимыл аппараты бұзылған балалармен жұмыс жүргізуде амбулаториялық әлеуметтік қызметкерлер мыналарды ұсынуға дайын:

– ата-ананың немесе тірек-қимыл аппараты бұзылған баланың жағдайын жақсарту мақсатында емдеу әдістерін жақсы түсінуге көмектесетін қолдау және білім беру;

– ата-ананың немесе тірек-қимыл аппараты бұзылған баланың эмоционалды және әлеуметтік салдарын, жағдайы мен оларды шешу жолдарын түсінуге көмектесу;

– дәрігерге барудың көп бөлігін жасауға көмектесу үшін дәрігермен, хирургпен және денсаулық сақтау тобының басқа мүшелерімен жақсы қарым-қатынас жасау туралы кеңестер беру;

– сақтандыру бойынша оқыту және көмек көрсету, үйде көмек көрсету және көлік қызметтерін пайдалануға көмек беру;

– психикалық денсаулықты қорғау жөніндегі қызметтерді қоса алғанда, мемлекеттік бағдарламалар мен қоғамдық ресурстардың бағыттарын түсіндіру;

– ауырсыну мен стресске және нақты қолдау мен білім беру бағдарламаларына арналған жолдамаларды алуға көмек көрсету [5].

Қорыта келе, әлеуметтік қызметкердің тірек-қимыл аппараты бұзылған балалармен жұмыс жүргізуі барысында оның кәсіби білікті маман болуымен қатар кез-келген салада білікті әрі білімді болуы керек екендігі жоғарыда көрсетілген мәліметтерден байқалады. Әлеуметтік қызметкер өз кәсібіннің маманы болу үшін алдымен өзінің кәсіби білімімен қатар, медициналық, құқықтық, психологиялық білімдерді теңдей алып жүруі керек. Әрине этикалық заңдар мен нормаларды біліп, оларды әрдайым өзі ұстанумен қатар, өзгелерге үйретіп жүруі де міндет. Сол кезде ғана қоғамдағы әлсіз және қорғаулы талап ететін тұлғаларға тиісті әлеуметтік көмек көрсете алады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы, 2021 ж. [онлайн]: <https://bala.stat.gov.kz/kz/pervichnaya-zabolevaemost-detej-v-vozraste-0-14-let-po-osnovnym-grupparam-boleznej/>
2. World Health Organization. Guidelines on community-level interventions to manage declines in intrinsic capacity. Geneva: WHO; 2017 [онлайн]: <https://www.who.int/ageing/publications/guidelines-icope/en/>
3. Mansurova G. Sh., Ryabchikov I.V., Maltsev S.V., Zotov N.A. Violations of the musculoskeletal system in school-age children. Ros Vestn Perinatol i Pediatr 2017; 62:(5): 187–191 (in Russ). DOI: 10.21508/1027–4065–2017–62–5–187–191
4. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13-сәуірдегі Заңының 23, 24-баптары
5. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29-желтоқсандағы Заңы



## ӨНІРЛЕРДІ ДАМУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ІШКІ КӨШІ-ҚОНДЫ РЕТТЕУДІҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

*Азнабакиева М.А.*

*Әлеуметтану, 1 курс докторанты*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*Ғылыми жетекшісі: Ph.D, доцент Беймиева А.С.*

*Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық университеті*

**Аңдатпа:** Мақалада Қазақстан Республикасында қабылданып отырған өңірлерді дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың ішкі көші-қон процесін реттеу құралы ретіндегі ролі қарастырылады. Өңірлерді дамытуға бағытталған негізгі мемлекеттік бағдарламалар, оларды жүзеге асыру нәтижелері сипатталады.

**Түйін сөздер:** ішкі көші-қон, өңірлерді дамыту, мемлекеттік бағдарлама.

Көші-қон – экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, өндірістік, экологиялық және басқа факторлар әсер ететін күрделі процесс. Мемлекеттің ішіндегі көші-қонды халықтың осы мемлекеттің аталған бағыттағы өзгерістеріне жаппай жауап беру әдістерінің бірі деп қарастыруға болады.

Болашақ әлеуметтік қызметкердің «адам-мамандық» өзара әрекеттесу жүйесі ретінде кәсіби бейімделуін түсіну оның динамикалық сипаттамаларын (кезеңдерін, механизмдерін, факторларын) қарастыруға және мақсатты ұйымдастырылуы бейімделу қиындықтарын болдырмауға және оның барабарлығын арттыруға мүмкіндік беретін сыртқы жағдайларды (жағдайларды) анықтауға мүмкіндік береді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Некрасов, С.Д. Профессиональная компетентность как результат личностно-субъектных обретений человека на жизненном пути / С. Д. Некрасов / Субъект, личность и психология человеческого бытия / Под ред. В.В. Знакова и З.И. Рябикиной. М.: Издательство: Институт психологии РАН, 2005 – С. 317-333.
2. Албегова, И. Ф. Исследование мотивации социальных работников / И. Ф. Албегова // Социс. – 2015. – № 1. – С.78-82.
3. Payne, M. Modern social work theory: A critical introduction / M. Payne. – London, 2018
4. Сизикова, В. В. Регионализация профессиональной подготовки специалистов социальной работы / В. В. Сизикова // Педагогическое образование и наука. – 2008. – № 5. – С. 22-26.
5. Солодова Г. Г. Взаимодействие социальной адаптации и активной жизненной позиции молодого рабочего / Г. Г. Солодова // Профессиональное самоопределение и становление советского молодого человека: сб.н.тр. – Кемерово, 2018. – С. 20-40.
6. Brandon, J. The Limits of Competence in Social Work: The Assessment of Marginal Students in Social Work Education J. Brandon, M. Davies // British of Social Work. – 2015. -p: 295 -347.
7. Кремнева, Т. Л. Подготовка социальных работников в Великобритании / Т. Л. Кремнева. -М.:2015. – 24 с.
8. Сластенин, В. А. Аксиологический аспект содержания современного педагогического образования / В. А. Сластенин, Е. И. Артамонова // Педагогическое образование и наука. – 2002, – С. 4-9.
9. Скларова, Т.В. Современные проблемы профессиональной этики социальной работы : учеб. пособие / Т. В. Скларова. – Саратов: Саратов. гос. техн. унт, 2012. – 54 с.

## БЕЗДОМНОСТЬ – СОЦИАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА

*Ауелтай М.Е.*

*Социальная работа, магистратура 1 курс  
Научный руководитель: д.социол.н., доцент Кылышбаева Б.Н.  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби*

**Аннотация.** Бездомными называются люди без определенного места жительства (бомжи). Общество к бомжам относится по-разному. Одни винят самих бомжей, другие понимают, что объективные обстоятельства (сгорел дом, выгнали родственники и т.п.) заставляют человека идти на улицу доживать свой век. Согласно пункту 1 статьи 1 Конституции Республики Казахстан высшей ценностью нашего государства является человек. По моему мнению, роль в цивилизованном обществе и преступников кормят, одевают и обучают в колониях, то и о людях, ока за вшихся на улице, обязаны заботиться соответствующим образом. В Казахстане, к сожалению, имеются лишь единичные инициативы неравнодушных людей. Так, 15 января 2012 года в городе Балхаше открылся приют «Жанашыр» [8], который помог уже десяткам бездомных сохранить свои жизни, но это не решает проблему комплексно. Также в г. Алматы был открыт центр социальной адаптации для лиц, не имеющих определенного места жительства, единственной в Алмаатинской области. Также в этой статье описываются важные и основные причины существования бездомных в нашем обществе.

**Ключевые слова:** бездомные, социальная проблема, адаптация, бомж.

### **Введение в проблему.**

В Законе «О специальных социальных услугах» бездомность обозначена в качестве основания, по которому лицо (семья) может быть признано нуждающимся в трудной жизненной ситуации. [1]

Бездомными называются люди без определенного места жительства (бомжи). Общество к бомжам относится по-разному. Одни винят самих бомжей, другие понимают, что объективные обстоятельства (сгорел дом, выгнали родственники и т.п.) заставляют человека идти на улицу доживать свой век.

Согласно пункту 1 статьи 1 Конституции Республики Казахстан высшей ценностью нашего государства является человек. [2]

Следует отметить важнейший момент. В данной норме нет отговорок типа «за исключением бомжей» или «если человек имеет гражданство и документы». Государство признает высшей ценностью любого человека и точка.

На деле оказывается все наоборот.

Стандартная ситуация: жители, пожалевшие валяющегося на земле бомжа, вызывают полицейский патруль. Но полицейские забирают его откачиваются (грязь, неприятный запах и риск заразиться чем-нибудь), вызывают «скорую». И уже врач «неотложки», введя в руки к небе сам, говорит: «Куда мне его девать? В больницу таких не берут!» [3]

Вывод: на бумаге у нас все полноправные члены общества, а по факту бомжи никому не нужны. ПерIODически подкармливая, мы лишь пролеваем их мучительную жизнь. Эта ситуация недопустима для государства, которое провозгласило себя правовым, демократическим и социальным. Для решения этой проблемы нужны коренные изменения.

Многие предпринимались попытки анализа статистики, но количество бомжей оказалось недопустимо высокой инфОРМАЦИЕЙ. На сайте Агентства Республики Казахстан по статистике не удалось найти соответствующие данные.

Лишь в разрозненных публикациях можно найти некоторые неофициальные данные. Так, например, только в Алматы более 10 тыс. бомжей. [4]

Официальную статистику удалось обнаружить в других странах. Так, на начало 2017 года в США не имели крыши над головой 550 996 человека. 2018 год отмечился ростом бездомности на 14%, тенденция увеличения сохранялась в 2019 и 2020 году. Из них только 65% пользовались услугами приютов и центров временного пребывания. [5]

В городах США и Канады предоставляются приюты для бездомных, где они могут провести день или ночь, но они зачастую недостаточны для обеспечения жильем всех нуждающихся. Некоторые из этих убежищ предоставляют только место для ночлега, а некоторые кормят посетителей. Во многих случаях такие заведения не безопасны для посетителей по причине недостаточного количества охранников, что приводит к нападениям одних посетителей на других, поэтому бездомные нередко предпочитают ночевать в более безопасных жилищах, несмотря на холод.

Как правило, пребывание в убежище ограничено по времени. Некоторые убежища дают приют только ночью, в таком случае бездомные часто собираются неподалеку от него в дневное

время, что вызывает протесты у граждан, живущих или работающих вблизи приюта. Иногда убежище предоставляет бездомным возможность жить там неделями, после чего клиента выселяют на определенный срок. Такая практика зачастую приводит к созданию нелегальных «палаточных городков» где-нибудь в районе приюта, где бездомные переживают срок до вселиния обратно в приют. [6]

Законы о бродяжничестве в США были частично отменены, как противоречащие Конституции, частично продолжают действовать (человек, имеющий законный источник дохода, в США не считается бродягой, даже если он/она не имеет дома и постоянно перемещается с места на место). Само слово «бродяга» в употреблении было заменено на «бездомная личность» (homeless person). Уголовная ответственность за бродяжничество сохранилась в Канаде. Уголовное преследование за само бродяжничество встречается редко; чаще его заменяют преследованием за правонарушение, связанные с бродяжничеством, такие как празднование. За нарушения этих законов бездомных сажают в тюрьму, что зачастую спасает им жизнь, особенно зимой. [6]

В Германии насчитывается около 860 000 бездомных.

В России, по разным оценкам, от 1,5 до 4,2 млн. бомжей – то есть до 3% от всего населения. [7]

Наиболее важные причины существования бездомных:

- 1) развод, разлука с близким человеком;
- 2) безработица и болезни;
- 3) алкоголизм или наркомания;
- 4) отсутствие процедуры реабилитации после тюремного заключения;
- 5) психические расстройства.

Анализ зарубежного опыта показал, что практика помощи лицам в трудной жизненной ситуации различна, но имеет общие черты: как правило, помощь бездомным ограничивается периодическим кормлением на улице и предоставлением одежды. В рыночных условиях государству полностью заботиться о бомжах невыгодно. При такой постановке вопроса лучше уж о матерях-одиночках заботиться. Но факт остается фактом – бомжи тоже люди и они должны признаваться высшей ценностью, как это декларируется в пункте 1 статьи 1 Конституции Казахстана.

По моему глубоко кому убеждению, коль в цивилизованном обществе и преступников кормят, одевают и обучают в колониях, то и о людях, оказавшихся на улице, обязаны заботиться соответствующим образом.

В Казахстане, к сожалению, имеются лишь единичные инициативы неравнодушных людей. Так, 15 января 2012 года в городе Балхаше открылся приют «Жанашыр» [8], который помог уже десяткам бездомных сохранить свои жизни, но это не решает проблему комплексно. Также в г. Алматы был открыт центр социальной адаптации для лиц, не имеющих определенного места жительства, единственный в Алматинской области. [9]

*Мне удалось побывать в центре социальной адаптации и немного получить информации о нем, но меня не пустили внутрь здания, в связи с карантинными ограничениями. Такой центр единственный в Алматинской области. Здесь можно увидеть разные жизненные ситуации людей, которые оказались без крыши над головой. Бездомный может находиться в данном месте ровно год, если же у него не получается сделать заново документы, ему продлевают срок еще на полгода. Сотрудники этого Центра помогают им восстановить их документы. В учреждении людей обеспечивают четырехкратным питанием, проводят медицинское обследование и трудоустраивают. Единственный в Алматы социальный центр адаптации продолжает принимать бездомных, несмотря на карантин. Но почему-то, многие постояльцы не задерживаются там на долго, предпочитая бродячий образ жизни.*

Основные причины наличия бездомных в нашем обществе:

1) отсутствие убежденных людей возможности самостоятельно выйти на нормальный уровень жизни;

2) центры социальной адаптации создаются для временного пребывания лиц, не имеющих определенного места жительства, занятий и средств существования, нуждающихся в социальной, медицинской и иной помощи, социально-трудоустройственной адаптации;

3) после выхода из Центра бездомные вновь оказываются на улице (закрытый круг).

**Что бы я менял в законодательстве Казахстана и какие бы принял меры?**

1) принять постановление Правительства «О доходах во зрелости», где предусмотрено:

– со зда ние «До м о в во зро жде ния» на ба зе и вме сто Це нт ро в со ци аль но й а да пта ции (да же сме на на име но ва ния по до бны х учре жде ний по зво лит по сте пен но из ме нить в со зна нии лю де й по зи ци ю и жд и ве нца на а кт ив ную гра жда нс кую по зи ци ю);

– фи на нси ро ва ние «До м о в во зро жде ния» за сче т ме ст ны х бю дже то в и до бро во ль ны х вз но со в (все же ла ющие смо гут по мо чь лю дям, о ка за вши мся в тру дной жи зне нной си туа ции, не по сре дстве нно в ра мка х во ло нте рско й де яте ль но сти или пе ре чис лив де нь ги на ра сче т ны й сче та ко го До ма);

– по сто ян ную про пис ку лю де й в «До ма х во зро жде ния»;

2) со зда ть фо нды по мо щи ли ца м, о ка за вши мся в тру дной жи зне нной си туа ции, с о бе спе че ние м го суда рстве нно го и об ще ст ве нно го ко нт ро ля (од ним из исто чни ко в фон да смо гут ста ть де не жны е сре дства от оп ла ты штра фо в за пра во на ру ше ния в сфе ре об ще ст ве нно го по ряд ка и нра встве нно сти);

3) сфо рми ро ва ть мо биль ны е груп пы по по ис ку лиц, нуж да ющих ся в по мо щи;

4) ор га низо ва ть ре гуляр но е инфо рми ро ва ние на се ле ния стра ны о на лич ии До м о в во зро жде ния и о во змо жно сти о ка за ть по мо щь нуж да ющим ся.

### **Почему и что это даст нашей стране?**

По до бны й по дход к лю дям, о ка за вши мся в тру дной жи зне нной си туа ции, по зво лит:

1) со зда ть ми ни ма ль ны е усло вия для со ци аль но й а да пта ции;

2) ус тра нить о сно в ны е при чи ны бе дстве нно го по ло же ния лю де й, о ка за вши хся за «бо рто м» жи зни: от сут ствие стар то вой ма те ри аль но й о сно вы (жи лье, ра бо та и т.д.); за ни же нно е чув ст во со ци аль но й по ле зно сти;

3) та ким ли ца м ча ст ично о бе спе чи ва ть се бя, вы ра щив ая про дук ты, со зда ва я сво й бы т, о сва и ва я про фес сии;

4) о су ще ст вля ть про фи ла кти ку пра во на ру ше ний со сто ро ны лиц, о ка за вши хся в тру дной жи зне нной си туа ции;

5) пре дуп ре жда ть пра во на ру ше ния в от но ше нии та ких лиц;

6) по вы сить уро ве нь об ще ст ве нно й бе зо па сно сти;

7) оз до ров ить об ще ст во, за щит ить гра жда н от о па с ны х за бо ле ва ний;

8) сни зить дис кри ми на ци он но е от но ше ние об ще ст ва к ли ца м, о ка за вши мся в тру дной жи зне нной си туа ции;

9) ми ни ми зи ро ва ть риск со ци аль ны х ко нф ли кт о в;

10) то чно зна ть, где и в ка ких усло вия х на хо дят ся нуж да ющие ся в за бо те лю ди;

11) упр о ст ить по иск ро дстве нни ко в;

12) пре кра тить спо ры по ли це й ских и вра че й о том, чь ими «кли ен та ми» яв ля ют ся бо мжи;

13) а кку му ли ро ва ть бла го тво ри те ль ны е вз но сы в од ном фон де;

14) ре ша ть про бле мы бе спо мо щ ны х и бе здо м ны х лю де й си сте м но и по сле до ва те ль но до пол но го во звра ще ния в но рма ль ную жи знь;

15) во спи та ть в по дра ста ю щем по ко ле нии ува же ние к лю бо му че ло ве ку, не за вис имо от ме ста на «со ци аль но й ле ст ни це»;

16) по вы сить пра во со зна ние и пра во ву ю куль ту ру на се ле ния;

17) об ъе ди нить лю де й в де ле про фи ла кти ки пра во на ру ше ний и дру гих а со ци аль ны х яв ле ний;

18) о бе спе чит ь ну ле ву ю те рп имо сть гра жда н к бе споряд ку (лю ди бу дут то чно зна ть, ка к по мо чь че ло ве ку в тру дной си туа ции и куда по звон ить для это го);

19) по вы сить ре йт инг Ка за хста на в сфе ре за щит ы пра в че ло ве ка.

Ключевые преимущества реорганизации Центров социальной адаптации показаны в таблице 1.

Таблица 1.

### **Ключевые преимущества реорганизации Центров социальной адаптации.**

№ п/п	По ка за тель	Це нтр со ци аль но й а да пта ции	До м во зро жде ния
1	Про жива ние	Вре мен но е	По сто ян но е
2	Про пис ка	От сут ст вует	По сто ян на я
3	Ме ди цин ско е, пси хо ло гиче ско е и ино е о бе спе че ние	Не по л но це нно е	Ком пле ксно е
4	За ня то сть	Про бле мы с тру до ус тро й ст во м	Об уче ние и тру до ус тро й ст во
5	Что даль ше?	Во звра ще ние на ули цу (за мк ну ты й круг)	Во звра ще ние к но рма ль но й жи зни
6	Ито г	Не здо ро во е об ще ст во	Здо ро во е об ще ст во

Цель – охватить за бо то й 100% вы явле нны х люде й, о ка за вшихся в трудно й жизне нно й ситуа ции. По сле со зда ния а де ква тны х усло вий для во звра ще ния люде й к но рмаль но й жизни мо жно по днима ть во про с о во змо жно й о тве тстве нно сти та ких лиц за бро дяжниче ство , по про ша йниче ство и друго е а со ци аль но е по ве де ние .

Я верю, что мудро сть ка за хста нско го об ще ства по зво лит на пра вить силы го суда рства , во ло нте ро в и фи ла нтро по в на ре ше ние это й не про сто й за да чи.

#### Список использо ванных исто чников

1. За ко н Ре спуб ли ки Ка за хста н от 29 де ка бря 2008 го да № 114-IV «О спе ци аль ны х со ци аль ны х услу га х» (с изме не ния ми и до по лне ния ми по со сто янию на 13.05.2020 г.) //
2. Кон сти ту ция Ре спуб ли ки Ка за хста н от 30 ав гу ста 1995 го да //
3. Ситуа цию с бо мжа ми в Ал ма ты на зва ли «био ло гиче ско й бо мбо й» // [http://meta.kz/563872-si tua ci yu-s-bomzha mi -v- alma ty-na zva li -quotbi ologi che skoy-bomboyquot.html](http://meta.kz/563872-si-tua-ci-yu-s-bomzha-mi-v-alma-ty-na-zva-li-quotbi-ologi-che-sko-y-bomboyquot.html)
4. В Ка за хста не иде нти фи ци руют бо мже й // [http://www.zakon.kz/4454667-v-ka za khsta ne -i de nti fi ci rujut-bomzhe jj.html](http://www.zakon.kz/4454667-v-ka-za-khsta-ne-i-de-nti-fi-ci-rujut-bomzhe-jj.html)
5. Бе здо мnye в США // [https://usa.prosto.ru/zhi zn/be zdomnye -v-ssha .html](https://usa.prosto.ru/zhi-zn/be-zdomnye-v-ssha.html)
6. Бе здо мnye // <https://usa.prosto.ru/>
7. Шиль дя ва В.В. По хо ды к о пре де ле нию бе здо мности // Те о рия и пра кти ка об ще стве нно го ра зви тия. – 2012. – №7. – С. 54-56
8. В Бал ха ше от кры лся при от для бе здо мных // [www.zakon.kz](http://www.zakon.kz)
9. Це нтр со ци аль но й а да пта ции для лиц, не име ющих о пре де ле нно го ме ста жи те льства // <https://almata.city/>



## ЖАСТАРДЫҢ БІЛІМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Бекен А.А.**

Әлеуметтану, 2 курс

Ғылыми жетекші: әлеум.ғ.д., профессор Абдирайымова Г.С.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі жастардың құндылықтық бағдарындағы білім беру құндылығының алатын орны қарастырылып, сондай-ақ әртүрлі анықтамаларға талдау жасалынады. Жастардың құндылықтық бағдарлар жүйесін қарастырған зерттеуші шетелдік және ресейлік бірнеше ғалымдардың анықтамалары мен классификациялары қарастырылады. Сонымен қатар, жастар арасындағы білім беру құндылықтарын әлеуметтанулық тұрғыдан зерттеудің негіздемелері келтірілген болады. Мақалада құндылықтар тұжырымдамасы тарихи даму перспективасының траекториясы тұрғысынан көрсетілген.

**Аннотация.** В статье рассматривается роль образовательных ценностей в ценностной ориентации современной молодежи, а также анализируются различные определения. Рассмотрены определения и классификации зарубежных исследователей и ряда российских ученых, рассматривавших систему ценностных ориентаций молодежи. Кроме того, будет представлено обоснование социологического исследования образовательных ценностей среди молодежи. В статье представлена концепция ценностей с точки зрения исторического развития.

**Abstract.** The article examines the role of educational values in the value orientation of modern youth, and analyzes various definitions. The definitions and classifications of foreign researchers and a number of Russian scientists who considered the system of value orientations of young people are considered. In addition, the rationale for a sociological study of educational values among young people will be presented. The article presents the concept of values from the point of view of historical development.

**Кілт сөздер:** прокрастинация, білім беру құндылықтары, қызығушылық, құндылықтар жүйесі, жастар, нормалар, құндылықтық бағдар.

Білім беру құндылықтары – бұл жалпыға бірдей қабылданған, саналы немесе бейсаналық, білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін стандарттар; нақты білім беру мақсаттарына, оларға қол жеткізу әдістеріне, сондай-ақ мақсаттарға қол жеткізу кезеңіндегі мінез-құлық модельдеріне басқа, балама модельдерге қарағанда тұрақты сенімділікке негізделген; Қазіргі таңда білім алуға жастық, гендерлік, ұлттық ешқандай кедергі жоқ. [1, б.16]

Білім құндылықтары білім беру және басқа да іс-әрекеттерге деген қарым-қатынас функциясын орындайды. Осыған орай, халықтың әртүрлі топтары үшін білім беру құндылықтарының маңыздылығын ескерген жөн. Білім құндылығы тұлғаның жасына, әлеуметтік-кәсіби сипаттамаларына, қандай да бір әлеуметтік-аймақтық қауымдастықтарға тиістілігіне және нақты тарихи жағдайларға, атап айтқанда елдегі экономикалық жағдайға байланысты басқа да белгілер негізінде анықталып, өзгеріп отырады.

Білім беру құндылықтары ең алдымен «жастар» әлеуметтік демографиялық тобы үшін маңыздылыққа ие, себебі бұл топтың әлеуметтенуінде негізгі рөлді білім беру құндылықтары атқарады.

Ғылыми әдебиеттерде «жастар» ұғымына көптеген анықтамалар берілген. Біздің мақалада ұстанатын анықтамamız бірі келесідей. Жастар – бұл жас ерекшеліктеріне, сондай-ақ әлеуметтік жүйенің сипаттамаларына, әлеуметтік жүйеге, мәдениетке, әлеуметтену үлгілері негізінде ерекшеленетін әлеуметтік-демографиялық топ. Жастар тобының жас шекаралары келесідей 14-16 жастан 25-30 аралықты қамтиды. [3, б.84]

Жастардың білім құндылықтарын қоғамның қазіргі таңдағы даму деңгейіне, негізгі қажеттіліктеріне байланысты туындайтын негіздер бойынша құндылықтардың ықтимал жіктелуін салыстырмалы түрде талдап көрсетуге болады. Бұл өз кезегінде жастардың білім беру құндылықтарының ерекшелігін жан-жақты анықтауға көмектеседі.

Жалпы құндылықтарды және оның ішінде білім құндылықтарын жіктеу, көптеген негіздер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін, олардың қатарына: өмір сүруге, жұмыс табуға деген мотивациялық, өзін-өзі жетілдіруге бағытталған рационалды және құндылықсыз таңдалған құндылық ретінде болуы мүмкін.

Мотивациялық табиғат бойынша, әлеуметтік іс-әрекеттің түрлеріне негізделі отырып (М. Вебердің әлеуметтік іс-әрекетінің теориясына сәйкес), келесілерді атап көрсетуге болады: тікелей мақсатқа жетумен байланысты құндылықтар; жоғары құндылық ретінде қалыптасумен байланысты рационалды құндылықтар; қандай да бір эмоциялардың әсерінен болатын аффектілік; және білім алуды дәстүрлер мен әлеуметтік стереотиптер негізімен байланыстыратын дәстүрлі құндылық. [2, б.600]

Жастар субмәдениетінің ерекшеліктерін ескере отырып, жастарға мақсатты және дәстүрлі білім беру құндылықтары тән деген қорытынды жасауға болады. Бірінші типті ұстану «ересек өмірге» бейімделу

кезеңімен, ал екіншісіне – отбасының, әлеуметтік ортаның, әлеуметтік нормалардың әсерімен байланысты жүзеге асады. Құндылықты-рационалды білім құндылықтары білім беруді өзін-өзі бағалау ретінде қабылдауға бағытталғандықтан жастар ортасында осындай құндылықты қатынастарды қалыптастыруға ұмтылу керек, себебі бұл тип тұлғаның жоғары даму сатысына ұмтылуын сипаттайды.

Мазмұны бойынша білім құндылықтарын классификациялау барысында А. Маслоудың қажеттіліктер пирамидасына сүйенген жөн. Себебі ол адамның тыныс-тіршілігін қолдау үшін қажетті қажеттіліктерден бастап, интеракционистік, яғни қарым-қатынас орнатумен байланысты қажеттіліктерді негізге ала отырып, әлеуметтену үрдісін қамтитын күрделі жүйе ретінде қарастыра аламыз. Пирамиданың жоғарғы деңгейі адамның өмірін белгілі бір мағынамен толтыру қажеттілігі бар құндылықтарға негізделген.

Білім – ол әлеуметтік институт, өйткені ол өзінің тұрақты құрылымы, статусы, нормасы, ережесі, символдары бар, автономды түрде әрекет етеді. Әлеуметтік институтқа тән, басқа да белгілер бар. “Білім беруге байланысты адамдар әрекеттерін реттеуші және ұйымдастырушы нормалар жиынтығы білім берудің әлеуметтік институт болып табылатынына куәлік етеді”. Ең алдымен, білім беру институтцияландырылған, заңмен бекітілген, мемлекет пен қоғаммен мойындалған. Білім әлеуметтік институт ретінде келесі құрылымнан тұрады:

1. Білім беруді басқару органдары
2. Білім беру мекемелер тобы (мектептер, колледждер, гимназиялар, лицейлер, кәсіптік мекемелер, университеттер мен академиялар және т.б.)
3. Шығармашылық одақтар, кәсіптік ассоциациялар, қоғамдар, ғылыми және методологиялық кеңестер мен басқа да бірлестіктер
4. Оқытушылар мен білім алушылар үшін шығарылған оқулықтар мен әдістемелік оқулықтар
5. Білім беру бағдарламалары мен білім берудің мемлекеттік стандарттары
6. Журналдар мен жылдық басылымдарды енгізетін кезеңдік басылымдар
7. Білім беру мекемелері әлеуметтік және заңдық статуска ие, өзінің жартысы және басқа да құжаттары болады. Олар ғимараттарда орналасады, жер көлемі болады, материалдық құндылықтары мен қаржыға ие.

Білімнің кез келген деңгейде екі негізгі қызметі бар. Олар:

1. білім беру
2. әлеуметтендіру, тәрбиелеу

В.И.Добреньков және А.И.Кравченко білім берудің бірнеше қызметтерін бөліп көрсетеді:

1. бір ұрпақтан келесі ұрпаққа білімді беру және мәдениетті тарату
2. қоғам мәдениетін сақтау және жетілдіру
3. тұлғаның әлеуметтенуі, әсіресе, жастардың және олардың қоғамда интеграциялануы
4. тұлғаның статусының анықталуы
5. жастарды кәсіби бағыттауды және кәсіби таңдауды қамтамасыз ету
6. сатылы үзіліссіз білім беру үшін білім базаларын құру
7. әлеуметтік бақылау

Білім беру – бір ұрпақтан екінші ұрпаққа әлеуметтік тәжірибені және білімді берудің күрделі процесі. Білім беру – міндетті екі субъектісі – оқытушы және білім алушы, яғни студент арасында ұйымдастырылған процесс. Осы субъектілер болмаса білім беру процесі де болмайды.

Білім алу барысында, жастардың өмірлік жолын таңдау кезінде толық, адекватты мотивтердің жиынтығы болуы қажет. Бұл өз мансабын және өзін-өзі жетілдіруге қол жеткізу үшін сауатты реттестіруге көмектеседі.

“Мотивация” термині (уәж – лат. moveo – “қозғау”) ең бірінші рет А.ШОпенгауэрдің “Жеткілікті себептің төрт қағидасы” атты мақаласында қолданылған болатын. Мотивация кең мағынада – бұл адамның белсенділігін арттыру; оның қажеттіліктері, түйсіктері, әуестігі, сезімдері, мақсаттару, мұраттары және т.б.

Мотивация екі фактормен айқындалады, олар: ұйымда қалыптасқан сыйақы мен еңбек жағдайы жүйесі және басшының жеке басының қабілет-қарымы.

Келесі жас адамдарда кездесетін мотивацияны зерттеу үшін ұсынылатын “құндылықты бағыттар” әдісі (авторы М. Рокич). Құндылықты бағыттар жүйесі тұлғаның бағыттылығының мазмұнды жағын айқындайды және оның қоршаған ортаға, басқа адамдарға деген қарым-қатынасының негізін құрайды. Бұл әдістеме құндылықтар тізімін тікелей саралауға негізделген. М. Рокич құндылықтардың екі тобын ажыратады:

Терминалды – қандай да бір соңғы мақсатқа жетуге тырысу қажет екендігіне сенеді. Бұл тап наным деңгейінде нормативті мұраттарға, тұлғаның құндылықтарына, құрылымына жауап береді.

Инструменталды – қимылдың кейбір бейнесі немесе тұлғаның ерекшелігі кез келген жағдайда артығырақ болады дегенге сенеді. Бұл тап әлеуметте көрінетін іс-әрекет, тұлғалық басымдылық деңгейіндегі құндылықтарға жауап береді.

«Әлеуметтену» категориясы әлеуметтануда өте егжей-тегжейлі дамыған, «білім» ұғымына қатысты бастапқы болып табылады. Әлеуметтену процестері стихиялық және мақсатты екі негізгі формада жүзеге асырылады. Әлеуметтану тұрғысынан білім ең жалпы формада және әлеуметтену процестері реттелген формаларды, әлеуметтік маңызды стандарттар мен нұсқаулықтарды жүзеге асыратын жеке тұлғаның Мақсатты даму саласы ретінде анықталады. Бұл формалар білім беру процестерінің институционалды сипаты мен әлеуметтік ұйымдастырылуын көрсетеді. Стандарттар білімнің мазмұнына айналатын білім, құндылықтар, нормалар мен іс-әрекеттерде жүзеге асырылады. Адам мақсатты әлеуметтену процесінде дайындалатын нақты әлеуметтік рөлдерде, сондай-ақ, мысалы, кәсіптік білім беруде мамандарды даярлау және даярлау құрылымында көрінетін күтілетін нәтижелер білім берудің бағдарлары болып табылады.

Бір уақытта әртүрлі әлеуметтік институттар – мектеп, отбасы, бұқаралық ақпарат құралдары және басқалары жұмыс істейтін білім беру саласы шартты түрде екі салаға бөлінеді – ресми Білім және бейресми білім. Білім беруді одан әрі әлеуметтанулық талдау оны құру проблемаларына, әлеуметтік мазмұнға, ұйым мен функцияларға жүгінуді қамтиды.

Жоғарыда аталған және білім беру қызметінің көптеген басқа компоненттерінің түбегейлі өзгеруі білім беру бағалары жүйесін өзгертпестен мүмкін емес. Білім беру құндылықтары – бұл жалпыға бірдей қабылданған, саналы немесе бейсаналық, білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін стандарттар; нақты даму мақсаттарына, оларды алу әдістеріне, сондай-ақ мақсаттарға жету кезеңіндегі мінез – құлық модельдеріне басқа балама модельдерге қарағанда тұрақты сенімділікке негізделген идеялар; білім беру процесінің мақсаттарын аяқтау үшін де, жалпы қоғамдағы гүлденген өмір үшін де қажетті жеке тұлғаның жағымды қасиеттерін біржақты анықтаңыз.

Тәрбиелік құндылықтар оқу іс-әрекетінде «жақсы» мен «жаман» дегенді анықтайды. Оларды адамзаттың білімге қатысты ойлары мен әрекеттерінің шексіз ағынына тәртіп пен бағыт беретін күрделі, бірақ жақсы ұйымдастырылған идеялар мен принциптер деп санауға болады.

Ғылымның, техниканың, ақпараттық технологиялардың қазіргі даму дәуірі жалпы адамзаттың да, жеке адамзат қоғамдастықтарының да білім беру қызметінің мақсаттары мен табиғаты туралы идеяларын өзгертті. Жаңа білім алушының «құрылуына» әсер ету үшін ерте жастан бастап білім беру құндылықтарының түбегейлі жаңа жүйесін және оларды қалыптастыру, адамдарда ояту жолдарын анықтау қажет. Қазіргі жағдайда «модернизация» термині білім беру процесінің техникалық және ақпараттық қайта жарақтандырылуы мен интенсификациясы емес, білім беру құндылықтары жүйесінің түбегейлі өзгеруі болып табылады.

Білім беру қызметі туралы жаңа құндылық идеяларының тұтас жүйесі әлі де зерттеу мен сипаттаманы күтуде, бірақ оның жеке бөлімдерін негізді түрде анықтауға болады.

Қалыптасқан бөлімдердің бірі – қазіргі заманғы жағдайда қазақстандық білім беру жүйесінде барлық деңгейлерде сұранысқа ие оқушының жеке қасиеттері туралы идеялар жүйесі: орта мектеп деңгейінен бастап қайта даярлау жүйесінде біліктілігін өзгертетін сертификатталған маман деңгейіне дейін және профессор-оқытушы деңгейінде зерттеудің жаңа бағыттарын игеру және оқыту қызметі. Жаңа студенттің оқу іс-әрекетіне жаңа ынтасы және оны жүзеге асырудың жаңа қабілеттері болуы керек. Бұл кез-келген жастағы оқушының кез-келген таңдалған білім беру саласында жетістікке жетуіне мүмкіндік беретін жаңа, заманауи жеке қасиеттер. [8, б.15]

Студенттің ең қажетті жеке қасиеттерінің бірі және сәйкесінше талап етілетін тәрбиелік құндылықтардың бірі – бұл өз бетінше қызмет ету қабілеті: өз бетінше жұмыс жасау, ішкі көзқарас және өзін-өзі бақылау. Тәуелсіздік мінез-құлық және жеке қасиет ретінде әртүрлі сипаттағы көптеген өмірлік дағдыларға таралады. Өзгелерді түсіну, мысалы жеке қызығушылық, қабілет, әлеует тұрғысынан жеке білім беру мақсаттарын қою, олардың нақтылық дәрежесін анықтау, оларға жетудің жолдары мен тәсілдерін анықтау мақсатында жеке тұлғаны талдау қабілеттердің негізгілердің бірі болып көрінеді.

Өз бетінше оқудың тағы бір сипаттамасы – бұл жеке эмоцияларды басқара білу, өзін және басқаларды жеке және типтік, яғни ұлттық мәдениетпен, тұрмыс жағдайымен және әлеуметтік стандарттармен шарттастыра білу. Басқалардың доминантты көзқарастарынан тәуелсіздік тепе-теңдігі, қоғамда қабылданған мінез-құлық нормаларын және басқалардың жеке позицияларын құрметтеу қабілетімен бірге өзінің жеке позициясын анықтай және қорғай білу де тәуелсіздіктің ажырамас сипаттамасы болып табылады.

Осы жіктеменің модификациясы ретінде А.Маслоу идеясын жақтаушы Р. Инглхарттың концепциясын құндылықты материалистік және постматериалистік деп бөліп қоғам дамуының әр түрлі кезеңдерімен салыстыратын жақтаушысынан атап өтуге болады. Ол материалистік құндылықтарға (адамның өмір сүруіне қажетті құндылықтар) жатқызса, ал постматериалистікке әлеуметтену процесінде пайда болатын өмірлік мағызға ие құндылықтар, яғни өзін-өзі жетілдіру мен дамытуға негізделген құндылықтар арқылы сипатталады.

А. Маслоу тұжырымдамасын пайдалана отырып, білім беру құндылықтарының ішінде бастапқы физикалық немесе қарапайым құндылықты айта аламыз, білім беру қажеттілігін бастапқы қанағаттандыруда құндылықтардың осы спектрінің ерекшелігін атап өтуге болады: қарапайым жұмыс үшін білім алу, қандай да бір практикалық ойларды іске асыру. А. Маслоу бойынша қажеттіліктің келесі сатысы қызықты жұмыс алуға байланысты білім беру құндылықтарының тобымен (өмір салтының элементі ретінде) салыстырылады. Бұл екінші қатардағы құндылықтар тікелей өзін-өзі іске асыру мен қоғамдық мойындаудағы жоғары тәртіптің қажеттілігі жоғары деңгейдегі білім беру құндылықтарының негізінде жатыр. [10, б.86]

А. Маслоу қажеттіліктер теориясын пайдалана отырып жастар арасында бастапқы кезеңде қарапайым, яғни физикалық қажеттіліктер, яғни ақша табу, өзін-өзі қамтамасыз ету құндылықтары болса, ал кейін уақыт өте келе екінші құндылықтар жүйесі яғни өзін-өзі дамыту, реттеу құндылықтар жүйесіне өтетіндігін байқай аламыз. Бұл екі тұжырымдама бір-бірін толықтыру негізінде жүзеге асады.

Білімнің құндылықтары адамдардың өмір сүруінің мақсаттары мен құралдары ғана емес, сонымен қатар олардың таңдауы және олардың іс-әрекеттерін, сонымен қатар адамдардың қоршаған ортадан тыс әрекеттері мен оқиғаларын бағалау болып табылады. Білімнің бұл құндылықтарын адамдардың қажеттіліктерінен, мысалы, өмір сүру қажеттілігінен, олардың жататын әлеуметтік тобына және басқа да сипаттамалары негізінде белгілі бір білім құндылығына ие болатындығын бақылай аламыз. [7, б.23]

Сонымен, адамның белгілі бір білім беру мақсаттарына немесе құралдарына деген ұмтылысының себептері мыналар болуы мүмкін:

- өзін-өзі реттеу (еркін, тәуелсіз болуға ұмтылу адамды дербес таңдау жасауға, танымда шығармашылыққа, іс-әрекеттерге ұмтылуға итермелейді);
- қауіпсіздік (өмірдің тұрақтылығына ұмтылу, жағдайлардың белгісіздігін жою);
- әмбебаптылық (әдемілікке, үйлесімділікке, әділеттілікке, толеранттылыққа қажеттілік білім алу арқылы қол жеткізілетіндігін түсіну);
- жетістік (кез-келген жолмен табысқа жету, әлеуметтік қолдау алу, адамдардың білім деңгейімен анықталады);
- билік (билік пен басқару дәліздеріне рұқсат алу, билікті жүзеге асыру процесі білімге байланысты);
- адалдық (қайырымдылыққа, басқа адамдармен құрметпен қарым-қатынасқа ұмтылу білім алумен анықталады).

Рас, әрине, мотивация мен мақсаттың қарама-қайшылығы болуы мүмкін екенін есте ұстаған жөн. Осы қарама-қайшылықты іске асыру формасына және шешілуіне қарай белсенділікті мәжбүрлеу, еркіндіктің болмауы және адамның өзі таңдау мүмкіндігі болатын деп бөлуге болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Беляева Л.А. Социальная модернизация в России в конце XX века. // М.: ИФ РАН, 1997. – С. 126–127.
2. Вебер М. Основные социологические понятия // Избранные произведения. – М.: Прогресс, 1990. – С. 628.
3. Витгенштейн Л. Логико-философский трактат (1921) // Витгенштейн Л. Философские работы. Пер. с нем. – Ч. I. – М.: Гнозис, 1994. – С. 70.
4. Грушин Б.А. Массовое сознание: Опыт определения и проблемы исследования // Политиздат, 1987. – С. 104–111.
5. Козловская С.Н. Компетентностный подход к профессиональному самоопределению личности в университете // Ученые записки РГСУ. – 2011. – № 1. – С. 113–117.
6. Лапин Н.И. Базовые ценности россиян вчера и сегодня // Динамика ценностей населения реформируемой России. – М.: Эдиториал УРСС, 1996. – С. 49.
7. Леонтьев Д.А. Ценность как междисциплинарное понятие: опыт многомерной реконструкции // Вопросы философии. – 1996. – № 4. – С. 23.
8. Мухелишвили Н.Л., Сергеев В.М., Шрейдер Ю.А. Ценностная рефлексия и конфликты в разделенном обществе // Вопросы философии. – 1996. – № 6. – С. 15.
9. Осадчая Г.И. Ценности, установки и стереотипы этнического поведения молодых москвичей // Социальная политика и социология. – 2011. – № 11. – С. 86–105.
10. Сорокин П. Общедоступный учебник социологии: Статьи разных лет // изд. подгот. В.В. Сапов. – М.: Наука, 1994. – С. 491–501.

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС САЛАСЫНДАҒЫ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ТҮЛҒАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

**Бекен Меруерт**

*«Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша магистрант,  
Нархоз Университеті КЕАҚ (Алматы қаласы, Қазақстан)*

*«БМ090500 – Әлеуметтік жұмыс»*

*мамандығының I курс магистранты*

*Ғылыми жетекшісі: PhD Беймешева А.С.*

Қазақстан Республикасында мүгедектер әлеуметтік қорғауға, соның ішінде оңалтуға, қоғамға етене араласуға, әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіріп-шығуын қамтамасыз етуге, ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге, білім алуға, қызмет түрін, соның ішінде еңбек қызметі түрін еркін таңдауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға, кәсіптік даярлыққа және қайта даярлыққа, еңбек қабілетін қалпына келтіруге және жұмысқа орналасуға құқылы.

Сондай-ақ тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үйге, мемлекеттік және өзге ұйымдарда, соның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет көрсету саласындағы ұйымдарда бірінші кезекте қызмет көрсетілуге, мүгедектердің шығармашылық қабілеттерін қолдауға арналған құқықтарын қоса алғанда, Конституциясымен, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен бекітілген әлеуметтік-экономикалық және жеке басының құқықтары мен бостандықтарына толығымен ие болады. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау әлеуметтік көмек көрсету, медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оңалту, білім беру және олардың қоғам өміріне басқа азаматтармен бірдей қатысуына мүмкіндіктер жасауға бағытталған өзге де шаралар арқылы қамтамасыз етіледі. Соның ішінде мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік көмек түрлеріне тоқталып кетейік. Мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік көмек мемлекеттік жәрдемақылар, өтемақылар түріндегі төлемдерді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де төлемдерді қамтиды. Жергілікті атқарушы органдар мен жұмыс беруші әлеуметтік көмектің қосымша түрлерін көрсетуге құқылы [2].

Мүгедектік сөзінің орысша баламасы «инвалидность» сөзі латынша «invalidus» сөзінен туындаған және «әлсіз, күші жоқ» деген мағынаны білдіреді. Ғылыми әдебиеттерде және оқулықтарда «мүгедек», «мүгедектік» деген түсініктерге әртүрлі нұсқада түсініктер беріледі. Ең алғаш рет «мүгедектік» түсінігіне 1975 жылы БҰҰ-ның мүгедектердің құқығы туралы Декларациясында жалпылама халықаралық-құқықтық анықтама берілген. Онда «мүгедек» өзінің жеке және әлеуметтік қажеттіліктерін туа біткен немесе жүре пайда болған, өзінің дене немесе ақыл-ой қабілеттерінің кемшіліктеріне байланысты толықтай немесе жартылай қамтамасыз ете алмайтын кез келген тұлғаны білдіреді деп анықтаған. Ал, ресейлік сөздер қолданысында «мүгедектік» сөзі Бірінші Петр кезеңінен бастап қолданыла бастаған. Ол кезде әскери қызмет ету кезінде мертігіп, жарақат алған адамдарды «мүгедектер» деп атаған [3].

Медицина өкілдерінің пікірінше, созылмалы аурудың, жарақаттың немесе патологиялық жағдайдың салдарынан адам толығымен немесе ішінара еңбекке жарамсыз болуы мүмкін, яғни жоғарыда аталған себептердің нәтижесінде адам өзінің еңбек, кәсіби міндеттерін орындай алмайды. Мұндай жағдайларда медицина органдары тұлғаға мүгедектікті тағайындайды. Бұдан шығатын қорытынды, мүгедектік ретінде медициналық органдармен куәландырылған, өмір сүруді шектеуге әкеп соққан қандай да бір аурудың, жарақаттың немесе кемшіліктің салдарынан адамның денсаулығының тұрақты түрде бұзылуы. Бұл ретте өмір сүруді шектеу ретінде ағзаның келесі функцияларын толығымен немесе ішінара жоғалтуы түсініледі:

– Еңбек қызметіне қатысты қабілеттер, яғни өзі дербес, өз әрекеттері арқылы және лауазымдық талаптарға сәйкес еңбек міндеттерін орындау қабілеті;

– Өзі дербес жүріп-тұру қабілеті, яғни тұрмыстық еңбек жағдайларында тепе-теңдікті ұстай отырып, кеңістікте бөтеннің көмегінсіз жүріп-тұру қабілеті;

– Өзіне-өзі қызмет көрсету қабілеті, яғни бөтеннің көмегінсіз өмірлік қажеттіліктерді, ағзаның физиологиялық функцияларын және санитария және гигиена талаптарына дербес қанағаттандыру қабілеті;

– Қарым-қатынасқа түсу қабілеті, яғни адамдармен мақсатты байланыстарды орнықтыру, ақпаратты беру, түсіну және қабылдау қабілеті;

– Өз жүріс-тұрысына бақылау жасау қабілеті, яғни әлеуметтік-тұрмыстық нормаларды ескере отырып, сыртқы және ішкі тітіркендіргіштерге мақсатты түрде жауап беру қабілеті [4].

Осылайша, жоғарыда аталған функциялары бұзылған кезде адам мүгедек болып саналады. Осыдан келіп «мүгедектікті қалай қалпына келтіруге болады және мүгедектерді оңалту және бейімдеу дегеніміз не?» деген сұрақтардың туындайтыны белгілі.

Мүгедектерді оңалту дегеніміз – денсаулықты қалпына келтіру ғана емес, мүгедектің емделіп болғаннан кейінгі денсаулық жағдайын қайта қалпына келтіру немесе қайта құру. Оңалтудың мақсаты – мүгедектердің әлеуметтік дәрежесін қалпына келтіру, олардың еркін өмір сүруіне жағдай жасау. Мүгедектерді әлеуметтік оңалту ұйымдастырушылық, экономикалық, жеке оңалту іс-әрекеттерінің кешенді қызметі бойынша жүзеге асырылады. Л.П.Храпылин оңалтудың медициналық, әлеуметтік, кәсіби іс-шаралар кешенін ұсынған. Ал, А.И.Осадчик оңалтуды әлеуметтік, психологиялық, қоғамдық-идеологиялық, экономикалық-өндірістік, анатомдық қызмет аспектілерін сипаттайтын адам қызметінің мәселесі ретінде түсіндіреді.

Бейімделу әлеуметтік жұмыста жиі қолданылатын ұғым. Бейімделу-күрделі және көпденгейлі үдеріс. Мүгедектер мәселесін қозғағанда бейімдеу мен оңалтуды бөліп-жарып қарастыру мүмкін емес.

Бейімдеу – әлеуметтік топтың немесе тұлғаның, мүгедек адамның әлеуметтік ортаның қиын өмір жағдайына бейімделе алу қабілеті. Әлеуметтік бейімделу процесі мүгедектерде бір әлеуметтік жүйеден екінші әлеуметтік жүйеге көшу жағдайына өткен кезде басталады.

Мүгедектерді оңалту – организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулықтың бұзылуынан тіршіліктің тынысының шектелуін жоюға немесе оның орнын мүмкіндігінше толықтай толықтыруға бағытталған медициналық-әлеуметтік және кәсіптік іс-шаралар кешенін қамтиды. Мүгедектерді оңалту мүгедектерді оңалтудың кешенді бағдарламасына және медициналық-әлеуметтік сараптама негізінде анықталатын мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Біздің елімізде мүгедектерді оңалтудың 3 түрлі іс-шаралар кешені қалыптасқан. Алғашқысы – мүгедектерді оңалтудың медициналық іс-шаралар кешені. Ол қалпына келтіру терапиясын (дәрі-дәрмекпен, физикалық, санаторий-курорттық емдеуді және организмнің бұзылған немесе жоғалтқан функциялары мен денсаулықты қалпына келтіруге бағытталған басқа да емдеу әдістерін), қайта жасау хирургиясын, протездік-ортопедиялық көмекті қамтиды. Медициналық оңалту жөніндегі іс-шараларды денсаулық сақтау ұйымдары мен меншік нысанына қарамастан басқа да мамандандырылған ұйымдар жүргізеді. Санаторий-курорттық емдеу мүгедектер мен мүгедек балаларға жеке оңалту бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен беріледі. Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертіуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедекке санаторий-курорттық емделуге жолдама Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің есебінен беріледі. Жұмыс беруші – жеке кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған жағдайда, жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертіуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедекке санаторий-курорттық емдеу осы баптың 3-тармағына сәйкес жұмыс берушінің есебінен беріледі.

Оңалтудың екінші кешені мүгедектерді әлеуметтік оңалту болып табылады. Мүгедектерді әлеуметтік оңалту мүгедектерді жеке басы гигиенасының, өзін-өзі қарап-күтудің, жүріп-тұрудың, қарым-қатынастың негізгі әлеуметтік дағдыларына үйретуді, мүгедектерді техникалық көмекші (орнын толтырушы) және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуді, басқа адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж мүгедектерге, соның ішінде мүгедек балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсетуді, жеке оңалту бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекші беруді, естімейтіндігі бойынша мүгедектерге жылына отыз сағатқа ымдау тілі маманын беруді, медициналық-әлеуметтік мекемелерде әлеуметтік қызмет көрсетуді, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық көмек көрсетуді, мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес әлеуметтік оңалтудың өзге де түрлерін қамтиды. Негізінен, мүгедектерді әлеуметтік оңалтуды: медициналық-әлеуметтік мекемелер (қарттар мен мүгедектерге және мүгедек балаларға арналған интернат-үйлер), қарттар мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсететін аумақтық орталықтар, әлеуметтік қызметті үйде көрсететін бөлімшелер, арнаулы білім беру ұйымдары (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері) және меншік нысанына қарамастан басқа да мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

Мүгедектерді оңалтудың келесі бір кешені – кәсіптік оңалту. Кәсіптік оңалту кәсіптік бағдар беруді, кәсіптік оқытуды (қайта оқытуды), жұмысқа орналастыруды қамтиды.

Мүгедектерді оңалтудың бағдарламасы өз ішінде мүгедектерді оңалтудың кешенді бағдарламасы және мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасы болып екіге бөлінеді. Мүгедектерді оңалтудың кешенді бағдарламасы мүгедектерді оңалтуға, оңалту ұйымдары мен мекемелері желісін дамытуға, олардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға, мүгедектерді техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз етуге, әлеуметтік қызметтер көрсетуге және әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кедергісіз кіріп-шығуын, мүгедектерді оңалту мәселелерімен айналысатын қызметкерлерді даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралардың кепілдік берілген тізбесін көздейді. Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасы организмнің бұзылған және жоғалтқан функцияларын қалпына келтіруге және (немесе)

олардың орнын толтыруға бағытталған медициналық, әлеуметтік, кәсіптік оңалту шараларын қамтитын оңалту іс-шаралары кешенін айқындайды. Оңалтудың жеке бағдарламасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүгедекке тегін көрсетілетін оңалту іс-шараларын, сол сияқты ақысын төлеуге мүгедектің өзі немесе оның жұмыста мертігуіне немесе кәсіптік ауруға шалдығуына кінәлі жұмыс беруші қатысатын оңалту іс-шараларын да қамтиды [5].

Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу туралы педагогикалық көзқарастар мен ой-пікірлердің тарихи қалыптасу процестері қазіргі уақытқа дейін зерттелмеген мәселе.

Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді оқыту, тәрбиелеу және қоғамға бейімдеу мәселелерін Ж.И.Намазбаева, Р.А.Сулейменова, А.К.Ерсарина, Г.Д.Хақимжанова, О.Д.Мукаева, Б.С.Халықова, Г.Укелтайқызы, М.С.Искакова, К.Ш.Кумаржанова, Г.М.Коржова және тағы да басқа ғалымдар зерттеп жүр [6].

Авторлар өз жұмыстарында мүгедек балаларды дамытудағы түзету жұмыстары мен эмоционалды-еріктік және танымдық даму ерекшеліктері, Қазақстан Республикасындағы мүгедек балалардың жағдайын қарастырады және әртүрлі өңірлер бойынша белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізуде. Мәселен, Алматы қалалық педагогиканы түзетудің ғылыми-зерттеу орталығында (САТР), «Кеңес» мүгедектер қауымдастығында, Алматы қалалық мүгедек балаларды кешенді оңалту орталығында, Өскемен қаласындағы «Үлбі» медициналық-әлеуметтік орталығында, Ақтөбе қаласындағы «Ақбөбек» балаларды оңалту орталығындағы жұмыстарды айта кету керек. Республикада құқықтық-нормативтік базаның құрылуымен мүгедектерді әлеуметтік қорғау, оңалту шараларының жүйесі жүзеге асырылып келеді.

Ал, Қазақстанның әлеуметтік саясатында мүгедектерге арналған саясат тек 1999 жылдан бастау алады. 1999 жылдың сәуір айында халықтың әртүрлі топтарына ақшалай төлемдер беру саясаты жүргізіле бастады және мүгедектерге топ құрылымы бойынша жәрдемақылар төленіп отырды [7].

Қорыта келгенде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға, кәсіптік даярлыққа және қайта даярлыққа, еңбек қабілетін қалпына келтіруге және жұмысқа орналасуға құқылы. Сондай-ақ тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үйге, мемлекеттік және өзге ұйымдарда, соның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет көрсету саласындағы ұйымдарда бірінші кезекте қызмет көрсетілуге, мүгедектердің шығармашылық қабілеттерін қолдауға арналған құқықтарын қоса алғанда, Конституциясымен, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен бекітілген әлеуметтік-экономикалық және жеке басының құқықтары мен бостандықтарына толығымен ие болады. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау әлеуметтік көмек көрсету, медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оңалту, білім беру және олардың қоғам өміріне басқа азаматтармен бірдей қатысуына мүмкіндіктер жасауға бағытталған өзге де шаралар арқылы қамтамасыз етіледі. Мақалада біз мүгедек және оларды оңалту мен бейімдеу деген ұғымға анықтама беріп, мүгедектік модельдерін, мүгедектерді оңалту мен бейімдеу жүйесінің Қазақстанда қалыптасу жағдайының теориялық негіздерін сипаттадық.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау» туралы Қазақстан Республикасының заңы Алматы 2005, 15 бет, 7-беттер
- 2 «Мүгедек адамдардың орталықтандырылған деректер қоры» ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің бастамасымен құрылған. Астана, 2014 сәуір.
- 3 Холостова Т.И. «Социальная работа с инвалидами» 6-бет, 14-бет 2007
- 4 «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңы
- 5 Алпамысова А.Б Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтендіру мәселелері. «Білім-образование» №6 2015 63-65 б.
- 6 Сүлейменова Р.А. Қазақстандағы Инклюзивті білім беру жүйесі, бағыттары. Алматы, 2012 ж. 128 б.
- 7 «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңы

## ЖАС ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНАЛАРДЫ СОЦИОРЕДАПТАЦИЯЛАУДАҒЫ ДАҒДАРЫС ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

*Еламанова А.С.*

*SD10201 «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 2 курс PhD докторанты*

*Ғылыми жетекші: әлеум.ғ.к., аға оқытушы Авсыдықова К.А.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа.** Қазақстанда әлеуметтік жетімдер санын азайтудың маңызды шарттарының бірі – жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау, олардың баладан бас тартпауына қол жеткізу. Бұл елдегі әлеуметтік саясаттың басымдықтары арқылы жүзеге асырылады. Жас аналарды қоғамға қайта бейімдеудің оңтайлы жүргізілуі баланың анасымен қалып, өз отбасында тәрбиеленуіне ғана ықпал етіп қоймайды, сонымен бірге ананың білім алып, мамандық игеруіне, қоғамнан болашақта өз орнын табуына мүмкіндік жасайды. Бұл міндеттерді атқаруда дағдарыс орталықтарының орны ерекше. Мақалада Қазақстандағы дағдарыс орталықтарының мақсат-міндеттері, онда жүргізілетін әлеуметтік жұмыс түрлері талданады. Дағдарыс орталықтарының жас аналарға рухани-психологиялық, әлеуметтік, құқықтық, материалдық көмек берудегі, жас ананың дербес өмірлік белсенді ұстанымын қалыптастырып, әлеуметтік байланысын орнатудағы маңызы зерделенеді.

**Кілт сөздер:** әлеуметтік саясат, бала құқығы, кәмелетке толмаған жас ана, әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік жетімдік, дағдарыс орталықтары

Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі – ана мен баланы қорғау, олардың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ету. Сонымен қатар балалар үйінде тәрбиеленушілер санын азайту, балалардың отбасында ата-анасымен өмір сүру құқығының сақталуына ықпал ету, оларға жан-жақты тәрбие беру да маңызды мемлекеттік саясат болып табылады. Бірақ өкінішке қарай, балаларды тастап кету, ата-аналардың балаға қатысты өз міндеттерін орындамауы, балаға толыққанды жағдайдың жасалмауы немесе биологиялық ата-анасынан күштеп айырылуы сияқты келеңсіз жағдайлар біздің қоғамның өзекті проблемасына айналып отыр.

– отбасылық құқық өзге әлеуметтік институттармен және мемлекетпен өзара күрделі әрекетке түсетін дербес субстанция ретіндегі отбасының қызмет етуінің заңдық аспектілерін зерттейді;

– экономика отбасының өндірушілік функциясына ерекше назар аударып, отбасылық бюджет пен тұтынудың мәселелерін қарастырады;

– этнография отбасылық тұрмыстың өзгешелігін, әр түрлі этностық топтардың және т.б. өмір салтының формаларын, мәдени ерекшеліктерін сипаттап, оларға талдау жасайды.

Отбасы проблемаларын зерттейтін пәндердің алуан түрлі болуы кездейсоқ емес, өйткені отбасы тұрақты даму мен өзгеріс үстінде болып отыратын, күрделі социомәдени құрылым болып табылады. Сондықтан аталмыш феноменді зерттеу пәнаралық тәсілді талап етеді.

Бүгінгі таңда отбасылық-некелік қатынастарды зерттейтін заманауи ғылым отбасын зерттеудегі теориялық тәсілдердің көп түрлілігіне сүйенеді. Отбасын зерттеудің негізгі тәсілі бойынша отбасы әлеуметтік институт және шағын әлеуметтік топ ретінде қарастырылады. Аталған тәсіл зерттеудің пәнінің ерекшелігін анықтауда және түсініктерді таңдауда көрініс береді.

Отбасының өмір салтының, оның атқаратын қызметтерінің қазіргі заманғы қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес келуін (немесе сәйкес келмеуін) айқындау маңызды болған кезде отбасы институт ретінде талданады. Әлеуметтік институт ретіндегі отбасының үлгісі отбасының өзгерістерін, оның даму үрдістерін болжамдау үшін маңызды. Отбасын әлеуметтік институт ретінде қарастырғанда мыналар зерттеледі: некелік-отбасылық қатынастар туралы қоғамдық пікір; отбасылық мінез-құлықтың үлгілері; отбасындағы рөлдік қатынастар; отбасы институтының өзінің негізгі функцияларын жүзеге асыруындағы тиімділігі; нормалар мен құндылықтардың өзгеруінің әлеуметтік механизмі.

Ал, отбасын шағын әлеуметтік топ ретінде қарастырғанда мыналар зерттеледі: отбасының қалыптасу жағдайлары мен даму кезеңдері; ерлі-зайыптылық қатынастардың динамикасы және ата-аналар мен

балалардың арасындағы қатынастардың сипаты; отбасындағы міндеттердің бөлінуі; ажырасудың себептері мен мотивтері; отбасының құрылымы және функциялары. Сонымен бірге, топтық мінез-құлықтың әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайлардың ықпалына ұшырауы да есепке алынады. Отбасын әлеуметтік институт ретінде және шағын әлеуметтік топ ретінде тарихи тұрғыдан зерттеу бір-бірімен қатар уақытта пайда болғандығын да айта кеткен жөн.

Қазіргі әдебиеттерде отбасын зерттеу тәсілдерінің әр түрлі типологиясы бар. Соның ішінде неғұрлым беделдісі американдық ғалым Р.Хилл мен оның әріптестері: Д.Хансеннің, А.Катцтың, Р.Симпсонның отбасын зерттеу типологиясы болып табылады [1]. Р.Хилл мен оның әріптестерінің көзқарастары тұрғысынан алғанда отбасын зерттеудің негізгі тәсілдерін бес топқа біріктіруге болады.

1) Интеракционистік тәсіл, оның шеңберінде отбасы ішінде тиісті рөлдеріне сәйкес ұстанымдары бар, соған қарай белгілі орынды иемденетін отбасы мүшелерінің өзара әрекеті зерттеледі. Зерттеулердің көпшілігінде отбасы салыстырмалы түрде алғанда, айналасындағы басқа институттармен, ұйымдармен, топтармен байланысы әлсіз, тұйық жүйе ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл үшін «коммуникация үдерісіндегі мәртебе және мәртебеаралық қатынастар», «шиеленіс», «шешімдер қабылдау» және т.б. сияқты ұғымдар негізгі болып табылады.

2) Құрылымдық-функционалдық тәсіл, бұған отбасын әлеуметтік жүйе ретінде талдау тән. Бұл көзқарас тұрғысынан алғанда отбасы өзіндік мәртебелері мен рөлдері бар индивидтерден тұрады. Отбасы мен қоғамның арасындағы байланыс функция ұғымы арқылы анықталады. Бұл тәсілдің шеңберінде отбасының сыртқы жүйелермен де, сондай-ақ ішкі шағын топтармен де (мысалы, некелік жұп, отбасы ішіндегі жекелеген индивидтер сияқты) өзара байланыс жүйесі қарастырылады. Отбасы неғұрлым кең жүйеге бейімделу тұрғысынан қарастырылады. Бұл тәсіл үшін «құрылым», «функция», «жағдайды анықтау», «референттік топ» және т.б. ұғымдар негізгі ұғымдар болып табылады.

3) Ситуациялық тәсіл, бұл тәсіл отбасы мүшелерінің арасындағы өзара әрекетке, отбасылық-некелік қатынастарды әлеуметтік жағдай ретінде қарастыратын, осы саладағы құндылықтар мен нормаларға, отбасының әр түрлі типтерінің қызмет етуіне назар аударады. Аталмыш тәсіл үшін «әлеуметтік жағдай» және «рөл» ұғымдары басты ұғымдар болып саналады.

4) Институционалдық тәсіл. Бұл тәсіл отбасы мен некенің бұрынырақтағы зерттеулерімен байланысты, сондай-ақ бұл көзқарас некелік-отбасылық қатынастарды мәдени-тарихи талдауға жақынырақ. Аталмыш тәсілдің өкілдері отбасын негізгі әлеуметтік институттардың бірі болып табылатын әлеуметтік жүйе ретінде қарастырады. Сонымен қатар, олар отбасының көптеген маңызды функциялары қоғамға өткендігін атап көрсетеді. Бұл зерттеулердегі негізгі ұғымдар болып табылатындар: «индивид», «мәдени құндылықтар».

5) Эволюциялық тәсіл, ол әр түрлі тәсілдерді бір ортақ жүйеге келтіруге ұмтылыс жасайды. «Отбасылық өмірдің сатылары мен циклдары», «қажеттіліктер мен мақсаттардың эволюциясы», «әлеуметтік рөлдер» және «мінез-құлық үлгілері» – бұлар осы бағытты жақтаушылардың кеңінен қолданатын ұғымдары [2].

Хилл отбасын әрі әлеуметтік институт ретінде, әрі шағын әлеуметтік топ ретінде бір мезгілде сипаттауға мүмкіндік беретін терминдерді анықтауды міндет етіп қойды. Осылайша, оның пікірі бойынша, құрылымдық-функционалдық тәсіл мен эволюциялық тәсіл отбасының әлеуметтік мәнісін, оның функцияларын, отбасылық құрылымның динамикасын, олардың әлеуметтік салдарларын зерттейді.

Қазіргі заманғы көзқарастар мен әдебиеттерді талдай келе, отбасын зерттеудің мынандай дәстүрлерін бөліп көрсетуге болады:

1. Тарихи тәсіл (Ж.Ф.Лафито, Дж.Миллар, И.Я.Бахофен, Дж.Ф.Мак-Леннан, Дж.Леббок, М.М.Ковалевский, Л.Я.Штернберг, Л.Г.Морган және басқалары) [3].

Аталмыш тәсілдің пайда болуы Лафитоның, Миллардың, Иеништың есімдерімен байланысты, олар алғаш рет ғылымда матриархалдық қатынастар және топтық некенің ақиқаты жөнінде тұжырымдар жасай бастаған болатын. Отбасын зерттеудің тарихи тәсілінің қалыптасуына үлкен үлес қосқан швейцариялық тарихшы И.Я.Бахофен болды. Бахофен жеке дара (индивидуалдық) отбасы мен некеге қарай бағыт ұстанған барлық халықтар басынан өткерген жағдай ретінде гетеризм тұжырымдамасын жасады. Мак-Леннан болса «экзогамияны» ашты, ол әлеуметтік түр ретінде рудың, тектің отбасынан бұрын болғандығын дәлелдеді.

2. Эволюционистік дәстүр (Л.Г.Морган, Ф.Энгельс, М.М.Ковалевский, С.П.Толстов, Ю.И.Семенов, М.О.Косвен және басқалары) [4].

Аталмыш тәсіл неке мен отбасының тарихи формаларының болуы мен ауысуының тәртібін анықтауға бағытталады; отбасын құратын жағдайларға және барлық танымал болған қоғамдардағы оның бірегейлігіне себепші болған нәрселерге және оның әлеуметтік-тарихи формаларының өзгерістерін талдауға бағытталады. Отбасы мен некенің өзгергіштігінің идеясы эволюциялық тәсілдің басты мәселесі ретінде

Л.Г.Морганның зерттеулерінде жарқын көрініс тапты. Морган текті отбасынан ажыратты, сөйтіп, тектің алғашқы формасы ұжымдық шаруашылыққа және экзогамды-эндогамдық некелік қатынастарға негізделген аналық тек екендігін көрсетіп берді. Морган моногамды отбасын қауымдық қоғамда оңай бұзылатын некелік жұптан бөліп көрсетті. Ал, жеке меншіктің пайда болуы жұптық отбасының моногамды отбасына өтуіне мүмкіндік береді деп тұжырымдады. Энгельс моногамды отбасы еркектің экономикалық үстемдігінің көрінісі екендігін атап көрсетті және моногамияның негізгі мақсаты болып табылатын бала туу мен байлықты мұраға қалдыру жөніндегі идеяны дамытты.

Отбасының әмбебаптығы мен тарихта орын алған оның формаларының ауысуын қарастыра келгенде, эволюциялық тәсіл шеңберінде әлеуметтік институт ретіндегі отбасын зерттеудің мәнісі шығады. «Алайда эволюционизм отбасының тұрақтылығы жөніндегі идеяны жеңе алмайды, ол отбасының кез келген тарихи формасына тән әмбебаптыққа назар аудара отырып, қандай да бір тарихи трансформациялардан тәуелсіз, отбасының тұрақтылығына қарай осы ерекшелік сақталатындығын көрсетеді» [5].

Эволюционизм отбасының «прогрессивті» өзгерісі ретінде тарихтағы отбасының формаларының өзгеруін сипаттайды, мысалы, «төменгі формадан жоғарғы формаға өту». Сонымен бірге, институционалист-эволюционистердің ішінде тағы бір үрдіс әрдайым байқалып отырды, бұл: әлеуметтік өзгерістерді, тұтас алғанда қоғамның мәдениетінің құлдырауы ретінде түсіндіретін үрдіс еді.

3. Функционалдық дәстүр (Э.Дюркгейм, Б.Малиновский, Дж.Мердок, П.Сорокин, У.Огборн және басқалары) [6].

Бұл тәсіл әлеуметтік институт ретіндегі отбасын зерттеудің екінші бір құрамдас бөлігі болып табылады. Сондай-ақ, отбасын институт ретінде эволюциялық зерттеумен үйлесім таба алады. Функционалдық тәсіл тарих ағымындағы отбасылардың әр алуан типтеріне тән ортақ ізденісті көрсетеді. Сонымен бірге, неке-отбасылық қатынастарға, әлеуметтік феномен ретіндегі отбасының социомәдени функцияларына, некемен, туыстықпен және ата-аналықпен байланысты социомәдени рөлдердің өзара байланысына басты назар аударады.

Функционалдық тәсілде отбасылық функцияның басқа әлеуметтік институтқа тарихи тұрғыдан берілуіне көп көңіл бөлінеді. Мұның барысында отбасына тән функцияның кемуі, оның тарылуы орын алады. Осыған байланысты социомәдени ережелерді қолдануға негізделген отбасылардың ауысуы топшыланады. Әсіресе, Дюркгейм әлеуметтік нормалардың бұзылуы себепші болып табылатын, ажырасулар мен өзіне-өзі қол жұмсауды қатар қарастырады. Оның пікірі бойынша, урбанизацияның ықпалымен отбасы бірқатар функцияларын жоғалтады, некенің еріктілігінен оның беріктігі азаяды, отбасының мүшелері азаяды (нуклеаризация). Малиновский патриархалдық отбасын мәдениеттің бесігі, қарапайым қоғамның негізгі бірлігі ретінде жақтайды. Ол ана болу мен әке болудың, социомәдени феномен ретіндегі олардың арақатынасының проблемаларын зерттеді. Отбасы, Малиновскийдің пікірі бойынша, мәдениет арқылы қалыптасқан, ол «мәдени даму мен дәстүрлердің трансмиссиясының, әсіресе, өркениеттің төменгі баспалдақтарындағы шеберханасы тәрізді» .

4. Қолданбалы (эмпирикалық) дәстүр (Ф.Ле Пле, Э.Энгельс) [7].

Бұл тәсіл функционалдық тәсілмен үндеседі. Мұнда отбасы өзіндік пайда болу, қызмет ету және құлдырау тарихы бар алғашқы шағын топ ретінде зерттеледі. Бұл жерде зерттеушілерді отбасы мүшелерінің эмоционалдық жақындығын, қажеттіліктері мен құштарлықтарын зерттеу қызықтырады. Нәтижесінде бұл жекелеген отбасылардың бірігуін ашып көрсетуге және тұтас алғанда отбасы институтын сипаттауға мүмкіндік береді. Аталмыш тәсілдің негізін салушы Ф.Ле Пле болып табылады, ол отбасын басқа әлеуметтік үдерістерге қатысты алғанда тәуелсіз, ауыспалы үдеріс ретінде анықтады. Ле Пленің негізгі тезисі мынандай: «Қоғамды түсіну үшін, отбасын түсіну қажет». Ол сыртқы орта адамдардың экономикалық өмірін айқындайды, сонымен бірізгіде отбасының да формасын ажыратып береді деп есептеді. Оның пікірінше, қоғамның іргелі элементі негізгі (ата-аналық) отбасы болып табылады.

Әлеуметтік тәртіп пен шынайы еркіндік қоғамдағы отбасының, негізгі отбасының рөліне байланысты болады. Бұл патриархалдық отбасының ригидтілігін (субъект көздеген, қайта құруды талап ететін, қызмет бағдарламасының өзгеруіндегі қиындықтар) және қазіргі заманғы тұрақсыз отбасының «эгоистік атомизмін» (байланыстардың үзілуі, оқшаулану) болдырмайды. Зерттеудің эмпирикалық әдісі ретінде Ле Пле отбасының тіршілік-қызметінің сандық тұрғыдағы алуан түрлілігі ретінде отбасының бюджетіне талдау жасауды таңдап алды. Бюджеттің ұйымдастырылуы балаларды тәрбиелеумен байланысты отбасының құрылымдық өзгерістеріне тәуелді болып келеді.

5. Әлеуметтік-психологиялық дәстүр (Э.Берджес, У.Томас, Ч.Кули, У.Джеймс, Ф.Знанецкий, Ж.Пиаже, З.Фрейд және басқалары) [8].

Бұл дәстүрдің өкілдері тұлға мен қоғамның арасындағы өзара байланысты алғашқы тұлғааралық қатынастар деңгейінде қарастырады. Мұнда тұлғааралық коммуникация мен тұлғараралық келісімді, жақындықты, бірлікті зерттеуге басты назар аударылады.

Аталмыш бағыттың дамуына көбірек мүмкіндік жасаған Э.Берджестің «өзара әрекет етуші тұлғалардың бірлігі» ретіндегі отбасына деген көзқарасы болды. «Дәстүрлі» отбасының күйреуінен ол жалпы отбасының институционалдық дағдарысын емес, некенің немесе ерлі-зайыптылық құндылықтардың эмоционалдық «тірегінің» күшейгендігін көрді. Берджес отбасын шағын топ ретінде зерттеудегі әлеуметтік-психологиялық дәстүрдің көшбасшысы болды.

6. Социобиологиялық дәстүр (Э.Уилсон, К.Макдональд және басқалары).

Социобиологиялық тұжырымдама тұрғысынан алғанда, отбасы – адамның биологиялық табиғатынан шығатын «табиғи институт». Сондықтан да оның бұзылуына немесе қайта жаңғыруына алып келуі мүмкін, әлеуметтік өмірдің барлық құбылыстары қауіпті, яғни олар адамзаттың табиғатына қарсы бағытталған. Эволюция мен табиғи сұрыпталудың заңдарының жалпыға бірдей болуынан және өндіріс мүдделерінің басқа мүдделерден жоғары болуынан отбасын түсінудің мынандай үш әдіснамалық принциптерін бөліп көрсетуге болады:

1. Адамға басқалардың мүдделеріне қарағанда өзінің жеке мүдделерінің қамын ойлау көбірек тән. Альтруистік негіз бар, бірақ эгоизм басым түседі;

2. Генетикалық жақындық жоғары болған сайын олардың бір біріне қатыс ты алғандағы альтруистілігі де жоғары (бұл тезис егіз жұптарды зерттеу барысында сыналған);

3. Ер адамдар әйелдерге қарағанда ұдайы өндірудің басқаша стратегиясына иелік етеді. Ерлер әйелдерді мейлінше көбірек ұрықтандыруға және артында көп ұрпақ қалдыруға тырысады. Ерлердің ұдайы өндірушілік стратегиясы, бірінші кезекте ұрпағының аман қалуына қамқорлық жасауға келіп тіреледі және әйелге қарағанда оның ата-аналық үлесі жоғары. Тең ата-аналық үлес әдетте моногамдық құрылымы бар отбасымен қатар жүреді, тең емес – полигиниямен бірге жүреді; полигиниялық нұсқада – әкенің үлесі ресурстармен тікелей қамтамасыз етуге әкеп саяды.

7. Отбасы мен үй шаруашылығын зерттеудің экономикалық дәстүрі (Г.Беккер, Р.Поллак, М.Уокер, О.Уильямсон және басқалары).

Үй шаруашылығының дәстүрлі экономикалық теориясы өзінің назарын нарықтық мінез-құлыққа аударады, үй шаруашылығын оның өзіне тән артықшылықтарды ғана сипаттайтын, «қара жәшік» ретінде қарастырады».

Үй шаруашылығының жаңа экономикалық теориясы нарықтық мінез-құлыққа дәстүрлі талдау жасаудан басқа, тууға, балаларға білім беруге және уақытты бөлуге де назар аударады. Бұл теорияның маңызды аналитикалық құралы Беккер жасаған үй шаруашылығының өндірушілік үлгісі болып табылады, бұл үй шаруашылығында қалаған нәтижелерге немесе «өнімдерге» қол жеткізу үшін отбасы мүшелерінің уақыты базарда сатып алынған тауарлармен қалай үйлестірілетіндігін сипаттайды. Трансакциондық тәсіл отбасының ішкі құрылымы мен ұйымдастырылуына мән бере отырып, үй шаруашылығының жаңа экономикалық теориясын кеңейте түседі және жинақтап қорытады, отбасын басқарылатын құрылым ретінде қарастырады. Сол арқылы бұл бағыт отбасында атқарылатын қызметтің түрлеріне ғана емес, сондай-ақ отбасы ішінде ресурстардың бөлінуінің құрылымына да талдау жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта заманауи ғылым аталмыш тәсілдермен ғана шектеліп қалып отырған жоқ, сонымен қатар тұрақты түрде жаңару үрдісі де байқалады. Бұл көбіне отбасын әлеуметтік феномен ретінде зерттеудің ерекшелігімен және отбасы проблемаларын зерттейтін ғылымдардың алуан түрлілігімен байланысты. Қазіргі кезде отбасын зерттеуде институционалдық және топтық тәсілдің біріктірілуі жөнінде айтқан дұрыс. Бұл микро ықпалдан тәуелсіз макродеңгейде сәйкес концептуалдық құралдардың болуын ұйғарады.

Біздің зерттеулеріміз үшін отбасын және некелік-отбасылық қатынастарды әлеуметтік-аксиологиялық талдау тұрғысынан зерттеу барынша қызығушылық тудырады, бұл отбасын зерттеудің әлеуметтік-философиялық дәстүрі болып саналады. Өйткені әлеуметтік танымның дәстүрлі саласы аксиология эстетикалық, моральдық, танымдық және басқа да құндылықтардың алуан түрлілігі болып табылды. Аталмыш тәсіл некелік-отбасылық қатынастардың өмір сүруінің аксиологиялық негіздерін айқындауға, отбасының басқа әлеуметтік құрылымдармен, әсіресе мемлекетпен өзара әрекетінің жалпы заңдылықтары мен үрдістеріне ғылыми негізделген болжам жасауға, отбасының қызмет етуі мен дамуын әлеуметтік-мәдени тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің көмегімен отбасы тек құрылымдық функционалдық жағынан ғана емес, сондай-ақ тарихи дамуы жағынан да зерттеледі. Қазіргі таңда отбасы институты маңызды өзгерістерді басынан кешіріп отырған кезде отбасын адамзат жасаған құндылық ретінде қарастыру, бүгінде бұл құндылықтың шынайы жетістіктерін ұғыну және прогрестің құрамдас бөлігі ретінде оның одан әрі таралуына алдын ала болжау жасау маңызды болып табылады.

Сөйтіп, біз үшін отбасын өмірлік құндылықтардың, түсініктердің, қоғаммен өзара қарым-қатынастардағы ұстанымдардың белгілі бір бірлігімен біріккен, адамдардың қауымдастығы ретінде қарастыру маңызды болып табылады. Аталмыш тәсілдің өзектілігі, бізге бір жағынан, отбасында кейін бізге ақпарат

іріктеудің өлшемдеріне айнала алатын, олардың формаларының біреуіне басымдық беруге мүмкіндік жасайтын, құндылықтық бағдарлардың іргетасы қаланатындығынан көрінеді. Екінші жағынан, отбасы мәдени құндылықтардың сақтаушысы ретінде сипатталады, ол еңбек қызметі мен рухани қызмет үдерістерінде мәдениетті байытып, оны жас ұрпаққа беріп отырады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Хилл Р. Современные тенденции в теории // Социальные исследования. Вып. 4. –М., 1970.
2. Современная западная социология: Словарь. –М.: ТОН – Остожье, 1998. -544 с.
3. Ковалевский М. Очерк происхождения и развития семьи и собственности / Перев. с франц., под ред. С предис. и примеч. М.О. Косвена. –М.: ОГИЗ, 1939. -187 с.; Штанберг Л.Я. Семья у народов Северо-Восточной Азии. –Л., 1933.
4. Энгельс Ф. Происхождение семьи, частной собственности и государства. В связи с исследованиями Льюиса Г.Моргана. – М.: Политиздат, 1970. -238 с.; Косвен М.О. Семейная община и патронимия. –М.: Изд-во Акад. наук СССР, 1963. -219 с.
5. Антонов А.Н., Медков В.М. Социология семьи. –М.: Изд-во МГУ: Изд-во международного университета бизнеса и управления «Братья Карич», 1996. -304 с.
6. Дюркгейм Э. Самоубийство: Социологический этюд. –М.: Мысль, 1994. -399 с.; Сорокин П.А. Кризис современной семьи (социологический очерк) // Вестник МГУ. –Сер. 18. –Социология и политология. -1997. №3.
7. Ле-Пле Ф. Основная конституция человеческого рода. –М., 1897.
8. Пиаже Ж. Избранные психологические труды. Психология интеллекта. Генезис числа и ребенка. Логика и психология. –М.: Просвещение, 1969. -659 с.



## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СТУДЕНТТЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨШІ-ҚОНЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ТӘУЕКЕЛДЕРІ

*Қалмуханбетова М.Д.*

*Әлеуметтану, 1 курс докторанты*

*Ғылыми жетекшісі: PhD, доцент м.а. Шнарбекова М.К.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада қазақстандық студент жастарының халықаралық көші-қон процесінің өзекті қазіргі жағдайы және көші-қонның елдің зияткерлік әлеуетінің маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі маңызы қарастырылады. Сонымен қатар, жаһандану дәуірінде Қазақстандағы халықаралық білім беру (оқу) көші-қонының дамуының қазіргі жағдайы мен мүмкін болатын тәуекелдері талданады. Білім беру көші-қон мәселесін талдау өзекті болып табылады, өйткені посткеңестік уақытта әлеуметтік, экономикалық және саяси өзгерістер жастардың жалпы білімдік ұстанымдарын, соның ішінде шетелдік жоғары оқу орындарында оқуға деген көзқарастары мен мотивациясын, дайындығы мен бағытылығын өзгертті. Бүгінгі таңда көші-қон үрдісі сарапшылар қауымдастығы мен халық арасында өсіп келе жатқан алаңдаушылықты тудырады. Халықтың ағылуы мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігіне, экономикалық, әлеуметтік тұрақтылығына және тұтастай алғанда елдің жалпы дамуына әсер ететін белгілі бір қауіптерге әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл мәселе жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Мақалада авторлар қазақстандық студенттердің білім беру саласындағы халықаралық көші-қонының қазіргі жағдайы мен мүмкін тәуекелдерді талдайды.

**Түйін сөздер:** халықаралық білім беру көші-қоны, зияткерлік көші-қон, жоғары білім.

### **Кіріспе**

XXI ғасырдың басында халықтың халықаралық көші-қоны өсіп келе жатқан жаһандану жағдайында қазіргі қоғам дамуының маңызды сипаттамаларының бірі болып табылады. Соңғы жылдары халықаралық көші-қон процестерінің даму ерекшеліктерінің бірі білім беру көші-қоны ағындарының айтарлықтай ұлғаюы болды. Көптеген елдер халықаралық білім беру көші-қонын әлемдегі экономикалық және саяси ықпалды нығайтуға бағытталған сыртқы саясатының элементі ретінде қарастырады. Бұдан басқа, тілдік курстарды, орта және жоғары білімді, қосымша кәсіптік білім беруді қамтитын білім беру қызметтерін ұсыну халықаралық білім беру нарығында жетекші орын алатын елдер үшін маңызды экспорттық салалардың бірі болып отыр. БҰҰ мәліметтері бойынша, 2018 жылы азаматтығынан тыс жерде тұратын халықаралық мигранттардың саны 258 миллион адамды құрайды, ал 2000 жылы олардың саны 173 миллион адамды құрады. Халықаралық көші-қон ағындары құрылымындағы халықаралық көші-қон бойынша студенттердің үлесі 4,8 млн адамды құрайды.

Білім беру көші-қоны деген не екенін қарастырып өтуге болады. ҚР мемлекеттік көші-қон саясаты тұжырымдамасында білім беру (оқу) көші-қоны білім алу немесе жалғастыру мақсатындағы көші-қон ретінде айқындалады, яғни білім беру және оқу көші-қоны осы анықтамада синонимдер болып табылады.

Д. Массей, М. Регет, В.А. Ионцев, И.В. Ивахнюк сияқты ғалымдар білім беру миграциясын интеллектуалды көші-қонның бір түрі ретінде қарастырады [1, 145 б.].

Көші-қонды зерттеуде «халықаралық білім беру көші-қоны» ұғымы білім алу мен әртүрлі деңгейдегі, әртүрлі мерзімге біліктілікті арттыру мақсатында елдер арасындағы студенттердің, докторанттардың, тағылымдамадан өтушілердің, кәсіби мамандардың біліктілігін арттыратын көші-қоны мен орын ауыстыруын біріктіреді. Сайып келгенде, кез келген ерікті көші-қон негізінде басты мақсат – өзіндік бәсекеге қабілеттіліктің неғұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізу болып табылады.

Жаһанданудың өсуімен әлемде көптеген жастар шетелде оқиды немесе оқығысы келеді. ЮНЕСКО-ның мәліметтері бойынша 2016 жылы шетелдік студенттердің саны 2000 жылғы 2 млн-мен салыстырғанда 4,8 млн-нан астам адамды құрады, олардың жартысынан астамы алты елде: АҚШ, Ұлыбритания, Австралия, Франция, Германия және Ресей Федерациясында білім беру бағдарламаларына қабылданды. 2017 жылы Франциядағы шетелдік студенттердің үлесі 8%-ға, Германияда – 6%-ға жетті. Шетелдік студенттердің негізгі донор елдері – Қытай, Үндістан, Оңтүстік Корея, Нигерия, Сауд Арабиясы және бірнеше Орталық Азия елдері [2, 18 б.].

Қазіргі уақытта шетелдік азаматтарға білім беру қызметтерінің ең көп көлемін халықаралық білім беру көші-қонының ағындарын құра отырып, жоғары оқу орындары көрсетеді. Әлемдік жоғары білім нарығы көбінесе үшінші нарық деп аталады. ЮНЕСКО мен ЭЫДҰ-ның жылдық есептері сияқты халықаралық статистикалық дереккөздерді пайдалана отырып, үшінші сектор мысалында халықаралық оқу көші-қонының даму ерекшеліктеріне талдау жасай аламыз.

Қазіргі таңда дамыған және дамушы елдер арасындағы білімді және білікті адами ресурстар үшін бәсекелестіктің күшеюі халықаралық білім беру көші-қонның артуына әкелді. Бұл тенденция Қазақстанда да орын алып отыр және көп жағдайда елдің даму қарқыны мен сипатын айқындайды. Қазақстан Республикасындағы көші-қон процестерінің қазіргі жай-күйі жастардың шетелге көшіп кетуінің жоғары

дәрежесімен, көші-қон жүйесінде басқару технологияларын фрагменттік пайдаланумен және осы саладағы мемлекеттік саясатты іске асыруда кешенді тәсілдің болмауымен сипатталады.

Соңғы жылдары Қазақстан үшін де көші-қон түрлерінің арасында зияткерлік көші-қон феномені өте өзекті болды. Бұл жұмыста зияткерлік көші-қон деп техникалық, кәсіптік және жоғары білімі бар жастардың басқа елге уақытша немесе тұрақты тұруға көшуі түсініледі. Мәселен, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің «Талдау» ақпараттық-талдау жүйесінің деректеріне сәйкес, 2020 жылы мамандықтар бөлінісі бойынша елден үш есе көп дәрігерлер, бес есе көп техниктер және төрт есе көп педагогтар кетті [3].

Алайда, пандемияға байланысты жабық шекараларды ескере отырып, Қазақстаннан мамандар 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 33,8 пайызға аз кетті. Бірақ бұл ретте 2020 жылы Қазақстаннан кеткен мамандардың үлесі бір жыл бұрынғы 50,6 пайызға қарағанда 54,3 пайызды құрады.

Қазақстаннан кеткен мамандардың жартысынан көбі – 3,3 мың адам – техникалық, 1,7 мың адам – экономикалық және 1000 адам – педагогикалық мамандықтарға ие. Сондай-ақ, елден 561 дәрігер, 387 заңгер, 280 сәулетші мен құрылысшы, ауыл шаруашылығы саласындағы 155 маман кетті. Қалған мамандықтар 4 мыңға жуық адамды құрады [4].

Сарапшылар неғұрлым білімді және перспективалы кадрлардың жаппай көші-қоны елдегі адами капиталдың сарқылуына алып келетінін және оның экономикалық өсу мүмкіндіктеріне айтарлықтай әсер ететінін атап өтті [5]. Осы тұрғыдан алғанда, көші-қон ағындарын реттеу мәселесі бүгінгі күні өзекті болып табылады және жаппай көші-қон себептерін шешу бойынша мемлекет тарапынан пәрменді тетіктерді талап етеді. Алайда, мәселені шешу үшін халықаралық зияткерлік көші-қонның себептерін түсіну және студент жастардың басқа елге көшу себептерін анықтау қажет.

Ғылыми-техникалық мамандар мен студенттердің көші-қон ағындарының өсуі бірқатар әлемдік тенденциялардың дамуын көрсетеді, олардың кейбіреулері халықаралық көші-қонның белсенді факторлары ретінде, басқалары оның фондық процестері ретінде әрекет етеді. Алайда, олардың барлығы белгілі бір дәрежеде қазіргі қоғамның траекториясын анықтайтын екі негізгі процестермен байланысты: біріншіден, оның жаһандануы, байланыстардың дамуы, өзара тәуелділіктің күшеюі және әлемдік масштабтағы беттерді өшіру деп түсініледі; екіншіден, ақпарат пен білімнің экономиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторына айналуымен сипатталатын ақпараттық даму; ақпаратты құруды, беруді, өңдеуді және пайдалануды қамтамасыз ететін салалардың қарқынды өсуі; білім берудің, ғылыми қызметтің және т.б. модельдерін елеулі өзгертетін жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) дамыту және белсенді пайдалану.

Жоғарыда қарастырылған статистикалық деректерді талдау қорытындыларына сүйене отырып, Қазақстан жастарының халықаралық зияткерлік көші-қонының негізгі себебі жастардың білім сапасына және таңдаған мамандығы бойынша жұмысқа орналасу қиындықтарына қанағаттанудың төмендігі жиі көрсетіледі. Сонымен қатар, шетелдік білім беруді белсенді насихаттаудың да өз әсерін тигізеді. Айта кетер болсақ, «Болашақ» бағдарламасы бойынша, сондай-ақ басқа да Халықаралық бағдарламалар шеңберінде қазақстандық студенттерді шетелге жіберудің негізгі орындаушысы «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ болып табылады. Көптеген елдер қазақстандық студенттерге қызығушылық таныта бастайды. Мысалы, ресейлік жоғары оқу орындары қазақстандық мектептерге ең үздік оқушыларды іріктеу мақсатында келеді, емтихан негізінде конкурстық іріктеу жүргізеді және бітіруші қазақстандық мектепті бітіргенге дейін ЖОО-ға қабылдау (оның ішінде үкіметтік гранттарға) туралы шешім жариялайды. Осылайша, оқушының осы университетте оқуға деген ынтасын ынталандырады және оның университетке түсу міндетін жеңілдетеді. Қытай, Франция, Германия сияқты елдер қазақстандық оқушыларға тегін білім ұсынады. Көптеген адамдар осы баламаны таңдайды. Сонымен қатар, соңғы жылдары шетелдік білім беру мекемелеріне түсу бойынша консультациялық және сүйемелдеу қызметтерін ұсынатын оқу орталықтары мен агенттіктердің белсенділігі байқалуда. Делдалдық қызметтердің қызметі бақыланбайды, мұндай мекемелер зияткерлік көші-қон процесінің тағы бір катализаторы болып табылады, өйткені қызмет ақылы және белгілі бір кепілдіктерді уәде етеді.

«ХБО» АҚ тегін шетелдік білім берудің жоғарыда аталған әсерін күшейтеді. 2018 жылдың қорытындылары бойынша «ХБО» АҚ Венгрия, Польша, Қытай, Ресей, Тәжікстан және т.б. сияқты елдердің 10 мыңнан астам халықаралық білім беру гранттарына арналған келісімдерді бекітті, егер 10 жыл бұрын шетелдік білім беру түлектер үшін қолжетімсіз болып көрінсе, онда бүгінгі таңда жылдан жылға өсіп келе жатқан студенттік көші-қон көрсеткіштерін байқай отырып, шетелдік білімнің болуы трендке айналды деп болжауға болады [6, 123 б.]. Осыған байланысты жастардың зияткерлік халықаралық көші-қоны мәселесі, одан туындайтын мүмкін тәуекелдерді зерделеу өзектілігі көтеріледі.

Қазіргі таңда, үкіметтік ортада шетелдік жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейін қаржы және кәсіби ынталандыру арқылы өз еліндегі үздік мамандарды ұстап қалу бойынша шаралар қабылдануда. Сонымен

бірге, Қазақстанның өзі Қазақстанның білім беру қызметтерін кеңейтуге және қазіргі заманғы мемлекеттік көші-қон саясатын оңтайландыру арқылы Қазақстанға білім беру көші-қонын жандандыруға жағдай жасауға тырысуда, өйткені халықаралық мобильділіктің бұл түрі Қазақстанның халықаралық аренадағы позициясын нығайтуға, оның экономикасын дамытуға, демографиялық жағдайды жақсартуға және мәдениаралық диалогты нығайтуға тиімді ресурс болып табылады.

### **Қорытынды**

Көші-қон, білім беру көші-қоны – бұл қуатты қозғалтқыш және экономикалық, саяси және әлеуметтік өзгерістердің маңызды салдары болып табылады. Оның қауымдастықтарға тигізетін әсерін ескере отырып, көші-қонды толық өлшеу және түсіну қажет. Білім беру көші-қонын білім алу және білім беру саласындағы еңбек қызметін жүзеге асыру, яғни оқыту, зерттеулер жүргізу мақсатында орын ауыстыру ретінде анықтауға болады. Қазақстандық зияткерлік халықаралық көші-қонының ерекшелігі – студенттердің, ғалымдардың, мамандардың Еуропа елдері мен Қытай, АҚШ-қа саналы және мақсатты түрде кетуі, «ақыл-ойдың ағылуына» алып келеді. Соңғы жылдардағы білім беру көші-қонына экономикалық дағдарыс әсер етті, мемлекеттік бюджет тапшылығы жағдайында әлеуметтік саланы, оның ішінде білім беруді қаржыландыру секвестрге ұшырады, бұл білім сапасының төмендеуіне, жоғары білім беруде кәсіби мамандардың жоғалуына, жетекші елдердің университеттерінен Қазақстандағы оқу орындарының материалдық-техникалық базасындағы артта қалушылыққа себеп болды.

Қазақстаннан білім беру көші-қоны талантты жастардың шет елге кетуі сияқты тәуекелдерге алып келуі мүмкін. Шетелде болған соң, көбісі Қазақстанға қайтып оралмай, оқу елінде қалуды немесе халықаралық еңбек нарығында жұмыс іздеуді бастау ықтималдығы бар. Халықаралық көші-қонның қазіргі жағдайына талдау жасау барысында «ақыл-ойдың ағылуы» сияқты тәуекел тудыратын болатын келесі факторларды атап өтуге болады:

- отандық жоғары оқу орындарындағы білім шетелде алынған біліммен салыстырғанда деңгейі едәуір төмендеу;
- шетелдік университеттерде оқу халықаралық кәсіби және іскерлік байланыстарды орнату мүмкіндіктерін кеңейтеді;
- шетелдік дипломдардың сұранысқа иелігі және мансаптық өркендеудің кең перспективаларына жол ашады.

Сол себепті де, халықаралық білім беру көші-қонының барлық аспектілерін жан-жақты зерттеу және талдау маңызды міндет болып табылады. Бұл студенттердің көші-қонынан туындайтын тәуекелдерді анықтау, академиялық және кәсіптік мобильділікті модельдеуге және болжауға мүмкіндік береді. Студент жастардың зияткерлік халықаралық көші-қонының қарқынын төмендету, «ақыл-ойдың ағылуы» сияқты тәуекелдерді болдырмау мақсатында жоғары білім беру жүйесін одан әрі дамытуға бағытталған шаралар әзірлеу қажет. Жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту, отандық білім беру сапасын арттыру, еңбек нарығына бағдарланған білім беру бағдарламаларын жаңғырту отандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілетті маман даярлауына ықпал ететін болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ионцев, В. А., Алешковкий, И. А. Тенденции международной миграции в глобализирующемся мире//Век глобализации, 2008, № 2. С. 77–87. Ивахнюк, И. В. Международная трудовая миграция. Москва, 2005. С. 145.
2. Статистика международной миграции. Практическое руководство для стран Восточной Европы и Центральной Азии. Европейская Экономическая Комиссия ООН, Фонд ООН в области народонаселения. Женева, 2018. С. 104.
3. Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан / Информационно-аналитическая система «Талдау»// [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://taldau.stat.gov.kz/ru/NewIndex/GetIndex/2929763?keyword> (дата доступа 27.12.2020)
4. Лэйла Тастанова. Теряем кадры. «Время» общественно-политическая газета Казахстана // [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://time.kz/articles/zloba/2021/02/17/teryaem-kadry>
5. Лисицын П. «Влияние транснациональной трудовой миграции на структуру человеческого капитала в России» / Лаборатория «Транснационализм и миграционные процессы: сравнительный и институциональный анализ» «ТАНДЕМ» (Transnationalism and Migration) <http://tandem.spbu.ru/portfolio-view/project-5/> (дата доступа 27.02.2021).
6. Бокаев Б., Тулсубаева А. Миграция молодежи в Казахстане в контексте развития интеллектуального потенциала: корреляционный анализ. Ежеквартальный научноинформационный журнал «Экономика и статистика». 2/2019. С. 120-124.

## СЕНІМ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУДАҒЫ САПА ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

**Қайырбекова А.Н.**

«7М11401-Әлеуметтік жұмыс», 1 курс

Ғылыми жетекшісі: Әлеум. ғ. к., аға оқытушы Амитов С. А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Аннотация.** Мақалада ұйымның корпоративтік мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде ұйымдастырушылық сенім құбылысына талдау жасалады. Сенім адалдық, ізгілік, сенімділік сияқты ұғымдарда көрінеді. Сенім – бұл пәнаралық құбылыс және оны зерттеу философия, әлеуметтану, психология, менеджмент және маркетинг және басқалар сияқты ғылыми пәндер аясында жүзеге асырылады. Мақалада сенім ұғымын мәнін ашудың теориялық тәсілдерін, тұлға-аралық қатынастар мен ұйымдастырушылық қызметтегі оның қалыптасу негіздерін зерттеу нәтижесі келтірілген. Жұмыста сенім қалыптастырудың түрлері, фазалары, факторлары мен шарттары ашылады, ұйымда сенім қатынастарының қалыптасу деңгейлері сипатталады. Автор ұйымның тиімділігіне сенімнің үш деңгейін анықтады: тұлғааралық қатынастар деңгейіндегі, ұжымдық (командалық) қызметке және тұтастай ұйымның тиімділігіне әсер ету. Мақалада үш бағыт бойынша ұйымдастырушылық тиімділікке сенімнің әсерін бағалау көрсеткіштері ұсынылған: персонал жұмысының тиімділігі, ұйымдастырушылық басқару жүйесінің тиімділігі, бедел және Employer -бренд.

**Кілт сөздер:** сенім; сенімді қарым-қатынас; адалдық; корпоративтік мәдениет; басқару; ұйымдастырушылық тиімділік; Employer бренд.

Ұжымдағы сенім және оның бірлігі ұйымның корпоративтік мәдениетінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Бірақ сіздің ұжымда қарым-қатынас сенімді ме, қалай? Егер қызметкерлер көшбасшыдан қорықпаса және ол оларға құрметпен қараса, бұл ұжымда сенімді қарым-қатынас дегенді білдіре ме? Ұжымдағы сенімнің құрамдас бөліктері қандай?

Ұжымның сенімділігі мен бірлігі атмосферасын дамыту үшін корпоративтік нормалар мен ережелерді, құндылықтарды, дәстүрлер мен рәсімдерді қалыптастыру және дамыту қажет. Сонымен қатар, команда мүшелерінің бір-біріне деген сенімі және корпоративтік келісім байланыс, бақылау және ынталандыру жүйелеріне, шешім қабылдау процесіне әсер етеді.

### **Сенім – корпоративтік мәдениеттің негізгі элементтерінің бірі ретінде**

Сенім мен сенімді қарым-қатынас феномені көптеген жылдар бойы көптеген пәндерде қарастырылып келеді. Сенімге байланысты зерттеулерді философия, психология, әлеуметтану, менеджмент және маркетинг, эргономика және басқалардан табуға болады. Ғылыми зерттеудің әр пәні мен бағыты аясында сенім Әр түрлі жағынан қарастырылады және көптеген ұғымдар бар.

Шетелдік және отандық авторлардың ғылыми және практикалық жұмыстарын талдау сенім – қандай да бір басқа құбылысты жүзеге асырудың шарты екенін көрсетеді: әлемге деген сенім (Э.Эриксон) [3]; басқа адамға деген сенім (А.И. Донцов, К. Роджерс) [4, 6] және өзіне деген сенім (Э. Шостром, А. Менегетти және т. б.) [1, 8]. Сондай-ақ, сенім қарым-қатынастың тәуелсіз түрі ретінде қарастырылады (В.С. Сафонов) [9] және қарым-қатынастың басқа түрлерінің жағдайы ретінде (И.С. Кон, Л.Я. Гозман) [7,3].

Dr. Duane C. Tway, Jr. Сенімді «біреумен немесе бір затпен қорғалмаған өзара әрекеттесуге дайын күй» деп сипаттаған. Warren Buffet «Сенім біз дем алатын ауа сияқты. Ол болған кезде ешкім байқамайды. Бірақ ол жоқ кезде бәрі байқалады» [7, б. 3].

Сенім – бұл ешқандай күмән болмаған кездегі жайт. Сенім білдірген кезде жаңа ақпарат тексерусіз қабылданады. Сенім наньнан өзгеше. Сіз құжатқа, сөзге, кепілге сене аласыз. Сенім – бұл адалдықтың одан да жоғары деңгейі, сенімділікке деген жеке көзқарасқа сүйене отырып, сөзсіз нәрсеге деген үміт. «Сенім» нанымға дейін болған нәрсе.

О.В. Евтихов ұсынылған Шығыс даналығының үлкен кітабында келтірілген аңыз бойынша: «Көпірдегі Конфуций өзенге қарады: биіктіктен сарқырама құлап жатты. Су айналымы ағып жатты. Бір адам оны кесіп өтпек болды. Конфуций жаңағы адамды сақтау үшін шәкірттерін жіберіп: «Оны кесіп өткісі келетіндерге қиын болады!» – дейді. Бірақ ер адам оларға бағынбай, ағынды кесіп өтіп, екінші жағына шықты. «Сіз қандай ақылдысыз!» – деп дауыстады Конфуций. «Сіздің жеке құпияңыз бар сияқты? Мұндай құйынға қалай кіріп, одан аман-есен шыға алдыңыз?» дегенде, ер адам былай деп жауап берді: «Мен ағынға кірген бойда мен оған бой ұсынып, өзімді тапсырамын. Беріліп, сенім артып, мен өз еркіммен жүруге батыл болмай, денемді толқындар мен ағымдарға орналастырамын. Сондықтан мен ағынға кіріп, қайтадан шыға аламын. Конфуций шәкірттеріне: «Мұны есте сақтаңдар!» – деді. «Шынында да, сумен болған кезде де, оған бой ұсынып, сенгенде, адаммен әрекеттескенде тіпті ұқсас бола алады» [5].

Ұйымдастыру контексіндегі «сенім» ұғымдарының анықтамасына жүгініп, корпоративтік мәдениеттің осы элементтерінің негізгі сипаттамаларын тұжырымдайық.

Менеджмент жөніндегі кеңесші Роберт Б. Шоу келесі анықтаманы береді: «сенім-бұл біз тәуелді адамдар біздің үмітімізді ақтайды деген үміт» [9, б. 43].

Т. Ямагишидің пікірінше, ұйымға деген сенім – «материалдық емес субъект», нәтижесінде оны «түсіну қиын», бірақ «оған тән күш әр түрлі өлшемдер мен өндірістерді ұйымдастыруда табысты жүзеге асыра алады» [2, б. 19].

Baier A. C. сенім, парадоксальды түрде, желім мен майға ұқсас деген пікір айтты. «Желім» ретінде сенім менеджерлер мен қызметкерлерді бір-бірімен байланыстырады. Сенім – өзара тығыз қарым-қатынасты сақтау және ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру үшін қажетті шарт. Өнімді болу және ұйымның ортақ мақсаттарына жету үшін біртұтастық пен ынтымақтастық қатынастары және дамыған ынтымақтастық қатынастар қажет. «Майлау» ретінде сенім ұйым механизмін майлайды. Сенім қарым-қатынасты жеңілдетеді. Адамдар басқа адамдардың сөздері мен іс-әрекеттеріне сенімді бола алатын кезде үлкен тиімділікке қол жеткізіледі. Көшбасшылар өз ізбасарларына қарым-қатынасты нығайтуға және тиімділікке ықпал етуге сенуі керек [9, 77 б.].

Ұжым құру теориясы мен практикасында Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева және оның әріптестері сенім «жауапкершілікті басқа адамның иығына аударуды» білдірмейді. Сенім рухына жақын адамдар арасында болатын көрінбейтін байланыс сезіміне негізделген. Сенім басқасының даралығын қабылдауға және бірлескен әрекеттердің кездейсоқ еместігін түсінуге негізделген «[6, б. 192].

Сенімнің 4 түрін Роберт С. Соломон мен Фернандо Флорес сипаттайды. Ғалымдар сенімнің келесідей түрлерін [10] атап көрсетті:

1. *Негізгі (базалық) сенім.* Адамдармен шамадан тыс күдіктенбестен танысу қабілеті мен дайындығымен сипатталады. Сондай-ақ, бұл бейтаныс адамдармен еркін қарым-қатынас жасау мүмкіндігі және жақын қарым-қатынасқа түсуге дайын болуы. Негізгі (базалық) сенім – бұл адамның және оның қоршаған әлемге қатысты мінез-құлқының негізі.

2. *Қарапайым сенім* – мүлдем күдік тудырмайды: бұл сенім деңгейі ойлануды, саналы таңдауды, бақылауды және ақталуды қажет етпейді. Бұл серіктестердің ешқайсысында басқалардың сенімділігі туралы сұрақ туындамайтындықтан және ықтимал аңғал сенім туралы айта алмайтындықтан болады.

3. *Соқыр сенім* – қарым-қатынас бұзылып, сатқындық жасалады, сенуден бас тартады. Соқыр сенім кез келген нәрсе сенімді шайқалтуы немесе алдау мүмкіндігі мүмкіндігін жоққа шығарады.

4. *Шынайы сенім* – толық саналы. арттар мен шектеулерді түсінеді, жаңа және тіпті мүмкін емес мүмкіндіктерге ашық, механикалық операцияға, болжамдылыққа, сенімділікке емес, таңдау мен жауапкершілікке негізделген. Шынайы сенім – бұл тәуекелдерді түсіну және сенімсіздікке қарсы тұруға және оны жеңуге дайын болу. Сенім тұрақты мән емес, ол өзгереді және сенімсіздік оның бір қыры болып табылады.

Ұйымдық сенімге көптеген факторлар әсер етеді.

Жоғары деңгейлі сенімге ие ұйымдарды құрудың шешуші факторлары Р.Б. Шоу-ның пікірі бойынша [4]:

1. тиімділік;
2. қатынастардағы әдептілік;
3. адамдарға деген қамқорлықтың көрінісі.

Осы үш факторға қосымша құзыреттілік, дәйектілік (әр түрлі жағдайдағы сенімділік, болжамдылық және ақылға қонымдылық), ашықтық (психологиялық қол жетімділік немесе басқа ақпарат пен идеялармен еркін бөлісуге дайын болу), адалдық (қайырымдылық немесе дайындық) факторларын атап өтсек болады.

Ұйымға деген сенімділікті арттыру үшін не қажет:

1. Көшбасшылық арқылы сенімділікті арттыру. Формальды лидер, лидер сенімділіктің қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді.

2. Ұйымдастырушылық мақсаттар мен құндылықтарға сәйкес тиімді ұйымдық құрылымды талдау және құру. Ұйымдық құрылым ұйымдық мақсаттарды жүзеге асыру үшін оңтайлы, тұлғааралық, ведомстваралық және ұйымаралық байланыстар үшін ашық және қарапайым болуы керек. Компания саясаты қызметкерлерге де, сыртқы серіктестерге де ашық болуы керек.

3. Корпоративті мәдениетті тарату, дамыту және қолдау. Корпоративті мәдениетке әсер ете отырып, біз жұмыс берушінің құнды ұсынысын қалыптастырудан және жұмыс берушінің брендині дамытудан, сенім қалыптастырудан бастап, жалпы ұйымдық көрсеткіштерді арттыруға дейінгі бірқатар міндеттерді шешеміз.

Corsum Consulting HR үшін мнемикалық схема жасады және жоғары менеджерлер ұйымға деген сенімді жақсартуға тырысқанда есте сақтай алады [8, 9 б.]:

T = оқыту. Ұйымдағы барлық адамдарға қалай жұмыс істейтінін үйретіңіз, процесті мөлдір етіңіз.

R = сыйақы. Сыйақы жүйесінің корпоративтік құндылықтар мен мақсаттарға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

U = сөзсіз қолдау. Инновацияларды ынталандырыңыз. Қателер жазаланбайтын, олар үйренетін жағдай жасаңыз. Қызметкерлерге «ойдан тыс ойлауға» рұқсат беріңіз.

S = ақпаратпен бөлісу. Таза және жиі сөйлесіңіз.

T = сенімді. Міндеттемелер қабылдаңыз және оларды сақтаңыз.

Ұйымдастырушылық сенімділікті қалыптастырудың жоғарыда аталған факторларына сүйене отырып, ең алдымен лидердің өз командасына деген сенімі және топ мүшелерінің бір-біріне деген сенімдері қалыптасады. Менеджердің командаға деген сенімі қалыптасқаннан кейін, ол өзінің іс-әрекеті мен әрекетсіздігінде көрінеді, команданың менеджерге деген сенімі қалыптаса бастайды (команданың менеджерге деген сенімін қалыптастырудың компоненттері: кәсіпқойлық, адалдық, әділдік, бірлескен оң тәжірибе). Ұжымдағы қалыптасқан сенімді қарым-қатынас туралы ақпарат алғаннан кейін менеджер өзіне деген саналы сенімділікті қалыптастыра бастайды. Осыдан кейін ғана серіктестер, тұтынушылар және қоғам арасында ұйымға қатысты сенім дами бастайды, сенімді және жауапты серіктес ретінде бедел қалыптасады және ұйымдастырушылық тиімділік деңгейі артады.

Сенім ұйымның жұмысына қалай әсер етеді? Әсер етудің үш деңгейін ажыратуға болады: тұлғааралық қатынастар деңгейіндегі, ұжымдық (командалық) қызметке және тұтастай алғанда бүкіл ұйымның тиімділігіне әсер ету. Сенім өзара әрекеттесудің барлық деңгейлеріндегі табысты байланыс үшін қажет, өйткені ұйымның тиімді қызметі, ұйым ішіндегі сенімділіктен басқа, жалпы мақсаттарға жету үшін топ мүшелерінің күштерін біріктіруді көздейді. Әрбір қызметкер кәсіби мәселелерді оңтайлы шешуге мүдделі болуы керек, корпоративті мақсаттарға жету үшін жеке пікірін қорғай білуі керек. Ұжымдық мақсаттарға жетуге әркімнің қызығушылығы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым топтардың бірігу деңгейі жоғары болады.

Әр түрлі қызмет салаларында эксперттердің жүргізген сенім туралы зерттеулер оның ұйымдық қызметке оң әсерін растайды. Жұмыста Крис Хичтің «Ұйымға қалай сенім артуға болады?» Атты еңбегінде осындай зерттеулердің, соның ішінде бүкіл әлем бойынша жүргізілген Ватсон Уайттың зерттеу нәтижелерінің мысалдары келтірілген. В.Вайттың зерттеуі көрсеткендей, фронт-офис қызметкерлері өздерінің басшыларына сенетін ұйымдар, сенімсіздік әдеттегідей болған ұйымдарға қарағанда акционерлердің инвестицияларынан 42% жоғары пайда табады [10, 5 б.].

1-кесте сенімділіктің ұйым қызметіне әсерін (тікелей және жанама) бағалайтын үш векторға топтастырылған:

1-кесте

### Сенімнің ұйымдық қызметке әсерін бағалау көрсеткіштері

Персоналдың еңбек тиімділігі	Ұйымдастырушылық басқару жүйесінің тиімділігі	Бедел және HR (Employer)-бренд
<ul style="list-style-type: none"> <li>– жұмысқа қанағаттану көрсеткіштері;</li> <li>– қызметкерлердің жеке және корпоративті құндылықтарының сәйкестігі;</li> <li>– тәртіп және корпоративті стандарттарға сәйкестік; – тұлғааралық қатынастарға қанағаттану;</li> <li>– өсу мүмкіндіктерінің көрсеткіші;</li> <li>– әділеттілік шарасы;</li> <li>– персоналдың тұрақтылығы;</li> <li>– әлеуметтік</li> <li>– экономикалық еңбек жағдайларын бағалау көрсеткіштері;</li> <li>– еңбек өнімділігі мен сапасы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– барлық деңгейлерде жоспарлаудың айқындығы мен ашықтығы;</li> <li>– менеджменттің корпоративті құндылықтарға бейімділігі және стандарттарды сақтау;</li> <li>– шешім қабылдау жылдамдығы;</li> <li>– инновациялық менеджмент;</li> <li>– мәлімделген мақсаттар мен іс-әрекеттердің бірін-бірі толықтыруы;</li> <li>– басқаруды орталықсыздандыру және орталықтандыру;</li> <li>– қызметтің сенімділігі</li> <li>– басқарудың тиімділігі</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– брендтің хабардарлық дәрежесі және оны жағымды қабылдау;</li> <li>– ұйымның қызметіне және шешім қабылдауға персоналдың қатысу дәрежесі;</li> <li>– ұйым басшылары мен қызметкерлерінің құндылықтарға деген адалдық дәрежесі.</li> </ul>

### Қорытынды

Топта сенім мен келісімді қалыптастыру мақсатын қойғандар оған жанама түрде әсер етуі керек. Сенім құрылысы тимбилдинг құралдарының мақсатымен ұқсас десек болады. Себебі екеуінің де мақсаты бір ұжымдық сенімділікті арттыру, жақындастыру болып табылады. Ұйымдық иерархиялық тізбектің әкімшілік және басқару буыны ретінде емес, іскерлік мақсаттарға жету үшін құрылған топтар ең тиімді болып табылады. Яғни, команда мен сенім тек мақсат емес, мақсат – ұйымның іскерлік жетістігі. Сенім нәтижесінде ұйымдағы менеджердің жұмысы жеңілдейді, ол кезде басшыда келеңсіз, қақтығыс жағдайлары туындамайды. Жұмысты сенім артқан персоналдар өздері атқарып, жақсы нәтиже шығаруға тырысады. Басқарылушыларға өз кезегінде өзіне артылған сенімді ақтап, көңілден шығуға барлық күшін салады. Бірақ екі жақ та сенімнен қорқады. Өйткені сенімді міндетті түрде ақтау керек, ал кейде ол сенімді барлығына бірдей қолдануға болмайды. Басқарылушылар кейде өз мойнына жауапкершілікті алып, жұмыс

атқарудан бас тартады. Сенім жауапкершілікті, әділдікті, шындықты, нақтылықты, белсенділікті талап етеді. Сол үшін де бос орынға жұмысшы қабылдау кезінде кадрлар бөлімі арнайы «жеке сапаларыңыз» деген бөлімге көбірек назар аударады. Сенімі жоғары ұйымдардың қызметкерлері оның мәдениетін қабылдайды және оны өз мінез-құлқында көрсетеді. Бұл жағдайда менеджмент жедел шешімдер қабылдауға, ұйымдастырушылық жоспарларға сәйкес ашық әрекет етуге және инновацияларды басқаруға мүмкіндік алады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Балашкин М.Е. Доверие как основание развития деловых партнерских отношений [Текст]: диссертация на соискание ученой степени кандидата психологических наук: 19.00.01, ВШЭ, Москва, 2011. – 240 с.
2. Богданова Л.С. Доверие как социальный фактор развития партнерских отношений между организациями [Текст]: диссертация на соискание ученой степени кандидата социологических наук: 22.00.08, М., 2006. – 201 с.
3. Гозман Л.Я. Психология эмоциональных отношений [Текст]. – М.: изд-во МГУ, 1987. – 175 с.
4. Донцов А.И. Психология коллектива: Методологические проблемы исследования [Текст]. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1984. С. 39-61.
5. Евтихов О.В. Большая книга восточной мудрости / серия большие книги мудрости (бархат). – М.: Эксмо, 2013. – 800 с.
6. Зинкевич-Евстигнеева, Т.Д., Фролов Д.Ф., Грабенко Т.М. Теория и практика командообразования. Современная технология создания команд [Текст] / Под ред. Т.Д. Зинкевич-Евстигнеевой. – СПб.: Речь, 2004. 304 с.
7. Кон И.С. Дружба [Текст] – 4-е изд., доп. – СПб.: Питер, 2005. – 330 с.
8. Пеша А.В., Девятайкин В.Е. PR-технологии как инструмент формирования внешнего hr-бренда компании // «Human Progress» Том 2, № 12 (декабрь 2016) – 8 с.
9. Сафонов В.С. О психологии доверительного общения // Проблема общения в психологии // под ред. Б.Ф. Ломова, М.: Наука, 1981. С. 264-272.
10. Уайерсем Фред. Кто и как становится на рынке лидером [Текст] / пер. А. Суворова. – М.: изд-во АСТ: Ермак, 2003. – 256 с.

## ЖАҢАЛАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ЕҢБЕК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

*Камиева И.Т.*

*Еңбек әлеуметтануы және HR басқару, 2 курс  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа:** Қазіргі жастар өкілдерінің құндылық жүйесі кеңес адамдарының құндылық иерархиясынан түбегейлі ерекшеленеді. Мысалы, жетекші позициялар еңбек, үлкендерді құрметтеу, руханият, отанға қызмет ету сияқты категорияларды жоғалтты, бұл қазіргі уақытта қоғам өмір сүріп жатқан руханият дағдарысы мен еңбек құндылығы туралы ғылымдағы теорияны растайды. Сонымен қатар, жастардың еңбекті төмен дәрежеде бағалауы аясында, олардың көпшілігі еңбекқорлықты сәттілік пен материалдық әл-ауқатқа жетелейтін ең маңызды сапа деп санайды.

**Түйін сөздер:** еңбек құндылықтары, ұрпақ, жастар, құндылық, жас буын, жұмыс, еңбек, қоғам, нарық, қызығушылық.

Қазақстанның жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайында еңбек құндылықтарын өзгерту проблемасы ерекше орын алады. Нарықтық қатынастарға көшу мотивацияның ескі жүйесін жойды, ал жаңа жұмыс бағыттарының жүйесі қалыптасу сатысына көшті. Осының бәрі еңбек әлеміндегі және кәсіптік қатынастардағы құндылық басымдықтарының өзгеруіне әкелді. Қоғамның құндылықтар жүйесінің өзгеруі жас ұрпаққа қоғамның басқа қабаттарына қарағанда едәуір дәрежеде әсер етті.

По учету смертности от передозировки за 2019 год, Казахстан занял 33 место среди 99 стран мира [5]. К сожалению, в нашей стране имеется мизерное количество научных исследований, направленных более глубокое и детальное изучение данной проблемы. Крайний раз подобное исследование проводилось в 2001 году, целью которого было выявление количества наркозависимых людей среди казахстанцев. Депутаты мажилиса неоднократно поднимали вопрос о том, что в нашей стране отсутствуют госпрограммы, направленные на искоренение наркобизнеса и распространения запретных препаратов. Ранее, в 2012 году такая программа была создана, однако ровно через три года эта программа была приостановлена. Отсутствие таких программ заметно усложняют и затормаживают работу правоохранительных органов в борьбе с наркотиками.

Синтетические наркотики в Казахстане стали отдельным бичом среди молодежи [6]. Тем более, что их распространение производится не только через офлайн-дилеров, их еще легко можно приобрести через интернет. Количество синтетических наркотиков, которые зарегистрированы во всем мире составляет более 483. Более 60 из этих препаратов можно найти на рынке нашего государства и соседних стран. Такая заинтересованность молодежи в употреблении наркотических веществ обязывает государство составить госпрограммы и прекратить развитие столь негативной тенденции, являющейся причиной деградации молодежи.

Стремление подростков и лиц до 25 лет к употреблению алкоголя и синтетических препаратов называется наркотизацией. Во время процесса наркотизации наркозависимость у человека еще не успела сформироваться. Однако, пагубные последствия для здоровья человека наносятся уже при первом употреблении

наркотических веществ [7]. Особенно плохо наркотики сказываются на подростках лет 12-18, когда организм находится в фазе интенсивного роста. Помимо того, что человек, употребляющий наркотики наносит своему здоровью, вследствие чего идет негативное смещение призмы ценностей и убеждений. Характер поведения наркозависимых людей отмечается чрезмерной агрессией, отсутствием моральных ценностей, они становятся антиобщественными и индифферентными [8]. У них пропадает желание выстраивать дальнейшие стратегии в жизни и планирование своего будущего, а все цели сводятся к получению новой дозы наркотических веществ. Такие люди сулят серьезные проблемы для государства и общественности. Здоровье нации, правопорядок, безопасность, экономика – всё это попадает под большую угрозу. Плохое влияние на демографические данные и ухудшение уровня жизни являются неотъемлемой частью общества, страдающего от чрезмерного количества наркозависимых людей.

Ежегодно ВОЗ предоставляет отчет, по итогам которого каждый пятидесятый человек становится на учет в наркодиспансер. Также они заявляют, что это отражение не полной реальности, так как зарегистрировать всех наркозависимых довольно сложно. Ссылаясь на научные исследования, проведенные С. Реватовым и его научной командой, выяснилось, что из общего количества наркозависимых людей под учёт попадают только 10%. Остальные 90% умело маскируются и не попадают в учреждения, ведущие учет и задержание данных лиц.

На долю людей, которые хоть раз в жизни пробывали наркотические препараты приходится более 20%. Возрастная категория которых варьируется от 11-40 лет. Превалирующее количество среди которых – это мужчины. В 2019 году в Вене представлен Всемирный доклад по наркотической ситуации в мире. В нём говорилось о том, что из каждых семи наркозависимых лечение получает только один. Всего в мире зафиксировано более 35 миллионов лиц, употребляющих наркотики.

Исследования за 2017 год, проведенные в странах с большой численностью людей, таких как Нигерия и Индия в десятки раз выросли в сравнении с данными за предыдущие годы. Процент людей, употребляющих наркотики, вырос на 56%, что грозит большой опасностью для всего мира. В 2017 году от одних только опиатов погибло более 2/3 из шестисот тысяч человек. Известно, что огромное количество наркозависимых страдают вирусом иммунодефицита, СПИДом и гепатитом С, так как они употребляют наркотические вещества через инъекции, легко заражаясь тяжелыми заболеваниями.

Тенденция развития наркотической зависимости среди молодежи становится веской причиной увеличения смертности от передозировки или СПИДа. Проникновение устоев и правил криминальных сообществ в молодежную среду, обычаи и традиции преступных группировок, которые распространяются в наши дни через кинематограф, клипы, телевидение и социальные сети имеют не последнее место в распространении нарко-тенденции. Так, к примеру, в отличии от старших групп наркозависимых людей, целью которых является получение кратковременного удовольствия от наркотиков, группы помладше принимают психотропные вещества из любопытства и той агитации, которую видят в СМИ. Недолгая эйфория и галлюцинации нравятся не всегда и не всем, но после образования зависимости, подростку очень сложно завязать с наркотиками, тем более что они в этом возрасте очень агрессивны и не готовы делиться своими проблемами со взрослыми.

К числу основных причин употребления наркотиков среди подростков становится желание самоутверждения и желание быть модным. К сожалению, очень многие подростки стали жертвами подобной моды, несущей смерть. К другим причинам столь динамичного роста интереса молодежи к наркотическим веществам в Казахстане и постсоветском пространстве можно приобщить:

- Недостаточное количество организаций для подростков и молодежи;
- Кризис моральных ценностей;
- Чрезмерную агитацию наркотических препаратов в СМИ;
- Ухудшение коммуникабельных способностей внутри семей;
- Общественное расслоение и многое другое.

В связи со всеми вышеперечисленными причинами усугубилась тенденция на употребление наркотических препаратов среди современной молодежи. Низшие слои социума, страдающие от наркотической зависимости, находятся в повышенной зоне риска в сравнении с другими слоями. Так, к примеру, дети, живущие в малоимущих семьях, недополучают должного внимания и воспитания от родителей. Очень часто в таких семьях кто-то из родителей страдает алкогольной зависимостью. В скором времени дети из таких семей также приобщаются к «алкогольной» культуре, а позже переходят на употребление наркотических препаратов.

Тем ни менее, развитие наркотиков отмечается и в более высоких слоях общественности. Тем более что стоимость наркотических веществ отнюдь не дешевая. Основываясь на данных криминальной статистики, можно отметить высокий уровень социальной опасности и рост преступлений, совершенных при

потреблении и распространении наркотиков. Причем задействованы в этом всем как высшие слои общности, так и низшие.

В соответствии со сложившейся культурой среди современной молодежи, на замену алкогольной зависимости, с которой боролось предыдущее поколение, пришла зависимость посерьезнее, в основе которых лежат наркотики. Многие подростки ошибочно полагают, что разовое употребление наркотических препаратов не несет в себе особого вреда для здоровья [9]. Безусловно, состояние здоровья лиц, периодически или разово принимающих наркотики лучше, чем состояние человека, употребляющего наркотики систематически. Привыкание к наркотикам происходит не у все и не сразу. Это зависит от многих факторов, таких как:

- тип наркотиков (химический или растительный);
- основные характеристики и свойства;
- индивидуальные особенности организма человека, употребляющего наркотики и многое другое.

Исследователи отмечают, что бывают некоторые типы наркотиков, которые с первого употребления вызывают в организме привыкание. В эту категорию препаратов чаще входят наркотики химического происхождения. Бывает и наоборот, люди могут по несколько месяцев употреблять наркотики, но зависимости, как таковой, у них не отмечается. Эксперты связывают данное явление с определенной типологией людей, употребляющих наркотики. По мнению экспертов, условно можно разделить людей, потребляющих наркотики на 5 категорий, среди которых:

– категория людей, которым просто интересно попробовать наркотики. Ввиду того, что это модно среди молодежи и постоянно на слуху. Такие подростки ограничиваются только одним ознакомительным употреблением наркотиков, после чего они навсегда ставят запрет на такие препараты;

– категория людей, которые могут принять наркотики «за компанию». Это люди, которые являются заложниками обстоятельств и попав в сомнительную среду, где принято употреблять наркотики, вынуждены поддержать людей из этого окружения. Они употребляют ЛДСД или другие препараты только потому, что боятся прослыть слишком правильными людьми, ведущими здоровый образ жизни.

В случае если такой тип людей не находится в окружении лиц, злоупотребляющих наркотиками, представители данной категории людей вполне нормально себя чувствуют без наркотических препаратов;

– категория людей, которые принимают наркотики систематически и не представляют себе жизни без очередной дозы. Но делают это с перерывами, довольно длительными. Оправдывают себя тем, что они не наркозависимые и принимают наркотики «для настроения» только в честь какого-то события или праздника. Такие люди ведут вполне себе обычную жизнь и многие из их окружения (в семье, на учебе, на работе) даже не догадываются о том, что он принимает наркотические препараты. Люди из этой категории не видят явных проблем со здоровьем и психикой, поэтому считают, что всё вполне себе нормально. Но необратимые процессы, вызванные содержанием наркотических препаратов в крови, оказывают негативное влияние на их здоровье вопреки их ошибочным суждениям;

– группа людей, принимающих наркотические вещества на постоянной основе. Образование этой группы является следствием того, что эти лица ранее были в числе людей вышеперечисленных групп. Так как не попасть под зависимость наркотиков могут далеко не все, даже из числа тех, кто попробовал наркотики всего лишь 1 раз.

Люди из этой категории наркозависимых уже стали обладателями пагубной привычки и сталкиваются с огромным количеством проблем, вытекающих из употребления наркотиков;

– Физически и психически зависимые от наркотических препаратов лица являются последней группой в данной категории. Такие люди уже не в состоянии избавиться от своей зависимости и помочь им можно только реабилитационным путем. Но даже в этом случае сложно гарантировать полное выздоровление.

Известно, что передозировки умирают тысячи людей, причем передозировка случается как у заядлых наркозависимых, так и у людей, решивших просто попробовать наркотики.

С целью приостановления тенденции роста наркотиков среди молодежи, следует проводить профилактические меры воспитательного характера в первых 4-х категориях, описанных выше. Делается это для того, чтобы они не попали в 5-ю группу людей, зависимость которых уже выходит изпод контроля самого человека.

Резюмируя основные выводы, необходимо отметить всю серьезность и опасность наркотических препаратов для социума и экономики страны. Молодежь – это будущее страны. Задача органов государственных структур, частных организаций и задача каждого отдельно взятого человека заключается в предотвращении и искоренении такого явления, как наркотики. В решении данной проблемы нет никого, кто имел бы право оставаться в стороне и наблюдать за происходящим. Вопреки тому, что контроль за распространением и хранением наркотических препаратов ведется с трудом, необходимо сконцентрировать все силы

государства и общественности на уничтожение данной проблемы. Мы должны понимать, что благополучие страны, здоровье нации и процветание экономики напрямую и косвенно связаны со здоровой молодежью Казахстана.

Необходимо составлять государственные программы, которые будут реализовываться в рамках страны и других сопредельных республик, заинтересованных в уничтожении наркобизнеса и направленные на выявление: биологических, экологических, поведенческих и социальных причин и последствий употребления наркотиков и наркомании на протяжении всей жизни; разработки улучшенных стратегий предотвращения употребления наркотиков и его последствий; разработки новых и улучшенных методов лечения, чтобы помочь людям с расстройствами, связанными с употреблением психо-активных веществ, достичь и поддерживать значимое и устойчивое выздоровление.

Профилактика и анти-пропаганда наркотических препаратов натурального и химического происхождения может внести приятные коррективы в самые различные сферы науки, медицины, экономики, политики и безопасности общества. У нас есть все инструменты для того, чтобы прекратить расцвет наркобизнеса не только в рамках нашей страны, но и всего мира. Лечение наркозависимых и предоставление эффективных методов лечения может помочь лицам, страдающим от наркотической зависимости. Внедрение новых реабилитационных методов и разработка препаратов, ускоряющих процесс восстановления и избавления от зависимости, поможет значительно сократить число смертности среди молодежи.

Все вышеперечисленные факты в цифрах говорят о том, что страны должны консолидировать все силы на проведении комплекса сбалансированных и международных мер, для устранения такой проблемы, как наркотики. Не секрет, что потребление наркотических препаратов несет вред не только системе здравоохранения, общественности и семьям, но и мировой экономике. В связи с этим следует необходимо сделать всё возможно для того, чтобы уберечь молодежь от пагубной зависимости.

Также следует уделить особое внимание учреждениям, которые предоставляют услуги по лечению от наркозависимости. Так как на плечи медицинского персонала, в очередной раз, ложится нелегкая задача, решение которой просто необходимо для будущего страны. Воспитание молодежи, отвергающей наркотики и устойчивой к этой зависимости является основной задачей каждого из нас.

#### Список использованных источников:

1. Закон Республики Казахстан «О наркотических средствах, психотропных веществах, прекурсорах и мерах противодействия их незаконному обороту и злоупотреблению ими», с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.07.2020 г
2. Уголовный Кодекс РК. Статья 296. Незаконное обращение с наркотическими средствами, психотропными веществами, их аналогами без цели сбыта. С изменением, внесенным Законом РК от 27.12.2019 № 292-VI
3. Гилинский Я.И. Социальный контроль и отклоняющееся поведение // Рубеж. – 1982. – № 2.
4. <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2019-11/kazakhstan-zanimaet-33-e-mesto-sredi-93-stran-po-smertnosti-ot-narkotikov>
5. Байзолданов Т., Дарикулова Б.У Наркотическая ситуация в РК и освещение ее в учебном процессе // Вестник КазНМУ 2014.
6. Предупреждение подростковой и юношеской наркомании / Под ред. С. В. Березина, К. С. Лисецкого, И. Б. Орешниковой. – М.: Институт психотерапии, 2007. С. 201.
7. Неверов В.Н. Психофизиологическая адаптация и профилактика наркозависимости у студентов. М., 2001, с.59.
8. Москаленко В. Д. Созависимость: характеристики и практика преодоления / Лекции по наркологии. – Издание второе, переработанное и расширенное / Под ред. Н. Н. Иванца. – М.: Нолидж, 2000. – С. 365– 405.
9. Шереги Ф.Э., Арефьев А.Л. Наркотизация в молодежной среде: структура, тенденции, профилактика. – М., 2003. С. 172.

## ҚАЗАҚСТАН ИМАМДАРЫНЫҢ ДІНИ БІЛІМ АЛУЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

*Манаспаев С.Н.,*

*2 курс, магистрант*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Түйін сөздер:** діни білім, ислам, имам, діни білім орындары, медресе, институт.

Қазақстан мұсылмандарының діни білім алу тақырыбының өзектілігі айқын. Діни білімнің әлсіреуін болған өткен жылдардағы оқиғалар өз кезегінде еліміздегі теологиялық сауаттаттылықты арттыру жұмыстарының күшейуіне алып келді. 2018 жылы шілдеде ҰҚК Азаттыққа берген ақпаратында Сирия мен Иракта соғыс басталғалы Таяу Шығысқа 800-ге тарта Қазақстан азаматы кеткенін хабарлаған. Комитеттің 2019 жылғы қарашадағы статистикасы бойынша Сирия мен Ирактан Қазақстанға 277 ересек (57 ер адам, 220 әйел адам) мен 547 кәмелетке жасы толмаған баланың қайтарылғаны, Сирияда әлі 90-нан астам азаматтың бары көрсетілген. Келген азаматтардың әлеуметтік, психологиялық жағдайы арнайы мамандар мен қатар қарапайым халықтың да актуалды тақырыбына айналды. Бұл дегеніміз Қазақстан халқының арасында діни толеранттылықтың көрсеткіші нөлге жақын емес. Халықтың діни сауатын ашу, толеранттылыққа (діни тілмен айтқанда, нормадан басқасына сабырмен, сыпайылықпен қарау), әлеуметтік құндылыққа жол көрсетушілердің бірден бірі имамдар болып табылады. Әлеуметтік желілерді кеңінен бел алуы, онлайн курстар мен марафондардың барлығы халықтың діни сауатын ашуға деген талпынысының көрсеткіші деуге де болады. Ал енді кезекте имамның діни білім алуы мен оны зайырлы елде тепе-теңдікте ұстап отыру, дамыту мемлекеттік деңгейде атқарылып отырған үлкен жұмыстың нәтижелері. Оған мысал ретінде Алматы қаласының Дін істері жөніндегі басқармасының астындағы барлық зерттеу орталықтарының жүргізіп жатырған шараларын айтуға болады. Нақтырақ төменде ашып өтеміз.

Қазақстандағы ислами білім беру жүйесінің ерте орта ғасырлардан басталған мың жылдан аса тарихы мен тәжірибесі бар. Ең алғашқы ислами орта оқу орындары болған медреселердің араб жерінде емес, Түркістан өлкесінде пайда болғаны тарихтан белгілі. Мұның басты себебі тілдік фактордың әсері болып табылады. Мұсылмандықты қабылдаған түркі халықтары үшін ислам дінінің негіздерін үйрену, шариғат заңдылықтарын түсіну, зерттеу, тарату талпынысын араб тіліндегі Құран Кәрімді, Мұхаммед пайғамбар хадистерін, исламдық мәтіндерді игеру арқылы ғана жүзеге асыру мүмкін болып табылатын [1].

Орта ғасырларда бірыңғай рухани мәдени кеңістікте өмір сүрген Орталық Азияда медреселер жүйесі ерекше қарқынмен дамыды. Медреселер көбіне мешіттердің жанынан салынды. Бұхара, Самарқанд жерінде басталған медресе дәстүрі Баласағұн, Түркістан, Отырар, Сайрам, Сауран, Сығанақ, Өзкент секілді Ұлы Жібек жолының бойында жатқан ірі мәдени орталықтарда жалғасын тапты. Ортағасырлық жазба мәліметтерде бір ғана Баласағұн қаласында 40 мешіт, 20 медресе болғаны айтылады. Қазақстан жеріндегі медреселер жүйесі бойымен Сыр бойындағы қалаларда ерекше өрістеді. Бұл Қожа Ахмет Яссауи негізін салған рухани ілім арқылы Түркістан қаласының түркі жұртының рухани астанасы деңгейіне көтерілуімен тікелей байланысты болды.

Осы орнықты әрі жан-жақты діни білім жүйесінің қазақ даласында Әбу Насыр әл-Фараби кезеңінен қалыптасып, үзіліссіз жалғасып келе жатқан біртұтас рухани ілімдер, орныққан көзқарастар жүйесінің қалыптасуына шешуші әсер еткені анық. Саналы ғұмырын араб жерінде өткізгенімен әл-Фараби түркі топырағының түлегі, сол топырақта дүниеге келген ілімдердің дамытушысы болып табылады. Атақты Отырар кітапханасы орнаған өңірде туып-өскен ғалымның барлық рухани және дүниәуи ілімдердің бастауынан туған өлкесінде сусындағаны, негізгі көзқарастарын өз отанында қалыптастырғаны анық. Туған топырақтан алған тәлімін араб, парсы мәдениетінің, ислам өркениетінің ақыл-ой қазынасымен ұштастырған энциклопедист ғалым «хикма иләһийа» – «иләһи хикмет», «тәңірлік даналық» ілімінің негізін салды.

Атап айту керек, шариғат ілімдерін терең игертуге бағытталған дәстүрлі медреселер жүйесімен қатар діни білімді рухани тәжірибемен ұштастыруды, рухани кемелденуді мақсат еткен тариқат ұстаздары қалыптастырған рибат, текке, құжыра, забия, ханака секілді білім ордалары орта ғасырларда қазақ жерінде кеңінен тарады. Медреселер нақты мамандандыру жүйесі болса, аталған рухани білім ордалары рухты кемелдендіру жүйесі ретінде қызмет етті.

«Ислам дінін қазақ даласына таратып, орнықтыруда оқу, ағарту ісімен де айналысып, қарапайым халықтың көзін ашып, ізгілік пен игілікке, тақуалық пен имандылыққа тәрбиелеуде қожалар мен сунақтар және Қожа Ахмет Яссауи ілімін ұстанған сопылар орасан зор роль атқарды» деп жазады шығыстанушы ғалым Ә.Дербісәлі [2].

Қазақ мценаттарының көмегімен ел ішіндегі діни білімді рухани тұлғалар да өз жүйесімен бала оқыту арқылы халықтың діни сауатын көтерді.



«Түркістан» халықаралық энциклопедиясында (Алматы, 2010) ортағасырлық медреселердің оқу жүйесі жайында мынадай мәліметтер келтіріледі: «Медреселер өзінің білім беру жәрежесіне қарай төрт сатыға бөлінді: 1. Ибтидаия (бастауыш медресе), оқу мерзімі – 4 жыл; 2. Рушдия, оқу мерзімі – 3 жыл; 3. Иғдадия (жоғары оқуға дайындық), оқу мерзімі – 3 жыл; 4. Ғалия (жоғары білім), оқу мерзімі – 3 жыл. Ғалияны бітірген шәкірттерге «абыз», «молда», «халфе», «мударрис» деген атақ беріледі. Медреселерде жалпы оқу мерзімі 12-13 жылға созылады [3].

Оқу пәндері медреселердің сатысына байланысты белгіленеді. Жоғары білім беретін медреселерде арабшалық (лексика, этимология, синтаксис, риторика тарих, Құранды оқу-игеру әдісі, ғұламалар бахасы); дін үйрену, заңнама (Құранды, оның аяттарын, хадистерді талдау, фикх, заң негіздері); фәлсафа (логика, математика, география, астрономия, медицина, табиғаттану, ой талдау фәлсафасы) оқытылады. Медреселердің бағдарламасында діни оқу жағы басым болады.

Қазақ даласындағы рухани білім кеңістігінің бірегейлігін қамтамасыз еткен көзге көрінбейтін факторлардың ең негізгілері – халықтық рухани мұралар болды. Қазақ халқының дүниетанымы, діни көзқарастары, ұлттың рухани құндылықтары ауыз әдебиеті шығармаларында көрініс тапты. Діни тақырыпқа арналған қисса-дастандардан ислам дінінің негізгі қағидалары, танымал тұлғалары, шариғат заңдары жайлы мол мәлімет алуға болатын. Есепсіз көп мұндай туындылар көпшілікке арналған діни оқулықтың ролін қоса атқарып, қазақ мұсылмандығын қалыптастырудың, діни сауатын көтерудің теңдессіз құралына айналды.

Қазақстанның Ресейге қосылуы қазақ жеріндегі діни білім беру жүйесіне өзіндік өзгерістер әкелді. Орыс отарлау саясатының бір бөлігі болып табылатын татар молдалары арқылы қазақтарға діни білім беру әрекеттері қазақ халқын бағынышты, бодан етіп тәрбиелеу ниетінен туындағаны белгілі. XIX ғасырдың екінші жартысына дейін осы үрдіс белең алып келді. Осы кезеңге дейін қазақ даласындағы білім жүйесі бірыңғай діни сипатта болды.

XIX ғасырдың өн бойында қазақ жерінде Созақ («Баб ата»), Қызылорда («Қалжан ахун», «Мырзабай ахун»), Талдықорған («Мамания»), Алматы («Қорам»), Тараз («Әбдіқадыр»), Сырымбет (Айғаным медресесі), Бөкей ордасы («Орда»), Семей («Ахмет Риза», «Аякөз», «Сары Хисмат»), Орал («Мутыгия», «Рахибия», «Бузуов»), Жезқазған («Дулығалы»), Торғай («Тұз»), Орда («Аққойлы»), Шаян («Аппак ишан»), Түркістан, Қарнақ («Халфе», «Шамухамед ишан», «Молда Хашыр дамолла», «Әбілхайыр қазы»), Ақтөбе, Ырғыз, Лепсі, Мерке, Қостанай өңірлерінде медреселер көптеп бой көтерді. Бұл медреселердің кейбірі жәдидшілік ағымы негізінде жаңашыл жүйеде қалыптасқан татар-башқұрт медреселері әсерімен салынды. «Оңтүстік Қазақстан» энциклопедиясында (Алматы, 2005): «1984 жылы Торғай облысында 59 медресе болды, бұларда 457 бала оқыды. 1986 жылы Ақмола облысында 13 медресе болды, бұларда 970 бала тағылым алды. Ақмола аймағында 1923 жылы 42 медресе қызмет етті» деген мәліметтер бар.

Қазақ зиялыларының үлкен шоғыры аталған медреселерде діни білім алды. Ұлтымыздың ағартушы ғалымдарына айналған осы зиялылардың бір бөлігі Орынбордағы «Хусайния», Уфадағы «Ғалия», Троицкідегі «Расулия» медреселерінде оқып, жәдидшілік идеяларымен жете танысты. Бұл өз кезегінде XX ғасыр басында қазақ жеріндегі медреселерде жәдид үлгісі мен төте жазудың кеңінен қолданылуына негіз қалады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап «татарландырудан» гөрі «орыстандыру» саясатының тиімділігін түсінген Ресей билігі жаңа үлгідегі мектептер қалыптастыру арқылы отарлау саясатын жаңа әдіспен жүргізуге көшті. Мұндай мектептердің мақсаты қазақ халқын орыстандыру және христиандандыру идеяларын жүзеге асыру болды. Ізгі идеяларға алданып, халқын сауаттандыруды мақсат етіп, аралас мектептер ашқан Ы.Алтынсарин сияқты қазақ зиялылары өз кезегінде қазақ мектептеріне христиан діни пәндерін енгізуге үзілді-кесілді қарсы шықты. Қазақ әліпбиін араб әріптері негізінде жаңарту идеясы Ы.Алтынсариннен басталып, А.Байтұрсыновтың «Төте жазу» әліппесіне жалғасты [4].

Орыс-қазақ аралас мектептері Бөкей ордасында да көптеп ашылған. «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясындағы мәліметтерге сүйенсек, 1845 жылы Бөкей ордасындағы мұсылман мектептері мен медреселерінің саны 38-ге жеткен. 2 сыныптық және 4 сыныптық училищелер, бастауыш орыс мектебі, 2 діни мектеп жұмыс істеген.

1880-жылдары Ресей жерінде шіркеулік приход мектептері күрт көбейе бастады. Олар кедей отбасылары балаларының білім алуына арналып, мемлекет тарапынан қаржыландырылды. Бұл мектептерде оқу мерзімі 2 жыл болып белгіленді. Оларда Құдай заңдары, шіркеу әні, оқу, шіркеу славян тілі, арифметика секілді пәндер оқытылды. Қазақстанда да ресейлік мектептердің осы түрі кеңінен таралды. 1909 жылы бір ғана Ақмола өңірінде келушілер есебінен қаржыландырылған 152 шіркеулік приход мектебі болғаны жөнінде деректер бар.

XX ғасырдың 30-40-жылдарындағы сталиндік репрессия салдарынан қазақ жеріне протестант сенімін ұстанушы халықтар, әсіресе немістер көптеп жер аударылды. Бір ғана Еділ бойынан елімізге 360 000 неміс ұлтының өкілдері жер аударылған. 1950-жылдары елімізде лютеран шіркеуінің, інжілдік христиан-

баптистердің, адвентистер мен меннониттердің қауымдары қызмет ете бастады. 1955 жылы Целиноградта алғашқы лютеран шіркеуі тіркелген. 1990-жылдары інжілдік христиан-баптистер қауымының саны 109-ға жеткен.

Иудей дінін ұстанатын еврей қауымының ахуалы да осы тектес болды. Олардың Қазақстанға жаппай жер аударылуы ХХ ғасырдың 30-40-жылдарына сәйкес келеді. Қазақстандағы алғашқы синагога 1913 жылы Семейде салынып, 1932 жылға дейін жұмыс істеген.

Аталған діндерге қатысты діни білім беру орындары тәуелсіздікке дейін тіркелмеген. Діни ағарту жұмыстары негізінен ғибадат ғимараттарында өткізілетін діни рәсімдер және уағыздармен шектелді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда ислами білім беруді институционализациялаудың маңызды кезеңдерінің бірі халықтың діни сауаттылығын арттыру қажеттілігі болып табылады. Әлеуметтік зерттеулердің нәтижелеріне сүйенетін болсақ, кеңестік дәуірдегі атеистік идеологияға қарамастан, егеменді елде өмір сүріп жатқан қазақтардың көпшілігі өздерін құдайға сенеміз деп көрсеткен [5]. Мешіттерге барушы адамдардың саны күрт өсті, олардың медресе мен демалыс күндердің деңгейіндегі діни білімі де жоқ, көп жағдайда жалпылама білім мен дүниетанымдық түсініктерге ғана ие.

- 1) Қазіргі қазақстандық ислами білім беру жүйесі бес бағыттан тұрады:
- 2) Діни сауат ашу курстары (бастауыш білім);
- 3) Құран оқушыларын даярлау (қарилар дайындау) орталықтары (бастауыш кәсіптік білім);
- 4) Медресе (орта кәсіптік білім);
- 5) біліктілікті арттыру институты (білімді жетілдіру, қайта даярлау курстары);
- 6) Университет (жоғары білім).

Діни білім беру қызметі білім саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасындағы талаптарға сай орындалады. Діни білім ұлттық оқу бағдарламасына сәйкес зайырлы пәндерді де қамтиды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы оқулықтарды, әдебиеттерді және білім беру бағдарламасын ханафи мектебінің қағидаларына сәйкес бекітеді.

Медреседе оқуды бітіргеннен кейін түлектер толыққанды имам болып, екінші курстан бастап «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде оқуын жалғастыра алады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты негізінде интеграцияланған білім беру жобасы жүзеге асырылуда, оның аясында докторанттар білім алады. Исламтану бағыты бойынша 2014 жылдан бастап мамандар дайындалып келеді, бұл ислами білімнің академиялық құрылымын дамытудағы тағы бір қадам болды [6].

Зайырлы мемлекетте ислами білім беруді дамыту жаңа дағдарыстарға тап болды, радикалды және теріс көзқарастағы дәстүрлі емес діни бірлестіктердің тарапынан қиындықтармен бетпе-бет келді. Үкімет конструктивті діни білімі жоқ жастардың қолдауымен радикализмді насихаттайтын шетелдік уағдаластықтар қауіп төндіруі мүмкін екенін толық түсінді.

Қазақ халқы отар жылдары білім беру жүйесінің өзіне тән дәстүрлі болып табылатын табиғатынан айрылды, сол себепті тәуелсіздік алғаннан кейін қайта қарастыруға мәжбүр болды. Егемендікке қол жеткен соң аталмыш бағыт қайта жанданды. Жаңа үрдістер мен үдерістер Қазақтан территориясына діни білім беру ұйымдарын алып келді. Діни білім беру ұйымдарына ислам, православие, інжілдік христиан-баптистер, католик және т.б. конфессиялардың діни бірлестіктері нысанындағы оқу мекемелері кіреді.

Тек 2011 жылдың өзінде діни қызметіне айтарлықтай өзгерістер мен толықтырулар алып келді [7]. Аталмыш заңға сәйкес бұндай мекемелердің діни қызметкерлерді дайындаудың кәсіптік оқыту бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымдар шеңберінде жасалуы көзделді. Бұл бапқа сәйкес 2012 жылы құрылған діни қауымдастықтарды қайтадан тіркеу шаралары аясында осыған дейін дін саласындағы бірлестік ретінде жұмыс жасап келген діни білім беру институттары босатылып, оның он үші мемлекеттік діни қауымдастықтар қатарындағы оқу орындары ретінде жаңадан құрылды.

«2013 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша елімізде «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігіне (ҚМДБ) қарасты 9 медресе, республикалық Имамдардың білімін жетілдіру ислам бірлестіктерге қатысты тіркелген діни білім беру ұйымдарының саны 29-ға жетті. «Аталған мекемелер заңды тұлға ретінде тіркеуден өтетіндіктен олардың есебін ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық қызмет көрсету комитеті жүргізген. Дегенмен діни білім беру ұйымдарының дербес базасы жасақталмағандықтан және оларға қатысты мәліметтер тіркелген заңды тұлғалардың жалпы базасынан алынып отыратындықтан, есептерде бірізділік болмай, 2009-2011 жылдары ДББҰ саны 27-31 аралығында ауытқып отырды».

Тіркеудегі діни білім беру ұйымдарының тізімі үнемі өзгеріп отырады. Әсіресе 2011 жылдың 11 қазанында қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңы діни білім жүйесінің институты, «Қауам ад-дин әл-Итқани әл-Фараби әт-Түркістани» республикалық

қарилар дайындау орталығы, «Ықылас» қарилар дайындау орталығы секілді 12 ДББҰ қызмет атқарады. Сонымен қатар католиктік конфессияға тиесілі «Мария-ана шіркеуі» Епархияаралық жоғары діни семинариясы өз қызметін жалғастыруда. Исламдық оқу орындары. Исламдық білім беру жүйесінің жолға қойылуында ҚМДБ шешуші роль атқарды» [1]. Діни сауат ашу мектептері облыс, аудан және қала аумақтарындағы мешіттердің жанында қызмет атқарады. Сондай-ақ ҚМДБ тарапынан ашылған мектеп жасына келген оқушыларға арналған діни сауаттылық курстары жұмыс жасайды. Мұндай сауат ашу курстарының көлемі соңғы деректерге сүйенсек 334-ке жеткен, ал түлектерінің саны мыңдаған.

Бүгінгі күні ислами білім берудің бастапқы буыны жетілдіру жұмыстарын қажет етеді. Себебі діни сауаттылықты ашуға бағытталған курстар бұхарадағы ислами ағартушылық қызметтерін кешенді және ауқымды түрде одан әрі дамытуға жағдай жасайтын негізгі көз болып табылады. Алайда діни ағартушылық курстарының негізгі кемшілік тұсы – білім алушыларға қандай да бір жауапкершілікті артпайды, сол себепті шәкірттер оқу барысында білім алуды тоқтатып, тастап кете алады. Осыған байланысты діни сауаттылық курстарына келген оқушылар саны мен түлектердің саны арақатынасында айтарлықтай өзгешілік бар.

Астанада орналасқан медресенің мұғалімдерінің пікіріне сүйенетін болсақ, Құран оқу курстарына түскен көптеген шәкірттердің кейбіреуі ғана дәрісті толықтай тәмамдайды. Аталмыш ахуал ұстаздардың сабақ оқытуға деген белсенділігін төмендетеді, сонымен қатар сауаттылық курстарына деген және ондағы білім сапасына деген күмәнді тудырады. Осыған орай діни ағартушылық курстардың бағдарламаларын жетілдіру, оларды діни мектептерге алмастыру маңызды болып табылады. Жай ғана діни сауат ашу курсынан діни мектеп дәрежесіне өткеннен кейін шәкірттердің жауапкершілігі мен ынтасы артады, келешекте діни білімін жалғастыруға мүмкіндік алады, діни қызмет атқаруға жолдама алады.

Қазақстан аумағында республикалық ислами діни бірлестік «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына» қарайтын қарилар даярлайтын бірнеше орталықтар бар: Ақмола облысы, Қосшы елді мекеніндегі «Қауам ад-Дин эл-Итқани эл-Фараби эт-Түркістани» Құран қариларын дайындау орталығы, Шымкент қаласындағы «Ықылас» қарилар дайындау орталығы. Аталмыш діни ағартушылық орталықтарында дәріс алушылар мамандықтарына сәйкес ақида, тәжуид, хадис, Құран тәпсірі сияқты пәндерді оқи алады. Қариларға арналған оқу орындарында тек діни емес, сонымен қатар зайырлы білім жүйесі де қарастырылған.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты медресе санатындағы мекемелер арнаулы орта және кәсіптік білім беретін оқу орындар болып табылады, олардың қатарында тоғыз медресе бар, олар Нұр-Сұлтан, Павлодар, Орал, Ақтөбе, Шымкент, Сарыағаш, Алматы, Шамалған, Тараз аймақтарында орналасқан. Бұл медреселердің білім бағдарламаларын жүзеге асыруға құқық беретін мемлекеттік лицензиялары бар. Медреселерде жоғары діни білімі мен біліктілігі бар мемлекеттік кәсіби мамандар қызмет жасайды. Медреселердің ұстаздарының қатарында бас имамдар, наиб-имамдар бар. Медреселердің білім беру жоспарында мемлекеттік оқу стандартына сай зайырлы пәндерді оқыту қарастырылған. «Ақида» пәнін жүргізу барысында Матуриди еңбектері негізге алынады. Өзге ақида өкілдерінің көзқарастары салыстырмалы түрде түсіндіріліп, матуриди ақидасынан ерекшеліктері көрсетіліп отырады. Фикһ пәнін оқытуда ханафи мазхабы өкілдерінің еңбектері мен осы бағыттағы жинақтар пайдаланылады» [1].

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы Республикалық имамдардың білімін жетілдіру ислам институтының іргетасы Ислам даму банкінің қаржылық көмегімен 2002 жылы қаланған болатын. Бұл ұйым Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жоғары мамандық мекемесі болып табылады. Институттың басты міндеті – имамдардың білімі мен біліктілігін арттыру. Әдетте діни білімді жетілдіру курстары төрт айға созылады, оның тыңдаушылары болып мешіттердің қызметкерлері табылады. Оқу мерзімі қысқа болғандықтан мекемені лицензиялау қарастырылмаған. Институттың білім беру үдерісі оқу орны басшылығы тарапымен бекітіледі, оның оқу жоспары дәстүрлі ханафи мазхабының аясында құрастырылған және ол Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен келісілген. Оқу бағдарламасында Қазақстан тарихы, қазақ тілі мен әдебиеті сынды зайырлы пәндер қарастырылған.


Қазақстандағы ислами білім берудің жоғарғы оқу орны болып «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті табылады, ол Қазақстан Республикасы мен Египет Араб Республикасы арасындағы үкіметаралық келісімшарт бойынша құрылды. Университеттің қызмет етуінің негізгі бағыттарын екі мемлекет мүшелерінен құралған кеңес шешеді – қаржы және мәдени мәселелер, білім беру саясаты және білім менеджменті. Бұл оқу орнында қарастырылған барлық мамандықтар Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті ұлттық білім беру стандарттарна сай жүзеге асырылады, яғни діни емес жоғарғы оқу орындарындағы білім беру жүйесімен бірдей үлгіде мамандарды дайындайды. Білім берудің бағыты – ханафи мазхабы. Ислами білім беру мекемелері қазақ даласында ежелден орын алған ғасырлар бойғы шежіресі бар медреселердің дәстүрлі ізін жалғастыруда. Ислами оқу орындары Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы арқылы ортақ жүйеден қадағалануы олардың қызметінің қарқынды дамуына жағдай жасап отыр. Мемлекет тұрғындарының рухани тілектері мен сұраныстарына жауап беруде, білім деңгейі мен діни

сауаттылығын жетілдіруде, дәстүрлі діни құндылықтар мен рухани түсініктерді үгіттеу арқылы Қазақстан халқының бірлігі мен тұрақтылығын қорғауда ислами діни білім беру мекемелерінің қызметінің алар орны зор.

Егемендік алғаннан кейін орын алған тағы бір жақсы үрдіс – дінтану мамандығы бойынша шәкірттерді даярлау. «Дінтанушы мамандарды еліміздегі Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің дінтану кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасы, Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің философия және мәдениет теориясы кафедрасы, «Нұр-Мұбарак» Қазақ-египет ислам университетінің дінтану кафедрасы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің дінтану және теология кафедрасы, Шет тілдер және іскерлік карьера университетінің дінтану факультеті даярлайды». Барлық білім мекемелерінде «Дінтану» мамандары республикалық білім стандарттарына сай бекітілген оқу жоспары бойынша дайындалады. Бүгінгі күні дінтанушылық білім жалпы халықтың діни сауаттылығын арттыру үшін және деструктивті күштерге төтеп беру үшін орта мектепте қажет болып отыр.

Түркістан шаһарындағы Қожа Ахмет Йасауи атындағы университетте «теология» бағыты бойынша мамандар даярланады, бұл мамандық дінтанулық және діни білімді қамтиды. Теологияның дінтанудан айырмашылығы – ол дінді тек жалпылай талдап, танып, пайымдап қана қоймай, діндердің ішкі мазмұны мен табиғатына назар бөлетін пәндердің үлес салмағы артықтау болады. Дін жолындағы адамдардың жандүниесінің серпінін зерделейтін, қарастыратын дәрістер мазмұнын тәжірибемен үйлестіруге, дінтану ілімін өз тарапынан екінші бір сытқары пікір болып саналатын атиезм көзқарастарымен біржақты жабдықтанудан абай болуға мүмкіндік беретін аталмыш кәсіби бағыттың мемлекетіміздің дінтанулық және діни білім құрылымында өзіндік рөлі болары дауасыз.

Дінтанулық білім мен діни білім берудің пәндік құрылымы мен бағдары әртүрлі болғанымен, олардың негізгі нысаны бір. Ол мақсат – дінді дұрыс түсіндіруді қамтамасыз ету, дәстүрлі діни (рухани) құндылықтарды құрметтеу, бейтаныс көзқарастарға абай болу, басқа діндер мен сенімдерді қадірлеу, имандылық түсінігін дұрыс ұғыну. Сол себепті заман ағымына сай діни және дінтанулық білімдерді зайырлылық жағдайында ұштастыра білу қажет. Сол ретте имамдарды даярлау, қайта даярлау, «Дін мен дәстүр» секілді тақырыптарда курстар мен семинарлар, оқыту айлары өтіп жатыр. Оған дәлел ретінде төменде Google платформасындағы іздеу батырмасында нәтижесінің скриншотын ұсынғым келеді (Сурет 1).



1-сурет - Google платформасындағы «имамдарды оқыту» тіркесі бойынша іздеу скриншоты

Суретте көріп отырғанымыздай, Google «имамдарды оқыту» тіркесі бойынша 33600-дай нәтиже ұсынып отыр. Анализ барысында Қазақстан имамдарының діни білім алуының тәжірибелері шетел діни институттарынан келген докторлармен ілім алмасу және еліміздегі тарих, құқық, философия, әлеуметтану сияқты әлеуметтік саланың мамандарынан алынған ақпараттармен толығып отырғанын көреміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Өбдірәсілқызы А. Қазақстандағы діни білім жүйесі: тарихы, қазіргі жай-күйі және өзекті мәселелері // <https://kazislam.kz/eislam-153/?lang=ru> 03.10.2013
2. Дербісәлі Ө. Ислам және заман (Сұхбаттар мен мақ., жолжазбалар мен әдеби зерттеулер), А., 2003;
3. Түркістан халықаралық энциклопедиясы. Алматы, 2000; UNESCO, 203 б.
4. Ана тілі газеті, 12 Қыркүйек, 2012: <http://anatili.kazgazeta.kz/news/10394>
5. Бурова Е.Е. Тренды новой религиозности в современном Казахстане (опыт социогуманитарного измерения).– Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 200 с.
6. Smagulov M.N., Dosmaganbetova A.A., Seitakhmetova N.L., Sartayeva R.S., Sagikyzy A. Institutionalization of Islamic education in the Kazakhstani secular society // *European Journal of Science and Theology*. – 2018. – Vol. 14 No. 2. – 65-75 p
7. 7. Қазақстан Республикасының конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. 2019.23.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен// [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=51005029](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029)

## БЕЙІМДЕЛУ ФЕНОМЕНИ: ЗЕРТТЕЛУ ПРОБЛЕМАСЫ

*Махмудуллаева Г.Т.*

*Әлеуметтік жұмыс, магистратура I курс  
Ғылыми жетекші: PhD, доцент м.а. Омарова А.Т.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аннотация:** Бүгінгі таңда адамның объективті сыртқы әлемге бейімделуін және субъективті ішкі дүниесіне бейімделуі адамның физиологиясы, психологиясы, педагогикасы, социологиясы, адам философиясы туралы білімдерін толық қамтиды. Адамның бейімделу мәселесіне деген үлкен қызығушылығы адаптивті құбылыстардың жан-жақтылығы мен әмбебаптығын куәландырады, сондықтан бұл құбылысты пәнаралық позициялардағы ғалымдар бейімделуді күрделі биологиялық, физиологиялық, психикалық және әлеуметтік сипаттағы көп деңгейлі құбылыс ретінде қарастырады. Бейімделу – бұл көптеген ғылым салаларының өкілдері зерттейтін өзіндік механизмдері мен заңдылықтары бар күрделі көпфакторлы құбылыс. Кәсіби қызығушылықтарға сәйкес бейімделудің белгілі бір түрлеріне назар аударылады: биологиялық, физиологиялық, психикалық, психофизиологиялық, психологиялық, әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық, дидактикалық, кәсіби және т.б. Бұл мақалада әлеуметтік бейімделуді зерттеуге қатысты өзекті мәселелер талқыланады. Әлеуметтік бейімделу процесінің теориялық және әдіснамалық негіздерін қарастыру мақсат етіледі.

**Кілт сөздер:** әлеуметтік бейімделу, бейімделу процесі, бейімділік, тұлғалық ерекшелік, бейімделу.

Қазіргі қоғамда жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделе алатын азаматтар қажет. Сондықтан тұлғаның бейімделуі – өзекті мәселелердің бірі. Мәселенің жалпы теориялық негізін әртүрлі ғалымдар өте терең дамытты. Мәселен, өмірдің әр түрлі салаларындағы мамандардың бейімделуінің философиялық-психологиялық негіздері зерттелген (Г.М. Андреева, А.Г. Асмолов, Л.П.Буева, Л.С. Выготский, В.И. Загвазинский, Э.Ф. Т. Лисовский, А. В. Петровский, С. Л. Рубинштейн және басқалар); Ұжымдағы жеке бейімделу механизмдері (А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский, С.Т. Шацкий және т.б.); Бейімделу процесінің психологиялық аспектілері (Б.Г. Ананиев, А.Н. Леонтьев, А.К. Маркова, И.С. Якиманская және т.б.); Әлеуметтік-педагогикалық бейімделудің ерекшеліктері (А.С.Белкин, Р.А.Литвак, А.В. Мудрик, В.Д. Семенов және т.б.). Әлеуметтену мен кәсіби дамудың жалпы мәселелері тұрғысында бейімделу құбылысын Д.А. Андреева, Ю.К. Бабанский, Л.И. Белозерова, Е.Н. Корнеева, А.В. Мудрик және басқалар қарастырған. Көптеген зерттеулерде бейімделу процесі мен әлеуметтік қауымдастықтың әр түрлі ерекшеліктері арасында тығыз байланыс байқалады, оның шегінде жеке тұлғаның жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделуі жүзеге асырылады. Атап айтқанда, бейімделу жетістігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылатын тренингтің тиімділігі мен біртектілік, психологиялық климат, функционалдық тұтастық, құндылық-бағдарлы бірлік және т.б. сияқты топтық көрсеткіштер арасында байланыс көрсетіледі. Қазіргі ғылымда «бейімделу» термині көп мағыналы, адам өмірінің барлық деңгейлерінде, құрылымдық, функционалдық, рухани және практикалық білім беруде көрінеді және философия, биология, әлеуметтану, психология және педагогика саласындағы пәнаралық ғылыми тұжырымдамалар санатынан да қарастырылады.

Бейімделу мәселесі – әрдайым өзекті болып табылатындығына байланысты әртүрлі ғылыми салаларда қарастырылады. Қоғамның өзгеру ауқымы және әлемнің әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы өсіп келе жатқан өзгерістер, бейімделу процесін зерттеуді алдыңғы орынға қойып, ғаламдық сипатқа ие болып отыр. Осылайша, адамның дамуға деген ұмтылысы мен түбегейлі өзгеретін әлеуметтік ортасы туралы тұжырымдаманы дамыта отырып, біз саяси, экономикалық және әлеуметтік процестер, еңбек қызметі, әлеуметтік институттар мен ұйымдарды әлеуметтік бейімделудің объектілері мен субъектілері ретінде жіктелетінін атап өтеміз. [1, б. 82].

Бейімделу теориясы мен практикасының әр түрлі аспектілерін терең және жан-жақты тексеру Л.В.Корельдің еңбектерінде қамтылған. Оның тұжырымдамасына сәйкес, бейімделу – бұл әлеуметтік қайшылықтардың жойылуына ықпал ететін қоғамдық дамудың объективті факторы, ал барлық әлеуметтік мұралар, дәстүрлер, мәдениет, техника, ғылым – бұл қоғамның сыртқы ортаға бейімделуінің және өзінің «ішкі» жинақталған нәтижесінің өзгерісі [2].

Ю.А.Александровский, Г.Эйзенк, М.И.Бобнева, М.Вебер, Г.Хартманн, Э.Дюркгейм, Р.Мертон, Т.Парсонс және басқалардың еңбектеріне сүйене отырып, біз әлеуметтік бейімделуді процес ретінде қарастырамыз. И.Ф.Албегованың айтуы бойынша, бейімделу дегеніміз адаптация субъектісінің адаптивті әлеуетінің деңгейі, яғни адаптация процесінің жетістігін анықтайтын алғышарттар жиынтығы. Өз кезегінде, «бейімделу» – бұл бейімделу процесі нәтижесінде пайда болатын, субъект пен объект арасындағы тепе-теңдіктің белгілі бір деңгейімен сипатталатын жүйесі. Мәліметтерге сүйене отырып, бейімделу процесі – бұл тепе-теңдік күйге жету үшін сыртқы және ішкі ортаның талаптарына сәйкес бейімделу субъектісінің қасиеттерін өзгерту процесі деп айта аламыз. [3, б. 22].

Бейімделу мәселесі көпқырлы «әлеуметтік» және «әлеуметтік емес» (молекулалық, жеке, макро-, микро– және т.б.) жүйенің барлық мүмкін деңгейлерінде өзгеріп отырады. Яғни бейімделуге негіз қоғамда болып жатқан процестер және олардың нәтижелері. Адаптация мәсілесін мақсаттар мен жалпыадамзаттық құндылықтар және қолданыстағы жаңашылдықтар мен нормаларды қабылдауға байланысты келесідей бөліп қарастыруға болады:

- біріншісі әлеуметтік ортаға белсенді бейімделу
- екіншісі – пассивті бейімделу.

Бірінші жағдай «сырқы орта» бағытымен сипатталады, ол қоршаған ортаға және алған білімді зерделеумен, игерумен қатар жүретін бейімделуге белсенді әсер етуші процестен тұрады. Екіншісі «ішкі», жеке тұлғаға бағытталған белсенді бағдармен сипатталады, демек тұлға өзіндік жеке құрылым элементтерінің жиынтығын түзетеді және өзгертеді. Өзін өзгерту немесе қоршаған ортаға белсенді әсер ету – бұл тұлға дамуының индикаторлары болып табылады. Тұлға әлеуметтенуі және дамуы барысында көптеген өзгерістерге жолығады, түрлі топтарымен байланыс орнатады, қоғамның дамып өркендеуінің ортасында жетіледі.

Бейімделу процестерінің түрлері құрылымдық қажеттіліктерге және жеке адамдарды басқаратын мотивке байланысты. Бейімделу адамдарда түрлі деңгейде орын алады – бұл жеке-психикалық, әлеуметтік және биологиялық аспектілерге байланысты. Бейімделу проблемасын зерттеу тарих, психология және әлеуметтану аясында үш бағытта жүреді.

Бірінші бағыт психоанализ тұрғысынан тұлға мен қоршаған ортаның (әлеуметтік орта) өзара әрекеттесу идеяларына қатысты. Психоанализ проблематикасының тәсілдеріне психосоматика мен психофизикаға қатысты сұрақтар енуі керек. Бұл бағытта бейімделу процесі жеке құрылымның сыртқы орта жағдайларымен салыстырмалы тепе-теңдігімен анықталған нәтижесінде пайда болады. Бұл процестің схемалық сериясы келесідей:

*Жанжалды жағдай – қорқыныш – қорғаныс.*

Жанжалды жағдай – бұл қоршаған орта белгілеген жағдайлармен шектелген жеке қажеттіліктердегі ауытқулардың көрсеткіші. Қақтығыстың нәтижесі – қорқыныш, дисфория элементтерін біріктіреді (ашуланшақтық, басқалардың іс-әрекеттеріне деген сезімталдығы жоғарылайды, агрессияны бастайды[4]) және қорқыныш, ішкі бұзылыстарға реакция туғызады. Барлық процесс себептік қатынасты ескермей, санадан тыс деңгейде өзгеріп отырады. Адаптивті тәсілдің индикаторы – жеке тұлғаның эмоционалды күйі. Сәтті нәтиже алаңдаушылықтың аплазиясымен байланысты, бірақ егер жағдай өзгеріп, мазасыздық сезілсе, бұл дезадаптация процесі, онда нәтиже шыққанға дейін схемалық қатар қайталанатын.

Әлеуметтік бейімделуді зерттеудің екінші бағытын ұстанушылар келесі тезисті басшылыққа алады: бейімделу нәтиже емес, мақсат. Бейімделудің мақсаты: қоғамның құндылықтық қатынастарына сәйкес, жеке бастарын жоққа шығармай, рухани қанағаттануға қол жеткізу, қоғам дамуына ілесі отырып өзін дамыту. Бейімделуді салыстырмалы статикалық тепе-теңдік ретінде түсінуден айырмашылығы, тұлғаның қоршаған ортаға және тұлғаға динамикалық әсері туралы тезис алға шығады. В.Франкл: «Шиеленіс пен мазасыздық сезімдерінен міндетті түрде аулақ жүріп, олардан қашып құтылуға тырысудың қажеті жоқ. Керісінше белгілі бір себептен туған мазасыздық сезімі адамгершілік және руханилықтың, ақыл-ой дамуының маңызды бөлшегі болып табылады.» деген[5]. Динамика фокусындағы адаптивті процестің схемалық тізбегі келесідей:

*Конфликттік жағдай – фрустрация – бейімделу кезеңдері.*

Бұл жағдайда жанжалды жағдай фрустрация әсеріне ұшырайтын шындық пен жеке қажеттіліктер арасындағы тепе-теңдіктің болмауынан туындайды. Оларға қауіпсіздікке деген қажеттілік, топқа кіретін адамдармен жеке байланысу қажеттілігі, әлеуметтік сыйластық пен түсіністік қажеттілігі, өзінің жеке мүмкіндіктерін дамыту қажеттілігі, ортаға сіңісу қажеттілігі, жаңашылдықты қабылдай алу және орната білу қажеттілігі жатады. Кікілжіңнің нәтижесі мінез-құлық реакциясы болып табылады. Бұл реакцияларды екі мағынада көрсетуге болады:

Біріншіден, қоршаған орта қоятын талаптарды шектеу, нақты мәселелерді, мотивтер мен мақсаттарды шешуге бағытталмаған бағыт;

Екіншісі – агрессивті қатынас, регрессия және т.б.

Екі реакция да бейсаналық деңгейде пайда болады, бірақ олар ешқандай мәселелерді шешпейді. Бұл бағыттың жетекші идеясы – жеке тұлғаны және әлеуметтік ортаны біріктіру.

Бейімделуді зерттеудің тағы бір бағыты «когнитивті психология» идеяларына қатысты.

Схемалық қатар келесі формада болады: жанжалды жағдай – қауіп – бейімделу.

Семантикалық мазмұн адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі, бұрыннан бар ақпаратпен және алынған мәліметтермен өзара әрекеттесуі болып жатқан оқиғаның нақты проекциясы мен көзқарас мағынасы арасындағы сәйкессіздікті тудырады деп болжайды. Бұл сәйкессіздік қауіп ретінде әрекет етеді.

Қауіптілік сезімі адамды сәйкессіздікті абсолютті алып тастауда немесе ықтимал төмендетуде көрінетін мәселені шешудің жолын іздеуге итермелейді. Біз көбінесе бұл құбылысты басқа адамды қабылдау процесінде бастан кешіреміз. Когнитивті диссонансты жою немесе төмендету жолындағы ізденістер бейімделудің орын алмауын бірнеше жолмен жеңуге көмектеседі: тұлға субъектімен өзара әрекеттесе отырып, өзінің де, субъектінің де әрекеттерін ұтымды түсіндіреді; тұлға барлық массивтен ақпаратты таңдайды, өзара әрекеттесе субъектісінің мінез-құлқының сәйкестігі болып табылмайтын барлық нәрсе ішінара қабылданады немесе алынып тасталады. Мақсат – қауіп немесе қауіп ретінде ұсынылатын когнитивті диссонанстың пайда болуын болдырмау. Ішкі өзгеріске және қайта құруға қол жеткізе отырып, тұлға бейімделу процесінде дербес оң нәтижеге қол жеткізеді. Процестің жетістігіне ақпараттық массивті таңдау арқылы емес, параметрлерді реттеу арқылы қол жеткізіледі. Бұл тәсіл екі деңгеймен сипатталады:

бейімделу – қауіптің жоқтығы,

бейімделмеу – қауіптің айқын көрінісі.

Әдебиеттерді талдау негізінде, бейімделу түрлерінің келесі жіктемесін бөліп қарастырамыз:

1. Организмнің өзгерістер мен жаңа жағдайларға бейімделу әрекеті.

Еріктілер орталығы мен ерікті ұйымдардың айырмашылықтарын білу қажет. Еріктілік *ұйым* ол – азаматтардың ерікті түрдегі бірлестігі, ол бір немесе бірнеше өзекті мәселелерді шешуге жергілікті бірлестіктер мен еріктілердің күш қосуынан тұрады. Егер бірлестік, мысалы, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына көмек көрсетуге шақырылса, онда *орталықтың* міндеті – волонтерлер мен волонтерлік топтарды олардың әлеуметтік маңызды бастамалары мен жобаларын іске асыруда қолдау.

Волонтерлық орталықтардың басты мақсаттары:

- Ақпараттандыру, қызықтыру, тарту, жастарды еріктілік қызметке тартуды қолдау;
- Жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік проблемаларын шешу, волонтерлік еңбектің әлеуметтік-экономикалық тиімділігін арттыру үшін волонтерлікті (еріктілікті) дамытуды ресурстық қолдау;
- Қоғам ұйымының әртүрлі деңгейлерінде волонтерлікті (еріктілікті) қолдау құрылымдарын құруға және олардың жұмыс істеуіне жәрдемдесу ;
- Әлеуметтік сала ұйымдарының ерікті ресурстарға қажеттілігін азаматтардың ерікті еңбекке деген мүдделерімен біріктіру;
- Еріктілік саласында кадрлар мен менеджментті дайындау;
- Волонтерлік (еріктілік) саласындағы үздік тәжірибелер мен технологияларды қолдану және тарату;
- Азаматтарды (әсіресе жастарды) волонтерлік қызметке тартудың тиімді нысандарын және оны ұйымдастыру әдістерін әзірлеу және енгізу;
- Қоғамда волонтерлік пен қайырымдылықты күшейту міндеттерін шешуге мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарды, бизнес-құрылымдарды және жеке тұлғаларды тарту ;
- Волонтерлер мен волонтерлік топтардың қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау [4].

ЖОО студенттеріне волонтерлік қызмет және волонтерлік орталықтар қаншалықты маңызды? Қазіргі таңда елімізде жұмысқа қабылдаушылар оқу орнын аяқтаған жас мамандардан ең басты талаптарының бірі – жұмыс тәжірибесінің болуы. Жұмыс берушілер жас түлектерден аяқталған білім деңгейіне және мамандығына қарамастан жұмысқа орналасу үшін өз мақсаттарына жетудегі өз бетінше жұмыс істеу маңызды деп есептейді. Еріктілік тек құрметті және тартымды ғана емес, ол адами және азаматтық қасиеттерді ашуға мүмкіндік береді, кемелділікті көрсетеді, қоғамға нақты пайда әкеледі.

Кәсіби бағдарланған еріктілікке көп көңіл бөлу керек, ол қазір танымал болып келеді, өйткені бұл әлеуметтік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар кәсіби құзіреттіліктерді де алуға мүмкіндік береді [5].

Осылайша, түлек бітіру кезінде мамандық бойынша нақты жұмыс тәжірибесіне ие болуы керек, жағдайды өз бетінше бағалауға және жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті болуы керек. Білім беру парадигмасының «білімділіктен» білімді белсендіге ауысуы бітірушіге қарқынды өзгеретін әлеуметтік-экономикалық жағдайларға мобильді бейімделуге мүмкіндік беретін белгілі бір құзыреттер жиынтығын тәрбиелеу қажеттілігін тудырады.

Әлеуметтік волонтерліктің ерекшелігі – волонтерлік көмектің объектісі көмекке мұқтаж жеке тұлғалар немесе әлеуметтік топтар болып табылады. Мысалы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, аз қамтылған отбасылардағы балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар және басқа топтар. Мұндай топтарға көмектесу үшін әртүрлі еріктілер жобалары жұмыс істейді [6].

Әлеуметтік волонтерлік арқылы өмірлік қиын жағдайдың алдын алу немесе оны қамтамасыз үшін, олардың тыныс-тіршілігі жағдайларын жақсарту және (немесе) өздерінің негізгі өмірлік қажеттіліктерін өз бетінше қамтамасыз ету мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында жекелеген азаматтарға және халықтың әлеуметтік топтарына көмек көрсету қамтамасыз етіледі.

Волонтерлік жасөспірімдерге тағы не үшін қажет? Волонтерлік қызмет арқылы адам өзінің құндылықтар жүйесіне кіреді:

- өмірге оң көзқараспен қарау;

- әлеуметтік жауапкершілікті сезіну;
- өз бетінше шешім қабылдау;
- мейірімділік / қамқорлық сезімдерін ояту;
- адам өмірінің құндылығын сезіну;
- салауатты өмір салтының құндылықтары ұстану;
- «жөк» деп айта білу, еріктілікке деген сенім;
- ақпаратты жеке жеткізу;
- еріктілерге арналған мүмкіндіктер;
- еңбек тәжірибесін алу, кәсіби болашаққа қадам жасау;
- қажеттіліктерді жасау, оларды қанағаттандыру.

Адамзат баласы рухани тұлға болып жаратылмайды. Жеке адам дүниеге келеді. Адам баласы өсе келе өзінің бойы әртүрлі қасиеттер мен қабілеттерді игереді. Осы бір даму жолындағы жастардың бойында рухани-құндылықты қасиеттер, отансүйгіштік, сенімділік, жанашырлық сияқты қасиеттерін бойына жинау еріктілік қызметімен тікелей байланысты болып келеді. Еріктілік ісінің бастауы ол – отбасы, жақын адамдар мен көрші көлеңге жылуды танытып, көмек көрсетуден бастау алатыны сөзсіз. Еріктілік жолындағы жасөспірімдер – еліміздің жарқын болашағының көрінісі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Волонтер и общество. Волонтер и власть: Научно-практический сборник / сост. С.В. Тетерский. – М.: ACADEMIA, 2015. – С. 56–57
2. Тоқаев Қ. К. 2019 жылы 21 мамырда Қостанай қаласында өткен Қазақстан-Ресей жастарының ынтымақтастық форумында «Волонтерлік – жастардың әлеуметтік лифті» атты баяндамасынан
3. «Волонтерлік қызмет туралы» ҚР-ның 2016 жылғы 30 желтоқсандағы №42-ҮІ заңы
4. Моисеева А.А. Волонтерские объединения и их значимость в социальной сфере общественной жизни // Академический вестник. – 2014. – № 2 (28). – С. 142–149.
5. [https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/44601/1/srsoit\\_2016\\_2\\_098.pdf](https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/44601/1/srsoit_2016_2_098.pdf) – с.4
6. Кононова Т.Б. Очерки истории благотворительности: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений, обучающихся по направлению подготовки и специальности «Социальная работа». – М.: Дашков и К, 2005. – 337 с.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИММИГРАНТТАРДЫҢ БЕЙІМДЕУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

*Чалгынбаева Арайлым Талгатқызы*

*PHD студент*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*arailym.kz.92@gmail.com*

**Аннотация.** Көші-қон процесі Қазақстан үшін өзекті мәселелердің біріне айналуға, қазақстандық иммигранттардың негізгі бөлігі Орталық Азия елдерінен келген еңбек иммигранттары, сондай-ақ оралмандар. Сәтті әлеуметтік бейімделу мигранттар елдің экономикалық дамуындағы рөлін арттырады, байырғы тұрғындармен өзара әрекеттестік қалыптастырып шешеді және қазіргі дағдарысты еңсереді. Бұл мақалада автор Қазақстандағы иммигранттардың бейімделу ерекшеліктерін қарастырады, иммигранттар кезітетін мәселелерге шолу жасайды.

**Түйін сөздер:** иммигранттар, Қазақстан, бейімделу, еңбек көші-қоны, бейімделу мәселелері.

**Аннотация.** Процесс иммиграции становится одним из актуальных вопросов для Казахстана, основную массу иммигрантов Казахстана составляют трудовые иммигранты из стран Центральной Азии, а также репатрианты. Именно успешная социальная адаптация способствует повышению роли мигрантов в экономическом развитии страны, разрешению конфликтов взаимодействия с коренным населением, преодолению сложившегося кризиса. В данной статье автор рассматривает особенности адаптации иммигрантов в Казахстане, проводит обзорный анализ проблем, с которыми сталкиваются иммигранты.

**Ключевые слова:** иммигранты, Казахстан, адаптация, трудовая миграция, проблемы адаптации.

Последние несколько десятилетий характеризуются невиданными масштабами миграции. Согласно данным ООН, с 1965 по 2000 г. численность международных мигрантов увеличилась с 75,2 млн. до 175,0 млн. человек, т.е. более чем вдвое. Сегодня каждый 35-й человек в мире является иммигрантом[1]. По оценкам специалистов ООН предполагается даже о начавшемся «глобальном переселении народов». Резкое увеличение миграционных потоков вызывается такими процессами, как экономическая глобализация, стимулирующая перемещение рабочей силы из трудоизбыточных стран в трудодефицитные; демографический спад и старение населения в развитых странах; массовые перемещения беженцев, спасающихся от военных конфликтов, социальных и политических катастроф.

Лидером по числу мигрантов являются США, там живёт более 50 млн человек. На втором месте Саудовская Аравия и Германия – по 13 млн мигрантов. Четвёртое место среди стран, привлекательных для мигрантов, занимает Россия: там насчитывается 12 млн международных мигрантов. На пятом месте идёт Великобритания с 10 млн мигрантов. В Канаде, Франции и Австралии – по восемь млн мигрантов, а в Италии – шесть миллионов[2].

Основным поставщиком международных мигрантов являются развивающиеся страны, а основными пунктами назначения – развитые страны. В 1990-е годы чистая миграция из развивающихся стран в развитые ежегодно увеличивалась в среднем на 2,4 млн. человек [2].

Согласно определению ООН, «иммигрант – это лицо, не имеющее гражданства данного государства, но приехавшее с целью получения образования, работы, убежища или воссоединения семьи и получившее положительное решение на свое прошение».

С увеличением уровня иммиграции, наблюдается высокий уровень мигрантофобии. Это можно объяснить снижающимся уровнем жизни населения, а также слабыми институтами социальной защиты. Миграционные потоки сегодня – не только неизбежная реальность, но и насущная необходимость во многих странах. Выбор стратегии – ассимилировать или интегрировать, адаптировать или изолировать – также является очень важным вопросом в данном контексте. В Канаде реализуется мультикультурная модель; во Франции – модель, основанная на ассимиляции, но в реальности учитывающая этнокультурные отличия.

Исследования в области иммиграции широко полезны для понимания того, почему люди мигрируют через международные границы и каковы последствия миграции для вовлеченных людей, а также для принимающего общества в которые они входят. Больше всего международных мигрантов проживает в Европе[3] (31,3% от общей численности международных мигрантов в 2013 году), Азии (30,6%) и Северной Америке (22,9%), меньше всего – в Океании (3,4%) и Латинской Америке (3,7%). В Африке проживает около 8% международных мигрантов[4].

В Африке, Азии, Европе и Латинской Америке более одного из пяти жителей не родились в стране, где они живут, в то время как экономики других стран сильно зависят от денег, которые мигранты отправляют обратно. Таким образом, миграция затрагивает широкий круг обществ по всему миру и может затронуть практически все аспекты человеческой жизни. Следовательно, социологи стремятся объяснить перемещения населения и государственную политику контроля миграции, обсудить теории интеграции в рам-

ках различных видов человеческой деятельности и рассмотреть последствия миграции для развития, национальной идентичности и концепции членства в мире, который все чаще характеризуется человеческими отношениями, которые охватывают границы современных национальных государств. Социологи, работающие в области миграции, делают это в беседе с учеными из разных областей, включая антропологию, демографию, экономику, этнические исследования, географию, историю, юридические исследования и политологию. Учитывая, что социологическое поле исследований миграции является в основном междисциплинарным, любая библиография должна быть междисциплинарной, и она неизменно будет давать лишь очень маленький снимок целого. Теория и исследования иммиграции имеют долгую историю в социологии по сравнению с другими социальными науками.

После распада Советского Союза иммиграция в Казахстан начала увеличиваться и на сегодня стала одной из актуальных тем для исследования. Недавно введенная свобода передвижения позволила людям в постсоветских странах вернуться на прежнюю родину или переехать из-за лучших экономических перспектив, также трудовые иммигранты, которые в последующем остаются в Казахстане. Сегодня иммигранты составляют 10% населения Казахстана и такая цифра [5], безусловно, оказывает положительное влияние на сложную демографическую ситуацию в республике.

По официальным данным, из 11 596 иммигрантов в 2017 из стран СНГ почти 45% прибыло из Узбекистана. Второй источник – Россия, 38%; на третьем месте Кыргызстан с 5,7%. Из 4485 человек, переехавших в Казахстан из дальнего зарубежья, большинство – из КНР (3204), затем с большим отрывом следует Монголия (298); на третьем месте – Германия (225). Почти одинаковое количество переехало в Казахстан из Турции и США – 103 и 101 человек соответственно. За почти два десятилетия, облик казахстанских городов и пригородов, во всяком случае, тех, в которых есть работа – изменился разительно.

В процессе иммиграции важным является стратегия адаптация и проблемы, с которыми сталкиваются иммигранты в период адаптации. В целом процесс адаптации иммигрантов в общественные структуры страны проходит непросто. Однако этот процесс имеет очень большое значение, так как от его результатов в немалой степени зависит стабильность обществ. Очевидно также, что в современных условиях приток иммигрантов неизбежен, и от того, насколько продуманно Казахстан может выстроить свою стратегию по отношению к ним, зависит нормальное развитие самого общества. Методологией исследования является анализ степени исследования проблемы, понимание ее основных тенденций.

Проблемы языковой и социальной интеграции также усложняют процесс адаптации иммигрантов. Большой проблемой, которая мешает соотечественникам из дальнего и ближнего зарубежья интегрироваться в местную среду, является русский язык и казахский алфавит. Например, иммигранты, прибывшие из Узбекистана и Туркменистана, научились читать и писать с использованием латинских алфавитов, также большинство иммигрантов из Туркменистан не владеют русским языком. Мигранты из Китая используют древний казахский алфавит, основанный на арабском алфавите и также не владеют русским языком. Иммигранты Монголии, России используют кириллицу и понимают русский язык, их адаптация в языковую среду проходит более гладко

Можно сказать, используя марксистскую терминологию, что для экономического развития края необходимо развивать производство в рамках определенных производственных отношений. Для этого нужны люди, вступающие в общение между собой для дальнейшего продолжения этой деятельности. Общение между агентами социального поля, по Бурдьё, происходит в социальном пространстве, структура которого характеризуется неравным распределением различных видов капитала между агентами, следовательно, является инструментом и целью борьбы между ними. Эта борьба сопровождается определенными конфликтами, что заметно затрудняет их адаптацию, увеличивает рост социальной напряженности в регионах, где высоки показатели миграционного притока.

В контексте миграционных процессов социальная адаптация представляется как особый тип социального процесса, направленного на включение мигрантов в социально-культурную жизнь общества.

Существует три основных фактора, которые, как правило, привлекаются для объяснения проблем, связанных с мигрантами:

- 1) нагрузка на бюджетные расходы, т.к. иммигранты претендуют на определенную долю общественных благ;
- 2) убежденность в том, что число рабочих мест в экономике ограничено, а значит, приезжие отнимают работу у местных жителей;
- 3) непосредственно социокультурные отличия. Приезжие отличаются внешне, по культуре, не очень хорошо знают язык страны пребывания. Нелегальная иммиграция, получившая распространение во многих развитых странах, приводит к усугублению криминогенной ситуации, социальным конфликтам.

В процессе иммиграции важным является стратегии адаптации и проблемы, с которыми сталкиваются иммигранты в данный период. В целом процесс адаптации иммигрантов в общественные структуры страны

проходит непросто. Однако этот процесс имеет очень большое значение, так как от его результатов в немалой степени зависит стабильность принимающих обществ. Очевидно также, что в современных условиях приток иммигрантов неизбежен, и от того, насколько продуманно Казахстан может выстроить свою стратегию по отношению к ним, зависит нормальное развитие самого общества.

Т. Парсонс использует стандарты адаптивного поведения с мотивом «я» или «коллектив» [6]. В частности, структурно-функциональный анализ Т. Парсонса, где деятельность в обществе является ответом на требования самого общества, то есть новая социокультурная среда иммигрантов, вызывает новые формы социального взаимодействия.

Казахстанские авторы Садырова М. и Амитов С., рассматривают социальную адаптацию с точки зрения их приспособляемости к новым условиям среды [7]. Проведены социологические исследования социальной адаптации этнических иммигрантов в современном казахстанском обществе, выявлены факторы, влияющие на процесс успешной интеграции этой социальной группы в казахстанское общество. Также авторы рассматривают вопрос языковой адаптации детей иммигрантов в условиях современной казахстанской системы образования, указывая на сложность выявления этих детей в школе.

Проблемы языковой и социальной интеграции также усложняют процесс адаптации иммигрантов. Большой проблемой, которая мешает соотечественникам из дальнего и ближнего зарубежья интегрироваться в местную среду, является русский язык и казахский алфавит. Например, иммигранты, прибывшие из Узбекистана и Туркменистана, научились читать и писать с использованием латинских алфавитов, также большинство иммигрантов из Туркменистан не владеют русским языком. Мигранты из Китая используют древний казахский алфавит, основанный на арабском алфавите и также не владеют русским языком. Иммигранты Монголии, России используют кириллицу и понимают русский язык, их адаптация в языковую среду проходит более гладко [8].

Существуют два основных компонента адаптации иммигрантов: психологическая и социокультурная. Психологическая адаптация связана, прежде всего со степенью удовлетворенности иммигранта жизнью в новой стране. Социальная адаптация связана с усвоением определенных навыков и интеграцией иммигрантов в новую для них социальную систему данного общества, что само по себе подразумевает освоение новых культурных норм и, в итоге – принятие последних.

В современной литературе выделяют несколько типов иммиграции и последующей адаптации мигрантов к новой для них среде [9].

1. Акцент делается на выявлении факторов, вынудивших иммигранта покинуть родную страну. В этой связи выделяются четыре так называемых базовых типа: добровольные иммигранты, беженцы, ищущие убежища и временно пребывающие. Независимо от типа, всем им приходится интегрироваться в принимающее общество, речь идет лишь о длительности периода такой интеграции.

2. Определение культурной дистанции между иммигрантами и жителями государства-реципиента: очевидно, что чем она меньше, тем легче иммигранту интегрироваться в общество. Например, гражданам стран постсоветского пространства, выезжающим из одной республики в другую, гораздо легче преодолеть культурную дистанцию, чем при выезде, скажем, в Европу или на американский континент.

3. Важную роль играет и контекст принятия, то есть сложившиеся в принимающем обществе установки в отношении иммигрантов, а также те способы, которые принимающая страна обычно использует при интеграции иммигрантов в свою общественную среду. Эти процессы можно условно разделить на четыре подвиды: ассимиляция, представляющая собой безоговорочное принятие установок принимающего общества; интеграция, что подразумевает совмещение установок общества страны-донора и страны-реципиента; сепарация, то есть неприятие установок принимающего общества и сохранение своих собственных; и, наконец, маргинализация, связанная, с одной стороны, с неприятием новых установок, а с другой – с потерей собственных. Последний подвид порождает наибольшие риски, так как содержит конфликтный потенциал и способствует интенсификации процессов раскола общества.

4. Статус групп иммигрантов, под которым понимается отношение принимающего общества к приезжим из других стран и регионов.

Специальный докладчик Организации Объединенных Наций Франсуа Крепо [10] подчеркивает тот факт, что трудовые мигранты, которые составляют большую часть процесса иммиграции особенно уязвимы по следующим критериям:

- отсутствие систем социальной поддержки, за исключением репатриантов;
- незнание местной культуры и языка, их прав на работе и национальных законов о труде и миграции в стране занятости;
- ограниченный или запрещенный доступ к правовым и административным системам;
- зависимость от работы и работодателя из-за долгов, связанных с миграцией, правового статуса или работодателей, ограничивающих их свободу покинуть рабочее место;

– зависимость членов семьи от денежных переводов, отправляемых домой мигрантом.

Уязвимость трудовых иммигрантов в нестандартной ситуации в Казахстане еще более усугубляется ненадежностью их статуса. С одной стороны, работодатели, посредники и правоохранительные органы используют свое положение, эксплуатируя или вымогая их. С другой стороны, трудящиеся-мигранты имеют очень ограниченный доступ к правосудию и социальным услугам, потому что они боятся быть замеченными в стране, где они считаются «незаконными» и поэтому рассматриваются как преступники.

Одним из процессов, способствующих хорошей адаптации и решения проблема иммигрантов, является создание и внедрение стратегии адаптации иммигрантов. Чтобы решить ряд проблем иммигрантов, Казахстан, который не имеет большой практики в проведении подобных мероприятий, должен внимательно изучить богатый опыт международного сообщества, в том числе таких стран, как Германия и Россия, активно проводящих политику миграции.

Интеграция иммигрантов в казахстанское общество, как и в любое общество страны пребывания, происходит крайне непросто, и интенсификация этого процесса во многом зависит от взвешенной политики властей по отношению к миграционным потокам, прибывающим в страну.

Процесс успешной интеграции иммигрантов в казахстанское общество зависит, конечно, от целого ряда факторов, среди которых осуществляется языковая политика Республики Казахстан, деятельность органов государственной власти по отношению к иммигрантам, СМИ и образование. Анализ материалов исследования подтвердил, что культурные и социальные приоритеты, а также ориентация на казахско-российское социокультурное пространство во многом определяют процесс адаптации иммигрантов.

Миграционные процессы – явление многогранное и сложное. Оно исследуется в различных аспектах: демографическом, историческом, этнографическом, экономическом, социологическом, политологическом. Выясняя интересующий их аспект, исследователи рассматривают определенный круг проблем, применяют свой подход к данному явлению. В то же время нет работ, в которых специально рассматривалась бы национальная специфика миграционных процессов постсоветском пространстве в условиях обновления, модернизации общества как составной части социально-политического процесса. Отсутствие таких исследований порождает множество точек зрения на интересующее нас явление. Иммиграция, легальная и нелегальная, – один из важных социальных и политических вопросов в Казахстане.

#### Литература

1. United Nations, Department of Economic and Social Affairs, Population Division (2019). International Migration 2019: Wall Chart(ST/ESA/SER/A/431).
2. United Nations, Department of Economic and Social Affairs, Population Division (2019). International Migration 2019: Wall Chart(ST/ESA/SER/A/431).
3. <https://www.migrationpolicy.org/research>
4. <http://www.un.org/esa/population/migration/index.html>.
5. United Nations, Department of Economic and Social Affairs, Population Division (2013). International Migration Report 2013. P. 2; Trends in International Migrant Stock: The 2013 Revision-Migrants by Destination and Origin (United Nations database, POP/DB/MIG/Stock/Rev.2013/Origin).
6. Этнодемографический ежегодник Казахстана. Агентство по статистике Республики Казахстан. Астана, 2018 // <http://examans.ru/ekonomika/7638/index.html> (дата обращения: 13.06.2018).
7. Парсонс Т., О структуре социального действия М.: Академический проект., 2012. – с. 800
8. Садырова М.С., Амитов С.А., Миграционные процессы в Казахстане и социальная адаптация оралманов. Социологический анализ, изд. Litres, 2017, ISBN 5040889410, 9785040889419
9. Нысанбаев А. Казахская диаспора в системе евразийской интеграции. Казахская диаспора: настоящее и будущее, Астана: Елорда. 2015, – с. 352
10. Calderone S. Kazakhstan is Central Asia's Migration Outlier. Режим доступа: <https://eurasianet.org/s/perspectives-kazakhstan-is-central-asias-migration-outlier> (дата обращения: 15.06.2018).
11. Report of the Special Rapporteur on Human Rights of Migrants, François Crépeau, Labour Exploitation of migrants, 3 April 2014, A/HRC/26/35, Para. 18 [<http://www.ohchr.org/Documents/Issues/SRMigrants/A.HRC.26.35.pdf>]



## ҚАЗІРГІ СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ КӘСІБИ ТАҢДАУЫ МЕН ЖОСПАРЫНА МОТИВАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАҒДАЯТТЫҚ ФАКТОРЛАР ӘСЕРІ

**М.К. Шнарбекова**

*Ph.D, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының доцент м.а.,  
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Қазіргі кезде жастарға жоғары білімді «жаппай» алу қарқыны тән. Бұл, өз кезегінде, жоғары білімнің сапалы және «айрықша белгі» болу қасиетінің төмендеуіне әкелді, осы қасиет жоғары оқу орнының беделі мен мәртебісімен сәйкестендірілуде. Жастар арасында кәсіби айқындалу жоғары білім туралы «диплом» алу ұмтылысымен ығыстырылуда. Әрине, мұндай ұстаным жоғары білімді алудың негізгі мақсаттарын толығымен ығыстырған жоқ, дегенмен, жоғары білімді алу мақсатының құрылымын деформациялауда. Жоғары білімді таңдау мен оның қолжетімділік мәселесіне қатысты ғылыми қызығушылық қазіргі қазақстандық қоғам шартында білімнің еңбек нарығына өтудің кепілі болуымен байланысты. Идеалды тұрғыдан алғанда, жоғары білім елдің экономикалық дамуын қамтамасыз етумен қатар, жеке адамдардың әл-ауқатын жоғарылату мен теңсіздікті жеңуге ықпалдасуы қажет. Мақалада өздерінің алғашқы кәсіби және білімі таңдауын жасап қойған жоғары оқу орны студенттері арасында жүргізілген сұрау нәтижесі ұсынылған. Зерттеудің іріктемесі квоталық: бастапқыда – оқыту бейіні, кейін – курсы мен жынысы ескерілді. Жалпы іріктеу көлемі 740 респондентті құрайды. Зерттеу нәтижесі SPSS for Windows (version 21) лицензиялы бағдарламасымен өңделді.

**Кілт сөздер:** жоғары білім, студент жастар, кәсіби ұстанымдар, кәсіби таңдау, жоғары білім маңыздылығы, студенттердің жоспары.

**Аннотация.** Современная молодежь характеризуется «массовостью» к получению высшего образования». Это способствует к снижению свойства высшего образования выступать качественным и «особенным признаком», и проецируется со статусностью и престижем высшего учебного заведения. Профессиональное самоопределение смещается к стремлению получения высшего образования ради «диплома». Конечно, такие устремления полностью не вытесняют основные цели получения высшего образования, но деформируют структуру целей его получения. Возрастание научного интереса к проблематике выбора и доступности высшего образования представляется обоснованным в связи с тем, что в современном казахстанском обществе образование выступает как необходимое условие перехода на рынок труда. В идеале, высшее образование должно повышать не только экономический потенциал страны, но и благосостояние людей и способствовать преодолению неравенства. В статье представлены результаты исследования, проведенного среди студентов, сделавших свой первичный образовательный выбор. Была применена квотная выборка, где критериями отбора выступали профиль обучения, регион, курс и пол. Всего объем выборки составляет 740 респондентов. Полученные данные были обработаны лицензионной программой SPSS for Windows (version 21).

**Ключевые слова:** высшее образование, студенческая молодежь, профессиональные устремления, профессиональный выбор, ценность высшего образования, планы студентов.

### Кіріспе

Қазіргі уақытта білім маңызды әлеуметтік институт бола отырып, қоғамның экономикалық дамуы мен саяси тұрақтылығының кепілі. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» білім мен экономиканы байланыстыратын көптеген дәйектер ұсынылады. Соңғы онжылдықта елімізде білім беру саласында сапалық және сандық өзгерістер кеңінен орын алуда. Статистикалық мәліметке сүйенсек, 2015-2016 оқу жылында ЖОО студенттері контингентінің саны 450 000-нан асты. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында 29 882 магистранттар және 2 288 докторанттар оқып жатыр. Аймақ бойынша студенттердің басым бөлігі Алматы қаласының жоғары оқу орындарында шоғырланған (28%). Білім алушылардың саны бойынша келесі позицияларда Оңтүстік-Қазақстан облысы (15,42%) және Астана қаласы (11,15%) орналасқан. Студенттердің ең аз саны Маңғыстау облысына (0,87%) және Солтүстік-Қазақстан облысына (0,99%) келеді. Аталмыш облыстарда 2015-2016 оқу жылында білім алған жастардың көрсеткіші 1%-дан аспаған.

### Мәселенің теориялық негізі

Адами капитал теориясының негізгі тұжырымдарын жүйелей отырып, «білім – жақсы жұмыс – жоғары табыс» секілді логикалық тізбекте «жұмыс» еңбек нарығында беделді позицияға жету үшін білімі ресурсты жүзеге асыратын аралық баспалдақ ретінде айқындалады. Бірақ, жастар үшін жоғары білім тек инструменталдық құндылық емес, олар үшін жоғары білім де, кәсіби табыс та тең дәрежеде құнды болып табылатынын ескеру қажет (Tusome. 2004:140).

Кембридж университетінің профессоры Д. Рей пайымдауы бойынша, төмен тапқа жататын мектеп түлектері көбіне рейтингісі төмен жоғары оқу орындарын тандайды, себебі мұндай орта олар үшін таным,

сәйкесінше, бейімделіп кету де оңай болады деп есептейді (Pomerantz, 2007). «Өздерін-өзі шеттету» сезімі оларға рейтингісі жоғары, танымал университетті таңдауға кедергі келтіреді (McNeal, 1999). Ағылшын әлеуметтанушысы профессор Браун жоғары білімді таңдаудағы әлеуметтік стратификация ықпалының жоғарылағанын айқындайды және бұл тенденцияны жоғары білім мен кәсіби таңдаудың тек жастардың қабілеттігі мен ынтасымен емес, сонымен қатар, отбасының әл-ауқатымен байланысты болуымен сипаттайды. Оның пайымдауынша, «*қабілеттіліктер + ынта = жетістік*» теңдігі «*ресурстар + бейімділіктер = таңдау*» теңдігіне ауысты (Brantlinger, 1992).

Мінез-құлық экономикасы бағытының өкілдері жастардың жоғары білімді таңдау үрдісін шектеулі рационалдық тұжырымдамасы аясында зерттеуді ұсынған. Олардың пайымдауынша, жастар мен ата-аналар жоғары білімді таңдау кезінде барлық қажетті ақпаратты ала алмағандықтан белгілі бір деңгейде белгісіздік жағдайында болады, сондықтан олардың қабылдайтын шешімін алдын ала болжау қиын (McDonough, 1997). Себебі адамның қабылдайтын шешімін алдын ала болжау үшін келесі шарт орындалуы қажет: «адам толығымен ақпараттанып, өзінің тәуекелдері мен мүмкіндігін білуі керек» (Vryonides, 2007). Шектеулі рационалдылық тұжырымына сәйкес, когнитивті шектеулік пен толық ақпараттың болмауынан, адамдар өздерінің талабы мен мүддесіне сәйкес келетін таңдауды жасай береді, бірақ бұл таңдау олар үшін ең жақсы нұсқа болмауы да мүмкін.

Калифорния университетінің профессоры McDonough пікірі бойынша жастардың жоғары білімді таңдауда қабылдаған шешімдерін барлық ақпараты бар экономистердің рационалды шешімімен салыстыруға келмейді (McDonough, 1997:150). Себебі көптеген зерттеу қорытындысы көрсетіп отырғандай, жастардың жоғары білім мен кәсіби таңдау үрдісіне сезімдер мен уайымдардың орын алуы тән (Breen, 1997). Сондықтан жастардың жоғары білімді таңдау үрдісін рационалдық моделі негізінде қарастыру оны толық түсінуге мүмкіндік бере бермейді (Weininger, 2004).

Кейбір экономикалық бағыттар жастардың жоғары білімді таңдауын түсіндіру үшін шығын мен табысты талдау теориясы негізінде мемлекеттік араласудың маңыздылығын айқындаған (DiMaggio, 1985). Білімнің мемлекеттік және қоғамдық маңызын айқындайтын мұндай экономикалық теориялар жоғары білім беру саласында мемлекеттік қаржыландырудың кеңеюіне елеулі әсер етті (Manski, 1983). Мемлекеттік араласу, соның ішінде жоғары білім беру саласын қаржыландыруды жүзеге асыру білім беру жүйесі қызметінің тиімділігінің жеткіліксіздігімен негізделген (мысалы, төлеу қабілеттілігінің шектеулігі мен сыртқы фактордың болуы) (Long, 2007).

Боуен, Чингос, Мак-Ферсон сәйкессіздік тұжырымдамасы негізінде кейбір мектеп түлектерінің жоғары академиялық қабілеттілігіне қарамастан мәртебесі төмен университетті таңдау жағдайының кездесетінін, және мұндай сәйкессіздік отбасылық табысы төмен жастарға тән екендігін айқындайды (Bowen, 416).

### **Зерттеу нәтижелері**

Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері студенттердің жоғары білімнің маңыздығын аса бағалайтынын дәйектеді: респонденттердің 60,6%-ы жоғары білімді алуды өте маңызды, 25,6%-ы маңызды деп есептейді. Оң жауаптардың қосындысы – 86,2%-ды, теріс жауаптардың қосындысы 5,5%-ды құрайды, соның ішінде 4,6% жоғары білімді алу маңыздығын онша емес деп бағаласа, тек 0,9%-ы мүлде маңызды емес деген.

Осы сұрақты талдауда динамикалық тұрғыдан салыстыру ерекше мәнге ие. 2014 жылы жүргізілген зерттеу қорытындысына сүйенсек, жастардың 50,8% жоғары білімді алуды «өте маңызды», 32,2% «маңызды» деп бағалаған. Жоғары білімнің маңыздылығы жастардың тек 15,8% үшін аса мәнге ие емес, оның ішінде 3,8% ғана жоғары білімді өздері үшін «мүлде маңызды емес» деп есептейді. 2015 жылы сұрауға қатысқан студенттердің 34,9% алдағы 5 жыл ішінде жоғары білімді алуды өздері үшін мақсат ретінде айқындаған. Осылайша, жастар санасында жоғары білімнің маңыздылығы сақталып отырғаны байқалады.

Студенттердің жоғары білімді алу мақсатының ішінде жоғары көрсеткіш келесідей позицияға тән: жоғары төленетін жұмысқа орналасу – 56,6%, еңбек нарығында сұранысқа ие маман болу үшін 56,8%, жетістікке қол жеткізу және мансап бойынша көтерілу 50,5%, қызықты жұмыспен айналысу – 48,7%. Жоғары білімді алу мақсаттар иерархиясының соңында мынадай позициялар орналасты: тұрғылықты мекен-жайды ауыстыру (4,5%) және оқу жылдарын ұзарту (3%).

Жүргізілген зерттеу нәтижесіне сүйенсек, студент жастар өздерінің болашақ кәсіби жетістіктері мен мансап бойынша өсуін келесідей фактормен байланыстырады:

1. жоғары кәсіби құзыреттіліктер, еңбек өтілімі, кәсіби білім – 41,5%;
2. қазақ тілін білу – 35,8%;
3. байланыстың болуы, беделді таныс-туысқандардың болуы – 32,9%;
4. шетел тілін білу, шетелде білім алу – 26,8%;

5. жақсы тәрбие (әдепті, мәдениетті адам болу керек, үлкендерді сыйлау керек және т.б.) – 25,3%;

6. беделді, танымал отандық жоғары оқу орнының дипломы – 20,7%.

Қоғамда білімнің рөлі мен маңыздылығы өсуде. Осыған сәйкес зерттеуде студент жастар үшін білімнің маңыздылығын олардың отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, тұрғылықты мекен-жайы, ата-ананың білім деңгейі бойынша салыстырмалы талдау жасауды жөн көрдік. Жасалынған талдау әрбір әлеуметтік топта жоғары білімнің маңыздылығы жоғары екендігін көрсетті, яғни қазіргі кезде жоғары білімді алуға деген төмен талпыныспен сипатталатын әлеуметтік топты айқындау мүмкін емес.

Шетелдік және отандық ғылыми әдебиетте кәсіби таңдаудың сәттілігі, ең алдымен, осы таңдаудың негізін құрайтын мотивациялық талпыныстың мазмұнымен байланыстырады. Осыны ескере отырып, зерттеу барысында студенттерге «Сіз таңдау жасауда қандай факторларға баса назар аудардыңыз?» деген сұрақ қойылды. Респонденттердің берген жауаптарының сараптамасы көрсетіп отырғандай, мамандықты таңдауда студенттер прагматикалық талпыныстың ықпалында болады: жоғары табыс (53,3%), жұмысқа түру мүмкіншілігі (45,5%), мамандық беделі (44,2%).

Осы орайда, жастардың кәсіби таңдауын зерттеуде әлеуметтік және кәсіби басымдықты ажыратуымыз қажет. *Әлеуметтік басымдық* – бұл жас адамның қоғамда өз орнын, оған жетудің жолдары мен амалдарын айқындауы мен проекциялауы, ал *кәсіби басымдық* дегеніміз – жастардың өзіне жақын, қызықты, ұнайтын мамандықты барлық мамандықтар арасынан таңдауы. Мамандықты таңдауда ата-ана мен туысқандардың кеңесіне студенттердің 30,7%-ы жүгінген. Сонымен қатар, әрбір үшінші студент таңдау барысында мамандықтың қоғамдық пайдалылығына назар аударғанын атап өту қажет деп есептейміз.

«Сіз қазір оқып жатқан мамандыққа оқуға түсу туралы шешімді қай кезде қабылдадыңыз?» атты сұраққа студенттердің берген жауаптары негізінде таңдауды уақыттық көрсеткішіне қарай үш топқа бөлуге болады:

- мектепте қабылданған мақсатты таңдау;
- ҰБТ тапсырғаннан кейінгі оңтайлы таңдау;
- құжат тапсыру барысында жасалынған кейдейсоқ таңдау.

Нәтиже бойынша респонденттердің 37,7%-ы таңдауды мектеп табалдырығында қабылдап, осы мамандыққа оқуға түсу үшін мақсатты түрде дайындалған. Кәсіби таңдауға әсер ететін келесі маңызды факторлардың бірі ҰБТ баллы, әрбір үшінші түлек соның негізінде таңдауын жасаған (33,3%), әрбір төртінші түлек (25,7%) мамандықты таңдау туралы шешімді құжаттарды тапсыру барысында кездейсоқ қабылдағанын атап өткен. Соңғысы қабылдау комиссия қызметкерлерінің жас түлектер мен олардың ата-аналарын мамандықтың сипаттамаларымен дұрыс таныстыру маңыздылығын көрсетеді.

«Сіз қазір оқып жатқан мамандыққа оқуға түсу туралы шешімді қай кезде қабылдаңыз?» атты сұраққа студенттердің берген жауаптарын тұрғылықты мекен-жайы бойынша (ірі қала N=268, кіші қала түлектері N=250, ауыл N=222) салыстырмалы түрде сараптаманы жасау келесідей бірқатар аймақтық ерекшелікті көрсетті. Мәселен, мақсатты таңдауды жасаған студенттердің үлесі ірі қаланың жас тұрғындарында кіші және ауылдың жас тұрғындарымен салыстырғанда жоғары екендігін көре аламыз. Оңтайлы таңдау кіші қала мен ауылдық мекеннің жас тұрғындарында шамалас деңгейде байқалады, яғни ҰБТ тапсырғаннан кейін мамандықты таңдау туралы шешімді қабылдаған жастардың статистикалық көрсеткіші бұл топтарда ірі қала жастарымен салыстырғанда жоғарылау. Таңдаудың үшінші түрін – кездейсоқ таңдауды ауыл мектептерінің түлектері басқа топтарға қарағанда жиірек жасайтынын зерттеу нәтижесі дәйектейді, ал ірі қалаларда мұндай жастардың үлесі салыстырмалы түрде ең төмен.

Мұндай жағдай ірі қалаларда мектептің әртүрлілігімен (жекеменшік/мемлекеттік, тереңдетілген/жалпы білім беретін) байланысты. Осы мәнде ірі қалада ата-аналар белгілі бір пәндік саланы тереңдетіп оқытатын мектепке өз баласын беруі арқылы да оның болашақтағы жоғары білімді таңдауына, соның ішінде кәсіби таңдауына әсер етеді. Екіншіден, аталған жағдай ақпараттану мүмкіндігі мен деңгейінің айырмашылығынан туындауы мүмкін. Сондықтан, ауыл мектептерінің түлектері ірі қала мектептері түлектеріне қарағанда қабылдау комиссиясында отырған мамандардан жаңа ақпарат алу негізінде белгілі бір мамандықты таңдау туралы шешімді жиірек қабылдайды. Осы орайда, аймақтарда жоғары сынып оқушыларын кәсіптік бағдарлау аясында ақпараттандыру іс-шараларын күшейту мәселесі өзекті болып отыр.

Жастардың жоғары білімді алуға деген жаппай ұмтылысын ескере отырып, ЖОО студенттерінің өздері жасаған таңдауларына қанағаттанушылық деңгейі жоғары болады деп күтілген. Бірақ, зерттеу барысында «Егер Сіздің мүмкіндігіңіз болса, өзіңіздің таңдауыңызды өзгертер едіңіз бе?» – деген сұраққа студенттердің берген жауаптарына сараптама жасау әр түрлі позицияларды қамтитын күрделі тенденцияны байқатты. Студенттердің 49,2%-ына өздері оқып жатқан мамандық ұнайды және олар өз таңдауын өзгертпес еді. Бірақ өздерінің таңдауына өкінетін және оны өзгерткісі келетін студенттердің үлесі – 37,5%-ды құрайды. Респонденттердің 11,6%-ы бұл сұраққа жауап беруге қиналды.

Мамандықты таңдаудағы аймақтық ерекшелікті ескере отырып, біз аталған сұрақты, яғни студент жастардың өздері қабылдаған кәсіби таңдауын өзгертуге деген ынтасын аймақ бойынша талдау жүргізуді қажет деп есептедік. Кәсіби таңдауын өзгерткісі келетіндердің саны келесідей схема бойынша жоғарылайтыны байқалған: ірі қала (28,1%) – кіші қала (39,6%) – ауыл (46,0%). Ал мамандығы өздеріне ұнайтын және кәсіби таңдауын өзгерткісі келмейтін студенттердің үлесі сәйкесінше мынадай схема бойынша жоғарылаған: ірі қала (57,1%) – кіші қала (47,3%) – ауыл (42,0%). Айтарлықтай айырмашылық ірі қала мен ауыл мектептері түлектері арасында, яғни кәсіби таңдауды мектеп қабырғасында жасап, оған мақсатты түрде дайындалғандар үлесі басым ірі қала жастары арасында өз мамандығын өзгерткісі келетіндер үлесі төмен. Ал құжаттарды тапсыру барысында таңдауды жасағандар басымдығымен айқындалатын ауыл мектептері түлектері арасында керісінше мамандығын өзгерткісі келетіндер үлесі жоғары.

Студенттердің өздері жасаған таңдауына қанағаттану деңгейінің жыныстық арақатынасын білу мақсатында ер және әйел респонденттердің (ерлер N=301, әйелдер N=439) жауаптарын бақыладық. Жауап нәтижелері гендерлік аспектіде қарастырғанда үлкен айырмашылық жоқ екендігін көрсетіп отыр. Дегенмен, зерттеуде кездесетін айырмашылықты атап өтетін болсақ, келесідей ғылыми нәтижелерді айқындауға болады. Өз таңдауына толығымен қанағаттанатын және оны өзгерткісі келмейтін студенттер үлесі ерлер арасында әйел респонденттерге қарағанда жоғары – статистикалық айырмашылық 7,9%-ды құрайды. Яғни, ерлердің 54,6%-ы, ал әйелдердің 46,7%-ы өз таңдауын өзгерткісі келмейтінін айқындады. Сәйкесінше, өзінің оқып жатқан мамандығын өзгерткісі келетіндер көрсеткіші әйел респонденттер арасында ерлерге қарағанда басымырақ: ерлер – 32,2%, әйелдер – 40,6%. Статистикалық айырмашылық 8,4%-ды құрайды. Ер респонденттердің де (10,2%), әйел респонденттердің де әрбір оныншысы шамасында «білмеймін» деген жауап нұсқасын таңдады.

Қазіргі кезде білім алушы жастардың арасында кеңінен тараған «жұмыс істеуші студент» категориясын зерттеу негізінде келесідей ғылыми нәтижелерді атауға болады. Біздің жүргізген зерттеуде студенттердің 24,7%-ы оқумен қатар жұмыс істеп жүргенін атап өткен. Олардың ішінде 18,2%-ы ғана өз мамандығы бойынша жұмыс істеуде, ал қалған 81,8%-ы өзге мамандық бойынша жұмыс істеп жүр. Жұмыс істеуші жастардың гендерлік қатынасына келетін болсақ, қыздардың кішкене басымдығын байқаймыз. Олардың үлесі 58,3%-ды құрайды. Жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін студенттердің оқу үлгерімін салыстыру бірқатар айырмашылықты айқындауға мүмкіндік берді. «Өте жақсыға» оқитын студенттердің көрсеткіші жұмыс істейтін студенттер (29,1%) арасында пайыздық үлесі жұмыс істемейтін студенттерге (21,4%) қарағанда 7,8%-ға жоғарылау болғанымен, оқу үлгерімінің жалпы көрсеткіші бойынша төмен. Мәселен, екпінділердің көрсеткіші жұмыс істейтін студенттер (44,0%) арасында жұмыс істемейтіндермен (63,2%) салыстырғанда 19,2% төмен. Үшке оқитындардың пайыздық үлесі керісінше 11,8%-ға жоғары. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі жоспарларды шолу жұмыс істеп жүрген студенттер арасында өздерінің кәсіби болашағын өздері оқып жатқан мамандықпен ұштастыратын студенттердің үлесі өзге студенттермен салыстырғанда аз екендігін көрсетті. Мәселен, жұмыс істейтін студенттердің 33,3% мамандық бойынша жұмыс істеуді жоспарласа (жұмыс істемейтін студенттер – 41,5%), басқа мамандық бойынша қайта оқуды – 7,3% жоспарлап отыр (жұмыс істемейтін студенттер – 5,6%), ал мамандық бойынша жұмыс істемеймін деушілердің үлесі – 10,2% құрайды (жұмыс істемейтін студенттер -3,8%).

Қазіргі жастардың білімі ұмтылыстары еңбек нарығында біржақты емес жағдайдың қалыптасуына әкелуде. Бір жағынан, жастардың өз білім деңгейін шыңдауға, яғни магистратура, докторантура, екінші білім алумен байланысты мотивациялары мен ұмтылыстары олардың еңбек нарығына толық өту жасын ұлғайтты. Екінші жағынан, «жұмыс істеуші студент» секілді жұмысшылардың жаңа тобының қалыптасуы еңбек нарығының құрылымын күрделендірді.

### **Қорытынды**

Студенттер үшін, отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына, тұрғылықты мекен-жайына, ата-анасының білім деңгейіне тәуелсіз жоғары білімнің маңыздылығы жоғары (86,2%). Өмірде жетістікке жетудің алғашқы үштігі ретінде «еңбек», «білім» және «таныстар» айқындалды.

Жастар санасында жоғары білімді алу белгілі бір әлеуметтік мәртебенің көрсеткіші және материалдық қамтамасыз етілудің кепілдігі ретінде қарастыру ұстанымдары қалыптаса бастады. Әрине, мұндай ұстанымдар жоғары білімді алудың негізгі мақсаттарын толығымен ығыстырған жоқ, дегенмен олар жоғары білімді алу мақсаттар құрылымын деформациялауға әкеледі.

Қазір оқып жатқан мамандықты таңдау туралы шешімді қабылдау ерекшеліктеріне қарай таңдау үшке бөлінді: мектеп қабырғасында жасалынған – мақсатты таңдау, тестілеуден кейінгі – оңтайлы таңдау және құжаттарды тапсыру барысында жасалынған – кездейсоқ таңдау. Мақсатты таңдау жасаған студенттердің үлесі 37,7%, оңтайлы таңдау – 33,3% және кездейсоқ таңдау – 25,7% екендігі анықталды. Жергілікті мекен-жай бойынша жүргізілген салыстырмалы сараптама нәтижелері негізінде мақсатты таңдауды жасаған

жастардың жоғары үлесі ірі қала мектеп түлектеріне келетініне, ал кездейсоқ таңдау ауыл мектептерінің түлектері арасында жоғары екендігі дәйектелді.

Студенттердің жартысына жуығы ғана өздері жасаған мамандығына толығымен қанағаттанады, 37,5% кәсіби таңдауын өзгерткісі келеді. Кәсіби таңдауын өзгерткісі келетіндер саны келесідей схема бойынша жоғарылайды: ірі қала (28,1%) – кіші қала (39,6%) – ауыл (46,0%). Мақсатты таңдау жасаған жастардың саны келесідей схема бойынша жоғарылайды: ауыл (30%) – кіші қала (38%) – ірі қала (44,7%); кездейсоқ таңдау жасағандар үлесі мынадай схема бойынша өседі: ірі қала (23,3%) – кіші қала (25,7%) – ауыл (30%). Яғни кездейсоқ таңдау жасаған жастардың үлесі ауыл мектеп түлектері арасында жоғары, сәйкесінше кәсіби таңдауын өзгерткісі келетін студенттердің үлесі де осы топта жоғары екендігін көре аламыз.

#### Пайдаланылған деректер тізімі

1. Tysome T. (2004) Sector caught in parent trap. Times Higher Educational Supplement. pp. 1-5.
2. Pomerantz E.M., Moorman E.A., Litwack S.D. (2007) The how, whom, and why of parents' involvement in children's academic lives: More is not always better. Review of Educational Research, Vol. 77(3), pp. 373-410.
3. McNeal R. (1999) Parental involvement as social capital: Differential effectiveness on science achievement, truancy, and dropping out. Social Forces, Vol. 78(1), pp.117-144.
4. Brantlinger E. (1992) Unmentionable futures: Postschool planning for low-income teenagers. School Counselor, Vol. 39(4), pp. 281-291.
5. McDonough P. (1997) Choosing Colleges: How Social Class and Schools Structure Opportunity. New York: State University of New York Press, 188 p.
6. Vryonides M. (2007) Social and cultural capital in educational research: Issues of operationalisation and measurement. British Educational Research Journal, Vol. 33 (6), pp. 867-885.
7. Breen R., Goldthorpe J. H. (1997) Explaining educational differentials: Towards a formal rational action theory. Rationality and Society, Vol. 9(3), pp. 275-305.
8. Weininger E. (2004) Foundations of Pierre Bourdieu's Class Analysis in Wright E.O. (ed) Approaches to Class Analysis. Cambridge: Cambridge University Press. Chapter 4, 22 p.
9. DiMaggio P., Mohr J. (1985) Cultural capital, educational attainment, and marital selection. American Journal of Sociology, Vol. 90(6), p. 1231-1261.
10. Manski C.F., Wise D.A. (1983) College choice in America. Harvard University Press. 221 p.
11. Long B.T. (2007) The contributions of economics to the study of college access and success. Teachers College Record, Vol. 109(10), pp. 2367-2443.
12. Bowen W.G., Chingos M.M., McPherson M.S. (2011) Crossing the finish line: Completing College at America's public universities. NJ: Princeton University Press, 416 p.

## БАЛАНС РАБОТЫ И ЛИЧНОЙ ЖИЗНИ В СОВРЕМЕННЫХ РЕАЛИЯХ

**Югай Н.Г.**

*Социология труда и управление HR, 2 курс  
Научный руководитель: PhD, и.о. доцента Бурханова Д.К.  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби*

**Аннотация.** Настоящие глобальные процессы, происходящие во всем мире, затрагивают все сферы жизни современного человека, включая его рабочее время и трудовую деятельность. Время, которое проводит человек за работой приобретает разные формы занятости, децентрализуется и индивидуализируется. Эта реальность принуждает людей развивать способность балансирования между оплачиваемой работой и личной жизнью. Данная работа направлена на усиление важности балансирования между работой и личной жизнью, в следствии развития индивидуальных и организационных проблем, в случае его нарушения. В статье приведены различные точки зрения на определение понятия баланса работы и личной жизни, факторы, которые способствуют разному соотношению между трудовой и личной жизнью, а также приведены аргументы в пользу внедрения в стратегии компаний и организаций концепции WLB, которая является фактором повышения их эффективности.

**Ключевые слова:** баланс работы и личной жизни, работа, жизнь, факторы, организация, время, график работы.

### **Введение**

Настоящие глобальные процессы, происходящие во всем мире, затрагивают все сферы жизни современного человека, включая его рабочее время и трудовую деятельность. Время, которое проводит человек за работой приобретает разные формы занятости, децентрализуется и индивидуализируется.

Примером таких изменений могут выступать фрилансеры (от англ. «freelancer» – свободный наемник), как специалисты, работающие вне организационных объединений и без заключения трудового договора с работодателем [1, с.23], [2, с.80]. Можно описать их как «услугодатели», имеющие профессиональные навыки в определенной области, которые имеют социальные связи, свободный выбор и выполняют различную заказную работу в области их интересов. Фрилансеры имеют собственный график работы – гибкий график, так как они не связаны с организационными нормами, положениями и правилами. Количество работы, как и ее продолжительность может варьироваться, так как устанавливается самим фрилансером. Согласно Д.О. Стребкову и А.В.Шевчуку, фрилансеры чаще всего работают в не стандартное время, общепринятое законодательствами всех стран, а поздним вечером или ночью. Чаще всего данный характер деятельности связан с разными часовыми поясами и выполнением заказов из разных стран. При этом, авторы утверждают об ухудшении work-life баланса в следствии «нестандартного гибкого графика», который, казалось бы, позволяет сосредоточить внимание работников внимание не только на трудовой деятельности, но и на других аспектах их жизни.

Аналогией новой реальности и сопутствующих изменений на рынке труда также служит «онлайн» жизнь, увеличение числа работы магазинов «24 часа 7 дней в неделю», высокий темп развития логистики и транспортировки, включая «доставку товаров на дом» и т.п. С изменением потребностей людей, в точности их «мгновенного» удовлетворения, изменились и предпочтения работников в отношении рабочего времени. Эта реальность принуждает людей развивать способность балансирования между оплачиваемой работой и личной жизнью [3].

Но, важно заметить, что в связи с пандемией COVID-19 и распространением коронавирусной инфекции, в Республике Казахстан на сегодняшний день до сих пор действуют ограничительные меры, которые в первую очередь затрагивают время работы всех субъектов предпринимательства [4]. В городе Алматы период карантина, когда занятость большого количества людей была приостановлена или переведена на онлайн-формат, характеризовался удвоенным увеличением вывоза бытовых отходов [5]. Данные процессы можно связать с тем, что ограничительная черта между работой и личной жизнью сместилась в сторону личной жизни, конкретнее на работу по дому.

### **Понятие баланса работы и личной жизни**

Концепция «work and life balance» («баланс работы и личной жизни») подразумевает максимальную удовлетворенность и счастье работника. В основе концепции лежит понимание собственной ответственности работника за продуктивную работу, а также социальную ответственность работодателя. Если в 70-80-х годах большая часть руководителей рассматривала работу и личную жизнь в качестве друг друга исключаящих ценности, где выбор одного подразумевал потерю другого, то на данный момент термин «баланс» отражает отсутствие напряженности между тем, что человек должен и хочет делать, т.е. отсутствие оппозиции двух приоритетов [6, с.403].

Понятие баланса между работой и личной жизнью (work-life balance – WLB) в зарубежной литературе имеет разные определения. В статье П. Делекта баланс между работой и личной жизнью определяется как

способность выполнять свои рабочие и семейные обязательства, а также другие виды деятельности. Помимо этого, важно учитывать, что понятие личная жизнь включает не только семейные функции и работу по дому, но и досуг, хобби, и другие роли в разных сферах жизни человека [7]. Гринхаус описывал баланс работы и личной жизни как равенство времени или удовлетворения от выполнения нескольких социальных ролей человека, т.е. это степень, в которой мера деятельности человека, где в равной степени человек удовлетворен трудовой и семейной ролью. Гринхаус предложил три компонента баланса: баланс времени, баланс вовлеченности и баланс удовлетворенности. Кирхмейер определял баланс между работой и личной жизнью как достижение удовлетворения во всех сферах жизни, в которых необходимы личные ресурсы в виде энергии, времени и обязательств, которые равномерно распределены между собой. В свою очередь, про удовлетворенность также писал Кларк, описывая WLB как удовлетворение и функционирование на работе и дома с минимальным ролевым конфликтом.

Другие исследователи сосредоточились на равновесии и конфликтной стороне двух рассматриваемых и взаимосвязанных сфер жизни человека. Балансом можно считать низкий уровень межролевых конфликтов и высокий уровень межролевой фасилитации (от англ. помощь, облегчение, способствование, процесс организации групповой работы или самоорганизация) [8], [9]. Таким образом, широкое понимание баланса работы и личной жизни охватывает равновесие и дисбаланс между различными сферами жизни, влияющие на разные уровни общества. Узкое же понимание баланса подразумевает количество времени, которое человек проводит, выполняя трудовую (рабочую) деятельность в сравнении с количеством времени на семью, досуг и интересы.

#### Факторы баланса работы и личной жизни

Многие исследования были посвящены поиску причин (антецедентов), влияющих на восприятие обществом баланса между работой и личной жизнью. В исследовании Пулосе С. выделяются индивидуальные, организационные и социальные факторы. К индивидуальным факторам, оказывающие влияние на баланс, относятся факторы восприятия сотрудниками своего баланса и могут охарактеризоваться компонентами личности, благополучия, эмоционального интеллекта. Организационные факторы баланса работы и личной жизни включают в себя гибкий график работы, положения и программы баланса в организации, поддержка работодателя, стресс на рабочем месте, технологии. В свою очередь социальные роли, обязанности по уходу за детьми, семейная и социальная поддержка являются социальными факторами, влияющими на восприятие людьми своего баланса.

Помимо этого, можно также выделить другие сопутствующие факторы, к которым Даксбери и Хиггинс относят изменение временных промежутков исследования. Ученые наблюдали рост конфликтов между работой и личной жизнью независимо от пола, типа работы и родительского статуса, по сравнению с исследованиями 1991 года среди большой выборки сотрудников в Канаде. Другие исследования, под руководством Парасурамана и Симмерса отмечают наличие большого влияния демографических переменных, таких как пол, тип работы, на соотношение работы и жизни. При этом, женщины чаще испытывают стресс в следствии семейных и домашних обязанностей, нежели из-за работы. Важно отметить, что доход работников и баланс работы/личной жизни имеет также положительную взаимосвязь. Чем ниже доход, тем сложнее, в особенности одиноким матерям, совмещать работу и семейные обязанности. К факторам можно отнести старение населения в развитых странах, высокое развитие сферы услуг, технологический процесс и цифровые технологии, сужение сетей социальной поддержки, глобализацию и постоянные сдвиги рабочей силы.

Другие исследования, в частности и российские, классифицируют факторы баланса между работой и личной жизнью на основе модели «обязанности и ресурсы». Обязанности могут включать в себя временные ограничения, объем работы, «лидер»-«глава»-«кормилец» семьи, совмещение занятости, эмоциональные издержки. Обязанности имеют отягощающий эффект на баланс, в свою очередь ресурсы наоборот способствуют его удовлетворению. В область ресурсов, как факторов, входят доходность работника, процесс планирования, профессионально-квалификационный уровень сотрудника и ресурсы организации (рабочего места) [10]. При этом Монахова И.А. выделяет факторы, которые являются промежуточными – имеют двойное литературное толкование. Это в свою очередь: гибкий график работы, семейное положение и автономность человека в рабочей деятельности.

#### Взаимосвязь WLB работника и эффективности организации

Со стороны работодателей и организаций, WLB может пониматься как корректировка модели работы сотрудников, для эффективного совмещения работы и другой деятельности, как уход за детьми, престарелыми, семейные обязанности, работа по дому. Современные организации в XXI веке с развитием школы человеческих отношений и наук по управлению персоналом, человеческими ресурсами, стали учитывать

всё больше факторов, от которых зависит их производительность и увеличение чистой прибыли. В большинстве исследований была выявлена положительная взаимосвязь между продуктивностью сотрудника и эффективностью организации. Еще одна положительная связь определялась между WLB и продуктивностью сотрудника. Другими словами, чем выше уровень баланса у работника, тем эффективнее его трудовая деятельность, что в свою очередь повышает производительность организации и приносит больше доходности. В свою очередь высокая доходность организации позволяет ей развивать свою социальную ответственность как перед своими работниками, так и перед обществом в целом.

При наличии низкого уровня баланса, влияние также распространяется как на работника, так и на работодателя. Если для работника последствиями могут служить отсутствие удовлетворенности в жизни и на работе, ухудшение психологического и физического здоровья – стрессы, частые болезни, тогда как на организациях-работодателях данное явление связывается с низким качеством работы сотрудника, абсентеизм – уклонение от принятия решения, частые больничные, прогулы, высокая текучесть кадров, за чем следует повышение расходов на наем и обучение [11]. Так, можно наблюдать взаимосвязь между уровнем баланса WL у сотрудников и развитием организации в целом.

#### Пути совершенствования баланса между работой и личной жизнью

Некоторые авторы в своих работах приводят рекомендации как людям, так и организациям по улучшению баланса работы и личной жизни. Для повышения собственной продуктивности и достижения баланса между всеми сферами жизни, можно выделить следующее:

– Необходимо проанализировать использование/затраты собственного времени. При этом, важно выделить наиболее главные действия, сферы жизни и установить новый ежедневный режим.

– Оставить работу на работе. На фоне нарушения work and life баланса возникает трудовоголизм, который характеризуется чрезмерным «уходом в работу» или «растворением в работе» в целях избегания проблем и личных отношений. Исследователи рекомендуют выключить смартфон, ноутбук, и установить четкую границу между работой и домом.

– Борьба со стрессом, а также со стрессогенными факторами, которые могут вызвать конфликты в будущем. Важно сосредоточиться на главных сферах жизни, которые действительно дороги, и уделить им стопроцентное внимание.

– Эффективный тайм-менеджмент. Сюда также входят семейные события, которые включаются в ежедневный список дел.

Таким образом, для совершенствования баланса важно учитывать управление стрессом, тайм-менеджмент, управление личной эффективностью, здоровый образ жизни и безопасность. Можно привести в пример учебные курсы по управлению жизнью – тип учебных программ, оказывающих помощь в осознании проблем и задач, которые позволяют внести существенные изменения в образ жизни человека.

Что касается повышения удовлетворенности от работы и эффективности сотрудников, авторы исследования приводят следующее:

– Тайм-менеджмент и личная эффективность. Учебная программа, основывающаяся на индивидуальных и организационных потребностях сотрудников.

– Эффективное управление рабочей нагрузкой – тренинг, определяющий причины дисбаланса и разрабатывающий стратегии по улучшению качества жизни.

– Профессиональное развитие. Характеризуется улучшением профессиональных навыков, которые в дальнейшем позволяют сократить время работы на рутинных операциях, а также повысить продуктивность специалистов.

#### Рекомендации работодателям по улучшению баланса работников

Работодатели должны понимать, что психически и физически здоровый человек – это хороший работник. Заставлять членов команды работать допоздна только усиливает недовольство в долгосрочной перспективе. Исследователь Б. Хас приводит в пример следующий случай: *«Моя жена уволилась со своей должности менеджера качества, потому что ее работодатель не разрешил уйти в отпуск на две недели, в связи с поездкой на свадьбу в Великобританию. Несмотря на то что, она проработала в компании 4 года, уведомив об отпуске за полгода до поездки. При этом, в наличии она имела три недели отпуска.»* [12]. Данная проблема часто распространена в организациях всего мира, включая и Республику Казахстан, несмотря на жесткое регулирование трудовым законодательством и административной ответственностью работодателей отпускного периода работников.

Способы, с помощью которых работодатель может улучшить баланс между работой и личной жизнью работников, включают в себя гибкий график работы, сжатые рабочие недели, совместное использование



рабочего места, работу на дому и уход за ребенком и т.п. Эти варианты позволяют работникам осуществлять больший контроль над своей жизнью, позволяя им вести более продуктивный образ жизни и выполнять качественную трудовую функцию. Включение WLB в политику и философию организации усиливает вовлеченность и лояльность сотрудников на рабочем месте, о чем утверждают многократные исследования разных ученых, таких как Баллоу и Годвин. Авторы резюмировали длинный список услуг и преимуществ 100 лучших компаний из списка Fortune's 100 Best Companies to Work For [13].

Из представленных рекомендаций можно выделить:

– Управление стрессом сотрудников. Работодателям желательно приглашать сторонних специалистов из внешних организаций. Программы по управлению стрессом должны быть конфиденциальными и могут предлагаться определенным сотрудникам, группам, командам, испытывающих частый стресс на работе. Преимуществом для организации является снижение числа прогулов, несчастных случаев и производственных травм, инвалидности и других осложнений, связанных со стрессом.

– Гибкая система рабочего времени. Данная система позволяет сотрудникам самим устанавливать удобное время для работы, ее начало и конец, в соответствии с установленными в организации положениями. Гибкость рабочего времени позволяет сотрудникам планировать свой рабочий день в соответствии с их личной жизнью. Эта практика позволяет снизить опоздания и прогулы, повысить морально-психологический дух сотрудников и их удовлетворенность работой и, в конечном счете, производительность труда.

– Телеработа. Наряду с гибким графиком является эффективным средством для работы в менее стрессовой обстановке. Эта методика называется также работой на расстоянии или дистанционной работой и выглядит в виде схемы, в которой работник до дедлайна – окончания срока – выполняет свои регулярные обязанности в удаленном месте. Телеработа приносит большую выгоду работникам, так как последние имеют возможность организовать рабочий день с учетом своих личных и семейных потребностей.

– Уход за детьми на рабочем месте [14]. Многие крупные корпорации предоставляют возможность работникам присматривать за детьми на рабочем месте или поблизости от места работы. Организации могут создавать собственные детские сады или центры по уходу за детьми, тем самым облегчая уход за детьми и предоставляя помощь в снижении стресса, которые часто испытывают родители.

### **Заключение**

Несмотря на большое количество определений, понятие баланса между работой и личной жизнью охватывает теорию конфликтов, высокое качество жизни и субъективные ощущения в форме удовлетворенности человека. Разные авторы склоняются к разному варианту, но в большинстве источников указывается об отсутствии межролевых конфликтов в процессе осуществления своей жизнедеятельности. Существует большое количество факторов, влияющих на соотношение работы и личной жизни. Общепринято выделять индивидуальные, организационные и социальные факторы. Также можно привести другую классификацию в виде факторов-обязательств и факторов-ресурсов.

Баланс между работой и личной жизнью занимает немаловажную роль как в жизни человека, так и в стабильном функционировании различных сообществ. Влияние балансирования оказывается положительным, так как помогает людям развивать все сферы своей жизни, включая трудовую. Для организаций же, включение программы WLB в общую стратегию бизнеса позволяет повысить производительность и качество результатов труда, улучшить управление человеческими ресурсами, повысить и привлечь высококвалифицированных работников.

Помимо этого, хорошо разработанная программа WLB позволяет учитывать все заинтересованные стороны. Так как брендинг и имидж компании является одним из ключевых конкурентных преимуществ, включение баланса работы и личной жизни как основной ценности дает возможность максимально поднять имидж организации, как работодателя. Например, такие компании, как Johnson&Johnson, SAP и Whirlpool, уже используют концепцию WLB в своей корпоративной культуре. Данная стратегия позволяет не только привлекать новых сотрудников, но и удерживать их. В связи с этим, существует ряд рекомендаций для внедрения такой концепции в организацию, путем предоставления гибкой занятости, вспомогательных центров или департаментов, социального пакета, курсов по управлению различными сферами, как профессиональными, так и личностными, начиная от тайм-менеджмента и профессиональных курсов, заканчивая учебными программами по управлению жизнью, которые позволяют получить положительный результат как работодателю, так и работнику, повышая его качество жизни.

### **Список литературы**

1. Васильевна Е.Н. Социология культуры: теория и практика // Журнал социологии. – 2016. – №4. – С. 37-49.
1. Стребков Д.О., Шевчук А.В. Фрилансеры в информационной экономике: мотивация и организация труда // Социальная реальность. – 2008. – № 1. – С. 23-39.

2. Морев К.Ю. Фрилансеры, дауншифтеры, прекариат: общее и особенное в моделях занятости // *Цивилизация-общество-человек*. – 2020. – С. 79-81.
3. Decent working time: Balancing workers' needs with business requirements // *International Labour Organization*. – Geneva. – 2007. URL: [https://www.ilo.org/travail/info/publications/WCMS\\_145391/lang--en/index.htm](https://www.ilo.org/travail/info/publications/WCMS_145391/lang--en/index.htm).
4. Новые карантинные ограничения объявили в Алматы // Газета «Литер». Нур-Султан. 2021. URL: <https://liter.kz/novye-karantinnye-ogranicheniya-obyavili-v-almaty/> (дата обращения 18.03.2021).
5. Алматинцы на карантине стали мусорить в 2 раза больше // Интернет ресурс Tengrinews. 2020. URL: [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/almatintsyi-na-karantine-stali-musorit-v-2-raza-bolshe-395499/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/almatintsyi-na-karantine-stali-musorit-v-2-raza-bolshe-395499/) (дата обращения 10.03.2021).
6. Югай Н.Г. Влияние digital-технологий на баланс работы и личной жизни // *Инновационное развитие и востребованность науки в современном Казахстане*. – Сборник материалов XIII Международной научной конференции молодых ученых: том II. – Тараз университети. – 2019. – С. 403-405.
7. Delecta P. Work life balance // *International Journal of Current Research*. – 2011. – Т. 3. – №. 4. – С. 186-189.
8. Kalliath T., Brough P. Work-life balance: A review of the meaning of the balance construct // *Journal of management & organization*. – 2008. – Т. 14. – №. 3. – С. 323-327.
9. Мартынова А.В. Фасилитация как технология организационного развития и изменений // *Организационная психология*. 2011. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/fasilitatsiya-kak-tehnologiya-organizatsionnogo-razvitiya-i-izmeneniya>.
10. Монахова И.А. Факторы удовлетворённости балансом между работой и семейной жизнью: на примере фрилансеров // *Экономическая социология*. 2016. №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/factory-udovletvoryonnosti-balansom-mezhdu-rabotoy-i-semeynoy-zhiznyu-na-primere-frilanserov>.
11. Poulouse S., Sudarsan N. Work life balance: A conceptual review // *International Journal of Advances in Management and Economics*. – 2014. Vol.3. Issue 2. 01-17. URL: <https://www.managementjournal.info/index.php/IJAME/article/view/324/305>.
12. Dhas B. A report on the importance of work-life balance // *International Journal of Applied Engineering Research*. – 2015. – Т. 10. – №. 9. – С. 21659-21665.
13. Khan S. A., Agha K. Dynamics of the work life balance at the firm level: Issues and challenges // *Journal of management policy and practice*. – 2013. – Т. 14. – №. 4. – С. 103-114.
14. Mendis M., Weerakkody W. A. S. The impact of work life balance on employee performance with reference to telecommunication industry in Sri Lanka: a mediation model // *Kelaniya Journal of Human Resource Management*. – 2017. – Т. 12. – №. 1. – С. 72-100.

---

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ӘЛЕМІ:  
ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ

ЦЕННОСТНЫЙ МИР СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ:  
УРОКИ НЕЗАВИСИМОСТИ

THE VALUE WORLD OF TODAY'S YOUTH:  
THE LESSONS OF INDEPENDENCE

---

## «ПОСТМОДЕРНИЗМ» ПАЙЫМЫНА ШКІР

**Аманбаев Б.Е.**

*«Философия» мамандығының 2 курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі: философия ғылымдарының докторы, доцент Едильбаев С.Ж.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада екінші дүниежүзілік Ұлы Отан Соғысынан кейін пайда болған модерннен кейінгі модернге қарама-қайшы бағыттағы ағым постмодернизм саласы жөнінде сөз қозғалады. Осы бағытта еңбек еткен авторлар мен олардың жазған туындыларына шолу жасалады. Жалпы, постмодернизмнің өмірге құштар бағыт ретінде көрсетіліп, негізгі айтылған көзқарастарға авторлық жеке пікірлер жазылды.

**Кілт сөздер:** постмодернизм, модерн, философия.

Замана көші алға жылжыған сайын кешегі күн тарих қойнауына сіңіп кете береді, ал ертеңгі күн жұмыр басты пенде үшін жұмбақ болып қала бермек. Сол жұмбақтың шешімін табуға әркімнің таласы бар екені бесенеден белгілі. Кеудесінде дүрсілдеп соғып тұрған жүрегі бар кез-келген жан иесі жаңашылдыққа құштар. Жаңашылдық немесе өзгерістер, оның өзінде өзгерудің өлшеулі шегі бар түрін қолдана білетін қоғамның я болмаса адамның бәрі үшін осы бір жайтқа анықтама беру үлкен мақсат және мәртебе. Ал жаңашылдық адамға немесе сол адам өмір сүріп отырған жалпы қоғамға не береді, не алады, бұл сұрақтардың жауабын пәлсапасы жоғары, дүниетанымы бөлек, даналықты сүйетін ойшылдардың саласы ықылым заманнан бергі уақыттың аралығында іздеп келе жатқаны хақ. Осы тұста сол бір негізгі саланың бір тармағы ретінде өткен ғасырларда тарих сахнасына шығып, әлі күнге дейін ғұмыр кешіп келе жатқан модерннен кейінгі немесе кейбір ілім іздеушілердің пайымдауынша сол модерннің өзіне қарама-қайшы бағыт постмодернизм саласын атап көрсетуге болады. Жазылып отырған бұл мақала осы бір бағыттың бағдаршамын жарқыратып жақпаса да, отын үрлеуге сәл де болмасын септігін тигізу мақсатында, сан қилы және сан қырлы қаламгерлер мен көкірек көзі ояу ойшылдардың пайымдауларына пікір ретінде пайда болып отыр.

Уақыттың тілін біршама артқа шегеріп қарасақ, осыдан біраз бұрын модернизм, постмодернизм деген сөздер естіле қалса зиялы қауым өкілдерінің өзі шошына қарайтын еді. Ал енді міне біз қажет қылсақ та, қажетсінбесек те бұл қос ұғым біздің ерік-жігерімізден тыс өмірімізге кәдімгідей етене араласып кетті. Постмодернизм әрқашанда өмірге құштар сананың жемісі болған-ды. Ол қоғамды тек қана алға жетелей отырып, сананы сілкіндіруге, ойды оятуға қызмет қылады. Ол ескілікке қарағанда жаңа пайым, бағыт әлемнен жаңа әлем жасап шығуға құмар-ақ. Ол философияда, қоғамдық формацияның барлық өндіргіш күштерінде, жалпы адамзат тіршілігінде бізбенен қатар өмір сүріп келе жатыр. Одан қағыс қалған қалтарыс жоқтың қасы деуге де болады.

Бүгінгі таңда постмодернизмнің айналасында сан алуан көзқарас бар. Адамзат қоғамы әрдайым жаңа дүниелерді іздеп жүреді. ХХ ғасырда модернизм деген қайта өрлеу дәуірі, жаңа дәуір деп ауыз жимай жатпастан ол постмодернизм ағымына қалай ұласып кеткенін қоғам байқамай да қалған секілді. Негізінде үлкен қоғамдық құрылымдар ауысу сәтінде ағымдар мен көркемдік бағыттардың көбеюі бұрыннан байқалған құбылыс. Жарты мыңжылдыққа созылған модернизмнің өзінің ХХ ғасырдың орта кезеңінде біршама бағыттары болғаны да белгілі: символизм, натурализм, футуризм, акмеизм, сюрреализм, имажинизм сияқты ағым-бағыттарының біразының ғұмыры өте қысқа болғанын бәріміз білеміз. Алғаш постмодернизм атты термин немістің философ-эссеисті Р.Панвицтің «Еуропа мәдениетіндегі дағдарыс» деп аталатын еңбегінде нигилистік ой бейнесінде сипатталған деп келтіреді зерттеушілеріміз. Постмодернизмді аз ғана сөзбен сипаттап айтып беру немесе анықтама келтіру әсте оңай нәрсе емес. Оның бір салдары біз постмодернизмнің барлық сипаты мен ерекшелігін зерделейтіндей толық таныған жоқпыз. Өйткені ол әрі даму, әрі өзгеру үстінде келе жатыр. Ол бір жағынан әр кезеңнің бағасы өткен уақыт үдерісінде айқындалатынынан да болар бәлкім. Постмодернизмнің тууы, дамуындағы бірінен біріне алмасып, өзгеріп, түрленіп отырған жаңа сипаты барлығын айтушылар да аз емес. Антимодернизм, постмодернизм, метомодернизм ұғымдары міне солардың айқын дәлелі екенін байқауға болады. Бір дәлме-дәл мәселе постмодернизм қазіргідей техноқоғамда өнер, әдебиет, мәдениет, философия, саясаттану, әлеуметтану, тағы да басқа көп салаға дендеп еніп кеткенін аңғарамыз.

Постмодернизм қоғамның әр саласында (өнер, әдебиет, мәдениет, философия т.б.) қалыптасып жатқан өзіндік ерекшеліктері мен белгілері айқындалған үлгіні, бағытты сипаттайтын ұғым десек, ал, постмодерн – әлеуметтік парадигма деп түсінуге болады.

«Постмодернизм – ойлау тәсілінің өзгерісі. Ал постмодерн – жаңа көзқарасқа жаңа көзқарас».

Постмодерн дегеніміз – ғылыми-техникалық және ақпараттық төңкерістердің заманауи кезеңінің әсерінен саяси қатынастарда және жағдаяттарда жүріп жатқан өзгерістер дәуірі. Яғни, тұрақсыз, ауытқуы

көп кезең. Оның қалыптасып, қоғамда белең ала бастауын ғалымдар 1968 жылдармен сәйкестендіреді. Неге десеңіз, оған басты себеп болған дүние – сол тұстағы Францияда болған білім алушы жас білімгерлердің демократиялық қозғалыстары. Сана еркіндігі. Ал, жалпы ғылыми тұрғыда оның зерттелуін 1980 жылдардан бастайды. Бұл дәуірді философтар ұзақ зерттеуге алды. Зерттеудің түбі айналып келіп бір ғылым жасады. Ол – постмодернизм болып аталды. Постмодернизмнің теориясы қазіргі күнгі ең беделді философтардың бірі де бірегейі (ол сонымен қатар мәдениеттанушы, әдебиеттанушы, семиотик, лингвист) Жак Дерриданың концепциялары негізінде туған деп айта аламыз. Дерриданың пікірінше, «әлем – мәтін», «мәтін – шынайылықтың жалғыз ғана мүмкін моделі».

Екінші жағынан, постмодернизм – бұл екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өмірге келген ой мектебі немесе қозғалыс, бірақ ол 1960 жылдары танымал болды. Бұл хаотикалық дәуір болды, оны түсіну және түсіндіру қиын болды. Бұл жалпыға бірдей нағыз ақиқат жоқ деген пікірді үгіттеп, насихаттады. Ол өмірге ғылыми емес тәсіл қолданды және бәрі ақылға сыймайтын нәрсе деп есептейді. Постмодернистер негізінен кездейсоқтық пен өтпелілікке сенді. Олар модернизмнің ұтымдылығына, оның принциптері мен ойлауына күдікпен қарады. Олар өткен мен қазіргі уақыттың арасында ешқандай байланыс жоқ және бұрынғы оқиғалар қазіргі уақытпен байланысты бола алмайды деп сенді.

Постмодернистік дәуір технологияның өркендеуімен және оны музыка, өнер және әдебиетте қолданумен сипатталды. Осы уақыт аралығында суретшілердің түпнұсқа туындыларын сирек кездестіруге болады, ал алдыңғы жұмыстар көшірілгенін көрсетеді. Постмодернистік суретшілер өздерінің шабыттары мен негіздерін модернистік суретшілердің ерекше туындыларынан алады.

XX ғасырдың соңғы үшінші бөлігінде модернизм постмодернизмге ұласты. Постмодернизмнің сансыз насихаттаушы-уағыздаушылары үшін өзіндік бастау – алғашқылардың бірі ретінде корреляция (лат. *correlatio* – арақатынас, сәйкестік) мәселесін көтерген француз постфрейдисі Жан Франсуа Лиотардың (1924 жылы туған) еңбектері екенін ескеруіміз керек. «Постмодерннің жай-күйі. Білім туралы баяндама» (1979) деп аталатын кітабында ол постмодернистік мәдениет пен постмодернистік қоғам түйініндегі таным мәртебесін өзгерту туралы ғылыми болжамды алға тартқан болатын. Ғылыми, философиялық, эстетикалық және көркем постмодернизмді ол осы еңбегінде метабаяндауға сенбеу, метафизика және универсализм дағдарысымен байланыстырады. Оның пайымдауынша, постмодерн ахуалының өзгешелігі жүйелерді оңтайландырумен, олардың күш-қуаты және тиімділігімен ұштастырылған ғылымдылықтың бұдан біршама аз уақыт бұрынғы мақсат-мұратынан түңілуде жатыр. Ғылыми жаңалықтардың этика және саясат мәселелерімен арақатынасы жаңа білімді ақпараттық тауарға – байлық жию мен билік құралына, мансап жолын қуып кетуге айналдыру қаупін ашып берді. Осыған орай шынайылықтың және ғылыми таным объективтілігінің бағалары тиімділікке ғана емес, сонымен қатар әділеттілікке, адамгершілікке, әдемілікке деген құндылықтық-мақсатты ұстанымдармен толығырақ деп білді. Лиотар постмодернизмді модернизмнің ішінде жасырынған соның бір бөлігі деп есептейді. Адами құндылықтар мен дәстүрлі эстетикалық (әдемілік, асқақтық, даналық, мұраттылық) құндылықтардың тоқырауы жағдайында ұтқыр модернистік сала бөлігі модернистік формалар мен техникалық тәсілдердің плюрализмімен жаңарта және бұқаралық мәдениетпен жақындастыра отырып алдыға шықты. Сонымен, «постмодернизм – бұл танымда сөздердің түрлену үлгісінің (парадигма) ауысуы, субъект ұстанымын көзқарастар жүйесінің орталығы және бастау ретінде қайта қарау болып шықты». Постмодернизм идеяларын әзірлеуде француз философы Жак Деррида оразан зор маңызды рөл атқарды. Ол еуропалық мәдениеттің негізі іспетті метафизиканы сынады, оны еңсеруді: онтология негіздерін және, бәрінен бұрын, болмыс түсінігінің негізін құрайтын анализдік бөлшектеу («деконструкция») ұғымдарының көмегімен оның тарихи бастауларын іздеп табумен байланыстырады.

Постмодернизм туралы айтқанда, қысқаша болса да, мағынасы жағынан постмодернизмге өте жақын болғанымен, кейбір айырмашылығы да бар «постмодерн» ұғымына тоқталып өткен жөн секілді, оның үстіне, бүгінгі таңда постмодерн жаңа, неоавангардтық өнер мен мәдениет теориясынан шығып, жалпыфилософиялық тұжырымдамаға айналды емес пе?! «Постмодерн» терминін адам құлдырауының қорлаушы сипаттамасы ретінде «Еуропа мәдениетінің тоқырауы» (1917) атты кітабында ең әуелгі болып Р. Паниц қолданды. Қазіргі заманға сай мағынасында Екінші Дүниежүзілік Ұлы Отан Соғысынан кейінгі кезең мәдениетінің өзіне тән өзгешелігін белгілеу ретінде Ч. Дженкстің «Постмодернизм сәулетінің тілі» (1975) кітабында 1960 жылдардың аяғы, 1970 жылдардың басында дүниеге келген сәулет стилінің талғамсыздығын анықтау үшін пайда болды деседі. Содан кейін бұл термин бейнелеу өнеріне, әдебиетке, ал, ақыр соңында, Ж.Лиотардың «Постмодерн ахуалы» (1979) атты еңбегінің жарыққа шығуы арқылы философияға да таралып кетті. Сөйтіп, постмодернизм, тұтастай алғанда, бәрінен бұрын сәулет, киноматография, хореография, көркем әдебиет және поэзияның бүкіл бейнесін айтарлықтай өзгертті десек артық айтқандығымыз емес шығар. Ол өнердің бұрын болмаған: поп-арт, боди-арт, ленд-арт, инсталляция, перфоманс, хепенинг сияқты жаңа түрлерін дүниеге келтірді, бірақ ол кезде постмодернизм эстетикасы оған XX ғасырдың ірі философтарының тікелей ықпал етуімен ғана өзінің негізгі бағытын қалыптастырды.

**Постмодернизмнің пайда болуына септігін тигізген негізгі жағдаяттар:**

- мемлекеттің, соның ішінде тоталитарлық мемлекеттің адамзаттың тіршілігінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі басқару потенциалдарының әлсіреуі;
  - технологиялық қатынастар процестерінің антигумандық сипатының өсуі, коммуникациялық процестерден адами жан-сезімдердің жоғала бастауы;
  - әлеуметтік процестерге бұрын аутсайдер болып табылған топтардың белсенді тартылуы.
- Мысалы, түрлі феминистік және экологиялық қозғалыстар. Постмодернизм адамзат қатынастарындағы технологияның кемшіліктерін сынады.

Постмодернизм – модернизм өз кезеңін аяқтаған кезде (көптеген ғалымдардың көрсетуінше, XX ғасырдың II жартысы) оған қарсы бағытта тарих сахнасына шыққан ағым. «Постмодернизм» ұғымы XX ғасырдың соңындағы мәдениеттің әр түрлі салаларында көп мағыналылығымен байланыстырылады. Бұл термин де басқа терминдер сияқты өзіндік пайда болу, даму және қолданылу тарихына ие.

XX ғасырдың алпысыншы жылдарының екінші жартысында батыс әлемі жаңа келешек қоғамның бағыт-бағдар алуына баса назар аударды. Сондықтан да постмодернизм теорияшылары өз назарларын қазіргі заман жағдайындағы адам мен қоғам мәселесіне, әсіресе біздің күрделі қоғамның қарқынды даму динамикасының ырғағында ерекше мәнге ие болатын «интерперсоналды» түсіну үшін амалдар жасап, әрекет етті. Аталмыш кезеңдегі «постмодернизм» ұғымы лезде өзгеретін әлемнің, сондай-ақ сол уақыттағы қоғамдық өзгерістерді іске асырған ағым болды. Постмодерннің аяқ алып, қалыптасуы өнердегі жаңа ағымдардың пайда болуымен ғана шектеліп қоймай, қоғамдағы әлеуметтік-саяси процестерге де әсерін тигізді. Постмодернизм – әлеуметтік-гуманитарлық құбылыс. Бұл – таным жолы, өнердегі, қоғамдағы, тұлғадағы таным методологиясы. Бәрін әрі бөлек, әрі жеке дара бөліп алып барып қарастырғанымыз абзалырақ болады. Бұл мәселеге түрткі болып отырған басты себеп, постмодернизм – заманауи философиялық ағым, жаңашыл әлеуметтік-саяси өмірдің ақиқатын алға тарта отырып, шындығын жеткізетін көркемдік әдіс.

Модернизмнің негізгі жалғасы ретінде, оның жаңаша бір формасы, сапалық даму деңгейі ретінде пайда болған постмодернизмнің басты сипаты – плюрализм, яғни басымдыққа ие канондар мен заңдылықтардан бас тарту, дәстүр мен классикалық эстетикаға ирониялық көзқарас, айқындықтың жоқтығы, немесе жүйеге қарсылық, әдіснамаға қарсылық, ережелер мен шектеулерді мойындамау, шығарма жанрлық белгілер негізіне емес, керісінше олар шығарма жүйесіне бейімделу керек; біртұтастық, не дербестік пен бүтіндіктің болмауы, бөлшектік, бей-берекетсіздік, хаостың басымдылығы, әлемді жүйесіз, ретсіз, заңдылықтарсыз, кездейсоқтық дискурсында тану; көркем шығарманы түсінудің көп нұсқалылығы, көп қырлылығы, бір емес, бірнеше интерпретацияның болу мүмкіндігі, тереңдік орнына саяздық принципі ұстану яғни болмыстың, қоғамның проблемаларын тереңіне бармай, қарапайымдық пен анықтыққа ұмтылыс, еш мәні мен мағынасыз, қарама-қайшылыққа толы, кездейсоқтықтарға негізделген, бей-берекет өмірді түсінуге емес, сол қалпында қабылдауға бағыттау, өнерді ойын ретінде қарастыру, көркем шығарманы өмір шындығы ретінде жоққа шығарып, оны ойын ретінде құру; өзгеден ерекшелену, өзіне баса назар аудару, ешкімге ұқсамау, таң қалдыру, оқыс қадамдар жасап, еліктіру, дау тудырып, белсенді диалогпен талқылауға шақыру, күтпеген әрекеттерге итермелеу болып табылады. Бүгінде постмодернизм өзі алғаш пайда болған кезден әлдеқайда байып, түрленіп, кемелденіп, соған сәйкес көптеген салаларға жіктеліп кетті. Өзгеше формада айтатын болсақ, жалпылама атауда «постмодернизм» дегенге елік еткенімен, негізгі түп ерекшелігі тұрғысынан атап айтқанда біріне-бірі мүлдем кереғар дүниелер де осы атаудың жалауының астында ғұмыр кешіп жатыр. Жоғарыда аталып көрсетілген деректердің барлығы дерлік қазақша баламасы модерннен кейінгі болып аударылып жүрген, яғни жаңарудан кейінгі сөзімен тұспа-тұс болып аталып кеткен постмодернизм бағыты жөнінде айтылған сұрақ-жауаптардың негізінде құрылды. Мақаланың барысында жазылып көрсетілгендей, дәлме-дәл нақты тоқтам әлі де бар деп айту қиынырақ. Сондықтан да бұл саланың барар жолы алыс, ашылар сыр сандығы әлі көп, құлпын тапқан адамға кілтін де бірге табу керек ағым. Осындай пайымдардың өзі бұл бағыттың ғұмырының ұзақ боларына әбден кепілдік берері сөзсіз. Ашылмаған сыры көп бұл сала – өзінің аты айтып тұрғандай жаңарудан кейін де өмір сүреді, демек тарих сахнасында тұғырдан әлі де болса құламай, өз орынын нақтап тұрарына ешкім шүбә да келтіре қоймас, сірә!?!...

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. George Ritzer, The Theories of Postmodernism, 2003. Постмодернизм теориясы
2. “Философия” Есіркепова Г.К., Шымкент, 2008.
3. Новейший философский словарь. Постмодернизм / Гл. науч. ред. и сост. А.А.Грицанов. – Минск: Современный литератор, 2007. – 816 с.
4. Ильин И.П. Постмодернизм от истоков до конца столетия: эволюция научного мифа. – М.: Интрада, – С. 158.

## ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Бекенова Ж.Н.**

*Философия мамандығының 1 курс докторанты  
Ғылыми жетекшісі: филос.ғ.к. Амиркулова Ж.А.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа:** Бұл зерттеудің басты бағыты цифрлық қоғам феномені болып табылады, ол көптеген ғылыми пәндердің объектісі бола отырып, әлі де философиялық талдаудан тыс қалады. Бұл талдаудың өзектілігі құбылысты жан-жақты зерттеу қажеттілігінен, қазіргі әлеуметтік өзгерістер аясында оның панорамалық көрінісінен туындайды. Зерттеуде «цифрлық қоғам» ұғымымен қатар «цифрлық әлем» және «цифрлық антропология» ұғымдары талданады. Цифрлық қоғамдағы философиялық мәселелер, сондай-ақ осы ұғымдарды қолданудың дүниетанымдық негіздері, ерекшеліктері мен шекаралары зерттеледі. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі философтардың әлем мен қоғамды тану құралы ретіндегі цифрлық қоғам туралы еңбектері болып табылады. Цифрлық қоғам ұғымы ақпараттық қоғамның қазіргі жағдайы болып табылады, ал «цифрлық» қоғам философиялық мәселелер әлі де талдауды қажет етеді.

**Кілт сөздер:** цифрлық қоғам, цифрлық антропология, конвергентті технологиялар, әлеуметтік философия, эпистемология.

Бүгінгі ХХІ ғасырдың негізгі құндылығы – ақпарат. Ал ақпарат таратуда теледидар, газет-журналмен қатар ғаламтордың да үлес салмағы артып келеді. Бұл процестердің қоғамдық сананың қалыптасуы мен өзгерісіне тигізер әсері мол. Бүгінгі күні маңызды ақпаратқа ие болу – билікке ие болу дегенді білдіреді. Осы тұста азаматтардың ақпараттық сауатты болуы маңызды. Олай болмаса біз өркениет көшінің артында қалып кетеміз. Бүгінгі жаһанданған әлемдегі технологиялық инновацияның шарықтаған заманында: интернет, спутниктік байланыс арқылы мәтін, аудио, видеоекрандардың тез арада әлемге таралуы, олардың географиялық, экономикалық, рухани аймақ шекарасынан ары шығып кетуі осыған айғақ. Осындай әлемдік ауқымда жүріп жатқан заманауи үрдістен, өркениеттің көшінен біздің еліміз де қалыс қала алмасы түсінікті. Қаласақ та, қаламасақ та заман ағымы осылай. Қазақстанның постиндустриалды даму сатысына өту мүмкіндігі туралы мәселені алғаш көтерген Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Постиндустриалды қоғам қалыптасуының стратегиясы және өркениеттер серіктестігі» атты жаңа еңбегінде заманауи ғылыми-техникалық, ақпараттық және өзге де инновациялық төңкерістер жалпы адамзат өркениетінің, оның ішінде біздің отанымыздың да келешектегі бет-бейнесін айқындайтынын атап көрсетеді [1].

ХХІ ғасырдың басында «цифрлық қоғам» ұғымы күнделікті өмірдің ғана емес, ғылымның да лексиконына берік енді. Әдетте, бұл құбылысты экономистер, психологтар, педагогтар, мәдениеттанушылар негізінен жоғары технологиялардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, әлеуметтік желілердің, ақпаратты цифрландыру процесінің қоғам мен адамдарға оң немесе теріс әсері тұрғысынан зерттейді. Алайда, мұның артында әлеуметтік кеңістікті сандық өлшеудің кейбір аспектілерін ғана зерттеу тұр, ал цифрлық қоғам феномені ашылмаған күйінде қалып отыр. Бұл тұжырымдаманы философиялық талдау цифрлық қоғам цифрлық технологияға негізделген қоғамнан әлдеқайда көп деп болжауға мүмкіндік береді. Философиялық дискурс аясында біз өзімізге «неге цифрлық әлемді орталық мәселеге айналдырдық?» деген сұрақ қоя аламыз. Философиялық талдау арқылы біз адамға және қазіргі қоғамға жаңа көзқараспен қарауға, ондағы жаңа сапалық өзгерістерді анықтауға; шындық пен ол туралы адамның идеялары арасындағы келесі алшақтықтың себептерін зерттеуге мүмкіндік аламыз [2].

Цифрлық қоғам өмірдің барлық салаларында білім мен ақпарат рөлінің басым болуымен ерекшеленетін өркениет дамуының қазіргі кезеңі болып табылады. Бұл ақпараттық технологиялардың халық өміріне, сондай-ақ, мемлекет, кәсіпкерлік пен қоғамның өзара қатынасына ықпал етуімен тығыз байланысты [3].

Қоғамның жаңа түріндегі жетекші рөл ақпараттық байланыс желілерін компьютерлендіруге тиесілі, яғни, әр түрлі бағытта – көлденең және тігінен, жекелеген елдер немесе өңірлер ішінде және трансұлттық, функциялары жиі болатын кең байланыс желісін қалыптастыру организмдерді басқаратын жүйке жүйесінің функцияларымен салыстырылады.

Сол себепті де қазіргі қоғамды түрлі сипатта атауға болады. Бұл ақпараттық, желілік, білім қоғамы, цифрлық өркениет. Бірқатар зерттеушілер ақпараттық қоғамның түрлі тұжырымдамалары, ол телематикалық (Д. Мартин), постмодернистік (Ж.-Ф. Лиотар), жаңа индустриалды қоғам (Дж. Гельбрейт), технократты өркениет (З. Бжезинский), ғылыми қоғам (М. Понятовский) және білім қоғамы (П. Дракер) мағынасы жағынан болса да мәні жағынан жақын және де олардың арасында да жақын қатты демаркациялық желілерді жүргізуге болмайды деп болжайды [4].

Қоғам өзін-өзі дамытатын ашық жүйе ретінде әрекет ететінін ескере отырып, ақпараттық коммуникация тек қажетті ғана емес, сонымен бірге оңай қол жетімді өнімге айналады. Сондықтан да қажеттілікке байланысты философиялық және құқықтық бірқатар проблемалар туындайды. Осылайша, И.В. Цвык «киберкеңістіктегі адамның әлеуметтенуімен, «виртуализациясына» байланысты мәселелер ерекше өзектілікке ие болады» деп атап өтті [5, 76 б.]. Автор адамның ақпараттық қоғамда өмір сүруінің сәйкессіздігіне назар аударады. Бұл, оның пікірінше, адам рөлдерінің өзгеруімен, «телекоммуникациялық өзара әрекеттесуге қатысушыдағы еркіндік әлеуметтік-психологиялық тәуелділіктің жоғарылауымен және жеке басының тозуымен байланысты» [5, 76 б.] .

Ғалым «Интернет әлеуметтік элемент ретінде әрекет ете отырып, және жалпы алғанда, жаңа ақпараттық технологиялар көмегімен жасалған виртуалды шындық екінші деңгейге, кейде жеке тұлғаның бастапқы әлеуметтенуінің қуатты агентіне айналады, осы тұста әлеуметтену тек желілік қауымдастыққа ғана емес, сонымен бірге офф-лайн шындыққа да – адам өмір сүретін нақты қоғамға қатысты» екендігіне тоқталып өтеді [5, 76 б.] .

Қазіргі заманғы адамның виртуалдылық сипатының ерекшелігін ең дұрыс сипат дегенде «симуляциялық» және «симуляциялық шындық» ұғымдары арқылы қарастыруға болады. Сонымен, «симуляция кеңістігіндегі» қатынастардың ерекшелігін сипаттай отырып, Ж.Бодрияр «симуляция шындығындағы» сөздердің мағынасының ғана емес, сонымен бірге сұхбаттасушының да болмауына назар аударады. Мұндай тұғырды автор «адамның өмір сүру барысындағы таныстықпен» байланыстырады [6, 6 б.] .

Бұл идеяны дамыта отырып, Ж. Делез «симулякр тек өзгерген көшірме емес, онда түпнұсқа мен көшірмені, модель мен репродукцияны жоққа шығаратын жағымды күш бар» деп атап өтті . Автор «бақылаушы симулякрдың өзінің бір бөлшегіне айналады, ал оның көзқарасы соңғыны өзгерте отырып құрастырады» деп те тұжырымдады [7, 254 б.] .

Классикалық емес қоғамның адамы симулякрлармен көбірек байланыста болады, бұл кейіннен қарым-қатынас процесінде ақпараттық коммуникацияларды модельдеуге әкеледі. Аталған процесс адамның жеке тұлғалық дамуына табиғи сипатта ықпал етеді. Шын мәнінде не бар екенін, не симуляциялық көшірме екенін ажырату қиындай түсуде. Бұл күрделілік құлықсыздықты тудырады, нәтижесінде шындықты виртуалдыдан ажырата алмайды. Бұл адамның өзіне жүктелген құндылықтарды берілген және шындық ретінде бағалай алмайтындығына алып келіп соқтырады. Әрине, бұл жеке адамның психологиялық салдары деп айтуға болады, дегенмен бұл өз кезегінде жағымсыз, бірақ жалпы мәдени өзгерістерге әкелетін жаппай, жаһандық құбылыс.

Сонымен қатар, технологиялық таңдау білімді бөлу және цифрлық кеңістікте жинақталған әлеуметтік тәжірибеге қол жеткізу векторлары. Осылайша, цифрлық антропология пәнаралық құрал ретінде талдау жаңа цифрлық технологиялар мен пайдаланушылардың өзара әсерін ашуға мүмкіндік береді. Ол цифрлық технологияларды таңдау механизмдерін көрсетеді және олардың тарату процестеріне қосылуға жағдай жасайды. Білім және кеңірек, әлеуметтік көбею. Осы әдіснамалық кешенінде цифрлық қоғамды әлеуметтік-философиялық зерттеу келесідей болуы мүмкін пәнаралық вектор түзеледі: әлеуметтік философия – әлеуметтік эпистемология-цифрлық антропология [8, 237 б.] .

Айта кету керек, адамның табиғаты сыртқы әлеуметтік-мәдени ортада құрылған симуляциялардың әсеріне жауап ретінде тек «көбейту», «көшіру» емес, осы көшірмелерді интерьерлеу арқылы жеке тұлға өзінің симуляктарын жасау, құру үшін жаратылған. Бұл симуляктар-интерпретациялар, симуляктар-мәндер өзінде адам өмірінің жеке сипатын көрсетеді. Байланыс құралдары мен ақпараттық коммуникациялардың дамуына байланысты мұндай «жеке» симуляктар ғаламдық байланыс өрісіне түседі.

Субъектілер арасындағы өзара әрекеттесуді ақпараттық технологиялар пайдалану арқылы өзгерту, ақпаратты беру модельдерін де өзгертуі талап етеді. Мұндай жағдайда ақпараттық технологиялар негізінде ақпараттық коммуникацияның әртүрлі модельдері қалыптасады. Ақпараттық технологиялар негізінде коммуникацияның әртүрлі модельдерінің де қалыптасуы жүреді. Бұл сызықтық модельдің мақсаты білім беру процесі субъектілерінің хабарламалар арқылы диалогы болып табылады. Субъектінің алдында тікелей байқалатын оқиғаның өзі емес, осы оқиға туралы хабарлама пайда болады. Тағы бір модель – транзакциялық модель, онда соңғысы желілік өзара әрекеттесу бірлігі, ал адам ақпараттың әсер ету объектісі емес, байланыс процесінің белсенді қатысушысы болып табылады. Осылайша, ақпараттық коммуникациялық технологиялар цифрлық қоғам өмірінің ажырамас бөлігі ретінде көрініс табады.

Әлеуметтік дамудың қазіргі кезеңі цифрландырудың нәтижесінде қоғам өмірінің барлық саласында болып жатқан сапалық, революциялық өзгерістердің көптігімен ерекшеленеді. Ақпарат пен білім рөлінің өсуі, коммуникациялық құрал-жабдықтардың көз ілеспес жылдамдықпен жетілуі, желілік құрылымдардың дамуы – басқару үрдісіне жаңа тәсілдер іздестірудің қажеттілігіне байланысты бүгінгі күн үшін ең басты



мәселе ретінде қаралуда. Дереккөздер мен әдебиеттерді талдау барысында, тұтастай алғанда, философиялық мәдениет пен әлеуметтік философияның әдіснамалық принциптері негіз болатын жаңа ғылыми бағыттың – «басқару философиясының» қалыптасу үстінде екендігін көрсетті.

Көптеген зерттеушілердің пікіріне сай, қазіргі қоғам барлық саласында жаһандық ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы ақпаратты қалыптастыру мен тұтыну жүріп жатқан ақпараттанған әлеуметтік нақтылық ретінде анықтала алады. Келтірілген анықтама асығыстау болуы да мүмкін, себебі қазіргі уақытта ақпараттық қоғам әлі де болса белгілі бір дәрежеде қалыптасу кезеңін бастан кешіріп жатыр, алайда, ол қалыптасу үрдісі дүниежүзілік ауқымда біртекті емес [9, 262 б.].

Жалпы ақпарат құралдарының соңғы жарты ғасырда қаулап өсуі біздің адамзаттық мүмкіндігімізді, біздің мәдени кеңістігімізді белгілі бір мөлшерде кеңейтіп қана қойған жоқ, ол біздің өркениетімізді адам танымастай етіп өзгертіп жіберді. Қазіргі кезде электронды ақпарат құралдарының пайда болуымен бұл әлеуметтік институт бүгінгі қоғамның, саяси-биліктік қатынастардың барлық қырларын түбірімен түрлендіріп жіберді. Бұқаралық ақпарат құралдарының даму үдерісіндегі ең қуатты алғышарт компьютер мен Интернет бүгінде басқаларынан қара үзіп кетті. Ол барлық әлемді құшағына қамтып, кез келген ақпарат көзімен әп-сәтте-ақ байланысқа түсе алады. Бұл бір жағынан заман талабы, осы «коммуникациялық революция» тудырған процестен біз де қалыс қала алмаймыз.

Осылайша, өмірдің барлық салаларына тез енгізілуіне байланысты ақпараттық, цифрлық технологиялар қоғамында бұл процестерді философиялық түсіну бойынша мәселелер туындайды. Ақпарат алмасуда жаңа технологияларды пайдалану технологиялары қоғам, мәдениет және білім салаларын ауқымды өзгерістерге алып келді. Нәтижесінде ақпарат, хабарламалар, белгілер, таңбалар ағындарының кеңістігіне негізделген жаңа орта қалыптасады. Бұл халықтың ақпараттық ұтқырлығының артуымен, Интернетке қол жетімділікті кеңінен қолданумен, білімді ақпараттандырумен байланысты.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Стратегия становления постиндустриального общества и партнерство цивилизаций. – М.: Экономика, 2008. – 398 б.
2. Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/layfstayl/tehno/48856/>
3. Белл Д. Грядущее постиндустриальное общество. Опыт социального прогнозирования / перевод с английского. – М.: Academia, 2004. – 788 б.
4. Стоуньер Т. Информационное богатство: профиль постиндустриальной экономики. Новая технократическая волна на Западе.– М.: Прогресс, 1986. – . 245.б.
5. Цвык, И.В. Социальные проблемы информационного общества // Инновационная наука. 2016. [Электронный ресурс] [www.cyberleninka.ru/article/n/sotsialnye-problemy-informatsionnogo-obschestva](http://www.cyberleninka.ru/article/n/sotsialnye-problemy-informatsionnogo-obschestva) .
6. Бодрийяр, Ж. Симулякры и симуляция / Ж. Бодрийяр. // Пер. с фр. А. Качалова М. : Издательский дом «ПОСТУМ», 2015. – 240 б.
7. Делёз, Ж., Гваттари Ф. Философия эпохи постмодерна / Ж. Делёз, Ф. Гваттари Минск: Красико-принт, 1996. – 254б.
8. Абулкасова А.С. Ұлттық қауіпсіздік көзқарасынан билік пен көпшілікке арналған ақпарат құралдарының қарым-қатынасы // ҚазҰУ Хабаршысы, Философия сериясы. – 2004. – №1 (21). – 237 б.
9. Затов Қ.А. Қазақ мәдениетінің өркениеттік кеңістігі: филос.ғ.д. дисс. 24.00.01. – Алматы, 2010. – 262 б.\

## THE PHENOMENON OF POWER IN THE POLITICAL AND PHILOSOPHICAL CONTEXT

**Galym Malik**

*Philosophy, 1st year PhD*

*Scientific adviser: Doctor of Philosophy, Professor Kabaeva Zh.A  
Abai Kazakh National Pedagogical University*

**Abstract:** This article examines the paradigms and approaches to the interpretation of the phenomenon of power in political and philosophical thought. The concept of power is very wide, complex and contradictory: we are talking about the power of parents over children, the forces of nature over man, the state over the citizen, the power of feelings, religion. The problem of power has always attracted the close attention of representatives of political, social, philosophical, and socio – political thought. There are many approaches and classifications of the concept of «power». Depending on the approach, focusing on one or another side of the manifestation of power in itself speaks of the multidimensional nature of this phenomenon. The author tries to substantiate the political and philosophical aspects of the phenomenon of power, referring to their socio-historical contexts.

**Key words:** power, the phenomenon of power, political power, domination, philosophy.

### **Introduction:**

The phenomenon of power is one of such immutable, universal and fundamental universals as man, race, life, death, love and many others, which together give a complete picture of a person about himself and about the reality surrounding him.

The explanatory dictionary of (Cambridge Dictionary) defines the term «power» as the right and ability to dispose of someone, something, to subordinate to one's will; political domination, state administration and its organs; persons endowed with governmental, administrative powers [1].

The philosophical approach to the concept of «power» is characterized by the desire to understand its nature and the laws of its existence, regardless of its specific forms, types or aspects. Power, from the point of view of this approach, is the ability and ability of a subject (individual, party, class, state, etc.) to exercise its will, to exert a certain influence on the activities of people through authority, law, violence, and other means. Within the framework of the philosophical approach, the main methods of exercising power are most fully revealed: organization, persuasion, education, control and coercion [2]. Thus, we can talk about the differentiation of approaches to the study of power, depending on the disciplinary interpretation of the concept of power.

Біріншіден, дәстүрлі қазақ отбасыларында ер мен әйелдің қарым-қатынасы өте сыпайы болып, сыйластық пен түсіністікке құрылған. Бұл арқылы ерлі-зайыптылар отбасы берекесі мен бірлігін сақтап отырған. Алдымен, тұрақтылыққа себеп болатын нәрсе – ер мен әйелдің өздерінің міндеттері мен отбасыдағы алатын орнын дәл анық білуі. Қазақи тәрбие арқылы берілетін бұл қасиеттер дәстүрлі қазақ отбасысының баянды, үлгілі әрі биік рухты ұрпақ өсіруіне оң әсерін тигізген. Әңгімедегі ер-зайыптылардың жібектей жұмсақ қарым-қатынасы шығарманың алғашқы бөлімінде шебер суреттеледі.

Әңгіменің «Шолпанның күнәсі» деп аталуының өзінде терең мағына жатыр. Бұл жерде кінә мен күнә деген ұғымдарды ажыратуымыз керек. «Кінә мен күнә синонимдер емес, екеуі екі жағдайда белгілі болатын дүниетанымдық ұғымдар, олардың басты айырмашылығы сонда, кінә – адам мен адамға қатысты болса, күнә -адам мен жаратушыға қатысты, нақты айтқанда, алла мен адам арасындағы мәселе» [6, б.99].

Ал Шолпан күнә жасады ма, кінә жасады ма деген сұрақ пайда болады. Шолпанның күнәсі құдайдан бала берме деп дұға етуі. Бұл алла бұйрығына, табиғат заңына қарсы әрекет еді. Шолпанның күнәлі болуына біріншіден, отбасылық өмірдің бал күндерін қимау ниетінен болса, екіншіден, Сәрсенбайдың бала сүюге ықпалсыздығы әсер етті. «Дұрысы, баласыз өмір бос өмір деген сөзді басқа талай адамдардан естіді, бір-ақ жаны сүйген жарынан естіген жоқ. Ғашық адамға құранның аяты қасиетті емес, жарының сөзі қасиетті, жарынан басқа адамның сөзін не қылсын Шолпан!» [7, б.95]. Демек Шолпан күнәлі болды. Үш жылдан соң Шолпан өз күнәсін түсінеді, тәубесіне келеді. Күнәсін мойындаған Шолпан Алланың рақметінен де құр қалмады.

Екіншіден, Шолпан қазақтың ұлттық танымына сай әрбір әйелдің өмірінің мәні ана атану екенін түсінген парасатты келіншек ретінде сипатталады. Себебі Шолпан сәби сүю бақытын, ана атану деген сияқты сезімнің өмірде барын білді, өмірлік ұстанымы етті. Енді Шолпан өмірінің мәні де сәні де – перзент сүю, ана атану екеніне көз жеткізді және мақсатынан тайынбайтыны белгілі болды. Өйткені кез келген әйел үшін «ана» деген мәртебе алудан асқан мәртебе, атақ жоқ.

«Шолпанның күнәсі» әңгімесінде М. Жұмабайұлы Шолпанның бейнесі арқылы дәстүрлі қазақ отбасындағы үлгілі әйелдің үздік бейнесін көрсетті. Оны оқырманға анық сездіру үшін автор Шолпанды сан қырлы қасиеттермен мүсіндеген. Дәлірек айтсақ, отбасы бірлігін сақтаған, құдай қосқан қосағының бақытын ойлаған, ұрпақ жалғастыру қамына терең мән берген қазақи болмысты әйелдің бейнесін толық сипаттай білген.

«Жазушы тіршілік үшін, бала үшін ешбір жолдан тайынбайтын әйел бейнесін сомдаған. Әңгіме соңында автор кейіпкерін азапқа салып өлтіреді. Бірақ, өлімнің трагедияның себебі бар. Әңгімедегі азапты өлім М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», Б.Майлиннің «Ұлтуған» тәрізді классикалық әңгімелерін түсіреді. Бұл шығармалардағы оқиғалар әр түрлі болғанымен, адам тағдыры алдыңғы сапқа шыққан. Бірінде өмірге

келе сала қасіретке тап болған қазақ қызының тағдыры суреттелсе, екіншісінде бақытты ғұмыр кешіп отырған отбасының шаңырағы шайқалып, ақыры өлімге әкеп соқтырады.

М. Жұмабайұлы драматизм элементтерін, трагедияның қалың бояуларын әңгіме соңында қоюландыра түседі. Өмірін өз қажетіне, өз қалауына сай өзгерту талпынған қазақ әйелі. Ойлағаны, қалағаны болғанымен, бәрібір алдынан қарғыс атқыр «өлім» шығады.

М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы – қазақ прозасындағы ең алғашқы кесек те күрделі туынды. Шығарманың бұл жанрдың мұнан былайғы дамуына, өркендеп өрбуіне тұңғыш желі тартқан әрі игі ықпал жасағаны да белгілі.

М. Дулатовтың романы 1910 жылы жазылған. Ол қазақ әйелдерінің тағдырына арналған. Романның басты кейіпкері – Жамал. Жазушы оны көрік-келбеті, ақыл-парасаты келіскен қазақтың ару қызы ретінде бейнелейді.

Шығармаға арқау болған уақиғалар ХХ ғасыр басында қазақтың кез келген атырабында, кез келген ауылында, кез келген шаңырағында өтуге мүмкін, әркімге таныс, түсінікті, ортақ, етене сипаттары бар, жалпылық мәнді жәйттер. Автор өз тұсындағы әлеуметтік-қоғамдық өмірдің маңызды арналарын адам тағдыры, нақты әрекет, тартыс арқылы көрсетуді мақсат етіп, ой, идеяны ашық публицистикалық түрде емес, бейнелер, образдар арқылы, көркемдік тәсілдермен береді.

Шығарма сюжеті Сәрсенбайдың балаға зар болуы, Шолпанға үйленуі, одан Жамалдың тууы, Жамалдың молдадан оқып тәрбиеленуі, әдемі бойжетуі, Сәрсенбайдың билік үшін көмектеседі деген іш есеппен Байжанмен құда болуы, бұған Шолпанның қарсылығы, Ғали мен Шолпанның танысуы, ғашық болуы, өзара тіл табысып, қашып кетуі, Байжанның келінінің кетіп қалуына орай жасаған аялық әрекеттері, өтірік қағаз жасатуы, Ғалидың аяқ астынан ауырып дүние салуы, Жамалдың еріксіз Байжан босағасына келуі, Жұманнан көрген қорлық-зорлық, ақыры боранда адасып өлуімен аяқталған оқиғалардың бір-бірімен байланысқан, желісі үзілмейтін тізбегінен құралған.

Жазушы Жамалдың келбет-кескінін, ақыл-парасатын былайша суреттейді: «Жамал он бес жасқа келді. Сұлулық, ақыл, парасат бір-біріне муафик келіп, Жамал сол елдің қызының алды болды». Ол «сөзге бек ұста, өз ойынан шығарып өлең де жазатын болды». Оның бойындағы осындай тамаша қасиеттерді шығарманың өн бойында нақтылы оқиға, штрих-детальдар арқылы көрсетіп отырады. Жазушы айтулы сұлу, зерек, жаны жырға толы, көңілі көктемдей осындай арудың бақытсыз, өксікпен өткен өмірі арқылы замана әділетсіздігін бейнелейді. Әйел затын сормандай ететін әділетсіздік әдет-ғұрыпты барынша айыптап, қарғыс айтқандай.

М. Дулатовтың сонау бір кезде халықтың, елдің ертеңі, өнер өркені – әйел тағдырына мұншама жан ашырлық танытып, ауыр халіне ортақтасуына, олардың еркіндік, бостандық алуын армандап, мұрат етуіне, сол жолда батыл қадам, биік азаматтық жасауына сүйінесін, әрі ерлік, әрі адамгершілік деп білесін.

Қаламгер осы шығармасы арқылы қазақ әйелдерінің тағдырына жаны аши ортақтаса отырып, санасы барларға ой салу, көңілі көрлердің көкірегін ояту, қазақ әйелдерін еркіндікке ұмтылдыруды мақсат еткен.

Жазушы Жамал тағдырын, жоғарыда айтқанымыздай, нақтылы оқиғалар, штрих-детальдар, тартыс-арпалыс үстінде айшықтайды. Суреткер Жамал өмір сүрген кезеңнің әлеуметтік тіршілігін, сол заманның кесепатты, кесірлі әдет-ғұрып, салт-дәстүрін көз алдына әкеледі.

Сөйтіп, өз мезгілінің күрделі әлеуметтік-қоғамдық мәселесін көтерген, махаббат бостандығын жыр еткен, жанрлық тұрғыдан жаңалық болған “Бақытсыз Жамал” прозалық туындысы жиырма бес жастағы Міржақып Дулатов ұлттық рухани тарихында терең із қалдырды, бірінші романшы атанды.

Қорытындылай келгенде, ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының шығармашылығы жанр жағынан дамып қана қоймай, тақырып мен идея тұрғысынан жаңа белеске көтерілді. Қазақ қаламгерлері әлем әдебиетіндегі жетістікке сүйеніп, әйелдердің қайталанбас образын жасады. Шығармаларда қазақтың ұлттық ойлау жүйесінің формасы сақталып, ұлттық құндылық пен таным-түсініктің көрініс табуы – сол заман қаламгерлерінің шеберлігі. Алғашқы классикалық туындылар қазақ әдебиетінде проза жанрындағы бағыт-бағдарды айқындап берді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- Тапанова С.Е. Қазақ басылымдарындағы әйелдер бейнесі. Монография – Астана: 2013. – 264 бет.  
«Роман деген не?» // «Қазақ». Орынбор, №48, 1915 жыл.  
Сұлтанхан Аққұлыұлы «Әлихан-әдебиетші ретінде» // Жұлдыз. №5, 1993 жыл, 179-180 беттер.  
Әбдешев Б.М. Мағжан Жұмабаевтың прозасы. Автореферат. – Астана: 2002. 26 бет.  
Әбдешев Б.М. Мағжан Жұмабаевтың прозасы. Диссертация – Астана: 2002. 129 – бет.  
Есім Ғарифолла Адам-зат. – Астана: Ақарман, 2008. 382 бет.  
Жұмабаев М. Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 бет.



## ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТ

**Мырзакерім Б.М.**

*Қоғамдық денсаулық сақтау, магистрант*

*Ғылыми жетекші: филос.ғ.к., проф., м.а. Кемелбеков Қ.Б.*

*Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы*

**Аннотация.** В статье подробно рассматривается тот факт, что Казахстан является частью мусульманского мира с точки зрения цивилизации и культуры. Следует отметить, что страна поддерживает это направление с 2004 года в рамках программы «Культурное наследие». Благодаря этим исследованиям углубляются интеграционные связи Казахстана, лидирующего в Азии. Это свидетельствует о наличии цивилизационных факторов, благодаря которым достигаются конструктивные взаимодействия между государствами мусульманского мира.

**Ключевые слова:** цивилизация, культура, турки, Культурное наследие, конфессия.

**Abstract.** The article examines in detail the fact that Kazakhstan is part of the Muslim world in terms of civilization and culture. Important to note that the country has been supporting this direction since 2004 under the «Cultural heritage» program. Thanks to these studies, the integration ties of Kazakhstan, which is a leader in Asia, are being deepened. This indicates the presence of civilizational factors that help achieve constructive interaction between the States of the Muslim world.

**Key words:** civilization, culture, Turks, cultural heritage, religion.

Қазақстан өркениет пен мәдениет тұрғысынан мұсылман әлемінің бір бөлігі болып отыр. Өйткені, әлемдік өркениеттің дамуына айрықша ықпал еткен Түркілердің тарихи мұрагері болып қалған Қазақ жерінде ислам діні қанат жайғаннан кейін де ғылым мен білімнің, мәдениет пен өнердің дамуына баға жетпес үлес қосқан ғұламалар дүниеге келді. Мал шаруашылығын кәсіп еткен көшпелі халық өркениетінің мінсіз үлгісі қалыптасты. Қала мәдениетінің де бүгінгі игіліктеріне жетекабыл сәулет пен құрылыс өнері дамыды. Оған археологиялық қазбалар кезінде табылған атақты қалалар мен тарихи ескерткіштер, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Арыстанбаб, Айша бибі мазары, Отырар, Сайрам секілді қалалардың орны куә (Меруерт Әбусейітова) [1, б. 81].

Сондықтан, елімізде 2008 жылы өткен «Орталық Азиядағы ислам өркениеті» деген халықаралық конференция қазақстандық ғалымдардың әлемнің ғалымдарымен тығыз қарым-қатынаста екендігін көрсетті. Түркияның Ислам тарихы, өнері мен мәдениетін зерттеу орталығының Бас директоры Халит Ерен: «Біз онда Үндістан, АҚШ, Қазақстан, Жапония, Ресей сияқты мемлекет өкілдерінің баяндамаларын тыңдадық. Олардың арасында әлемге танымал ғалымдар да бар. Олар жиынға қатысушылардың алдында өздерінің атқарған жұмыстары жөнінде есеп берді. Бұл еңбектерде өте құнды мәліметтер бар. Сондықтан мен болашақта ол мәліметтер ғалымдардың және зерттеу жұмысымен айналысқысы келетін өзге де азаматарға үлкен көмек болады деген ойдамын» [2, б. 19] деді. Ал, Қазақстанның Бас мүфтиі, ғалым Әбсаттар қажы Дербісәлі өз баяндамасында Орталық Азиядағы өркениеттің дамуына шолу жасай келе, Кеңестік кезеңде әдейі таңылып келген «қазақта қала мәдениеті болған жоқ» деген жалған түсініктің үстемдік еткендігін айтты. «Түркі халықтарының арасында өзіндік орны бар, ежелгі мәдениеті мен әдебиетінің қайнар бастауы терең қазақтар кеңестік дәуірге дейін көшіп-қонып өмір сүрді. Оларда қала мәдениеті болған жоқ деген теріс түсінік үстемдік етті. Тіпті қазақтың көзін Қазан төңкерісі ашты. Ал оған дейін елдің екі пайызы ғана сауатты болды деген қасаң қағида қалыптасты. Сөйтіп, қазақты жартылай отырықшы және отырықшы топтар қалыптастырды деп елдің заттық және рухани мұрасы туралы сөз студі де орынсыз етіп көрсетті» [2, б. 6], деген ғалым түркілік дәуірді былай қойғанда, рухани жазба мұрамыздың тек IX ғасырдағы кезеңінің өзін зерттей келсек, шын мәнінде оның ұлан-ғайыр екеніне куә болатынымызды айтты. «Халқымыз рухани құндылықсыз өмір сүрген жоқ. Жерімізде Отырар, Исфиджап, Түркістан, Сығанақ, Жент, Баршыкент, Тараз, Баласағұн секілді бірнеше мәдени, әдеби, рухани орталықтар болды», деп атап көрсетті. Ә. Дербісәлінің айтуынша, соңғы жылдардағы зерттеу жұмыстары тек бір ғана Отырардың өзінен X-XVI-шы ғасырларда Әбу Насыр әл-Фарабиден басқа ғылымның сан салалары бойынша терең де ойлы шығармалар қалдырған 17 ғұлама шыққанын көрсетіп отыр. Ал атақты Отырар кітапханасы қорының молдығы жағынан кезіндегі Александрия кітапханасынан кейінгі 2-ші орында болғандығын ескерсек, осыншама даналардың шығуы табиғи дәлелдеуді қажет етпейтін мәселе болмақ. «Бұл ойшыларды біздің білмейтін себебіміз, Орта ғасырларда Батыс Еуропа жұртында ғылым, білім латын тілі болғаны секілді, мұсылман елдерінің шығысында, оның ішінде Мауреннаһрда, яғни біздің рухани ордаларымызда араб, парсы, шағатай тілдері жазба тілдің рөлін атқарды. Данагөй бабалар шығармаларын осы тілдерде жазды. Ал ол еңбектердің барлығы да кейінірек Үндістан, Пәкістан, Иран, Түркия, Сирия, Мысыр, Тунис, Марокко, Испания, Франция, Германия, Англия және Ресей кітапханалары мен қолжазба қорларына шашырап кетті. Осы жәдігерлерімізді тауып, зерттеп игеруге өткен ғасырдың VIII ғасырына дейінгі шығыс тілдерін білетін мамандардың жоқтығы тежеу болды. Қазір жағдай өзгерді және

бұл шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік те жетеді. Елбасының бастамасымен жүргізіліп жатқан «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында аталған дүниелердің әуелі көшірмелерін аудартып, жариялау мен кешенді зерттеулер жұмысы жалғасын табуда. Ғасырлар бойы мәдениеттер мен өркениеттердің тоғысы болған Орталық Азиядағы ислам – бүгінгі таңда жіті зерттеуді қажет ететін сипаттар мен ерекшеліктерге ие. Қазақстан зайырлы мемлекет бола тұра, өркениет пен мәдениет тұрғысында мұсылман әлемінің бір бөлігі болып отыр. Ал көптеген ғасырлар бойы түрлі этностар мен мәдениеттердің және діни нанымдардың қатар өмір сүруі біздің өмірдегі ислам өркениетінің ерекше дамып отырғандығын көрсетеді. Орталық Азияда көшбасшы болып отырған Қазақстанның ықпалдастық байланыстарды тереңдетуде және мұсылман дүниесіндегі мемлекеттер арасында өзара сындарлы іс-қимылға қол жеткізуде оң рөлі бар және бұл өркениеттік факторға жатады.

«Өркениет» дегенді алғашқы қауымдық пен тағылыққа қарама-қарсы бірқатар әлеуметтік сипаттамалар түсініледі. Модерн дәуіріндегі Еуропа өзін көптеген «өркениеттердің» бірі ғана емес, жалғыз немесе, ең болмағанда анағұрлым «өркениетті» өркениет деп есептеді. Бірақ бұл өркениеттіліктің белгілеріне қатысты біртұтас пікір, тіпті еуропалықтардың өздерінің арасында да болған жоқ. Біреулер үшін өркениет технологияның дамуымен, өндірістің өсуімен және тарихи прогреске сенумен біріктірілді. Өзгелер үшін өркениет «индивидтің» басқа әлеуметтік субъектілерден – отбасынан, қауымдастықтан, мемлекеттен, діни институттардан – өсе түскен тәуелсіздігін білдірді. Үшіншілер үшін өркениет күнделікті өмірдегі дәрежеліктен арылуды, сөздің тура мағынасындағы «жақсы» қылықты білдірді. Төртіншілер үшін ол заңдастырылған зорлық саласын тарылтуды немесе ауқымын қысқартуды және қаталдық ұғымын кеңейтуді аңартты. Және, әрине, көпшілік үшін өркениет ұғымы жоғарыда аталған белгілердің кейбірінің және тіпті барлығының араласқан қосындысын білдірді [3, б. 18].

XIX ғасырда француз отаршылдары өркениеттендіруші миссия туралы айтқанда, олар Францияның (және, сөздің кең мағынасында, Еуропаның) отарлық жаулап алушылығының арқасында еуропалық емес халықтарға өркениеттің осы анықтамаларының бойындағы құндылықтар мен нормаларды егеміз деген ойда болды. 1990-шы жылдары батыстық елдердегі жекелеген топтар планетаның әртүрлі, бірақ ешқашан батыстық әлемге қатысы болмаған аймақтардағы саяси ахуалға «араласу құқығы» туралы сөз қозғағанда, бұл да өркениеттің құндылықтарымен негізделді.

Бұл құндылықтардың жиынтығы, біз оларды қалай атасақ та – өркениеттік, зайырлы-гуманистік немесе модернистік құндылықтары деп атасақ та – әлеуметтік теорияның бойына сіңірілген, өйткені оның өзі оларды абсолют деңгейіне жеткізген тарихи жүйенің жемісі болып табылады. Қоғамтанушылар бұл құндылықтарды өздері назар аударуға тұрарлық деп есептеген мәселелерді (әлеуметтік немесе интеллектуалдық) анықтауға шоғырландырды. Олар осы құндылықтарды аталған мәселелерді талдау барысында қолданылатын ұғымдарға да, оларды өлшейтін индикаторларға да кіріктірді. Әлеуметтанушылар басым көпшілігінде, сөз жоқ, өздерінің қоғамдық және саяси таңдауларының пайдасына қарай мәліметтерді саналы түрде бұрмалауға ұмтылатынын атап көрсете отырып, құндылықтық тәсілді теріске шығаратынын тұжырымдады. Бірақ құндылықтық-бейтараптық ұстаным бұл мағынада құндылықтар қандай да бір құбылыстардың тарихи маңызын бағалағанда рөл ойнамайды деген ойды білдірмейді. Генрих Риккерт 1913 жылдың өзінде «мәдени ғылымдар» деп атаған логикалық ерекшелік туралы айтқанда, ол ең алдымен дәл осыны ескеріп еді. Бұл ғылымдар әлеуметтік маңыздылықты анықтау барысында «құндылықтарды» теріске шығаруға қабілетсіз.

Батыстық және сондықтан ерекше әлеуметтік шарттармен анықталған «өркениет» туралы түсініктер «өркениеттердің» көпшілігі туралы тұжырымдамаға мүлдем бөтен емес екендігін айта кету керек. Өркениеттік құндылықтардың бастау көздері туралы және олар неге әуел баста модернистік дәуіріндегі батыстық әлемде пайда болғандығы (осылай деп бекітілетін) туралы сұрақ қойылғанда, оның жауабы міндетті түрде олар антикалық және христиандық ортағасырлықтың немесе иудейлік әлемнің, кейде иудейлік-христиандық деп аталатын екеуінің де мұрасымен сипатталатын ерекше және жағымды тарихы бар үдерістердің нәтижесі болып табылады деген тұжырымға келіп тіреледі.

Бұл тұжырымдарға қарсы көптеген наразылықтар болуы мүмкін және болды да. Қазіргі әлемнің немесе қазіргі еуропалық әлемнің, оның үстіне бұл ұғымды еуропалықтардың қандай мәнде қолданатын мағынасындағы өркениеттілік күмән тудырды. «Батыстық өркениет туралы Сіз не ойлайсыз?» деген сұраққа Махатма Гандидің берген мысқылды жауабы белгілі: «Бұл жаман идея болмас еді» [4, б. 272]. Ежелгі Грекия мен Римнің немесе ежелгі Иудеяның құндылықтары, басқа өркениеттердің құндылықтарына қарағанда, қазіргі заманғы деп аталатын құндылықтардың пайда болуына көбірек ықпал етті деген тезис те дау тудырып отыр. Және, ақырында, қазіргі Еуропаның өзін, бір жағынан, Грекия мен Рим өркениеттерінің және, екінші жағынан, ежелгі Иудеяның мұрагері деп есептеу құқығының өзі бұлыңғыр көрінеді. Грекия мен Иудеяны еуропалық өркениеттің баламалы бастау көздері деп есептейтіндердің арасындағы даудың

ұзақ тарихы бар. Тараптардың әрқайсысы екіншісінің дұрыстығын теріске шығарады, бірақ дау-дамайдың өзі оның пәнінің өзінің лайықтылығына күдікпен қарауға мәжбүрлейді.

Қалай болғанда да, жапон мәдениетінің негізгі элементіне айналған буддизмнің пайда болған жеріне қарай, Жапонияны ежелгі Үнді өркениетінің мұрагері деп жариялай алатын біреу бар ма екен? Жапонияның үнді өркениетіне жақындығымен салыстырғанда, қазіргі Құрама Штаттар мәдени тұрғыдан алғанда, ежелгі Грекияға, Римге немесе Иудеяға анағұрлым жақын ба екен? Ақырында христиандықтың грек, рим және иудей дәстүрлерінен біржола бас тартқанын қайда қоямыз? Христиандардың өзі Қайта өрлеу дәуіріне дейін дәл осылай деп келді. Және антикалықтан алшақтау осы күнге дейін барлық христиандық конфессиялардың сенімінің рәмізінің бірі болып отырған жоқ па?

Бүгінгі күні, бірақ, құндылықтар туралы пікірталас саясат саласында алдыңғы орынға шықты. Малайзия премьер-министрі Махатхир азиаттық елдер еуропалық өркениеттің құндылықтардың барлығын немесе бір бөлігін қабылдамай-ақ «модернизацияны» жүргізе алады және жүргізуі тиіс деген сөзінде барынша айқындық танытты. Оның көзқарасы азиялық саяси көшбасшылар арасында қолдау тапты. «Құндылықтар» туралы пікірталас «мультикультурализм» туралы дискуссияның кейпіне ене отырып, еуропалық елдердің өзінде, әсіресе Құрама Штаттарда үлкен мәнге ие болды. Бұл өркениет деп аталатынның бірлігі туралы тезисті теріске шығаратын университеттік ғалымдардың бірігуін өмірге әкеліп, институционалданған әлеуметтануға едәуір ықпал етті.

Батыс пен Шығыс әлемі. Түйткіл ғаламның екі жартысы тұтас бір әлем. Ғаламның екі жартысын бөліп тұрған өркениет құндылықтары тұтастанып, жаһандануда. Өркениеттер сұхбаты ортақ рухани құндылықтардың бесігі. Тұтастанған жаһандану көшінде әр ұлт пен этностың, әр ел мен жердің, әр халық пен мемлекеттің даралығын, келбетін, ерекшелік сипатын айқындауға ұмтылған саясаттың сахнада өз рөлін ойнауы заңдылық. Алып жаһандасу көшінде ұлттық келбеті мен кемелін сақтауға, әспеттеуге, әйгілеуге, аманат етуге ұмтылған өркениеттер өрісінің жаңа лебі, жаңа екпіні әлеуеттенуде.

Өркениетті әлеміміздің тарихы дамуда. Дегенмен сол даму үдресінде тепе-теңдіктен гөрі, не басым, не кем түсіп жатқан бағыттардың алмағайып түсуі заманының шындығына айналууда. Бұл бағыттардың бір сарасы Шығыстың Батысқа, ал келесі сарасы Батыстың Шығысқа иегін бұруы басым келуі куә. Бұл заңды да құбылыс. Бірақ бұл үдеріс біржақты емес. Оның екіжақты да қайтарымы бар және болатын үдеріс. Әрине, шығыстық және батыстық, керісінше батыстық және шығыстық өркениет өзара ықпалдасып, бірін-бірі өркендетуінің өзі осы жаһандық ғаламды ортақтандыра түссе керек. Өйткені бұлай деуімізге, зерттеушілердің пайымдауынша, «Адамзаттың тұрақтылығы екі түрлі бастаулардың – Шығыс пен Батыстың бірін-бірі толықтырылуына негізделеді», – деуі себеп [5, б. 82]. Батыс пен Шығысты мәдени екі тума ретінде қарастыра отырып, зерттеуші қауым ортақ бір қағидаға тоқталады [5, б. 80]. Ол Батыс пен Шығыстың адамзат мәдениетінің екі тармағы, екі өркениеті, екі түрлі өмір сүру ұстанымы екендігі. Шын мәнінде, олар бір-бірінен рухани да, материалдық да құндылықтарымен ерекшеленіп, алшақтағанымен осы екі әлемді тұтас бір өркениет ретінде қарастыруға болады.

Тарихқа үңілсек. Жаңаға ұмтылған, ескіні қызметі кәдеге жарап болған дүние ретінде қарастырған Батыс өте қарқынды дамыса, ал әлемнің дамуын бақылаушы ретінде қарастырған, табиғат пен бүткіл табиғи әлемді қадірлеген әрі өмірдің даму мәнінен үйлесімділік іздеген Шығыс асыға қоймады. Сонымен, Батыс пен Шығыстың мәдени әлемін ерекшелейтін, оларды бір-біінен ерекшелейтін нендей өзгешеліктер бар. Олардың мәдени, өркениеттік дамуы, әлеуметтік-экономикалық құрылымы, саяси өмірінің қалыптасуы, рухани жаңғыруы жолындағы басты ерекшеліктер қандай?

Еуропалық Батыс адамы Шығыс адамының қолынан келмейтін өнерге (машина жасау, техникалық табыстар т.б.) баулыдым деп санап келді. Ал қазіргі жағдай мүлдем басқаша. Дегенмен қалыптасып қалған қағидағи Шығыс өркениетінің жаңа келбеті мүлдем өзгертті деуге болады. Мәселен, Жапония. Күн Шығыс елі тұрақты экономикасы мен саяси құрылымымен әлемнің ең жетекші елдерінің біріне айналды. Және де ғылым, техника, электроника, тіпті басқа мәдени құндылықтарға негізделмеген өзіндік рухани дамуы ең прогрессивті елдер санатына қосты. Ал аспан асты елі – Қытай бүгінде әлемдік нарықта ең байсалды ұстанымға, орасан әлеуетке ие болып отырғанын ең қуатты держава саналып келген Американың өзі мойынсұнып отыр. Қытай ХХІ ғасырда тек экономикалық дамуымен ғана емес, сондай-ақ саяси дамуымен де ерекшеленуде. Ғасырлар бойғы қатталып, сақталып, бүгінгі ұрпаққа жақсы мен жаманның бастауы іспеттес инь мен яннің мәңгілік философиясынан үйлесімдік іздеген рухани құндылықтардың өркендеуімен ерекшеленуде [6, б. 25].

Батыс пен Шығыстың арасындағы айырмашылық психологиялық тұрғыдан, екі өркениеттің менталитеті тұрғысынан алғанда байқалатыны рас. Еуропалық пен күншығыстық философиясы түрліше. Бұған олардың табиғат пен қоршаған ортаға деген көзқарасы мен қарым-қатынасы куә. Оған еуропалықтың табиғат «ғибадат тұтушы емес шеберхана» ретінде таныса, ал шығыстық тұлға табиғатты өзімен бірге «тұтас әлем» ретінде қарастырады.

Дегенмен осы екі өркениет, екі мәдениет арасындағы айырмашылықтар жігі анық бола тұра олардың қайсысы үздік деген сұраққа жауап іздестіру артық болар еді. Өйткені екі өркениет жер шарының екі жартысы сияқты, полярлық әлемнің өзіндей бірін-бірінсіз болуы, өмір сүруі мүмкін емес тұтастық әлемі. Осы күнге дейін айтып келген Батыс пен Шығыс арасындағы қарама-қайшылықтар мен бәсекелестік қазіргі жаһандану әлемінде тұтастанып, үйлесімдік пен бірлікте дамуы белең алуда. Сондықтан бүгінгі адамзатқа ортақ әлемді Батыстың да, Шығыстың да парасатты, дарынды, өнерлі тұлғалары өркениетті дүниеге айналдыруда.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. – Алматы, 1985. – 281 с.
2. Орталық Азиядағы ислам өркениеті // Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: ҚМДБ, 2002. – 326 б.
3. Қозыбаев М.Қ. Өркениет хақында // Қазақ өркениеті. – №1. 2001. – 10-18 бб.
4. Неру Дж. Открытие Индии. – М.: Госиздат, 1955. – 362 с.
5. Восточная философия. – Минск: Харвест, 2006. – 382 с.
6. Васильев Л.В. Проблемы генезиса китайской цивилизации. – М.: Мир, 1976. – 264 с.

## ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ ҚАЛЫПТАСУЫ

*Нусипова Гүлнар*

*Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми қызметкері,*

*Философия, 3 курс PhD докторанты*

*Ғылыми жетекші: философия ғылымдарының докторы, доцент Ф.К. Құрманғалиева*

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ халқының рухани қазыналары саналатын, құндылығы шексіз асқақ идеяларға толы әл-Фараби мен Абай дүниетанымдары қарастырылады. Келешек ұрпаққа адамшылық жолды көрсететін ойшылдардың этикалық ұстанымдары, нұсқаулары жан-жақты сараланады. Олардың рухани, өнегелілік тұрғыдан жетілдірудің жалпыадамзаттық озық және этикалық идеялары, бірлік пен татулық, еркіндік, жақсылық, арлылық, адамгершілік, мейірімділік және әділеттілік, білімділік, т.б. өзекті философиялық көзқарасы – бүгінгі ұрпақ үшін үлгі болатын басты құндылық. Сондай-ақ мақалада адам баласының түрлі мінездерге ие болатыны ол мінездің жақсы болуы ақыл мен ғылымға тәуелді екендігін нақтылайтын тұжырымдамалары негізінде ашып көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** әл-Фараби, Абай, руханилық, кемелдік, тәрбие, қоғам, адамгершілік, адамшылық.

Бүгінгі тәуелсіздік заманда қазақ халқының рухани қазыналарын, өткені мен бүгінін, құндылығы шексіз асқақ идеяларын зерттеу маңызды. Тәуелсіз Қазақстанның алдынан жаңа кеңістіктер ашылып, өз болашағын өзі жасап, өз тағдырын өзі анықтап, өмірлерін мемлекеттің ұлттық мүдделері мен қазақ халқының адамгершілікті құндылықтарына сай етіп жасауға мүмкіндік алды. Осыған байланысты Ұлы дала ойшылдарының келешек ұрпаққа адамшылық жолды көрсететін ұстанымдары, нұсқаулары өте өзекті. Руханилық, өнегелілік тұрғыдан жетілдірудің жалпыадамзаттық озық идеяларымен қатар ойшылдардың бірлік пен татулық, еркіндік, жақсылық, арлылық, адамгершілік, мейірімділік және әділеттілік, білімділік сияқты философиялық көзқарастары тәуелсіз Қазақстанның рухани жаңғыруы және қайта құруларының рухани негізі бола алады.

Руханилық – еркін шығармашылық белсенділік арқылы, әлемге деген адамгершілік қатынас арқылы қалыптасады және сол құрылымдардың нәтижесінде дамиды, адам өмірінің мәніне айналады. Бұл адамның өз бойындағы барлық жақсы қасиеттерін әлемге беруге ұмтылысы, яғни ақылын, дарынын, қабілетін, шеберлігін, жүрек жылуын адамдарға, табиғатқа, Ғаламға паш етуінде. Осындай ұстанымдар басым болғанда ғана адам рухани дамудың жолына түседі. Ал енді, керісінше, бұл өмірде, қоғамда, әлеуметтік дүниеде жеке басының қамы үшін қызмет етуді негізгі ұстаным еткен адам руханилық аясынан алыстай түседі [1, 11 б.]. Рухани жетілу жолдары өте ауыр жол, өйткені жамандық жасау өте оңай, жақсылық жасау қиын болатынының бәріміз жақсы білеміз. Күнделікті тіршілікте болатын әр түрлі жағдайлардың жаман жақтарын тізіп отыратын болсаң адамның өскенін өшіреді, сондықтан адамның ішкі жетілуін ізгілікті істерге жетелеу қажет. Адам табиғатының жетілуі, адам болмысының үйлесімі бастапқыда ақылға қонымды, мейірімділікке, жақсы өмірге ұмтылу қабілетімен анықталған. Ақыл-ой мейірімділікке басшылық етеді және адамдардың қалауы мен іс-әрекеттерін қажет және пайдалы нәрсеге бағыттайды.

Рухани кемелдену мәселесі қашанда адамның өзіне-өзі үңілуінен, өзімен-өзі күресуінен басталады, өйткені барлық жақсылық пен жамандық, тазалық пен арамдық, әулиелік пен күнәһарлық адамның өзінің ішінде. Мәселе – тек өмірлік ұстанымда, дұрыс таңдау жасай білуінде. «Руханилықтың ең негізгі өлшемдерінің бірі – адамның жақсылыққа қарай талпынысы, – дейді С. Нұрмұратов. – Ал кез келген мақсатқа қарай ұмтылыс жақсылыққа қарай барар жол емес, өйткені, «мақсат – оған жетуге тиісті құралды ақтайды» деген қағида адами өлшем тұрғысынан теріс түсінік болып табылады. Қоғамдағы әділдікті ешқашанда күштеу, зорлау арқылы жүзеге асыруға болмайды. Бұл рухани әлемнің заңдылығына қайшы келетін іс-әрекеттер. Тек адамға біткен ішкі нұрдың күшімен, шыдамдылық пен мойынсұнушылық арқылы барлық қайшылықты жеңіп шыққанда ғана руханилықтың есігі ашылады» [2, 37 б.].

Бүгінгі таңда ұрпақты рухани құндылықтарға, адамгершілікке тәрбиелеу, ең басты адами қасиеттердің бірі болғандықтан рухани бай адам ұрпақтың тұлға ретінде қалыптасуын тәрбиеден, білімнен бастайды. Ж. Аймауытов өзінің «Тәрбие» деген мақаласында адамның хайуаннан айырмашылығын айта келіп, адам бойындағы жаман қылықтарды тәрбиенің жоқтығына әкеледі. «Хайуан жаратылыстан өзіне біткен бір сезімнің қуатымен өзіне лайық болған қылмыстан артық еш нәрсе істемейді. Адам жүгенсіз бетімен кетсе, адамдыққа лайықсыз талай қылмысты істейді» – дейді [31, 132 б.].

Ұлы ойшыл әл-Фараби қоғамдық болмыс үшін де тәрбиенің, ақыл-парасаттың, адамгершіліктің маңыздылығын үнемі алға тартады. Тәрбиенің шынайы өзегі жеке адамның рухани әлемге назарын толығымен аудару бастаған шағынан басталады. Абай адам болудың және адамгершілік қасиеттің жүйелі жолын ұсынады. Онда ақын Аристотель, әл-Фараби келтірген тұжырымдарды негізге алады. Ол адамгершілікті, моральдық философияны барлығынан жоғары қояды. Адамзат үшін ең құнды нәрсе өмір

болса, сол өмірді мәнді, сәнді ететін – адамгершілік. Адамгершілік қаламгерлердің дерлік барлығына ортақ тақырып.

Әл-Фарабидің пікірінше, адамдар рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдірсе, айналадағы дүниені, ақиқатты танып біледі және тұлға ретінде қалыптасады. Адам ізгі істерді өз еркімен, адал ниетімен, жиі жасап тұруы керек, адам ізгілікті таңдағанда ғана оның ісі адамгершілікке жатады, егер істеген істерінің қайтарымын күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады. Өз бойында жоқ бола тұрып, адам өзін ізгі қасиетті адамға, жүріс-тұрысы жөнді адамға жатқызса, онда ол адамның өзі туралы жалған пікір туғандығы. Адам ізгілікті, әсемдікті, адамгершілікті, ұлылықты басқа нәрседен емес, рухтың іс-әрекетінен алады, адам рухын тәрбиелеу арқылы кемелдікке және ізгілікке қол жеткізеді. Әл-Фарабидің ең жоғарғы даналығы – ізгі болу, сондықтан ойшылдың кемел адамы – ізгі адам. Кемелдікке жету үшін өзіне деген шынайылық, өзінде бардың бәрін иелену және дамыту қажет. Кемелдік – бұл даналықты жақсы көретін адамның мәңгілік даму процесі. «Кемелдік дегеніміз – адамның бәрін жасай алатындығы немесе білетіндігі емес, оның әрдайым ұғынуы... Оның кемелдікке жеткен адамы – бұл тек парасат пен парыздық сезімі бар адам емес, бұл қайырымды қала тұрғындарын жылытатын жүрегі бар адам» [4] – дейді белгілі ғалым Н.Л. Сейтахметова.

Ізгілікті өмір сүруге, ізгіліктердің түрлері, олардың жанмен және ақылмен байланысын түсінуге, адамдарды тәрбиелеуге, адамгершілікті, жауапкершілікті дамытуға қажетті жағдай жасайтын қала (қоғам) дейді ойшыл. Адам табиғатынан қоғамда бірігіп өмір сүру арқылы бақытқа ұмтылып, оны жүзеге асыратын тіршілік иесі. Адам өзінің ар-ожданы алдында адал, шыншыл, жүріс-тұрысы дұрыс болса – ол адамның ең жақсы қасиеті, ізгілік пен бақытқа апаратын жолды таңдауы. Яғни, адамдық кемелдік басқа адамдармен қарым-қатынаста дамыған немесе дамымаған қоғамда жүзеге асады және ең жоғары парасат пен ең жоғары кемелдікке қоғамда қол жеткізуге болады. Сондықтан адам тәрбиесінде қоғамның рөлі өте маңызды, өйткені, көптеген объективтік және субъективтік себептердің, қоршаған ортаның, алған білімі мен тәрбиесі әсерінен, адамның рухани келбеті, мінезі, жүріс-тұрысы, еркіндігі, жауапкершілігі қалыптасып, өзгеріп отырады. Бірақ қала бар болғаны кемелдікті жүзеге асыру мен бақытқа жетудің қажетті жағдайы ғана.

Фарабидің «Азаматтық саясат», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбектері кемелдену процесі арқылы идеалды азаматтық қоғам құру мәселесіне арналды. Ойшылдың пікірінше, кейбір қоғамда моральдық сана қалыптасса, басқаларында – надандық қалыптасады. Ізгілікті қаланың негіздері – моральдық дәстүр, ағартушылық, білім. «Адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала қайырымды қала болып табылады, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын болса, бүкіл жер жүзі осылайша қайырымды болмақ» [5]. Осындай қоғамды, қаланы басқарушы адамның көпшілік алдында жауапкершілігі көп екендігін ескеріп, оған көптеген шарттар мен талаптар қояды. Сөйтіп, қайырымды қаланы қайырымды адамның басқарғанын қалайды. Ол өзінің білімін сөзбен жеткізіп, адамдарды бақытқа жетудің дұрыс жолына бағыттап біледі және адамгершілік идеологиясын қалыптастыруды көздейді.

«Бақытқа жол сілтеу» атты трактатында әл-Фараби адамның алдына қойған мақсатына, бақытқа жетудің мүмкіндіктерін көрсетті. Бақыт – ойшылдың пікірінше, адам қол жеткізе алатын ең жоғарғы игілік және қалаулы заттардың ішіндегі адам талпынатын ең жетілген мақсат. Адам бақытының шыңына жету соған жетуді қалайтын адамнан оны игерудің әдісі мен амалын табуды талап етеді. Белгілі фарабитанушы ғалым Г.К. Құрманғалиева былай дейді: «Бақытқа апаратын жол, шын мәнінде, ізгі адамның жолы. Оған жету үшін әл-Фарабидің еңбектеріндегі білім, парасаттылық, ұқыптылық, өлшем, денсаулық, шыншылдық, достық және т.б. қажет» [4]. Ойшыл бақытқа жету мәселесін түсіндіріп, қалай іс-әрекет жасауда ол догмалық нұсқауларға жүгінбеген. Керісінше, бақытқа апаратын жол жағымды және жағымсыз сәттерден тұратынын ескертті. Әр түрлі этикалық мәселелер бойынша пікір білдіре отырып, ойшыл адамды қате таңдаудан үнемі сақтандырып, жақсы мен жаман, қайырымдылық пен қайырымсыздық, әсемдік пен түрсіздікті қарама-қарсы қояды. «Бақыт бұл өзі үшін ғана ізделетін қайыр, жақсылық. Бақытқа жетуге көмектесетін ерікті әрекет – бұл әдемі әрекет. Оларды тудыратын адамгершілік пен әдеттер – бұл қайырымды нәрселер. Бақыт – бұл әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол кемелдік» [6, 239 б.], – дейді ойшыл.

Абай өзінің шығармаларында бүкіл адамзаттық мұрат пен арман-мүдделерді жыр еткен бір ұлттың әлемдік деңгейдегі терең ойлы асқақ философ-ақыны. Ол тұлғаның адамгершілік тұрғысынан биіктерге көтерілуін насихаттап, өз еңбектерінде «Адам бол!» деген адамгершілік үндеу тастай отырып, кісілікке, адамшылыққа, имандылыққа жетеледі, адамды сол тұрғыда жетілдіруге, сол арқылы қоғамды кемелдендіруге ниеттенді. Бұл – ақын шығармаларының басты өзегі. Осы арқылы ол адамның қоғамдық өмірдегі басты рөлі мен орнын анықтайды, ондағы сыншыл ақылды жоғары бағалайды. Соның арқасында тек бір

халықтың данышпан ойшылы ғана болмай, бүкіл әлемдік мәдениеттің көрнекті өкіліне айналды. Абай үшін ақындық қана мұрат емес, оның ақындығы – адамгершілік танымының құралы. Ол белгілі бір адамгершіліктің, адам болу мен кісіліктің өзі тапқан қалыбын, жүйесі мен жолын жасайды. Адам тану мен адамгершіліктің мәніне, сырына үңіле түседі. Қайтсем адам атын асқақ, асыл етем деп шарқ ұрады [9, 265-б.].

Абай да адамдықты ақылмен байлаған ғылыммен жетілетіндігін келтіреді. Сол ғылымды игеруде үш ұстын болуын, олардың сау әрі мықты болуын айтады. Осы негіз еткен үш ұстын жақсы болған қоғамда адамның адамдығы да жақсы толығады дейді. Ондай қоғамды қалыптастырған халықтың да болашағы жарқын болатынын меңзейді. Міне ақын адамның адамдығын да, ақылдың жетілуін де ғылымға негіздеп, оның мықты болуын тәннің саулығы мен мықты зейінге жетелейді. Ал бұл мәселелердің барлығының қағидаты жақсы ата-ана мен ұстаздан қалыптасады деп тұжырымдайды. Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» деген еді [7].

Абай өмір сүрген уақыт қазақ елінің тәуелділікке мойынсұнған кезеңі болғандықтан, ол халықтың надандығын жойып, қоғамның артта қалушылығымен күресу үшін әр адам ең алдымен өзінен бастап, бойындағы жаман қасиеттерінен арылып, кемшіліктерін түзеп, жүректі, ойды тазартуы керек деген пікір айтады. Қазақтың өтірікші, өсекші, еріншек, жалқау, сұраншақтық, мақтаншақтыққа үйір болуының бірден-бір себебі – жұмыссыздық. Егер пайдалы еңбекпен айналысып, егін салып, сауда жасаса одан арылуға болар еді деп түсінді. Өйткені, адамды аздыратын жаман қылықтар бос уақыт пен еркіндігін дұрыс пайдаланбағаннан туындайды. Ол туралы Абай былай дейді:

«Бәрі де шаруаға келеді олақ  
Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,  
Олардың жоқ ойында малын бақпақ,  
Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ  
Жалғыз атын терлетіп, ел қыдырып,  
Сәлемдеспей, алыстан ыржақ қақпақ» [8, 28-б.]

Абай адамның рухани жетілуі шексіз екенін көрсетті. Нағыз рухани жетілген адам ғана өзінің барлық білгенін, оқып-тоқығанын, танып-білгенін адамзатқа, халқына, еліне бағыштайтынын айта келе, адам үшін ұлы бақыт халықтың қайғы-қасіреті мен ауырпалығын жеңілдету деп біледі, оның жоғары міндетін адамдарға зор пайда әкелу деп бағалайды. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» [10, 78– б.] – деп, бұл мәселені халыққа білім беру, ағарту тұрғысынан шешті. Ұлы Абай «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» [10] – дейді.

ХХІ ғасырда ұлы Абайдың сарқылмас рухани мол мұрасын жүйелі түрде зерттеу қажеттілігі туындағанда, белгілі абайтанушы Ғ. Есімнің «Хақім Абай» кітабында «Асылында, адамның ғұмырынан асқан қандай ақиқат болуы мүмкін: тек ғұмыр болған жерде ғана зерделі сөз, айтылар ой, жазылар кітап болмақ. Адам ғұмырынсыз болмыс мәнсіз. Себебі болмыстың бар-жоғы туралы айтатын жан болмаса, оның растығын кім дәлелдемекші? Осы идеялары үшін біз Абайды хақім дейміз. Хақімдер – болмыс құбылысының мәні мен себебін анықтап, адамзатты түзу жолға салушылар» [11, 385-б.] деп, ұлы ақынның даналық дүниетанымын сараптайды. Ол ақынның жекелеген ойының түйіндерін түсіндіретін герменевтикалық тәсілді қолдана отырып, Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі философиялық тұжырымдарды нақтылы ұғымдар түрінде қарастырды. Бұл еңбек ұлы ойшылдың мәңгілік өшпес рухани мұрасын қайта жаңғыртып, жастардың санасына даналықтың нұрын шашып, парасатты ой ұялататын, қазақ халқының қоғамдық ой-пікірінің қалыптасуына ықпал етеді деп сенеміз.

Сондықтан Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз Абайды ХІХ ғасырда өмір сүріп, ХХІ ғасырдың сөзін сөйлеген данышпан ретінде әлемге танытуымыз керек. Сонымен қатар оны ұлттық сананы жаңғыртуға зор ықпал еткен рухани реформатор ретінде дәріптеуге міндеттіміз» [12]. Түйіндей келгенде, қоғамның барлық салаларының маңыздылығы мен мәнділігін анықтаушы, басты, үстемдік етуші адамның адамгершілік болмысы болып табылады. Әл-Фараби қайырымды қаланың теориялық үлгісін жасау арқылы адамзаттың болашағына сенеді, ақыл-парасаттың дамуына, түбінде әділеттілік пен жақсылықтың жеңетініне үміттенеді. Абай қоғамдық-философиялық ой жүйесін қалыптастыруда адамның дүниетанымын, эстетикалық көзқарасын діни құндылықтар негізінде мәдениетті, өнегелі, түсінігі мол, заманына лайықты болуын қалады. Соның арқасында оның жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуының формуласын жасады. Бір сөзбен айтқанда, адам моральдық, этикалық, яғни адамгершілік құндылықтарды игерген, ұлттық дәстүрдің мазмұнына сай, өмірге деген құштарлығы мол,

адам болып келген соң, адам болып кетуді насихаттайды. Оның адамшылық, кісілік, имандылық тұрғысынан жетілуді ұсынған ой-тұжырымдары таптырмас мұра. Өткеннен сабақ алып, келешекке жол салуды сілтейтін ойшыл ақынның адам болып қалыптасудағы еркіндік идеясы бақытты болудың формуласы және өзін-өзі жетілдірудің әдіс-тәсілі. Ал бүгінгі қоғам үшін Абай Құнанбаевтың шығармашылығынан қазақ халқының рухани болмысының қалыптасуында ұлт болашағының еркіндігін болжағанын әбден көруге болады.

Сондықтан әл-Фараби мен Абай айтқан кемелденген қоғам – бұл ізгі ниеттілердің қоғамы, бұл адал, тәрбиелі адамның болмысы. Қазіргі әлемде адам мен қоғамның тағдыры толығымен адамның рухани-адамгершілік қалыптасуы мен жетілуіне байланысты. Бұл жерде ең маңызды мәселе жан-жақты білім алу, дүниені түсіну, рухани және адамгершілік кемелдікке жету. Бұл қоғамда сөз жоқ, әдеп-ғұрыптарды, жақсы дәстүрлерді, қоғамдық моральді таратады. Қазіргі заманның талабына сай қоғамды дамыту және қоғамның белсенділігін арттыру, қоғамға пайдалы, отанын сүйетін, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болатын, рухани бай және мәдениетті жан-жақты дамыған, интеллектуалды жастарды қалыптастыру, рухани тәрбиелеу әрбір отбасынан, білім ошақтары мен қоғамның белсенділігінен басталады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. Ұжымдық монография / З.К. Шәукенованың жалпы редакциялауымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 375 б.
- 2 Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы: ҚР БҒМ Философия және саясаттану институты, 2000. – 180 б.
- 3 Аймауытов Ж. Шығармалары. 5 томдық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. 5-том. – 456 б.
- 4 Курманғалиева Г.К., Сейтахметова Н.Л. Научные труды аль-Фараби. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
- 5 Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары // Философиялық трактаттар. Алматы: Ғылым, 1973. – 446 б.
- 6 Әл-Фараби философиялық көзқарастары // Әл-Фараби Философиялық трактаттар. Алматы: Ғылым, 1973. – 446 б.
- 7 Қасым-Жомарт Тоқаев. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Ege men Qazaqstan, 9 қаңтар, 2020.
- 8 Абай /Ибраһим/ Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – Т. 1 – 336 б.
- 9 Әліпхан М.К. Адамгершілік ілімі және Хәкім Абай. – Алматы: Қазақ кітабы, 2020. – 480 б.
- 10 Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. – 272 б.
- 11 Есім Ғ. Хәкім Абай. – Астана: Фолиант, 2012.
- 12 Қасым-Жомарт Тоқаев. Абай – рухани реформатор // Ege men Qazaqstan. 10 тамыз, 2020.



## ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ БІЛІМ МӘСЕЛЕСІ

**Раисов Қ.Д.**

*Философия мамандығының 3 курс PhD докторанты*

*Ғылыми жетекші: профессор Алтаев Ж.А.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.*

**Аннотация.** Мақалада әл-Фарабидің шығармаларындағы тарихи білім мәселелері қарастырылады. Әл-Фарабидің тарихи білімді қарастырудағы ойларын түсіну үшін оның шығармаларына талдау жасалынады.

Қазіргі уақытта қоғамдық санадағы рухани жаңғыру мен жаңару алдымызға жаңа міндеттер мен талаптар қойып отыр. Әл-Фарабидің идеяларына сүйене отырып, осы мәселелерді шешуге мүмкіндік аламыз. Әл-Фарабидың адам мен қоғам жөніндегі тұжырымдары, мемлекетті басқару, әлеуметтік-этикалық және саяси көзқарастары, бүгінгі қоғам үшін және қазіргі кезеңде мемлекетіміздің дамуы үшін ерекше маңызды.

**Түйін сөздер:** Ортағасырлар тарихы, әл-Фараби, тарихи білім, түркі философтары, адам, қоғам, қайырымды қала, білім.

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесі, танымдық мұрасы мен дүниетанымы баға жетпес асыл қазына. Осы тарихи әрі рухани байлықты сақтап, әрі қарай дамыту бүгінгі ұрпақтың міндеті. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Ұлы Даланың жеті қыры» [1, б.1-2]. атты мақаласында атап көрсетілгендей, кез келген халық, оның ұрпағы өзінің тарихын, адамзат дамуына қосқан үлесі туралы білуі тиіс. Елбасы мақаласында әрбір азамат туған жерінің тарихын білуге, құндылықтарын қастерлеп, дамуына өз үлесін қосу қажет деген міндетті қойып отыр.

Ұлы даланың ұлы есімдерін Әл-Фараби және басқа да көптеген ұлы тарихи тұлғаларымыздың мол мұраларын насихаттау қажеттігін атап көрсетті. Төл тарихын және мұраларын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор.

Жаһандық өркениет заманында тарихи білімнің терең мәні бар. Әл-Фарабидың адамгершілік, имандылық ойларының бәрі де осы көзқараспен ұштасып, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым. Сондықтан ұлы ғұламалардың әлеуметтік-этикалық тұжырымдамаларында бақыт, білім, мейірбандық, сұлулық, адамгершілік, жақсылық категориялары басты орын алады. Әл-Фарабидың мұралары адамның абсолюттік құндылықтарға негізделген тұлға ретіндегі гуманистік идеяларға және терең философиялық ойларға толы. Қазіргі таңда болашақтың жобасын дұрыс жасау үшін, «ізгі қала тұрғындары» туралы рухани-адамгершілік, өнегелі-саяси ілімді заманауи тұрғыдан қарастыру қажеттілігі туындап отыр.

Әл-Фарабидың шығармашылық мұралары қазіргі таңдағы жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық мәдениеттің қайта жаңғыруына рухани негіз болып табылады. Осы уақытқа дейін зерттеліп келген әл-Фарабидың шығармалары қайта-қайта қарастырылып, талданғанымен басқа да тың қырлары шыға берері сөзсіз.

Ортағасырлардағы түркі философтарының шығармаларындағы көзқарастары әлемдік философиялық ойдың дамуындағы ерекше кезең ретінде қазіргі Қазақстанның тарихи білімін дамыту ісінде ерекше маңызға ие болып отыр. Орта Азия мен Қазақстан сонау Шығыс Жерорта теңізінен қазақ даласына дейін созылып жатқан, адамзат өркениетінің ежелгі ошағы пайда болған кең-байтақ аймақ. Б.д. VII ғасырдың ортасынан бастап Орталық Азия мен Қазақстанның жартысы орасан зор Араб халифатының құрамына қосылды. Халифаттың құрамына енген территорияларда жүзеге асқан сол кездегі этногенетикалық, тілдік және мәдени процестер өте күрделі болды. Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы маңызды этникалық бұқаралар тілі бойынша «арабшаланды». Алайда, туған тілдерін сақтап қалған елді мекендер орналасқан аймақтарда исламизациялау орын алды, сонымен бірге араб тілі кең қанат жайып, барлық мемлекеттік жазбалар жергілікті тілден араб тіліне аударылды. Осылайша, әртүрлі тілде сөйлейтін көптеген халықтар мекендеген мемлекет – халифатта бұл тіл жалпы мемлекеттік қарым-қатынас тіліне айналды.

ҮІІ-ІХ ғасырларда көптеген деректер бойынша Орта Азия мен Қазақстан жерінде тарихи білімнің жазбаша қалыптаса бастағаны белгілі. Орта Азия мен Қазақстандағы мұсылман мектептері мен медреселердің өмір сүруі осының айғағы.

ІХ-ХІІ ғасырларда халифат мәдениеті сол кездегі еуропалықтан әлдеқайда жоғары дәрежеде болды. Себебі, еуропалықтар Шығыс халықтарының жетістіктерімен танысуын шығыстық ғалымдардың еңбектері мен іс-әрекеттері арқылы меңгеріп, шығармашылық тұрғыда өңделген көптеген антикалық дәстүрлердің кең таралуына ықпал жасаған.

Тарих, тарихи үрдіс, тарихи білім мәселелері туралы құнды ой-пікірлерін, идеялары мен тұжырымдарын Орта Азия даласының ұлы ойшыл-ғалымдары Әбу Насыр әл-Фараби, Ибн Сина, әл-Бируни, әл-

Хорезми, Омар Хайям, Аббас Жаухари, Кинди, Руми, Мирзо Ұлықбек, әл-Ферғани, Хабаш әл-Хасиб, Әбу Машар, Жафар, Мұхаммед әл-Балхи, Ибн Рушд және т.б. қалдырған. Бұл ғалымдар мен ойшылдар медреселерде білім алып қана қоймай, медреселердегі оқыту, тәрбие жұмыстары мен оқытудың әдістемелік негізін алғаш жасаған және тек халифаттың ғана емес, бүкіл адамзат мәдениеті мен ғылымына ірі үлес қосып, дәрістемелік оқулықтарын, педагогикалық трактаттары мен ғылыми еңбектерін араб тілінде жазған.

Тарих ғылымында көп уақыт бойы еуразиялық дала аймағы тек көшпенділік мал шаруашылығына ғана жарамды болды, ал көшпенді тайпалар мен халықтардың мәдениеті төменгі дәрежелі, себебі көшпенділер жоғары өркениет құруға қабілетсіз деген жалаң тұжырым үстемдік етті. Мұның бәрі, әрине шындық емес. Араб халифаты дәуірінің өзінде Орталық Азия мен Қазақстандағы білім және мәдениеттің орталықтары – Хорезм, Бұхара, Самарқанд, Отырар, Испиджаб, Тараз, Сайрам, Түркістан және т.б. қалалардың маңызы өте зор болды. Атап айтсақ, Орта Азияда медреселер пайда болып, білім беру ісі дами бастады, кейін X-XI ғасырларда бүкіл мұсылмандық Шығысқа кең қанатын жайды. Бұл оқу орындарында құдай жолын үйрететін пәндерден басқа заң, әдебиет, логика, риторика, жағрафия, философия сияқты пәндер де оқытылған. Ал, тарих пәні ХУ ғасырға дейін оқу жоспарына дербес пән болып енгізілмеді.

Тарихи білімнің дамуы және маңызы туралы өз еңбектерінде Орта Азия мен Қазақстанның орта-ғасырлық ұлы ғұламалары мен зиялы қауым өкілдері жазған. Мәселен, ортағасырлық ұлы данышпан Әбу-Насыр әл-Фараби: «Тарихты білмей – өткенді, қазіргі жағдайды, келешекті болжау қиын», – десе, бұл ойды ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ ғылымы мен білімінің хан тәңірісі А.Байтұрсынұлы: «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих», ал Алаш арысы Ә. Бөкейхан: «Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға бейім тұрады... Дүниеде өңген жұрттар қатарында қор болмайын, «тұқымым құрып қалмасын» деген халық өзінің шежіресін имани дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады», – деп айтқан болатын [2, б.4]. Ғалым Ж.Аймауытов: «Адамның жан қуаттарының жетілуіне, ақыл көзінің шарасын ұлғайтуға тарихтың маңызы күшті», – дейді. Қазақ зиялыларының бірі, Халел Досмұхамедұлы тарихтан білім берудің маңызды міндеттері: «Ең негізінен бастап әр пәндерден түсінікті қылып жалпы білім беру; бұрынғы өткен халықтармен, олардың мәдениетімен салтымен таныстыру жер жүзіндегі елдермен жерлермен таныстыру т.б. ... Өз еліміздің өткен кеткені туралы, басынан кеткен дәуірлері туралы бұрынғы, осы күнгі мекендері туралы қолдан келгеніне толық мағлұмат беру, ата-бабаларымыздың істерімен таныстырып, өткен жаңылыстарына күйініп жақсылығына сүйініп ғибрат алмақ адамға сана береді», – « [3, б.11]. деп атап көрсетеді, яғни, ұлы ойшылдар мен ғалымдар тарихтың қоғамдағы алатын орнына өте жоғары баға береді.

«Жалпы адамзаттың өркениет қазынасына өз үлестерін қосқан халықтардың мәдени және ғылыми мұралары – ғасырлар тереңінде өздерінің ізгі ойларын ұсынған ұлы адамдардың есімдерін ғана емес, әр ұлттың өзіне тән бай мәдениетін де көрсетеді. Басқа әлем халықтары сияқты қазақтар да бай, дамыған мәдени-ғылыми философиялық ойлары бар халық. Мұндай халық әлемдік мәдениеттен лайықты орнын алуы тиіс» [4, б.10]. деген ғалымдардың берген бағасы шындыққа сәйкес пікір екендігін білеміз.

Қазақ халқының тарихи өзіндік дүниетанымдық, сана-сенімдік көзқарастары әртүрлі тарихи кезеңдерде өмір сүрген ұлы ойшылдар мен жыршы-жыраулардың, ағартушылар мен қоғам қайраткерлерінің шығармашылық еңбектерінде көрініс тапты. Түркілік заманда тарихи білімнің дамуында басты орын алған, адамзат тарихының дамуы барысында адам бойындағы рухани құндылықтарға назар аударып, келер ұрпаққа өшпестей мұра қалдырған түркі әлемінің ұлы ойшылы, көрнекті философ қатарына Әбу Насыр әл-Фарабиді жатқызамыз. Ол ғылым мен білімдегі, адам мен әлемдегі ең терең байланыстарды, қасиеттерді, сипаттарды құндылық ретінде өрнектей білген. Өзіне тән энциклопедиялығымен әл-Фараби әр түрлі мәдениеттер мен өркениеттер идеяларын синтездеудің жемісті тәжірибесін көрсетіп, тең құқықты тарихи сұхбат, жалпыадамзаттық құндылықтарды (олардың ішінде көшпелі түркі әлемінің құндылықтары да маңызды орын алады) орнықтырудың үлгісін айқындады.

Егер Әбу-Насыр әл-Фараби қоғам дамуының, әлеуметтік өмірдің, этикалық қасиеттердің көптеген мәселелеріне тоқталып, «мәртебелі мемлекеттің болуы, ондағы халықтың бақытты, алаңсыз өмір сүруі ел басшысына байланысты, ... жан-жақты білімі бар, әділ, инабатты, мейірімді, жақсылыққа жаны құмар, жамандықтан жаны жиренетін, жұртымен санаса білетін адам ел басқарса, халықтың қадір-қасиеті артады, хал жағдайы жақсы болып, көсегесі көгереді», – деп ой түйіндеген [5, б.85-125].

Әл-Фараби өмір сүрген дәуірде, бүкіл ортағасырлық Шығыста феодалдық қатынастардың қалыптасуы аяқталып, бірте-бірте өндіріс күштерінің жоғарылауы, қалалардың өсуі және осыған байланысты мәдениет пен ғылымның жандануы байқала бастайды. Әлемдік ғылым мен мәдениет тарихында Орталық Азия, Қазақстан және бүкіл Шығыс халықтары, Еуропалық классикалық ежелгі грек философиясымен Фараб қаласының данышпан тумасы, ұлы ойшыл, философ, ғалым-энциклопедист әл-Фарабидің арқасында танысады. Атап, айтсақ, ХІІ ғасыр мен ХVІІ ғасырдың аралығында әл-Фарабидің еңбектері: «Ғылымдар классификациясы», «Зерденің мәні туралы», «Мәселелердің бастауы», Аристотельдің «Физика», «Поэтика»

шығармаларына түсініктемесі, «Бақытқа жету жолдары туралы», логика бойынша трактаттары бірнеше рет латын тіліне аударылады. «Үлгілі оқу туралы трактатында» медресе ұстазының тұлғасы, ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас туралы айтса, «Сана туралы трактатында» оқыту ісінің кейбір әдістері мен тәсілдері туралы пікірлерін берген. «Әлеуметтік-этикалық трактаттарында» оқытудың принциптерін жан-жақты түсіндірген. Оның шығармашылығында Мысыр, Сирия, Иран, Ирак, Солтүстік Африка халықтарының мәдениеті мен ғылыми жетістіктері баяндалады. Адам қоғамының идеалды образын қарастырғанда әл-Фараби “қоғам”, “мемлекет”, “азаматтық қоғам” және с.с. ұғымдарының аражігін ашатын қазіргі философияда қолданылатын ұғымдармен істес болмайды, ол “қала” ұғымын қолданады. “Қала” – шын мәнінде, адамдардың мемлекеттік ұйымдасу формасы, бұл адамдардың қандастық туыстық принципі бойынша немесе әскери одақ немесе басқа бірдеңенің негізінде емес, саяси өмірге азаматтық қатысу негізінде бірігуі. “Қала” – адамзат қоғамының жалпылама өкілі ретіндегі мемлекеттің бейнесі. Әл-Фараби шығармаларын талдаудан шығатын қорытынды, міне осы. Ал, қазіргі кезеңде қала ұғымын талдасақ, қала-адамдардың бірлесіп бақытқа жетуінің мақсатты формасы. Қалада адамдар бірлесіп өмір сүріп, армандарына жетіп, мәдениетті ұрпақ өсіріп, мемлекеттің дамуына өз үлесін қосады. Қала-мемлекеттің жүрегі іспеттес. Себебі ол әкімшілік, қаржылық, құқықтық, мәдениет, білім, өркениет орталығы болып табылады.

Мемлекет, әл-Фараби бойынша, адамдардың өзі тәрізділермен қарым-қатынасқа түсу қажеттілігінен туындайды. “Бақытқа жету туралы” еңбегінде әл-Фараби: “... Әр бір адам қол жеткізе алатын жетілгендікке жету үшін басқа адамдардың қауымын, олармен бірігуді қажет етеді... оларға табиғатынан өзі тектестердің арасынан пана іздеп, солармен бірге өмір сүру тән. Сондықтан да ол адами немесе азаматтық жануар деп аталады,” – дейді” [6, б.23].

Идеалды басшының он екі жоғарғы кісілік қасиеттерін атап көрсетіп, әл-Фараби, бар мен тиістіге назар аударып, адамгершілік жағынан жетілгендік, кемелділік мәселесіне өткірлілік береді. Сондықтан қайырымды қала мен осындай қала басшысы – жетілген адам мұратын орнықтыра отырып, әл-Фараби адамзаттың гуманистік ой тарихында терең ұялаған гуманизм мұраттарын паш етеді. Оның әлеуметтік – саяси философиясының басты мақсаты да осында. Бұл адамдарға басшылық етіп, мемлекет пен адам игілігіне бағытталған саясатты іске асыруға қабілетті мемлекеттік басқару, оның лидері – жоғарғы адамгершілікті адал адам мәселелеріне де қызығушылықты арттырады, сондықтан оның бұл идеалдары жаһандану заманында жас ұрпақ пен өкімет билеушілерінің санасының қалыптасуында өте маңызды орын алады. Осы айтылған идеялар арқылы қазіргі қоғам жүруі маңызды. Ол тарихи білімнің дамуында басты рөл атқарады.

Әл-Фараби Орталық Азия мен Қазақстанның жоғары деңгейдегі ежелгі және ортағасырлық өркениетінің жемісі болды. Сонымен қатар, Орта Азиядағы тарихи білімнің қалыптасуына үлес қосқан ұлы ғұламалардың бірі әл-Фарабидің ғылыми еңбектері тарихи білімнің сүбелі жақтарын құрайтынын есте сақтаймыз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры // Тәуелсіз Қазақстан. – Алматы. 21 қараша 2018 жыл.
2. Тайжанов А. Тәуелсіздік және ұлттың рухани болмысы мен санасы // Егемен Қазақстан, 2011. – 17 желтоқсан.
3. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. 20-томдық. 5-том. Астана: Аударма, 2005, 528 бет
4. Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 5-том. Әлеуметтік философия. Этика. Әстетика. (2 бөлім) Астана: ТОО «Лотос – Астана», 2007, 299 б.
5. Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. Алма-Ата: Наука, 1973, 296 б.

## «БАБАЛАР СӨЗІ» ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

*Сәбет Жансұлтан*

*Мәдениеттану магистрі, 2 курс*

*Ғылыми жетекшісі: PhD, доцент К.С. Ермагамбетова*

*Қазақ ұлттық өнер университеті*

**Аңдатпа.** Қазақ елі ұлан ғасыр тарихқа бай ел. Тарихты жазатын да, жасайтын да халық және сол халықтан шыққан ұлы адамдар, тұлғалар, даналар, бабалар. Сол даналардың айтқан сөзі, жазған ойы ұлттық ерекшелікті қалыптастыруда, жастарға тәлім тәрбие беруде өте маңызды орын алады. Мақалада «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында шығарылған, қазақтың сөз құндылығын, шешендік өнерінің кілтін дәріптейтін «Бабалар сөзі» жинағына талдау жасалды.

**Кілт сөдер:** сөз, баба, бабалар сөзі, шешендік өнер, ұлттық құндылық.

Сөз – зат пен құбылыстың атын, түр-түсін, сапалық белгісін, амалын, қимыл-әрекетін таңбалаушы негізгі мағыналық-құрылымдық бірлік. Болмыстың тілдік атауы ретінде дыбыс пен мағына тұтастығынан тұрады. Сөзді құраушы бірлік – дыбыс, ал мағына – сөздің ішкі мәні, мазмұны. Дыбыстық құрылым сөздің ішкі мәніне, ұғымға бағынышты болады. **Сөз** – тілдік категория, ұғым – логикалық категория. Ұғым **сөз** арқылы айтылады, бірақ сөз тілдегі барлық ұғымдарды білдіре бермейді [1, 98 б].

Баба, дана – білігі мен тәжірибесі мол, рухани әлемі бай, ой-сезімі сергек тұлға. Дәстүрлі қазақ ұғымында «ақылды, парасатты, рақымды адам» деген мағына береді. Даналардың өнегелі өмірі, ғибратты сөздері мен тағылымды іс-әрекеттері – жекелеген топтың, не әлеуметтік жіктің еншілер میرасы емес, барша адамзаттың рухани игілігі [2. 41 б].

Ендеше «Бабалар сөзі» ол жай ғана шығарма, туынды ғана емес, қазақ даласында туып өскен, халықының сыр-қырын білетін білігі мен тәжірибесі мол, рухани әлемі бай, парасатты, рақымды адамдардың, тұлғалардың санасынан, жүрегінен шыққан сөздерінің жиынтығы. Олардың әрбір айтқан сөзі бір ұғымды құрайды. Егерде біз жай сөз ретінде қабылдайтын болсақ ол тіл пәнінің құрамдас бөлігіне айналар еді. «Бабалар сөзі» деген тіркеспен тұрғандықтан ол үлкен философиялық ұғымға, мәдени мәтінге айналып отыр.

Шешендік сөздер қашанда халықтың қажетті мұрасы болып табылған. Сонымен бірге олар – тәрбие құралы. Қазақ елі қандай ауыр жағдайда өмір сүрмесін, өзінің би-шешендерінің сөзін жадында сақтап, жаттап айта жүруді, одан үлгі-өнеге алуды тоқтатқан емес. Шешендер мен билер әрқашан шындықты айтып, аз сөзге көп мағына сыйғызып, халықтың рухани қажетін өтеп отырған. Шешендіктің негізгі қасиеті – айтылған ойға тапқыр, әрі жедел жауап қайтару. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айту.

Қазақ халқының шешендік өнерінің алғашқы нұсқалары түркі халықтарының Орхон, Енесей ескерткіштері мен көне жазба мұраларынан табылған. Мұнда Қорқыттың айтқан нақыл сөзі жазылған. Көне жазба мұраларында М.Қашқари, Баласағұни А.Иүгники, С.Сарай, Құтып, А.Хорезм айтқан даналық сөздер табылған. Шешендік өнердің бастауымен даму кезеңдері 7 жарғы заңына байланысты. 7 жарғы заңы Салон заңымен ұқсас. Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің бәрінде де көркем айшықталған тіл өрнектері аса мол. Шешендік сөздерді халық әдетте белгілі бір аяулы аруының, ардагер асыл азаматтың есімдерімен қабыстыра қозғайды. Олардың санатына Жиреншеден бастап тарихқа танымал ұлы жүздің атақты Төле биін, орта жүздің қаз дауысты Қазыбек биін, Кіші жүздің Әйтеке биі мен бертіндегі Сырым батырын қосып, сол есімдерге байланысты өнегелі сөздерді шарапатты дұға есебінде ұсынады. Шешендік сөздер терең мағыналы, тіл өнегелі қисынды, ой ұшқырлығымен шешендікті дәріптейтін дуалы сөз үлгілері ғана емес, халық даналығының дүниетанымдық тәлім-тәрбиелік, мән-маңызы өлшеулі асыл қазынасы болып табылады.

Шешендік өнер 5 кезеңге бөлінеді:

1. Майқы би мен Аяз биден басталады. 12-13 ғасыр.
2. Асан Қайғы мен Жиреншенің кезеңі. 14-16 ғасыр. Осы екі дәуірдің шешендерін «Ел құрасқан шешендер» деп атайды.
3. 17-18 ғасыр «Ел қорғасқан шешендер» Төле би, Әйтеке, Қазыбек бидің уақытын атайды.
4. 18 ғасыр Хан сұлтандарға қарсы шешен Байдалы, Әз Жәнібек, Тіленші би, Шалқар би, Тарақты Тұяқ.
5. 19 ғасыр би, болыстарға қарсы шешен Махамбет, Бала би, Тұрысбол, Сырым батыр шешендіктері.

Қазақ шешендік өнерінің тарихы тым әріге кетсе де оны теориялық тұрғыдан толық зерттеу А.Байтұрсынұлынан басталады. Кезінде Ш.Уәлиханов, С.Сейфуллин, М.Әуезовтер шешендік сөздерді жинастырып, билер сөзінің тәрбиелік мәнін, философиялық сипатын, билердің қоғамдағы орнын түсіндіріп берді. Кейін Ә.Мәметова, Б.Адамбаев билер шешендігін арнайы тақырып етіп алып, кандидаттық диссертациясын қорғады. Бұл еңбектерде шешендік өнер бір ғана кезең, яғни ХҮІІ – ХІХ ғасырлар арасын

камтиды да, осы кезеңде өмір сүрген билердің шешендік сөздері тарихи әлеуметтік мәні, тақырыптық мазмұны жағынан талданады.

Өз кезінде жырау-шешендер, би-шешендер, ақын-шешендер артына ғибратты сөздер қалдырғанымен, шешендік сөздерді теориялық жағынан тұжырымдаған жоқ.

Ал А.Байтұрсынұлы зерттеулері – қазақ шешендік сөзінің сипаты мен түрлері, тілдік көркемдік белгілері туралы жазылған алғашқы еңбек. 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» деген еңбегінде шешендік өнерді сөз өнеріне жатқызып, сөз өнерінің ішкі және тысқы қалпын теориялық жағынан толық негіздеп береді.

Гректер мен римдіктер «өнердің патшасы» ретінде санаған шешендік өнердің қазақ елінде де қасиеті саналғанын түсінген ғалым қазақ шешендік сөздерін зерттеп зерделеуде де алғашқы болады. «Әдебиет танытқыш» деген еңбегінде ол өнердің түрлі-түрлі болатындығын, солардың ішіндегі ең алды сөз өнері екендігін «Өнер алды – қызыл тіл» деген халық мақалымен растады. Бұл мақалды шығарған қазақтың сөз баққан, сөз күйтеген, сөз қадірін білген халық болғандығын айтты. Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы атын «шығарма сөз» деп атады да, ғалым шығарманың мазмұнына қарай үш түрге: әуезе, әліптеме, байымдамаға бөлінетіндігіне тоқталады. Болған оқиғаны бастан аяқ болған түрінде, ретінше мезгілін, мекенін көрсете мазмұндап, мағлұмат беру-әуезе болады. Бір нәрсенің тұрпатын реттеп айтып, әлібін суреттеп шығару – әліптеме болады. Көсем сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып баяндаса, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарма байымдама деп аталады. Сондықтан шығарманың асылы – байымдама дей келіп, оларды негізгі белгілеріне қарап бірнеше түрге бөледі де, шешен сөз бен көсем сөзді байымдауға жатқызады. Шешендік сөздің байымдамасы басқа түрлерінен өзгешелігі – шешен сөзде айтушының мақсаты баяндап, сипаттап түсіндірумен қоймай, пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, бұйыту, иман келтіру екендігін айтады. «Оны істеу үшін, – дейді А.Байтұрсынұлы, – шешендер жай байымдаушыларша айтқан сөзі адамның ақылына қону жағын ғана көздемейді. Сөз қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып, билеп алып кетуге ыждағат етеді. Сондықтан шешен сөздің «қыздырма» яки «қоздырма» деген айрықша бөлімі болады. Оның қызметі – адамның жүрегін билеп, жүйесін босату, қанын қыздыру, намысын келтіру, арқасын қоздыру» [3, 23 б]. А.Байтұрсынұлының шешендік сөзге берген осы анықтамасын әлемдік дәрежеге көтерілген әйгілі шешендердің берген анықтамаларымен салыстырғанда, пікір ортақтығымен үндестікті табуға болады.

Мәселен, көне Грецияның атақты шешені Демосфеннің айтуы бойынша, шешеннің міндеті: 1) түсіндіру; 2) ояту; 3) ләззатқа бөлеу болса. А.Ф.Кони «Сот және саясат тақырыптарындағы шешендік» деген шығармасында: «Шешендік дегеніміз – тыңдаушылардың жан-сезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдарының жарқындығымен, нақыл, ғибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет, тума қасиет», – деп жазған [4, 12-14 бб].

А.Байтұрсынұлы да өзге ғұламалар тәрізді шешендік сөздің құрылымын белгілеп береді. Ежелгі Рим дүниесіндегі шешендіктің теоретигі Цицерон нені айтуды білу үшін, шешендік сөздің құрылым жағынан үш бөліктен тұратынын білу керек, олар: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды екенін нұсқаса, А. Байтұрсынұлы: «Шешен сөздің зор мүшелері бесеу: 1.Бастамасы. 2. Ұсынбасы. 3. Мазмұндамасы. 4. Қыздырмасы. 5. Қорытпасы» – дейді. Ұлы ғалым әр бөліктің айтылу мақсатына қарай қажетті атауларды таңдап қоя білген. Сонымен қатар А.Байтұрсынов шешендік сөздерді бірнеше топқа бөледі.

- 1.Саясат шешендік сөзі
- 2.Билік шешендік сөзі
- 3.Қошемет шешендік сөзі
- 4.Ділмар шешендік сөзі

5.Молдалардың нақыл сөзі. Бұлардың әрқайсысы халықтық, тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді талқылауда, дау-жанжалдарды шешуде өз рөлдерін атқарған [4, 26 б].

Ұлттық шешендіктанудың ғылыми негіздерін жасап, методологиялық арналарын белгілеп берген А.Байтұрсынұлы қазақ шешендік сөздерінің алғашқы теоретигі деуге әбден болады. А.Байтұрсынұлы шешендік сөздерді шешендіктің тақырыбымен мазмұнына, айтылу орнына қарай бес түрге бөледі: а) шешендер жиынды аузына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне қарар шығарту мақсатпен сөйлегенде – саясат шешен сөзі деп аталады; б) шешендер сотта айыпкер адамдарды ақтау я қаралау мақсатпен сөйлеп сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздері – билік шешен сөзі деп аталады; в) біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошеметтеп сөйлеген шешеннің сөзі – қошемет шешен сөзі деп аталады; г) білімділердің, ғалымдардың пән мазмұнды сөйлегені – білімір шешен сөзі деп аталады; ж) дін жайынан сөйлеген ғұламалар сөзі, молдалар сөзі – уағыз деп аталады.

Ол демек шешендік сөздерді алғаш айтушы жеке адамдар болғанмен оны кейін өңдеп жөндеуші сақтаушы халық. Сондықтан оның шын иесі авторы да халық дейміз деген ой айтады. Ал оның шешендік сөздерден құрылысына қатысты бірен-саран өңдеу, жөндеу жасау кез келген кісінің қолынан келе бермейді

– дейтін пікір де шешендік сөздердің «халықтығын» паш етіп тұрмағанын баяндауға болады. Шындығында М.Әуезов есте қалмаған ескі заманда шыққан Алдар көсе, Жиренше, шешен әңгімелерін, халықтық аңыздарды ғана қалың бұқара туындысы деп бағалаған. Демек тарихи таңба бедері бар шешендік сөздердің жолы басқаша. Олардың белгілі бір би шешенге тән екенін нақтылы тарихи оқиғалар шеңберінде айқындауға болады. Айталық «Алты Емен дауына дауа» сөзінің тек Бөлтірік шешен атынан айтылуының мәнісі осында. Көп нұсқалы болуын мұраны жеткізушінің шығармашылық құрамы деп түсінген жөн. Сонымен қатар шешендік сөздердің авторлығына қатысты мәселенің бірі – дәстүрлі шешендік сөздердің би шешендердің көпшілігіне қатар телінетіндігі. Өйткені оларды айтушы адам сөзі өтімді болу үшін көнеден қалған сөзді өз елінің беделді би шешендерінің атынан айтқан.

Өйткенде, бұл кемшіліктердің сөзге ұйытудың тәсілі екені рас. Алайда дәстүрлі тарихи деректер мен шежірелер, жазба мұрағаттар айғақ болмақ жағдайларда да дәстүрлі шешендік сөздердің алғашқы шығарушысын айқындау қиын. Дейтұрғанмен де ауызша сақталып жеткен дәстүрлі шешендік сөздердің билер сөзі екенін жоққа шығара алмаймыз. Ал дәстүрлі шешендік сөздердің би шешендердің көпшілігіне қатар телінетіндігі ауызша тарағандығымен байланысты екенін дәлелдеуді қажет етпесе керек.

Олай болса, ұлы М.Әуезов пікірін қазық ете отырып, жаңаша таным тұрғысынан шешендік өнердің авторлы шығарма екенін танытатын еңбектің бірі – Бөлтірік Әлменұлының «Шешендік сөздер» жинағы [5].

Белгілі ғалым Ж.Дәндібаев «Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері» атты оқу құралында Бөлтіріктің Төленің шешендік сөздерін олардың төл туындысы ретінде қарастырады [6]. Сондай-ақ белгілі би-шешендерінің өнер туындысының көркем шығарма екендігіне көз жеткізеді.

Сонымен қатар ұлы жазушы М.Әуезов аталмыш еңбегінің «Билер айтысы» деген тараушасында бұл жанрлық түрдің толық жиналмағандығы зерттеу ісінде қиындық келтіретінін, сондықтан оны сол кезеңде түгел жіктеп бөліп қоюға болмайтынын айта отырып: «Бірақ бұл жіктеу уақытша ғана жіктеу және ылғи ішкі мағынасына қарай жасалған жіктер болады» – деп ескертеді.

Шындығында М.Әуезовтің алғашқы жіктемелері кейінгі зерттеушілер – Ә.Қоңыратбаев, С.Садырбаев, Б.Искакова, С. Қасенов еңбектеріне ғылыми негіз болып, одан әрі дамытылды.

Жалпы М.Әуезов тұжырымдарының шешендік сөздері бүгінгі жаңаша таным көкжиегімен бағалауда айтарлықтай мәні бар.

Шешендік арнау дегеніміз – адамдар арасындағы қарым-қатынасты көрсетеді, халықтың көңіл-күйін бейнелейді.

Шешендік толғау дегеніміз – халықтың философиялық көзқарасын көрсетеді. Көп жасаған қарттардың жас ұрпаққа өсиеті айтылады. Халықтық үрім-бұтағына жеткіншектерге айтар ақылы насихаты толғау деп аталады. Жоқшылықтың азабын шеккен халықтың өмірі, қонысы, арманы айтылады. Бұқар, Шортанбай, Мұрат, Дулаттың толғаулары бар.

Шешендік дау-заттық және рухани даулы мәселелерді реттейтін ежелгі әдет заңын бейнелейді. Ар, дау, адам намысын қорғайды, ел мен елдің арасында елшілік келісім болады. Ол елдің дербестігін жердің бүтіндігін қорғайды. Үстем таптың халық мүддесін пайдаланбауын талап етеді.

Шешендік сөздер ауыз әдебиетінің басқа түрлері сияқты ауызша таралған қонақта немесе бір мәселені талқылаған жиында көп жасаған кәрі құлақты қариялардың аузынан шыққан жүйрік ойлы жүйелі сөздерді құймақұлақ талапты жастар, өнер қуған қыз-бозбалалар жаттап алып жүрген, тұрған жерлерінде ойын-жиындарда айта жүрген.

Шешендік өнерді кез-келген адам игере алмаған. Нағыз шешен болу үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз, табанда ақыл тауып сөйлейтін, топ алдында тайсалмай сөз бастайтын, сөз сайысында саспайтын батыл, ақылды, сабырлы болуы тиіс. Шешен кісі өз заманының озат ойшылы, оқыған, оқымаса да көкейге тоқыған, білімді, мәдениетті азамат болуы керек. Бізге мәлім Аяз би, Жиренше, Сырым мен Исатай батыр, Махамбет пен Абай «От ауызды орақ тілді» адамдар болған.

Ш.Уәлихановтың айтуынша шешен болу үшін 2 шарт болу керек:

1. Елдің әдет-ғұрпын, заңын жетік білу керек.

2. Шешендік қабілеті, дарындылығы болу керек [7].

Шешендік сөздер айтыс, дауларда туып дамиды және озат ойшылдармен тілмар шешендер жасаған. Халық сынынан ғасырдың соқпағынан өткен сөз өнері – шындалып соғылған әдеби мұра, асыл қазына. Бастауыш сыныпта, балаларға шешендік сөздердің жеңіл түрлерін айту арқылы тапқырлыққа, еңбекқорлыққа, адамгершілікке тәрбиеленеді. Шешендік сөздер ескі заңдарды талқылау кезінде де көп айтылған. Мыс: Қасым салған, қасқа жол, Есім салған, ескі жол, Тәуке ханның жеті жарғысы.

Бұлар жөнінде күн төбенің басында, күнде кеңес болған деп айтады. Ол кеңес кезінде билер соңғы шешімді айтатын болған.

Қазақ шешендіктану ғылымында шешендік өнер мен шешендік сөздің ұғымдық айырмасын ашып, анықтама берген ғалым – Р.Сыздықова. 1987 жылы жарық көрген «Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі» деп

аталатын кітапта шешендік өнердің сөзге шеберлік екендігін ұғындырып, оны шешендік деген атаумен атауды ұсынды. Орыс ғылымында «ораторское искусство, риторика, красноречие» деп жүрген категорияларды білдіретін шешендік атау қалыптасты. Р.Сыздықова қазіргі шешендік сөздерге қойылатын шарттарды санамалап көрсетіп береді:

- әлеуметтік мәні бар тақырыпқа құрылуы;
- әңгіме өзегінің дәлелі болуы;
- тыңдаушыларға әсер ететін эстетикалық қасиеті болуы;
- тыңдаушыларын белгілі бір іс-әрекетке ұмтылдыратын сөз болуы;
- айқындылығымен түсініктілігі[8, 58 б].

Одан әрі ғалым бұрынғы шешендік пен қазіргі шешендіктің айырмасын қолданылар жерлері, тақырыптары, түрлеріне қарай дәлелдеп көрсетеді. Р.Сыздықова бұрынғы шешендіктің ақындыққа, шешендік сөздің поэзияға жақындығын көркемдеу тәсілдерінің ортақтылығынан, екеуінің де әлеуметтік мүддені көздейтіндігінен, екеуінің де тыңдаушыға психологиялық әсер туғызатынын түсіндіреді. Шешендік сөз бен поэзияның арасындағы ортақтықты тап басып көрсетеді. Ертедегі Греция теоретиктерінің риториканы шешендік пен поэзия туралы ғылым деп қарастыруының өзі осындай ортақ белгілерінен еді.

Бірақ Р.Сыздықова шешендік сөз бен поэзияның бірдей еместігін, екеуінің арасында мынадай айырмашылық бар екендігін билер сөзін мысалға келтіріп көрсетеді: шешендер сөздерінің алды-артында, ішінде түсіндірме-баяндау мәтіндер болады, ал поэзияда түсіндірме баяндаулар болмайды, көркем сөз творчествосында тақырыпты ойдан шығару және оқиға өрісін ойша болжау дегендер орын алатын болса, шешен сөзінің өзегі тек қана шындық болмыс, көркемдеу құралдары мен тәсілдер поэзия үшін шарт болса, шешендік сөзде олар иіні келген тұста ғана қолданар құрал, тармақтардың буын саны жағынан біркелкілігі – поэзияға тән белгі, ал шешендік сөзде біркелкі емес, өлеңде ұйқас тәртібі сақталса, шешендік сөзде ұйқас тәртібі сақталмайды.

Мұнымен қоса, Р.Сыздықова шешендік сөздің басқа тілдік қарым-қатынастан өзгешеленетін белгілерін атап көрсетеді, олар: – шаршы топ пен шешеннің тікелей қарым-қатынасы, – шешен мен шаршы топ арасындағы тоғыспалы әсерлер; – шешеннің сөзіне дауыс ырғағы, мимикасы, т.б. қатысуы.

Р. Сыздықова осы кітапта бұрынғы шешендік сөздерді мазмұнына қарай төрт топқа бөлген:

1. Әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік сөз
2. Әлеуметтік– тұрмыстық мазмұнды шешендік сөздер
3. Білім-ғылымдық мазмұнды шешендік сөздер
4. Сотта қолданылатын шешендік сөздер

Қорыта айтқанда, қазақ шешендік өнері ежелден сөзге дәл осындай сипат беріп, оны саяси, әлеуметтік күш ретінде таныды. Біздің бұл еңбегімізде қазақ шешендік өнерінің негіздері етіп ежелгі сақ, ғұндардың шешендігі, көне түркі шешендігі, орта ғасыр түркі шешендігі алынып, қазақ шешендік өнерінің қалыптасу тарихы ақын-жыраулар шешендігі, билер шешендігі, қазіргі шешендік ретінде кезең-кезеңге бөлініп қарастырылады. Осы арқылы ежелгі грек-рим, қытай, үнді шешендігі тәрізді түркі шешендігі болғандығын, қазақ шешендік өнері сол түркі шешендігінің үзілмеген жалғасы екендігі дәлелденеді. Г.З.Апересян 5 топқа топтаған.

1. Әлеуметтік саяси шешендік сөз
2. Академиялық шешендік сөз
3. Сотта айтылатын шешендік сөз
4. Әлеуметтік тұрмыстық шешендік сөз
5. Діни қызметте қолданылатын шешендік[4]

Шешендік сөздер – ауыз әдебиетінің ең аз зерттелген жанрлық түрлерінің бірі. Мұның себебі кеңестік саясаттың қазақ шешендік өнерінің зерттелуіне тежеу салып келгендігі. Себебі, шешендік сөздерде халықтың ұлттық тарихы мен дүние танымы, азаматтық пен тәуелділікті аңсаған күрескерлік рухы жатыр.

Ендеше, шешендік – қазақ елінің көнеден келе жатқан дәстүрлі тіл өнері. Шешендік – сирек ұшырасатын қасиет-дарын. Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр қисынға құрылады. Шешендік өнер мен билік қолма-қол туып айтылатын, суырыпсалма жүрекжарды әділ сөздерге негізделіп шығармашылық сипатымен дараланады.

Асыл ойдың алтын қазығы болған шешен-билердің халық жадында сақталып келген дана ойлары келешек ұрпақ үшін әрқашан тәрбие-өнер мектебі болған. Енді елдікке, бірлікке шақыруда, халық тарихын байыппен саралап, бүгінгі ұрпақ санасына жеткізуде шешендік сөздердің маңызы ерекше. Халқымыз «Сөз қадірін білмесең, өз қадірінді білмейсің», «Сөз сүйектен өтеді», «Шешеннің тілі қылыштан өткір, қылдан нәзік» деп, сөз өнерін ерекше тани білген.

Шешендік сөздер – ғасырдан-ғасырға ұласып, халық игілігіне жарап келе жатқан ұлттық мұрамыздың бірі. Қысқа да нұсқа, бейнелі, мағынасы терең, шымыр, қисынға құрылған бұл сөздер тыңдаушының көңілінен шығып оны сөзсіз иландырады.

Шешендік өнеріне ерте замандардан-ақ, үлкен мән берілген. Ежелгі грек, рим елдерінде шешендік өнерді «риторика» деген атпен жеке пән ретінде оқыған. Дүние жүзіне әйгілі ерте заман шешендері Пратогор, Демосфен, Цицерон, Квинтилиан сияқты өз заманының мемлекет қайраткерлері, ел аузына қараған ойшылдары болған. «Риторика» ғылымы өнердің падишасы ретінде ерекше бағаланған. М.В.Ломоносовтың 1748 жылы басылып шыққан «Шешендікке қысқаша басшылық» атты еңбегі бұл өнердің Ресейде дамып, қалыптасуына түрткі болды.

Қазақтың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аяз билерден басталып (XII-XIII ғғ.), Жиренше шешен, Асан қайғы (XIV-XV ғғ.) есімдерімен қатысты қалыптасып, өркендей түсті.

Шалғез, Бұхар (XV-XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекелерге жалғасты. Шешендік өнерінің кеңінен дамып биіктеген кезеңі – XV-XVIII ғғ. Бұл кез қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді.

Шешендік сөздердің алғашқы үлгілерін халық ауыз әдебиеті туындыларынан, ертегі, аңыз әңгімелерден, өлең-жыр, дастандардан ұшыратамыз. Осы сөз өнерінің кең қанат жайып, орнығып дамуында тапқырлық пен шешендіктің тамаша нұсқалары – жыраулар толғаулары, айтыстар мен мақал-мәтелдердің орны ерекше.

Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғары бағалады. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В.Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинаған болатын. Ол: «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын» [4], – деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған.

Сондай-ақ, қазақтың шешендік, тапқырлық, нақыл сөздерін жинап жариялағандардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол халық даналығының жас өспірімдерді тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбие құралы екенін жете танып, өз еңбектеріне орнымен енгізіп, пайдалана білді.

Шешендік сөздерді алғаш зерттеушілердің бірі – М.Әуезов. «Қазақ әдебиеті тарихы» (1927 ж.) еңбегінде «Билер айтысы» деген арнаулы тақырыппен шешендік сөздердің кейбір түрлеріне мысалдар келтіреді. Ауыз әдебиетінде алатын орны мен халықтық сипатына дәлелді ғылыми тұжырымдама береді. Ауыз әдебиеті мұраларын зерттеп, жинап, ерекше еңбек сіңірген ғалым-лингвист А.Байтұрсынов шешендік өнерді жеке алып қарастырып, құнды пікірлер білдірді (1926 ж.). Шешен сөз, көсемсөз, дарынды сөз деп үш топқа бөліп, әрқайсысын қолданыс орнына қарай (саясатқа қатысты, сотта сөйлеу, қошемет сөздер, ғалымдардың ғылыми тақырыптағы сөзі, діни уағыз сөздер) іштей тағы беске бөліп, әрқайсысына қысқаша түсініктер, тың анықтамалар берген.

Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылады. Халық мақалдарында: «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Қылыш жарасы бітеді, тіл жарасы бітпейді», «Аталы сөзге арасыз ғана тоқтамайды», – деп сөзді айтушыға да, оған құлақ қоюшыға да биік талап қойған. Демек, шешеннің ең негізгі құралы – сөз. Ол тыңдаушының жүрегіне жетіп, ерекше сезімге бөлеген.

Сөз туралы Бөлтірік шешен: «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзінді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзінді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт, кімге, қай жерде, қай кезде, қалай сөйлейтінін біл», – деп толғайды. Бұлар – «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін, жауласқан елдің арасына бітім айтатын, күлгенді жылатып, жылағанды жұбата алатын даналық сөздер иесі». Мұндай сөз білетін, жөн білетін адамға ел ісіне араласуға, халық атынан сөйлеуге құқық берілген. Шешендік өнер – көрген-білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп ізденудің арқасында талай айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы жетілетін өнер. Шешендік өнердің қиындығы туралы Бұқар жырау:

...Көш бастау қиын емес

Қонатын жерде су бар.

Қол бастау қиын емес

Шабатын жерде жау бар.

Шаршы топта сөз бастау қиын

Шешімін таппас дау бар, – деп дұрыс аңғартады[9, 95 б].

Нағыз шешен үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет.



Шешендік сөздерге тән ерекшеліктер. Біріншіден, қазақ шешендерінің сөздері жазбаша емес, ауызша айтылып дүниеге келеді де, одан кейін бірден-бірге жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Екіншіден, айтыла келе бастапқы нұсқа қалып өзгертіліп отыруы мүмкін. Үшіншіден, шешендік сөздер кейінгі айтушылар тарапынан қажетіне қарай өзгеріп қолданылып отырған. Шешендік сөз ақындар айтысы сияқты сөз тартысы дау үстінде, ел тағдыры талқыланған ұлы жиын кеңес кезінде, оңаша ой толғау не сұхбат, әңгіме-дүкен барысында арнау, сәлем, өсиет түрінде де өмірге келген. Шешендік сөздер көбінесе түсінік сөзден басталады. Түсінік сөзде айтылмыш шешендік сөздің немен байланысты, қандай жағдайда туғандығы мен кім айтқандығы баяндалады. Шешендік сөздің, айтылар ойдың негізі – мазмұн. Сөз нақтылы, нені айтса да сендіретіндей, иландырып қарсыласын мойындататындай дәлелді айтылған.

Жазба әдебиетіміз дамыған кейінгі дәуірде шешендік сөздер саптан шыққан жоқ. Заманға сай жаңа мазмұн, жарасымды тұр тапқан шешендік сөз нұсқалары көбейді. Шешендік сөздің шыны – айтыс. Мұнда ауыз әдебиетіне тән барша қасиеттер тоғысқан. Шешендік сөздер мән-мағынасының тереңдігімен ғана емес, сондай-ақ тақырыбының кеңдігімен де ерекшеленеді. Шешендер сөзі – халқымыздың тілдік қазынасы. Ол көркем әдебиетіміздің қалыптасып дамуына белгілі дәрежеде үлес қосқан ақын-жыраулардың арнау, толғау сөздеріне ұқсас болып келеді. Ертеден-ақ, халқымыздың өзіндік басқару жүйесі болды. Ел қамын жеген ерлері, сөзін сөйлеген, әділін айтқан шешендері, білімпаз билері болды. Би – халықтың көкейіндегісін айтқан, ойын жарыққа шығарған әділет жоқшысы. Қазақтың атақты билері Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекеден қалған сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес. Ш. Уәлихановтың: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған өкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болған. Би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған»[7], – деген сөздерінен би – халықтың көкейіндегісін айтқан, жарыққа шығарған әділет жоқшысы екенін танимыз. Кезінде Ахмет Байтұрсынов: «Әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді», – деді[10, 38 б]. Демек бұл қастерлі мұра – шешендікпен айтылған билер сөзі ұмытылмайды, қай кезде болса да халық жадында.

Сонымен шешендік дегеніміз не? Ойшылдарға сүйене айтсақ, шешендік – кісі көркі, ақылмен билеу өнері. Дидарласушымыздың жүрегі мен ақыл-ойын баурап алуға, оны не нәрсеге болса да сендіруге, иландыруға септесетін бізге берілген сый. Кез келген нақтылы зат туралы шебер сөйлеу өнері және сонысымен өзгелерді өз ойына ойыстыра білу. Біліктілік пен білімнен, қуатты түйсік пен терең сезімнен, санадағы санлақтық пен ұшқыр қиялдан, тер төгу мен ой тербелісінен туындай келе, білгірліктен кейін тұрады. Сөз бен ойға негізделеді. Биік дүниетаныммен, ғылым-білімді терең меңгерумен, халықтың тұрмыс-тіршілігін, жөн-жосықтарын жүйрік танумен, жалпы айтқанда, адамзаттың рухани мәдениетінен мол хабардар болуымен, ой өрісінің кеңдігімен тамырлас. Демек, жас тұлғаға қажетті шешендік дегеніміз – тыңдаушылардың жан-сезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдардың жарқындылығымен, нақыл, ғибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет-қарым, тума қасиет, сондай-ақ өскен ортаның, үлгілі жандардың, ұлағатты туындылардың тағылым-тәрбиесі, өз дүниетанымының нәтижесі.

Ел алдында шебер, шешен сөйлеу көп еңбектену, оқып, үйренуді талап етеді. Шешен адамдарда негізінен, сөз көркемдігі ой тасқынынан табиғи түрде туындап жатады. Көркемдік талғам мен шешендік тәсілдерді дұрыс пайдалана білген адам ғана эстетикалық әсер ету күшіне ие бола алады. Сонда шешендік өнерге көп сөйлеп, оны сыналып үйренуге болады ма, әлде оған жазып дайындалған дұрыс па? бұл орайда әйгілі шешен, данагөй Цицерон былай дейді: «Қалам – көркем сөздің ең жақсы жаттықтырушысы. Басқалардан үйренуде ең өнеге тұтарлығына теңесуге ұмтылу керек. Өзің үлгі еткен шешеннің жақсысының бәрін алуға тырыс. Оңайын, көзге түсіп тұрғанын ғана емес, ең маңыздысы – шынайы шеберлігіне жету. Ол еліктеу болып кетпеуі керек. Мықтыға қанша ұқсап тұрсаң да, көшірме түпнұсқадан ылғи да көш төмен болады. Халық алдында сөйлеу үшін сөзіңнің өзіндік «бейнесі», өз мәнері болғаны абзал»[11, 12 б].

Егер өнердің басқа саласындағы аты мәлім шебер бір ісін кездейсоқ дағдыдағысынан нашар орындап қалған болса, оны ол өзі әдейі жасады ма, не денсаулығына байланысты сөйтіп қалды, дей салады... Ал, егер шешеннен сондай бір осалдық тапсыншы, оны тек ақымақтық деп санайды, ал ақымаққа кешірім болмайды. Өйткені адам көңіл-күйге немесе іші ауырғанға байланысты ақымақ болмайды».

Қазіргі таңда ең басты мәселелердің бірегейі – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеру, барлық қарақөз бауырларымыздың өз ана тілінде сөйлеуіне қол жеткізу. Тек тіл үйренуде ұмыт болып бара жатқан шаруа бала бақша, үй, мектеп, жоғары оқу орындарында ұл-қыздарымызды тілдік қоры бай қазақ тілінде сөйлеу мәдениетіне үйрету. Содан, үйде де, көшеде де, қоғамдық орындарда да бірқатар жастарымыздың

бір-бірімен қарым-қатынас жасағанында, әңгімелескенінде қалай болса солай сөйлейтіні, қазақ тілінің қадір-қасиетін түсінбейтіні байқалады. Олай болса, шешендік өнер, сөйлеу мәдениеті, ауызша, жазбаша сөйлеу – әдептіліктің биік шыңы. Өмір, тіршілік адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қажет етеді. Олардың түсінісудегі негізгі құралы – тіл. Әр адам дұрыс сөйлей білуі, сөйлесу мәдениетін меңгеріп, оны өз бойында қалыптастыра білуі тиіс. Қарым-қатынас адамдардың отбасымен, өскен, араласқан ортасымен, елімен, жерімен, дәстүрі, мәдениет қазынасымен етене әрі жанды байланысы. Қарым-қатынаста адамдардың жан дүниесі, өмір тіршілігіндегі бейнесі көрінеді. Әдеп – сөйлесудегі, пікірлесудегі мәдениет тірегі. Мәдениет – адамдардың рухани және материалдық, білімдарлық пен сезімталдық қасиеттер аңғарылатын белгілерінің жиынтығы. Мәдениеттің туы – тіл, ол адамзаттың мұратымен астасып, сол ұлтпен бірге пайда болып, дамып отырады. Өз тарихын, ұлттық дәстүрін, туған жерін, тілін қадірлей білген адам ғана мәдениетті болады. Сөз мәдениеті – сөзді орынды қолданып, киоластырып, үндестіріп айта білу, емле мен тыныс белгілері ережелерін дұрыс сақтау, тілдің ғасырлар бойы сақталып келген көркемдігі мен тарихын, әсемдігін сақтай білу.

Сөйлеу мәдениетін дамытуда ауыз әдебиеті, жазба әдебиеті нұсқалары мейлінше пайдаланса, оның әсері де мол. Ертегі тыңдаған, әдет-ғұрып, жөн– жосық үлгілерін көріп өскен, уызында жарыған ұрпақ төл тілдің қадірі мен қасиетін сезініп өседі. Бұлардан мақұрым қалған пендесі алапат та анайы сезімге тап келеді. Ақылға бастар аялы сөздің орнын ашу-ызаға бөктіретін арзан сөздер басып алады. Төпелеген сел мен даудың астында қалу, мінеки, осыдан бастау алады.

Сөйлеу мәдениеті – қызыл сөзден қуырдақ қуыру емес. Сөйлеу мәдениеті елге, елдік мұраттарға қызмет етеді. Бірлікті, ынтымақ пен жасампаздықты, меже еткен, тағылымды тірлікті толғауы тоқсан өмірдің тоқетері санаған ел мен жер осынау биік міндеттің төбесінен көріне алары хақ. Ата-бабалар тағылымы осыны меңзейді. Ата тарих, ана тіл солай деп тәмсіл етеді.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлы ханы, өз заманының данышпан дипломаты Абылай ханның қазақ мәмілегер-дипломаттарын қалмақ еліне аттандырар кезде сөйлеген сөзі: *“Үлкендеріңді кішілерің сыйлаңдар, көп арасында мына Қазыбек сияқты кішінің де сөзін тыңдандар. Өздеріңді жат елдің алдында жақсы елдің баласындай ұстаңдар. Мұндайда қол бастайтын батыр болу да қымбат, жол бастайтын көсем болу да қымбат, бәрінен де ел тағдырын шешетін шешен болу қымбат. Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан. Елдесе алмай жауласып кетсек, сендердің олақтықтарыңнан болғаны. Ауыздан шыққан сөз атылған оқпен бірдей, қайтып ала алмайсыңдар. Сөз сөйлегенде ойлап сөйлеу керек”,* – дегендей, шешендік өнер-тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы. Сөйлеу мәдениеті өспейінше, жоғары ақыл мәдениетіне жетуге болмайтындығы сөзсіз. Олай болса, ұлы Абай: «Өткірдің жүзі, кестенің бізі өрнегін сендей сала алмас»[12, 43 б], – деп таңырқап, тағзым еткен тіл – мемлекеттік тіл, ана тіліміз, қазақ тілінің қадірін ұғынып, мәртебесін көтеріп, қастерлей білейік!

Халықтың баға жетпес рухани байлығын, ауызша жасалып, ауызша таралып, заманнан-заманға, бүгінгі күнге жеткен шешендік сөз өнерін меңгерген, шешендік сөздерді өз заманына, ортасына лайық қолдана алу, сөз құдіретін бағалай білу, сөз сөйлеуде үлкен жауапкершілікті сезіну, тіл байлығы мол, жан-жақты білімді, саналы болу қажет.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі – Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005. – 440 б.
2. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия /Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998. – 495 б
3. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса – Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009
4. Шешендік сөздер тарихы. Қол жетімдік режимінде: <https://kazadebiet.wordpress.com/2009/>
5. Әлменұлы Б. Шешендік сөздер. Алматы: Ғылым, 1993. – 144 б
6. Ж. Дәдебаев. «Белтірік Әлменұлы және қазақтың шешендік өнері». А., 1996
7. Ш.Уәлиханов. Қазақтың халық поэзиясының түрлері туралы.
8. Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары. // Р.Сыздық // Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
9. Бұхар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. Алматы, 1992 – 436 б
10. А. Байтұрсынов. «Ақ жол» А., 1991. – 300 б
11. М. Т. Цицерон. «Три трактата об ораторском искусстве». М., 1972. – 212 б.
12. Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер: художественная литература. – Алматы : Мектеп, 2007. – 246 б

## ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АДАМ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕСІ

**Серікбай Г.Ж.**

*Философия мамандығының 1 курс докторанты  
Ғылыми жетекшісі: филос.ғ.к., доцент м.а. Құранбек Ә.А.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аннотация.** Ағартушылық дүниетаным адам ойы мен ғылымның дамуындағы сара жол. XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ халқының рухани мәдениетінің даму тарихында өзгерістерге толы кезең болды. Қазақ даласында өзгерістермен өрілген ағартушылық мәдениеті өркен жайып, дами бастады. Бұл қазақ философиялық ойының тарихындағы өте маңызды феномен. Берілген мақалада қазақ ағартушыларының шығармашылығындағы этикалық ойларға талдау жасалып, адам және өзін-өзі жетілдіру мәселесі жайындағы тұжырымдары айқындалған. Қазақ ағартушыларының гуманизм, этика мен білімге қатысты ойлары байыпталып, оның жалпыадамзаттық қайталанбас болмыс-бітімі туралы ой-тұжырымдар зерделенеді.

**Кілт сөздер:** адам, руханилық, білім, құндылықтар, адамшылық, қазақ ағартушылары.

Ұлт зиялылары мен ойшылдарының ілімдері, рухани мұрасы – халықтың өзін-өзі тұрақтандыратын және оның барлық әрекеттеріне негіздеме беретін, оның дүниетанымын қалыптастыратын рухани ізденіс аймағы. Осы заман талабы рухани мұраны кең тұрғыдан қарастыруды қажет етеді, өйткені бүгінгі халықаралық қатынастар, мәдениеттер сұхбаттастығы өзге де елдердің мәдениетін тануды қажет етеді. Сондықтан да рухани қор жасау өз халқымыздың рухани мұрасын, игіліктерін сақтап, қайта жаңғыртумен тығыз байланысты.

Адам мәселесі және жан-жақты жетілген тұлға қалыптастыру стратегиялары бүгінгі күн тұрғысынан алып қарағанда өзінің маңыздылығын жоймаған өзекті мәселелердің бірі. Соңғы жылдары біздің елімізде, жалпы дүниедегі түбегейлі өзгерістерге байланысты бұрынғы құндылықтар өзінің мән-мағынасын жойса, жаңа құндылықтар әлі бой көтере алған жоқ. Саяси-әлеуметтік немесе экономикалық қана емес, рухани өмір тұрғысынан да қазіргі жағдайда өмір сүріп жатқан біздің еліміз үшін бүгінгі күн талабына сәйкес келетін жан-жақты жетілген адамды, немесе ұлы Абай айтқандай «Толық адамды» тәрбиелеу қазіргі Қазақстан үшін өзекті мәселелердің бірі.

Қазақ ойшылдарының дүниетанымында терең тамыр жайған философиялық ілім – кемел адам мәселесі. Осы мәселеге терең талдау жасап, көпшілікке ұсыну, оның өнегелік тұстарын бүгінгі заманның адамын өзін-өзі жетілдіруде жан-жақты пайдаланудың теориялық-тәжірбиелік маңызы жоғары деп айтуымызға болады.

Қазақ ағартушылары үшін философияның негізгі және басты мәселесі – адам. «Қазақтың ағартушылық философиясы жалпы ұлттық құндылықтар мен адамгершілік жауапкершілік туралы терең ойларға толы. Қазақ ағартушылары үшін руханият түсінігі – болмыстың терең мәні, адам бойындағы шынайы адамгершілікті анықтау, адамның өмір сүруінің мақсатын пайымдау» [1, 17 б.].

Қазақ ағартушыларының алғашқы өкілі Шоқан Уәлиханов. Ағартушының шығармашылығын зерттеушілер екі кезеңге бөлу дәстүрін қолданады: біріншісі – 1855-1859 жылдар аралығы немесе Петербургке дейінгі кезең; екіншісі – 1859–1865 жылдар аралығы, бұл кезеңді шығармашылығының кемелдену кезеңі деп атайды. Екінші кезең Шоқан Уәлихановтың Петербургқа барғанынан бастау алатын қызықты да мазмұнды өмірінің соңғы кезеңі туған жерге қайтып оралғаннан – дүниеден өткенге дейінгі жылдарды қамтиды. Бұл туралы Гүлжиһан Нұрышева: «Шоқан Уәлихановтың ғалым, қайраткер ретінде қалыптасуы кезеңі Омбыдан басталғаны белгілі. Дегенмен де оның дүниетанымының, адам туралы көзқаратарының қалыптасуына айқындаушы әсер еткен ең әуелі осы туып өскен ортасы», – деп жазады. Омбыда кадет корпусында білім алған Шоқан өзінің 30 жылдық аз өмірінің ішінде этнография, Қазақстан және Орталық Азия тарихы мен мәдениеті саласында еңбектер қалдырған көрнекті ғалым, ағартушы, мәдениеттанушы. Ш. Уәлиханов арнайы философиялық еңбектер жазбағанмен, оның шығармалары философиялық терең ойлар мен тұжырымдарға толы. Оның дәлелі Ш. Уәлихановтың «Қазақтардағы шамандықтың іздері», «Сахарадағы мұсылмандық жөнінде», «Тәңір (күдай)» еңбектері. Шоқанды адам және табиғат, олардың өзара қатынасы, үйлесімдікте болуы мәселелері толғандырған. «Қазақ жеріндегі шамандықтың орын алу себебін түсіндіргенде «сыртқы дүние – күн, ай, жұлдыздар және жер – алғашқы құдірет болып табылады» деп көрсетеді» [1, 38 б.].

Ш. Уәлихановтың пайымдауынша адам және оның өмірі ең басты құндылық, жаратылыстың таңғажайып құпиясын құрайды. Қазақтардағы шамандық уралы зерттеулерінде, Шоқан: «Табиғат пен адам, өмір мен өлім саналы ұғымға тіптен түсініксіз, таңғажайып құпия құбылыс болып келеді. Табиғат пен адам! Өзіңіз айтыңызшы, тіршілікте одан ғажап, одан құпия не бар?», – деп жазған [2, 171 б.].

Ш. Уәлихановтың еңбектерін зерделейтін болсақ, ойшылдың себептілік заңдылығын құптайтындығын, себепсіз құбылыс болмайтындығына кәміл сенетіндігін байқаймыз. «Шамандықтың себебін ашуға тырысқан «Тәңірі» еңбегінде ол табиғатты адам санасынан алғашқы, объективті реалдылық, ал адам санасы осы реалды шындықтың бейнесі деп түсіндіреді» [3, 235 б.].

Шоқан табиғат пен адамның үйлесімді өзара қатынаста болатындығына күмән келтірмейтіндігін айту керек. Ол туралы Шоқан: «От әулие, киелі болып саналады. Ошақтағы отты басуға немесе тікіруге болмайды қарғыс ұрады. Қара жер қайғыға қайырымсыз, аруақтардың рухы бар деп, ескі жұртты баспайд, ескі жұртта жүруден қорқады. Аспандағы әр жұлдызды әр адамның жаны деп түсінеді. Табиғат пен жаратылыстың барлық тосын құбылыстары көрінген жерлерді қасиетті деп санайды, – деп жазған [4, 154-155 бб.].

Шоқанның ғылыми-зерттеу мұрасы мен азаматтық ой-толғауларының өзегі – қазақ халқының тұрмысы, тағдыры, оның жалпыадамзаттық құндылықтары мен прогресске қосылу мүмкіндігі. Қазақ халқының болашағын өзгертетін білім, мәдениет, ғылым екенін Шоқан терең түсінген. Жалпы ой еңбегінің адамды қалыптастыру және жетілдірудегі рөлі туралы ғалымның мына тұжырымын келтіруімізге болады: «Ой-өрісі жетілмеген тұрлаусыз адам өзінің сыртқы сезіміне толық ие бола алмайтын бала мінезді келеді. Адам баласы өзін-өзі ұғынбай, өзін қоршаған дүние жайында түсінігі кем болып, тіршілігін жақсартуға тәуекелге бел байлап, соқырша қарманып, әйтеуір ұстылыс жасап тырбанады» [5, 1276].

Адамгершілік қасиеттері мен құндылықтары туралы ой-тұжырымдарында Шоқан «адамның адамшылық қасиеттерін дамытудың басты шарты – еркіндік» деп пайымдаған. Адамгершілікке қол жеткізу үшін жалғыз еркіндік аздық етеді, сондықтан еркіндік түсінігін де дұрыс қолдану керек. Еркіндікті білімді адам ғана дұрыс қолдана алады, бұл сауатсыз адамдардың қолынан келмейді. Оның үстіне ойшыл, сауатсыздықты еркіндікті дұрыс қолданудағы басты кедергі деп пайымдаған және адамның адамгершіліктік қасиеттерінің төмендеуіне әсер ететіндігін айтады.

Ш. Уәлихановты толғандырған маңызды мәселе – қазақ халқының тағдыры, қазақтарды оқу-білімге, жалпыадамзаттық құндылықтар мен прогресске баулу көрнекті қазақ ойшылы Ыбырай Алтынсаринның да шығармашылығы мен қызметінің өзегіне айналған. Әділетсіздік, зұлымдық, рухани азғындау, қараңғылықпен күрес екі ойшылдың да шығармашылығына тән ерекшелік. Ыбырай Алтынсарин қазақ халқын оқу-ағарту ісін тек армандап қана кеткен жоқ, қазақ даласында білім беру жүйесін ұйымдастырушылардың алдыңғы қатарында болды.

Ұлы ойшыл қазақ қоғамын өркендететін, құтқаратын басты фактор ретінде оқу-ағарту ісін қарастырды. Сол себепті Ыбырай Алтынсарин өзінің бүкіл саналы ғұмырын, қызметін, күш-жігері мен білімін ұлтының игілігіне қызмет етуге арнаған. «Құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта да қайтпаймын», – деген [6, 197 б.].

Ы. Алтынсарин тұлғаның дүниетанымын қалыптастыратын және оны жетілдіретін шешуші фактор ретінде еңбекті қарастырған. Адам өмірінде еңбектің рөлі өте жоғары, ол – бақыт, қанағат пен қуаныш әкеледі және сонымен бірге, адам өмірінің физиологиялық қажеттілігі. «Ы. Алтынсариннің көптеген шығармалары өмірдің мәні және мағынасы еңбекте екенін дәлелдейді, ол адам өмірін еңбек әрекетінсіз мәнсіз деп есептейді» [1]. «Қолындағы барына ете білетін адам шын бақытты адам және біз өзіміздің адал еңбегімізбен тіршілік етіп отырмыз дей алатын адам – шын бақытты адам» – деген [6, 202 б.]. Яғни, ойшылдың пайымдауына еңбек пен қанағат адамды шынайы бақытты ететін, адамгершілік сананы қалыптастыратын баға жетпес құндылықтар. Өйткені тек адал еңбек пен ішкі қанағат сезімінің арқасында адам ар тазалығын сақтап өзінің әр ісінде адамгершілікті басшылыққа алады.

Абай адам мен кісі мәселесін жан-жақты, ауқымды қарастыру арқылы, өзінің кісілік философиясы арқылы жан-жақты кемелденген «толық адам» тұжырымын негіздеді. Абайдың «толық адам» тұжырымында басқа философиялық жүйелермен сабақтастық, байланыстылық бар екендігін байқауға болады.

Абайдың пікірінше, жан-жақты жетілген «толық адамға» үш негізгі қасиет: шындық, ізгілік, даналық тән болуы керек. Осыған байланысты 38-сөзінде Абай былай деп жазады: «Енді біздің бастағы тағриф (тану) бойынша құдай тағала ғылымды, рақымды, ғадаләтті құдіретті етті. Сенде бұл ғылым, рақым, ғадаләт үш сипат бірлән сипаттанбақ: ижтиһадің (талап) шарт еттің, мұсылман болдың, һәм толық инсаниятың (адамгершілік) бар болады. Белгілі жәуәнмәрттілік үш хаслат (сипат) бірлән болар деген сиддық (шындық), кәрәм (ізгілік), ғақыл (даналық) – бұл үшіндән сиддық, ғадаләт болар. Кәрәм шафағат болар, ғақыл мағлұм дүр, ғылымның бір аты екендігі, бұлар әр адамның бойында Алла табарақа уатағала тәхмин (шама, шамамен) бар қылып жаратқан. Бірақ оған рауаж (реттеу, пайдаға асыру) беріп гүлдендірмек, бәлки адам өз халінше кәмәләтқа жеткізбек, жәһәтінде болмақ» [7].

Ал пенде мәселесіне келетін болсақ, ол Абайдың айтуынша, өз басында еркі жоқ, барлығына тәуелді – байқұс. Пенденің бүкіл өмір болмысы жан сақтауға бағытталған, оның алдына қойған тілек, мақсаты – мал табу, тамақ пен киім, мансап пен атақ. Пенде жеке басының қамы үшін, жан сақтау үшін арын сатуға дейін барады. Аяқтап келгенде пенденің өмірлік мақсаты – мал табу, тамақ пен жан сақтау үшін арын сатуға дейін барады. Пенденің өмірлік мақсаты – өзінің қара басының қамы ғана. 38-сөзінде Абай айтқандай, пенденің «толық адам» болуына Алла ерік берген. Бірақ, адам әруақытта да Алланың берген еркін дұрыс пайдалана алмаған, көп жағдайда пендешілік жасап, шайтанның торына түсіп отырған. Абай «мұңлы шайтан құдайдың қуған жаны», – деп шайтан дүниетанымына зер салған. Абайтанушы ғалым Ғарифолла Есімнің пікірінше, ақынды қызықтырған шайтанның бейнесі емес, оның мұңға батуы, ал оған кінәлі адам: «Дүниеге мұң әкелген Адам, оған дейін әлемде мұң болмапты. Сонда да адамның болмысында тек адам шындық сияқты ірі қасиеттерден ғана емес, өзгеге мұң әкелген, қайғы әкелген шайтандықтың да болғаны. Шайтан деген ұғым адамға дейін болмаған. Демек, дүниеге ізгілікті де, зұлымдылықты да әкелген – адам» [8]. Сонымен, Абай үшін адам болмысы ішкі қайшылықтарға толы күрделі құбылыс.

Абай философиясының негізгі мақсат-мүддесі – әр пендені адам ету, оны пенделік жолдан құтқару. Абайдың пікірі бойынша, адамның кісі ретінде қалыптасуында орта және тәрбие өте үлкен рөл атқарады. Абайдың «толық адам» ілімі – адам, адамилық, адамгершілік принциптеріне негізделген. Абайдың осы мәселені өзінің терең мағыналы философиялық жүйесінің орталық, өзекті мәселе ретінде алуы оның өз халқының бойында адамилықты дамыту, тәрбиелеу, адамның өмірінің соңына дейін өзінің адамдық қалпын сақтай алуы, бір сөзбен айтқанда «адам болуын» тілеген ой-толғанысының, жүрек қобалжуының нәтижесі деп қарау керек.

Постпостмодерннің негізгі бағыты және виртуализмнің ерекше белгісі – интерактивтілік. Сондықтан «виртуалды әлем» ұғымы екі түрлі мағынаны білдіреді: «қиялдану және көріну» мен «потенциал және шындық». Ал өнердегі виртуалды шындық – бұл компьютерлік құралдар жасаған жасанды орта, оған кіруге болады, оны ішінен өзгертіп, нақты сезімдерді сезінуге де мүмкіндік тудырады. Аудиовизуалды шындықтың осы жаңа түріне ене отырып, сіз оған енгізілген басқа адамдармен ғана емес, сонымен бірге жасанды кейіпкерлермен де байланыса аласыз. Интерактивтілік психикалық интерпретацияны көркемдік нысанды материалдық түрде өзгертетін нақты әсермен алмастыруға мүмкіндік береді. Көрерменнің, оқырманның бақылаушы рөлінен жасаушы, тудырушы рөліне ауысуы эстетикалық сананың жаңа түрін қалыптастырады. Эстетикалық ойлаудың, эмоциялардың, сезімдердің, қабылдаудың модификациясы шекараны, тұтастықты, тұрақтылықты жоғалтып, эстетикалық объектінің өткізгіштігіне, ауысуына байланысты жаңа формада қалыптасады. Ашық жүйе ретінде жұмыс туралы пайымдаулар бейнелі мағынасын жоғалтады. Интерпретация кеңейіп, диалог тек ауызша және визуалды ғана емес, сонымен қатар компьютерлік суреті бар пайдаланушының сенсорлық, мінез-құлық полилогымен де ауыстырылады. Автор мен көпшіліктің рөлдері араласып, ақпаратты берудің желілік әдістері дәстүрлі кеңістік-уақыттық



белгілерді ауыстырады. VR техникалық құралдары арқылы қолданушыға көру, есту, иіс сезу, дәм сезу, т.б. сияқты оның сезімдері арқылы берілетін әлемді (нысандар мен субъектілерді) бейнелейді. Виртуалды шындық әсерге де, әсерге деген реакцияға да ұқсайды. Адам миындағы нейрондар нақты әлемнің элементтері сияқты виртуалды элементтерге де жауап береді. Сондықтан адам виртуалды органы қабылдайды және виртуалды әлем ішінде болып жатқан оқиғаларға шынайы өмірдегідей жауап береді [4, 26 б.].

Виртуалды» сөзі философтар мен мәдениеттанушылардан саясаткерлер мен журналистерге дейінгі қазіргі қоғамның әртүрлі талдаушыларымен игеріледі. Бұл жаңа терминологияның таралуы өте маңызды. Біріншіден, ол адамдардың күнделікті өмірінде компьютерлік технологиялар рөлінің артуын көрсетеді. Сатып алу-сату, ғылыми пікірталас немесе талқылау сияқты өзара іс-қимыл формаларын дүкеннің, кеңсенің, дәмхананың немесе ас үйдің нақты кеңістігінен интернет желісінің виртуалды кеңістігіне көшіру, әрине, әсерлі факт болып табылады. Бірақ «виртуалды шындық» ұғымын кеңейту, метафорикалық пайдалану үрдісі әсерлі емес.

Оның көмегімен қазіргі уақытта компьютерлендірумен тікелей байланысты емес, бірақ адам қызметінің логикасының виртуалды шындық логикасымен ұқсастығын анықтайтын көптеген жаңа экономикалық, саяси, мәдени феномендер белгіленген. Бұл логиканың мәндік принципі – нақты заттар мен іс – әрекеттерді образдармен-симуляциялармен алмастыру. Мұндай алмастыру қазіргі адам өмірінің барлық салаларында дерлік бақылауға болады, және бұл 20-21 ғғ. шептің әлеуметтік-мәдени өзгерістерін қоғамның виртуалдау процесі ретінде тұтас сипаттау үшін негіз береді [5, 96 б.].

Қазіргі қоғамда ақпарат көп, ол зор рөл атқарады, бірақ қазіргі қоғамда ол шешуші рөл атқарады. Әрине, қазіргі кезде антикалық немесе орта ғасырға қарағанда зияткерлік өнімдер немесе Білім көп пайда болады, бірақ әлі де принципті айырмашылық басқаша-қазір коммуникациялардың шамадан тыс көп болуы. Зияткерлік өнімді тираждау, баспа басылымдары, теледидар, радио, дәрістер мен семинарлар арқылы жалпыға бірдей білім беру жүйесі шеңберінде, ал енді интернет желісі арқылы ол туралы мәліметтерді беру – міне, қазіргі заманғы қоғамды ақпараттық ретінде түбегейлі ажыратады. Және «ақпарат» сөзі Білім емес, коммуникация болып табылады. Қазіргі заманғы саясаткерлерді, табысты кәсіпкерлерді, журналистерді және олардың аудиториясын байқай отырып, неғұрлым ақпараттандырылған адам – бұл көп білетін адам емес, көп коммуникацияға қатысатын адам.

Сондықтан бүгінгі цифровизация әлемінде виртуалдандырудың нақты мәдениет пен өнердің дамуында, сондай-ақ адамды мәдени тұрғыдан байытудағы рөлі күннен күнге артуда. Яғни, компьютерлік виртуалды шындық – қазіргі өркениеттің кездейсоқ құбылысы емес, қоғамның даму деңгейіне және мәдениеттің қазіргі конфигурациясына сәйкес келетін феномен болып табылады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кастельс М. Галактика Интернет // Екатеринбург, 2004. – 294 с.
2. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі // Сөздік-Словарь, 2007. Алматы. 344 б.
3. Носов Н.А. Фома Аквинский и категория виртуальности // Виртуальная реальность. Философские и психологические проблемы – 1995. – 73-74 с.
4. Маньковская И.Б., Мотлевский В.Д. Виртуальная реальность. // Культурология. XX век – 26 с.
5. Иванов Д.В. Виртуализация общества // СПб.: Петербургское Востоковедение, 2000.-96 с.

## ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

**Батан Зейінді Алтынбекұлы**

«Дінтану» мамандығының 2 курс магистранты  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Ғылыми жетекшісі: Қантарбаева Жанна Уринбасаровна,  
ф.ғ.к., аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Мақала қазіргі уақыттағы жаһандық аса өзекті тақырыптардың бірі – діни экстремизм мәселесі жайында. Болашақтағы қоғамның қауіпсіздігі үшін бұл мәселені қазір, әр қырынан терең зерттеу өте маңызды. Қазақстанда діни экстремизммен күресу және оның алдын алу мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде жарияланған. Себебі, Қазақстан Республикасы – көп ұлтты, көп конфессиялы, зайырлы мемлекет. Осы орайда экстремистік әрекеттерді тудыратын себептерге баса назар аудару аса үлкен мәнге ие. Мақалада автор «экстремизм» және «діни экстремизм» ұғымдарының анықтамаларын, діни экстремизмнің туындауына әсер ететін факторларды, аталмыш құбылыспен күресу ісін және алдын алу шараларын қарастырған. Сонымен қатар, кейінгі кезде жиі, жаңсақ қайталанып жүрген экстремизмді белгілі бір дінмен ғана шектеудің қателігі жайында сөз қозғалады. Мамандардың бұл құбылысты егжей-тегжейлі зерттеулері оның ең қауіпті көріністерінің алдын алу бойынша тиімді шараларды әзірлеуге және оларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Зерттеудің теоретикалық базасын аталмыш мәселеге қатысты отандық, ресейлік және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрайды. Зерттеудің мақсаты діни экстремизм құбылысының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып онымен күресудің және оның алдын алудың әдіс-амалдарын қарастыру, жетілдіру болып табылады.

Кілт сөздер: экстремизм, дін, діни экстремизм, діни экстремизммен күресу, діни экстремизмнің алдын алу.

### Кіріспе

Еліміздің егемендік алғанына биыл отыз жыл толады. Бүгінгі күндерге дейін жеткен жетістіктеріміз аз емес. Дегенмен, мемлекетіміздің, қоғамымыздың әлі де кейбір маңызды бағыттарға байланысты атқарар істері көп. Егемендік алған жылдары негізгі мемлекеттік ресурстар елдің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге бағытталды, ол әрине орынды да. Себебі, ол кезде халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты өте ауыр жағдайда болатын. Осы бір кезеңдердегі күрделі жағдайлар себепті рухани құндылықтарымызға ден қою, оларды жандандыру, жаңғырту белгілі бір дәрежеде кешеуілдеп барып қолға алынды. Оған қоса халқымыздың салт-санасымен біте қайнасқан асыл дінімізге егемендікке дейін де тыйым салу, қудалау секілді қарсы саясат жылдар бойы жасалған болатын. Бірақ баршамызға белгілі, қандай қиын кезеңдер болмасын сенім ешқашан адамзаттың өмір-тіршілігінен ажыраған емес. Осындай жағдайлар өтінде елімізге қой терісін жамылған қасқырдай әр түрлі жат діни ағымдар өзіндік теріс пиғылдарын іске асыруға «ағартушылық» қызметпен көптеп келе бастады. Аталмыш келеңсіздіктер мемлекетіміз енді ғана тәуелсіздігін алып, ес жиі берген шақтарда орын алды. Сол кезеңдердегі көптеп келіп жатқан әр түрлі ағымдарға татымды жауап беретін белді мамандырымыздың жетіспеушілігі, оларға қатысты заңнамаларымыздың жетілдірілмегендігі және бұхара халқымыздың діни сауатының аздығы – жиналап келгенде жат ағымдарға қарсы иммунитетіміздің төмендігін құрады. Осы бір қиын сәттерді өз пайдаларына қолданып қалған деструктивті ағымдардың бүлігі бүгінгі күндерге дейін жалғасып, тіпті кейде елді дүрліктіретін ауыр жағдайларға да себепкер болуда. Бұл мәселелердің дұрыс шешімін табуға, оларды еңсеруге тек құқық қорғау мекемелері ғана емес сонымен қатар мемлекеттік және қоғамдық барлық негізгі институттар да өзіндік үлесін қосып, ат салысуы тиіс.

### Зерттеу жұмысының әдістемесі

Аталмыш мақалада авторлар анализ, синтез секілді жалпы ғылыми әдістермен қатар, зерттеу объектісінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты құрылымдық-функционалдық, герменевтикалық және феноменологиялық әдістерді қолданған.

### «Экстремизм» және «діни экстремизм» ұғымдарының анықтамалары

Белгілі бір құбылысқа қарсы тұру үшін, ең алдымен, қарсы тұру объектісін нақты анықтап алу керек. Экстремизм (лат. *extremus*, фр. *extremisme* – «шеткі, шамадан тыс») – белгіленген, қалыпты моральдық, заңдық шеңберден тыс көзқарастарды ұстану, іс-әрекеттерді жасау. Әр түрлі елдерде және әр түрлі кезеңдерде «экстремизм» ұғымына көптеген құқықтық және ғылыми анықтамалар берілген. Бүгінгі күні барлығына ортақ бірыңғай қабылданған анықтама жоқ. Экстремизм радикализмнің экстремалды көрінісі. Д. В. Ольшанский былай деп жазады: «...экстремизм ұғымы (француз тілінен *extremisme* – экстремалды, шеткі) саясат пен идеологиядағы экстремалды көзқарастар мен іс-әрекеттерге деген адалдықты білдіреді. Психологиялық тұрғыдан алғанда, бұл радикализмнің жалғасы және одан әрі дамуы» [1: 225]. Бұдан әрі: «психологиялық тұрғыдан терроризм – радикализмнің, экстремизмнің және фанатизмнің табиғи жалғасы» [1: 257]. Тар мағынада, экстремизм дегеніміз, әдетте, қолданыстағы мемлекеттік жүйені күштеп өзгертуге және ұлттық, әлеуметтік алауыздықты қоздыруға бағытталған заңсыз әрекет деп түсініледі [2: 24].

2001 жылғы 15 маусымдағы «Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясы» «экстремизм» ұғымына мынадай анықтама берген болатын: «Экстремизм» – билікті күшпен басып алуға немесе билікті күшпен ұстап тұруға, сондай-ақ мемлекеттің конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, сол сияқты қоғамдық қауіпсіздікке күшпен қол сұғуға, оның ішінде жоғарыда көрсетілген мақсаттарда заңсыз қарулы құралымдарды ұйымдастыруға немесе оларға қатысуға бағытталған және тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес қылмыстық тәртіппен қудаланатын қандай да бір іс-әрекет (3 п. 1б. 1 бап.) [3].

### **Діни экстремизмнің пайда болуына әсер ететін факторлар**

Біз экстремизм мәселесінің алдын алу бағытындағы жақсы нәтижелерге қол жеткізуіміз үшін міндетті түрде оның пайда болуына әсер ететін факторларды мұқият саралауымыз қажет. Себебі соның негізінде ғана бізге бұл қауіпті құбылыстың алдын алудың нақты мақсаттары айқындалады.

Кез-келген қоғамдық-саяси құбылыс сияқты экстремизм мен терроризмнің де терең әлеуметтік, идеологиялық және рухани-психологиялық тамырлары бар. Бұл әлеуметтік құбылыстардың мәнін оларды туғызатын және қоректендіретін әлеуметтік және саяси өмірдің басқа жаһандық проблемаларымен байланыстырмастан ашу, түсіну мүмкін емес [4: 86]. Діни экстремизмнің тамырын, ең алдымен, қоғамның әлеуметтік-саяси мүддесі мен оның өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайынан іздеу керек. Осыдан кейін ғана діни экстремизмнің идеялық-психологиялық, этно-діни және тарихи алғышарттары жайында сөз қозғауға болады [4: 87]. Сонымен қатар, діни экстремизмнің бірден-бір себебі, адамның өзінің ұстанатын дінінің негізгі мақсаттары мен мәні туралы жеткілікті білімінің болмауынан, оның ішкі жүйесі мен мақсаттарын дұрыс түсінбегендіктен және осындай тұлғаның санасының деструктивті ағымдар идеологиясының әсеріне түсуі (улануы) салдарынан болуы да мүмкін. Оған қоса кейбір адамдардың фанатикалық төзбеушілігі мен қатыгездігі де өзіндік әсерін тигізіп жатады. Экстремизм – бұл әлеуметтік-саяси немесе ұлттық мәселе ғана емес, сонымен бірге моральдық және рухани мәселе. Экстремизм құбылысы алуан түрлі, сол себепті оны тудыратын себептер де әртүрлі. АҚШ-тағы ең ірі психиатрлардың бірі, «Терроризмнің желілік құрылымдары» кітабының авторы, 11 қыркүйектегі оқиғаларды тергеу комиссиясының мүшесі Марк Сейджман радикалданудың 4 кезеңін атап көрсетеді, олар әр түрлі ретпен жүруі мүмкін:

1. Моральдық наразылық сезімі (мысалы, діндердің қорлануы, жақындарының мазақ етілуі).
2. Табиғи емес (қалыптан тыс) дүниетаным (мысалға, қоғамның белгілі бір нормаларының бұзылуы дінге қарсы күрес ретінде қабылданған кезде).
3. Жеке тәжірибемен резонанстық жағдайдың орын алуы (дискриминация).
4. Бұқаралық ақпарат құралдары, интернет арқылы жұмылдырылу (әлеуметтік желілердегі, форумдардағы және т.б. ыза, кек, ашу) [5: 13]. Байқағанымыздай радикалды топ қатарына қосылу кей жағдайда рационалдық немесе материалдық факторларға емес, эмоционалды себептерге де байланысты болатындығын көруге болады.

Діни экстремизм мен терроризмнің шығуына көптеген жағдайлар әсер ететіндігі жайында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы Альджанова Н.Қ. өзінің «Діни экстремизм мен терроризмнің таралу себептері» атты мақаласында толыққанды жазған болатын. Олар:

- экономикалық, әлеуметтік, технологиялық және мәдени салаларда артта қалу;
- әлеуметтік әділетсіздік;
- жұмыссыздық, кедейшілік, ауыл және қала мәселелері;
- халықтың өмір сүру түрі, стандарттарына батыс елдерінің араласуы;
- нәсіл, дін, мазхаб, идеология, аймақ және шекара мәселелері;
- саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени тұрғыдан үстемдік құруы;
- діни, мәдени және идеологиялық, миссионерлік іс-шаралар;
- географиялық аймақтар, мемлекеттер, халық пен ел арасындағы түсініспеушіліктер;
- дамыған елдер мен мемлекеттердің дамымаған елдерді отарлауы, бөліп тұтастығын бұзуы;
- отбасы проблемасы, қоғамнан аластатылуы, өзін-өзі көрсету және дәлелдеуі;
- бір адамның, қоғамның бастан кешкен күйінішіне, әлсіздігіне қарсы өш алуы;
- өзінің, идеологиясының, халқының және мемлекетінің алдындағы міндетін атқару;
- қоғамдағы саясат, мәдениет пен өркениет дамуына қарсы әрекеттердің туындауы [6].

### **Діни экстремизммен күрес және оның алдын алу жолдары**

Дәстүрлі діндердің құндылықтарын насихаттау да экстремистік көріністердің алдын алуға өзіндік ықпал ететіні сөзсіз. Осы тұрғыда атақты саясаттанушы, қауіпсіздік жөніндегі сарапшы Н. А. Наматов діни экстремизммен күрес мәселесіне байланысты «мемлекет экстремизмнің пайда болуына ықпал ететін әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларды жойып, экстремистердің заңсыз әрекеттерін тоқтатуы

керек». Өз кезегінде қоғам «қоғамдық және діни бірлестіктердің, БАҚ-тың көмегіне» жүгініп, «экстремистік идеяларға қарсы толеранттылықтың, азаматтық бейбітшілік пен келісімнің гуманистік идеялары мен принциптерін» насихаттауы керек. Сонымен қатар, бұл бағытта «заң қолдану практикасы маңызды рөлге ие» егер «заң нормаларына сәйкес экстремизмнің қылмыстық әрекеттерін ұйымдастырушылар мен жасаушылар ғана емес, сонымен қатар олардың идеологиялық шабыттандырушылары да жауапкершілікке тартылатын болса» және аталмыш бағытта «заң талаптары қаншалықты жалғасымды және қатаң орындалатын болса» соғұрлым жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады [7] деген пікір айтады. Алдын алу жұмысының нәтижелілігі көп жағдайда құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби шеберлік деңгейіне де байланысты. Осыған қатысты, аталмыш проблемаға байланысты құқық қорғау органдарының қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері шешуші мәнге ие [8: 59].

Қазіргі әлемде экстремистік әрекетке байланысты қақтығыстар еңсерілмеген, ал террористік актілер көптеген елдерде орын алуда. Бұл проблема адамзатты толғандырады және қазіргі заманның басты проблемасына айналып бара жатыр. Әрбір жекелеген елде экстремистік көзқарастар мен олардың қызметінің (көрініс табуының) өзіндік мәселелері мен ерекшеліктері бар. Көп нәрсе белгілі бір мемлекеттің саяси, экономикалық, әлеуметтік негіздеріне, идеологиясы мен тәрбиесіне, жас ұрпақтың білім беру ісіне, сайып келгенде, әртүрлі діндерге деген көзқарастарына байланысты. Баршамызға мәлім, кез-келген экстремизм өз алдына фанатизмнің шектен шыққан түрі. Сондықтан да олар өздерінің идеологияларын қабылдамағандардың барлығын жау көреді, бітімгершілікке ешқашан келіспейді. Түпкі мақсаттары әлемді өздерінің шектен шыққан көзқарастары негізінде қайта құру болып табылады. Діни экстремизм іс жүзінде – саяси экстремизммен тығыз байланысты. Барлық дерлік жағдайда, бұл – саяси күштердің өз мақсаттарына жету үшін дін атын жамылып белгілі бір мақсатқа байланысты жасаған немесе бағыттаған күресі. Мүмкіндігінше мұндай іс-әрекеттердің алдын алу үшін міндетті түрде жеткілікті дәрежеде діни сауаттылық қажет. Кейбір ғылыми және публицистикалық баяндамаларда азаматтардың (әсіресе жастардың) санасындағы идеологиялық және адамгершілік вакуумды толтыруға, олардың әлеуметтік-психологиялық бейімділіктері мен көзқарастарын діни білім беру (діни тәрбие беру) арқылы түзетуге, жетекші әлемдік діндер жариялаған құндылықтармен танысуға деген үміттің көрінісін табуға болады. Осылайша, діни білім мен діни сенімді экстремизм мен терроризмге қарсы тұрудың негізгі құралы ретінде қолдануға болатындығы алға тартылады. Дінде ең бастысы – адамгершілік мінез-құлық, бұл барлық негізгі конфессияларға қатысты деп айтуымызға болады. Тарихи тұрғыдан алғанда, адамгершілік құндылықтар, ең алдымен, діни жүйелердің даму процесінде мойындалған. Экстремистік көзқарастарды ұстану, іс-әрекеттерді жасау жеке адамдарда да, ұйымдар да кездеседі. Экстремизм өзінің барлық көріністерінде көп қырлы және көп өлшемді құбылыс. Кейде тәжірибесіз зерттеушілер оны жаңсақ бір ұлтқа немесе бір дінге, конфессияға ғана тән құбылыс ретінде қарастырып жатады. Бірақ бұл өте өрескел қате тұжырым. Себебі, экстремизм кез келген этноста, кез келген конфессияда орын алуы мүмкін. Қазіргі таңда экстремизм күйесін әсіресе ислам дініне жағу үрдіс алғандай, кейде тіпті екеуінің арасына теңдік белгісін қойғысы келетін адамдар да кездесіп жатады. Осы тұста айта кету керек экстремизм ислам дініне жат дүние. Ол негізінде дәлелдеуді де қажет етпейді. Бұл мәселе қазіргі мақала тақырыбына жанама ғана байланысты болғандықтан көп тоқтала алмаймыз. Бірақ сонда да болса экстремизмнің ислам дініне жат дүние екендігіне аз-кем мысал келтіріп өтейік. Ислам дінінің қасиетті кітабы Құран Кәрімде экстремистік әрекеттерге қарсы, әрі қатаң тыйым салатын көптеген аяттар бар, мысалға: «Кімде-кім, кісі өлтірмеген немесе жер бетінде бүлік шығарып, бұзақылық жасамаған бейкүнә жанды нақақтан-нақақ өлтірсе, бүкіл адамзатты өлтіргендей болады. Сондай-ақ кім біреуді өлімнен құтқарып қалса, бүкіл адамзатты өлімнен құтқарғандай болады...» (Мәйдә с. 32-аят), «Дінде (хақ дінді үгіттеуде және қабылдауда) зорлық жоқ...» (Бақара с. 256-аят), «Рабыңның жолына даналықпен әрі жанға жағымды уағыз-насихат айту арқылы шақыр...» (Нахыл с. 125-аят) және т.б.

Адамдарды белгілі бір сенімге мәжбүрлеу ислам дінінің мән-мазмұнына, рухына қайшы келеді. Ислам қағидасына сәйкес шынайы сенім тек ізгі ниет, еркіндік, таңдау арқылы ғана мүмкін болады. Адамның сенімі мен құлшылығы жаратушысына ізгі ниетімен, жүрегінің қалауымен жүгінген кезде ғана құнды. Нағыз мұсылманға ешқашан біреуді мәжбүрлеуге, материалдық немесе моральдық қысым көрсетуіне болмайды, ондай іс әрекеттерге қатаң тыйым салынады. Демек, адамдар сенім талаптарын орындауға мәжбүр болатын қоғамның моделі ислам дініне түбегейлі қайшы келеді. Егер әлдебір қоғамдық жүйе адамдарды сенімге және діни ережелерді сақтауға мәжбүр етсе, онда ол адамдардың құдай алдындағы тақуалығы тек билік жүйесінен қорқу негізінде, яғни «жасанды» болу ықтималдығы пайда болады. Мұсылмандық сенім бойынша бұл дүниеде әркім өзімен әртүрлі қарым-қатынастарда болатын барлық адамдарға, оның діни көзқарасына қарамастан, құрмет, төзімділік, кешірім мен әділеттілік, сүйіспеншілік пен мейірімділік танытуы шарт және оны үшін жаратушысының алдында жауапты. Радикализм мұсылман адамның өмірінің ойлау тәсілі мен моральдық заңдарына мүледем сәйкес келмейді.

### **Діни экстремизмнен жастарды сақтандыру**

Қазіргі уақытта деструктивті бағыттағы діни ағымдардың ерушілерінің тұрақты жасаруы анық байқалады. Әлеуметтанулық зерттеулерге сүйенетін болсақ жастар өзіндік психологиялық, әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты жаһандық өзгерістер жағдайында қоғамның нашар бейімделген, осал бөлігі болып табылады. Жастардың әртүрлі діни ағымдарға ерулеріне көп жағдайда мына факторлар ықпал етеді: өзіне деген сенімсіздік, өзін-өзі бағалаудың төмен болуы, жалғыздық, уайымшылдық, рухани қажеттіліктердің қанағаттандырылмауы, жиі қайталанатын отбасылық түсініспеушіліктер, жанжалдар, ата-аналарымен, жақындарымен және қатарымен шынайы, жақсы қарым-қатынстың болмауы және т.б. Аталған факторлар жастардың діни ағымдарға ерулерінің алдын алу бойынша кең ауқымды жұмыс жүргізу қажеттігін көрсетеді. Айтып өткеніміздей жастардың жат діни ағымдарға ерулерінің алдын алуда отбасылық түсіністік факторы ерекше орын алады. Сондықтан да жат ағымдарға әр отбасыдан кете бермейді. Ішкі отбасылық қатынастардың сипаты өте үлкен мәнге ие. Рухани қажеттіліктердің қанағаттандырылмауы, жалғыздық, үмітсіздік, өмірдің мақсатсыздығы мен мағынасыздығы сезімі – мұның бәрі адамның (әсіресе жастардың) жаңа құндылықтар жүйесін іздеуінің әлеуметтік-психологиялық факторлары болып табылады. Жастарды әр түрлі діни ағымдарға тартудың алдын алу проблемасын шешу педагогтардың, психологтардың, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, әлеуметтік қызмет мамандарының, БАҚ пен жалпы қоғамның күш-жігерін біріктіруді қажет етеді. Аталмыш алдын алу мәселесі нақты мақсатты және үйлестірілген шешу жағдайында өте күрделі болғанымен орындалатын (орындауға болатын) міндет болып табылады.

Алдын алу жұмыстарына қатысатын мекемелердің ішінде әлеуметтік институт ретінде аталмыш міндеттерді сәтті жүзеге асыру қабілеті ерекше болып білім беру мекемелері табылатындығы жасырын емес, өйткені олар бүкіл оқу кезеңінде білім беру (ағартушылық) және қалыптастыру қызметін жүргізе алады. Аталмыш мәселе бойынша педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Мухина Т. К. өзінің «Діни секталарға жастарды тартудың алдын алу мәселесі жайында» атты мақаласында мынадай әдістеме ұсынады: «Профилактикалық жұмыстың басты мақсаты барлық діни ұйымдардың қызметіне тыйым салу емес, жастарды деструктивті діни ұйымдарға тартудың тиімді алдын алуға ықпал ететін педагогикалық жағдайлар жасау болуы керек. Олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:

1. жастарды деструктивті діни ұйымдарға тартудың алдын алу бойынша мамандар даярлау жүйесі;
2. жастарды деструктивті діни ұйымдарға тартудың алдын алу жөніндегі маманды штатқа міндетті түрде енгізе отырып, медициналық-әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық көмек орталықтарының желісін ұйымдастыру;
3. қолданыстағы алдын алу жүйесін қайта ұйымдастыруға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық шаралар;
4. ЖОО-ның базасында (адамдардың) діни ағымдарға кету себептерін зерделеу, деструктивті діни ұйымдарға жастарды тартудың алдын алу бойынша одан арғы іс-шаралардың формаларын, әдістерін әзірлеу және болжау жөніндегі ғылыми-зерттеу зертханаларын құру, сондай-ақ теориялық әзірлемелерді практикаға енгізу.

*Жастар арасындағы деструктивті діни ағымдарға кетудің алдын-алу жұмыстарындағы міндеттер:*

- жеке тұлғаның дербестігін арттыруға және тәуекел (қауіп) жағдайында психологиялық қорғауды қамтамасыз етуге ықпал ететін мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;
- өмірлік мағыналы нұсқаулар мен позитивті өзін-өзі бағалауды қалыптастыру;
- сыни ойлауды жандандыру (активизациялау);
- топтық қысымға қарсы тұру, жанжалды жағдайларды сындарлы шешу дағдыларын дамыту;
- салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру» [9: 64].

Осылайша, жастардың діни ағымдарға кетуінің алдын алу жастардың әлеуметтік ауытқуларының алдын алудың жалпы процесінің маңызды құрамдас бөлігі болуы тиіс. Зерттелетін мәселені талдау барлық құзыретті мамандардың: мұғалімдердің, психологтардың, заңгерлердің, дәрігерлердің, әлеуметтанушылардың, философтардың күш-жігерін біріктіре отырып, жас ұрпақты тәрбиелеумен және девиантты (ауытқушылық) мінез-құлықтың барлық түрлерінің алдын-алумен айналысатын бүкіл әлеуметтік институттардың үйлесімді және жүйелі өзара әрекеттесуімен ғана мүмкін болатындығын көрсетеді. Бұл ретте профилактикалық жұмыстың психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-педагогикалық формалары мен әдістері басым мәнге ие [9: 65].

### **Қорытынды**

Жалпы экстремизмнің қай түрі болмасын мемлекеттегі қалыптасқан саяси, қоғамдық, әлеуметтік жүйелерді тұрақсыздандыратыны айдан анық. Осылайша елдегі азаматтардың өмірлеріне, әлеуметтік-құқықтық еркіндіктеріне қауіп төндіреді. Осы тұста көп конфессиялы мемлекетіміздің тұтастығын

сақтауда дәстүрлі діндердің алатын орны орасан. Діндер адамзат тарихында әрқашан ізгіліктің бастауы болғандығы баршамызға белгілі. Бірақ әр заманда оны жекелеген тұлғалардың, жекелеген топтардың өз теріс мақсаттарына қарай саясаттарына араластырып, қарапайым халықты күштеп билеуде, жаншуда желеу етіп қолданған тұстарын да көре аламыз. Өкінішке орай осы бір қасіретті құбылыс өркениетті дәуірімізде де кейбір елдерде көрініс табуда. Соның салдарынан жазықсыз қарапайым халықтың бір бөлігі қырылып, енді бір бөлігі көршілес елдерде бас сауғалап босқын атануға мәжбүр болуда. Экстремизм түрлерінің әр алуандығына сүйене отырып, экстремизм шеткі көзқарастар мен идеялардың көрінісі ретінде қоғамдық және мемлекеттік өмірдің, қоғамдық қатынастардың барлық салаларына ену қабілетіне ие деп қорытынды жасай аламыз.

Мақала соңын 2006 жылы 3-5 шілдеде Мәскеуде өткен әлемнің 49 елінен келген христиандық, мұсылмандық, иудейлік, буддистік, индуистік және синтоистік қоғамдастықтардың басшылары мен елшілерін жинаған дүниежүзілік дін лидерлері саммитінің жолдауында айтылған сөзбен аяқтауды жөн деп санаймыз: «Біз терроризм мен экстремизмді, сондай-ақ олардың діни тұрғыдан ақталуға тырысуларын кез-келген түрде айыптаймыз. Саяси, ұлттық және діни негіздерде туындайтын араздыққа қарсы тұруды біздің міндетіміз деп санаймыз. Біз адамдардың бостандығы мен денсаулығын, сонымен қатар қоғамдағы моральдық климатты бұзатын дін атын жамылған жалған діни топтар мен қозғалыстардың іс-әрекеттеріне өкінеміз. Дінді жеккөрушілікті қоздыру құралы ретінде қолдану немесе адамға, адамгершілікке, адамзатқа қарсы қылмыстарға сылтау ретінде пайдалану – қазіргі заманның басты сын-тегеуріндерінің (қиындықтарының) бірі» [10].

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ольшанский Д.В. Психология террора. М.: Академический Проект, ОППЛ, 2002. – 320 с.
2. Целуева Н.В. Психологические аспекты экстремизма // Материалы международной межвузовской конференции молодых ученых «Психология – наука будущего» 5–7 ноября 2007 года / отв. ред. А.Л. Журавлева. – М.: ИП РАН, 2007. С. 51-59.
3. Шанхайская Конвенция о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом (г. Шанхай, 15 июня 2001 г.). Эл. ресурс: <https://www.mchs.gov.ru/>
4. Назиров Давлятходжа. Проблемы терроризма, религиозного экстремизма и пути их преодоления: диссертация ... доктора философских наук : 09.00.11 / Назиров Давлятходжа; [Место защиты: Ин-т философии и права АН Респ. Таджикистан].– Душанбе, 2009.– 347 с.
5. Christmann K. Preventing religious radicalisation and violent extremism: A systematic review of the research evidence. London: Youth Justice Board, 2012. 77 p.
6. Альджанова Н.К. Діни экстремизм мен терроризмнің таралу себептері, 4.10.2016ж. Эл. ресурс: <http://gylymordasy.kz/>
7. Наматов Н.А. Религиозный экстремизм в Центральной Азии // Эл. ресурс. База данных. – CentralAsia&CentralCaucasusPress AB, 2001.
8. Горохова В.В. Основы противодействия религиозному экстремизму: учебное пособие // В.В. Горохова. – М.: Московский университет МВД России имени В.Я.Кикотя, 2018. 83 с.
9. Мухина Т.К. «К вопросу о профилактике вовлечения молодежи в религиозные секты» Сибирский педагогический журнал, №15, 2007, С. 61-65.
10. ПОСЛАНИЕ Всемирного саммита религиозных лидеров (Москва, 3-5 июля 2006 г.). Эл. ресурс. <https://mospat.ru>

## ӘБУХАМИД ӘЛ-ҒАЗАЛИДІҢ МОРАЛЬ ЭТИКА ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘНІ

**Есназарова Г.С.**

*Дінтану мамандығының 2 курс магистранты  
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті  
Ғылыми жетекшісі: Дүйсенбаева Альбина Қурахбаевна  
Phd, Дінтану кафедрасының доценті,  
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті*

Құран – мұсылман Шығысындағы моральдік-этикалық құндылықтардың қайнар көзі. Араб тілінде мораль дегеніміз «ахлақ», ислам әлемінде «худжату әл-ислам» (ислам айғағы) атанған мұсылман теологі әрі ойшылы Әбу Хамид әл-Ғазали «ахлақ» сөзіне: «Хулық (мінез) және «хальқ» (жаратылыс, болмыс). Бұл сөздер бірге қолданыла береді. Мысалы, «Пәленшенің мінезі және болмысы көркем» деп айтылады. Демек, пәленшенің ішкі дүниесі һәм сыртқы болмысы көркем екені білінеді. Олай болса, «хальқ» (болмыс) сөзі адамның сыртқы бейнесін көрсетсе, «хулық» (мінез) оның ішкі дүниесін білдіреді. Себебі, адам көзбен көрінетін тәннен және ақылмен пайымдалатын рух, нәпсіден құралған. Бұлардың әрбірінің өзіне тән пішіні мен бейнесі бар. Оның бейнесі көркем болуы мүмкін немесе жаман болуы ықтимал. Ақылмен танылатын жанның қадірі, көзбен көрінетін тәннен жоғары тұрады», – деп анықтама береді [1, 71 б.].

Расында да мораль – мінез-құлық, қылық, сипат және әдетке қатысты латынның *moralitas*, түбірі – *moralis* сөзіннен шығады [2, 270 б.]. Мораль, қоғамдық өмірдің барлық салаларында және күнделікті тұрмыс-тіршілікте адамның жүріс-тұрысын қадағалайды. Рамазан әл-Махлұей «ахлақ» дегеніміз – «хулук» сөзінің көпше түрі. Ал, «хулук», адаммен әу бастан бірге келетін, яки жүре қалыптасатын мінездер жиындығы. «Хулук» – адамның сыртқы қылықтары мен болмысы және оның ішкі дүниесінің ақиқаты деген. «Адал мен арам айтылып, адасушылық пен бұзықтықтан сақ болуымыз үшін жолымызға жарық түсірілді. Құранда науқас адам үшін шипа бар. Кім бұған қарсы шықса, Аллаһтың құдіретіне қарсы шыққаны, кім басқа жолмен жүрсе, онда адасқаны. Құран үлкенді де, кішіні де, азды да, көпті де қамтыған. Оның ғажайып сыры таусылмайды, қойнауындағы қазынасы сарқылмайды», – деп қоғам өміріндегі адамгершілік құндылықтарының қайнар көзі Құран екенін алға тартты [3, 395 б.].

Егер адам осы ішкі дүние сарайының қақпасын аша білсе, онда ол өзін-өзі таниды. Сондықтан да адам өміріндегі рухани дүниенің маңыздылығын байқатқан Ғазали – көптеген пайғамбарлар өз үмбеттеріне келіп, оларды иманға шақырды. Олардың басты мақсаты – адамның жан дүниесімен жұмыс жасау. Олар өз ұстанымдарын адам жанының түпкі тамырына байлаған. Сол себепті осы ұстанымдар адам табиғатынан үстем келіп, олар пайғамбарларға ерді. Ал пайғамбарлар түзу жол көрсетті. Бұған Құранның мына аяты дәлел бола алады:

«Негізінде осы Құран ең тура жолға салады. Әрі дұрыс іс істеген мұминдер үшін, әрине, зор сыйлық бар екенін сүйіншілейді» (Исра: 17/9).

Құран адамның рухани мүмкіндіктерін ашатын азық және шипа: «Құраннан мұминдерге шипа және рахым түсіреміз. Ол залымдардың зиянын тым арттыра түседі» (Исра, 17/85). Егер адамның жаны сау болса, ол өмірді бағалай біледі, әрі бақытқа қол жеткізеді. Себебі науқас жан, басқару жүйесінде ретсіздікке соқтырып, оған өзінің бұзық ойларын енгізуі мүмкін.

Ал сау-саламатты жан, керісінше, басқару жүйесіндегі кем-кетіктер мен ақауларды жамайды және адамның ішкі дүниесіне жарық сәулесін түсіреді. Мінсіз, әділ қазі жұмыс жасап отырған заңдағы кемшіліктердің орнын толықтыруға құдіретті. Бірақ, залым қазі заңдағы жетіспеушілікті толтырғаны былай тұрсын, ол өз мүддесі үшін түзу заңды бұрмалауы ғажап емес. Өмірдегі алуан түрлі идеялар мен ағымдардың алдында тұрған адам жаны да осы сияқты күй кешеді. Сондықтан адам жаны дұрыс бағыттан ауытқымауы үшін Құранды ұстанады деген пікірді Ғазали алға тартты.

Ғазали бойынша егер адам жаны дертінен айықпаса, оның келешегі мен бүгінгі күндері бұлыңғыр, әрі күмәнді болады. Адамдардың көбін өмір рахаты байлап, оларға жоғары көтерілулеріне бөгет жасайды. Құмар мен рахат олардың аяқ-қолдарынан ұстап, оларға дүние махаббатын тәтті етіп көрсетеді.

Құран бірінші кезекте, адам құмар мен нәпсінің рахатына тоймайтынын және оның жанға азық болмайтынын айтады: «Ей, Дауд! Сені жер жүзінде меңгеруші (патша) еттік. Сондықтан адамдардың арасында ақиқатпен үкім ет, қалауға (құмарға) ерме. (Ол) сені Аллаһтың жолынан адастырады...» (Сад, 38/26).

Адам жаны нәпсінің қалауына жеткен соң, оған тойымсыздық танытып, басқа нәрсеге құмартады. Сөйтіп, оның күнә екеніне назар салмай, рахаттың етегінен ұстап кете барады. Осылайша, құмарпаз адам қу нәпсінің құлына айналады.

Құранның міндеттеуі бойынша адам рұқсат берген және тиым салған құмардың арасын айырып алуы қажет. Құран бұл мәселені айдан анық етіп көрсеткен. Адам жаны қалаған дұрыс рахатты көрсетіп, оларды

қалауынша және қажетінше пайдалануына рұқсат береді: «Ей, адам баласы! Жер жүзінде болған халал, таза нәрседен жеңдер және шайтанның ізіне ермендер. Себебі сол сендерге ашық дүшпан» (Бақара, 2/168).

Сол сияқты Құран адам бойындағы басты кемшіліктерді айтып, күмәнге және жеке басының қамына берілетінін де еске түсіреді: «Шын мәнінде адам баласы сабырсыз жаратылған. Басына бір бейнет жетсе, тым төзімсіз. Қашан қолына дәулет түссе өте сараң» (Мағраж, 70/19-21).

Демек, аятта адам бойындағы кемшіліктер айтылып қана қоймай, мінездің адам болмысымен бірге келетіні білдірілген. Сондықтан: «Ахлақ адамның ішкі дүниесінің бейнесі мен көрінісі болса, – дейді Ғазали, – ол адамның туылғандағы болмысымен келеді немесе уақыт өте адам оны үйренеді». Сөйтіп мінез нәпсімен бірге өсіп-өнеді.

Адамның табиғи, тума мінезіне келсек, бұларға адам болмысындағы адамгершілік, жақсылық жасауды жақсы көру, ізгілікті ұнату сияқты т.б. қасиеттер жатады. Адам баласы дүниеге келгенде ақ парак сияқты таза күйде туылады. Кейін сәбидің ата-анасы, қоғам, қоршаған орта оған әсер етіп, оның келешектегі болмыс-мінезіне ықпал жасайды.

Әбу Һурайрадан: «Аллаһтың елшісі: «Шақалақ таза күйде туылады. Кейін оның ата-анасы яһуди болса, оны яһуди қылады, христиан болса, христиан қылады немесе отпарас болса, оны отқа табынушы етеді», – деп айтты», – деген хадисті имам Бухари келтіреді.

Хадистен көргеніміздей, сәбидің келешекте өзін жақсы немесе жаман тұлға ретінде қалыптасуына ата-ана зор ықпал етеді. Егер сәбидің ата-анасы жақсы мінезді адамдар болып, балаға көркем-мінез бен жақсы қылық үйретсе, онда оған бұл дүниеде береке және ақыретте мол сауап болмақ. «Ал, енді ата-ана дәрәкі сөзді, бұзық мінезді болса, баланың да бұзық қылықтар үйренетініне дау жоқ», – деген Ғазали, келешекте оның қоғамға немесе халқына тигізер пайдасы мардымсыз боларын дәлелдейді.

Ғазалидің көзқарасы бойынша перзент – ата-анаға аманат. Баланың жүрегі пәк, нәзік, аңқау және ешбір нақыш салынбаған таза гауһар сияқты. Жүрекке қандай ою-өрнек салынса, ол соған ұқсап пішінделеді, оны иген тарапқа қарай иіледі. Егер бала жақсылыққа үйреніп, жақсылықты әдеттенсе, дүние мен ақыретте бақытын табады. Әрине, бұл сауапқа оның ата-анасы және тәрбиешісі мен оған тәлім берген адамдар бөленеді.

Егер балаға көңіл бөлінбей, шетте қалып қойса, жамандықтың ортасында өссе, бақытсыздыққа душар болып, құрып кетеді. Бұл жағдайда күнәнің ауыртпалығы оны осы күйге түсіргендер мен ата-ананың мойынына артылады. Аллаһ тағала:

«Ей, мүминдер! Өздеріңді әрі үй-іштеріңді отыны адамдар мен тастардан болған оттан қорғандар» (Тахрим: 66/6) деп әмір еткен, – дейді [4, 60 б.].

Әке перзентін дүние азабы мен машақатынан қаншалық сақтаса, ақырет отынан да сақтауы тиіс. Тәрбие жолында көркем мінездің, қасиеттерін үйрету және жамандықтардан қайтару, бұзық құрбы-құрдастардан қорғау, жеңіл өмірге әдеттендірмеу, байлыққа махабатын оятпау арқылы әке перзентін тозақ отынан сақтайды. Егер бала дүние құмарлығына бой алдырса, мәңгілік тұңғиыққа кетті деген сөз – дейді ойшыл.

Ғазалидің түсіндіруінше, перзент дүниеге келген алғашқы күндерінен бастап, күзет қамқорлыққа алынуы қажет. Сондай-ақ, нәрестені емізу және тәрбиелеу ісін тек діндар әрі таза әйелге сеніп тапсырылуы мүмкін. Себебі харамнан шыққан сүтте береке жоқ. Егер ол сүттен сәбиге берсе, онда сәбидің қанына харам араласып, баланың табиғаты харамға икемді тұрады. Ал діндар әйел, харамды жемейді, харамнан сақтанады, демек, сәбиге харам сүт берілмейді. [5].

Жақсы-жаманды ажырату түйсігі балада көріне бастаған сайын оның бақылауын да күшейте түсу керек. Мұның әуелгі белгісі, балада ұят қасиетінің бастапқы нышанының көріне бастауы. Себебі, баланың тартыншақтауы ұялу емес, бәлкім, ақылдың нұры түсіп, бала кейбір істердің басқаларға қарама-қарсы екенін көреді, жаман деп таныған істерін жасаудан ұяла бастайды. Бұл Аллаһ тағаланың оған берген сыны, мінезінің пәктігінен жүрегінің сол тазалағынан тура шыққан қуанышты белгі және ақылының кемелдікке жетіп жатқандығынан сүйінші хабар десе болады деген пікір айтады.

Сол сияқты Ғазали ұяты бар баланы, қамқорсыз қалдыруға болмайтынын нақтылады. Керісінше, оған ұят әдебін үйрету арқылы жәрдем көрсету керек. Көп жағдайда баланың бойында тамаққа ашкөзбен ұмтылу сезімі басым болады. Бұл кезде тәрбие тамақ ішу әдебінен тәлім беруден басталады. Мысалы, тамақты оң қолмен алу, тамаққа үлкендерден бұрын қол созбау, тамақты тек өзінің алдынан алу, тамақ жеп отырған адамның ауызына қарай бермеу, тамақты шашпау, жақсылап шайнап жеу, тамақты обығып жемеу, яғни, тамақты ауызға бірінен соң бірін сала бермеу, жеп отырған асты киімге тамызбау сияқты мұсылманның тамақ ішу әдебін үйрету қажет екенін баса айтады. Сондай-ақ, шектен тыс тамақ жеудің жаман, мұндай қылық парасатсыз жануарларға тән ерекшелік, әдепті бала тамақты кем жейді, барына қанағат қылады және тамақ таңдамайды деп айтылса бұл да – тәрбие дейді ол. Нәпсі дегеніміз осындай жаттығулардың арқасында тәрбиеленеді, ал мінездер көркемделеді. Ішкі өтіріктен жалғандықтан кектен



тазарады. Сонда барып нәпсі көркем мінездің жоғарға мәртебеге жетеді – Аллаһ тағдыр қылған барлық нәрсеге разы болудың сипатына иеленеді. Аллаһтың тағдырына наразы болу өте жаман қасиет. Мұндай белгілерден аман нәпсі «менің мінезім көркем»-деп алданып қалмасын. Керісінше ыждаһадпен жаттығу арқылы көркем мінездің кемеліне жетуге ұмтылсын. Бұл асқақ дәрежеге тек Аллаһқа жақын және шыншыл сипаттармен жету мүмкін.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали. Ихия'у 'улум әд-Дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т. 3. – 584 б.
2. Философский словарь. – М.: Политиздат, 1991. – 559 с.
3. Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали. Ихия'у 'улум әд-Дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т.1.– 525 б.
4. Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали. Мизан әл-Ағмәл. – Дамаск: Әл-Иакин, 1987. – 250 б.
5. Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали. Ихия'у 'улум әд-дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т. 4. – 498 б.

## ДІНИ ФАНАТИЗМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Жетпісбай Назерке Жетпісбайқызы**

*«Конфликтологиядағы діни бірегейлік» мамандығының 2 курс магистранты*

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*Ғылыми жетекшісі: Байтенова Нағима Жаулыбайқызы*

*Профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

Зерттеулер барысында діни фанатизм діни құлшылық кезінде, Құдайдың мейіріміне жету үшін діни тәжірибеде ғана көрінбейді, сонымен қатар әлеуметтік манипуляция мен саяси қысым құралы да бола алатындығы анықталған. Діни фанатизм құбылысының орасан зор әлеуетіне байланысты оны қазіргі заманғы жағдайларда жүзеге асырудың ерекшелігі терроризм, экстремизм, фундаментализм, «жаңа діни ағымдар» сияқты құбылыстармен байланысты көрінеді. Осы мақалада біз діни фанатизм мен аталған құбылыстардың өзара байланысының ерекшеліктерін толығырақ қарастырамыз.

«Фанатизм» ұғымын француз абсолютізмнің негізгі идеологтарының бірі, уағыздаушысы және католицизм теологы Жак-Бенин Боссюэ енгізген. Ол, протестанттарды фанаттар деп атады, олар өздерінің сенімдерін шіркеу ережелерімен байланыстырмайды, тек Құдайға тәуелді деп санайды.

Француз ойшылы және теологиялық сыншы Пьер Бейл діни фанатизмді «іске қосылған ырымшылдық» немесе надандықтың жемісі, пұтшыл жан деп сипаттайды [1].

1764 жылы Женевада жарық көрген «Философиялық сөздікте» француз ағартушысы, тарихшы, публицист және ақын Вольтер діни фанатизмнің психологиясы туралы айта отырып, Вольтер бұл Бейл ойлағандай «надандықтың жемісі» және «пұтқа табынушы жан» ғана емес, ол көпшіліктің психологиясымен тығыз байланысты екенін айтады [2].

И.А. Беляев адам дүниеге көзқарастың екі түрінде (пассивті-спиритоцентристік немесе белсенді-спиритоцентристік) фанатқа айналатынын айтады. Пассивті-спиритоцентристік сипатта өрбіген фанаттық көзқарасқа аскет адамдардың әрекеті жатады. Мұндай топтағы адамдардың қызметінің белсенділігі нақтылы өмірлік жағдайларға тәуелділіктен арылуға бағытталады. Ол адам тән қалауларынан өзін тыюға, ізгі болуға тырысады. Белсенді-спиритоцентристік дүниеге көзқарастағы жандар өздерін әлемді құтқарушылар және адамдарды игілікке бағыттаушылар деп біледі. Бұл сипаттағы діни фанат өзінің қалауын, өзінің ойын, пікірін басқа адамдарға орындатқысы келеді. Осы әрекетімен ол басқаларды абсолютті Ақиқатқа жеткіземін деп санайды. Мұндай фанаттық сана типінен радикалды ойлар өсіп шығады.

Діни ағымдардағы сананы бақылау әдістері діни фанат тұлғасын өсіріп шығаратын алғышарт болып табылады. Өйткені адам баласы өмірге бейімделе бастаған сәтінде бірден фанат болып кетпейді. Оның ұраншыл, төзімсіз сенуші болып кетуіне харизматикалық лидерлердің жалынды сөздері, олардың берген бағыт-бағдары, кітаптары т.б. әсер етеді Діни фанатизмге еліккен жандардың бойында психологиялық жағынан өзгешіліктер болады. Нақтырақ айтқанда ол тұлғаларға мінез акцентуациясы құбылысы тән. Мінез акцентуациясы дегеніміз – адам бойындағы мінез-құлықтың қандай да бір сипатының басым түрде көрініс беруі және белгілі бір адамның даралық ерекшелігі ретінде байқалуы.

Фанат адамдарға тән мінез акцентуациясы типтеріне мыналар жатады:

Бірінші тип – демонстративті. Бұл акцентуациядағы адам әрдайым назарда болуға және ел ықыласын өзіне аударуға ұмтылады. Оның барлық қызметі осы мақсатқа бағытталған. Мінездің бұл аномалиясы негізінде, дінді құрал ретінде пайдаланатын және жариялайтын, бірақ ішкі жан-дүниесі оның негізгі талаптарын орындамайтын фанат өсіп жетіледі.

Екінші тип – шизоидті. Эмоцияларын әлсіз байқататын және көп жағдайда тұнжыраған көңіл-күйді жүретін жабық адамдар осы топқа жатады. Мұндай мінез негізінде, дінге бет бұрған, десе де тек өзіне ғана көңіл аударатын адам өсіп жетіледі. Олар өз әрекеттерінің айналадағы адамдарға қалай әсер ететінін аңғара бермейді.

Үшінші – елігуші тұлға типі. Мұндай адамдар көзқарастарындағы қаталдығымен, кенеттен келген агрессивті қарсылықтарымен және жылдам реактивті әрекеттерімен ерекшеленеді.

Төртінші тип – кекшіл тұлға типі. Мұндай тип әділдікке ұмтылуымен және кек алу жоспарымен, кекшілдігімен ерекшеленеді. Осы тип негізінде фанаттық тұлғаның өсіп жетілуі өте қауіпті [3].

Сектаға келген неофиттерді фанат адепке айналдыру мақсатында, оларды тұрақты бақылауға алып, олардың тұлғалық қасиетін бұзатын мына әдістер қолданылады:

- трансқа түсіретін әдістер жүйелі қолданылады;
- сектаның өмір сүру стилін қабылдауды талап ету;
- сыни көзқарастардың алдын-алып отыру;

- информациялық бақылау жүргізу – культтік, сектанттық әдебиеттерден басқа хабар беретін материалдарға тиым салу;
- изоляция – адептерге сектадан тыс достарымен, қызмет бабымен, туысқандық қарым-қатынастарды қысқартуға кеңес беріледі;
- қорқыту – адептердің бұрынғы қателіктері мен күнәлары үшін Құдайдың қатал жазасына ұшырайтындығын дамылсыз айту;
- қаржылық міндеттеме –өзінің жылжымалы және жылжымайтын мүліктерін секта басшыларының қолданысына өткізу [4] .

Діни фанатизм діни догмаларды фанатикалық ұстану арқылы психологиялық күйзеліске түсудің ерекше түрі болып табылады. Сондықтан фанатиктер «жоғары жақтың» жарлығы бойынша жұмыс істейді (секталардың рухани көшбасшысы) догмаларға көзсіз бағынуға икем деп баға береді зерттеушілер.

Төмендегі санаттағы адамдар діни фанатизмге жиі ұшырайды:

- сыни тұрғыдан ойлауға қабілетсіз;
- өз әрекеттерінде эмоцияларды басшылыққа алады;
- әр идеяға жеңіл сендіруге болады;
- біреудің ықпалына оңай түсу;
- қалыптасқан өзіндік дүниетанымы мен құндылық бағдарларының жүйесі жоқ;
- хоббиі жоқ.

Дәл осылар ең алдымен дінге фанатикалық тәуелділік желісіне түседі. Діни секталарда мұндай адамдарға өзін-өзі бағалау, маңызды нәрсе жасау, командалық жұмысқа қатысу сезімін береді.

Келесі белгілер діни фанатизмнің барын көрсетеді:

- Басқа діни бағыттарға төзбеушілік, басқа дін өкілдеріне қарсы агрессия мен жеккөрушілік.
- Фанатик басқа тараптардың дәлелдерін «естімейді».
- Барлық жаңа нәрселерді қабылдамайтын шектеулі ойлау. Дінге қатысы жоқ барлық пікірлер өте теріс қабылданады.
- Сын қабылдауға қабілетсіздік.
- Догмаларды ғылыми фактілердің көмегімен жоққа шығаруға болатынына қарамастан, фанат оларға саңырау болып қалады. Ол дәлелдерді талқылауға және іздеуге қабілетсіз. Бұл көбінесе логикалық дәлелдер емес, «жұдырықтар» арқылы дәлелдейді.

– Басқаларды «жаман» көрсету үшін белгілі сөздер қолдану, пайдалану. Фанатик үшін барлығы «жаулар», «еретиктер», «қорлаушылар», «жолдан таюшылар», «пұтқа табынушылар» және т.б [5] .

Бүгінгі таңда діни фанатизм барлық конфессиялардың өкілдеріне тән, көбінесе сектанттық ағымдардың мүшелері психологиялық құбылыстың осы түрінен зардап шегуі мүмкін.

Деструктивті діни ұйымдардың діни фанаттарды әзірлеуі бірнеше кезеңнен өтеді. Бұл діни ұйымдар өз қатарларына жаңа мүшелерді тартқан кезде оларға «сананы тазарту» операциясын жүргізеді. Яғни тұлғаның өткен өмірін толық ұмыттырып, оған деструктивті ұйымның идеологиясын сіңіру жұмысы басталады. Теріс бағыттағы діни ұйымға кірген азамат жаңа ортаның талаптарын бұлжытпай орындай бастайды. Тұлғаны өздеріне толықтай тәуелді ету – деструктивті діни ұйымдардың басты мақсаты. Діни фанат, өзі ұстанған діннің нормаларына қайшы келетін пікірлер мен ұстанымдардың кез келгеніне төзімсіздік көрсетеді. Фанат мемлекеттік заңға да, беделді тұлғалардың пікіріне де қарсы шығады. Ол агрессиялы эмоцияға беріліп, өз идеясын қорғау үшін психологиялық күреске түседі. Діни фанатизмге бой алдырған азаматтардың көзқарасы мемлекеттің мүддесіне, ұлттық сана-сезімге қарама-қайшы келеді. Олар өз өмірлерінен патриотизмді, саяси белсенділікті ысырып, деструктивті діни идеяларды негізгі құндылыққа айналдырады. Фанаттың мақсаты айналасындағы қоршаған ортаны өзінің утопиялық идеалдарына негіздеп, өзгерту [6].

Фанатизмнің ерекшелігін анықтау барысында көшбасшының тиімді бұқаралық бақылауға қажет қасиеттері ретінде харизма, мінез, дағдылары аталып, сипатталады. Діни сананың түрлеріне сүйене отырып, көшбасшылардың екі түрі анықтады: жетекші – фанатикалық сананың иесі және көшбасшы – рационалды сананың жеткізушісі. Көшбасшылардың өздері фанатик болмаса да, олардың қызметі көбінесе фанатизмнің пайда болуына түрткі болады, себебі олар бұқарамен қарым-қатынас жасайды, адамдардың санасын өзгертеді және әлеуметтік жағдайдың дамуына бағыт береді. Фанатикалық көшбасшыда өлшемдік сезімі аз болады, керісінше, идеяны абсолюттеу, оған деген құмарлық пен асқақтау сезімі және фанатикалық сенім, күрес әдістері мен тәсілдеріндегі үлкен қатыгездік тән [7].

Фанатизмнің тағы бір ерекшелігі ол экстремизм мен терроризмді іске асырудың механизмі ретінде көрінеді. Экстремизм, терроризм мен фанатизм арасындағы байланысты зерттей келе ғалымдар фанатизм – соңғысын өзектендіру тетігі деген тұжырымға келеді.

Қазіргі жағдайда дінді одан әрі саясаттандыру барысында діни фанатизмді террористік актілер арқылы саяси мәселелерді шешудің құралы ретінде пайдалану тенденциясы күшейе түсті. Сонымен, дінді саясаттандыру үдерісі діни фанатизмнің мақсаттарын алмастыруға негізделген және терроризмге ауысып отыр.

Бұл тенденция, біріншіден, қазіргі өркениеттің жоғары техникалық деңгейіне байланысты; екіншіден, қоғамдық құрылымның ашық және демократиялық түрі; үшіншіден, рационализацияның жалпы мәдени процесіне байланысты [8].

Қорытындылай келе діни фанатизмнің қазіргі жағдайдағы көрінісінің ерекшелігі, біздің ойымызша, ар-ождан бостандығы мен діни төзімділік қағидаттарын іске асыру үдерісімен де шартталған. 20 ғасырдың екінші жартысында АҚШ-та негізі қалыптасқан «дәстүрлі емес діндердің» ең көп саны ТМД елдерінде: Ресейде және Қазақстанда. Батысқа негізделген «жаңа діни ағымдар» 1990 жылдардың екінші жартысында кең тарады. Шамамен осы кезеңде орыс тілді және қазақ тілді «дәстүрлі емес діндердің» қалыптасу процесі басталды. Діни фанатизм осы ағымдардың әрқайсысында сананы манипуляциялау құралы ретінде қолданылады, дегенмен, кейбір жағдайларда діни фанатизм діни топ ішіндегі сенім дәрежесі мәселесін шешуге, кейде деструктивті тенденцияларды жүзеге асыруға бағытталған.

Біздің ойымызша, «жаңа діни ағымдардың» діни фанатизмінің ерекшелігі, ең алдымен, осы діни ағымдардың шетелдік мәдени ортада тамыр жайу қажеттілігімен байланысты. Бұл жағдайда әдіс ретінде діни фанатизмді пайдалану белгілі бір діни топтың әлеуметтік мәртебесі мәселесін шешуге бағытталған, сондықтан мұндағы діни фанатизм, әдетте, миссионерлік қызметті күшейту арқылы жүзеге асырылады. Сенушілердің апокалиптикалық көңіл-күйлері эсхатологиялық күту түрінде болады (Иегова куәгерлері, жетінші күн адвентистері, бірігу шіркеуі және т.б.), діни фанатизм діни белсенділік ретінде түсіндіріледі.

Діни фанатизмді қолданудың тағы бір ерекшелігі «жаңа діни ағымдар» өздерінің діни доктриналарын талаптарға сәйкес өзгерте және жаңарта алуына байланысты әлеуметтік ортаның атап айтқанда, әлеуметтік мінез-құлық стилін қабылдап, өз тобын белгілі бір мәдениетке тиімді бейімдеу мақсатында қолданылады. Оны біз қазіргі Қазақстанда тіркелген діни ағымдардың қызметінен: қазақ тілінде құлшылықтарын жүргізу, ұлттық мерекелерді өз діни дәстүрлерімен сәйкестендіру, құлшылық барысында (діни әндер орындауда) ұлттық аспаптарды қолдану сияқты әрекеттер арқылы неофиттердің діни сезімдерін өздеріне бағыттап жатқанын көруге болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. [https://www.krugosvet.ru/enc/kultura\\_i\\_obrazovanie/religiya/BOSSYUE\\_ZHAK\\_BENIN.html](https://www.krugosvet.ru/enc/kultura_i_obrazovanie/religiya/BOSSYUE_ZHAK_BENIN.html)
2. <https://easytip.ru/religioznyj-fanatik-semejnaja-zhizn-s-nim/>
3. Беляев И.А. Религиозный фанатизм как иллюзорная компенсация недостаточности духовно-душевных составляющих целостного мироотношения. Вестник Челябинской государственной академии культуры и искусств. – 2011. – № 4 (28). – С. 68-71. [https://www.studmed.ru/belyaev-i-a-religioznyy-fanatizm-kak-illyuzornaya-kompensaciya-nedostatocnosti-duhovno-dushevnyh-sostavlyayuschih-celostnogo-mirootnosheniya\\_e1467a4216f.html](https://www.studmed.ru/belyaev-i-a-religioznyy-fanatizm-kak-illyuzornaya-kompensaciya-nedostatocnosti-duhovno-dushevnyh-sostavlyayuschih-celostnogo-mirootnosheniya_e1467a4216f.html)
4. Байтенова Н. Ж., Қ.М. Борбасова. Жаңа діни ағымдардағы сектанттықтың әлеуметтік – философиялық мәні. «Адам және әлем: философия, ғылым, мәдениет» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция Материалдары Алматы, Қазақстан, 2010 жыл, 17 қыркүйек..
5. <https://narko-centra.ru/религиозный-фанатизм/>
6. Әскенұлы Е. Діни фанатизм түрлері. <https://abai.kz/post/62362>.
7. Кара-Мурза С.Г. Манипуляция сознанием. <http://www.fhotm.kpi.ua/guest/manipul.pdf>
8. Кузнецова М.Н. Особенности проявления религиозного фанатизма в современных условиях. <http://ir.duan.edu.ua/bitstream/123456789/66/1>

## ҚАЗІРГІ ЕУРОПАЛЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІНІҢ ОРНЫ

**Манарбек Бейімбет Манарбекұлы**

*«Конфликтологиядағы діни бірегейлік» мамандығының 2 курс магистранты*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*Ғылыми жетекші: Құрманалиева Айнұр Дүрбеленқызы*

*Профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басынан бастап Еуропа мемлекеттерін миграция мәселесі алаңдатып отыр, соған орай Еуропа мемлекеттері миграцияның әсерінен күрделі геосаяси өзгерістерге тап болуда және мигранттардың көбісі ислам дінінің ұстанушылары екендігін атап өткен жөн. Еуропалық одақ елдерінде қазіргі таңда 26-27 миллионнан астам мұсылман диаспорасы бар және олардың саны жылдан-жылға ұлғаяуда. Миграция әсерінен Еуропа мемлекеттері қазіргі кезде саяси, әлеуметтік және қоғамның басқа салаларында да күрделі жағдайды бастан кешіріп жатқандығы анық байқалады, сондай-ақ мұсылмандар миграциясы мәселесіне тап болған Еуропа мемлекеттерінде елеулі саяси өзгерістер орын алуда. Бұл Еуропа тарихындағы ең ауқымды өзгерістердің бірі деп айтсақ болады. Себебі христиан дінінің орталығы болып есептелетін Еуропа мемлекеттерінің аумағында ислам дінінің ұстанушы мұсылман адамдар санының жылдан-жылға ұлғайуы және ислам дінінің таралуы Еуропалық өзіндік батыс өркениетіне тән ерекше мәдени құндылығы бар қоғамда өзіндік бір өзгерістер еңгізуде. [1]

Қазіргі уақыттағы еуропалық саяси-қоғамдық дискурстарда ислам дінінің қандай орны бар екеніне тоқталмас бұрын, алдымен Батыс Еуропа елдеріндегі ислам дінінің қандай бағыттары таралғанын қарастыру қажет. Еуропадағы мұсылмандардың көп бөлігінің шыққан жері Солтүстік Африка, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия болғандықтан, Еуропа аймағындағы мұсылмандық қозғалыстардың көп бөлігі шет елдерден келген. Мұндай қозғалыстарға Фетхуллах Гүлен қозғалысы, мұсылман бауырлары (Братьямусульмане), мұсылман жастарының дүниежүзілік Ассамблеясы, «Хизбут-Тахрир» партиясы, «Джамаат Таблиг» қозғалысы, сондай-ақ түрлі сопылық тарикаттарды кіргізуге болады. Дегенменде еуропаның өз аймағында да пайда болған исламдық қозғалыстар да аз емес. [2]

Еуропадағы ислам ағымдарының теологиялық және әлеуметтік идеялары кең спектрде болғандықтан, оларды бір жолмен топтастыру қиынға ұшырайды. Сондықтан осы мақалада Ислам бірлестіктерінің батыс мәдениетіне деген қарым-қатынасының сипаты бойынша бөлу әдісі қарастырылды. Осылайша дінтанушылар Еуропа аумағындағы исламдық топтарды екіге бөліп қарастырады. Бірінші топқа секулярлық мәдениетке тән мұсылмандардың еуропалық мәдениетпен интеграция үдерісін жүргізу мақсатындағы қозғалыстарды кіргізсе, екінші топқа Ислам дінін Еуропада таратып, оның күшін нығайтуды мақсат еткен ағымдарды жатқызады. [3]

Еуропа аумағындағы мұсылмандардың ар-ождан бостандығын қорғайтын және мұсылман қауымының мәдениетін бастыс мәдениетпен интеграциялауды мақсат ететін діни, мәдени ассоциациялық орталықтар мен исламдық қоғамдық қозғалыстардың саны жылдан жылға артып жатыр. Яғни бұл қозғалыстар мен ассоциациялардың мақсаты Мұсылмандарды еуропалық мәдениетпен интеграциялық үдерісін жүргізу болып келеді. Бұндай қозғалыстарға мысал ретінде ислам мәдениеті мен еуропа мәдениетін синтездеуге негізделген концепсиядан тұратын Тарик Рамазан негізін қалаған «Евроислам» діни қозғалысын жатқызуға болады. Тарик Рамадан өз еңбектерінде бір уақытта мұсылман және еуропалық болуға болады деп тұжырымдап, өзінің негізгі ойын осыған негіздейді. Оның пайымдауы бойынша еуропалық жағдайда өмір сүретін мұсылмандарға бастапқы исламға оралып, негізгі мәдениеттен бөлек догматтарын қалтырып соны еуропалық мәдениетке бейімдеуді ұсынады. [4]

Осылайша Еуроислам қозғалысының авторы ислам дінінің бастапқы сенімдеріне оралып, ислам қағидаларын дәстүрлі араб немес басқа шығыс мәдениетінен қарастырмай, еуропалық мәдениетті исламның догматтарына интерпретациялау. [5]

Сондай-ақ Тарик Рамадан дінаралық диалогтың маңыздылығына үлкен көңіл бөлуде, алайда дін аралық диалог онсызда бірін-бірі жақсы білетін және көптеген мәселелерді талқылаған рухани көшбасшылардың арасында ғана жүзеге асырылмай, жалпы қарапайым халықтың тұрмыстық деңгейде де жүргізілуі қажет. Себебі дінаралық көпірлер әр-түрлі мәдениет өкілдерінің тұрмыстық деңгейінде әрекеттесіп, салынуы қажет. Дегенменде автордың пікірінше қасиетті діни мәтіндерді басқа дін өкілдеріне жеке өз бетінше оқудың қажеті жоқ. Себебі басқа діннің қасиетті мәтіндерін жеке оқудың нәтижесі оны дұрыс түсінбей, түсінбеушілікке алып келуі мүмкін. Сондықтан қасиетті мәтіндермен ғана таныспай, сондай-ақ сол қасиетті мәтіндерді сол дін өкілдерінің қалай түсіндіретініменде танысу қажет. [6]

Сондай-ақ Еуропа аумағында қоғамдық қозғалыстарға дейін танымал болып және мұсылмандардың ар-ождан бостандығын қорғайтын, сондай-ақ Еуропадағы мұсылман қауымының мәдениетін бастыс мәдениетпен интеграциялауды мақсат ететін діни, мәдени ассоциациялық орталықтардың саны жылдан

жылға артып жатыр. Мәдени ерекшеліктерді сақтай отырып және сол мәдениетті бастыс Еуропа өркениетімен тұтас қылуды жоспарлаған мұсылман ассоциацияларымен жарияланған бірқатар ресми мәлімдемелерге тоқталсақ.

1994 жылы Франция мұсылмандарының консультативтік кеңесінің бастамасымен «Франциядағы мұсылман дінінің Хартиясы» жарық көрді. Хартияның негізгі приамбуласында (кіріспесінде) 1) Мұсылмандардың мемлекетке келуін тарихи ақталған оқиға екенін. 2) Қоғамның барлық мүшесі келісетін принциптерді бекіту 3) Діни практиканы ұйымдастыру. 4) Мұсылмандардың француз мемлекеті мен қоғамына деген қатынасын жақсарту атты баптар бекітілді. [7]

Осылайша Хартия мұсылмандардың Францияға келуін ұлттық тарихтың бір бөлігі ретінде маңыздылығын көрсетіп, сол оқиғаның ұмытылмауын талап етуде. Себебі бұл маңыздылық қазіргі қоғамдағы ынтымақтастықты орнату үшін негіз болып табылуда. Франциядағы мұсылмандар кеңесінің мүшелері қоғамда үйлесімді өмір сүрудің негізі адам мен азаматтардың құқықтық декларациясына және мемлекеттік құндылықтарға негізделгендігін мойындап, өздерінің рухани және мәдени ерекшеліктері мен бірегейліктерін сақтай отырып мемлекеттегі қоғаммен үйлесімді өмір сүруді қалайды. [8] Сондай-ақ бұл хартия мешіттердің саясаттан тыс жағдайда болып, қоғамның мешітке деген бейтараптылығын сақтауды талап етеді.

Жалпы мұсылмандар Еуропаның басқада діни ұйымдары секілді өздерінің бірегейліктері мен құндылықтарын заң шеңберінде қорғалып және сақтап, өздерін қоғамының заңды және тең дәрежелі мүшелері ретінде болуды және олардың ар-ождан бостандығының сақталғанын қалайды; зайырлы биліктің діни және культтік ғимараттардың салуына жәрдемдесіп; ауруханаларда, мектептерде, әскер мен абақтыларда діни қызметтердің көрсетілуіне; мұсылмандарға арналған жерлеу аймақтарын бөліну секілді принциптерді ұстануда. Сондай-ақ мұсылман хартиялары мен діни негіздегі қозғалыстар дін аралық сұхбаттағы принциптерді де ұстанады. XX ғасырдың соңына қарай Еуропадағы мұсылман қауымдастығының дәрежесі өскенін байқасақ болады: мысалға 1960 жылдары мұсылмандар этникалық аз топ ретінде қарастырылса, 1990 жылдары оларды діни топ ретінде сәйкестендірді. Осыған орай қазіргі мамандардың пікірі бойынша 2030 жылға дейін Еуропадағы мұсылмандардың саны екі есеге дейін өсуі мүмкін. Сондықтан Еуропа мемлекеттерінің қоғамдық өмірінде ислам дінінің рөлі жылдан-жылға өсуде. Ал Еуропадағы исламдық саяси қозғалыстар мен ассоциациялар ислам дінінің мәдени құндылықтар мен Еуропалық бастыс мәдениет құндылықтарын интеграциялауды мақсат ретінде алға қойып отыр.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

- [1].См.:Washington Quarterly. Summer 2004.
- [2].Muslim Networks and Movements in Western Eur
- [3].Religion in the Modern World – An interview with Ramadan Tariq // URL:[http://users.ox.ac.uk/~stair/3\\_2/ramadan.pdf](http://users.ox.ac.uk/~stair/3_2/ramadan.pdf) (Дата обращения: 24.03.2016)
- [4]. Ramadan Tariq To Be a European Muslim: a Study of Islamic Sources in the European Context. – Leicester, UK: Islamic Foundation. 1999
- [5]. Ramadan Tariq Western Muslims and the Future of Islam.– Oxford University Press, 2003. P 9
- [6]. Ramadan Tariq versus Ayaan Hirsi Ali: debating Islam in Europe // URL: <http://www.jhubc.it/ecpriga/virtualpaperroom/039.pdf> (Дата обращения: 24.03.2016)
- [7]. Хартия мусульманского вероисповедания во Франции 1994г // Соболев В. Мусульманские общины в странах Европейского Союза: проблемы и перспективы – СПб: Изд-во С.-Петербур. ун-та, 2003. с.125
- [8]. Екатерина Деминцева Быть арабом во Франции.– М.: Новое литературное обозрение, 2008. с. 164

## ОТРАЖЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ В ИСТОРИЧЕСКИХ ФИЛЬМАХ

**Маткерим Дана Адильханкызы**

докторант 1 курса специальности «Культурология»

Казахский педагогический университет имени Абая

Научный руководитель: Д.У. Кусаинов,

доктор философских наук, профессор, Казахский педагогический университет имени Абая

Тема идентичности на протяжении нескольких десятилетий вызывает устойчивый научно-теоретический интерес. По мнению Лидера нации Республики Казахстан Н. А. Назарбаева из шести направлений модернизации сознания, наиболее важным является сохранение национальной идентичности [1]. Программная статья Лидера нации «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» ориентирует внимание исследователей на приоритетности вопроса сохранения национальной идентичности современного казахстанца.

Многие ученые уделяют внимание проблеме идентичности. Например, П. И. Смирнов в своем исследовании «Национальная идентичность, национальный характер и национальный менталитет: понятия и факторы формирования» идентичность рассматривает с позиций конструктивизма [2]. Философ Е.П. Белинская в своем труде «Современные исследования идентичности: от структурной определенности к процессуальности и незавершенности» рассматривает проблему идентичности в социально-психологическом ракурсе [3]. Важнейшим результатом данного исследования является вывод о том, что «идентичность связана с культурой, является ее феноменом и источником развития.... Посредством коммуникации происходит формирование и постижение идентичности....» [4, с. 109]. Получается, что коммуникация занимает ведущую позицию в формировании идентичности в исторических фильмах, так как благодаря вербальным средствам передается та или иная информация, направленная на раскрытие определенных идей и мыслей.

Существует ряд утверждений о том, что на общественное сознание влияет кинематограф. Именно кино выступает инструментом трансформации общественного сознания и имеет возможность воздействовать на картину мира кинозрителя.

Цель данной статьи – выявить элементы, отражающие национальную идентичность в исторических фильмах. Раскрыть различия между понятиями «казахская идентичность», «советская идентичность».

Для демонстрации конструктивных возможностей кинематографа выбраны казахские фильмы исторического жанра. Для определения отражения национальной идентичности средствами кинематографа была использована методика контент-анализа, предполагающего анализ содержания исторических фильмов о казахской культуре и истории.

В условиях глобализации происходит переосмысление и искажение традиционных ценностей. Современная культура предлагает множество способов сохранения национальной идентичности, одной из которых является показ традиции, культуры народа на экране. При просмотре фильма каждый зритель задается вопросом: «кто я?». Этот вопрос важен для любого человека. Для получения ответа на данный вопрос исследователь обращается к трактовкам понятий «идентичность», «национальная идентичность» и «национальная культура», данные понятия раскрывают полное представление осознания своей принадлежности к той или иной социальной группе.

Широкое распространение термина «идентичность» связана с именем Э. Эриксона, который считал, что сформированная психика является почвой для становления внутренней идентичности, либо, согласно переводу с латинского языка идентичность обозначает соответствие вещей и людей к картине мира этноса. Получается, что смысловое значение термина ассоциируется с фактами, которые позволяют индивиду «...»отождествлять себя с неким сообществом» семьей, дружеским кругом, профессиональным сообществом, религиозной общиной, нацией, расой, и т. д.» [5, с. 37]. Так, историк Гаджиев К. С. указывает: «Национальная идентичность формируется на основе пересечения национально-исторической, политико-культурной и других сфер.....под идентичностью понимается некий целостный образ, который индивид составляет о самом себе» [6, с. 202], национальная идентичность связана с самоопределением или же отождествлением самого себя с государством.

«Термин «национальная культура» представляет собой проявление в деятельности государства, а также в национальных традициях, духовных ценностях, стиле мышления и установках...[7, с.12], итак, «национальная культура» раскрывает представление об этносе в рамках национальных традиции, которые указывают на его принадлежность к определенной нации. Учитывая, что исследуется проявление национальной идентичности посредством кинематографа, то необходимо отметить, что национальная тематика очень хорошо раскрывается в исторических фильмах. Исторический материал затрагивает пласты истории, что дает возможность зрителям осознавать свое внутреннее единство с отождествляемой нацией и историей. Следовательно, можно утверждать, что параллельно с национальной идентичностью

формируется национальная культура, так как духовные ценности имеют возможность раскрыть свою сущность.

Вопрос обращения исследователей к кинематографу явление далеко не новое. В своей статье «Прикладные исследования: опыт, подходы и дискуссионные решения» философ А. А. Долгих упоминает, что «Словенский философ Жижек С. считает, что идеологию и другие поведенческие модели нам дает увидеть – кино» [8]. То есть кинематограф является главной формой выражения национального самосознания. Как отмечает в своей статье исследователь Важенина О.А., «Кинематограф как социальный институт и канал трансляции образа национальной идеи», также подчеркивает, что «кинематограф... способен реализовать все функции средств массовой коммуникации – информирование, воспитание, организация поведения, развлечение...» [9, с.18]. Учитывая, что кинематограф – синтетический вид искусства, кинематограф оказывают глубинное влияние на сознание зрителя. Режиссер с помощью фильма задает не только ориентиры зрительской аудитории, также демонстрирует национальную картину мира этноса во всех ее реалиях.

Проявление «казахская идентичность» и «национальная идентичность» на примере исторических фильмов.

С помощью применяемого метода контент-анализа будут представлены сконструированные стороны понятий «казахская идентичность» и «советская идентичность» на примере исторических фильмов. Также, обращено внимание на важность мыслительного аппарата, как воспоминания. Именно воспоминания выступает опорным аппаратом и дает возможность для проявления элементов национальной идентичности.

Для отображения национальной идентичности были выбраны казахстанские фильмы исторического жанра. В фильме «Дорога к матери» (2016) режиссера А. Сатаева через призму судьбы главного героя показаны важные исторические события. Историю повествуют с началом установление Советской власти, которая за собой повлекла коллективизация, джут, период становление индустриализации, последовавшей за ней Великой Отечественной войны и строительство мирной жизни. Все события, которые пришлось пережить Ильясу и Марьям направлены на формирование общей идентичности. Однако, отраженная национальная идентичность представлена с небольшими вымышленными реалиями. Согласно мнению исследователя Молдобаева «...национальная история является прошлым, которое особым образом организовано и во многом является «сконструированным» [10, с. 6]. По нашему мнению, представленная идентичность и культура сконструирована, показана картина мира, которая в свою очередь служит основой идентичности, раскрытая упорядоченными событиями и опытом жизни главных героев. Жизненный путь героев складывается в процессе адаптации к коллективу и окружающей среде, показанной в фильме. До периода коллективизации и джута, отражена искомая «казахская» идентичность, которая наследуется и сохраняется из поколения в поколение, но при этом ее составляющие видоизменяемы.

В ракурсе сменяемых событий в фильме «Дорога к матери» происходит смена ценностей, которые уже имеют актуальность в новых условиях. В периодах приспособления главных героев к новым реалиям времен способствует развитию сконструированной идентичности, которая очень хорошо выражена в образе Умит. Главная героиня из маленькой девочки превращается в современную девушку, именно, с этапа взросления девушки начинается яркое представление сконструированной идентичности. Каждый исторический период оставляет на Умит неизгладимый отпечаток, который прекрасно представлен не только внешне, но прослеживается смена мировоззрения с помощью монолога героини. Однако, Умит сохранила в себе основы национальной идентичности, а именно преданность старшему поколению. Была дочерью и кормилицей для названной матери. Чувство благодарности за спасенную жизнь Марьям исходит из заложенного воспитания родителями Умит, которое и дает полную картину национальной идентичности. Ведь основы родной культуры осваиваются в период младенчества, после определенного периода человек лишь вносит корректировки в уже сложившуюся программу. Данный процесс можно называть «формированием национальной идентичности». Именно процесс формирования идентичности был подвержен видоизменению, но при этом основывается он все же на «казахской» идентичности. В данном случае, можно утверждать, что национальная идентичность и приобретенная была подвержена интеграции.

Ввиду того, что в фильме охвачены большие пласты истории и различные периоды, сконструированная идентичность выходит на передний план. А вот «казахская» идентичность отодвигается на дальний, но при этом с помощью воспоминаний идет периодическое напоминание о традициях и культуре кочевого народа. Согласно мнению исследователя К. К. Молдобекова «главная функция этносоциальной памяти – это сохранение и передача самоидентичности национальной общности путем социального наследования от одного поколения к другому» [11], отмеченная функция этнопамяти хорошо представлена в эпизоде из фильма «Дорога к матери», когда Ильясу директор детского дома дарит книги на родном



(казахском) языке. Этот эпизод является символическим в данном фильме, так как книга стала для главного героя неким талисманом, надеждой на возвращения в родные края, именно она окрыляла молодого человека на долгожданную встречу с матерью.

Данное мнение прекрасно иллюстрирует эпизод из другого казахстанского фильма «Султан Бейбарыс» режиссера Б.Мансурова. Главный герой фильма Бейбарыс периодически вспоминает запах травы ассоциирующийся с запахом зелени родных степей. В данном эпизоде за счет воспоминаний главного героя, в памяти всплывают эпизоды из детства, который раскрывает культурные ценности народа. Культурные же ценности являются своего рода источником, где ярко проявляется демонстрация своей принадлежности к казахскому этносу, которая раскрывает невидимую связь между поколениями, их преемственность как процесс самоидентичности. Получается, что сохраняется источник актуализированных ценностей которые исходят из прежних констант.

Можно отметить, что национальном мире человек характеризуется как несвободный; имеющий предписанную привязанность к традициям и культуре, а вот в конструированной идентичности теряется привязанность, но накладывается «образ другого». В качестве примера можно рассмотреть образ Бейбарыса из фильма «Султан Бейбарыс», где он с помощью воспоминаний показывает свою привязанность культуре родных степей на интуитивном уровне. Аналогичная ситуация прослеживается в фильме «Дорога к матери», когда главный герой попадет в детский дом в городе Одесса. Ребята из детского дома конфликтуют с Николаем (прибывшим вместе с Ильясом мальчиком). Увидев происходящее, Ильяс заступается за друга. Проявленная отвага, защита друга несет метафорический смысл, присущий советской идентичности («мы – советский народ»), отождествляясь с интернационализмом и дружбой народов. Советская идентичность объединяла всех представителей национальностей в одно сообщество. Схожая сцена была показана в начале фильма, когда Ильяс жил с родителями. Главному герою пришлось защитить имя своего учителя и его дочери Умит от насмешек аульских мальчиков.

Однако, противоречиво мнение англо-американский историка Баба Х., который утверждает, что «...национальная идентичность не является генетически наследуемым элементом, а представляет собой искусственную конвенциональную конструкцию...» [12], но важно отметить, что конструкция состоит из различных частей.

По предположению Э. Эриксона, формирование идентичности обеспечивает непрерывность прошлого, настоящего и будущего индивидуума, который является по своему сложным и длительным процессом [13]. В фильмах «Султан Бейбарыс» (реж. Б. Мансуров) и «Дорога к матери» (реж. А. Сатаев) представлены обзоры крупных исторических дат, которые в свою очередь дают полное представление о прошлой, настоящего времени из жизни главных героя. Режиссер, используя мысленный процесс воссоздает на экране картину прошлого и настоящего. Ильяс из фильма «Дорога к матери» воссоединился с матерью и любимой, а Бейбарыс, отрекаясь от трона, вернулся на родную землю.

#### **Заключение:**

Идентичность формирует целый образ вместе с его отождествлением с определенным этносом. Адаптация сформированного целостного образа в социальной среде, где личность приобретает духовные ценности, направлена в свою очередь на проявление национальной идентичности. Как показало данное исследование, киноискусство обладает механизмом, который направлен на конструирование художественного мира и тем самым оказывает влияние на формирования национальной идентичности. Национальная культура и национальная идентичность – два понятия, создают один единый образ идентичности.

#### **Список литературы:**

1. Назарбаев Н.А. Статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» [Электрон. ресурс]// akorda.kz: электрон.статья. 2017. URL: Статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» – Официальный сайт Президента Республики Казахстан (17.04.2017)
2. Смирнов П.И. Национальная идентичность, национальный характер и национальный менталитет [Электрон. ресурс]// elibrary.ru: Электрон.статья. 2015. URL: Национальная идентичность, национальный характер и национальный менталитет: понятия и факторы формирования (2015)
3. Белинская Е.П. Современные исследования идентичности: от структурной определенности к процессуальности и незавершенности [Электрон. ресурс]// cyberleninka.ru: Электрон.статья. 2018. – URL: Современные исследования идентичности: от структурной определенности к процессуальности и незавершенности – тема научной статьи по социологическим наукам читайте бесплатно текст научно-исследовательской работы в электронной библиотеке КиберЛенинка (2018)
4. Писаренков Н.В. Идентичность в аспекте коммуникации: теоретические подходы // Международный научно-исследовательский журнал Социологические науки. – Москва, 2010. – №37. – С.109
5. Котиди Е.Ю. Проблема идентичности: проблема и современность // Научно-исследовательский журнал «Молодой ученый». Москва, 2017. № 13. – С. 99-103.

6. Гаджиев К.С. Национальная идентичность: концептуальный аспект // Научно-исследовательский журнал Вестник науки–Москва, 2011. –№ 23. – С.202
7. Козелько В.Н. Национальная культура: сущность, структура, компоненты //Научно-исследовательский журнал «Молодой ученый». – Москва, 2018. –№4. – С.12
8. Долгих А.А. Стратегии идеологизации и деидеологизации в философии кино [Электрон. ресурс] // cyberleninka.ru: Электрон.статья. 2016. URL: Стратегии идеологизации и деидеологизации в философии кино (2016)
9. Важенина О.А. Кинематограф как социальный институт и канал трансляции образа национальной идеи// Международный научно-исследовательский журнал Социологические науки. – Москва, 2012. –№15. – С.18
10. Асанова С. «Рухани жаңғыру» подчеркивает важность сохранения национальной идентичности // Вестник КазНУ: Серия. философия – Алматы, 2012. –№8. – С.6
11. Молдобаев К.К. Этносоциальная память как форма сохранения и передачи национальной идентичности [Электрон. ресурс] //cyberleninka.ru: Электрон.статья. 2016. URL: Социальная память и механизмы ее воспроизводства – тема научной статьи по социологическим наукам читайте бесплатно текст научно-исследовательской работы в электронной библиотеке КиберЛенинка (2016)
12. Баба Х. Location of culture [Электрон. ресурс] //L.N. Y.:1998. URL: [http:// The Location of Culture by Homi K. Bhabha \(1998\)](http://The Location of Culture by Homi K. Bhabha (1998))
13. Кузнецова О.В. Введение в профессию: психолог// [Электрон. ресурс] // static.my-shop.ru: Электрон.статья. 2017. URL: 2606808.pdf (2017)
14. <http://www.undp.org/>

## ЕУРОИСЛАМ МЕН ШЫНАЙЫ ИСЛАМНЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

**Оразбеков Мақсат Конусбекович**

*«Ислам философиясы» мамандығының 2 курс магистранты*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*Ғылыми жетекшісі: Альджанова Нурлыхан Қожабергеновна*

*PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

«Дін» сөзінің араб тіліндегі мағынасы – сыйлық, үкім, есеп, жаза, мойынсұну, бағыну, құлшылық, шарифат, заң, жол, тіпті, кейбір жағдайларда ұлт деген ұғымды да қамтиды [1; 4]. Ал «діннің» термин ретіндегі мағынасын, Алла Тағала тарапынан жіберілген адамзаттың өмір сүруін ретке келтіретін, адамның аса күрделі жан-дүниесіне рухани тірек болатын заңдылықтарды, ақыретте Алланың разылығына кенелумен уәде етілген мәңгілік жәннәттағы қуаныш пен бақытқа жетелейтін жолдарды көрсетеді деп түсіндіруге болады. Сондай-ақ, «дін» ұғымы – адамзатқа пайғамбарлар арқылы жеткен Жаратушыға деген құлшылықтың заңдылықтары мен тәртіптері. Әрине, біз бұл жерде «діннің» ұлан-асыр мағыналық көпқырлылығын барынша синтездеп, негізгі ұғым ретінде ғана келтіріп отырмыз. Асылында, бұл тақырыптың шеңбері мұнымен шектелмейтіні даусыз. Дін – ақыл-есі дұрыс, өз еркімен иман келтірген адамдарды дүние және ақыретте игілік пен бақытқа жеткізетін иләһи (тәңірлік) заң.

Батыс әлемі дін ұғымы үшін «аса құрметті, мән берілген, тағзым етілген нәрсе» мағынасына келетін латынша «religio» сөзін қолданады. Тарих сахнасындағы философтар, әлеуметтанушылар мен дінтанушылар және ислам ғұламалары дінге түрлі анықтама берген. Ислам философиясы бойынша дін – әлемді байланыстырушы күш, яғни, Алла Тағаланың барлығына сенім мен амалдың бірлігі [2; 3].

Мақаламыздың өзегі болған асыл дініміз – ислам туралы кеңірек тоқталып өтейік. Ислам сөзінің түп-тамыры «салима», «юслиму», «ислам» яғни, бейбітшілік, аманшылық деген сөздерден бастау алады, ол Алла тағаланың «Салам» деген көркем есімімен сабақтас. Ал шариғаттағы мағынасы толық мойынсыну, Алланың алдында парыздарды орындау, одан басқа жалған құдайларға табынбау. Ислам – Алла тағаланың Жәбірейіл періште арқылы сүйікті әрі соңғы пайғамбары Мұхаммедке ﷺ жіберген ең соңғы діні. Ол адам баласына осы дүниеде және ақыретте бақытты өмір сүруге жетелейтін қағидалар жиынтығы.

Жер бетіндегі ең алғашқы адам хазірет Адам (әлейһиссәләм) – алғашқы пайғамбар. Адамзаттың алғашқы діні – хақ дін. Хазірет Адамнан Исаға дейін келген барлық пайғамбарлар адамдарға Алланың бір екендігін баяндаған және қалай ғибадат ету керектігін үйреткен. Бірақ бұл пайғамбарлар жеткізген иман негіздері мен діни қағидалар уақыт өткен сайын бұрмаланып, түпнұсқалары жойылған. Осыған байланысты Алла соңғы пайғамбар хазірет Мұхаммед (с.а.у.) арқылы бүкіл адамзатқа соңғы әрі ең кемел Ислам дінін жіберген. Қазіргі таңда дүние жүзіндегі шынайы, ақиқат дін – Ислам діні. Жалған діндердің Алла алдында ешқандай құны жоқ. Алла алдында тандалған әрі қабыл көретін дін – Ислам. Бұл ақиқат Құран Кәрімде былай баяндалады:

- “Алланың құзырындағы дін күмәнсіз Ислам діні”;
- “Кімде-кім Исламнан басқа дін іздесе, әсте қабылданбайды, ол ақыретте зиянға ұшыраушылардан болады”.

Ислам дінінің үкімдері адамдардың бақытын көздейді. Бұл үкімдерді орындап, соған сай амал жасағандар бұл дүниеде де, ақыретте де бақытқа кенеледі. Ислам дінінің үкімдері үшке бөлінеді:

- Иман: Адам иман негіздеріне сену арқылы рухани нәр алып, жүрегін қате әрі жалған сенімдерден тазартады;
- Амал: Амал – адамдардың жасаған іс-әрекеттері. Амалға байланысты үкімдер екіге бөлінеді: а) Алла алдындағы ғибадат ету міндеті; ә) Адамдардың өзара қарым-қатынасын реттейтін үкімдер;
- Ахлақ: (адамгершілік, көркем мінез-құлық). Адамдарға қатысты ой-пікіріміз бен қимыл-әрекетімізді реттеп отыратын үкімдер.

Шынайы Ислам дінінің ерекшеліктері:

1) Ислам – ең соңғы дін. Ислам дінінен басқа дін келмейді, үкімдері қиямет күніне дейін жалғасады. Ислам дінін адамдарға жеткізіп, уағыздаған хазірет Мұхаммед (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын) соңғы пайғамбар. Одан кейін пайғамбар келмейді.

2) Ислам – әлемдік дін. Бұрынғы пайғамбарлар жеткізіп, насихаттаған діндер тек қана белгілі бір ұлтқа, халыққа келсе, Ислам діні бүкіл адамзатқа жіберілген.

3) Ислам дінінің үкімдері барлық адамзаттың қажеттіліктерін қамтамасыз ететіндей жан-жақты әрі толық. Сондықтан басқа сенімдерге қажеттілік туындамайды.

4) Ислам діні бұрынғы Алла тарапынан келген пайғамбарларды және киелі кітаптарды толықтырады, мойындайды.

5) Ислам діні бұрынғы пайғамбарлар насихаттаған дін үкімдерінің күшін жойған. Өйткені, олар белгілі бір халыққа әрі белгілі бір уақытқа жіберілген. Ал Ислам діні болса, барлық адамзатқа жіберілген әрі қиямет күніне дейін өзгермей жалғасатын дін [2; 4].

Қазіргі таңдағы Ислам әлеміндегі өзекті мәселенің бірі – «Еуроислам» немесе еуропалық ислам түсінігінің қалыптасуы мен еуропалық мұсылман халықтарының арасында тарауы болып отыр. Еуроислам тұжырымының мәнін ашпастан бұрын, бұл терминнің пайда болу тарихы мен аталмыш концепцияның авторларына тоқталып өтейік.

Батыс Еуропа елдерінде тұратын мұсылмандардың жаңа діни-идеологиясы ретінде түсінілетін Батыс ғалымдарының еңбектерінде «Еуроислам» термині пайда болды. Еуроислам немесе еуропалық ислам – бұл кейбір ғалымдардың Еуропада бар немесе пайда болғалы тұрған исламның болжамды түрі [3; 12]. Исламның бұл жаңа түрі мұсылмандық міндеттер мен принциптерді батыс мемлекеттерінің әлеуметтік негіздерімен, мәселен, адам құқықтары, заң үстемдігі, демократия және гендерлік теңдік сияқты дүниелермен біріктіруі керек. Еуроислам – жалпы мағынада, исламның демократия және либерализм идеялары мен әрекеттерін қабылдауын, тар мағынада – исламның Еуропаның мәдени және мемлекеттік өміріне араласуын, ықпалдасуын білдіретін шартты ұғым. Еуроислам тұжырымдамаларының авторлары – Тарик Саид Рамадан (1962 жылы Женевада туған) және Бассам Тиби (1944 жылы Дамаскіде туған) – белгілі ғалымдар, публицистер және қоғам қайраткерлері. Екеуі де еуропалық мұсылмандарды белсенді қорғайды және олардың идеяларын Батыста насихаттайды, сондықтан олар ғалымдар, саясаткерлер мен журналисттердің назар аударатын объектісіне айналды. Қазіргі заманның бірқатар мұсылмандық реформаторлары мысалы, Т. Рамадан еуроисламның астарынан (al-islam al-urubi) қазіргі Еуропа өміріне ыңғайланған шарифатты іздейді. Басқалары (мысалы Р. Хакимов) еуроисламды еуразияшылдық идеясына толықтыру немесе балама ретінде қарастырады. Бұл тұжырымдамалардың авторлары тек Еуроислам ғана мұсылмандардың Еуропалық қоғамдастыққа ауыртпалықсыз енуіне көмектеседі деп нық сенімді. Қазіргі уақытта Еуропада бірқатар өткір қақтығыстар нәтижесінде қалыптасқан өте шиеленісті жағдайды ескере отырып, еуроислам діни-идеологиясының жүйе ретіндегі мәнін және оның даму перспективалары қандай болатынын түсіну қажет.

«Еуроислам» ұғымы ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында пайда болды және бастапқыда «зайырлы ислам», яғни, батыс елдерінің зайырлы құрылымдарымен үйлесуге келетін ислам ретінде түсіндіріледі. Бірқатар мұсылман діндарлары, мысалы, М. Сейхун (діни мекемелердің түрік-ислам одағы), дін мұсылман үммесінің бірлігін бұзатын «еуроисламның» болуын жоққа шығарады [4; 9]. Уақыт өте келе «еуроислам» «Еуропадағы ислам» ретінде емес, исламның еуропа елдерінің қоғамдық және мемлекеттік құрылымдарына кірігу процесі ретінде түсініле бастады. «Еуроисламды» бұлайша түсіндірудің жақтастары көбейді, өйткені бүгінгі күні батыс елдеріндегі мұсылмандар санының артуына орай және Шығыс пен Батыс арасындағы өркениеттік шиеленісті төмендету, дінаралық диалог жүргізу қажеттігінен туындап отыр. Шарифаттың көптеген талаптары батыстық демократия құндылықтарына қайшы келеді. Сондықтан да «еуроислам» шарифаттың аса қатаң шарттарын ауыстыруды талап етеді. Мәселен, ерінің көзіне шөп салған әйелді таспен ұру; ұрының қолын шабу және т.б.

90-шы жылдардың ортасында «еуропалық ислам» терминін алғаш енгізген – Египеттен шыққан Швейцария азаматы Т.Рамадан. Рамадан ұсынған негізгі постулаттар келесі тұжырымдарға негізделген. Ғалым мұсылман философиясын дұрыс түсіну үшін Құранды жаңаша түсіндірудің қажеттілігіне қатты сенеді. Ол тым жиі шатастырылатын дін мен мәдениеттің арасындағы айырмашылықты атап көрсетеді. Ол еуропалық мұсылман халықтарын әрі мұсылман әрі еуропалық бола алатындығына сендіреді. Еуропалық мұсылман белгілі бір жағдайларды қоспағанда, Еуропа мемлекетінің заңдары бойынша өмір сүреді.

Т. Рамадан Еуропа мұсылмандары «еуропалық ислам» құруы керек деп санайды, өйткені «азиялық ислам» және «африкалық ислам» бар және бұл түрлердің кейбір мәдени ерекшеліктері бар. Бұл көзқарасты шынайы мұсылмандар жоққа шығарады, олар бір ғана шынайы ислам бар екеніне сенімді. Т.Рамадан Еуропада тұратын мұсылмандар мұсылмандықтың негізгі діни көздерін, ең алдымен, Құранды қайта қарап, оларды еуропалық қоғамның ықпалында болған өздерінің мәдени тәжірибелері тұрғысынан жаңаша түсіндіру керек деп санайды. Т. Рамаданның идеяларын батыстық мұсылмандар да, шығыс мұсылмандары да әртүрлі қабылдайды. Біреулер оны исламдық фундаментализмнің жақтаушысы, басқалары либералды, еуропалық мәдени құндылықтарды насихаттаушы деп санайды. Британдық саясаттанушы Дэвид Прайс Джонс Т. Рамаданның идеологиясы «кері империализмнен» басқа ешнәрсе емес деп санайды [5; 20]. Мұсылман емес елдерде тұратын мұсылмандар өздерінің ережелері мен дәстүрлері бойынша өмір сүруге құқылы болуы керек және бұл батыстың либералды толеранттылығы жағдайында бүкіл қоғам осы таңдауды құрметтеуге міндеттелуі керек.

Егер Т. Рамаданның пікірі бойынша еуропалық ислам идеология болса, Б.Тиби еуроисламды белгілі бір құқықтық қатынастар жүйесіне ие құрал ретінде көрді. Б.Тиби заңгер, халықаралық құқықтың маманы ретінде мұсылмандарды еуропалық қоғамдастыққа интеграциялау мәселесіне заңтану тұрғысынан қарады: еуропалық және мұсылман мәдениеттеріндегі жалпы адамзаттық құндылықтарды анықтап, оларды мұсылман құқығының қайнар көздерімен үйлестіру қажет деп білді. Осыған байланысты ол Еуропа елдерінің либералды, демократиялық, саяси және әлеуметтік құрылымының негізгі құндылықтарын ешқандай шартсыз қабылдауға шақырды, өйткені қарапайым исламның дәстүрлері мен нормалары үмітсіз ескірген деп білді. Әрине, еуропалық мұсылмандардың көпшілігі бұл ұғымды қабылдап, өзінің жеке басын жоғалтудан қорқып, оны құптамайды, өйткені еуро-ислам «діннің негізгі негіздерінен» бас тартуды және шын мәніндегі «дүниежүзілік мұсылман қауымынан (үмметтен)», шынайы Исламнан кетуді білдіреді.

Т.Рамадан мен Б.Тибидің көзқарастарынан мынадай қорытынды жасауға болады: екеуі де Батыс Еуропада исламды реформалауды ұсынады. Соңғы екі ойшыл діннің қызметкерлері болды, әділетті мұсылман тұрғысынан мінсіз өмір салтын ұстанды, сондықтан олардың ілімдері еуропалық мұсылман діндарларының жүректерінен қолдау тапты. Осылайша, болашақта еуроислам исламның аймақтық әртүрлілігі ретінде қалыптаса алады деп болжауға болады, бірақ бұл белгілі бір діни идеологиялық көзқарастарды таңудың нәтижесінде емес, ұзақ тарихи дамудың нәтижесінде болады. Бірақ, ғалымдардың идеялары Батыс Еуропа мұсылмандары арасында қолдау таба қоюы екіталай., себебі екеуінің де тұжырымдамалары жасандылыққа құрылған.

Түрік зерттеулер орталығының директоры Фарук Сен де егер «еуроислам» бұрыннан бар болса немесе болашақта қалыптасатын болса, оның негізгі сипаттамалары шарифат заңдарынан бас тарту, тұрғылықты елдің конституциясына адалдық таныту болады деп санайды. Фарук Сеннің ойынша, кез келген еуропалық мемлекеттің ислам дініне деген көзқарасы, танымы әр түрлі. Бұл еуроислам ұғымының тұтастығына кедергі келтіретін мәселе болып табылады.

«Еуроислам» діннің дамуын шектегендіктен, түрік-ислам діни мекемелер одағының өкілі Мехмет Сейхун «еуроислам» туралы әңгімелерден бас тартып, исламның жалпы адамзаттық құндылықтарына жүгінуге шақырады. Мехмут Сейхун «Ислам діні өте серпінді. Әрине, Құран сүрелері өзгермейді, бірақ оларды түсіндіру және ұғындыру әдіс-тәсілдері үнемі дамып отырады. Сондықтан, егер біз ислам түсінігіне қатысты аймақтық айырмашылықтарды ескерместен, «еуроисламды» енгізе бастасақ, бұл ислам дінінің дамуын шектейді. Мен «еуроислам» ұғымынан бас тартуды ұсынамын, ол исламға да, еуропалықтарға да ештеңе бермейді», – деген болатын [6; 13]. Профессор Тибидің «еуроислам» аясында жасаған ұсыныстарының бірі – әйелдер мен ерлер арасындағы теңдікті енгізу болатын. Бұл талап барлық Еуропа елдерінің конституцияларында жазылған. Әйелдің құрметі мен қадірі Құран мәтініне де қайшы келмейді. Алайда, «еуроисламның» қабылданып, адамдар арасындағы адами құқықтардың даму күшіне қарамастан, екі жақты келісім мен әйел құқығының тапталуына кедергі боларлық дүниелер әлі де орындалған жоқ.

Т. Рамадан көтерген көптеген сұрақтар жауапсыз қалды. Ал берілген жауаптарының көпшілігі күмән тудырады. Оның берген күмәнсіз дұрыс жауаптарының өзі қайшылыққа толы, өйткені ол ойларды басқа ойшылдар әлдеқайда терең деңгейде ұсынған және дамытқан. Швейцария интеллектуалының даулы тұлғасын біздің көз алдымызда болып жатқан қазіргі заманғы ислам дискурсының тарихынан оңайлықпен өшіру мүмкін емес. Тарик Рамадан исламнан бас тартпай-ақ, заманауи адам болуға болатынын алға тартады. Сайып келгенде, ол үшін ислам күрделі бірегейліктің бір бөлігі болып қала береді және біз одан дін құбылысы мен діни сенімнің табиғатын, сенім мен білімнің, сенім мен сезім арасындағы байланысты тереңірек түсіндіруді көре алмаймыз. Мойындау керек, Рамадан ең заманауи ислам ойшылдарының бірі болмаса да, қазіргі әлемдегі ислам жолын жарықтандыруға тырысқан ең ықпалды зиялылардың бірі.

Қорытындылай келе, Ислам – бүкіл әлемдік әембебап дін. Сондықтан әр ұлттың танымы, салт-дәстүрі, діліне қарай кейбір ерекшеліктер болады. Мысалы, біз қазақпыз. Біздің халықтың танымында Ислам діні сәл өзгешелеу. Ислам дінін ұстанатын Иран, Ирак, Пәкістан, Индонезия елдерін алып қарасаңыз, олардың да Ислам дінін ұстанудағы ерекшеліктері бар. Еуропада тұратын халықтардың да еуроисламды ұстануы заңдылық. Еуроисламның нағыз Исламнан айырмашылығы – Еуропаның танымы, діліне қарай өте тар шеңберде қалыптасуында. Еуроислам шарифатты толық құптамайды. Шарифаттың кейбір талаптары батыстық демократия құндылықтарына қайшы келеді. Сондықтан «Еуроислам» шарифаттың қатаң шарттарын ауыстыруды, қазіргі Еуропа өміріне ыңғайланған шарифатты талап етеді. Мысалы, көзге шөп салу, зина, ішімдік, есірткі қолдануды әркімнің қалауына қалдыру т.б. Алайда шарифат – Алла тарапынан бекітілген қағидалар жиынтығы. Оны Еуропаның демократиялық талаптарына сай келмейді деп өзгертуге болмайды. Егер бұлай болатын болса, Ислам

діні өзінің мазмұнынан айырылып, саяси жүйеге, яғни халықты басқару құралына айналып кетеді. Алайда Ислам – адам үшін түскен дін. Ислам діні бойынша адам – ең басты құндылық. Еуроисламда тап осы адамға құрмет, адам құқықтары, теңдік, әділеттік, кісі ақысын жемеу, ала жіпті аттамау сынды нәрселерге қатты мән беріледі. Адамгершілік, бейбітшілік, білім, ғылым дәріптеледі. Бұған дәлел кейінгі кезде ең мықты Ислами еңбектердің Еуропада жарық көруі. Нағыз мұсылман саналатын елдердің өзінде мұндай әділет, теңдік, еркіндік түсінігі жоқ. Жалған фанатизм, дінді халықты басқарудың құралы ету басым. Егер салыстыратын болсақ, мұсылман елдерінде тұратын таныстарыма қарағанда Еуропада тұратын мұсылман бауыр, таныстарым бақыттырақ. Себебі дінін еркін ұстанады, ешқандай тыйым жоқ, құқықтары қорғалған. Көптеген діни салт, жоралғыларды ұстануға рұқсат беріледі. Балалары емін-еркін Құран курстарына барады, мешіттері әрдайым ашық. Тіпті көршілері «Рамазан айында көршілерімізге кедергі болмайық. Олар түнде ораза ұстайды. Шуламайық» деп ерте ұйқыға жатады екен. Бұл адамға, адамның наным-сеніміне деген құрмет. Еуроислам түсінігінде осы бар. Осы тұрғыдан Еуроисламның ерекшеліктерін айта кету керек.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Günay Tümer. Abdurrahman Küçük. Dinler Tarihi. – Анкара, 1997. 4–бет.
2. <https://islam.muftiyat.kz/kk/>
3. Костылев П. Н. Концепция «Европейского халифата»: аналитическая записка. – М., 2008. – 12 с.
4. Шваниц В. Г. Евроислам (Euro-Islam, Webversion)
5. Ramadan T. Islam. Proshloe i nastoyashchee. Per. Nesterovoi Z. M.: KoLibri; 2018. 288 s.
6. †3. Ramadan T. Po stopam Proroka. Uroki iz zhizni Mukhammada. Per. s angl. M.: Slovo bez granits; 2015. 304 s.

## ТЕРРОРИЗМ МЕН РАДИКАЛИЗМ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭКСПЕРТ Е. КАРИННИҢ «ЖУСАН ОПЕРАЦИЯСЫ» ЕҢБЕГІНЕ ҒЫЛЫМИ АНАЛИЗ

**Оспанова Аружан Дәуренқызы**

*«Конфликтологиядағы діни бірегейлік» мамандығының 2 курс магистранты  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Ғылым жетекшісі: Утебаева Динара Сахибовна  
PhD, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

### **Кіріспе:**

**Зерттеу жұмысының өзектілігі:** «дінсіз -халық болмайды, халықсыз -билік болмайды» деген түсінік бар қоғамда. Қазақстан өз тәуелсіздігін алған жылдардан соң әлемнің әр бұрышынан қазақ бауырларымыз отанға орала бастады, олар өздері өмір сүрген мемлекеттің мәдениеті мен діни сенімін қоса алып келді. Түрлі діни ұстанымдар бас қосқан мемлекетіміз діни сенім және ұстанымдар жайлы заң қабылдады. «Ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді» - деді. Дін саласында орын алған өзгерістер қоғамдағы рухани вакуумды толтыру үшін қызмет жасай бастады. Барлық діни сенімі бар ұйымдар өздерінің идеологияларын әлеуметтік ортаға таратты. Соның әсерінен қоғамымызға сай келмейтін түсініктер мен ұстанымдар пайда болды. Нәтижесінде елімізде деструктивті діни терактілер орын алды. Сонымен қатар діни сауаттылықтың төмендігінен Сирия және Ирак мемлекеттеріне соғысқа отбасымен аттанып кеткен қазақ бауырларымыз да бар. Осындай салдар «Жусан» гуманитарлық операциясының іске асуына себеп болды. Осы ғылыми мақала өзінің ауқымдылығы және актуалдылығымен ерекшеленеді. Бұл тақырып әлі зерттеліп анализ жасалып қорытындыланбағандықтан маңызды болып табылады.

Жоғарыда келтіріліп отырған деструктивті діни ағым түсінігіне анықтама берейік. Деструктивті діни ағым дегеніміз -қалыптасқан жүйені бұза отырып өзіндік идеологияға сүйеніп әрекет ететін түсініктегі ағымдар. Діннің атын жамылып діни сауаты төмен және әлеуметтік жағдайында мәселелері бар жастарды өздерінің діни сенімін кемелденген деп көрсету үшін қолдарынан келгенше жастарға көмек беріп, өз идеологияларын үгіттеу арқылы орталарына қосып алып жұмыстарын арықарай жалғастыра өмір сүретін сенім [1].

Деструктивті діни ағымдардан зардап шеккен адамдар басында ештеңе түсінбестен қараңғы сенім артында кете беруі мүмкін. Уақыт өткен соң қателескендерін біліп тәубелеріне келіп жатады. Бірақ кейде ол тым кеш, олар не отбасынан айырылып не қоғамнан шеттеліп қалған болады. Адам санасын улайтын деструктивті ұйымдардың басты қаупі – бұл ортаға сенім білдіріп келген адамның дербес ойлана алу, сын көзбен қарау, өз бетінше шешім шығара алу, қалаған өмір салтын таңдау қабілеттеріне шектеу қойылады. Яғни азаматтың жеке бас бостандығы мен құқықтарына қол сұғу орын алады.

**Зерттеу жұмысының әдіснамасы мен материалдары:** зерттеу жұмысы барысында әдіснама ретінде салыстырмалы әдісті қолдандық. Терроризм мен радикализм сұрақтары бойынша қазақстандық эксперт Ерлан Кариннің «Жусан» операциясы (Сириядан кімді және неге қайтардық?) деген кітабында келтірілген Сириядан оралған әйелдермен сұхбаты мен біз зерттеу барысында ұйымдастырған сұхбат зерттеу жұмысымыздың материалдары болып табылады.

**Зерттеу жұмысының мақсаты:** діни сауатсыздықтың төмендігінің себебінен жастар мен отбасылы азаматтар деструктивті діни ағымдардың артынан еріп отанына және отбасына опасыздық жасап өзге өмірге жол тартып жатады. Біздің осы мақаланы жазғандағы басты мақсатымыз, еліміздегі діни тұрақтылықты және қоғамдық бірегейлікті сақтау үшін «Жусан» операциясымен отанға оралған азаматшалар арасында сұхбат жүргізіп, діни қақтығыстардың алдын алу жұмыстары одан қалса оңалту тапсырмаларының орындалуының маңыздылығын жеткізу.

Қазіргі таңда актуалды болып табылатын «Жусан» операциясының орындалуына ат салысқан, Ерлан Кариннің «Жусан» операциясы деген кітабындағы әйелдермен сұхбаты мен біз жасаған сұхбатты салыстыра отырып сәйкестендіру арқылы әлем бойынша маңызды болып табылатын мәселенің себептері мен соғыс ошағынан отанға оралтылған отандастарымыздың әлеуметтік қоғамға ресоциализациялануын зерттейміз[2].

**Зерттеу жұмысының міндеті:** білімсіздіктің нәтижесінде отбасынан айырылып, өмірін өлімге қиған жандардың және олардың жақындарының жан айқайын қоғамға жеткізу, аслы хақ болған Ислам дінінің атын жамылып жойқын әрекеттерге барып жатқан деструктивті діни ағымдардың идеологиясын ашу мақаламыздың міндеті болып табылады.

Сонша жыл көлемінде БАҚ мен әлеуметтік желілерден бақылап жүрген Сирия мен Ирак шекарасындағы қанды майданда болып жатқан ақпараттарды енді кітап беттерінен оқи аламыз. Ерлан Кариннің 20 жылдық эксперттік көзқарасы мен тәжірибелеріне сүйене отырып, 2018 жылы елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастауымен Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің орындауымен жүзеге

асқан гуманитарлық «Жусан» операциясына Ерлан мырза да қатыса отырып Сирияда қалған отандастарымызды елге қайтару операциясының басы қасында болып нақты мәліметтерді жинаған. Барлық ақпараттарды кітап ретінде басып сатылымға шығарды. Ерлан Карин өз еңбегінде діни сауатсыздықтың адам өміріне қалай әсер ететіндігіне баса назар аудара отырып отбасын тастап деструктивті діни ағымның соңынан еріп Сирия асып кетудің себептерін ашып көрсетеді.

**Деструктивті діни ағымнан зардап шеккендермен сұхбат** «Сен өте көп уақыт шығатын ешқандай жол таппай жүресің, бір күні кенеттен есіктер бірден ашыла кетеді» – деп бір әйел Сириядан отанға оралуын осылай сипаттайды. Елге қайтарылу ол үшін де, сол секілді басқа да әйелдер үшін де жаман түс көріп жатқан жерінен ұйқысынан оянып кеткенмен тең саналады.

«Жусан операциясы» арқылы отанға оралған әйелдер арасында сұхбат ұйымдастырылды. Саны түрлі болса да айтылған түсіндірмелер легі жалғыз. Осы сөздерден соң Сирия мен Ирак шекарасында Ислам Халифаты деп аталған мемлекетте қазақ отбасының жағдайы қалай болғандығы жайында бір картина шығаруға болады.

#### **Біздің тараптан ұйымдастырылған сұхбаттан үзінді...**

• «Материалдық жағдайымыз төмендеп кетті, отбасымызды асырай алмайтынын көріп жолдасым ішкілікке салынды...»

• «(Братья по вере) деп күйеуімді жандарында алып жүрді. Бізге рухани және материалды көмек беріп тұрды...»

• «Кейінгі уақыттарда үйге келулерін жиілетіп кетті. Күйеуімді алып далаға шығып көліктерінде біраз уақытқа дейін отыратын болды...»

• «Жолдасым Ислам дінін қабылдады, менің де қабылдауым қажет екенін айтты...»

• «Мен діни сауат алған емеспін...»

• «Жолдасым тіл білімдерін үйренемін деп Египетке жол тартып кетті. Жыл шамасында оқып Түркия мемлекетіне ауысып жатқандығын айтты. Сол уақытта маған да оның артынан барып оқуымды талап етті. Мен де кеттім оқуға, сосын біз Сирия шекарасынан бір -ақ шықтық.»

• «Сирияда бізді күтіп алып жақсы қарады басында...»

#### **Ерлан Кариннің сұхбаттарынан үзінді...**

• «Неге қазақтар сол елге кетіп жатыр деп біз көп ойландық және сол ойымызға жауаптар іздей бастадық... Сосын түсіне бастайсың. Ислам дінін қабылдаған кезде, шарифат бойынша өмір сүргің келеді, барлығы хиджабта жүрсе екен деп ойлайсың...»

• «Біз ол жақта ислам шарифатымен емін -еркін өмір сүре алдық. Ешқандай да ұрлық, зомбылық болмады. Тура бір жыл көлемінде осылай болды. Намаз уақыты жайлы халифаттан үндеу келген уақытта (азан шақырылғанда) далада, сыртта ешкім қалмайды ойнап жүрген баладан басқа. Базарларда сауда тоқтап барлық тауар орнында қалдырылады, ешкім тиіспейді де. Себебі барлығы біледі, ұрлық үшін қолдарынан айырылатындарын. Ештеңе ұрланбайды да. Барлығы жақсы болды. Жыл бойына керемет өмір сүрдік, дәл сол уақытта маған Қазақстанға қайт десе, бәлкім мен қайтпаспа едім. Маған онда ешкім тиіспеді, ешқандай жаман әрекет жасамады, жамандық көрмедім. Әйелдер өздерін еркін ұстады, оларға тиісіп зорлық жасауға тыйым салынған. Әрқашан үйдің есік -терезелері ашық болатын...»

• «Бөлек үй де берілді бізге. Су, жарық, тағам, барлығы тегін болды...»

• «Жолдасым тірі кезінде, барлығы жақсы еді. Ешнәрсе ойламайсың, тағам, киім – не қаласаң барлығы болды бізде. Біз Ирактағы ең әдемі қалаға бардық -Мосул деп аталады, қыдырдық, бес жұлдызды қонақ үйде тұрдық. Балаларымның әкесі тірі кезінде менде ешқандай мәселе туындамады.»

• Жолдасым айтқан еді: «Егер мен жоқ болып кетсем, өзіңе де, балаларға да осындай жерден артығын таппайсың. Осында еркін дініңді ұстай аласың. Егер мен болмай қалсам, Қазақстанға қайтамын деген ой басыңа кіріп шықпасын...» - деп.

• «Соңында, барлығы өте қатты нашарлап кеткен соң, жолдың барлығы жабылып қалды, КАМАЗдар тауар алып келуін тоқтатты. Өте қиын болды, не істерімді білмедім, балалар үшін уайымдадым да қайтадан тұрмысқа шықтым...»

• «Сирияда мұсылман мемлекет құру үшін бірнеше талпыныс болды, бірақ -та ештеңе оңай берілмейді. (...) Қазақтарды өз мақсаттары үшін ғана пайдаланды...»

• «Өлім деген біз үшін күнделікті жағдайға айналып кетті...»

• «Бұл расыменде Ислам мемлекеті болса, кішкентай балалардың зардап шегуіне Жаратушы жол бермес еді...»

Осы айтылғандардың барлығын қосып оқысақ бір оқиға шыққанын көреміз. Сұхбат соңында отанын тастап отбасымен Сирияға аттанып кеткендері үшін әйелдердің өкінгенін көре аламыз. Бірақ -та соны түсінулері үшін біршама уақыт кеткен, біреуі Сирия еліне келіп жете салысымен бұл жерден жақсылық



таппайтынын бірден түсінген болса, біреуінің түсінуі үшін бірнеше ай не жыл кеткен. Жағдайдың күрделенуі мен ДАИШ ұйымының соғыс әрекеті, жақындарынан айырылу мәселелері – кейбіреуінің отанға оралуы үшін түрткі болған.

Біз зерттеу жасаған мәселе төңірегінде қарастырылған сұхбат пен Ерлан Карин ұйымдастырған сұхбаттың ұқсастығы мен Сирияға жол тартып кету себептерінің де ұқсас болуы, әйелдердің айтары бір болғандығы зерттеу жұмысымыздың нәтижесі болып табылады. Басында барлығына жағдай жасалынып жеке үй қарастырылған болса, соғыс басталған уақытта жолдастарынан айырылып үйсіз қалған жесір азаматшалар мен жетім балалардың саны артып кетті. Сирия шекарасында қалған әйелдер мен балалар өз Отанына оралуды тек армандап қана қойған. Тура сол уақытта елбасымыздың қолдауымен «Жусан» операциясы қолға алынды. Жоспарланған гуманитарлық операция өзінің мақсатының айқындылығымен бірден іске кірісіп қазақстандықтарды эвакуациялауды бастады. Елге оралған әйелдер мен балалар қоғамымызға қайта қосылу үшін бірнеше этаптардан өтулері қажет болды. Ол жайында төменде тоқталатын боламыз.

Басында елді тастағандардың көп бөлігіне өздері қалаған өмірді тапқандай болып көрінген: «Егер сіздер білсеңіздер, барлық хадистерде Шам елінің қасиетті жері жайлы айтылған... Біз сол жаққа барғанымызда хадистегі жерге тап болдық деп ойладық басында. Дәл сол уақытта бізде барлығы өте жақсы болған еді.»

Бірақ біршама уақыт өткен соң, Сирияда бомбардировкалар басталып кетті: «Бір жыл біз тыныш өмір сүрдік, сосын Ресейлік ұшақтар кассеттік жарылғыштар тастай бастады». Одан соң -жағдай мүлде басқа жаққа өзгерді, бұл жер жаннаты емес, сынақ алаңына айналды: «Бір жағынан -тыныш өмір, әдемі пальмалар болса, екінші жағынан -темірлерде ілінген адам бастары болды. Өте қорқынышты.»

Отанға оралған барлық әйелдердің балалары бар, солардың болашағы үшін уайымдары басым. Бір нәрсені айта кету қажет, шамамен ешқандай әйел мемлекет тарапына өз алғысын білдірмеді, көпшілігі үшін бұл жағдай тек болуы шарт мемлекетаралық саясат деп түсінді. Дегенмен де барлығы сондай жаман лагерлік өмірден отандарына оралғандары үшін өте қатты қуанышты. Олардың расыменде үйлеріне қайтқысы келген еді.

#### **«Жусан» операциясының мемлекеттік маңыздылығы**

«Жусан» операциясы қарулы қақтығыс аймақтарынан келген әйелдер мен балаларды оңалту жөніндегі жүйелі бағдарламаны әзірлеуге және енгізуге серпін берді. Жоғарыда айтылғандай, операцияны жүргізу туралы шешім осы бағдарлама сынақтан өткеннен кейін ғана қабылданды. Бізге келіп жеткен мәліметтер бойынша бірнеше ондықтан астам қазақ балалары соғыс майданында ата-анасын жоғалтып алған екен[3]. Сондықтан да ҚР Білім және ғылым министрлігінің базасында ведомствоаралық топ құрылды, ол қайтарылған әйелдер және балалармен жұмысты ұйымдастыру бойынша іс-қимылдардың қадамдық алгоритмін дайындады және оны іске асырды. Ол келесі кезеңдерді қамтиды.

**Бірінші.** Сириядан келген бойда 140 әйел мен 406 бала Маңғыстау облысының Каспий теңізінің жағалауында орналасқан «Фламинго» балалар сауықтыру лагерінің аумағындағы арнайы құрылған Уақытша бейімдеу орталығына орнықтырылды. Олар барлық ыңғайлы коттеждерге орналастырылды. Күніне бес рет тамақтану қарастырылған: мәзір діни талаптарды ескере отырып жасалған, ал қант диабетімен ауыратындар үшін жеке тағамдар дайындалған. Бейімдеу орталығында медициналық тексеру, психологиялық-тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін жеке кабинеттер, оның ішінде теологтар мен дінтанушылар жабдықталды.

Мектеп және мектепке дейінгі жастағы балалар үшін тәжірибелі педагогтарды, балалар психологтарын, тәрбиешілерді тарта отырып, уақытша мектеп пен балабақша ұйымдастырылды. Сондай-ақ, орталық аумағында балалар ойын бөлмелері мен алаңдары жұмыс істеді. Келгендердің барлығы орталықта 3-4 апта болды және карантин мерзімі аяқталғаннан кейін олардың барлығы бұрынғы тұрғылықты жерлеріне шығарылды.

**Екінші.** Жергілікті биліктің көмегімен қайтарылған барлық әйелдер мен балаларға кешенді медициналық тексеру ұйымдастырылды. Олар қауіпті инфекциялар мен аурулардың бар жоғы анықталу үшін жұмыс жасады. Сонымен қатар эпидемияға қарсы, дезинфекциялық және дезинсекциялық іс-шаралар жүргізілді. Карантин кезінде дәрігерлер күнделікті жоспарлы аралауды жүзеге асырды. Егер балалар мен әйелдердің кез-келгенінде жұқпалы ауру және суық тию анықталса, пациенттерге тиісті емдеу курсы тағайындалды. Бір жараланған адамнан әуе соққысының салдарынан жүрек аймағында фрагмент тапты. Нұр-сұлтан қаласында ота жасалды. Сондай-ақ, бірнеше балаға операция жасалды. Әсіресе, 2019 жылдың мамыр айында «Жусан -2» операциясымен келгендер тобында жараланғандар көп болды. Олар әл-Бахгуз құлағаннан кейін күрд лагерлеріне келген, сондықтан әйелдер мен балалар арасында көптеген зардап шеккендер болды.

**Үшінші.** Барлық келген әйелдер мен балалар сыртқы киім, аяқ киім, балалар заттары, ойыншықтар, жеке гигиена құралдарын қоса алғанда, қажетті заттармен қамтамасыз етілді. «Жусан-1» операциясы кезінде ұшақтың бортындағы қысқы заттар мен киімдер барлығына берілді – операцияның бұл кезеңі қаңтарда жүзеге асырылды. Мұның бәрі алдын-ала қарастырылған.

**Төртінші.** Ішкі істер министрлігі мен Әділет министрлігінің көмегімен барлық тілек білдірушілердің жеке басын қуәландыратын құжаттар мен балалардың туу туралы куәліктері қалпына келтірілді. Қазақстанда туылмаған балаларға туу туралы куәліктер геномдық сараптама нәтижелері бойынша ресімделді.

**Бесінші.** Кешенді психологиялық оңалту жұмыстары жүргізілді. Тәжірибелі психолог мамандар балалармен және ересектермен жеке әңгімелесулер, тренингтер және психотесттер өткізді. Сауалнаманың және әр әйелдің сауалнамасының нәтижелері бойынша оның әлеуметтік және діни портреті жасалды. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу үшін балалар психологтары, педагогтар мен тәрбиешілер, соның ішінде қиын балалар мен жасөспірімдермен жұмыс істеу тәжірибесі бар мамандар тартылды. Орталықта тіпті «Ақтау қуыршақ театры» мен «Нұрмахан Жантөрин атындағы облыстық музыкалық-драма театрының» спектакльдері қойылды. Сондай-ақ, оралған адамдармен «Ақниет» ақпараттық-діни орталығының теолог мамандары жұмыс істеді.

**Алтыншы.** Карантин мерзімі аяқталғаннан кейін және тұрғылықты жеріне кеткен соң, қайтарылған адамдармен одан әрі жұмыс Жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік қызметтеріне тапсырылды. Бұл ретте әйелдер мен балаларды оңалту бойынша негізгі жұмысты үкіметтік емес ұйымдар – «Ақниет» (теологиялық жұмыс) және «құқық» (әлеуметтік-психологиялық жұмыс) қорлары жүргізді. Мемлекет оңалту бойынша барлық функцияларды өзіне жаппайды деген шешім қабылданды[4].

Зерттеу жұмысы барысында қосымша ретінде Youtube желісінен «Жусан» операциясымен елге оралған азаматшалармен болған сұхбаттарды қарап шықтық. Тек бір емес бірнеше әйелдің сұраққа жауап берулерінен -ақ олардың теріс ағымның жетегінде кетуіне тек жолдастарының себеп болғаны байқалады. Өздері діннен алшақ болса да отбасын және балаларын сақтап қалу үшін азаматының артынан еріп ел асып кеткендерін айтады. Сонымен қатар Атырау қаласындағы «Шапағат» қоғамдық қорының теолог мамандарымен ұйымдастырылған «Жусан» операциясымен елге оралған әйел кісілермен онлайн сұхбатқа қатыстым, сонда олардың бірі өзінің деструктивті діни ағымға қалай кіріп кеткенін білмей Сириядан бір-ақ шыққанын айтады. Осы гуманитарлық көмекті ұсынған қазақ еліне және елбасымызға шексіз алғысын білдірді. Алдағы уақытта оңалту жұмыстарын жүргізген соң қоғамға пайдасы тиерлік жұмыстармен айналысатынын жеткізді. Сұхбат соңында жастырдың діни сауатын арттыруларын сұрады. Білімсіздіктің нәтижесі не нәрсеге алып келетінін өз тәжірибесінде көрсетті. Жамбыл облысы әкімдігінің дін істері басқармасында 2018 жылдары инспектор -теолог болып жұмыс атқарған кездегі әріптестерімнің көмегімен «Жусан» операциясымен елге қайтарылған азаматшалармен жеке кездесу ұйымдастырылып, сұхбат жүргізілді.

## Қорытынды

ҚР ҰҚК-нің 2020 жылғы 20 маусымдағы деректеріне сәйкес, оралған 160 әйелмен жұмыстың алдын алу нәтижелері бойынша олардың 38-і радикалды көзқарастан толығымен бас тартты. Олар зайырлы өмір салтына оралды немесе дәстүрлі исламды ұстанады. 90 әйел радикалды дүниетанымнан бас тартуда айтарлықтай алға жылжыды. Әзірге тек 15 әйел ғана тыйым салынған идеологияны ұстанады. 17 -сі Сирия мен Иракта болған кезде террористік қылмыстар жасағаны үшін сотталды немесе әлі де тергеуде, бірақ олар кешірімді көзқарастардан бас тартты. Кейбір әйелдер қақтығыс аймақтарынан оралған адамдарды қайта біріктіру және бейімдеу бойынша мемлекет қабылдаған шараларды түсіндіру жұмыстарына өз еріктерімен қосылды. Мемлекет тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлу жұмыстары ең жоғарғы деңгейде болды, тіпті өз елінен бас тартқан азаматтарға да кез келген үгіт-насихаттан гөрі мемлекет тарапынан болған көмек жақсы жағынан әсер етті. Осы жасалынған жұмыстар кем дегенде, бұл әрекеттердің барлығы, кем дегенде, радикалды идеологияларды жақтаушылардың өсуіне уақытша кедергі келтіреді. Бүгінгі жағдайда экстремизмге қарсы күресте уақыт ұту – бұл жарты жеңіс болып саналады.

Осылайша, «Жусан» ауқымды операциясы гуманитарлық сипатта болғанымен, сонымен бірге ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қорғау бойынша нақты мақсаттар мен міндеттерді көздеді. Ия, тәуекелдер бар, қауіп бар әлі де. Мұны ешкім жоққа шығармайды. Бірақ, егер мемлекет содырлар мен олардың отбасыларын Қазақстанға қайтармаса, бұл қатерлер бірнеше есе арта түсер еді. Арнайы қызметтер Ислам мемлекетінің кара туы астында өмір сүргендердің ізін жоғалту қаупін төндірді. Сірә, біраз уақыттан кейін бұл адамдар өздерін сол ортаның адамы ретінде сезініп кетер еді, ал біз әлдеқайда үлкен және ұйымдасқан қауіп -қатерге тап болар едік.

Радикалды идеологтар өздерінің және басқалардың бөлінуі бар жерде (бөлінгенді бөрі жейді) өз қатарларын оңай толықтырады. Мемлекет бір кездері сүрініп кеткен (шалыс басқан) азаматтарына жанашырлық танытып, оларға тағы бір мүмкіндік берді. Ендігі кезектегі жұмыс басқа адамдар үшін: психологтар, сарапшылар, туыстар, көршілер, әріптестер, көшедегі адамдар, яғни әрқайсымыз үшін. Бұл адамдар біздің қолдауымызға мұқтаж.

Е. Карин өз еңбегінде деструктивті діни ағымдардың қалай жұмыс жасайтынын және діни сауатсыздықтың әсерінен елімізге қандай қауіп төнетінін, сонымен қатар радикалды діни ұстанымға еріп кетудің себептерін ашып көрсеткен. Осы мәселелердің (деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендердің) алдын алу және бетін қайтару, оңалту жұмыстарының жасалынуы қажет екенін ашып айтқан.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. <https://jasgalym.kz/studentterge/dintanu/154-destruktivt-dni-aymdar.html>
2. Ерлан Карин «Жусан» операциясы Нұр-Сұлтан 2020ж
3. [https://www.hurriyet.com.tr/amp/gundem/deport-listesinde-959-deasli-41372790?twitter\\_impression=true](https://www.hurriyet.com.tr/amp/gundem/deport-listesinde-959-deasli-41372790?twitter_impression=true)
4. 39 семей возвращено из Сирии в Казахстана – [http://bnews.kz/news/39\\_semei\\_vozvrasheno\\_iz\\_sirii\\_v\\_kazakhstan](http://bnews.kz/news/39_semei_vozvrasheno_iz_sirii_v_kazakhstan)

## ЗӘНИД ӘЛ-КӘУСӘРИДІҢ КӘЛӘМ ІЛІМІНЕ ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

**Сақан Дастан Дарханұлы**

*«Исламтану» мамандығының 2-курс магистранты  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Ғылыми жетекшісі: Жамашев Азамат Шотбайұлы  
аға оқытушы, PhD, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

### **Кіріспе**

XX ғасырда өмір сүрген ханафи мазхабының беделді ғұламаларының бірі, хадистанушы, мутакаллим, көптеген құнды еңбектердің авторы Мұхаммед Захид әл-Кәусәри 1878 жылы (һижри жыл санауы бойынша 1296 жылы) 14 қазанда (Шәууәл айының 27-28 күні) Турцияның солтүстік-батысында орналасқан, Дүзже аймағындағы ауылда дүниеге келді. Арғы атасы Кавказ жерінен қоныс аударған шеркес-шапсут тайпаларынан болған. Қазіргі Стамбул қаласында білім алғанға дейін, бастапқыда әкесі Хасан ибн Әли әл-Кәусәриден тәлім үйреніп, алғашқы діни сауатын ашады. Кейбір деректерге сүйенсек әкесі Кавказдағы танымал тұлға Имам Шамилдің шәкіртінен сабақ алып, хадис саласының маманы болған. Мұхаммед әл-Кәусәридің білім жолына түсуіне де әкесі үлкен әсер еткен. (1, 10-11 б.) Кейіннен Стамбул қаласына көшіп келіп, жергілікті ғалымдардан білімін әрі қарай жетілдіреді. 1907 жылы ұстаздарынан «ижаза» (сабақ беруге рұқсат ететін, ғылыми құжат) алып, Стамбул қаласындағы басты рухани орталық болып табылатын, Фатих мешітінің жанындағы медреседе шәкірттер дайындап, сабақ беруді бастайды. Сондай-ақ, Осман империясы кезіндегі «Дарул хиялафа» атымен белгілі Стамбул университетінде оқытушы болып қызмет етті. Оқытушылық қызметінің бастапқы кезеңінде Имам әл-Кәусәри жиырма сегіз жаста болған. Сонымен қатар, Осман империясының оқу ісі жөніндегі уәзірлік қызметін де атқарған. Кейіннен Осман империясындағы саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты Мысырға көшеді. (3, 30-31 б.) Сол кездегі саяси биліктің ауысуымен Имам әл-Кәусәри өзінің лауазымынан шеттетіліп, қуғынға ұшыраған, бұл жайында оның замандасы Шейх Әбу Захра: «Кәусәридің алдында үш таңдау болды. Біріншісі, өзін құрбан етіп, жаңа билік жүйесіне ашық қарсы шығып, абақтыға отыру немесе олардың қолдарынан қаза табу. Екіншісі, олардың ұстанымдарына өткен сыңай таныту, немесе үшінші жол – «Алланың жері кең емес пе, қоныс аудармайсыңдар ма?!», – деген Құран аятына сай түрде, басқа жаққа қоныс аудару», – деп, Кәусәридің сол кездегі жағдайын сипаттаған. (4, 15 б.) Сәйкесінше, Имам Кәусәри 1922 жылы Мысырға, Александрия қаласына сапар шегеді. Кейін Дамаск және Каир қалаларына бірнеше мәрте көшіп, соңында Каир қаласына тұрақтап, көне қолжазбалармен айналысады. (7, 20 б.)

### **Зерттеу жұмысының әдіснамасы**

Зерттеу барысында талдау, салыстыру, түйіндеу, теологиялық компаративистикалық әдіс, анализ бен синтез жасау тәсілдері қолданылған. Мақалада Имам Кәусәридің өміріне, ғылым жолына қатысты әр-түрлі мәліметтер келтіріліп, кәләмдық көзқарастары Кәусәридің белгілі ғалымдардың еңбектеріне жазған қосымшалары мен ғылыми шығармалары негізінде талданады.

### **Имам Кәусәридің белгілі ұстаздары:**

1. Хафиз Әкини, Ибрахим Хаки ибн Исмаил ибн Омар әл-Әкини. Ол жайында Кәусәри былай деген: «Замандастарының арасында оның теңдесін көрмедім. Оның Құран қырағаты мен араб әдебиетіндегі дәрежесі жоғары болған. Сондай-ақ, ақида мен усул фикһ ілімдерін, ислам логикасы, грек философиясы мен оның шығыс философтары тарапынан түсіндірілуін және фикһ ғылымын жетік меңгерген. Ахмад Шакирдін үздік шәкірттерінің бірі болған».

2. Хасан ибн Абдулла әл-Қастамуни, мухаддис, сопы. Кәусәри ол жайында: «Ол маған өзінің барлық ижазасын жеткізді», – деп баяндайды.

3. Шейх Назим Дузжауи, Мұхаммед ибн Хусейн әд-Дузжауи. Кәусәри оған қатысты: «Мен (білім) жолымның алғашқы кезеңінде одан көп нәрсені меңгердім. Араб тілі синтаксисі (сарф) мен грамматикасын (наху), тарих, математика, парсы тілі мен география және кейбір шарифат ілімдерін де одан үйрендім», – деп жеткізген.

4. Мухаммад Асғад Дәдә әл-Мәуләуи.

5. Ахмад Асым Қумулжинауи.

6. Әкесі Хасан әл-Кәусәри, Шейх Хасан ибн Әли.

7. Саид Мұхаммед ибн Жағфар әл-Қаттани. Ханафи мазхабының өкілі, хадистанушы. Кәусәри одан Имам Тирмизидің «Шәмәил» кітабын тыңдаған. Сондай-ақ, фикһ пен хадис саласынан дәріс алған.

8. Шейх Әли Зәйн әл-Абидин ибн Хасан әл-Әлясуни.

9. Юсуф Дияудин ибн әл-Хусейн әт-Тикүаши.

10. Мустафа әс-Сабри Әфенди.

Имам Кәусәри үш жүзге жуық шәкірттер тәрбиелеген. Олардың ішіндегі танымалдары: Ахмад Хайри Бәшә, Хисам әл-Кудси, Хусейн ибн Исмаил, Әбду әл-Фаттах Әбу Ғуддә, Абдулла әл-Жәркәси, Мұхаммед Ибрахим ибн Сағдулла, ж.т.б. (2, 61-63 б.) Құрметті имам 1952 жылы (һижри 1371) 19 тамызда (19 зул-қағда) жетпіс бес жасында дүниеден өткен. (7, 22 б.)

### **Кәләм іліміндегі орны, шығармалары мен көзқарастары**

Имам Кәусәридің кәләм және басқа жа шарифат ғылымдарындағы дәрежесі турасында оның ұстазы, «Осман халифатының соңғы шейх ул-исламы», – деген атпен белгілі болған үлкен ғалым, муткаллим, ойшыл Мустафа Сабри былай дейді: «Шейх Захид екі теңізге ие еді, хадис ілімі мен фикһ ілімінің теңіздеріне». (2, 21 б.) Мухаддис Абдулла ибн Сиддық әл-Ғумари Кәусәриге қатысты: «Егер біз оны (Кәусәриді) Әбу Ханифа мазхабының фанатизмге салынған жақтаушысы болғаны үшін айыптасақ та, бұл тек біздің мазхаб ұстанудағы соқыр ерушілікке деген теріс пікірімізді білдіреді. Әйтсе де, біз оның білімі мен артықшылығын жоққа шығармастан, өз заманының көрнекті тұлғасы, терең таным мен білім иесі, сенім қорғаушысы, оны жалған сәләфилердің қателіктерінен тазартушы деп білеміз», – деген. (4, 25 б.) Сонымен қатар, хадисші Насруддин Албани: «Захид әл-Кәусәридің танымы ол екеуінен де (Ахмад Шакир мен Ғумари) кең болған», – деп атап өткен. (13)

Имам Кәусәри Исламның ғылыми мұрасын терең түсінумен ерекшеленіп, шарифат ғылымдарының тек бір саласын ғана зерттеумен шектелмеді. Барлық шарифат ғылымдарын қамтып, тіпті мамандар, өз салаларында оған жүгінетін. Бұл турасында, оның замандасы, жазушы, шарифат ғылымдарының докторы, Мансур қаласындағы әл-Азхар университетінің филология факультетінің деканы – Мұхаммед Ражаб әл-Байуми, Кәусәридің артықшылықтары жайында айта келе, кәләм саласының мамандары болсын, әр түрлі мазхабтардың фикһ саласының ғалымдары болсын, тіпті тіл мамандарының өзі де оған жүгініп, ғылымдағы терең танымынан сусындағанын жеткізеді. (5, 19 б.) Өз кезегінде бұл, имам Кәусәридің ғылымдағы жоғарғы дәрежесі мен артықшылығын көрсетеді. Имам Кәусәри өз заманындағы мұсылмандар қоғамында таралған, батыс философиясы мен мәдениетіне еліктеушілікті сынға алып, европоцентристік модернизмге қарсы болған. Мұхаммед Әбу Захра: «Бұл құрметті имам (Кәусәри) жаңа бағыт өкілдерінен және бұрын (Ислам тарихында) көрініс таппаған жаңашылдыққа шақырушылардың қатарынан емес еді. Ол модернизм айдары тағылғандардан болмады, керісінше олардан алыс еді. Әйтсе де ол, тәжидтің (жаңашылдықтың) шынайы мағынасындағы мужаддидтардың (жаңартушылардың) бірі болған», – деп, Исламдағы тәжид ұғымының мағынасын түсіндірген. Оның пікірінше, нағыз тәжид – Исламның артықшылықтарын қайтару, сүннетті тірілтіп, бидғатты (дінге еңгізілген құпталмаған жаңалықты) жою, діннің негіздерін адамдарға жеткізу. Имам Кәусәридің де ұстанған жолы осы болғандығын білдірген. (5, 14 б.)

Имам Кәусәри Кәләм ілімін терең зерттеп, осы тақырыпта және басқа да мәселелерге қатысты көптеген құнды еңбектер қалдыра білген. Классикалық құнды шығармаларға түсіндірме (тахкиқ) жазумен де ерекшеленіп, сонымен қатар Әбу Ханифаның кәләмдік, фикһтық көзқарастарын дәлел-дәйектермен қуаттап, оны сынға алушыларға ғылыми негізде жауап берген. Имамның кәләм саласына қатысты жарық көрген еңбектеріне тоқтала кетсек:

1. Мақаләту әл-Кәусәри. Әр-түрлі шарифат тақырыптары аясында жазылған ғылыми жұмыстары мен мақалаларының жинағы. Кәләм іліміне байланысты «танзиһ» (Алланы пәктеу) ақидасы, Иса пайғамбардың түсуі, «тажсим» (антропоморфизм) ақидасы, исра мен миғраж сынды мәселелер қамтылған мақалалар бар.

2. Назрату ғабира фи мәзәғими мән юнқир нузул Иса. Иса пайғамбардың түсуін жоққа шығарушыларға жауап ретінде жазылған шағын шығарма.

3. Махқу әт-тақауули фи мәсәләти әт-ғәуәсули. Тәуәссул<sup>1</sup> мәселесінің дәстүрлі исламдағы мағынасын айшықтап, оның дәлелдерін хадистер мен сахабалардан жеткен деректермен негіздейді.

4. Истибсар фи тахадуси әнил жабри уәл ихтияр. Аталмыш еңбекте ақидадағы тағдыр мен пенденің таңдау еркіне байланысты мәселелер қамтылған. (6, 23 б.) (2, 35-38 б.)

Имам Кәусәри кәләм іліміндегі Алла Тағаланың сипаттарына қатысты, салиқалы сәләф ғалымдарының және матуриди мен ашғари муткаллиминдерінің ұстанған «тәнзиһ» (пәктеу) принципіні қолдап, «тажсим» мен «ташбиһ» ақидасын ұстанушыларды қатты сынға алған. Олар өздерінің аталмыш антропоморфистік сенімдерін, Құранда келген «иәд» (жүз), «уәжһ» (жүз), «сақ» (балтыр) немесе «истауа» (көтерілді) деген сынды мұташабиһ (мағынасы көмескі) аяттарды тікелей мағынасында түсіндіру арқылы қуаттағысы келеді. Жалпы бұл аяттарға қатысты алдыңғы ислам

<sup>1</sup> Тәуәссул – тілдік мағынасы: белгілі бір мақсатқа қол жеткізу үшін қандай да бір себеп, құрал қолдану. Ал шарифатта дұғаның қабыл болуы үшін Алла елшісінің немесе басқа бір тақуа пенденің құрметін себепкер қылуға қатысты айтылатын термин.

ғалымдарының негізгі ұстанымы «тәфуид»<sup>2</sup> жолы болған, ал кейінгі ғалымдар осы жолды теріске шығармастан, аталмыш аяттар мен хадистерге «тәуил»<sup>3</sup> әдісін де қолдануды жөн көрген. (8, 8-9 б.) Осы тұрғысында белгілі мухаддис Имам әл-Байһақидың Алла Тағаланың есім-сипаттарына қатысты деректер деректер жинақталған «Әсмә уә сифат» атты еңбегіне жазған қосымша түсіндірмесінде (тахқиқында), Имам Кәусәри белгілі сәләф имамы Абдурахман ибн Мәһдидің жәһмия ағымына қатысты айқан «расында, «расында, олар (жәһмиттер) Құрандағы истәуәны жоққа шығарғысы келеді», – деген сөздеріне тоқталып тоқталып былай дейді:

من أنكر أن الرحمن على العرش استوى فقد أنكر آية من الذكر الحكيم فيكفر. لكن الاستواء الثابت له سبحانه استواء يليق بجلاله على مراد الله وعلى مراد رسوله غير خوض في المعنى كما هو مسلك السلف منهم: ابن مهدي ومسلوك الخلف الحمل على الملك ونحوه على مقتضى اللغة وليس في ذلك إنكار الآية فحاشاهم من ذلك. وأما حمله على الجلوس والاستقرار فهو الزيغ المبين

«Кім де кім, әр-Рахманның (Алланың) аршысына истәуәсын жоққа шығарса, аса дана болған Алланың аятын жоққа шығарушы ретінде, кәпір болады. Ал Оған қатысты бекітілген истәуә сөзі – Оның ұлылығына сай және Алла мен оның елшісі мұрат еткен мағынада болмақ, ал біз Ибн Мәһди сынды алғашқы буынның (сәләфтардың) жолын ұстанып, мағынасына терең үңілмейміз. Сонымен қатар, кейінгі буынның (хәләфтардың) жолы бойынша, иелік ету және араб тілі міндеттейтін басқа да мағыналарды қабылдаймыз. Бұл тұста, ешқандай да аятты жоққа шығару кездеспейді. Ал оны отырды немесе орнықты деу – қателік болып табылады». (9, 377-378 б.) Яғни Имам Кәусәри дәстүрлі ислам ғалымдарының сенімін жәһмия сынды ағымдардың ұстанымдарынан ажыратып көрсете білгендігін байқай аламыз. Құрандағы истәуә сөзіне қатысты ханбали мазхабының беделді өкілі Әбу әл-Фараж Ибн әл-Жаузи өзінің «Дәфғу шубуһәти әт-тәшбийһ» шығармасында, араб тіліндегі бірнеше мағыналарын көрсете келе, барлық сәләф ғалымдары бұл аятқа артық түсіндірме бермегендігін айтқан. Ал кейбір кейінгі тұлғалардың бұл сөзді хауас тұрғысынан түсіндіріп, «отырды», -деген мағынада қабылдауының қате екендігін жеткізеді. Имам Кәусәри Ибн әл-Жәузидің бұл сөздеріне қосымша ретінде, «истәуә» сөзін «орнықты», – деген мағынада түсіндірушілердің сүйенген риуаяттары әл-Кәлби, Муқатил сынды тұлғалардан жеткендігін және бұдан бөлек «Әсмә уә сифат» кітабында келген көптеген деректердің барлығын да әл-Байһақи әлсізге шығарғандығын баяндайды. (10, 20 б.)

Имам Кәусәри осылайша ақида ғылымын сенімді дереккөздермен негіздеуге ерекше мән берген. Ол сенім мәселесінде әлсіз немесе ахад хадистерді қолдануға қарсы пікір білдірген. Халал мен харамды қарастыратын фикһ ілімінде «занны» (болжамды) дерек қабылданса, ал сенім мәселелерін қарастыратын ақида ілімінде бұған байланысты қатаңдық сақталуы тиіс, – деп баяндаған. Сол себепті де, бұл салада сенімділігі жоғары, әрі «идтираб» (бір хадистің бір-біріне сәйкес келмейтін әр-түрлі мәтінде жетуі) пен «шузуз» (басқа сенімді хадистерге қайшы келуі) болмаған деректердің қолданылуы тиіс. (11, 90-91 б.) Тағы бір тоқталатын мәселе, Кәләм ілімі Құран мен сүннетке негізделген ілім, әйтседе кәләм ғалымдары дәстүрлі ислам сенімін, әр-түрлі философиялық, саяси ағымдардың теріс ұстанымдарынан қорғау мақсатында логикалық-рационалды ойлау арқылы, ақылға да жүгінуге мәжбүр болған. Осылайша нақылда кездеспейтін, бірақ оған қайшы келмейтін пікірлер алдыңғы ғалымдар мен кейінгі ғалымдар тарапынан да айтылған. Оның бір мысалын Шейх Мұхаммед әл-Кәусәри «әс-Сайфу Сақил» еңбегіне жазған қосымшасында былай деп жеткізеді:

ولفظ “بان عن خلفه” لم يرد في كتاب ولا سنة، وإنما أطلقه من أطلقه من السلف بمعنى نفي الممازجة رداً على جهم، (يعنى في قوله: إن الله في كل مكان) لا بمعنى الابتعاد بالمسافة تعالى الله عن ذلك، ذكره البيهقي في الأسماء والصفات

«Жаратылыстарынан бөлек, – деген сөз, Құран мен сүннетте де кездеспейді. Бұл сөз кейбір сәләфтар тарапынан Жәһм ибн Сәфуанның (Алла барлық жерде) таралып тұр, – деген пікіріне қарсы жауап ретінде айтылған. Бірақ олар бұл сөздерімен Алла белгілі бір тарапта немесе мекен-кеңістік тұрғысынан бөлініп тұр деген мағынаны меңзеген еді». (12, 47 б.) Яғни Имам Кәусәри Кәләм ілімінің негізгі дереккөздерін қалыптастыруда, нақыл мен ақылды ұштастыру кейінгі муткаллиминдердің жолы ғана емес, алдыңғы сәләф ғалымдарына да тән болған әдіс екендігін көрсеткісі келген.

Қорытындылай келе айтарымыз, Шейх Мұхаммед Зәһид әл-Кәусәри шарифат ғылымдарының әр саласында, әсіресе Кәләм ілімінде биік дәрежеге жетіп, Ислам ғылыми мұрасының өркендеуіне өзіндік үлкен үлесін қосқан тұлға. Тарихта мутакаллиминдер мектебі, өз замандарында дәстүрлі ислам сенімін түрлі ағымдардың теріс пікірлерінен қорғаған болса. Имам Кәусәри де сол мектептің кейінгі өкілі ретінде, өз ғасырында пайда болған батысшыл модернисттерге, дәстүрлі шарифат мазхабтарын теріске шығарушы «лә мәһәбия» топтарына, антропоморфисттік сенімдегі ағымдар мен «тәшбийһ» ақидасындағы сәләфизм ағым өкілдеріне тұшымды жауап беріп, ХХ ғасырдағы кәләм ілімін қайта жандандырған жаңартушы

<sup>2</sup> Тәфуид – тілдік мағынасы: бір істі біреуге тапсыру, ақида ілімінде: Мұташабиһ аяттар мен хадистердің тәпсіріне үңілместен, шынайы мағынасын тек Алла ғана біледі, – деу. Бұл тәсілді алғашқы буындағы сәләф ғұламалары ұстанды, себебі ол ең жақсы әрі қауіпсіз жол еді.

<sup>3</sup>Тәуил – бұл мұташабиһ аяттар мен хадистердің мағынасын Алланың сипатына тән түрде астарлы мағынада қабылдау. Бұл ұстаным кейінгі хәләф ғұламалары арасында қолданылған.

(мужәддид) ғалым екендігін байқай аламыз. Осы тұрғысынан қарағанда аталмыш саладағы Имам Кәусәридің еңбектерін зерттеу күні бүгүнімізге дейінгі өзекті әрі маңызды істердің бірі.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мұхаммед Зәһид әл-Кәусари. Әл-ақидату уә илму әл-кәләми. – Бейрут: Дәру әл-кутуби әл-илмия баспасы, 2004. – 648 б.
2. Ахмад Хайри. Әл-Имам әл-Кәусәри. – Каир: әл-Мәктәбәту әл-Азхария литурас баспасы, 2000. – 78 б.
3. Әли ибн Абдулла әл-Фәһид. Зәһид әл-Кәусәри уә арауһу әл-игтикадия. – Сауд Арабия: Жамиғату Умми әл-Кура, 2002. – 530 б.
4. Мұхаммед Зәһид әл-Кәусари. Муқаддимату әл-Кәусәри. – Бейрут: Дәру әс-сурайа баспасы, 1997. – 703 б.
5. Мұхаммед Зәһид әл-Кәусари. Мақалату әл-Кәусәри. – Каир: әл-Мәктәбәту әт-тауфиқия баспасы, 2009. – 561 б.
6. Мұхаммед Зәһид әл-Кәусари. Әл-Бухусу әс-сәния. – Каир: әл-Мәктәбәту әл-Азхария литурас баспасы, 2003. – 50 б.
7. Мұхаммед ибн Абдулла Әли Рашид. Әл имам Мұхаммед Зәһид әл-Кәусәри уә ишәмәтуһу фи ғилми әр-риуая уә әл-иснад. – Иордания: Дәру әл-Фатх лиддирасати уә ән-нашр баспасы, 2009. – 209 б.
8. Мұхаммед Әбу Хамид әл-Ғазали. Қануну әт-тәуили. – Кувейт: Матбағату әл-әннуар баспасы, 2005. – 18 б.
9. Әбу Бәкр Ахмад әл-Байһақи. Әл-әсмә уә әс-сифат. – Каир: әл-Мәктәбәту әл-Азхария литурас баспасы, 2010. – 478 б.
10. Абдуррахман Әбу әл-Хасан әл-Жәузи. Дәфғу шубуһәти әт-тәшбиһ. – Каир: әл-Мәктәбәту әл-Азхария литурас баспасы, 2014. – 87 б.
11. Әбу әл-Қасим Әли ибн Асакир. Табину казиби әл-муфтари фи мә нусибә иләл имам әл-Ашғари. – Каир: әл-Мәктәбәту әл-Азхария литурас баспасы, 2013. – 326 б.
12. Әбу әл-Хасан Такию әд-Дин әс-Субки. Әс-Сайфу әс-сақил фи әр-радди ғәлә ибн Зәфил. – Каир: әл-Мәктәбәту әл-Азхария литурас баспасы, 2012. – 161 б.
13. هل أحمد صديق الغماري وأحمد شاكر يستويان في الصنعة الحديثية؟ \\ <https://www.al-albany.com/audios/content/13599>

## ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ДІНИ РӘМІЗДІК ТАНЫМНЫҢ ТҮРКІЛІК НЕГІЗДЕРІ

**Сәрсәбаева Р.А.**

«Конфликтологиядағы діни бірегейлік» мамандығының 1 курс магистранты  
 әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
 Ғылыми жетекшісі: Құрманалиева Айнұр Дүрбеленқызы  
 филос.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Қазақ халқының тарихы мен мәдениеті – оның аумағы арқылы өткен әртүрлі көшпелі тайпалардың өмірі, әдет-ғұрпы, дінінің энциклопедиясы. Қазіргі көпұлтты қоғамда мәдениет үлкен рөл атқарады. Ол, басқа әлеуметтік құбылыстар сияқты, қоғамның құндылықтар жүйесін құрайды. Қазақ халқының мәдениеті көптеген символдарға бай халық.


Символ бір ғана қайнар көзден туындамайды, ол әртүрлі дәуірлердің, діндердің, мәдениеттер мен өркениеттердің сұраныстарына жауап бере отырып соған қарай бейімделіп пайда болады.

Символдардың жасырын тілі – өткен дәуірдің ең құнды рухани мұрасы, мыңжылдық және ғасырлық даналығы, әртүрлі ассоциация бойынша жасырылынған белгілер болып табылады. Әр символда белгілі бір жасырылынға ақпарат болады, бірақ оған қол жеткізу қиын.

Қазақ халқының мәдениетіндегі түркілік негіз бойынша діни рәміздік танымның бірден-бір айқын көрінісі – ою-өрнектер. Ою-өрнектерде әлемнің барлық халықтары үшін архетиптік мотивтер мен символдардың әмбебап кешені бар. Олар шеңбер, спираль түрінде әлемнің элементтерін білдіреді және күнге, жерге, жұлдызға табыну культі арқылы туындайды.

Алғашқы уақытта ою-өрнектің рәсімдік мәні болған. Мысалы, қазақтарда қола немесе күмістен жасалынған бойтұмарлар болған. Бойтұмарда олар өздері табынатын ай, аспан, күн шеңберлерінің символдарын белгілеген. Ою-өрнекпен жасалған бойтұмар бақыт пен игіліктің символы және діни нанымдық сипатта болды.

Көшпелінің шексіз жолы уақыт циклдарымен, ат жүгірісімен өлшенеді. Кеңістіктегі бағдар төрт негізгі нүктеге қатысты анықталады. Қозғалыс күнмен, шығысқа бағытпен анықталады. Кеңістіктік сипаттамалар тігінен салынады: «аспан – жер»; көлденеңінен – «шығыс (алға), батыс (артқа)», оңтүстік (оң), солтүстік (сол жақ) «. Көшпенді даланы дөңгелек түрінде елестетіп, оны тұтасымен қамтиды, орталықтағы адаммен бірге болу шындығы ретінде. Дөңгелек формасындағы шексіздік, үйлесімділік символы ретінде әлем – эпикалық көріністердің негізі.



1-сурет – Қазақ халқының мәдениетінде ою-өрнектердің 4 мотивтік классификациясы бар: зооморфтық, өсімдік, космогониялық, геометриялық (1 сурет).

Қазақ ою-өрнегінің космогоникалық мотивтері ежелгі тайпалар мен халықтардың мәдениеттерінде туындаған ең ежелгісі. Космогониялық мотивке күнді бейнелейтін «дөңгелекті», әлемнің 4 бұрышын



білдіретін «төрт құлақты» және әлемдік кеңістікті пен мәңгілік қозғалысты бейнелейтін *«шмайды»* жатқызсақ болады.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде кең тараған зооморфтық мотивтегі *мүйіз* ою-өрнегі руханилық маңыздылығы зор. Оның ең көп таралған элементі – құт, рақымдылық пен әл-ауқатты бейнелейтін *қошқар мүйіз*. Осы жерден шығатын түркі халқында қалыптасқан *құт* деген ұғым. Ресейлік түркітанушы Сергей Ефимович жазуынша: «*құт – бұл түркі халықтарының идеялары бойынша адамның «қосарланған» күші, құдайдың жоғарыдан берген «өмірлік эмбрионы», энергияның ұйыған бөлігі, өмірдің, бақыттың, рақымның тұқымы»*.

«*Қошқар мүйіз*» – қазақ халқының киіз, тоқыма және басқа сәндік-қолданбалы өнер бұйымында кең таралған ою-өрнек түрі. Ою-өрнектің шығу тарихы мен діни мәні түркілік таным бойынша қалыптасқан. Скиф және түрік мифологиясында мүйізді жануарлар – арқар, қошқар жылқымен бірге ғаламның жоғарғы бөлігін бейнелейтін аспан ғажайыппен байланысты болды. Осылайша, жануарлардың мүйізі Құдайдың жоғары принципін бейнелей алады.

Қазақ ою-өрнегінде кең тарағандардың бірі зооморфтық өрнектің бірі – төрт құлақ. Бұл қиылысатын сызықтардан құралған, бұрыштарында төрт қошқар мүйізі бар крест тәрізді фигура. Одан кілемдердің орталық өрісіне арналған өрнектер жүйесі салынған. Әр түрлі мотивтерге негізделген ою-өрнектерді жіктеу жеткілікті дамыған. Космогоникалық, зооморфтық және гүлді әшекейлер бір-біріне оңай қосылады, өзгереді және симметрия заңдарына бағына отырып дамиды.

Гүлден жасалған әшекейлер элементтеріне жатады: жапырақтар, жауқазы, үш жапырақ, бүршіктер. Гүлдердің бейнеленуі қазақтың ою-өрнегіндегі бірлік, даму және өзара байланысты ұғымдарды ашады. Өсімдіктер мен гүлдер мотивтерімен құнарлылық идеялары, тіршіліктің мәңгі жаңаруы мен жандануы, молшылықтың даралануы байланысты болды. Олар көбінесе түскііздерде, киімде және тұрмыстық заттарда кесте тігуде қолданылады.

Қазіргі зерттеушілердің Азия мәдениеті мен тарихына деген қызығушылығы кездейсоқ емес. Бұл жерде көптеген құпиялар бар және оларды ашу құқығы болашаққа тиесілі. Дәрістің басты кілті ХХ ғасырдың бірінші жартысында көрнекті мәдениет қайраткері Н.Рерих сөзіне негізделеді: «*Бұл өнер өзінің сабырлы көрінісімен адамзат бесігінің құпиясына жауап береді»*.

Осы «адамзат бесігінің құпияларын» Азияның халықтық қолданбалы өнерінде әртүрлі шығармашылық түсіндірмелерде кеңінен ойдан шығарылған «үштік символдарын» жатқызу керек. Рәміздер ата-бабалар туралы білімді кейінгі ұрпаққа жеткізіп, сабақтастықтың желісін құра отырып, күнделікті өмірде маңызды рухани шындықтарды еске түсіруге бағытталған.

Азия халықтарының қолданбалы өнерінде «*үштік символына*» әртүрлі интерпретация келтіріледі. Қазақтардың бұйымдарындағы ою-өрнегінде үштік символикасы кең таралған. Ол қазақтың халықтық қолданбалы өнерінің барлық түрлерінде кездеседі. Өсімдік кескіндерінің арасында «үш жапырақ» ең танымал. Бұл кескін үштік рәміз сипатына сәйкес үш бөліктен құралған әлемді білдіреді. Үш жапырақтың басы – жоғары, аспан әлемін білдіреді, ортасы – мына жалған дүниені білдірсе, сабағы – төменгі әлемді білдіретін болған.

Осылайша, үштік символды халық қолданбалы өнерінде қолдану бекер емес. Халық шығармашылығы – бұл ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ғалам идеясының көрінісі

Бүгінгі таңда ұлттық ою-өрнек тақырыбы өте өзекті, тартымды мәселелердің бірі. Тәуелсіздік жылдарында өзін-өзі бірегейлендіру үшін, әсіресе 90-шы жылдары, Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі бұл тақырып қолданбалы суретшілер арасында ерекше танымал болды, оны мемлекет әр түрлі жолмен дамытып көтерген болатын. Халық қолөнерін қолдау және сақтау үшін түрлі мемлекеттік бағдарламалар жасалуда. Сәндік безендіруді барлық жерде кездестіруге болады: мемлекеттік рәміздерде, құрылыс және сәулет кешендерінде, ғимараттардағы қабырға суреттері түрінде, муралдарда және көшелерде кездестіруге болады.

Қазақ мәдениетіндегі діни рәміздік негіздердің келесі қыры тұлғалық болмыстың тәрбиелеуі арқылы көрінеді. Қазақ мәдениеті субъектісінің ішкі әлемін қалпына келтіруге деген ұмтылыс – жауынгер бейнесі арқылы көрінеді. Дала дәстүрінде «ер» сөзінде «адам» және «батыр» ұғымдары анықталды, әрқайсысы жауынгер болды. Бұл тұжырымдардың аясы Зира Наурызбаеваның «*Қазақтардың мәңгілік аспаны*» атты еңбегінде толық жазылған.

Дәстүрлі қазақ өмірінде миф ырыммен тығыз байланысты, ал ырым – мифтің қайтадан өзектенуі, жаңаруы. Ырым-жоралғылардың ішіндегі ең маңыздысы – инициация рәсімдері, және бұл кітап қазақтардың мифтік рәсімдерін көрсетеді. Қазақ мәдениетіндегі діни символдардың тағы бір қырын *музыка мен миф* әлемін байланыстыра отырып алу. Музыка мен діннің қарым қатынасы рухани құндылықтар арқылы көрінеді. Оған мысал болатын қазақтың дәстүрлі аспабы домбыраны айта кету керек. *Домбыра* – қазақ халқының рухани символы.

Қазақтың халық аспаптарының қалыптасуы мен дамуы көршілес халықтардың аспаптарымен тығыз бірікті және бұл тілдердің (жалпы түркі тілдерінің) жалпылығымен, ырым-тыйымдарымен, көшпелі өмір салтымен байланысты болды. Рухани аспап ретінде **қобыздың** маңыздылығы зор. Қобызды орындау тарихы бақсылардың діни және магиялық рәсімдерімен байланысты болды. Қобыз бақсылар мен олардың көмекші рухтары (әруақтар) арасындағы байланыс құралы қызметін атқарды.

Қазақ даналығының тәлімдік концепттерін рәміздік нысан бойынша көрсете отырып, олардың **мақал-мәтелдер** мен әртүрлі **ырым-жырымдар** арқылы көрінеді.

Әр түрлі халықтардың мақал-мәтелдері халықтардың ішкі әлемінің даралығын, ерекшелігін ашуға және түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан Е.А. Савина айтқандай: «мақал-мәтелдерді этнопсихология үшін, кез-келген халықтың немесе этностың менталитетін, мінезін, темпераментін зерттеу үшін бай дерек көзі ретінде пайдалануға болады» деп санайды.

Көптеген ғалымдарымыздың ғылыми зерттеу еңбектерінде сөз болған мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні жөніндегі пікірлеріне көңіл аударып көрелік. Мысалы, Балтабай Адамбаев «Халық даналығы» деген еңбегінде: «Әр халықтың мақалы мен мәтелі – сол халықтың өзі жасап алған логикалық формуласы, ережесі. Ол кез-келген оқиғаның, мәселенің тұсында еске түседі, тілге оралады. Сөйтіп, көп ойлануды, ұзақ баяндауды керек ететін қиын нәрсені жеп-жеңіл, оп-оңай, бір-ақ ауыз сөзбен түсіндіреді, ұғындырады» деп, мақал-мәтелдердің мінез-құлық мәдениетіне, өнерге, әдебиетке, деген негізгі талаптарын тұжырымдауға болатынына тоқталады. Қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы ұлы ақын Абай Құнанбайұлы ұлтымыздың ауыз әдебиетінің асыл қазынасы мақал-мәтелдердің шығу тегін терең зерттеп, құнды пікірлер айтты. Мысалы, Жиырма тоғызыншы қара сөзінде: Біздің қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар.

Қазақ халқының дәстүріне сәйкес мифологиялық зұлым күштерді құрту үшін көптеген сиқырлы қулықтар қолданатын. Ол үшін құрбандық шалып кез-келген мерекені үлкен **энергия болу** арқылы өткізетін. Мысалы, рухани емнің архаикалық формасы – айналу. «Айналайын» деген сөздің сиқырлы күші бар. Қазақ өз баласын емдеу үшін бақсы күшімен баланы айналып, баланың ауруын өзіне тартады.

Баланы тәрбиелеуде оның рухани беріктігін арттыру мақсатында әрдайым жастығының астына айна қоятын. Қазақтар мен басқа түркі этникалық топтарының дәстүрлі көзқарасы бойынша айна әлемнің көрінбейтін субстанциясын бейнелейтін сиқырлы қабілетке ие.

Адамның тұлға ретінде жан жақты дамуы тал бесіктен басталатыны сөзсіз. Қазақ халқы баланың рухани мықты, берік болуы үшін кішкентай кезден бастап діни-рәсімдік негіз бойынша тәрбиелеген. Тіпті баланы бесікке баулығанда жамылатын 7 заттың өзі тұлғаның рухани табиғаты, әлеуметтік мәртебесі мен қабілетін арттыруға бағытталған:

- Қалың тон (баланың қоғамда беделді болуы үшін)
- Жібектен кебенек (Батыр, ержүрек, мықты болу үшін)

Қорытындылай келе қазақ халқының рәміздік көріністері өте көпқырлы және жан жақты екендігін көруге болады. Мақалада рәміздік сипаттар тәрбие, музыка және дін аясында жіктеліп қарастырылды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Вовк. О.В. Энциклопедия знаков и символов – М.: Вече, 2006
2. Дж. Купер. Энциклопедия Символов. – М: Серия Символы, 1995.
3. Кадырбаев А.Ш. Бытовой уклад казахов XV–XIX веков как отражение хозяйственно-культурного типа кочевой цивилизации// Проблемы Востоковедения.– 2018.– №81
4. Медоев, А.Г. «Гравюры на скалах»// Алма-Ата: Жалын. – 1979.
5. Наурызбаева З. Вечное небо казахов // издательство «СаГа» . – 2013.
6. Спирина Э. М. Функции символа//Киберленинка. –2009. – №2. – с. 205.
7. Таженова А.П. «Истоки казахского народного орнамента»// Казахстанско-Российский университет. – Астана

## ЭКСТРЕМИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ РЕТІНДЕ ҚОҒАМДА ТОЛЕРАНТТЫ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

*Тастанова Асем Даулетовна*

*«Әлеуметтану» мамандығының 1 курс докторанты*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

*Ғылыми жетекшісі: Сымтиков Жомарт Құдайбергенович*

*саяси.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

Бүгінгі таңға дейін қоғамда және ғылыми әдебиеттерде экстремизм тақырыбы өзінің өзектілігін жоғалтпаған, әрі жан-жақты зерттеуді талап ететін күрделі әлеуметтік мәселе болып табылады. Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ) экстремизмді, әсіресе зорлық-зомбылық экстремизмі мен терроризмді толеранттылықтың, құрметтің, инклюзивтілік пен әртүрліліктің демократиялық құндылықтарынан бас тарту деп санайды [1].

Бұл тақырыпты қарастыру барысында алдымен терроризм, радикалдану және экстремизм түсініктерін қарастыру маңызды. Ол түсініктер туралы әртүрлі құқықтық, саяси және академиялық анықтамалар мен түсініктер бар. Бұл анықтамалар әртүрлі мақсаттарға қызмет етеді және әрдайым келісілмейді, бұл кейде озық тәжірибені алға жылжытуға және халықаралық ынтымақтастықты орнатуға күш салады.

Жалпы алғанда, экстремизм – экстремистік діни, әлеуметтік немесе саяси идеологиямен негізделген немесе олармен байланысты зорлық-зомбылық әрекеттерін білдіреді. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының жетпісінші сессиясында Бас хатшының «Зорлық-зомбылық экстремизмінің алдын алу жөніндегі іс-қимыл жоспары» атты баяндамасында концептуалды экстремизмді әдетте терроризмнен гөрі кең және нәзік болып саналады деген ой айтылады [2].

Радикалдану дегеніміз – адамның экстремистік идеяларды жиі қолдайтын немесе қолдайтын процесі. Бұл ұғымның әртүрлі түсіндірмелері бар. Кейде бұл термин радикалды идеялар мен зорлық-зомбылық арасындағы жасырын байланысты білдіретін етіп қолданылады [3].

ЕҚЫҰ-да осы ұғымдар үшін арнайы терминология бар: терроризмге әкелетін зорлық-зомбылық экстремизмі және радикалдану. Терроризмге әкелетін радикалдану деп адам террористік зорлық-зомбылықты мүмкін және тіпті заңды әрекет ету тәсілі ретінде қабылдай бастайтын динамикалық процесс деп түсінеді. Бұл адамның терроризмді қорғауға, оны қолдауға немесе оған қатысуға итермелеуі мүмкін. Бұл термин қылмыстық және заңды әрекеттерді ажыратудың маңыздылығын көрсетеді [3].

ЕҚЫҰ-ға қатысушы 57 мемлекет трансұлттық терроризммен байланысты түрлі қауіп-қатерлерге тап болғанымен, олардың барлығы терроризмге алып келетін зорлық-зомбылық экстремизмі мен радикалданудың алдын алу және оған қарсы тұру бойынша бірлескен жұмысқа өздерінің бірігіп жұмыс атқаруға деген ойларының бар екендігін айтады. Бұл біріккен жұмысты жүзеге асыру жолы ретінде олар: жастар, отбасылар, әйелдер, терроризм құрбандары, діни, мәдени және білім беру көшбасшылары, азаматтық қоғам, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары террористерді қоздыруы мүмкін зорлық-зомбылық экстремистік баяндауға қарсы тұруда және терроризмнің таралуына ықпал ететін жағдайларды жоюда, атап айтқанда, өзара құрмет пен өзара түсіністікке, татуласуға және мәдениеттер арасында бейбіт қатар өмір сүруге ықпал ету арқылы, сондай-ақ адам құқықтарын, негізгі бостандықтарын және терроризмді насихаттау, демократиялық принциптер мен құқық үстемдігін арттыру арқылы қол жеткізуге болады деп сенеді. Жалпы айтқанда бұл толерантты сананы қалыптастыру ерекшеліктерінің маңызын ашып көрсетеді. Бүгінгі таңда оны міндетті түрде экстремизм профилактикасында маңызды элемент ретінде қарастыру өзекті [3].

Мақаланың мақсаты толерантты сананың қалыптасу ерекшеліктерінің экстремизмді алдын-алудағы рөлін ашып көрсете алатын арнайы зерттеулерге шолу жасау болып табылады. Алдымен экстремизмнің себептеріне тоқталу маңызды.

Бүгінгі күнгі экстремизм – ол тарихи, саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайлардың, соның ішінде биліктің аймақтық және жаһандық саясатының әсерінің нәтижесі болып табылады. Оның түпкі себептерін ғылыми әдебиеттерде зерттеушілер күрделі, көп қырлы және бір-бірімен байланысты, сондай-ақ, радикалдану немесе зорлық-зомбылық экстремизмінің басталуы мүмкін құрылымдық ортамен байланыстырады.

Зерттеушілердің пайымдауынша қоғамда өршіп жатқан көлденең теңсіздік экстремизмді үнемі арттыратын қозғаушы күштерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, әділетсіздік, адам құқықтарының бұзылуы, әлеуметтік-саяси оқшаулану, кең таралған сыбайлас жемқорлық немесе белгілі бір топтарға үнемі қиянат жасау зорлық-зомбылықты және экстремистік мінез-құлықты тудыратын маңызды факторлар болып саналады. Нәтижесінде осы көлденең теңсіздіктер белгілі бір топ үшін біріккен кезде, радикалды қозғалыстар мен зорлық-зомбылықтың пайда болуы ықтималдылығын жоғарылатады [4].

Мемлекеттің негізгі құқықтарды, қызметтерді және қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмауы әлеуметтік теңсіздіктің өсуіне өзінің үлкен ықпалын тигізеді. Ол сонымен бірге мемлекеттік емес субъектілерге мемлекеттік егемендік пен аумақты бақылауға алуға мүмкіндік беретін вакуум жасай алады. Яғни, әлсіз институттармен, құқық қорғау органдарымен және тексерулер мен тепе-теңдік жүйесімен сәтсіз саяси қайта құру экстремизмге қолайлы жағдай туғызады деген қауіп бар. Әлсіз мемлекеттер осылайша экстремистік топтардың физикалық орналасуына мүмкіндік жасайды.

Экстремистік топтарға адамдар радикалды және зорлық-зомбылық қозғалыстарына жақсы ойластырылған айла арқылы тартылады. Көбінесе ондай топтарды ұйымдастырушылар жеке, эмоционалды немесе психологиялық факторларды басты назарға алады, мысалы, бұрынғы қатыгездіктен кек алу, билік қайраткерлері мен жастар арасындағы қарым-қатынасты бұзу, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі виртуалды қауымдастықтар арқылы санаға от салу арқылы ойларын жүзеге асырады. Осылайша, адамдар экстремистік топтарға қосылып, қоғамда түрлі өзекті мәселелерді туындатуға алып келеді. Оны алдын алу үшін алдымен экстремизмнің қауіпі бар елдердің әлеуметтік құрылымының негіздерін терең талдау және түсіну керек [5].

2018 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы «Терроризмге алып келетін зорлық-зомбылық экстремизмі мен радикалданудың алдын алу мен оларға қарсы іс-қимылдағы азаматтық қоғамның рөлі. Оңтүстік-Шығыс Еуропа бойынша нұсқаулық» атты жинақта экстремизмнің алдын алуға байланысты профилактикалық бағдарламалар туралы қарастырады. Профилактикалық бағдарламалар қоғамда экстремизмінің тартымдылығын төмендетуге және оның ықпалы мен таралуына тұрақтылығын арттыруға бағытталған. Осы санатқа жатуы мүмкін бағдарламалардың түрлеріне, атап айтқанда:

- мектептерде зорлық-зомбылық экстремизмінің қауіпі туралы хабардарлықты арттыру;
- жұртшылықты хабардар ету жөніндегі науқандар;
- қоғамдық пікірсайыстар;
- конфессияаралық және конфессия ішілік диалогтар;
- осал жастарды қолдау үшін мұғалімдер мен қоғамдастық көшбасшыларының әлеуетін арттыру;
- бұқаралық ақпарат құралдарында хабар алмасу және балама контрдискурсивті науқандар;
- қауымдастықтардың құқық қорғау органдарына сенімін нығайтуға арнған іс-шаралар ұсынылды [3].

Сонымен қатар, интервенциялық бағдарламалар: «тәуекел тобының» аудиториясына бағытталған және қылмыстық іс-әрекет желісі қиылысқанға немесе зорлық-зомбылық актілері жасалғанға дейін адамның террористік радикалдану жолына араласуына бағытталған. Осы санатқа жататын бағдарламалардың түрлерін кейде «жылжымалы пандустар» немесе «шығу бағдарламалары» деп атайды. Бағдарламалар ерікті түрде жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды: механизмдер, психологиялық қолдау, тәлімгерлік, теологиялық және доктриналық пікірталас, білім беру және кәсіптік оқыту және қолдау және т. б. [3].

Тағы бір маңызды бағдарламалардың бірі оналту бағдарламалары болып табылады. Олар зорлық-зомбылыққа дейін радикалданған адамдарға және радикалданудың әртүрлі кезеңдеріндегі олардың отбасыларына бағдарланған болуы мүмкін. Бұл бағдарламаларға:

– түрмелердегі дерадикализация/демаркация бағдарламалары сондай-ақ террористік қылмыскерлер мен қайтып келе жатқан шетелдік содырларды қалпына келтіруге және қайта біріктіруге, сондай-ақ олардың қоғамға оралуына бағытталған қылмыстан кейінгі күтім бағдарламалары;

– білім беру және кәсіби дайындықты, кеңес беруді, жұмысқа орналасуды, идеологиялық қайта тәрбиелеуді және т. б. ұсынады [3].

Бұл бағдарламалармен қатар экстремизмінің профилактикасы аясында орнықты шешімдер толеранттылыққа, саяси және экономикалық мүмкіндіктерді кеңейтуге және теңсіздікті қысқартуға негізделген дамуға инклюзивтік тәсілді талап етеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Дамуы тұжырымдамалық негізі мен өзгерістер теориясы зорлық-зомбылық экстремизмнің алдын алу стратегияларының он бір өзара байланысты құрылыс блоктарын айқындайды:

– құқық үстемдігіне және адам құқықтарына негізделген ықпал ету;

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту;

– халық топтары үшін зорлық-зомбылыққа тиімді әлеуметтік-экономикалық баламаларды қамтамасыз ету;

– ұлттық және жергілікті деңгейлерде шешімдер қабылдауға қатысуды кеңейту және азаматтық кеңістікті кеңейту;

– қызмет көрсету және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында жергілікті билік органдарының әлеуетін нығайту;

- иеліктен шығарылған топтармен диалогқа және бұрынғы экстремистердің қайта бірігуіне жәрдемдесу үшін сенімді ішкі делдалдарды қолдау;
- гендерлік теңдікке және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге жәрдемдесу;
- жастарды әлеуметтік ұйымшылдықты нығайтуға тарту;
- зорлық-зомбылық экстремистер тарапынан дінді теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл жасау үшін діни ұйымдармен және діни көшбасшылармен жұмыс;
- адам құқықтары мен төзімділікті көтермелеу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс;
- мектептер мен университеттерде адам құқықтары мен әртүрлілікті, сондай-ақ жаһандық азаматтық мәдениетті құрметтеуді көтермелеу [6].

Әлеуметтік келісімді жақсарту және толерантты қоғам құруға жәрдемдесу үшін БҰҰД іс-қимыл жоспары екі негізгі блокты ұсынады. Біріншісі, адам құқықтары мен толеранттылықты көтермелеу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс. Радикалды топтардың әңгімесіне қарсы тұру және адамдарды олардың қатарына қосылуға көндіру үшін қарым-қатынас стратегиясы экстремистер қолданатын еліктіргіш тілге жауап берудің орнына белсенді болуы керек. БҰҰД инклюзивтілікті кеңейтуге, адам құқықтарын көтермелеуге, әлеуметтік бірлік пен толеранттылыққа, гендерлік теңдікке және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге шығармашылық тәсілдерді жақтайтындар үшін интерактивті онлайн-платформа әзірлеу үшін таңдалған әріптестермен жұмыс істейтін болады [6].

Бұл тәсілде әйелдердің, жастардың және діни көшбасшылардың, сондай-ақ зардап шеккендердің, тірі қалғандардың және оралмандардың дауыстары маңызды. Даму жөніндегі серіктестердің, үкіметтердің, бұқаралық ақпарат құралдарының және азаматтық ұйымдардың пайдалануы үшін әлеуметтік желілерді пайдалану жөніндегі нұсқаманы қоса алғанда, коммуникациялық құралдар жиынтығы әзірленетін болады.

БҰҰД ұлттық және жергілікті теледидарда, мектептерде, университеттерде, спорт клубтарында, діни және қоғамдық орталықтарда адамдарды радикалды топтарға қосылуға немесе оларды осы топтардан бөлуге итермелеу үшін шыдамдылық пен әртүрлілік пен гендерлік теңдікті құрметтеу туралы хабарламалар жасау үшін жаһандық және аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтасады.

Екіншісі, мектептерде адам құқықтарын, алуан түрлілікті және жаһандық азаматтық мәдениетті құрметтеуді көтермелеу. 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму саласындағы күн тәртібі жаһандық азаматтықтың мәдениетаралық өзара түсіністігі мен этикасына ықпал етуге уәде береді, бұл толеранттылықты, адам құқықтары мен түрлі мәдениеттерді, жыныстарды, діндер мен өмір салтын құрметтеуді білдіреді. Білім жаһандық азаматтықтың осы этикасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады [6].

Қорыта айтқанда, БҰҰД жастарды тәрбиелеумен тікелей айналысатын діни, мемлекеттік және жеке мектептерді қоса алғанда, білім беру жүйесімен жұмыс істейтін болады. Көптеген діни мектептер реттелмеген және олардың оқу бағдарламалары жаһандық азаматтық пен адам құқықтарын құрметтеуге ықпал ете ме, әлде консервативті сектанттықты уағыздап, радикалдануды жақтайтыны әрдайым белгілі емес, сондықтан сарапшылар мектеп оқушыларының радикалдануын болдырмау үшін мектеп бағдарламаларын стандарттауға шақырды (оның ішінде діни мектептерде).

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Plan of Action to Prevent Violent Extremism: report of the Secretary-General (United Nations General Assembly Seventieth Session, A/A/70/674)
2. Preventing Terrorism and Countering Violent Extremism and radicalization that lead to Terrorism: A Community-policing approach (OSCE TNTD and ODIHR, 2014)
3. The Role of Civil Society in Preventing and Countering Violent Extremism and Radicalization that Lead to Terrorism. A Guidebook for South-Eastern Europe Published by the Organization for Security and Co-operation in Europe Vienna, August, 2018. [online]: [https://www.osce.org/files/f/documents/2/2/400241\\_1.pdf](https://www.osce.org/files/f/documents/2/2/400241_1.pdf)
4. Overview of OSCE Counter-Terrorism Related Commitments. July, 2020 [online]: [https://www.osce.org/files/f/documents/3/5/107686\\_1.pdf](https://www.osce.org/files/f/documents/3/5/107686_1.pdf)
5. OSCE. Security Days on “Building Bridges: Promoting Dialogue to Prevent Radicalization and Violent Extremism” sends powerful message of tolerance. VIENNA, 22 May, 2015 [online]: <https://www.osce.org/secretariat/159801>
6. Preventing violent extremism through promoting inclusive development, tolerance and respect for diversity. United Nations Development, 2016. **Roga**

## ҚОРҚЫТ ТҮЛҒАСЫНЫҢ МИФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕЛУ

**Шәри Ислам Икрамбайұлы**

*«Мәдениеттану» мамандығының 2 курс магистранты  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Ғылыми жетекшісі: Масалимова Алия Рмғазықызы  
философия ғ.д., профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қорқыт – Тұран ойпатын ежелгі дәуірлерден бастап мекен еткен түркі халықтарына танымал тұлға. Ол жайындағы сюжеттер көбінесе мифтік, қиял-ғажайып әңгімелер сипатында келтіріледі. Бірінші кезекте оның қобыз аспабын ойлап тапқаны жайындағы, және де өлімнен қашқаны туралы аңыздар ел-жұртқа аян. Екінші жағынан оның оғыз халқының тарихында ойып тұрып орын алатын тұлға екендігін көрсететін зерттеулер де бар. Қорқыт жайындағы сөздер көбінесе аңыз әңгімелерде жолығады. Аңыз әңгімелердің мазмұны шынайы өмірде болған тарихи тұлғалар мен қаһармандар жайында болады. Осыдан Қорқыттың тарихи, не болмаса мифтік тұлға екендігі жайындағы сауалдар туындайды. Осынау сұрақтарға жауап беру үшін Қорқыт жайындағы зерттеулерге шолу жасай кеткен дұрыс деп санаймын.

Қорқыт туралы пікір қалдырған араб тарихшысы Ибн әл-Асир былай жазады: «Қорқыт көшпелі түркі тайпаларының исламға тартқан екінші Мұхаммед болды, сол үшін оның қызметі кертартпа» [1, 86 б.]. Ал жалпы тарихи мәліметтерде: Қорқыт – ежелгі түркі дәуірінде IX-X ғасырларда Сырдария бойында өмір сүрген ойшыл, ұзан (жырау), қобыз аспабының шебері және «Қорқыт ата кітабы» жырлар жинағын қалдырған адам.

VIII-X ғасырларда көшпелі қоғамдағы патриархалдық нормалар өзгеріске ұшырап, ислам діні, феодализмнің белгілері ене бастағанда, Қорқыт оларды сынап, көшпелі өмірдегі еркіндікті жақтады. Енді қанат жая бастаған ислам дінін емес, соған дейінгі шаманизмді ұстанып, түркі тайпалық одақтарының мүддесін қорғауға ұмтылған. Сонымен қатар, оғыз және қыпшақ ұлыстарының құрылуын да, ыдырауын да өз басынан өткерген адам. XV ғасырда Асан қайғы да Қорқыттың идеясын ұстанған

Қилы-қилы заман болар,  
Әулиеден би болар.  
Үй басына бір-бір мола болар,  
Қас, жүзі қара сонда болар, –

деп Асан қайғы ислам дінін сынаса керек дейді ғалым Әуелбек Қоңыратбаев [1, 87 б.].

Қорқыттың дүниеге келуі мен шыққан тегі жайындағы мәліметтерге тоқталсақ. Оның дүниеге келуі туралы аңыздарды әйгілі қазақ тарихшысы, ғұлама Әлкей Хақанұлы Марғұлан өзінің 1982 жылы жазылып, «Қазақ әдебиеті» басылымына берген мақаласында келтіреді. Бірақ сол кезеңдегі идеологиялық қысымдарға байланысты ғалымның жазбасының үштен бір бөлігі ғана сақталған. Ол мақалада мынадай үзінділер бар: «Қорқыт жыр мен күйдің атасы, халықтың жан күйіне зор әсер еткен кеменгер дана, өз заманының пайғамбары сияқты кісі болғандықтан, халық оның туысын да жаратылыстан тысқары етіп, жай адамның туысынан өзгеше етіп тудырады. Бұл туралы мынандай аңыз бар: Қорқыттың анасы қыпшақ қызы екен. Қорқытқа жүкті боларда анасы құланның жаясына жерік болып, жерігі бір жылда әрең қаныпты. Анасы Қорқытты құрсағында үш жыл көтеріп, жылына бір рет толғақ қысып отырыпты. Ең соңында, туатын жылы тоғыз күн толғатып, дүниеге үш күн, үш түн қараңғылық түсіпті, қалың қара жаңбыр, сұрапыл қара дауыл соғып, біреуді-біреу көре алмай, ел-жұрты қатты қорқынышқа ұшырапты. Сол қараңғылық қорқынышта туғандықтан атын «Қорқыт» қойыпты. Қорқыт анасының құрсағынан туарда қатты қиналып, «Көр-қаптан туғандай» қатты қысылыпты. Махмұд Қашқаридың анықтауынша, «қап» ананың жатыры. Егер бала сол жатырмен бірге туса, ол құтты ырым деп саналады екен. Оны «қаблығ-қап жамылған» қаппен қоршалған ұл деп атайды. Қорқыт туарда Қара-тауды тегісімен қараңғылық басып тұрды, сол тұман басқан тауды «Қараспан» деп атады, ол Қаратаудың бір мегзеуі» [2].

Көріп тұрғанымыздай, Қорқыттың аңыз әңгімедегі тұлғасы қасиеттендіріліп көрсетіледі. Осыған орай халықтың арасында мынадай өлең жолдары сақталған:

Қорқыт туар кезінде  
Қараспанды су алған,  
Қара жерді күл алған.  
Ол туарда ел қорқып,  
Туған соң әбден қуанған.

«Қорқыттың туған жерінің Қараспан аталуы ол дүниеге келерде жер мен көкті қара түнек басып, ел-жұрт қатты қорқынышта болғандықтан еді» делінеді халық арасындағы аңыздарда. Халық аңыздары мәлімет беретін Қорқыттың дүниеге келуі жайындағы сюжет батырлық жырларда жолығатын алыптардың не жауынгер ерлердің (Едіге, Манас, Ерсайын) өмірге келуіне ұқсайды, олармен үндес сарында айтылатыны байқалады. Халық аңыздарында ешкім жеңе алмайтын Төбекөзді (Циклоп) жер астындағы үңгірде туғызып, көрқаптан шығарса, Қорқытты да көрде туғызып, көрқаптан шығарады.

Кей аңыздарда қу терісін жамылған перінің қызынан не аққудың өзінен туғызады. Қорқытты Құба диодің қызынан туғызу түрік, әзірбайжан нұсқаларында да айтылады. Алыптарды көрде, көрқапта туғызу исламнан бұрынғы салт-сананы аңғартады. (ондай – ақ қазақтардың «Киелі құс» деуі де исламға дейінгі табиғатта, тәңірге табыну кезеңінен қалған ұғым [2]).

Алыптардың көрде, үңгірде дүниеге келуі – ежелгі ой-сананың бір тармағы. Өйткені үңгір адамзат баласының ең алғашқы тұрағы. Олар сонда өсіп-өнді, өз іздерін қалдырды. Ондай ежелгі орындар бірнеше дәуір еткеннен соң, келер ұрпаққа өз ата-бабасының ежелгі тұрағы болып саналады. Үңгірді қастерлеу, үңгірдегі ата-бабалардың аруағына тағзым ету ежелгі түркі тайпаларының дәстүріне айналған. Бергі заманда жаратылыстағы ғажайып көріністерді қадірлеу, асқар тау, қия тас, жер – суды қасиеттеу оғыз бен қыпшақтарда ерекше орын алады. Салт-сананың бұл түрін қазақтар сол ежелгі қалпында сақтап келді [2].

Ислам діні тарағанға дейінгі осы тектес наным-сенімдер бойынша үңгірде, көрде туған алыптар жаратылысынан тылсым, әрі жойқын күшке ие, тізе бүгуді, қорқуды білмейтін батырлар. Сол себепті оларға Көрұғлы, Көрқап, Көртегін деп ат беретін болған. Қазақтардың Қорқытты көрқаптан туғызуы да осындай наным-сенімге байланысты. Бұл нанымның қазақ даласында кеңінен таралып, көпшілікке әсер еткені сонша, XVIII ғасырда билік құрған қазақтың ханы Әбілмансұр (Абылай) өзінің қол астындағы батырларын ержүрек, жүрек жұтқан етіп тәрбиелеу мақсатында оларды жапан түздегі ескі молада жалғыз қалдырып түнетіп отырған. Молаға түнеуге жіберетін жас сарбаздың ерлігін сынау үшін ел-жұртқа танымал батырлардың біреуіне арнайы кебін кидіріп, ертерек көрдің ішіне жатқызып қояды екен. Жас сарбаз жапан түзде қараңғы молаға жақындағанда, көрде кебін киіп жатқан кісі ақырып, оның алдына төніп келеді. Осындай кезде қорықпағандар нағыз батырлар деп танылған. Ерлікті осылайша сынау салты халық жырында жиі кездесетін сюжеттердің бір түрі. Оның мысалын түрікмен мен қазақтар жырлайтын «Көрұғлы» жырынан көруге болады.

Кейбір ғұламалардың «Керұғлының» көрде дүниеге келуі бертін келе туындаған жаңа сюжет деуіне қосылуға болмайды. Өйткені алып ерлерді көрде туғызу исламнан көп бұрын болған салт-сананың түрі. Көрқап, Көрұғлы, Көртегін деп атау – Орхон жазулары кезінде, кейде одан бұрын пайда болған түсініктер. Қорқытты көрде, көрқапта дүниеге келуі – ежелгі нанымның аңыздық бейнесі болып табылады.

Қазақ халқының Қорқытты ерекше қадірлеу себебін ашуға өткен ғасырда Шоқан Уәлиханов пен В.В.Бартольд аса көңіл аударған еді. В.В.Бартольд пен В.М.Жирмунский «қазақтар Қорқыт аңызын қыпшақтар арқылы оғыздардан мұра етті», – деп түсіндіреді.

Қорқыт тұлғасы мен оның артына қалдырған мұраларына ерекше мән бере зерттеу жүргізген ғұламалардың бірі – орыс және кеңес ғалымы Василий Владимирович Бартольд. Зерттеу барысында ол 12 жырдан құралған, оғыз халқының әйгілі ел билеушілері, бектері мен батырлары жайындағы әйгілі «Қорқыт ата кітабы» («Китаб-и Коркуд») жинағын аударды. Аталып кеткен 12 жырдың ішінде Қорқыттың есімін бірнеше рет жолықтыруға болады, және де оқиға барысында оның қосқан үлесі зор болып табылады. Мысалы, жырдағы басты кейіпкерлердің бірі – батыр Бамси Бейректің есімін Қорқыт. Бейрек өз сүйіктісі Бану-Шешекпен жолыққанда да әйгілі абыз қыздың ата-анасымен құдаласуға барады. Мемлекеттік маңызы бар істерде ел билеушілер мен бектер, қолбасшылар Қорқыттың көмегіне жүгінеді. Ел басына күн туып, жалғыз көзді құбыжық – Дөпе Гез (Төбе көз) жұрттың мазасын қашырғанда онымен келісуге бірінші болып Қорқыт ата келеді.

12 жырдың барлығы дерлік Қорқыт атаның есімін атаумен басталып, дәл солай аяқталады. Яғни осы жинақтағы жырлардың барлығын оның өзі жырлаған. Осы тұрғыда ежелгі түркі дәуірінде сарайда қызмет еткен ақындар – ұзандар жайлы айта кеткен жөн деп ойлаймын. Олар хандар, батырлар, бектер жайындағы жырларын, әндерін гогуз музыкалық аспабының көмегімен жеткізген. Бірақ әйгілі зерттеуші В.В.Бартольд «Қорқыт ата кітабын» зерттеу барысында Қорқытты жыршы деп атайды. Ол ақша үшін бектер мен билеушілердің көңілін көтеретін ұзан емес. Ол қиын-қыстау кезеңдерде ақыл беретін адам; хандардың, бектердің және қарапайым халықтың ақылшысы; жорыққа атанатын батырларға өсиет айтып, рухын көтереді, және олардың семсерлеріне бата береді. Түріктің «Аталар сөзі» жинағында былай келтірілген: Қорқыт – халықтың ақылшысы, ата-баба салты мен рудың ішкі тұтастығын сақтаушы [3, 134 б.].

Қорқыт ата жайындағы аңыз әңгімелердің ішіндегі ең танымал сюжеттердің бірі – оның өлімнен қашуы. Бұл аңыздарда Қорқыт тіршіліктің тұрақсыздығына, өзгергіштігіне күйзелген. Өлім, жарық дүниемен қош айтысу оның көзіне азынаған көр болып көрінді, Қорқыт туралы аңыз әңгімелердегі бұл идея

«Қайда барсаң да, Қорқыттың көрі» деген қанатты сөзден аңғарылады. Оның мәні – қанша тырыссаң да, өмір өз аяғына жетеді, бұл дүниеде ештеме мәңгілік емес.

Қорқыттың философиялық ойы – ажалға дауа болатын ем іздеу, оған мойынсұнбау. Ол дана ойшыл, адам баласына мәңгілік өмір іздейді, бақытты, ұзақ ғұмырды тілейді. Бұл туралы қазақ аңызында былай деген: «Қорқыт еңгезердей биік кісі екен, бойы екі құлаш, бір сүйем, өлгенде аяғы қабірінен шығып жатыпты. Тірі кезінде Қорқыт өлімге мойын сұнбаған, дүниенің төрт бұрышын кезген екен, бірақ еш жерден тыныштық таба алмапты, қайда барса да алдынан қазулы тұрған көр шыға беріпті» [2].

Жол бойында көр қазып жатқан адамдарды көріп: «Мұны неге қазып жатырсындар?» деген сәтте, әлгілер «Қорқыт әулиеге» деп жауап қайырады. Тығырыққа тіреліп, зәре-құты қашқан ол өлімнен қашып құтылу үшін дүниенің басқа шетіне қаша жөнеледі. Ол жаққа барған кезінде де бұрынғы түсін тағы көреді. Таң сәріде жолға аттанып, қайтадан дала кезіп кетеді. Көрген түсінен шошынып, төрткүл дүниенің әр бұрышын аралап шығады. Бірақ қай жаққа жолы түсс де бар көретіні көр қазып жатқан адамдар болады. Жанын шүберекке түйер жер таба алмай, әбден қиналған соң, Қорқыт жердің қақ ортасына түседі. Өзінің туған жері Сырдария суының жағасында отырып, барлық кезде өзіне серік болған Желмаяны құрбандыққа шалып, терісімен қобызын қаптапты. Қорқыт бұрынғы түсін қайтадан көреді. Суда көр қазатындар болмас, ажал да жете қоймайды деп ажалға қарсы амалдарды қарастырады. Суы жоқ маңайда жан сақтауға мүмкіндік болмаса, Сыр суының бетіне сиқырлы кілемін жайып, сонда жүз жыл отырады. Күндіз-түні қобыздың толқынды үнімен әсерлі күйлерін ойнайды, әлі күнге дейін танымал нақыл сөздерін осында айтып кетеді. Сырдың ағысы қандай тоқтаусыз, Қорқыттың қасиетті қобызы да солай тоқтаусыз ойнайды, өмірден сыр шертеді, қызығын көруге шақырады. Өлім жақындап келгеніне қарамастан, қобыздан шыққан әуен, судың ағысы оны біраз уақыттарға дейін жақындатпайды. Қорқыт тоқтамастан күйін тарта береді [3]. Қорқыт жайындағы аңыз әңгімелердің неше түрлі нұсқалары бар. Олардағы оқиғаның өрбуі әр түрлі болып келгенімен, аяқ жағы бірдей болып бітеді. Қобыз ойнауын тоқтатып, ұйқыға кеткен Қорқытты ажал жылан кейпінде келіп, оның шағып өлтіреді.

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, Қорқыттың өлімнен қашуы жайлы аңызда оғыз-қыпшақ дәуіріндегі үлкен тарихи өзгеріс көрініс тапқан дейді. Ә.Қоңыратбаев бұл афоризмді екі жақты қарастыру қажет дейді. Яғни бұл сөздердің астарында тарихи оқиғалардың әсері жатыр деседі. IX-X ғасырларды оғыз бен қыпшақ ұлысында әлеуметтік өзгерістер туындай бастаған еді. Сол себепті Қорқыттың пессимистік көзқарасы феодализм мен аталық қоғам арасындағы қақтығыс, заманның өзгеруі, идеялар мен ұстанымдардың өзгеруінің таңбасы деп тануға болады дейді. Оған мынадай дәлелдер келтіріледі: Қорқыт жырларындағы батырлар (Бұқаш) өгізбен және Өзірейілмен күреске түседі. Өгізді жықса да, жан алушы періште – Өзірейілді (тарала бастаған ислам діні) жеңуге шамасы келмейді. Екіншіден, бұл ұғымда ертедегі сақ тайпаларының дүниетанымы, наным-сенімдері бар делінеді. Яғни шамандық пен жаңа пайда болған дін – исламның арасындағы қақтығыс идеясы осы Қорқыт жайындағы әңгімелерде көтерілсе керек. Шоқан Уәлиханов мысал етіп келтірген «Өлі мен тірінің достығы» деп аталатын ертегі бар. Сонда Қорқыт исламдағы «пендеге өлім парыз» деген идеясымен күрескен болып шығады. Ал оның өлімі – сол идеяның жеңісінің символы. Бұл тектес аңыз әңгімелер еврей халқының «Көне өсиетінде» бар деседі. [1, 88 б.].

Өлімнен қорқу, өмірдің қалыптасып қалған заңдылықтарына қарсы тұруға талпыну, онымен күрес кезіндегі өзіндік принциптерге, немесе ұстанымдарға сүйену, алапат күшке ие зұлымдықтың алдында бас иеу, бар адамзатқа жақсылық әкелу тырысу және тағы басқа идеяларды ежелгі халықтардың, соның ішінде, грек мифологиясындағы Олимп құдайларына қарсы тұрған Прометей туралы аңызда, жоғарыда атап өткен «Гильгамеш» жайындағы дастанда анық байқауымызға болады. Әсіресе, Гильгамеш жырында толыққанды түрде суреттелген. Басты кейіпкер – Қорқыт секілді ажалды жеңу үшін онымен қақтығысқа түскен қаһарман.

Осылайша қазақ халқының таңғажайып аңыздары бойынша, Қорқыт бар өмірін өліммен, жан алғыш күшпен тоқтаусыз күресумен өткізген екен. Ажалға қарсылық көрсету жайындағы сюжеттер түркі тайпаларының дүниетанымында ежелгі дәуірлерден бері сақталып қалған тарихи мазмұндағы аңыз әңгімелердің бір ұлы саласы болып табылады. Бұлар тек ескі тәңіршілдікті пір тұтып, оған табынатын елдердің ескі әңгімелері мен нақылдарында кездеседі.

Бұл жайында X ғасырда өмір сүрген араб елінің саяхатшысы ибн-Фадлан жазып қалдырған. Оның келтіруінше, түркі тайпалық бірлестіктері ислам діні жайында білмеген. Олардың өздері табынып, пір тұтатын жаратушылары – Көк Тәңірісі бар. Қыпшақ пен оғыз халықтарының түсінігінше, дүниедегі әрбір таңғажайып нәрселердің өз иесі болады. Мысалы, жердің иесі, адам иесі, су иесі Йер-Су немесе Жер-Су, күн мен түн иесі, жыл мезгілдерінің иесі, табиғат құбылыстарының иесі, орман иесі, жылқы пілі Қамбар ата, сиырдың пірі Зеңгі баба, түйе пірі Ойсылқара, қойдың пірі Шопан ата [3]. Яғни бұлардың барлығы исламға дейінгі түркілердің діни дүниетанымының айқын көрінісі болып табылады. Керек болса, түркілер өздерінің осынау діни көзқарастарымен ислам тарай бастаған кезде де өмір сүре берген. Мұсылман дінінің



орта ғасырларда қазақ жеріне тарай бастағанымен де, ұзақ ғасырлар өткен күннің өзінде халықтың жүрегінің түкпірінен орын алмағаны жайында қазақтың ғұлама ойшылы Шоқан Уәлиханов та айтып кеткен.

Өлімге қарсы күресу жайындағы эпикалық сюжеттер қазақ халқының фольклорында көрініс тапқан. Әсіресе, ерте заманнан бері келе жатқан әйгілі аңызда «Ер Төстік» ертегісінде өте терең ғажайып суреттелген. «Ер Төстік» жер үстінде мекен ететін жан алғыш рухты жеңіп, адамзат баласына қайғы мен қасірет әкелетін, ажал әкелетін жауыздар жер астында деп пайымдап, жез қанат тұлпары әрі серігі Шалқұйрықпен жер асты патшалығына сапар шегеді, және ондағы зұлымдық атаулыны түгелімен жойып, өз туған еліне қайтып, сүйгенімен бақытты ғұмыр кешеді.

Ш.Уәлиханов жеткізгендей, Қорқыттың өлімге қарсы күресуінің түп негізінде ежелгі Орталық Азия тайпалық бірлестіктерінің дүниетанымдарының белгілері жеткілікті. Олар адам жан тапсырғаннан кейін да өмір сүруін тоқтатпайды, ал өлім, өз кезегінде, тіршіліктің жалғасы деп таныған. Сол себепті өлген адамның қабіріне көзі тірісінде керек еткен нәрселердің барлығын (тамақ, киім, жылқы, құрал-сайман, қару-жарақ) бірге қойылатын болған. Бұл наным-сенімнің белгілері қазақтарда соңғы заманға дейін сақталып қалған. Соның бірі – Қорқыттың «Өлі десем өлі емес, тірі десем тірі емес» деп түсінуі.

Аталып өткен аңыздар және олардың нұсқалары Қорқыт атаны мифтік кейіпкер ретінде қарастырады. Оның себебі де түсінікті. Өйткені түркі халықтарының тарихында Қорқыт секілді кемеңгер, данышпан, көреген адам өмір сүрген. Халық алдындағы абыройының асқақтағаны сонша, оның жеке тұлғасы, жеке қасиеттері аңызға айналған. Сол себепті халық оны керемет күшке ие, әулие, абыз есебінде қабылдаған деп ойлаймын.

Аңызға айналған тұлғаның оқиға барысында үнемі тастамай жүретін қасиетті дүниесі болады. Қорқыт абыздардың негізгі аспабы болатын қобызды өлімнен қорғайтын «қару» есебінде қолданып, тоқтамастан ойнаған. Ал король Артур шайқастарда дұшпандарын сұлатқан сиқырлы Экскалибур семсерін иемденген. Мұндай қасиетті, немесе сиқырлы дүниелер аңыздағы басты кейіпкердің зұлым күштермен күрескен сәттегі адам сенгісіз күшін одан сайын асқақтата түсетіні анық.

Аңыздағы басты кейіпкердің басты зұлым күшпен қақтығысқа түсіп, артынша ерлікпен қаза табуы – кеңінен таралған сюжет. Орталық образ ретінде олар өздерінің қарсыластарымен ақтық қаны қалғанша шайқасқа түседі. Қаза тапқан күннің өзінде халықтың ілтипатына ие болады. Мысалы, ағылшын халқының аңызға айналған батыры – король Артур дұшпаны Мордредті жеңгеннен кейін ауыр жарақат алып, Авалон аралында (кельттік аңыздардағы қасиетті жер) «мәңгілік ұйқыға» кетеді. Бірақ кетпес бұрын қиын-қыстау сәттерде Британия жерін құтқару үшін қайта көзін ашатынына ант етеді. Ал Қорқыт туралы аңыздардағы қасиетті орын – «жердің орталығы» деп көрсетілген Сырдария өзені. Қорқыт әлемнің қай шетіне барса да, алдынан көр қазып жатқан адамдарды жодықтыра береді. Ақыр соңында Сырдың суына қасиетті кілемін жайып, өмірінің соңына дейін сол жерде қобызын ойнап отырады. Ұйқыға кеткен кезінде Әзірейіл жылан кейпінде келіп, оны шағып өлтіріп, жанын алады. Бірақ Қорқыт қобызда шебер ойнай білген күйші, әрі білікті абыз ретінде ғана емес, өзінің бірбеткейлігінің арқасында алапат күшке ие дұшпанына қарсы күресе білген батыл адам есебінде аңызға айналды деп айта аламыз.

Қорқыт атаның өмірі жайындағы мәліметтер түркітанушы ғалым Едіге Тұрсыновтың зерттеулерінде келтірілген. Мысалы, «Истоки тюркского фольклора. Қорқыт» кітабында Әбілғазының, В.Бартольд және тағы да басқа зерттеушілердің еңбектерінен үзінділер ұсынылады.

Әбілғазы Баһадүрдің «Түрікмендер шежіресі» атты еңбегінде (XVII ғ.) Қорқыт түрікмендердің қайы және салор тайпалық одағын басқарған Инал-Йавы атты билеушінің ақылшысы болған. Автордың пайымдауынша, Инал-Йавы Қорқыттың айтқан ақылына әрдайым құлақ асып, айтқандарын орындайтын болған. Инал-Йавы жан тәсілім еткеннен кейін оның орнына келген Дуйлы-Қайы хан да әкесінің жолын қуып, Қорқыттың ақылын сұрайтын болған. Ол қайтыс болғаннан кейін Қорқыт бектердің басшысы болды. Дуйлы-Қайының баласы дүниеге келгенде бүкіл оғыз халқынан балаға Тұман деп ат қойған Қорқыт болатын. Әбілғазы Қорқытты ханнан жоғары тұрған адам ретінде суреттейді. Тіпті хан жиын-той жасағанда оны төріне шығаратын болған және жаңа билеуші сайланатын кезде де халық Қорқыттан кеңес сұраған. Демек, Қорқыт – халықтың сөзін сөйлеуші, ел ағасы [3, 135 б.].

Орыс ғалымы Виктор Жирмунский ортағасырлық ғұламалар Әлішер Науаи мен Құлатаның Қорқытты болашақты болжайтын көріпкел, артына нақыл қалдырған деген сөздеріне сүйеніп, Қорқытты «сиқырлы аспап болып табылатын қобыздың иесі, көріпкел жыршы» деп келтіреді. Сонымен қатар, атақты абыздың есіміне қатысты да пікірлер айтылады. А. Боровков «қорқуттан», «қорқутғушы» деген сөздердің «ақыл, насихат айтушы» мағынасында қолданылғандығын жеткізеді. Яғни «Қорқыт» сөзі кісінің шын есімі емес, лақап аты болады [3, 137 б.].

Дей тұрғанымен, бұл «Қорқыт» есімінің шығу тарихы жайындағы жалғыз мәлімет емес. XIX ғасырда неміс жазушысы Георг Эбер «Қор» сөзі Ежелгі Мысырдағы күннің құдайы «Гор», «Гора»-мен байланысты

дейді. Сонымен бірге, «Қорқыт» есімі «Хор» және «хұт» деген екі бөліктен тұрады дегенді ғалым Ә.Қоңыратбаев айта кетеді. «Хор» деген «хойхор» атты ұйғыр тайпасының атауына жақын болса, «хұт» сөзі Орхон-Енисей жазбаларында, және «Құтты білік» шығармасында кездескен екен. «Хұт» немесе «құт» «сөзі Сібір тайпаларының арасында жақсы сақталған дейді, және оған Сургут (Сұрқұт), Иркут (Жерқұт), Якут (Жақұт), Барқұт (Воркута) атаулары дәлел болады дейді [4, 143 б.].

Қорқыттың шынайы тарихи бейнесі XVI ғасырда түрікменнің шежіреісі Салыр бабаның еңбегінде көрсетілуі мүмкін. Оның айтуынша, Қорқыт жан біткеннің тілін түсінетін адам болған. Парсы тарихшысы әл-Асиридің айтуынша, XI ғасырда Сырдария бойын мекен еткен боз оқ оғыздарының арасында онымен аттас тұлға болған. Дәлірек айтқанда, бұл тарихи жазбада оғыздардың үш оқ және боз оқ бірлестіктерінің басшылары жайында айтылады. Үш оқ оғыздарының әмірі – Дудубек, боз оқтардың көсемі – Қорқыт-ибн-Абд-ал-Хамид. Сонымен қатар, бұл жазбада оғыз тайпаларының 548 жылы Синджар есімді билеуші басқарған селжұқтармен күресі жайында айтылады.

Селжұқ елінен шыққан тарихшы Имамаддин Исфханидің жазбалаында Қорқыт XI ғасырда оғыз еліндегі көсемдердің бірі болғандығын айтады. Оның пайымдауынша, оғыздар Кумач есімді селжұқ әміріне бағынышты болып, оған алым-салық төлеп отырған. Сол кезеңдерде оғыздардың екі басшысы болған – Дуду және Қорқыт. Әмірдің қысымына шыдамаған оғыздар оның әскерін тас-талқан етіп жеңеді. Жеңіліс тапқан Кумач Синджардан көмек сұрайды. Ол ұсынысты қабылдап, оғыздармен ашық шайқасқа шықпаққа бел буады. Бірақ оғыздар Синджарға сыйластық танытып, оны сый-сияпатпен көңілін ауламақ болады. Дегенмен, селжұқ билеушісі оған көне қоймайды. Ақырында оғыздар селжұқтарды екінші мәрте жеңіп, Синджарды қолға түсіреді. Тұтқын болса да, оғыздар, әсіресе олардың билеуші көсемдері – Қорқыт пен Дуду Синджарға ешқандай қысым жасамай, оны құрметтейді. Имад-ад-дин селжұқ билеушісінің тұтқынға түскенін осылайша суреттейді. Айта кететін бір жайт – бейбітшілік уақытында бар билік Дудубектің қолында болғанына қармастан, жазбаларда Қорқыттың есімі бірінші аталады. Осы арқылы оның бекпен қатар дәрежеде болғанын, халық арасында абыройға ие болып, аңызға айналған тұлға екенін айтуға болады. Бұл тарихи оқиға Токболат Еңсегенұлының «Қорқыт ата әлемі» атты кітабында 956 жылы орын алды деп көрсетілген.

Қорқыт есімді тұлға жайында башқұрттардың «Башқұрттар қайдан келген?» деген аңызында айтылған. Ондай былай делінеді: Башқұрт халқы Алтай жақтан келген. Олардың Қорқыт есімді басшылары болыпты. Ол алдыға шығып, жасыл шөпке жатып, домбырасымен былай деп өлең айтыпты:

Мен елші, «кет» деменіз,  
Менің руыма тименіз,  
Тиген кісіні өлтіремін

Оған қарсы шыққан адам былай депті: «Сіз үшін алда қабір қазылған, бармаңыз, кері қайтыңыз», – депті. «Алдымызда біз үшін рахым, артымызды – қаһар. Алға барамыз», – деген екен Қорқыт. Содан кейін башқұрттар Еділдің бойына жайғасыпты деседі [3, 138 б.].

Кейбір мәліметтерде сұлтан II Баязидтің Қорқыт есімді ұлы болған делінеді. Ал түрік ғалымы Абдулқадыр Инан оны қобыз бен тамбура аспатарында шебер ойнай білген қазақ ұзаны (жырау), қазақтың бақсы-балгерлері сол Қорқыт атаны пір тұтады дейді. Сонымен қатар, П.А.Фалев ноғай елінде Қорқыт деген ауылдың бар екенін, У.Багрянородный тарихта оғыз-печенег соғысы жайында айта келіп, Қорқыт деген қағанның бар болғанын жеткізеді. Рашид-ад-Дин Қорқытты баят руынан шыққан Қаракожаның ұлы, Инал ханның тұсында кемеңгер, ойшыл болған десе, Әбілғазы, жоғарыда айтып кеткеніміздей, Инал ханның уәзірі болған деп жазады.

Қорқыттың аңыз кейіпкеріне айналуының бір нұсқасын жазушы Қойшығара Салғараұлы ұсынады. Оның пікірінше, Қорқыттың шын өмірдегі прототипі – Шығыс Түрік қағанатының беделді тұлғаларының бірі, көптеген билеушілердің, соның ішінде Құтылығ пен Білге қағандардың кеңесшісі болған Тоныкөк. Дәлел ретінде ол оғыз тайпасының тарихы мен Тоныкөк жайындағы қытай жазбаларын (Тан династиясының «Таншу» хроникасы) қолданады. Қорқыт пен Тоныкөкті салыстыруға келгенде Қ.Салғараұлы мынадай мәліметтерді келтіреді: екі тұлғаның шыққан тегі – оғыз екеуі де үш ханның тұсында бас кеңесші рөлін атқарған; екеуі де үлкен ақылдың иесі, әрі ел арасында танымал, сыйлы адам болған. Қорқыт пен Тоныкөктің қызмет еткен билеушілерінің есімдері әр түрлі, бірақ олардың шын аттары туралы мәліметтер аз дейді. Өйткені түркі билеушілерінің ер жете бастағандағы, және есейіп, қаған атанған кездегі есімдері әр түрлі болады екен. Бұл туралы «Қорқыт ата кітабы», соның ішіндегі «Дерсе хан ұлы Бұқаш туралы жыр»-да келтіріледі. Ондағы басты кейіпкер өзінің шын есімін тек ер жеткен кезде ғана алады. Осы нәрсе ел билеушілері мен танымал тұлғаларды зерттеу кезінде қиындық әкеледі дейді.

Қорқыт та, Тоныкөк те ұзақ өмір сүрген адамдар. Қорқыттың қартайған шағы көбінесе аңыздарда келтірілген болса, Қытай тарихнамасында Тоныкөктің 88 жасқа келгені туралы жазылған. Бірақ оның қашан, қай жерде дүние салғаны жайында мәлімет жоқ [5, 285 б.].

Тарихи зерттеулерде және аңыз әңгімелерде Қорқыттың дүниеге келген және дүние салған жері Сыр бойы, ал Тоныкөк Алтай өлкесінде өмір сүрген деп айтылады. Қ.Салғарин ежелгі түркі тайпалары басқа аймаққа қоныс аударған кезінде өздері пір тұтатын бабаларының мазарын қайта тұрғызатын болған, сол себепті Қорқыттың, немесе оның шын прототипінің шын мазары басқа жерде болуы мүмкін деген болжам айтады.

Көріп тұрғандарымыздай, Қорқыт – ежелгі түркілердің тарихында да, мифтік дүниетанымында да көрініс тапқан «жұмбақ» тұлға. Оның жаратылысының, соның ішінде дүниеге келуі мен өмір сүруіндегі мистификация қарапайым адамдардың арасында Қорқыт тұлғасының қасиетті бейнеге айналуына әсерін тигізген. Қорқыттың тарихи және мифтік бейнелерінің арасындағы өзгешеліктерге қарамастан, оның кезіндегі түркі халықтары үшін үлкен мәнге ие тұлға болғандығын байқауға болатын секілді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы [мәтін]: учебное пособие.– Алматы, 1991.– 288 б.
2. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары – Алматы: «Алатау» баспасы, 2007 – I том – 608 б.
3. Турсунов Е.Д. Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 168 с.
4. Ыбыраев Шәкір. Бастау [Мәтін] : Қазақ халқының фольклоры туралы зерттеулер. – Алматы : Баспалар үйі, 2009 . – 500 б.
5. Салғараұлы Қойшығара. Түріктер. – Астана: Күлтегін, 2007. – 308 б.
6. Еңсегенұлы Т. Қорқыт ата әлемі – Алматы: Білім, 2000. – 292 б.

**XXI ҒАСЫРДЫҢ ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ:  
ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ КЕЛЕШЕГІ**

**ГЛОБАЛЬНЫЕ ВЫЗОВЫ XXI ВЕКА:  
ПРОБЛЕМЫ БЕЗОПАСНОСТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ**

**GLOBAL CHALLENGES OF THE XXI CENTURY:  
SECURITY PROBLEMS AND DEVELOPMENT PROSPECTS**

## ЖЕР ДАУЫ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

*Ахмаганбетов Руслан Муханбетқалиұлы*

*«8D03104-Саясаттану», 1 курс*

*Жетекшісі: Айтымбетов Н.Ы., PhD докторы*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа:** Жер дауы тақырыбының өектілігі қамтылып өтеді. Жер дауына қатысты тарихи кезеңдерді қамтиды. Жер дауы ұғымының түсініктеме беріле отырып, не себепті «жер дауы» тіркесінің жер конфликтіне балама бола алатындағына талдау жасалынады. Қазақ тілдік қолданыста конфликт терминіне қатысты бірнеше сөздері келтіре отырып, олардың қаншалықты деңгейде конфликт ұғымына ашалатындағын жан жақты қарастырады.

**Кілт сөздер:** жер дауы, конфликт, қақтығыс, дау дамай, дау, жанжал, шиеленіс.

Жер дауы тақырыбына зерделеуге әсер еткен бірнеше жағдайларды алдымен атап өтейін. 2016 жылы Қазақстанда сәуір және мамыр айларында «шетелдіктерге жер сатпаймыз және жалға бермейміз» деген ұрандармен өткен митингтер мен акциялар өтті. Қазақстанның батыс өңірі белсенділік танытты, ірі қалалардан Алматы қаласында 21 мамыр күні митинг орын алды.

Қазақстанның басқада қалаларында түрлі деңгейде митингтер өтті. Соңғы отыз жылдықтағы митингтерді қарастырып, салыстырсақ жер митингіне қатысушылар саны көп болды. Осы тұста көптеген сарапшылар да аң-таң болып жатты. Мұндағы айтқандары «адам құқығы», «демократия» сияқты митингке себеп болатын классикалық түрінен өзгешілігін айтты. Түсіндіре айтқанда демократиялық құндылықтарға қатысты мәселелер айтылғанда Қазақстан қоғамы бұға аса мән бер қойған жоқ. Жер мәселесі тұсында кеңеттен күтпеген нәрселер орын алды деген мағынада ойлар айтылды.

Бұдан түсінетіміз жер дауына қатысты мәселелер қазақ қоғамы үшін ерте заманнан өзекті болғандығын көрсетсе керек. Мына көне мақалда «бектер кетер ел қалар, бетеге кетер бел (жер) қалар» дейді. Жер ұғымының қастерлігіне қатысты көне аңыздар мен тарихи деректерде жиі айтылады. Мұның бәрі айналып келгенде қазақ қоғамында жер дауының тамыры тереңде жатқандығын білдереді.

Жер дауына қатысты мәселені тарихилық тұрғыдан алсақ. Ерте дәуірлерде мен Қазақ хандығы тұсындағы жер мәселесі мен оның дауының жай жапсары бір бөлек. Мысалы, Қазақ хандығы тұсында мынадай бір ұстаным болған. «Ханда жер жоқ» деген. Ақсүйек әулеттер елді басқаруына толықтай құқықтары бар, ал жер мәселесі мен оны меншік ету тек қарасүйектердің өздері шешетіндігінде. Бөкей Ордасындағы Жәңгір ханның орыс көпестеріне жер сатуы сол кездегі қазақ тайпаларының наразылық білдіруіне, оның арты Исатай-Махамбет көтерілісіне ұласты. Көтерілісшілердің бірнеше талабының ішіндегі бастысы жердің сатылуы еді.

Патшалық Ресей кезеңінде жер дауы түрлі деңгейде өршей түскен еді. Бір жағынан отарлаушылар әсері. Екінші жағынан, мал басы мен жан санының өсуі жердің тарылуына алып келді. Үшіншіден, сол тұстағы қолайсыз басқару жүйесі. Төртіншіден еніп жатқан капиталистік қатынастарда өз әсерін тигізбей қоймады. Капиталистік қатынастарда «жер капитал» ұстанымы негізге алынады. Бұл өз кезегінде дәстүрлі қазақ қоғамындағы жер құндылық және қауымдық меншік категориясымен сай келмейді.

Кеңестік дәуір кезінде жер дауы мүлдем жабық тақырыпқа айналды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қарастырылады. Кейіннен ұжымдастыру саясаты тұсында жерді мемлекеттік реттеуді алға қойды. Кеңестік режим капиталистік қатынастардың толықтай жоққа шығарғаннан кейін «жер капиталы» ұғымының ешқандай мән қалмады. Жер қауымдық меншік ұғымы да келмеске кетті (Кеңес заманында).

Тәуелсіздік алуымызбен капиталистік қатынастар қайта оралды. «Жер капитал» ұғымы ене бастады. Өткен дәуірлердегі құндылықтарда қайта бой көтерді. Капиталистік қатынастарға дайындықсыз ену өз кезегінде жер дауының өршуіне алып келді.

2016 жылы Республикалық жер мәселесі бойынша комиссиясы құрылып түрлі тақырыптарды талқылап жұмыс жасай бастады. Сол тұста елдегі жер дауына себеп болып отырған ішкі және сыртқы факторлар мен жайттар кеңінен айтыла бастады. Кейірек 5 жыл бойы жерге мариторий жарияланды.

Биыл 2016 жылы жерге байланысты жарияланған бес жылдық мораторий аяқталды. Жақында жер мәселесіне байланысты ұлттық комиссия құрылуда. Кез келген зерттеу тақырыбын ең негізі атаулар мен ұғымдар және де терминдік жағынан жан жақты ашып алған маңызды. Қазақ тілді ақпарат құралдарында жер дауы тақырыбы деген атаумен қарастырылады. Жер дауы ұғымы құқықтану тұрсынан алғанда талас тартысқа келсе, ал конфликтология ғылымы тұрғысынан алғанда конфликт ұғымына келеді.

Жер дауы дегенде ең алдымен бұл тақырыптың ғылымдағы орнына тоқталып өтсек. Жер конфликтология деген жалпы конфликтология ғылымында салалық бағыты бар. алайда бұл бағыты конфликтология ғылымында өте аз зерттелген бағытына жатады. Жер конфликтологиясы бағытын

айтқанда жер құқығы саласымен жақын қарастыратындар бар. Енді басқалар оны сол құқықтанудың бір саласындағы аздаған бөлшегі ретінде қараушылықтар да жоқ емес.

Қазақ халқы үшін жер капитал емес ұлт құндылық деген ұрандар айтылып жатты. Қаншалықты қазақтар үшін жер құндылық категориясына жатады, бұған ғылыми тұрғыдан жауап іздегенді орынды санадық. Ол үшін ұлт-азаттық көтерілістеріне шағын талдау жасап өтсек.

Ұлт-азаттық көтерілістері орын алу үшін үш түрлі себебі бар екен. Бірінші жер мәселесі, екінші әлеуметтік және де халық пен билеуші таптың арасының алшақтығы. Әлеуметтік жағдай дегеніміз, алым-салықтарды шамадан тыс көбейтіп жіберуі, соның салдарынан халықтың күн-көрісінің төмендеуі. Билеуші тап өкілдерінің халықтың шынайы мұн-мұқтажына құлақ аспауын орын алғанда көтерілістердің пайда болуының негізі осында екен.

Кейбір көтерілістерді жоғарыдағы екі немесе бір себеп бойынша орын алған көтерілістер бар. Барлық көтеріліске ортақ себеп жер дауы мен оның мәселесінің орын алуында екен.

Бұдан бөлек қазақтардың өткен өміріне қатысты этнографиялық деректер мен мәтіндерді оқығанда жер дауына қатысты ру-тайпалардың ортасында орын алған конфликттер, оны шешкен сол кездегі билеушілердің түрлі тәсілдері айтылады. Жер дауы қазақ қоғамы үшін өте өзекті құбылыс болғанын көрсетеді. «Даудың үлкені – жер дауы және жесір дауы» деген тіркесті сөздер қалған. Ал басқа бір ел аузындағы сөздерде «даудың үлкені – жер дауы және су дауы» деп келеді. Тақырыпты қарастыру барысында ғылыми жағына екінші нұсқа жақын деген пікірге келеміз. Себебі, екінші көрсетілген тіркесте «дау» толықтай конфликт сөзіне келіп қана қоймай, ресурстарға байланысты конфликт екенін ашып тұр.

Жер дауы – ресурстық конфликт пен территориялық конфликттің аралығындағы дербес конфликт түріне жатады. Соған қарамастан, конфликтология ғылымы пәнаралық мазмұны көбірек басым болғандықтан аталған екі конфликт аясында да қарастыра аламыз. Бұл тұрғыдан алғанда жер дауының зерттелу кеңістігіне байланысты шекерасын айқындауға мүмкіндік береді. Тақырыпты зерделеу барысында аталған екі кеңістік арасындағы тұстарына мән беретіп болмамыз.

Жер дауы тақырыбын зерделеуге алған кезде түрлі сұрақтарда қойылды. Жер дауы деген тақырыпты алып нені зерттейсін, оның зерттеу объектісі өткен тарих па, бүгінгі қоғам ба?! Жер дауы тың зерттелмеген тақырып. Бұл тұрғыдан алғанда оның артықшылығы мен жеткіліксіз жағыда баршылық. Артықшылығы қай деңгейде зерттесенде академиялық тұрғыдан алғанда, конфликтология ғылымы жағынан қарастырылғанда жаңа тақырып. Жеткіліксіз жағына келсек. Бұрын зерттелмеген тақырыпта теориялық және әдістемелік мәселелерін зерделеуде қолайсыздықтар туғызатын жағыда бар. Әрине, аталған тақырыпты тарих, құқықтану және де экономика сияқты ғылымдар пәнаралық тұрғыдан қарастырған. Олардағы жер дауын тікерелей зерттелмеген. Аты айтып тұрғандай жер дауы тақырыптық тұрғыдан да текелей конфликтология ғылымына қатыстылығын көрсетеді.

Мұның басты себебі, елімізде және де ТМД көлемінде жер конфликтологиясы бағыты дамымағандықтан. Көбіне бұл тақырыптардағы еңбектер ағылшын тілін шығуы. ТМД елдерінің әлемдік ақпарат кеңістікте мағлұмат алу тілі орыс тілі сақталып тұр. Орыс тілінде бір-екі монография мен бірнеше мақалалар ғана жарық көрген. Бұл өз кезегінде ақпараттың бардымсыздығын білдіреді. Аз қарастырылған нәрсені көптің хабарсыз болуы ертеден қалыптасқан құбылыс.

Екінші себебі, елімізде конфликтология ғылымы өз алдына дербес мамандық ретінде енді ашылып жатыр. Сондықтан, жалпы алғанда отандық конфликтологияда алдағы уақытта аз зерттелген осындай тақырыптарға ену арқылы оның дамуына серпін береді. Ғылым көп еңбек пен біраз уақытты қажет ететін кәсіп түрі.

Үшінші себебі, конфликт ұғымын көбіне саяси конфликт және де сол сияқты жиі айтылатын ұғымдар тұрғысынан ғана түсінушілігімізден болса керек.

Төртінші себебі, жер конфликтін зерттеушілер көбіне «үшінші әлем» елдерінен. Қазіргі кезде ғылымның негізгі тұтқасы батыс елдерінде. Батыс елдерінің зерттеушілері Азия және Африкаға қызығушылық танытушылары ғана аталған тақырыпқа қалам сілтеп жүр. Ғылымның басты міндеті мәселені шешу. Ал Азия және Африка елдерінде бұл тақырып өзекті болуының себебі, ол елдерде аталған мәселе күн тәртібінде тұрғандықтан деген пайымға келеміз.

Тақырып жер дауы ретінде алуымызда ең алдымен оған терминологиялық тұрғыдан жауап іздеуіміз және де жауап беруімізге, тіпті кең көлемді талдауымызды қажет етеді.

Жер дауы дегенде конфликт сөзінің дәл осы тұста қазақ тіліндегі баламасы ретінде «дау» сөзі алынып отыр. Бұдан келіп шығатын сұрақ дау сөзі қаншалықты конфликт ұғымын ашып беруге әлеуетті.

Конфликтология мамандығы магистратура мен докторантурада ашылған кезде отандық ғалымдардың арасында біраз талқылау орын алды. Конфликтология ретінде қалдыру орында ма, әлде жанжалтану, шиеленістану ретінде қазақша жанама балама бере отырып алған дұрыс па деп.

Терминдерді қазақ тіліне аударған орынды ма, әлде түп нұсқадағыдай қалдырған орынды ма деген мәндегі отандық жалпы ғылым салаларында ұзақ жылдардан бері талқыланып келе жатқан өзекті тақырыптардың біріне жатады. Осы тұста бірнеше ұстанымдар бар екендігін айтта өткенді жөн көрдік.

Бірінші ұстаным бойынша, барлық терминдерді, атауларды қазақ тіліне аударған дұрыс дейтін топтарда бар. Олардың пайымдауынша қазақ тіліне терминдерді аудармаса, тілдің қоланыс аясы мен оның дамуына кері салдары мен әсерлерін тигізеді. Тіпті бұл ұстанымдарды негізге алғандардың кейбірі тілдің негізінде кейбір мемлекеттер экономикасын қалпына келтіруге негіз алды дейді. Соңғы сөйлемдегі ой қорытындыны аздаған әсерлетіп айтытуда деп санаймыз.

Екінші ұстаным бойынша терминдер сол қалпында қалуға тиісті. Себебі ол әлемге ортақ дүние. Көптеген терминдер латын және грек тілдерінде айтылады. Мұны әлемнің басым бөлігі солай қабылдаған деген ұстанымды ұстанады.

Үшінші ұстаным бойынша араластық бағытты айтады. Түсіндіре өтсек кейбір терминдер мен атауларды атауларды аударуға да келеді, ал кейбірін сол қалпында қалдыруға тиіспіз. Бұрыннан қазақ тілдік қолданысында бар болса, оны термин ретінде қолдауға жарайды дейді.

Аталған үш ұстанымның автордың ішкі пайымдауы бойынша үшінші пікірді орынды көреді. Араластық деңгейде қарауымыз объективті тұрғыдан зерделеуімізге мүмкіндік туғызады.

Конфликт сөзінің орына қолданылатын бірнеше сөздері қарастырып өтсек. Олар қақтығыс, дау, дау-дамай, шиеленіс, жанжал, талас-тартыс, ұрыс-керіс сияқты түрлі сөздерді біздер кезіктере аламыз.

Алдымен қақтығыс сөзіне мән берсек. Қақтығыс сөзі қазақ тілінің мағыналық қолданысында тек тараптың бетпе-бет қақтығысу, соғысуын айтады. Физика ғылымы тұғысынан айтқанда екі дененің бір-бірімен соқтығысуын білдіреді. Жекелеген адамдардың немесе топ аралық соқтығысуда орын алатын жанжал түрлерін айтады. Қақтығыс сөзін конфликтология ғылымында конфликт сөзінің орнына тікелей қолданбаса да жанама мағынада қолдануға келеді.

Зерттеуші Г. Насимова «Саяси конфликтология» атты конфликт сөзіне баламалы ретінде «қақтығыс» сөзін қолданылған.

Саяси қақтығыстардың либералды моделі демократиялық елдерге тән. Өйткені, бұл модель төмендегі демократиялық процедураларға негізделеді: партиялық плюрализм, дауыс беру. Демократия шарттарындағы қақтығыс саяси бәсекелестік пен күрестің нормасы ретінде қарастыралы, оның қатысшылары жылдам жауап бере алады және берілген қоғамның саяси негіздеріне нұқсан келтірмеф шешеді. Сондықтан мұндай саяси қақтығыстар компромисс пен консенсус негізіндегі конструктивті реттеуге көнеді[1].

Қазақ тіліндегі конфликтке балама келетін сөздерде жалқы тұрғысымен мен жалпы тұрғысы, одан қалды тіркестік жағында көптеген айырмашылықтар кездеседі. Сол сияқты «саяси қақтығыс» тіркесі белгілі бір деңгейде «саяси конфликт» сөзінің мәнін ашып тұр.

Қақтығыстық тұстарда қолдануға орынды. Біз қарастырып отырған жер дауына – жер қақтығысы деп алуға келмейді. Мысалы, «жер қақтығысы» десек бір жағынан тұтастай алғанда оғаш естіледі. Екінші жағы, яғни мәндік тұрғыдан да мағынасыздау келеді.

Дау сөзін конфликт сөзі орына қолдану жағын пысықтап, зерделеп өтсек. Дау ұғымы жеке өз алдына алғанда бірнеше адамның дауласуын айтады. Дауласу деген мүмкін олар өзара бір нәрсеге келесе алмауы мүмкін, әлде пікірлері келесімге келмеген пікірлесеудің дауыс ырғағын көтеру формасында болуы мүмкін. Дау сөзі жек өз алдына конфликт ұғымын аша алмайды. Алайда «Жер дауы» тақырыбына конфликтке балама ретінде, әрі қазақ тілінің қоланысында бар сөз болғандықтан осылай алып отырмыз. Оның алудағы себебіміздің мақала соңында толықырақ түсіндіріп өтсек.

Шиеленіс сөзін бірқатар отандық саясаттанушылар мен ғалымдар өз еңбектерінде қолданады. Конфликтология атауының орына шиеленістану сияқты ұғымдарды қолданылған. Егерде дәл осы тұстан алған шиеленіс сөзінің қазақ тіліндегі қоланыстағы мағынасында конфликттің әбдем шешілуге келмеу формасына өтуіне қатыстыды айтылады. Мысалы, шиеленіскен нәрсе дегенде конфликтті тез арада, оның аражігін ажыратуға уақыт пен жігер, күшті қажет ететіндігін білдіреді.

Жанжал сөзінің ұғымы конфликт сөзіне баламалы жақтары баршылық. Алайда жанжал сөзін толықтай конфликт ұғымының орнына қолдануға келе бермейді. Себебі, кейбір конфликттердің қазақ тілді қолданысында орын алған сөздері бар. Сондықтанда, конфликт сөзін кейбір келетін тұстарда қоланған орынды.

Енді жоғарыдағы қойған екі сұрағымызға жауап берсек, бірінші конфликтология, конфликт ұғымдарына тікелей және жанама деңгейдегі қазақ тілінде баламалы сөздер мен ұғымдар бар. Алайда мұның ешқайсысына универсиал деңгейдегі сөз кездеспейді. Сондықтанда конфликтология ғылым атауын сол қалпында қалдыру орынды. Конфликт сөзіне қатысты келсек, бұл тұста сөздердің қолданысу аясына тиесілі, оның мән ашатын қазақ тіліндегі сөздерді қолдануға дұрыс-ақ деген пікірдеміз.

Жоғарыда «дау» сөзі өз алдына конфликтті тікелей ашпайды. Алайда, жер дауы сөзі бұл жерде тіркестік мазмұнды иеленгенде, жаңарған сипатқа иеленді. Міне осы тұстанда жер конфликтін сөзін жер дауы балама ретінде қолдануға жарамды. Жоғарыда біз терминдерге қатысты ұстанымдарды айтқана белгілі бір тілдік қолданыста дәл сол ұғымның қолданып келсе оны алуға жарамды пікірге келген едік. Міне осы тұстарын ескере отырып жер дауы сөзін қазақ тіліндегі баламалық сипатына ие екендігін және толықтай қолдануға болады.

Жер дауы атауы және ұғымдық мәнге ие, ал жер дауы ғылыми бағыт ретінде жер конфликтологиясы дей аламыз. Әрине, қазіргі таңда мұндай дербес қаншалықты конфликтология бағыты бар екендігін анықтауды қажет етеді. Одан бөлек мұндай бағыттарын анықтап, оның дербес ғылыми бағыт ретінде дамытуда теориялау, теория құру, тұжырымдау сияқты кең көлемді ғылыми еңбектерді қажет етеді.

Жер дауына қатысты айтылған «жер конфликті» деп неге қарастырмасқа деген ойларда айтылуы мүмкін. Енді бұл бір жағынан алғанда логикалық әрі ғылыми тұрғыдан да негізі де бар. егерде бұрын қазақ тілінің қолданысында бұрын жер мәселесіне қатысты конфликттер болмағанда алуға болар еді. Ал сан ғасырлар бойы жер дауы деген ұғым қалыптасқан. Міне, сондықтанда жерге қатысты конфликттің қолданыста ертеден «жер дауы» деген атауда қолданыста болғандықтан да аталған атауға тоқталдық. Оның бірінші себебі, қазақ тілді қолданыста бар, екінші себебі, ғылыми негізге де сәйкестігі бар. сондықтанда «жер дауы» тіркесі толықтай «жер конфликті» тіркесіне балама бола алады.

#### **Пайдаланылған әдебиет**

1. Насимова Н.Ө. Саяси конфликтология: Оқу құралы. – Алматы: «Құнды қағаздар» 2008. – 137 бет.



## ПАТРИОТИЗМ МЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМНІҢ МӘНІ

*Ахмаганбетова Гүлмира Муханбеткалиевна*

*2-курс магистрант*

*Жетекшісі: Серубаева Аурика Темірханқызы*

*PhD доктор, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті*

**Аңдатпа.** Патриотизм ұғымының тарих шығу жағы қарастырылған. Мақалада ерте дәуірлердегі қала мемлекеттегі патриотизм мен бүгінгі патриотизм ұғымындағы айырмашылықтарға тоқталған. Жастарды патриоттылыққа тәрбиелеу жолдары қарастырылады. Тәуелсіздік алғалы Қазақстан қоғамындағы патриотизм мәселесінің кеңестік қоғамнан айырмашылықтарына тоқталады. Қазақстандық патриотизм ұғымына талау жасалған.

**Кілт сөздер:** патриотизм, отан, борш, тәуелсіздік, қазақстандық патриотизм, отансүйгіш, елжандылық, отанды сүю.

Тәуелсіздік алғанымызға биыл отыз жыл толғалы отыр. Әлем картасында дербес ел атанғанымыздан бастап күн тәртібінде көптеген мәселелер тұрды. Оның бірі, тәуелсіз елдің патриот жастарын тәрбиелеу, өткен ата-бабаларымыздың тағлымдық жағын олардың бойына сіңіру. Патриотизмді біз алдымен «патриотизм» деген не, тәуелсіздік тұсындағы патриотизмді «қазақстандық патриотизм» деу орын ма, – деген сияқты түрлі сауалдар туындауда. Мұндай сауалдардың туындауы да орынды. ебебі, қоғам өзіне қатысты нәренің барлығын білгісі келеді. Ғылым бұған кең көлемді ғылыми деңгейде жауап беруге тиісті. Патриотизм сияқты құбылыстардың қолмен ұстап көруге келмейді, алайда оған қарамастан оның қоғамдағы кейбір істердің алға басуына өзінің серпінің береді. Енді алдымен жалпы патриотизм құбылысының табиғатына тоқталып, одан кейін қазақстандық патриотизм ұғымына талдау жасасак.

Патриотизм – қоғамдық сана нысанларының бірі, бұл тарихи және таптық санат қоғам дамуымен бірге дамып, жаңа мазмұнмен толығып отырады.

Патриоттық сезім адамдардың, халықтардың өміріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларының әсерімен пайда болады. Бұл жағдайлардың өзгеруі патриотизм мазмұнының өзгеруіне алып келеді.

Патриот және патриотизм ұғымы алғаш реті 1789-1793 жылдарлағы Ұлы француз революциясы кезеңінде қолданыла бастады. Сол кезде монархистер лагерінен шыққан сатқындар мен Отанға опасыздық еткендерге қарсы халық ісі жолында күрескен республиканы қорғаушылар өздерін «патриот» деп атаған. Сонда бұл ұғымдардың мәні қандай?

«Патриот, – деп жазады В.И. Даль – Отанын сүюші, оның игілігін қызу қолдаушы, Отансүйгіш, Отандас». «Патриот, – делінген екінші бір сөздікте, – өз Отанын сүйетін, өз халықна берілген, өз Отанының мүдделері жолында құрбандыққа дайын, ерлік жасайтын адам».

Келтірілген анықтамалар адамгершілік қасиет ретінде патриотизмнің мәнін неғұрылым дәл ой елегінен өткізу мүмкіндік береді. Ең алдымен оның философиялық түсіндірмесіне жүгінелік: «патриотизм (грекше *partis* – Отан) – мазмұны Отанға сүйіспеншілік, оған шынайы берілгендік, оның өткені мен бүгінгісі үшін мақтаныш, Отан мүдделерін қорғауға ұмтылу болып табылатын адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім», лексикалық мағынасында алғанда, патриотизм «Отанға сүйіспеншілікті, өз Отанына, өз халқына берілгендікті» білдіреді.

Ұлттық энциклопедиялық сөздікке патриотизм (грекше *partis* – Отан) – адамның Отанына, туған еліне, оның, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезім деп қарастырылады.

Патриотизм ұғымы азаматтардың қоғамдық өмірдің саяси құрылымына және басқа да компоненттеріне деген идеологиялық қарым-қатынасын білгілі: біреулер бұл ұғымды өз отбасы, істеп жүрген жұмысы, туып-өскен және мекен ететін жерімен аастырса, ал екінші біреулер үшін бұл мемлекет, ел, қоғам, қоршаған ортаны тұтастымен қамтитын аса кең мағыналы ұғым.

Патриотизмнің мазмұнына мыналарды жатқызған жөн: адамның өзі туып-өскен жеріне сүйіспеншілік сезімі; ата тіліне құрметпен қарау; Отан мүдделеріне қамқорлық жасау; азаматтық сезімдердің көрініс беруі және Отанға адалдықты сақтау, оның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау; әлеуметтік және мәдени жетістіктерге деген мақтаныш; Отанның тарихи өткеніне және одан қалған мұраларға, дәстүрлерге құрметпен қарау; өз еңбегін, күш-жігері мен қабілеттерін Отанның гүлденуіне арнауға ұмтылу.

Патриотизмнің мәні туралы сөз еткенде, патриотизм идеялары бағзы замандардан-ақ қалыптасқанын және бұл прогресшіл идеяларды игерудің патриоттық тәрбиеде маңызды мәні бар екенін атап өткен жөн.

Патриотизм идеясының (идеялар мен құндылықтар жүйесі ретіндегі патриоттық идеологиясының) дамуы, ең алдымен, Аристотель, Платон, Цицерон секілді ежелгі ойшылдардың есімімен байланысты.

Мәселен, Аристотель «Риторика» атты еңбегінде дәстүрлердің, заңдардың жеке және ортақ екі түрі бар екенін дәлелдеді. Мұның біріншісіне әрбір халық өзі үшін қалыптастыратын дәстүрлер мен заңдар жатады. Ал барлық халықтар таныған дәстүрлерді, заңдарды ол ортақ деп атады. Жеке дәстүрлер мен заңдарды бөліп ала отырып, философ олардың жазылғандардан айырмашылығын ғана емес, сонымен бірге

адамгершілік тәрбие үшін әлеуметтік рөлін де, жалпыға ортақ маңызын да атап көрсетті. Руханилықтың рақымшылдық, әділеттілік және т.б. аса маңызды өзіндік ерекшеліктерін Аристотель адамның қалыптасуына, оның жер бетіндегі өз міндетін атқаруына жәрдемесетін сабақтас қасиеттерге жатқызды. Ал Цицерон болса, патриоттық сана-сезімдегі басты мәселе Отанға деген көзқарас деп есептеді. «Мемлекет туралы» диалогында «ең игі ой – Отан игілігі туралы ой» – деп атап көрсетті. Отан, Цицеронның пікірі бойынша, ең алдымен, саяси органы, құқықтық қатынастармен байланысты адамгершілік санаты ежелгі басқаруға белсене қатысуды да білдіреді.

Жеке адамның қасиеті ретінде патриотизмге және идеялық-адамгершілік келбет құрылымындағы оның орнына сипаттама бергенде, біз әдебиеттердігі идеялық-адамгершілік қасиеттердің жіктемесін негізге аламыз. Бұл қасиеттер мынадай үш үлкен топқа бөлінеді:

1. Адамның өзіне, адамдарға, тұтас алғанда, оның алуан түрлі әлеуметтік бірлестіктеріне (халыққа, тапқа ұжымға) көзқарасын сипаттайтын қасиеттер.

2. Қызметтің алуан түрлеріне – білімге, еңбекке, ойынға адамның көзқарастарын сипаттайтын қасиеттер (яғни еңбексүйгіштік, ұмтылушылық, жауапкершілік және т.б.).

3. Түрлері материалдық құндылықтарға – табиғатқа, оның заттарына, адам еңбегінің нәтижесін мен өнімдерінің адамның көзқарасын сипаттайтын қасиеттер.

Жеке адамның идеялық-адамгершілік қасиеттерін саралауда біз патриотизмді жоғарыда аталған үш топтың біріншісіне жататын, бірақ қызметтің сан түрінде, материалдық құндылықтарға қатысты алуан түрлі күрделі сапа ретінде де қарастыра аламыз.

Адамның идеялық-адамгершілік қасиеттерін түсінуге байланысты жоғарыда баяндалған көзқарастарға сүйене отырып, патриотизм жеке адамның басқа адамдарға, біздің жаңа қоғамымызға, оның материалдық және рухани байланыстарына, қызметтің алуан түрлеріне, Отан пайдасына жасалатын істерге қатынасының көрінісі туралы білімді де, оның алдындағы сүйіспеншілік және жауапкершілік сезімін де қамтиды. Бұл – Отанға деген тұрақты оңды көзқарасты көрсете отырып, пәрменді де белсенді болуға мүмкіндік беретін жеке адамның ерік-жігерін, оның шеберліктері мен дағдыларын дамыту.

Адамның тұлғалық идеялық-адамгершілік келбетінің құрылымын жоғарыдағыдай талдау патриотизмді жаңа қоғамға, қызметке, еңбекке, Отанды нығайту мен қорғауға белсенді көзқарастан көрінетін, өз халқына, тілге, ұлттық, мәдениетке табиғатқа терең сүйіспеншілік келбетінің негізгі бөлігі ретінде қарауға мүмкіндік береді. Жеке адамның Отанға деген нақ осы сан қырлы көзқарасы патриоттық тәрбиенің нысанасы болып табылады. Жеке адамның идеялық-адамгершілік келбетінің құрылымын талдау арқылы патриотизм онда аса маңызды орындардың бірін иеленеді деп қорытынды жасауға болады. Бұл қасиет жоғарыда айтылған идеялық-адамгершілік қасиеттерге тән барлық үш топты қамиды және патриоттық тәрбиені өз міндеттері мен мазмұны бар өзгеше процестердің бірі ретінде шектеулі талаптарының бірі ретінде алып қарауға мүмкіндік береді. Осы біртұтас процессті ұйымдастырудың өзі патриоттық тәрбиенің тиімділігін де көп жағдайда айқындап береді. Сонымен бірге оның тиімділігін көп жағдайда тікелей патриоттық тәрбиенің міндеттері мен мазмұнын дұрыс анықтауға, оны дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Тәрбиенің жетекші рөлі жағдайында оған функционалдық және кешенді көзқарастардың диалектикалық бірлігін көріністерінің бірін біз осыдан көреміз[1].

Патриоттық тәрбие жүйесі басқа да факторлармен тығыз байланыста қамтылады: біріншіден, нысананың тұтастығы, жеке тұлғаның тәрбиесі; екіншіден, қоғамдық тіршілік көздерінің бір-бірімен байланысты, отбасының, мектептің, жоғары оқу орындарының, еңбектегі, армиядағы ұжымдардың патриоттық тәрбиеге бағыттылығы мен қатысты; үшіншіден, негізгі принциптердің бірлігі және тәрбиенің жалпы заңдылықтары; төртіншіден, патриоттық тәрбиенің жалпы тәрбие жүйесімен қабысуы, жеке тұлғалардың жан-жақты қалыптасуы.

Патриоттық тәрбие процесінің өзі біршама өз бетінше барлық күрделі белгілері бар қоғамдық-саяси әрекеттің жүйесіне ие болады.

Біріншіден, оның элементтер арасындағы өзара байланыстылығының белгілі құрылымы болады. Патриоттық тәрбиенің жүйесі кез-келген әлеуметтік жүйелердің жалпы элементтерінің 4 негізгі тбын құрайды. Бұған жататындар:

а) заттық элементтер (материалдық құндылық, бұларды дамыту және қорғау керек. Әскери-патриоттық тәрбиенің материалдық құралы);

ә) ісіс жүргізу элементі (жеке тұлғалардың, топтардың, партиялардың әрекеттері, оның түрлері мен әдістері);

б) Отанның рухани, әлеуметтік құндылығы, патриоттық идея, мақсат, міндет, заңдар, патриоттық тәрбиенің принциптері;

в) адамшылық элементі (құлық, тәрбие жүйесіндегі ұстанған нысана).

Бұл элементтердің болуы мен өзара байланысты патриоттық тәрбие жүйесі құрылымының беріктігі мен оның біршама өз бетінше дамуын, оның құрамдас бөлігінің өзара әрекет тәсілі ретінде айқындап, элементтер тұтастығы мен жаңа жүйесінің сапалылығы ретін де анықтайды.

Екіншіден, патриоттық тәрбие жүйесіне әр адамның өзіндік белсенділігі тән. Бұл атқарар қызметіне байланысты нышандар сыртқа өз көрінісін береді. Осымен байланысты жоғарыда келтірілген ұсақ элементтер тұтастығы мен жаңа жүйенің сапалылығы ретін де анықтайды.

Үшіншіден, патриоттық тәрбие объекті мен субъектіні өздігінен басқару жүйесіне негіздейді. Басқару механизмі белгілі құралымен, әдіс-амалдарымен ықпал етеді. Аталған жүйенің өзі саналы басқаруға бағынуы тиіс. Бұл стихиялы әрекеттен сақтандырып, тұтастықпен жүйелердің ұтымды дамуна мүмкіндік береді. Сол себепті басқару іс-әрекетінде отырғандардың білімді, рухани байлығы даму өрісіне негізделген адамдар болуы көзделеді.

Төртіншіден, патриоттық тәрбие кеңістік пен уақытта даму өрісіне бағытталады. Даму өткенді қорытуға, бүгінгінің негізіне, болашақтың болжамына сүйенеді.

Бесіншіден, патриоттық тәрбие жеке дара дами алмайды, табиғи және әлеуметтік жүйелердің басқа жүйелерімен байланысты негізінде болып келеді.

Патриоттық тәрбиенің мазмұны іс-тәжірибеде төмендегідей принциптер арқылы байланысты жүзеге асырылады.

Жалпыға бірдей принциптер. Бұл патриоттық тәрбиенің жұмысының теориялық, тәжірибелік әрекеттеріне ең қажеттісі болып табылады (жан-жақты және тарихи принциптері т.б.).

Өзіндік принциптер. Олар патриоттық тәрбие процесінде қолданылады (патриоттық және адамгершілік тәрбиелердің сәйкестілігі; эмоцияға әсер ету; тәрбиелеушінің жеке бас үлгісі принциптері т.б.) [1].

Б. Момышұлы «Соғыс психологиясы» атты еңбегінде Ұлы Отан соғысы кезіндегі халықтардың ынтымағына, бірлігіне тоқтала келе, жеке адамды қалыптастыратын жақсы қасиетпен бірге жаман қасиеттерге әскери психология тұрғысында анықтама береді.

Жоғары сезімдер: парыз, адамгершілік, ержүректілік, ерлік, батырлық, қаһармандық және т.б. Төменгі сезімдер: опасыздық, ұждансыздық, үрей, қорқыныш, шошу және т.б.

Ол Ұлы Отан соғысы кезіндегі әрбір жауынгердің бойындағы ұрыс кезінде қалыптасатын қасиеттерге әскери-психолог тұрғысынан тоқталады.

Қорыта келгенде Б.Момышұлы қазақ халқының жауынгершілік және ерлік дәстүрлерін жинақтай отырып, ұлттық әскери педагогика және психологиясының негізін салды деп айта аламыз [2].

Жалпықазақстандық патриотизм дегеніміз – Қазақстан – осында тұрып жатқан барлық патриотизмдердің синтезі, қорытпасы. Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан – біздің Отанымыз деген қарапайым ойды қоғамда орнықтыру керек, мұның өзі өте үлкен ұғымды қамтиды. Сондықтан біздің ортақ үйімізде, ең алдымен, достық пен келісім ахуалын ұстау, қай ұлттан болмасын, әрбір азаматтың парызы. Айтпақшы, бізге қарағанда ұлттар мен халықтарының саны көп, оны үстіне өркендеп жатқан мемлекеттер әлемде аз емес. Оның үстіне оларда патриотизм ерекше күшті дамыған, қоғамда мемлекеттік нышандарға құрметпен қарау қалыптасқан. мысалы, мектептерде сабақтардың басталуы, ант қабылдау, көптеген бұқаралық шаралар мемлекеттік жалауды көтерумен, әнұранды орындаумен қатар өткізілді» – деп өте орынды атап көрсетеді.

Ұлттық патриотизм әдетте, өз ұлттыңның, оның мәдениетінің, тілінің, дәстүрлерінің ортақтығын сезіну, осы жерде туылғанынды түсіну ұғымымен байланысты. П.И. Капыринның сөзімен айтқанда: «патриотизм – орыс, украин, белорус, қазақ, өзбек, әзірбайжан, грузин, армян және т.б. патриотизмі болуы мүмкін». Мысалы, қазақстандық патриотизм қазақ халқы мен мемлекетінің дамып, қалыптасуымен бірге ХҮ ғасырдан бастап орныға бастаған. Бұрын, бұған дейін түркі тайпалары мен руларына өзіндік жергілікті патриотизм тән еді. В.В. Бартольд үшін ХҮІ ғасырдың басы мұсылман Шығысының орта ғасырлық пен жаңа тарихының арасындағы шек болды. Оның пікірінше: «мұсылмандықтың жаңа тарихы мен орта ғасырдағы ислам тарихынан өзіндік ерекшеліктерді көреміз. Орта ғасырлардағы династиялардың өте шапшаң өзгеруіне және жалпы биліктің саяси тұрақсыздығына, мемлекеттердің көлемдерінің шағын болуына және сондықтан қандай да бір патриотизмнің болмауына қарама-қарсы енді біз онда құрылып жатқан мемлекеттердің біртұтастығын кезіктіреміз...».

Ұлттық патриотизмді қалыптасуында мынадай құндылық: «отан», «атамекен», «ел-жұрт», «азаматтық борыш», «ар-намыс», «адалдық пен әділдік», «ұлттық парыз» және т.б негіз болған. Мысалы қазақ халқы кіндік қанытамған жерін, ата-баба әулетінің жерленген жерін ерекше қадірлеген, оны ешқашан тастап кетпеген. Халық «Отан оттан да ыстық», «Отансыз ер бұралқы итпен тең» деп айтылуында үлкен саяси-патриоттық ой жатыр. «Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі» деп ел-жұрттың қадірін өте жоғары бағалаған. Қазақ үшін атамекеннің орны ерекше болған. Жеткіншектер мен жастарға өз атамекенін, Отанын, өз халқын, өз тілін, салт-дәстүрін жүрекпен сүйе білуге баулыған. Әркімге өзінің туып-өскен атамекенін қымбат екенін ескеріп отырған. Халық даналағында туған

жер, Отан, атамекен, ел ұғымдары өзекті ой ретінде көрініс алған. Оған «Ер елінде, гүл – жерінде», «Туған жерге туың тік» деген халық даналағы әр адам өз жерінде, елінде қадірлі дегенді меңзейді. Сондықтан «Ел іші – алтын бесік», «елінен безген ер онбайды» дейтін ұстанымдар дәлел болады. Демек қазақ халқы өз болмыс-бітімін Отанынан бөліп қарамаған.

Халық өзін өсірген анасын қалай құрметтесе, елін, жерін, Отанын да солай құрметтеген. Атан-ананы таңдай алмайтындағыз сияқты, Отанды да таңдай алмайтынын жақсы түсінген. Отан адамның бойында патриоттық сезімді туғызудың қажетті шарты деп қабылдаған.

Патриоттық сезімнің күшеюіне азаматтық борыш, азаматтық парыз арқау болған. Азаматтық парыз, борыш арқылы азаматының патриотизмі көрініс тауып отырған. Бұл принцип қазақы дәстүрде өте жоғары әлеуметтік мәртебеге ие болған. Халық әр азаматтан өз еліне, жұртына, Отанына қызмет етуді, азаматтық борышты адалдықпен атқаруды талап еткен. Борыш – адамға қоғам, ел-жұрт тарапынан қойылатын талаптар мен іс-әрекеттердің жиынтығы. Бұл ұғымның объективтік және субъективтік жақтары бар. Борыштық талаптар мен іс-әрекеттер тұрғысындағы мазмұндық сипаты оның объективті жағын құрайды.

Борыш – ұғымының субъективтік сипаты қойылған талаптар мен жүктелген үмітті, қызметті, міндетті жете түсінуі, оны атқаруға рухани әзірлігі мен мәдениетіне байланысты аныталып отырады.

Отан, халық алдындағы борышпарызды адалдықпен орындау – адамның сана сезімі, дарын-қабілетінің рухани етілгендігінің көрсеткіші, әдетте, халық қойылған талап-тілектерді қадір тұтады, халық қажетінен шығуға талпынады, Отан байлығын қорғауға, зорлық-қиянатқа жол бермейді.

Борыштылық деген – әр адамның өзіне жүктелген іс-әрекетті орындауға деген жауапкершілігі. Борышты өтеуде моральдық сенімнің маңызы зор. Жауапкершілік деген парыз, борышты орындаудағы күш болып табылады.

Отан, ел-жұрт алдындағы парыз бен борышты атқарудағы итермелеуші күштің бірі ар-намыс болып саналады.

Ар-намысты қазақ халқының бойына туа біткен ұлттық әлеуметтік – психологиялық ерекшелігінің болмысы және адамзаттық отансүйгіштік, отаншылдық ойлау жүйесінің негізі десе артық болмайды.

Жалпыұлттық патриотизм болса, өзі мемлекет халқының бір бөлігі ретінде сезінуді білдіреді, яғни түрлі ұлт қауымдастары өкілдері үшін біртұтас Отанына сүйіспеншілігі мен адалдығының шегі неғұрылым кеңі түседі. Ал жалпықазақстандық патриотизм тең құқықтық, өзара бір-бірін байыту (материалдық және рухани құндылықтарды өзара алмасу), еріктілік, өза көмек, ортақ мақсаттар, мұраттар, ұлттық және жалпы адамзаттық (интернационалдық) мүдделерді табиғи ұштастыру арқылы жақындастыруға, ықпалдастуға саналы түрде ұмтылу принциптері негізінде, қазақ ұлтының республикадағы орысн, ұйғыр, неміс және басқа ұлттық қауымдастықтармен өзара іс-қимылы негізінде қалыптасады. Қазіргі жағдай жалпықазақстандық патриоттық тәрбиенің негізгі бағыттары:

- 1) Егеменді және тәуелсіз Қазақстанның жаңа идеологиясын (идеялар, мұраттар жүйелерін) жасау;
- 2) Республика азаматтарының осы жаңа идеологияны терең игеруі, Қазақстан Республикасын өзінің Отаны ретінде сезінуі;
- 3) Қоғамдық ұйымдар, әлеуметтік және мемлекеттік құрылымдар тарапынан патриоттық тәрбие жөніндегі жұмысты жүйелі жоспарлау және оның тиімділігін бақылау;
- 4) Біртұтас республикалық халық шаруашылық кешенін құру, облыстар мен аудандар арасындағы өзара байланыстарды, Қазақстанның ұлттық қауымдастықтар арасындағы өзара мәдени байланыстарды күшейту;
- 5) Жалпықазақстандық патриоттық тәрбие жақсы жолға қойылған ұжымдардың тәжірибесін зерделеу және оны тарату;
- 6) Қоғамдық бірлестіктердің, партиялардың, мемлекеттік құрылымдардың, электронды техниканың, баспасөздің және жалпықазақстандық патриоттік тәрбиені рөлін жетілдіру;
- 7) Әрбір азаматтың бойында Қазақстан Республикасының біртұтас халқына жататындығы сана-сезімін тәрбиелеу, республика азаматтының жалпыұлттық мақтаныш сезімін тәрбиелеу;
- 8) Азаматтардың бойында Қазақстан Республикасының экономикалық, мәдени және әскери қуатын нығайту, оның мүдделерін қорғауда жауапкершілік пен патриоттық парыз сезімін қалыптастыру;
- 9) Елдің барлық азаматтарын ұлтшылдыққа, шовинизмге, экстремизмге, сепаратизмге ымырасыздық рухында тәрбиелеу болып табылады[1].

Патриоттық тәрбие арқылы білім мен бағаны тәрбиеленушінің жеке сеніміне түпкілікті айналдыру процесінде жүріп, патриоттық мінез-құлыққа ұмытылыс, мемлекеттің әскери қуатын дамытуға, Қарулы күштерде қызмет етуге, өз Отанын қолға қару алып қорғауға және т.б. даярлықтың болуы қалыптастырады.

Педагогика ғылымында соңғы жылдары студенттерді патриоттық қасиеттерін қалыптастырып, оған бағыт-бағдар берудің тиімділігіне көз жеткізудің көздедік[3].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, тәуеліздігіміздің отыз жылдығы қарсанында маңызды болып саналды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері. Педагогика ғылымдарының докт. автореф. / Р.А. Джанабаева, 2006. – 43 бет.
2. «Соғыс психологиясы»: зерттеу әдіснамасы, орны мен маңызы / Ж. Ахметов // Сардар. – 2011. – № 2. – 33-38 б.
3. Алгожаева Н.С., Шакирова А.Д. Студенттерді патриоттыққа тәрбиелеудің педагогикалық-психологиялық шарттары// Весник КазНУ, серия «Педагогические науки», №28 174-178 бб.

## СИСТЕМА И МЕХАНИЗМЫ ФОРМИРОВАНИЯ КАДРОВОГО РЕЗЕРВА: ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ

**Бахиткалий И.**

*Государственное управление и общественная безопасность, 2 курс  
под руководством доктора PhD Халиковой Ш.Б.  
Казахский национальный университет им. аль-Фараби  
e-mail: [bakhitkali.i@mail.ru](mailto:bakhitkali.i@mail.ru)*

**Аннотация.** В данной статье анализируется совершенствование системы кадрового обеспечения в государственном секторе зарубежных стран. Также в статье обозначена работа кадровых служб государственных органов исполнительной власти за рубежом и тема привлечения талантливой молодежи на государственную службу.

**Ключевые слова:** отбор, продвижение кадров, государственная служба, талантливая молодежь.

Демократические процессы, имеющие место в современном мире, показывают, что государства, способные привлечь наиболее конкурентоспособных и квалифицированных сотрудников, являются более успешными. Отбор работников высшей квалификации, в том числе для государственной службы, является главным, ключевым вопросом государственного и общественного развития практически для каждой страны в мире. Непосредственно человеческий капитал – истинная ценность, и конкурентоспособность любой структуры, тем более государственной, определяется качественным потенциалом сотрудников. В этой связи необходимо обратить внимание на задачи по кадровому отбору, на то, каким образом удовлетворить стремление сотрудников к большей гибкости труда, найти современные подходы к его организации.

Отбор и продвижение кадров в зарубежных системах государственной службы.

Как известно, система государственного управления в разных странах имеет свои особенности и отличается разнообразием традиций, стилей управления, но для этих органов характерны общие проблемы, требующие качественного улучшения деятельности аппарата управления.

Как правило, планирование человеческих ресурсов, систематический анализ перспективных потребностей в отдельных категориях персонала (стратегическое планирование) – стало важнейшей стороной кадровых служб в высших эшелонах власти.

В целом, организация отбора предусматривает:

– разработку основополагающих требований к должности (универсальной основой для разработки требований к должности служат подробные должностные инструкции, при разработке которых используются собеседования, заполнение анкет, метод наблюдений, хронометраж, применение тщательно разработанных тестов и программ испытаний в центрах оценки);

– широкий поиск претендентов с использованием ряда формальных инструментов;

– сопоставление уровня профессионализма претендентов;

– назначение на должность одного из числа нескольких отобранных претендентов.

При подборе претендентов на руководящие должности в зарубежных системах госслужбы огромное внимание уделяется оценке качеств и черт характера, присущих работнику как личности, таких как умственные способности, установка на достижение личного успеха, умение работать с людьми, организаторские способности, мотивация и интересы, ценностные ориентации и др.

Сама эффективность руководства и управления в сфере государственной службы тесно связана с тремя качествами руководителя, такими как способность правильно рассуждать и успешно применять их при решении проблем, способность контролировать свои эмоции и лидировать и достигать высоких результатов.

При этом, зарубежные специалисты считают, что качественную подборку кадров можно связать с таким понятием как талант – менеджмент.

Управление талантами является относительно новым понятием, зародившимся и развивающимся в последние три десятилетия, что подразумевает применение кадровых технологий по привлечению, удержанию, мотивированию и продвижению талантливых сотрудников для достижения стратегических целей организации.

Война за таланты началась в 80-х годах прошлого века с появлением информационного века, когда важность материальных активов – станков, фабрик и капитала стала уменьшаться по сравнению с важностью нематериальных активов, таких как собственные сети, бренды, интеллектуальный капитал и таланты. В последнее время компании стали больше доверять талантливым сотрудникам. В 1900 году работники умственного труда нуждались только в 17% рабочих мест, а сейчас – более чем в 65%. При увеличении количества таких сотрудников необходимо привлекать очень талантливых людей, так как самые яркие работники создают относительно большую ценность [1].

Понятие «управление талантами» вошло в научную и практическую терминологию в конце 90-х годов прошлого столетия. За ним стояла целая идеология или парадигма. Есть две книги, которые довольно ярко ее отражают: «Война за таланты», написанная консультантами McKinsey Элизабет Экселрод, Эддом Майклзом и Хелен Хэндфилд-Джонс и «Бизнес в стиле фанк» Кьюелла Нордстрема и Йонаса Риддерстрале [2].

Настает эпоха, в которой все решают талант и время. Деньги делаются на продажах таланта и времени, на эксплуатации таланта и времени, на организации таланта и времени. В результате лидерство и умение руководить людьми становятся ключом к конкурентному преимуществу. Это то, что выделит любую организацию из массы. То, как компания привлекает, мотивирует и удерживает у себя своих сотрудников, важнее технологий. То, как строятся отношения с поставщиками и покупателями, тоже важнее любых технологий. То, как человек управляет компанией, и то, как направляет действия людей, являясь их лидером, – определяет отличие компании. Это обеспечивает уникальность компании. [3]

В результате провозглашения эпохи, в которой все решают таланты, на сегодняшний день каждая организация, стремящаяся к успеху, рассматривает деятельность по управлению талантами как один из основных приоритетов.

Вместе с тем, управление талантами стало олицетворять процветание организации за короткий промежуток времени. Наряду с развитием информационных и цифровых технологий, а также с переходом к умной экономике управление талантами приобретает особую актуальность.

В процессе обеспечения быстрого роста за счет привлечения передового опыта с учетом развития казахстанской специфики развития имеет важную роль анализ зарубежного опыта осуществления талант-менеджмента как управленческой технологии.

В связи с этим, для Казахстана важно рассматривать и внедрять новые технологии обеспечения развития человеческого капитала в контексте экономического развития страны.

Следует отметить, что на современном этапе на рынке труда появляются люди поколения «Y» (родившиеся во второй половине 70-х – первой половине 90-х годов прошлого столетия), которые в отличие от предыдущих поколений менее лояльны по отношению к работодателю, ориентированы на кратковременные производственные отношения, желают гармонизовать личную и трудовую жизнь, более мобильны, знакомы с современными технологиями, проявляют готовность к обучению, ожидают признания и индивидуального подхода и т.д. Такие перемены в системе ценностей и отношении к работе заставляют работодателей «приспосабливать» свою кадровую политику к ожиданиям и требованиям будущих лидеров [4].

Нынешнее молодое поколение интересуется многообразием в карьере, но им не хватает терпения, предпочтение личных идеалов стоит перед сохранением рабочего места, и как следствие – высокая текучесть. В Великобритании, например, только 57% сотрудников, отнесенных к поколению Y, намерены задержаться на текущей должности на два года, в Индии – 62% на Среднем Востоке – 75%, рекорд лояльности в Малайзии – 87% [5].

Также следует отметить, что государственная служба является наименее благоприятным местом работы для талантливых людей, так как талантливые люди по своей сути требуют для себя особых условий деятельности. Государственную службу своей неторопливой и бюрократической системой управления тяжело приспособить работать и развивать талантливых специалистов. Более того, после советской карьерной системы государственной службы, где продвижение по службе должно было проходить от ступени к ступени, и в редких случаях происходил быстрый рост за счет демонстрации своих талантов, привлечение талантливых людей на государственную службу является затруднительным.

Тем не менее, в Казахстане привлечение талантливой молодежи на государственную службу возможно путем создания эффективной системы выявления, отбора и продвижения. Для этого необходимо знать существенные характеристики талантливых людей.

Неординарные люди не особенно нуждаются в других. В большинстве случаев они стремятся к самодостаточности. Но в то же время, часто демонстрируют сильную потребность в стимулировании, новизне. Другие люди могут иметь для них значение, однако дело не в самих людях, а в источнике вдохновения, которым они являются [6].

Анализ опыта США показывает необходимость проявления гибкости по отношению к талантливым людям. В исследовательской работе «Война за таланты» отмечается что, некоторые компании уже научились эффективно управлять талантами. И самая известная из них – General Electric (GE). Но большинство компаний управляет талантами неэффективно и с трудом. Заявляя, что люди – самый важный актив, многие не подкрепляют эти слова действиями [7]. Согласно исследованиям, проведенным в США консультантами McKinsey, большинство руководителей компаний согласны, что плохо управляют талантливыми людьми.

Правительство США стремится к системе управления талантами мирового класса, которая касается не только поиска и найма, но и служебной деятельности, развития лидерства, занятости сотрудников и создания HR возможностей. Важнейшей мерой в комплексной программе управления талантами достаточного

количества в США является привлечение новых сотрудников с соответствующей квалификацией. Учреждения разрабатывают комплексные программы управления талантами, при этом выходят за рамки поиска и найма. В противном случае они рискуют упустить выгоду от успешного найма [8].

Недавние исследования McKinsey федеральных государственных служащих, показывают, что эффективность практики государства, связанная с развитием таланта и занятости сотрудников значительно отстает от эффективности частного сектора в данном направлении.

Аналог Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы – Офис управления персоналом США (Office of Personnel Management (OPM), посредством внедрения инноваций в области найма и практики найма добивается резкого сокращения приема на работу. Офис помогает государственным учреждениям продумать, как планировать нагрузки и потребности в кадровых ресурсах и привлечь нужных людей, последний из которых является одним из пяти основных компонентов управления талантами. Согласно рекомендациям Офиса, государственные органы США должны принять комплексный подход к управлению талантами, а государственные органы должны избегать жесткого подталкивающего вниз «правильного» пути карьеры, так как это будет способствовать консенсусу убеждения, что топ-менеджеры следуют только одному пути к источнику успеха [9].

Кроме того, в Америке в настоящее время также ощущается кадровый дефицит на государственной службе. Стремление управлять наиболее талантливыми людьми на государственной службе не дают должных результатов, это усугубляется и сокращением государственных служащих в США. Это – истинный вызов нового века, поскольку под сомнением оказывается будущее государственной службы как эффективной системы обслуживания интересов нации в рамках государственных программ [10].

При этом, в системе заслуг государственной службы США присущи равные условия поступления и продвижения по карьерной лестнице без учета отдельных положений по управлению талантами. Независимо от таланта, претендент на поступление государственную службу США должен отвечать высоким требованиям профессионального и должностного поведения.

Так, в настоящее время раздел 3 Закона о реформе гражданской службы 1978 года в США, параграф 2301 Свода закона США обязывают руководствоваться принципами системы заслуг и регулируют эти принципы [11].

С приходом администрации экс-президента США Джорджа Буша младшего, в соответствии с обнаруженными проблемами по вопросам кадровой политики прежней администрации, были определены основные направления реформ [12].

Например, в 2004 году для оптимизации порядка приема на государственную службу была разработана «Модель найма в течение 45 дней», содержащая пошаговое описание соответствующей административной процедуры. Для привлечения на государственную службу квалифицированных специалистов и повышения эффективности кадрового планирования в 2006 году было подготовлено Руководство по моделям карьеры. Модели карьеры основаны на классификации лиц, поступающих на соответствующую государственную службу, определенным набором характеристик. Для каждой категории (например, «студент») указывается, какие характеристики рабочего места (высокая заработная плата, возможности профессионального роста, дух товарищества и т.д.) являются наиболее важными и какие методы (прохождение практики в государственных органах, оплата обучения и т.д.) могут быть использованы для привлечения и удержания гражданина на государственной службе. Модели карьеры затем используются для составления объявлений о вакансиях на государственную службу, разработки должностных обязанностей, организации рабочего места и в ходе иных процессов управления персоналом [13].

Общие тенденции в сфере подготовки обучения государственных служащих за рубежом

В целом, в сфере подготовки и обучения кадров в зарубежных странах сложились следующие тенденции:

1. Требования, предъявляемые к уровню образования, знаниям и навыкам претендента на занятие должности на государственной службе, носят, как правило, всеобщий, интернациональный характер. К ним, в частности, относится наличие у претендента высшего образования: если не специального административно-управленческого, то, по крайней мере, экономического или юридического. Правомерно также требование получения специального административного образования лицами, желающими не только остаться на государственной службе, но и продвигаться по служебной лестнице. Это обостряет проблему создания соответствующей сети учебных центров и разработки специальных учебных программ.

2. Увязка постепенного продвижения кадров управления по службе с получением знаний, умений и навыков следующего, более высокого либо специфического уровня позволяет исключить назначение на ответственные должности службы управления людей некомпетентных, не обладающих знаниями и навыками, соответствующими этим постам.



3. При определении сроков обучения (как переподготовки, так и повышения квалификации) лиц, занятых на государственной службе, следует учитывать накопленный в других странах опыт и не устраивать длительных учений». Желательно четко определить цель этого обучения. При этом представляется бесспорно верным принцип: чем выше ранг государственного служащего, тем меньше времени должно отводиться на его обучение. Желательно использовать все возможности обучения управленческих кадров, замещающих высшие государственные должности, по индивидуальной программе, не отрывая их от исполнения служебных обязанностей и щадя самолюбие (не допуская показного сравнения его знаний и умений со знаниями и умениями других чиновников, пусть даже его же уровня).

4. Заслуживает серьезного внимания распространенный в учебных центрах Запада так называемый американский подход к формированию содержания обучения: подбор изучаемых дисциплин и тем, основываясь на комплексе задач, решаемых обучаемыми в ходе выполнения ими своих служебных функций.

5. Методы обучения работников государственной администрации в основном должны активизировать внимание обучаемых и участие их в проведении занятий, хотя общетеоретические и так называемые постановочные проблемы целесообразно рассматривать на традиционных лекциях.

Во многих государственных органах за рубежом создаются комитеты или советы (временные или постоянные), в которых проводится предварительное обсуждение важнейших кадровых проблем, предложений по их решению с учетом возможных последствий. Примечательно, что в рамках таких коллегиальных органов при отборе на государственную службу (кроме политических общественных должностей) есть возможность предложить и рассмотреть кандидатов на руководящие должности. Конечно, независимые эксперты советуют сделать это, и консультации проводятся специализированными центрами оценки персонала. В результате отбираются 2-3 кандидата на должность, предложения по которым вносятся обслуживающим персоналом для рассмотрения руководителя по решению о назначении. Все дальнейшие работы, связанные с карьерой государственного служащего (аттестация, обучение и т.д.) проводятся под руководством кадровой службы федерального органа исполнительной власти совместно с органами государственной службы, где они имеются. Обслуживающий персонал из комитета отбирает, как правило, наиболее подготовленных, сотрудников, обладающих необходимыми знаниями, способных адаптироваться к быстрому изменению обстановки, умеющих анализировать процессы, внедрять инновации, обладающих высокой морально-нравственной ориентацией.

В США Управление кадровой службы, которое подчиняется непосредственно Президенту, обеспечивает формирование системы найма, выплат, поощрений, перемещения федеральных служащих, а также контроль над федеральными ведомствами в сфере работы с кадрами. Управление возглавляет директор, а в его отсутствие – первый заместитель, назначаемый Президентом. Обе должности отнесены к высшим уровням политического руководства. Это Управление объединяет деятельность, связанную как с методическим, так и с практическим кадрового обеспечением федеральных служащих на территории страны. Создать сеть пунктов (по крайней мере, по одному в каждом штате) для набора необходимого кадрового персонала, проведения экзаменов для поступления на государственную службу и продвижения по службе более высокого класса. Существует также сеть «контрольно – пропускных пунктов» (о которых говорилось выше) – они занимаются жалобами и заявлениями административного персонала.

К основным тенденциям перестройки управления в государственном аппарате США с точки зрения деятельности кадровых служб можно отнести, во-первых, повышение эффективности деятельности правительственных учреждений, во-вторых, сокращение их численности.

В целом, анализ работы зарубежных кадровых служб государственных органов исполнительной власти показал, что их деятельность определяется:

во-первых, правительственными программами реформирования и модернизации государственного аппарата, повышения его эффективности в решении социально-экономических задач страны, сокращения затрат на содержание государственной службы;

во-вторых, борьбой с бюрократизмом и коррупцией, справедливым, четким и своевременным предоставлением услуг обществу;

в-третьих, учетом национальных особенностей и этапов развития государства, внутренних и внешних процессов, воздействующих на него.

Зарубежная работа кадровых служб государственных органов исполнительной власти регламентирована положениями в которых предусматриваются: разработка кадровой политики, стратегия управления персоналом, детальные методические материалы и инструкции для своей деятельности, базирующиеся на конституциях своих стран и других основополагающих законодательных актах, опыте успешной организации службы управления с учетом национальной специфики.

Учитывая вышеуказанный анализ опыта США, необходимо сделать некоторые выводы:

- темпы внедрения систем талант-менеджмента в частном секторе существенно опережает государственный сектор;
- частный сектор более приспособлен к выявлению и развитию талантливых людей, чем государственный;
- система талант-менеджмента в указанных странах непосредственно зависит от системы государственной службы (Parrainage (франц.), Paternalisme (англ.), Spoils system (америк). Concours (франц.), Merit system (америк.);
- независимо от построения системы талант-менеджмента претенденты на государственную службу должны соответствовать определенным высоким профессиональным и этическим требованиям;
- Правительство США стремится к системе управления талантами мирового класса, которая касается не только поиска и найма, но и служебной деятельности, развития лидерства, занятости сотрудников и создания HR возможностей. Важнейшей мерой в комплексной программе управления талантами в США является привлечение достаточного количества новых сотрудников с соответствующей квалификацией. Учреждения разрабатывают комплексную программу управления талантами, при этом выходят за рамки поиска и найма. В противном случае они рискуют упустить выгоду от успешного найма;
- управление талантами на государственной службе во Франции и Великобритании осуществляется путем отбора наиболее успешных выпускников специальных учебных заведений.

Таким образом, Республике Казахстан необходимо придерживаться опыта в системе кадрового обеспечения в государственном секторе зарубежных стран. Однако самой главной научной проблемой является вопрос об адаптации мирового опыта к национальным условиям развивающихся государств. Для Казахстана этот вопрос особенно актуален, поскольку перед нами стоит задача дальнейшего реформирования системы государственного управления. Зарубежный опыт в этой области, на наш взгляд, может быть использован в Казахстане при условии проведения предварительной экспертизы предлагаемых проектов по модернизации госаппарата, опираясь на следующие критерии: адаптируемость к казахстанским условиям и существующей организационной культуре; эффективность и результативность; инновационный потенциал; степень соответствия интересам и ценностям нашего общества.

#### Список использованных источников:

1. Майклз Э. Война за таланты / Э. Майкла, Х. Хэндфилд-Джонс, Э. Экселрод: пер. с англ. Ю.Е. Корнилович. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2005. – 272 с. – С.33.
2. Еремина И., Лавров И. Управление развитием менеджеров организации в рамках стратегий управления талантами // Труды Российского Государственного университета нефти и газа имени И.М. Губкина. – 2010. – № 2. – С. 152 – 160. – С.152.
3. Нордстрем К., Риддерстрале И. Бизнес в стиле фанк. Стокгольмская школа экономики в Санкт-Петербурге, 2002. – 280 с. – С. 14.
4. Дворакова З., Федорова А. Европейский подход к управлению человеческими ресурсами: опыт предприятий Чешской Республики // Управление – 2012. – № 56. – С.4-11. – С.7.
5. Бабкина Ю. Управление талантами как одно из приоритетных направлений развития современного менеджмента // Вестник РЭУ им. Г.В. Плеханова. Путь в науку. – 2012. – №4. – С. 10-15. – С. 14.
6. Карташов С., Ожегов Ю., Шаталов Д. Управление талантами как HR технология // Вестник Омского университета. Серия «Экономика», – 2013. – №1. – С. 85-94.
7. Майклз Э. Война за таланты / Э. Майкла, Х. Хэндфилд-Джонс, Э. Экселрод пер. с англ. Ю. Корнилович – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2005. – С.165.
8. Зарина И., Пескин М. Использование знаний о талантах как источник конкурентного преимущества, 11 июня 2013 г. 67 с. // [www.trainings.ru/library/articles/?id=15598](http://www.trainings.ru/library/articles/?id=15598).
9. Berenson M., Smith M. Beyond hiring: an integrated approach to talent management – N.Y., 2011. – P.131.
10. Митрошенков О. Оценка, развитие оптимизация кадров государственной службы: зарубежный опыт // Управление мегаполисом. 2009. – С.35.
11. Яковлев И. Особенности кадровой политики за рубежом // Управление мегаполисом. – 2009. – № 6. – С. 24-42.
12. Оболонский А.В. Кризис бюрократического государства: Реформы государственной службы: международный опыт и российские реалии. – М., С.78.
13. Оболонский, А.В. Кризис бюрократического государства: Реформы государственной службы: международный опыт и российские реалии. – М. Фонд «Либеральная миссия», 2011. – 448 с.-С.124.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ

**Балпанова Н.А.**

*Конфликтология, 1 курс*

*Жетекшісі: Назарбетова Асель Қожасметовна, филос.ғ.д.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа:** Бүгінгі күні Қазақстан халықтың әл-ауқатын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру мақсатында жаңа сандық технологияларды қарқында дамытып, енгізуде. Бұл үрдістің мемлекет үшін артықшылықтарымен қатар, кері әсері, соның ішінде, ақпараттық қауіпсіздік қатерлері, жеке ақпараттың таралуы, зияткерлік меншікті заңсыз иемдену және пайдалану, әлеуметтік желі қызметтерінің бұзылуы немесе тоқтатылуы атауға болады. Мақала авторы елдегі ақпараттық қауіпсіздік мәселесіне қарастырып, негізгі қауіптерді белгілейді, сонымен қатар «Қиырқалқан» мемлекеттік бағдарламасын талдайды. Сандық қызметтерді дамытумен қатар, ақпараттық кеңістіктегі киберқауіпсіздік мәселелері жыл сайын өзекті болып келеді. Ақпараттық қауіпсіздік жеке тұлғамен қатар, мемлекеттік басқарудағы маңызды мәселелердің біріне айналып отыр.

**Кілт сөздер:** ақпарат, ақпараттық кеңістік, ақпараттық қауіпсіздік, Қазақстан, Киберқалқан.

Жаһандану заманында ақпарат ең бағалы ресурс болып табылады. Ақпаратты іздеу, тарату, қорғау немесе сақтау сияқты қызметі адамдардан, қоғамнан, үкіметтен жоғары жауапкершілікті қажет етеді. Қазіргі таңда адамзат цифрландыру мен ақпарат жүйесінің, ақпараттық технологияларды қолданудың қарқынды даму үдерісінің куәгері болып отыр. Сандық ақпарат дәуірінде ақпарат қолжетімділігі басты мәселе болып есептеледі. Сондықтан, ақпараттық дамумен қатар, қауіп-қатерлерде қарқынды түрде өсіп келеді. Мысал ретінде, жеке ақпараттың таралуы, зияткерлік меншікті заңсыз иемдену және пайдалану, әлеуметтік желі қызметтерінің бұзылуы немесе тоқтатылуы бола алады. Стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығының мәліметіне сүйенсек, 2021 жылдың ақпан айында португал тіліндегі қылмыстық топ Оксфорд университетінің COVID-19 екпесін зерттеу бөліміне шабуыл жасап, алынған ақпаратты өз мемлекеттеріне таратты деген күдік бар, дәл осындай жағдай Pfizer фармацевтикалық компаниясының екпесіне қатысты ақпарат сақталған компьютер жүйесіне шабуыл [1] ретінде қайталанды. Аталған тәуекелдер қоғамдағы қауіптерді үдетіп, ақпараттық қауіпсіздік саласына баса назар аударуымызды талап етеді. Жалпы, сандық ақпарат заманының ерекшелігі неде? Оның қауіпсіздік мәселелері қалай шешіледі деген сияқты заңды сұрақтар туындайды.


Әр мемлекет өз ақпараттық кеңістігінде қызмет атқара отырып, оның дамуына, сапалы контенті мен таралуына міндетті. Алайда, қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық шекаралар жойылып, әлем елдерінің ақпараттық технологиялардың дамуымен шекаралары мен ықпал ету деңгейі қарқынды ұлғайып келеді. Ақпараттық қауіпсіздік бұл әр елдің ұлттық қауіпсіздік саласымен тікелей байланысты, себебі мемлекет халықты сыртқы жаудан, қауіп-қатерлерден қорғағандай, өз ақпараттық кеңістігінің де қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты. Ақпараттық қауіпсіздік – мемлекеттік ақпараттық ресурстардың, сондай-ақ ақпарат саласында жеке адамның құқықтары мен қоғам мүдделерінің қорғалуының жай-күйі [2,56.]. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңына сәйкес «ақпараттық кеңістік – жеке және қоғамдық санаға, ақпараттық инфрақұрылым мен ақпараттың өзіне де ықпал ететін, ақпаратты қалыптастыруға, жасауға, өзгертуге, өңдеуге, беруге, пайдалануға, сақтауға байланысты қызмет саласы» деп көрсетілсе, ал ақпараттық кеңістікке төнген қауіп-қатерлер қатарына «ұлттық ақпараттық ресурстардың рұқсат етілмеген қолжетімділіктен қорғалу деңгейінің төмендеуі» мен «ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіре отырып, ақпаратты әдейі бұрмалаумен және дәйексіз ақпаратты таратумен байланысты қоғамдық және жеке санаға ақпараттық ықпал ету» [3] жатқызады. Ақпараттық қауіпсіздікті қорғау экономиканы технологиялық модернизациялау кезеңінде маңызды мәселе болып терең зерттеудің негізін қалыптастырып тұр. Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауы мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігінің қарқынды дамуының бағдарламасы белгіленген. Бұл жолдауда аталған басымдықтар бүгінгі таңда аса маңызды қажеттіліктер, яғни жаһанданудың жаңа кезеңіндегі технологияны қарқынды дамыту мен екпінді жеделдетуді талап етеді. Ақпараттық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздік стратегиясының айнымас әрі орталық міндеттеріне айналуға. Әр салада орын алып отырған, кибер соғыс, шифрлау, хакерлік шабуыл, қаржылық терроризм сияқты қауіпсіздікке қауіп төндіретін кешенді ұлттық киберқауіпсіздік стратегиясын қолдануды талап етеді.

Ақпараттық қоғамның құрылуы бұл қазіргі күннің айқын көрінісі. Мемлекеттердің даму дәрежесі, сол елдің ақпараттық қоғамының даму дәрежесімен тікелей байланыста болып отыр. Себебі, ақпараттық қоғам мемлекеттік институттардың ғана емес, сонымен қатар елдің экономикалық және қорғаныс салаларының


дамуына әсер етеді. Осы тұрғыда Қазақстан ақпарат саласында келесідей басымдықтарын белгіледі, олар [4]:

1. азаматтардың ақпаратты алу және таратуға конституциялық құқықтарын іске асыру; 2. ақпараттық қоғамның қалыптасуы және дәйекті дамуы; 3. мемлекеттің әлемдік ақпарат алмасуға тең құқылы қатысуы; 4. елдің бірыңғай ұлттық ақпараттық кеңістігінің қалыптасуы, жұмыс істеуі және қорғалуы; 5. ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың озық дамуы; 6. мемлекеттік билік органдарын тиімді және уақтылы ақпараттық қамтамасыз ету; 7. мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ өзге де қорғалатын ақпаратты жоғалту және жария ету фактілеріне жол бермеу; 8) өте маңызды ақпараттық жүйелердің, ресурстар мен қолдаушы инфрақұрылымның жұмыс істеу сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету болып табылады. №1 кестеде көрсетілгендей, Қазақстанның интернет желісін пайдаланушыларына консультативтік және техникалық қолдауды көрсететін Компьютерлік инциденттерге әрекет ету орталығы немесе KZ-CERT компьютерлік инциденттер жөніндегі ақпараттарды жинау мен талдауды қамтамасыз етеді. Отандық желі пайдаланушыларының ең жиі ұшырасатын инциденті ботнеттер болса, айтарлықтай төмен деңгейде қызмет көрсетуден бас тарту инциденті тұр. Ақпараттық кеңістіктегі аталған мәселелер жиі әрі көп кездесетіндіктен, желі пайдаланушыларының тиімді қызметіне кері әсер ететін анық. Көрнекті мысал ретінде, 2010 жылы Иран атом электр станциясына кибер шабуыл нәтижесінде, уран байыту кешені істен шықты, сонымен қатар аталған зиянды компьютерлік құрт Иранның компьютерлік жүйелеріне 58.85%, Индонезия 18.22%, Үндістан 8.31% және басқа елдерге 14.62% зиян келтіргені анықталды [5,266.].

1-кесте. 2020 жылдың қаңтар-желтоқсан аралығындағы инциденттер статистикасы. Мәліметтер [https://cert.gov.kz/press\\_club/infographics](https://cert.gov.kz/press_club/infographics) сайтынан алынды.



Қазіргі пандемия жағдайында, әлем елдерінің локдаун мен төтенше жағдай енгізуі сандық технологиялардың қарқынды өсуіне алып келді. Егер өткен ғасырда мұнай экономиканың дамуының қозғаушы күші болса, қазіргі таңда сандық технологиялар экономиканың бәсекеге қабілеттілігін күшейтудің өзегі болып отыр. Сандық технологияларға ие, оларды дамытушы елдер алдыңғы қатарда. Сондықтан, білімді дамыту мен дарындылықты, инновациялық шешімдерді қолдау арқылы ғана тиімді реттеу мен инфрақұрылыммен ұштастыра отырып, сандық бәсекеге қабілеттілікті арттыруымызға болады. Бұл өзгеріс пен даму тек мемлекет пен кәсіпорындарға ғана емес, жеке адамдардың икемділігі мен бейімділігіне де байланысты. Пандемия жағдайында, сандық технологияларға икемділік пен бейімділік қоғамның дағдарыстан шығуына мүмкіндік береді. Көрнекті мысал ретінде, Қазақстанның 2008 жылы электронды үкіметті e-gov.kz енгізді. Осы электронды портал арқасында, азаматтар мемлекеттік көмекті үйден шықпай, интернет желісі арқылы өтініш беріп ала алды. Бұл жаңа бастама мемлекеттік органдардың тиімділігі мен мемлекеттік қызметтердің қол жетімділігін арттыру мақсатында, мемлекет пен азаматтардың, өзара органдардың бір-бірімен жылдам, тиімді, үйлесімді қызмет атқару үшін енгізілді. Бұл бастама азаматтардың ақпаратқы қолжетімділігін, оның икемділігін ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар ақпаратты уақтылы әрі жылдам алуға мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде бірқатар, мекемелер мен органдардың таралуына алып келіп, дамыған ақпараттық қоғам құрудың алғышарты болды. Әлемдік цифрлық бәсекеге қабілеттілік рейтингісіне сәйкес (IMD WDC) Қазақстан 63 мемлекет ішінде 36 орын алды. Бұл рейтинг әр елді үш негізгі фактор бойынша зерттейді, олар: білім, технология және болашаққа дайындық деңгейі. Пост-кеңестік елдердің қатарында Ресей 43 орынды иемденсе, Украина 58 орында. №2 Кестеде Әлемдік цифрлық бәсекеге қабілеттілік рейтингісіне сәйкес Қазақстанның соңғы бес жыл көлеміндегі даму деңгейін байқауға болады.



2-кесте. 2016-2020 жылдар аралығындағы ҚР сандық бәсекеге қабілеттілік деңгейі. Мәлімет [www.imd.org](http://www.imd.org) сайтынан алынды.

№2-кесте көрсетіп отырғандай, Қазақстан соңғы бес жылда оң көрсеткіштер көрсетіп келеді, алайда сандық бәсекеге қабілеттілік бұл тек білім, технология мен болашақ дайындықты ғана емес, сонымен қатар осы аталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі қажет. Осылайша, ақпараттық қоғамға көшу, ақпараттық технологияларды кеңінен енгізу және дамыту мемлекеттік цифрлық бағдарламаларын жүзеге асыру әлемдік тенденцияға айналды. ҚР ақпараттық қауіпсіздігінің 2016 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, ақпараттық қауіпсіздік елімізде екі аспектісі, техникалық және әлеуметтік-саяси аспектілері тұрғысынан қарастырылады. Техникалық аспект ақпараттың тұтастығын, жасырын болуын және қолжетімдігін қамтамасыз ету үшін ұлттық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-телекоммуникациялық инфрақұрылымды авторсыз қолжетімділіктен, пайдаланудан, ашудан, бұзудан, өзгертуден, оқудан, тексеруден, жазудан немесе жойылудан қорғауды қамтамасыз етуді көздейдесе, ал әлеуметтік-саяси аспект ұлттық ақпараттық кеңістікті және бұқаралық ақпарат тарату жүйелерін Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін мақсатты келеңсіз ақпараттық және ұйымдық әсер етуден қорғау болып табылады [4]. Осы міндеттерді атқару үшін ҚР Үкіметі 2017 жылғы 30 маусымда мемлекеттің «Қазақстанның киберқалқаны» киберқауіпсіздік тұжырымдамасын қабылдады. Тұжырымдама Қазақстанның дамыған 30 мемлекетінің қатарына енуі бойынша «Қазақстан-2050» Стратегиясын назарға ала отырып, Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауына сәйкес жасалды. Бұл тұжырымдама уақыттың талабы, әрі сандық ақпарат кеңістігінде өз ақпараттық кеңістігімізді қорғау үшін жасалған қадамдардың бірі болды. Жалпы, киберқалқан тұжырымдамасы, еліміздің ақпараттық кеңістігінде келесідей салаларға баса назар аудартады [6], олар:

– тұрғындардың, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласы қызметкерлерінің және ұйымдар басшыларының ақпараттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі құқықтық сауаттылығының төменділігі;

– ақпараттандырудың мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілерінің және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылардың белгіленген талаптарды, техникалық стандарттар мен ақпаратты электрондық түрде жинау, өңдеу, сақтау және беру регламенттерін бұзуы;

Этникалық құбылыстардың табиғатын түсінудің әртүрлі тәсілдерін салыстыру, «ұлт құрылысы» құбылысының мәніне тиісті көзқарастарды анықтау маңызды болып табылады. Этникалықтың негізгі екі мектебі: примордиализм және конструктивизм этникалық құбылыстардың шығу тегі мен заңдылықтарын екі түрлі тәсілмен түсіндіреді.

Примордиализм этникалық бірегейлікті құруда туыстық байланыс және әлеуметтік факторлардың рөлін мойындайды. Егер конструктивистер әр түрлі этникалық бірегейліктің көптігін қарастырса, примордиалистер көптеген өлшемдермен біртұтас этникалық бірегейлікті көреді. Баяр өз еңбегінде примордиалистер үшін этнос ол – туыстық сияқты « ортақ рулық ұқсастықтар негізінде» туылады, олар өмір сүру тарихында басқа көршілес этностармен қақтығыстар барысында қалыптасады», – деп жазады [1, б. 1643]. Примордиалистер үшін индивидтер адамзат манипуляциясына төтеп бере алатын, өзгермейтін тек бір этникалық сәйкестілікпен туылады.

Примордиалистер үшін соғыс басталып, аяқталады, мемлекеттер өсіп, жойылады, экономика өсіп, күйрейді, бірақ этникалық топтар өзгеріссіз қалады. Ұлт, басқа да этникалық қауымдастықтар сияқты, ежелгі дәуірде пайда болып, «ру-тайпа-халық» тарихи желісінің табиғи жалғасы болып табылатынын алға тартады. Осыған қарап, примордиалистік бағыт жоғарыдан жүргізілетін ұлт құрылысына қарама қайшылығы көрінеді. Сонымен, примордиализм тәсілі «ұлт» және «этнос» түсінігін бастапқы кезден адамдардың өзгермейтін биологиялық туысқандық байланысы бар қауымдастық ретінде түсіндіреді. Примордиализм теориясы бойынша этностық бірегейлік тұмысынан пайда болады. Этностық бірегейлену белгілі бір топпен немесе мәдениетпен терең және тығыз байланысқа негізделеді.

Конструктивистер индивидте бірнеше этникалық белгілері болуы мүмкін және оны адамның іс–әрекеті арқылы түзетуге немесе өзгертуге болады деп мәлімдейді. [2, с. 7]. Басқаша айтқанда, этникалық топтың әрбір буыны алдыңғы нұсқаның модификацияланған нұсқасы болып табылады, өйткені бұл топ басқалармен интеграция нәтижесінде өзгеріске ұшырауы мүмкін [3]. «Этникалық шекаралар өзгеріске

ұшырауы мүмкін. Кейбір топтар басқалармен бірігіп, жаңа этникалық топтар құрауы мүмкін, ал басқа этникалық топтар бөлініп, ыдырауы мүмкін. Жаңа топтардың пайда болуы, ескі топтардың өліміне әкелмейді[4]. Мысалы, әр түрлі кушит тілдерінде сөйлейтін бірнеше мал шаруашылық топтарымен пайдаланылатын Кенияның солтүстігінде ашық этникалық топтар арасында көшудің тұрақты формаларын табамыз. Өртүрлі кландар өртүрлі этникалық топтарға бөлініп, әр түрлі тілдік және мәдени ұқсастықтары бар, бір-бірімен бөлісетін суббірліктерден тұрады. Мысалы, құрғақшылық кезінде немесе қолындағы малдарынан зорлық-зомбылық қақтығыстар салдарынан айырылып қалған кезде, белгілі бір этникалық топтағы белгілі бір кланның мүшелері көрші этникалық топтардан көмек сұрай алады. Олар көшіп келушілер, я босқындар ретінде барып, солардың жайылымдары мен суын пайдалана алады. Егер олар отбасымен сол жерде қалса, жаңа ортаға бейімделсе, клан көпірі арқылы өздерінің этникалық тиістілігін өзгертеді.[5]

Конструктивистердің айтуынша этникалық топ мүшелері өз бірегейлігін қайта анықтайды, қайта қарайды. Этнос өзін тануында немесе өзін қабылдауында өзгерістер көп мөлшерде болған кезде, бұл этностың өзін-өзі анықтауда үлкен өзгерістерге әкелуі мүмкін. Яғни этникалық топ мүшелері өздерінің бірегейлігін қайта қарауы, анықтауына байланысты өзгеріске ұшырайды. Топтың өзін-өзі түсінуі, өзін-өзі анықтауы өртүрлі ішкі және сыртқы факторларға байланысты болғандықтан, этникалық топтың «құрастырылуы» өртүрлі ойыншылар тарапынан басқарылуы, бағытталуы, жылдамдауы немесе баяулауы мүмкін [2].

Этникалық топтар кейбір ерекшеліктерді, заңдылықтарды өз этникасына тән етіп жасауға, айқындауға, заңдастыруға баса назар аударады. Бұл әсіресе этникалық қақтығыстар кезінде байқалады. Этникалық топтардың ішінде көбісі дінге берілген болса, онда ол дін осы этниканың айқындаушы ерекшелігі болады. Мысал ретінде шешен соғысын атап өтсе болады. Бірақ бір дінді ұстанатын этникалық топтардың арасында қақтығыс орын алса, дін бұл этникалық қақтығысты тоқтата алатын ортақ ерекшелік бола алмайды. Бұндай кезде басқа этникалық ортақ ерекшелік роль ойнайды.

Калхун этносқа негізделген қиялдағы ұлтты құруда тілдің рөлін ерекше атап өтеді. Қазіргі этникалық қақтығыстардың көпшілігі халықтың өз ана тілінде сөйлеу құқығын қорғауға ұмтылысынан туындайды [6, с. 66]. Сондай-ақ, этникалық топтардың бір тілде сөйлегеніне қарамастан олардың өзара қақтығысу немесе тіптен бір-біріне геноцид жасауы мүмкін Бұған Руандадағы хуту және тутси мысалы айқын. Екеуі де Руанда-Руди өз ана тілінде сөйлейді.

Этникалық бірегейліктің өзгеру уақыты, ұзақтығы және мән-жайы әр елде әрқалай болуы мүмкін. Этникаға жату – бұл ойлау бейнесі және этникалық интеграцияның жоғары дәрежесі бар жаһанданған әлемде индивидтердің өз этникасын, этникалық бірегейлігін таңдауға өз құқығы бар»[1]

Неге кейбір этникалық бірегейлік өзгереді? Ал басқалары бірқалыпты болады? Фирон мен Лайтин этникалық бірегейлікті қалыптастыру процесі үш түрлі жолмен жүзеге асырылатындығын мәлімдеді. Біріншіден, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер адамдардың этникалық шекараны қабылдауына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. «Баспа капитализм» [7] дәуірінде кітап басып шығаруды дамыту жарқын мысалдардың бірі болып табылады. Кітаптар арқылы өртүрлі континенттерде тұратын адамдар өзіндік ортақ мәдени байланысты сезінді. Екіншіден, бірегейлікті құрастырудың тәсілі – «символдық» немесе өзінің мәдени жүйелерін өзіндік дискурсивтік логикасымен қалыптастыру [8]. Үшіншіден, бірегейлік индивидтердің және топтық элиталардың мақсатты әрекеттерімен құрастырылады және өңделеді. Сонымен, бұл үдерістер қаншалықты ауқымды болса, соғұрлым индивид бірегейлігі тез өзгереді немесе қайта жаңартылады. Нагель этникалық бірегейлік бірқатар факторларға, соның ішінде жеке бірегейлігі, бейресми және үкімет жүргізетін ресми саясатына байланысты өзгеруі мүмкін деп мәлімдейді[9].

1-кесте. Этностың шығуын түсіндіруде негізгі екі тәсіл.

Теория	Сипаттамасы
Примордиалистік көзқарас	Этностық бірегейлік тумасынан пайда болады. Этностық бірегейлену белгілі бір топпен терең байланысқа негізделеді.
Конструктивистік көзқарас	Этностық адамдардың символдық санасына негізделеді. Бұл көшбасшылардың әлеуметтік және тарихи контекстерде қалыптастырады, құрастырады.

Қазіргі заманғы мемлекетпен байланысты үдерістер, әкімшілік орталықтандыру, статистикалық деректерді жинау, салық салу, тілдік стандарттау, орталықтандырылған білім беру жүйелері, әскери және күштік құрылымдар ұлтты құру немесе өзгерту мүмкін. ХХІ ғасырда ұлт пен этникалық топтар арасындағы интеграцияның ең жоғары деңгейі кезінде этникалықтың конструктивистік теориясы артықшылықтарға ие және ол өміршең концепцияға айналып бара жатыр.

Бірінші кестеде көрсетілгендей конструктивистер үшін ұлт құрылысы – билік субъектілері жүргізетін және негізінен мәдениет, білім беру, тарих, насихат сияқты салаларда көрініс табатын кешенді саясат.

Конструктивизм бағытының жақтастары адамзат дамуының әртүрлі кезеңдерінде пайда болған барлық этникалық қауымдастықтар мәдениет және билік элиталары тарапынан мақсатты түрде әсер етудің нәтижесінде туындағанын айтады. Қазақ халқының қалыптасуында «Алаша хан» аңызы бар. Аңыз бойынша Алаша хан үш жүзді біріктіріп, қазақ халқын қалыптастырғаны жазылады. XX ғасырдың басында «Алаш» партиясы құрылды. «Алаш» қайраткерлері осы «Алаш хан» аңызын талдайды. Қазақ ұлт-азаттық күресінің жетекшісі Ә.Н. Бөкейхан «Қазақ» газетінің 1913 жылғы №12 санында қазақ зиялыларының ішінде алғаш рет «Алаш не сөз? Мұны біздің «Қазаққа» жазатын аға-іні табылар ма?» деп қазақ баласына сұрау салған екен [10]. Партияның атын «Алаш» қоюы, Алаш Орда үкіметінің құрылуы, өздерін қазақ халқының атынан шығып тұрған партия екенін дәлелдей түскен. Бұл сол кездегі зиялылардың ұлт құрылысын қалыптастыруда мақсатты түрде жасаған қадамы екендігі байқалады. Ұлт құрылысы процесс ретінде ешқаша аяқталмайды.

Қазіргі заманғы мемлекетпен байланысты үдерістер, әкімшілік орталықтандыру, статистикалық деректерді жинау, салық салу, тілдік стандарттау, орталықтандырылған білім беру жүйелері, әскери және күштік құрылымдарды құру ұлтты құруы немесе өзгертуі мүмкін. ХХІ ғасырда ұлт пен этникалық топтар арасындағы интеграцияның ең жоғары деңгейі кезінде этникалықтың конструктивистік теориясы артықшылықтарға ие және ол өміршең концепцияға айналып бара жатыр. Әсіресе, ХХ ғ. 90 жылдары тәуелсіздік алған бұрынғы посткеңестік елдер ұлт құрылысында осы конструктивизм бағытын қолданғаны байқалады.

КСРО ыдырағаннан кейін оның құрамында қалған болған мемлекеттерге элиталардың, тұрғын халықтарының мәдениеті, тілі, аймақтары бөлінген күйде қалдырды. Кеңес үкіметі жүргізген ұлт пен экономикалық саясаты халықтың көп бөлігін бөлінген титулдық ұлттарды мұраға қалдырды. Осындай шарттарда тәуелсіздік алған посткеңестік мемлекеттер жаңа ұлттық мемлекет құруда өз ресми тарихнамасын қалыптастыру маңызды болды.

Алғаш тәуелсіздік алғанда Қазақстан үшін халықаралық саясатта субъективті ұлттық мемлекет ретінде танылу маңызды болды. Сондықтан Қазақтар мемлекет құраушы негізгі этникалық ұлт екенін заңдастыру басты мақсат болды. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап елдің саяси элитасы қазақ халқының мемлекет құруын заңды екенін таныту үшін өзінің ұлттық нышандарын (мәдениет, тарих, тілін) қайта жаңғыртты. 1991 жылы қабылданған «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық Заңда қазақ ұлтының өзін-өзі билеу құқығы жарияланған. Сол кездегі билік элиталарының ортақ мақсаты ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу болды.

Мемлекет тарапынан ұлт құрылысында жасалған шаралар: аумақты ұлттандыру, тарихты қайта жазу, Отандық тарихты қайта қарау, көшелер мен елді мекендердің атауларын өзгерту, символдарды қайта жаңғырту, ұлттық стильдегі мемлекеттік нышандар қазақтардың отаршылдық саясаттың құрбаны болғанын, тәуелсіздік үшін күрес жүргізгенін, тәуелсіздік алысымен өз мәдениетін, дәстүрін қайта жаңғырта алғанын, Қазақстан жерінде ежелден қазақ этносы тұрғанын дәлелдеу үшін болды. Қазақстан ұлт құрылысында тарихи символдар, мифтер, тарихи оқиғалар қоғамда тарихи санада зор қызмет атқарады. Өйткені әрбір жеке тұлға мемлекеттің символикасы негізінде сол елдің азаматы ретінде өзін-өзі толықтай сезінеді.

Тәуелсіздік алған тұста тарихты революцияға дейінгі кезең қайтадан қарастырыла, жазыла бастады. Тарихты болашақ ұрпақ үшін қайта жазу және қайта ашу ғана емес, жер, аумағын легитимациясы үшін де, олардың өзін-өзі анықтауы және өзін-өзі көрсетуі үшін де маңызды болған сабақтастықты сақтау маңызды болды. Мысалы Марғұш, Хорезм, Соғды, Ферғана, Шаш, Сырдария жазирасы, Шығыс Түркістан аумақтарын Қазақстанда мекен еткен халықтардың игергені туралы жазылады. Ғұндарды тарихта алдыңғы қатарға шығарды, олардың Азия мен Еуропаны байланыстырушы ретінде қарастырды. Түркі мәдениеті, қыпшықтардың әлем өркениетіне ықпалын болғандығын қазіргі ресми тарихнама алдыңға қатарға шығарады. Ғұн, қыпшақтарды Қазақстан территориясында ғана емес, басқа аймақтағы халықтың қалыптасуына үлес қосқаны туралы айтылады. Сонымен қатар символ, миф, тұлғаларды қайта жаңғыртуын елтаңбадан, жалау, ту, теңге шығарылғанда көрінді. Осылайша ұлт құрылысында тарихты жаңадан құрастыру, қайта жаңғырту байқалады. Бұл жерде Қазақстанның конструктивистік саясатында, тарихты примордиалистік тұрғыда жазылғаны байқалады. Сонымен қатар, Қазақстан елді мекен ететін барлық этностардың ортақ үйі ретінде тарихнама қалыптастыру үрдісі байқалады. Қазақтардың ежелден бері осы аймақта мекен етіп келе жатқан халық екендігін көрсетіп, Қазақстан тарихын қайта жазу арқылы заңдастыруы байқалады.

Көпұлтты елдерде ұлтаралық қатынас ең өзекті мәселе болып табылады. құрылысындағы ұстаным Қазақстанның барлық этникалық топтарын бірыңғай азаматтық қауымға біріктіруді мақсат етті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Елбасы ел бірлігі, тәуелсіздік, өзара келісім мәселелерін жиі айтып, елдің ең негізгі құндылығына айналдыруға күш салды. «Бірегейлендірудің бірінші деңгейі – біздің азаматтық әрі саяси бірлігіміз деп айтуға болады. Біздің қазақстандықтарда біртұтас саяси құндылықтар бар. Міндет осы құндылықтарды Қазақстан халқының азаматтық санасындағы басты да басым тетікке айналдыру болса керек» деп жазады Елбасы «Тарих толқынында» деген еңбегінде [11]. Қазақстанның ұлт құрылысында азаматтық бірегейлік жолын таңдалғаны байқалды Ұлт құрылысына байланысты Елбасының «Еуразияшылық» идея, «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру», «Мәдени мұра», «Қазақстан-2050» бағдарламалары, жолдаулары басты бағыттарды жасап берді. Бұл бағыт Қазақстанда тұрып жатқан орыс тілді, қазақ тілді қоғамға арналды. Қазақстан жаңа модернистік даму жолына түскенін, ұлтаралық келісімінің бар екендігі, тұрақты даму жолымен келе жатқанын айтылды. Бұл конструктивистік бағытының белгілері болып табылады. Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін билік элиталары Қазақстан ұлт құрылысын жаңадан қалыптастыру жолында бірқатар қадам жасады.

Қазақстанда ұлт құрылысында осы екі теориялық бағытты қолданғаны байқалады. Алғаш тәуелсіздік алған тұста тарих, ресми тарихнама қайта жазыла бастады. Тарих кітаптары қазақ халқының қалыптасуына байланысты примордиалистік тұрғыда жазылғанын айтуға болады. Қазақтардың қалыптасуын андрон мәдениетінен бері қалыптасқаны айтылады. Сақтар, сарматтар, түркі халықтары, моңғол шапқыншылығы, одан пайда болған мемлекеттер осылардың мұрасын алған қазақтар екендігін жазады. Қазақстанның барлық этникалық топтарын бірыңғай азаматтық қауымға біріктіруді мақсат етті. Этностық белгілерге негізделген азаматтық бірегейлікті қалыптастыруды көздеді. Елдегі әр халықтың мәдениеті мен тілдеріне дамуына барынша жағдай жасала отырып, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру қажет болды. Жалпы көпұлтты қоғамда Қазақстанда билік элиталарының ұлт құрылысында конструктивизм бағыты таңдалғаны көрінеді.

Конструктивизм бағытының жақтастары адамзат дамуының әртүрлі кезеңдерінде пайда болған барлық этникалық қауымдастықтар, мәдениет және билік элиталары тарапынан мақсатты түрде әсер етудің нәтижесінде туындайтынын алға тартады. Қазіргі заманғы мемлекетпен байланысты үдерістер, әкімшілік орталықтандыру, статистикалық деректерді жинау, салық салу, тілдік стандарттау, орталықтандырылған білім беру жүйелері, әскери және күштік құрылымдарды құру ұлтты құруы немесе өзгертуі мүмкін.

Қазақстан үшін қазіргі кезеңде ішкі тұрақсыздығын сақтау маңызды. Қазақстандағы ұлт құрылысы саясаты елдегі ұлтаралық татулық пен бейбітшілікті сақтауға бағытталады. Елде тұратын ұлт өкілдерінің ұлттық бірегейленуі Қазақстанда ұлтаралық, толеранттылық деңгейін көрсетеді. Осылайша, тәуелсіздік алған кезеңнен бастап, мемлекеттің саяси элиталары ұлт құрылысында қоғамды кеңессіздендіру, тарихты қайта жазу, өзіндік тарихнаманы қалыптастыруда. Ұлт құрылысы мемлекеттің әлеуметтік, мәдени, саяси саласында конструктивистік бағытта көрініс тапты.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Bayar M. Reconsidering primordialism: an alternative approach to the study of ethnicity // *Ethnic and Racial Studies*. 2009. vol. 32(9). p. 1639-1657.
2. Chandra K. (ed) *Constructivist Theories of Ethnic Politics*. New York: Oxford University Press, 2012.
3. Allahar A.L. *The Politics of Ethnic Identity Construction* // *Identity*. 2001. vol. 1(3). p. 197-208.
4. Horowitz D. *Ethnic groups in conflict* // 2nd edn, University of California Press, *Identity*. 2000. vol. 1(3). pp. 209-223.
5. Günther S. *How Enemies are Made, Towards a Theory of Ethnic and Religious Conflicts*. – Berghahn Books, 2008. pp. 253.
6. Calhoun C. *Nationalism and Ethnicity* // *Review of Sociology*. 1993. Vol 19. pp. 211-239
7. Anderson, A.B. *The Complexity of Ethnic Identities: A Postmodern Reevaluation* // *Identity*. 2001. Vol 1(3). p. 209-223
8. James D. Fearon and David D. Laitin *Violence and the Social Construction of Ethnic Identity* // *International Organization*. 2000. vol. 54. pp. 845-877
9. Nagle J. *Does Having a Kin State Lessen the Likelihood of Minorities Engaging in Secessionist Mobilization?: An Analysis of the Moderating Influence of Kin States* // *Nationalism and Ethnic Politics*. 2013. vol. 19(3). pp. 287-309.
10. Анығында Алаша хан кім еді? // электронды ресурсы: <https://e-history.kz/kz/news/show/448/> ( алынған уақыты 06.12.2020. )
11. Назарбаев Н.А. «Тарих толқынында». Алматы: Жібек жолы, 2010. 149-150 б.

## ЖАСТАРДЫҢ НАРАЗЫЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ӘСЕР ЕТУ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРУ

**Қалмақпаева А.Қ.**

Конфликтология, 2 курс,

Ғылыми жетекшісі: Саясаттану ғ.д., профессор Насимова Г.О.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Аңдатпа.** Қоғам дамуының трансформацияға байланысты жаңа кезеңі ретінде қарастырылып, қоғамдық санада ерекше процесс күшіне ие болуда. Қазіргі қазақстандық қоғамның әлеуметтік-саяси саласында өтетін процестер жастарға тән әлеуетті энергияны толық көлемде іске асыруға мүмкіндік бермейді, ұрпақтар байланысын үзеді, әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды игерудегі сабақтастықты бұзады.

Бүгін Қазақстанда қоғамның саясиландыру үрдісі байқалады, оның ішінде жастар саны басым үлесте. Егер бұрынғы ғылыми ортада жастар саясатқа қызығушылық танытпаған болса, бүгінгі күнде жағдай басқаша. Мәселе мынада, қазақстандық жастардың саяси өмірге деген қызығушылығының артуы бір жағынан пайдалы және теріс әсерлер әкелуі мүмкін.

**Кілт сөздер:** жастар, үдерістер, әлеуметтік нормалар, наразылық әлеуеті, наразылық мінез-құлқы.

Жастар өздерінің саясат әлемінен алшақтығын, саяси бағыттың өзгеруіне әсер ете алмайтындығын және саяси өмірге қатысу қажеттілігін өткір сезіне бастады. Болашақта жастар экстремизмінің өсуіне ықпал ететін негізгі факторлар – экономикалық және әлеуметтік дағдарыс, этникалық шиеленіс әсер етуі мүмкін. Олардың шұғыл құқықтары мен қажеттіліктерін, әлеуметтік белгісіздікті, болып жатқан әділетсіздік сезімдерін жүзеге асырудың мүмкін еместігі, олардың мансаптық, материалдық, еңбек нарығына қосылу арқылы өзін-өзі жүзеге асыруға байланысты ұмтылыстарын асыру мүмкіндіктері қысқартылуымен қатар, жастардың заңға деген сұранысының күрт өсуіне әкеледі, олардың алдында барлығы тең болуы керек сот және билік органдары, оның ішінде құқық қорғау органдары, «жұмыс істейтін» заң шешімдері және олардың қызметінің «сыбайлас жемқорлықтың құрамдас бөлігінен» туындаған жоқ екендігін көруі.

Билікке деген бұл сұраныс әрдайым іс жүзінде жүзеге асырылмайтындықтан, халық арасында және жастар арасында, бір жағынан, көптеген дәстүрлі құндылықтардың ыдырауымен және олардың орнына сәттілік пен өзін – өзі растау құндылықтарының келуімен цинизм мен аномия өсуде. Ал екінші жағынан – агрессия, ол одан да қауіпті, себебі Қазақстанда қалыптасқан қолайсыз жағдайдан, оның қазақстандық мәдениетке дәстүрлі түрде тән базалық нормалар мен құндылықтарға сәйкес келмеуінен туындайды, оның негізінде бағытсыз сипатқа ие болады және тиісінше, «бір мезеттік эмоциялар» әсерінен наразылық акцияларына айналдырылуы мүмкін. Қазіргі кезде өзіне назар аудартатын арналардың ішінен әлеуметтік наразылықты «шашырату», этносаралық проблемалар, әсіресе Қазақстан сияқты көпұлтты және көпконфессиялы елдегі жағымсыз салдарларына байланысты үлкен назар аударуға лайық.

Жас ұрпақ әлеуметтену процесінде қалыптасқан қоғамдық қатынастардың ерекшеліктерін, жинақталған саяси өмір тәжірибесін, нормаларын, құндылықтарын, саяси бейнелерін бойына сіңіріп, оларды жеке тәжірибе мен мінез-құлқы деңгейіне ауыстырады. Нәтижесінде әлеуметтік және саяси жетілу, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысу қабілеті қалыптасады. Бұл процестердің барлығы ақпараттық ортаның әсерімен және ақпараттық қоғамның қалыптасу ерекшеліктерімен байланысты. Ақпараттық орта жалпы елде болып жатқан саяси процестермен тығыз байланысты. Интернетте әртүрлі мазмұндағы, соның ішінде жағымсыз ресурстардың еркін қол жетімділігі, сонымен қатар жағымсыз ақпарат ағымы жас тұлғаның қалыптасуы мен әлеуметтенуіне жойқын әсер етеді. Ақпараттық ағындар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жергілікті халықтың жас ұрпағының басқа этностармен қарым-қатынасында этнофобиялық және ұлтшылдық сезімдердің қалыптасуына ықпал ете алады. Соңғы жылдары жастарды өз қызметіне тартатын бірқатар радикалды ағымдардың пайда болғанын байқауға болады. Сарапшылардың бағалауы бойынша, экстремистік сипаттағы ұйымдарға қатысушылардың орта есеппен 80%-ы жасы 30 жастан аспайтын адамдар. Назылықтың радикалды (экстремистік) көріністері кез-келген мемлекет үшін жоғары қауіпті құрайды. Жалпы бұл мемлекеттің тыйым салаларын кеңейту, мүмкін болатын заңсыз әрекеттердің алғашқы кезеңдерінде санкциялар қолдану арқылы өзін экстремистер қауіпінен қорғауға деген ұмтылысы. Экстремистік қозғалыстардың қызметіне қарсы тұрудағы мемлекет пен қоғамның әлсіздігінің көрінісі, сөзсіз, мемлекеттің бүкіл әлеуметтік-саяси жүйесінің тозуына әкеледі. Мемлекет пен қоғам үшін экстремистік қызметтің ықтимал салдарын келесідей анықтауға болады:

– саяси салада рұқсат етілген деңгей айтарлықтай жоғарылайды, іс жүзінде маргиналды саяси күштер құрметтеледі;

– қоғамда төзімсіздік атмосферасы қалыңдап, демек, саяси жүйе күннен-күнге тұрақтана түсуде;

- қорқыныш азаматтық өмірдің лейтмотивіне айналады және бұл елдегі саяси жағдайды тұрақсыздандырудың ең жақсы негізі;
  - зорлық-зомбылық мақсатқа жетудің қолайлы, тіпті ең қолайлы әдісі ретінде көбірек қабылдануда.
- Бұл әсіресе жастарға зиян тигізеді.

Мұны идеологтар мен экстремистік қозғалыстардың ұйымдастырушылары пайдаланады, олар кез-келген террористік актіге немесе басқа қылмыстарға «идея үшін» дайын фанаттарды қалыптастырады. Соңғы жүз жылдағы мемлекеттер арасындағы қарама-қайшылық тікелей қарулы қарсыласудан барлық деңгейдегі жасырын қарсыласуға дейін күрт өзгерді. Жақында әлеуетті қарсылас жастардың санасына бақылау орнатумен сипатталатын, мысалы Батыстың сол басқа мемлекетке қарсы «жұмсақ күшін» қолдануы туралы мәселе күн сайын көтерілуде. Батыс күштері кез-келген адамды қатал күшпен жеңе алмайтынын түсініп, мәдени-идеологиялық экспансияға бәс қойды. Мұндай қызметте Америка Құрама Штаттары сәттілікке қол жеткізді, ол Вьетнам соғысы кезінен бастап барлық проблемалардың бастауы жас пен күшті деп түсінді. Сол дәуірдегі Вьетнам соғысына қарсы наразылық қозғалыстарының күші бәріміздің есімізде (мысалы, Форест Гамптың фильмі). Бірақ бұл жағдай АҚШ басшылығына сәйкес келмеді, сондықтан жастардың клубтарға қоныстануын, көңіл көтеруін және үкіметке араласпауын қамтамасыз етуге бағытталған танымал мәдениет дамыды. Бұл тұжырымдама өте берік болып шықты және американдық кинематографияның арқасында бүкіл әлемге тез таралды және Одақ ыдырағаннан кейін Қазақстанда пайда болды. Атап айтқанда, З.Бжезинский бұл туралы өзінің «Үлкен шахмат тақтасы» кітабында айтады, геосаяси үстемдіктің төрт өлшемін бөліп көрсетеді, оның бірі мәдени. American Life Style заманауи қазақстандық жастар ғашық болды, олар бала кезінен бастап американдық құндылықтарды музыка, фильмдер, мультфильмдер, сән және т.б. Бірақ шындық жастарды кинодан шыққаннан кейін жерге қайта оралып, біздің Америкада емес екенімізді түсінуге мәжбүр етеді. Бұл жерде батыстың үкіметтік емес ұйымдары көмекке келеді. Олар жастарға батыстық құндылықтар мен наным-сенімдерді таратуға және нығайтуға арналған. Бір қарағанда, бәрі зиянсыз болып көрінеді, бірақ бұқаралық ақпарат құралдарында белгілі бір елдегі революциялардың қозғалтқышы бұрын осындай ұйымдарда болған немесе оған мүше адамдар екендігі туралы көбірек ақпарат пайда болады. Бұл проблема барған сайын арта түсуде, өйткені ол ұлттық қауіпсіздікке дереу қауіп төндіреді, өйткені әлеуетті жау жастардың санасы арқылы бүкіл елге бақылау жасауды білдіреді, өйткені жастар ел болашағы болып табылады. Жоғарыда айтылғандарға байланысты біздің балаларымыз бен жастарымызға дұрыс тәрбие беру қажеттілігі туралы мәселе орынды көтеріліп отыр. Оны жүзеге асыру үшін осы мәселе бойынша мемлекеттің нақты және айқын стратегиясы қажет. Жастар өз халқының тарихын түсініп, оларға не қажет екенін түсінуі керек. Демократия – баршаға бақытты өмір сүру үшін бір терезе қағидасы деген идеяны қайта қарастыратын кез келді. Батыстың өзі бұған ұзақ уақыт бойы көз жеткізіп, демократияның бәріне бірдей емес, тек кейбіреулерге сәйкес келеді деген қорытындыға келді. Мысалы, Ф.Фукуяма «Тарихтың ақыры» кітабында Батыстың Ауғанстандағы сәтсіздіктері, оның мемлекеттік құрылымын өзгерту тұрғысынан бүкіл әлемге өміршең мемлекет құрудың әмбебап алгоритмі жоқ екенін көрсетті деп жазады. Өйткені әр штат бір дәрежеде ғана ерекше.

Бүгінгі күні қазақстандық қоғамда батысқа балама өркениетті даму жобасы күн тәртібінде тұр, оны жүзеге асыру халықтың басым көпшілігін біріктіре алады. Мұндай жобаның баламасы демократиялық институттардың немесе ондағы мемлекеттің авторитарлық мемлекетінің болмауында емес, демократиялық институттардың атқаратын қызметтері мен бағыныштылығында. Бұл функциялардың бастысы – тұтастай алғанда ұлттың оңтайлы стратегиялық және тактикалық дамуы үшін мақсатты дұрыс қою және «сеніп тапсырылған» халыққа қамқорлық, бұл «үлестірме көлемін» барынша көбейту емес, бірақ Қазақстанда жағдай жасау деген сөз. Адамдардың табысты, тәуелсіз экономикалық қызметі үшін дәл осы даму жолы Қазақстандық қоғамның шынайы консолидациясын қамтамасыз және оның дамуын ұзақ жылдар бойы тұрақты ете алады. Азаматтық бірегейліктің өсуі оң үрдіс болғанына қарамастан, әлеуметтік және әлеуметтік-мәдени жаңғыру процестері мен елде азаматтық ұлт қалыптастыру процестерін көрсететініне қарамастан, дамудың бірқатар ерекшеліктері болатындығын ескеру қажет. Әлі де билік пен ғылыми қоғамдастықтың назарынан тыс қалған жағымсыз салдар бар. Мәселен, осы тенденцияны жоғары ықтималдықпен дамуы келесі экономикалық дағдарыс кезінде өзінің позициясының нашарлауына отставкаға шығудан бас тартуға, жеке деңгейде емес, қоғам ауқымында бас тартуға әкелуі мүмкін. Бұл азаматтық қоғам жағдайында халық пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың түбегейлі өзгеруіне байланысты және «Отанға қызмет ету» идеясы іс жүзінде келісім-шарттық қатынастармен ауыстырылады. Әлеуметтік келісімшарт идеясының барлық буржуазиялық революциялардың да, қоғам дамуының либералды модельдерінің де олардың барлық алуан түрлілігімен (неолиберализм, әлеуметтік либерализм және т.б.) негізінде болғандығы кездейсоқ емес.

Бүгінгі таңда, Қазақстанның әлеуметтік-саяси кеңістігінің әлеуметтік стратификациясының аумақтық біркелкі еместігін, жоғары этникалық алуандылық, ақпараттық технологиялардың белсенді дамуын ескере отырып, ақпараттық ағымдардың мүмкін қалыптасуға кері әсерін жетудің тиімді әдістерін әзірлеу қажет

жастар ортасындағы саяси қызметтің наразылық нысандары. Ақпараттық қызметті жетілдіру, аймақтық мемлекеттік органдардың жұмысының тиімділігін арттыру, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары мен білім беру технологияларының көмегімен жастардың бойында патриоттық сананы қалыптастыру ақпараттық ортаның неғұрлым сындарлы ықпалына және интеграциялық процестердің нығаюына ықпал етеді. жастар саласында. Элиталар бұқаралық ақпарат құралдарын позитивті этносаралық қарым-қатынасты және жастар арасында толеранттық қатынасты қалыптастыруға ықпал ететін қауіпсіз ақпараттық кеңістік құруға бағыттауы керек. Саяси экстремизмнің қылмыстық әрекеттерін ұйымдастырушылар мен орындаушылар ғана емес, олардың идеологиялық шабыттандырушылары да жауапкершілікке тартылады. Мемлекет те, қоғам да экстремизммен күресуі керек. Ал егер мемлекет экстремизмнің пайда болуына ықпал ететін әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларды жойып, экстремистердің заңсыз әрекеттерін батыл түрде жоятын болса, онда қоғам, қоғамдық бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары және қарапайым азаматтар ұсынған қоғам экстремистік идеялар мен үндеулерге қарсы тұруы керек. саяси және діни төзімділіктің, азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісімнің гуманистік идеялары.

Қазіргі кездегі қазақстандық қоғамда болып жатқан процестер, оның шектен тыс саясилануы жас ұрпақты орасан зор әлеуметтік әлеуеттің тасымалдаушысы ретінде саяси әлеуметтендіру моделіне қосудың маңыздылығын анықтайды. Саяси модернизация процесінде саяси қызметке қосудың жаңа тәжірибелері мен саяси қызметтің көріністері пайда болады, бұл даулар мен келіспеушіліктер тудыратын сол заңдарға немесе бұйрықтарға қатысты жастардың наразылық мінез-құлық мүмкіндігін ұсынады. Қалай болғанда да, жастар өзгерістерге көбірек ашық, үлкен әлеуметтік әлеуетке ие, дегенмен олар көптеген өзекті мәселелермен, соның ішінде жұмыссыздықтың жоғары деңгейімен, кәсіби өзін-өзі жүзеге асырудағы қиындықтармен кездеседі. Дамыған қоғамдардағы жинақталған сұрақтар мен шешілмеген мәселелер әлеуметтік шиеленіске, наразылық акцияларының негізінде қалыптасуға алып келеді. Жастардың қоғамдық белсенділігі бүгінде мемлекет тарапынан жастардың әлеуметтік әлеуетін ел мүддесі үшін ашудың бір түрі ретінде қарастырылады. «Мемлекеттік жастар саясатының стратегиясын» әзірлеушілердің пікірінше, жастардың 75%–ға жуығы ақпараттандыруды және әлеуметтік тәжірибеге тартылуды қажет етеді, ал белсенділердің шамамен 15% шығармашылық белсенділікті дамытуға қатысуы керек.

Саяси әлеуметтенуді жас адамды саяси жүйеге қосу, саяси тәжірибе жинақтау, белгілі бір әлеуметтік нормалар жүйесін, саяси қызмет пен саяси қатынастар құндылықтары мен қатынастарын дамыту арқылы саяси жүйеге қосу процесі ретінде қарастырған жөн. Саяси әлеуметтену процесінде саяси жүйенің институттары қайта жаңғыртылып, маңызды саяси құндылықтардың сабақтастығы жүзеге асырылады. Қазақстанның қайта құру жолымен ілгерілеу қарқыны жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі ұстанымына, олардың болашаққа деген сенімі мен белсенділігіне байланысты болады. Саяси манипуляциялар мен экстремистік шақыруларға қарсы тұруға жастар дайын болуы керек. Жаһандану және мигранттардың мәжбүрлі ағыны жағдайында жастарды толеранттылық идеологиясының дирижері, қазақстандық мәдениеттің дамуы және ұрпақаралық және ұлтаралық қатынастарды нығайтуға шақырады. Жастардың көп жағдайда ұтқырлығы, интеллектуалды белсенділігі және денсаулығы халықтың басқа топтарынан жақсы ерекшеленетін деңгейге ие екендігі анық. Жаңа өмір жағдайына тез бейімделетін жастар. Сонымен бірге, қазақстандық қоғам алдында жастардың әлеуметтенуімен және олардың біртұтас экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени кеңістікке бірігуімен байланысты проблемаларға байланысты Қазақстан шеккен шығындарды барынша азайту қажеттілігі туралы мәселе тұр. Жастар проблемалары мемлекеттік жастар саясатына жаңа стратегиялық көзқарасқа деген сұранысты алға тартты. Қазақстанның тиімді дамуы жас ұрпақтың қоғамдық-саяси процестерге белсенді қатысуынсыз мүмкін емес. Бұл әсіресе жастардың проблемалары барлығының назарын аудармамайтын қазіргі заманғы жағдайда өте маңызды, нәтижесінде олардың жедел шешімін күтуге тура келмейді.

Жастарды әлеуметтендіру процесінде жастардың заң шығарушы және атқарушы билік органдарының жанында жұмыс істейтін және елде жүргізіліп жатқан саясатқа ықпал етудің нақты мүмкіндіктері бар түрлі қоғамдық-саяси бірлестіктер мен ұйымдарға қатысуы маңызды рөл атқарады. Мұндай кеңестердің негізгі міндеттеріне нормативтік құқықтық актілерге сараптама жүргізу, нормативтік құқықтық актілердің жобалары, мемлекеттік органдардың жұмысының құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау, мемлекеттік саясатты іске асыруға азаматтар мен қоғамдық ұйымдарды тарту және т.б. кіреді.

Құқықтық сананы қалыптастыру үшін әртүрлі мемлекеттік органдар жанындағы қоғамдық және сараптамалық кеңестердің жұмысына жас азаматтардың қатысуы тиімділігі айқын, өйткені ол қолданыстағы заңға кез-келген қатынастың болуын және нормативтік құқықтық актілерді білуді ғана қажет етпейді, сонымен қатар оларды жан-жақты және кешенді талдау, оларды енгізудің салдарын болжау мүмкіндігі. Сонымен қатар, құқықтың қалыптасуына жастардың өздері тікелей қатысатын болғандықтан, бұл, әрине, олардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениеті деңгейінің жоғарылауына, заңға деген немқұрайлы



көзқарастың, құқықтық нигилизмнің жойылуына ықпал етеді. Осыған орай, қазіргі кезде мемлекеттік жастар саясаты жастарды осындай құрылымдарға қатысуға ынталандыру бағытында дамуы керек.

Алайда, қазіргі кезде жағдай жастардың қоғамдық ұйымдарының өкілдері іс жүзінде мұндай кеңестерге қатыспайтындай дамып келеді. Қоғамдық және сараптамалық кеңестер, әдетте, ерікті негізде құрылады, олардың құрамын олар жұмыс істейтін органның басшысы бекітеді. Тәжірибе көрсеткендей, көбінесе бұл ірі фирмалардың басшылары, жоғары оқу орындарының, әртүрлі қоғамдық және діни ұйымдардың өкілдері, бірақ, әдетте, бұл үлкен өмірлік тәжірибесі бар адамдар. Нормативтік құқықтық актілерге қоғамдық сараптама жүргізу жөніндегі сараптамалық кеңеске келетін болсақ, ол тек қоғамдық және коммерциялық емес ұйым мүшелерінің арасынан құрылады, бірақ мұнда жастардың қатысуы да аз. Сонымен қатар, жастардың қоғамдық және сараптамалық кеңестерге қатысуының төмен пайызы жас азаматтардың кез-келген нәрсені өзгерте алатындығына, олардың дауысы қандай-да бір мағынаға ие болатынына сенбеуімен байланысты болуы мүмкін. Мәселе мынада: қазіргі кезде мұндай кеңестердің көпшілігі ойдан шығарылған, биліктің кез-келген әрекетін мақұлдайтын қуыршақ құрылымға айналды.

Осылайша, жастардың қоғамдық және сараптамалық кеңестердің жұмысына кеңінен қатысуы олардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді сөзсіз. Бірқатар себептерге байланысты жастарды осындай құрылымдарға қатысуға кеңінен тарту қажет. Біріншіден, бұл жағдайда билік органдары шешім қабылдаған кезде осы санаттағы азаматтардың құқықтары мен мүдделері толығырақ ескерілетін болады. Сонымен қатар, өмірлік тәжірибесі аз болса да, жас азаматтар аға буынның консервативті көзқарастарын теңестіру үшін жаңа прогрессивті идеяларды енгізе алады. Сонымен қатар, жас азаматтарды саясатқа тарту жақын болашаққа белгілі кадрлық резерв жасайды.

Жастар ұйымдары елдің адами ресурстарын қалыптастыру мен дамытудың негізгі құралдарының бірі, оның адами ресурстарды басқару жүйесінің маңызды элементі ретінде де қарастыруға болады. Президенттік жастар резерві мен соған ұқсас құрылымдардың жұмысына қатысу – бұл әлеуметтік маңызы бар қызметтің ерекше түрі, оны ерекше потенциалды жас азаматтар жүзеге асырады, олардың құрамына ең перспективалы жас азаматтар мен олардың заңды мүдделерінің өкілдері кіреді, бұл жастардың тікелей демократиялық негізі.

Қорытындылай келе, қазіргі заманғы қазақстандық жастардың көптеген ескі құндылықтарды бұзудың және жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастырудың өте қиын жағдайында қалыптасып жатқанын атап өткен жөн. Мұның бәрі әлеуметтік белгісіздік күшейіп жатқан жағдайда болып жатыр. Осыдан шатасу, пессимизм, бүгінге және болашаққа сенбеушілік туындайды. Сонымен бірге, жастар – әлеуметтік өзгерістердің маңызды субъектісі, елдің орасан зор әлеуеті. Егер біз бүгін жастармен айналысатын болсақ, онда біз болашақта тұрақты, қарқынды дамушы елге ие боламыз, егер онымен айналыспасақ, онда біз елден және жалпы болашағымыздан айрылу қаупі бар.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баргесян В.М. Политическая активность молодежи как канал социальной мобильности в современном российском обществе.
2. Бейсембаев С. Политические и идеологические установки казахстанской молодежи // Результаты социологических исследований. – Центр социальных и политических исследований «Стратегия», 2013.
3. Ильинский И. М. Молодежь и молодежная политика: философия, история, теория. – М.: Голос, 2001. – 693 с.
4. Зайниева Л.Ю. Мемлекеттік жастар саясаты: Қазақстан әлемдік тәжірибе тұрғысында. – 285 с.
5. Калетаев Д.А. Взаимодействие государства с молодежными объединениями в контексте реализации государственной молодежной политики Республики Казахстан // Дис. ...канд.полит.наук /Науч.рук-ли: Машан М.С., Зайниева Л.Ю. – Алматы, 2003. – 118 с.
6. Национальный доклад «Молодежь Казахстана – 2014». – Астана: НИЦ «Молодежь», 2014.
7. Национальный доклад «Молодежь Казахстана – 2015» – Астана: НИЦ «Молодежь», 2015.
8. Умбеталиева Т., Ракишева Б., Тэшендорф П. Молодежь Центральной Азии. Казахстан. – 2016.
9. Сатпаев Д., Умбеталиева Т., Алияров Е., Жусупова А. и др. Коктейль Молотова. Анатомия казахстанской молодежи. – Алматы, 2014.
10. Шойкин Г.Н. Участие казахстанской молодежи в деятельности политических партий // Казахстан-Спектр. – Алматы, 2004. – № 3 (29).
11. Vromen A., Xenos M., Loader B. Young people, social media and connective action: from organisational maintenance to everyday political talk // Journal of Youth Studies. – 2014.
12. Rossi F. Youth Political Participation: Is This the End of Generational Cleavage? // International Sociology. – 2009.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ГЕНДЕРЛІК КОНФЛИКТ

**Қалдыбай А.Б.**

*Конфликтология, 1 курс PhD*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа.** Ер мен әйел – бұл бүкіл адамзаттың әлеуметтік-биологиялық және тарихи-рухани дамуы барысында пайда болған екі өмірлік ұстаным. Бір жағынан, бұл екі қарама-қарсылық, екінші жағынан, табиғат олардың өзара байланысты тіршілігін алдын-ала анықтаған. Сонымен қатар, жыныстар арасында айқын шекаралар белгіленген және оларды байланыстырушы тамырлар бар.

Көптеген ғасырлар бойы көптеген халықтардың мәдениеті, тұрақты қақтығыстарға себеп болған ер мен әйелді тең емес қатынастарға түсірген осындай құндылықтар мен идеялар жүйесін қалыптастырды. Әйелдердің әлеуметтік мәртебесінің өзгеруі, феминистік қозғалыстың күшеюі әйелдердің өзін-өзі тануына ықпал етті және конфликт тудыратын жағдайдың дамуына жаңа стимул болды.

Гендерлік қатынастар, әр түрлі жыныстағы адамдардың өзара әрекеттесуі ретінде, барған сайын әлеуметтік зерттеудің объектісіне айналуда. Бұл мақалада гендерлік конфликтілер қарастырылады. Бұл заманауи конфликтінің Қазақстанда пайда болу себепін анықтау мақсатында конфликт теориясы, «гендер», «жыныс» ұғымдары зерттелді.

**Кілт сөздер:** конфликт, гендер, жыныс, гендерлік конфликт.

XX аяғы – XXI ғасырдың басында әлеуметтік жүйелердің күрделенуі және әлеуметтік-мәдени өзгерістердің жоғары деңгейі ғаламдық қоғам өмірінің көптеген салаларында конфликтогендік әлеуметтің өсуіне әкелді. Бүгінгі күні әлеуметтік шиеленіс тұлға деңгейінде, ұжымда, ресми және бейресми ұйымдарда, қауымдастықтарда және үкіметте, әр түрлі әлеуметтік субъектілердің қарым-қатынасында кездеседі. Жыныстар арасындағы қарым-қатынастарда бұл үдерістен тыс қалған жоқ. Тіпті, XX ғасырдың аяғында гендерлік мәселе адамзаттың бүкіл дамуы үшін, атап айтқанда әлемдік экономиканың өсіп келе жатқан жаһандануы жағдайындағы әлеуметтік өзгерістер үшін ең өзекті мәселелердің бірі ретінде алға тартылды. Гендер тұжырымдамасының өзі соңғы онжылдықтарда әлеуметтік ғылымдардың заманауи категориялық аппаратына енді және бұл соңғы онжылдықтарда әлеуметтік-мәдени даму факторларын түсіндіруге байланысты әлеуметтік ғылымда туындаған қажеттілікке толық сәйкес келеді. Гендерді түсіну ерлер мен әйелдер арасындағы қатынастардың жүйесі, оның ішінде идеялар, қоғамдағы жыныстардың орнына, мақсаттарына және позицияларына сәйкес анықталған формальды және формальды емес нормалар, «гендерлікке сәйкес тағайындалған институттар, мінез-құлық және әлеуметтік өзара әрекеттестіктер», «гендерлік келісімшарттардың» белгілі бір жиынтығы қазіргі әлеуметтік ғылымдарда кеңінен зерттелген [1, с. 86-87].

Сонымен қатар, гендерлік мәселенің конфликтологиялық аспекті ғылыми дискурстың тақырыбына айналып келеді, өйткені гендерлік айырмашылықтарды білу әлеуметтік құрылымды ой елегінен өткізудің нәтижесі болып табылмайды, ол әлеуметтік теңсіздіктің бір түріне қарсы күрес нәтижесінде пайда болады, және әртүрлі әлеуметтік қозғалыстарда, негізінен феминистік бағытта өзінің сыртқы көрінісін табады.

Гендерлік айырмашылықтарды талдаудағы конфликтологиялық бағыт салыстырмалы әлеуметтік-мәдени талдауды қажет етеді. Мұның себебі, біріншіден, Батыста қалыптасқан тұжырымдамалық аппарат қазақ қоғамының шындығына жеткілікті түрде сәйкес келмейтін болып көрінеді. Екіншіден, Қазақстандағы гендерлік қайшылықтардың дамуы әлеуметтік-мәдени ерекшелігін көрсетеді, оның негізгі векторы әлі де анықталуда. Үшіншіден, XX ғасырдағы гендерлік қатынастардың мазмұнын өзгерткен тарихи жағдайлар ескі мәдени нормалар (дәстүрлі, патриархалдық қоғамға тән) мен жаңалары арасындағы қақтығыстарға алып келді, бұл мәдени-әлеуметтік антропология саласындағы зерттеушілердің пікірі бойынша: мәдени шок сияқты құбылысқа алып келді. Әйелдердің дәстүрлі мәдени ортадан сыртқы ортаға шығуы ерлер мен әйелдердің арасындағы нормалардың, құндылықтардың, мінез-құлық үлгілерінің өзгеруіне әкелді.

Осы мағынада гендерлік қақтығыс – бұл әлеуметтік дамудың әлеуметтік-мәдени құбылысы. Дәл осы қақтығыста қазіргі әлемдегі гендерлік қайшылықтар әлеуметтік-мәдени тұрғыдан көрініс табады. Осыған орай, қазіргі замандағы маңызды факторлардың бірі – бұл біртектес мәдени үлгілерді тарату, біртұтас қоғамдық өмірдің бағдарлау жүйелерін құру сияқты әмбебап идеяларды алға тартатын жаһандану және оған қарсы тұрған мәдени локализация, дәстүрлі және тіпті архаикалық қақтығыстық құрылымдар, оның ішінде гендерлік қатынастар саласында да.

Гендерлік қатынастар проблематикасының конфликтологиялық көзқарас тұрғысынан өзекті болуы, гендерлік конфликтінің мәнін түсіну деңгейінде, және негізгі гендерлік сипаттамалардың өзгеруінің тарихи аспектісінде жатыр. Сол себепті, гендер және конфликт ұғымдарының мағынасын терең зерттеп, тақырыпты ашу мақсат етілді.

XX ғасырда конфликт ұғымына қатысты екі көзқарас басым болып келді. Бірі, конфликт – қоғамның тұрақтылығына кері әсер ететін құбылыс дейтін болса, екіншісі керісінше әлеуметтік инновация мен

дамудың қайнар көзі деген идеяны алға тартты. Бұл екі идея бір-бірімен бәсекелесіп, белгілі бір уақыт аралығында бірінен-бірі интеллектуалды жеңіске жетіп отырды. Олар, әлеуметтік теориядағы қоғамдық әлеуметтік қақтығыстар туралы көзқарастар: құрылымдық функционализм (Т. Парсонс, Р. Мертон, Н. Смелзер және басқалар) және конфликтология оның диалектика нұсқасында (Л. Козер, К. Боулдинг, Р. Дарендорф және т.б.).

Осы орайда, Л.Козер, Г.Зиммельдің тұжырымдамасына деген қызығушылықты қолданбалы мағынада жандандыра түсті. Л. Козер конфликтінің «біріктіруші» ретіндегі әлеуетін алға тартты. Оның ойынша, конфликт – әлеуметтенудің бір түрі. Топтарға үйлесімділік пен дисгармония, ассоциация да, диссоциация да қажет, және топтар ішіндегі қақтығыстар тек жойқын сипатта болмайды. Қоғамды топтарға бөлу дегеніміз оның қарама-қайшылықтардың арқасында бірігуін білдіреді. «Біз» және «Олар» деп бөліну, бір жағынан, қақтығысқа, екінші жағынан, топтардың бірігуіне әкеледі. Осылайша, ол әлеуметтік жүйенің тұтастығын сақтайды, оның әр түрлі топтары арасында тепе-теңдік орнатады. Құқықтары шектелген топтар, ресурстарды бөлудің заңдылығына күмән келтірген сайын, олар қақтығыстарға себеп болуы ықтимал. Сондай-ақ, қақтығысқа қатысушылардың эмоциясы неғұрлым күшті болса, соғұрлым конфликт шиеленісе түседі. [2, с.52-53]. Әлеуметтік қақтығыстың макроәлеуметтік сипаттамасы, XX ғасырдың аяғында қалыптасқандықтан, Ральф Дерендорф тұжырымдамасында ең сәтті жүзеге асырылды деп айтуға болады. Оның жұмысын талдау негізінде осы жұмысқа маңызды тұжырымға келуге болады. Әлеуметтік қақтығыс таптық қақтығыстың орнын басты, қақтығыстар көбейіп, әр түрлі мүдделер және сәйкесінше өкілеттіктерді бөлу жолдары пайда болды. Сондықтан негізгі әлеуметтік қақтығыс барлық әлеуметтік институттар шеңберінде, ең алдымен капиталды емес, билік пен беделді бөлу айналасында болады. Демек, бұл қайшылықты мүдделерді тудыратын үстемдік пен бағынушылық қатынастары. Гендерлік конфликтінің шығу тегін түсіну үшін маңызды болып табылатыны Р.Дарендорф енгізген «өмірлік мүмкіндіктер» тұжырымдамасы. Бұл дегеніміз, қоғам дамуының өзгерісімен сипатталатын, қоғамның индивидке берген қолайлы мүмкіндіктерінің жиынтығы, немесе қоғамдағы алатын орны. Сонымен бірге, еркін қоғам, біріншіден, жеке адамдарға өмірлік мүмкіндіктерді жүзеге асырудың тәсілдерін таңдамайды, екіншіден, өмірлік мүмкіндіктерді үнемі кеңейтуге ұмтылады. Дарендорфтың пікірінше, қазіргі әлеуметтік қақтығыстың негізі – құқықтар мен оларды қамтамасыз етудің антагонизмінде жатыр, саясат пен экономика, азаматтық құқықтар және экономикалық даму, сонымен қатар, бұл қанағаттанған және қанағаттандыруды талап етуші топтар арасындағы тұрақты қақтығыс. Тұжырымдаманың өзегі Дарендорф – қазіргі әлеуметтік қақтығыстар адамдардың өмір сүру мүмкіндіктерімен байланысты. Өмірлік мүмкіндіктер бойынша ол опциялардың функцияларын түсіндіреді (яғни, құқықтар және оларды қамтамасыз етудің жолдары) және лигатуралар (яғни адамдарға мүмкіндік беретін терең мәдени байланыстар). Дарендорф, сайып келгенде, опцияларды, құқықтардың жалпы қабылданған тұжырымдамаларын және оларды жүзеге асыруды жолдарымен сипаттаса, лигатуралар – конституциялық мемлекет (демократия), нарықтық экономика және азаматтық қоғам идеяларымен сипаттайды [3, 33-38].

Егер біз ғылыми мектептер мен бағыттарға қатаң бөлуден алшақтайтын болсақ, онда теориялық және әдіснамалық талдау нәтижелері негізінде конфликтінің негізгі белгілері мен сипаттамаларын ажыратуға болады.

– Конфликт дегеніміз – бұл субъектілердің, яғни жеке адамдар, әлеуметтік топтар, қоғамдық ұйымдар, мемлекеттердің өзара әрекеті, қарым-қатынасы;

– Конфликт – бұл көп бағытты күштердің, тенденциялардың, күрестердің қақтығысы;

– Конфликт мүдделердің, әрекеттердің, көзқарастардың, ұмтылыстардың, мақсаттардың сәйкес келмеуіне негізделген шешілмейтін қайшылықтың болуын меңзейді;

– Конфликт позициялардың, қайшылықты мүдделердің айырмашылығынан туындайды;

– Конфликт екі немесе одан да көп тараптардың болуын және проблеманы (мүдделерді) талап етеді;

Ол мүдделер тоғысында пайда болады. Және ресурстарға (билік, ықпал, мәртебе және т.б.) байланысты және олардың тапшылығынан туындаған күреске негізделген. Осыған орай, бар қажеттіліктерді бір уақытта қанағаттандыру мүмкін еместігі жанжалға алып келеді. Конфликт – бұл әлеуметтік жүйеде сөзсіз құбылыс.

Ал гендерлік конфликт ерлер мен әйелдердің өзара қарым-қатынасының көрінісі ретінде өзіндік пәні бар, ерекшеліктері мен салдары бар құбылыс. Бұл конфликтінің негізгі мазмұнын, категориялар мен ұғымдарын анықтау, зерттелетін тақырыпты ашып, нәтижесінде әлеуметтік саланың ерекше салдарына талдау жасауға мүмкіндік береді. Категориялық талдаудың негізін – жыныс, гендер және сәйкестік сияқты ұғымдар құрайды.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде «гендер» ұғымы, биологиялық жыныс (sex) және әлеуметтік жыныс (gender) ұғымдарын ажырату үшін қолданылады. «Гендер» ұғымын түсіндірудегі кейбір айырмашылықтарға қарамастан, соңғысы негізінен бұл ұғымды әлеуметтік құрылымның өлшемдерінің бірі ретінде, яғни

әлеуметтік жүйені құратын тап, жас және басқа да сипаттамалар қатарында қарастырады. Мысалыға ресейлік зерттеушілер Е.А.Здравомыслова және А.А. Темкинаның ойынша: «Гендер – бұл білім берудегі жеке мүмкіндіктерді, кәсіби қызметті, билікке қол жеткізуді, жыныстық қатынасты, отбасылық рөлді және репродуктивтілікті, мінез-құлықты анықтайтын әлеуметтік мәртебе. Әлеуметтік мәртебелер қоғамдастықтың мәдени кеңістігі шегінде жұмыс істейді. Бұл дегеніміз, гендерлік мәртебе, гендерлік мәдениетке сәйкес келеді» [4, с.84–85]. Мұнда гендер әлеуметтік мәртебе ретінде түсіндіріліп отырғанына назар аударайық. Бұл дегеніміз, гендерлік конфликт тұжырымдамасы жүйесіндегі гендер негізгі ұғым ретінде әрекет ете алмайды, өйткені мәртебе гендерлік жүйенің элементтерінің бірі ғана болып табылады.

«Гендер» ұғымы ерлер мен әйелдерге тиесілі нормалар, рөлдер және олардың арасындағы қатынастар сияқты әлеуметтік сипаттамаларын рөлдерді сипаттау үшін қолданылады. Гендерлік сипаттамалар әр түрлі мәдениеттерде түрлі болады және уақыт өте келе өзгеруі мүмкін. Сонымен қатар, ерлер мен әйелдер жынысы санаттары жүйесіне сәйкес келмейтін адамдардың бар екендігін мойындау маңызды. Гендерлік нормалар, қатынастар мен рөлдер, трансгендерлер мен жынысын анықтамаған адамдардың өмірі мен денсаулығына әсер етеді.

Осыған байланысты жыныс және гендер ұғымдары арасында қарама-қайшылық пайда болады. Адамдар негізінен ерлер немесе әйелдер (биологиялық жыныс) болып туатын болғандықтан, олар ерлер мен әйелдерге сәйкес мінез-құлыққа (гендерлік нормаларға) сәйкес өмір сүруді, соның ішінде олар үйде, қоғамда және жұмыс орнында, қарсы жыныстағы адамдармен қалай қарым-қатынас жасау керектігін (гендерлік қатынастар), және олар қоғамда қандай функциялар мен міндеттерді қабылдауы керектігін (гендерлік рөлдер) үйренеді. Табыс деңгейі, білімі, жасы, этносы, жыныстық бағдары және тұрғылықты жері денсаулыққа әсер ететін маңызды факторлар болып табылады. Бұл факторлар гендерлік теңсіздікпен бірге адамның дискриминациясына әкеледі және денсаулыққа қауіп-қатерді төндіреді, сонымен қатар, денсаулықты сақтауға жету жолында қажетті ресурстарға қол жетімсіздікті күшейтуі мүмкін.

Зерттеліп отырған мәселенің негізгі сұрағы – гендерлік конфликт. Ол екі зерттеу объектісінің қиылысында орналасқан, олардың әрқайсысы бір-бірінен бөлек: қақтығыс міндетті түрде гендерлік атрибуцияға ие болмайды, және гендерлік қарым-қатынастар міндетті түрде қақтығыс ретінде көрініс таппайды.

Гендер – бұл тек қана әлеуметтік мәртебе емес. Ол көп өлшемді құбылыс, гендерлік әлеуметтік мәртебелер мен рөлдерді, құндылық-нормативтік ережелерді, тұрақты әлеуметтік тәжірибелер мен гендерлік сәйкестікті қамтитын гендерлік жүйе ретінде ұсынылады. Бұл тұрғыда гендерлік жүйе өзінің статикалық сипаттамаларында көрінеді, бірақ олар гендерлік қақтығыстың мәнін түсіндіру үшін жеткіліксіз. Гендерлік жүйенің аталған элементтері қоғамдық даму процесінде құрылады және қайта құрылады. Гендердің динамикалық аспектісі оның қайнар көздері мен көрінуі, тұрақтылығы мен өзгеруі туралы түсінік береді. Нәтижесінде гендерге келесі анықтама беріледі: «Гендер – бұл әлеуметтік байланыстар жүйесі, оның маңызды жағы әр түрлі өмірлік жағдайларда белгілі бір қоғамда жыныстық қатынасқа байланысты қалыптасқан мінез-құлық ережелерін жүзеге асыру болып табылады, жеке тұлғаның әлеуметтену процесінде игерген және оның жыныстардың бірімен сәйкестендірілген статус-рөлі және құндылық-нормативтік құрылымдары».

Бұл белгілі бір мағынада ұқсас құрылымдардың болуы: еркектік және әйелдік бастамалар әлеуметтік тұрғыда жүзеге асырылады мәртебелер мен рөлдер, мәдени үлгілер, институционалдық формалар және т.б., олар құндылықтар мен нормалар жүйесінде құрылады.

- бұрынғы тұратын орындарындағы қолайсыз әлеуметтік-экономикалық жағдай;
- қалалардан қашықтық;
- жұмыстың және тиісті инфрақұрылымның болмауы.

Бұл мәселелерді шешу үшін ішкі көші-қон саясаты, ең алдымен, мыналардан туындайды:

- жұмыс күшінің аумақтық ұтқырлығын арттыру үшін экономикалық жағдайлар жасау (тұрғын үй нарығын және еңбек нарығын пропорционалды дамытуды қамтамасыз ету) ;
- аумақтық қайта бөлуді ынталандыру тетіктерін әзірлеу
- өңірлік еңбек нарықтарының теңгерімділігін қамтамасыз ету үшін экономикалық белсенді халықтың, өңірлердегі экологиялық ахуалдың, атап айтқанда, таза қоршаған ортаның ластануына, сондай-ақ оның әлеуметтік және экономикалық, ішкі мигранттарды біркелкі және теңгерімді орналастыруға бағытталған шаралар [3].

Халықтың ішкі көші-қоны мәселелерін шешу Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық дамуының жоғарыда аталған стратегиясын іске асыруды ескере отырып жүзеге асырылып келді. Жалпы тұжырымдаманы іске асыру келесі процестерге ықпал етті:

- көшіп-қонушылардың еңбек және әлеуметтік құқықтарын қорғау;
- иммигранттардың қоғамға сәтті бейімделуі және интеграциясы;
- экономиканың жоғары білікті жұмыс күшіне қажеттілігін және республиканың еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың теңгерімділігін қамтамасыз ету [1].

Алайда, елдегі көші-қон тақырыбына қатысты туындайтын көкейкесті мәселелер азая қоймаған. Қазақстанда сыртқы көші-қон сальдосы теріс көрсеткіш беріп жатқаны алаңдатады. Яғни, елге келгеннен гөрі шетелге тұрақты тұруға кетеді. Цифрлық мәнде көрсеткіштер мүлде маңызды емес. Статистика көрсетіп отырғандай, Қазақстанда көші-қон сальдосы халықтың табиғи өсімінен 10 есе аз. Кейбір сарапшылар дабыл қағуда, ал басқалары бұл проблеманы асыра сілтеп айтылған деп айтыптап, дүрбелеңге негіз жоқ деп санайды.

Ішкі көші-қонға келетін болсақ, мұнда шешуді қажет ететін бірқатар мәселелер пайда болған. Көбінесе миграциялық ағын ауылдық жерлерден ірі қалаларға (басым бөлігі Нұр-сұлтан мен Алматыға) байқалады. Бұл жерде кешегі ауыл тұрғындары ғана емес, қала тұрғындарының өздері де проблемаларға тап болады.

Көші-қон көңіл-күйін анықтайтын келесі факторларды атауға болады:

- билік транзитін күту және оның салдарын болжау мүмкін еместігімен анықталатын саяси жағдайдың тұрақтылығына сенімсіздік;
- елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауы және өмір сүру деңгейі мен сапасының төмендеуі;
- ҚР-дағы орта және жоғары білім сапасының проблемасы. Сапа қаржыландыру деңгейіне тікелей байланысты. Мысалы, 2016-2017 жылдары жоғары білім алуға ҚР Мемлекеттік бюджетінің шығындары 1 күндізгі студентке 504 долларды құрады [4]. Салыстыру үшін: Ресейде – 8800, Қытайда – 3245, Түркияда – 3590, Оңтүстік Кореяда – 9656, АҚШ – та-11319 доллар. Мемлекеттің жас азаматтардың білім алуына деген көзқарасымен жоғары білімнің қандай сапасы туралы айтуға болады? Ал жастардың барынша дайындалған бөлігі шетелге оқуға баратындықтан, болашақта Қазақстан әлеуеті жоғары жігерлі жастардан айырылуы мүмкін;
- шетелде білім беру қызметтерінің жоғары сапасы. Мұнда жыл сайын Шетелде білім алу қол жетімді бола бастағанын қосуға болады. Мысалы, өткен жылдан бастап Германия өз университеттерінде тегін оқытуды енгізді;
- лайықты болашақты қамтамасыз ету ниеті. Бұл болашақ көбінесе Қазақстанмен емес, басқа елдермен байланысты.

– мансаптық өсу мүмкіндіктері. Бүгінде біздің жоғары оқу орындарын бітірген жастар бұл жерде қажетсіз болып қалатын абсурдтық жағдай қалыптасты. Жұмыс беруші Қазақстандық дипломы бар жас

жігітті жұмысқа қабылдамайтын жағдай ешкімді таң қалдырмайды. Бұл өте алаңдатарлық көрсеткіш. Керісінше, бүгінде шетелде, әсіресе Батыс Еуропа елдерінде жұмысқа орналасу өз Отанына қарағанда әлдеқайда оңай.

– мигранттарды тарту бойынша бірқатар көрші елдердің белсенді саясаты. Ресей жыл сайын өте белсенді, агрессивті болмаса да, жастарымызды өз университеттеріне «сорып» отыратыны белгілі. Мұны әсіресе біздің Солтүстік аймақтарымыздың мысалынан көруге болады, онда мыңдаған жас жігіттер мен қыздар Ресейге кетеді, онда оларға өз елінде әрдайым бола бермейтін қолайлы жағдайлар мен оқу және тұрғын үй беріледі. Диплом алғаннан кейін олардың көпшілігі көрші елде мәңгі қалатынына таңдану керек пе?

– тіл мәселесімен анықталатын психологиялық жайсыздық [5].

ҚР Тұңғыш Президенті Қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институтының сарапшысы Айман Жүсіпова түрлі көрсеткіштермен сипатталатын көші-қон трендтері дамуының үш кезеңін атап көрсетеді:

1991-2003 – эмиграцияның күрт өсуі және кейіннен біртіндеп төмендеуі;

2004-2011 – тұрақтандыру және масштабтау;

2012-2019 – қайта өсу [6].

2017 жылы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауының аясында Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес әзірленген ҚР көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған жаңа Тұжырымдамасы әзірленді [2]. Ведомство қазіргі және күтілетін сын-қатерлер – ел ішінде де, одан тыс жерлерде де-көші-қонды басқарудың «гибридті» жүйесін құру және негіздерін жаңарту қажеттілігін негіздейтініне сенімді.

Сарапшылардың айтуынша, көші-қон тренді әлі жалғасады – бұл объективті процесс. Қазақстан әлі де дамып келе жатқан мемлекет болғандықтан, ол еңбек ресурстарының доноры болып қала береді. Алайда, көптеген сарапшылар жоғары білікті кадрлардың көп бөлігі баратындығын ерекше атап өтеді. Олардың орнына келген еңбек мигранттары (мысалы, Моңғолиядан келген мигранттар) осындай дайындықпен мақтана алмайды.

Көші-қонды табиғи экономикалық процесс ретінде қабылдау тақырыбы алға тартылады және бұл тұста аталмыш салада орын алатын мәселелерді шешуде келесі ұсыныстарды атауға болады:

– Көші-қон процестерін талдауда адам мінез-құлқын зерттеуге экономикалық және әлеуметтік-психологиялық тәсілдерді қолдану.

– Экономикалық және қаржылық климатты ғана емес, сонымен қатар ішкі аудитория үшін елдің имиджін жақсарту. Оның ішінде әлеуметтік-психологиялық көзқарас деңгейінде.

– Статистикамен алыпсатарлық пен манипуляция болмас үшін көші-қон процестерін статистикалық есепке алу жүйесін ретке келтіру.

– Статистикалық деректер ашық түрде қолжетімді болуы тиіс.

– Өз күш-жігерін жастар сегментіне шоғырландыру. 15 жасқа дейінгі жас ұрпақпен жұмыс ең перспективалы бағыт болып саналады.

Осылайша, жоғарыда көрсетілген шараларды іске асырудың маңызы өте жоғары, себебі бұл көші-қон ағындарын реттеу жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді, этникалық қазақтарды қабылдауға, олардың қазақстандық қоғамға бейімделуі мен интеграциялануына жағдай жасайды, білікті ұлттық еңбек нарығын қалыптастыру үшін сыртқы еңбек көші-қонының мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік береді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Концепция миграционной политики Республики Казахстан на 2007 – 2015 годы [URL]: <http://www.demoscope.ru/weekly/knigi/zakon/zakon090.html>

2. Концепция миграционной политики на 2017-2021 годы разрабатывается в Казахстане [URL]: <https://strategy2050.kz/ru/news/47456/>

3. Методика анализа миграционной ситуации. – Алматы., Институт социально-политических исследований. 2004. с. 112

4. Жумасултанов Т. Население Казахстана: динамика демографии //Мысль. 2012, – №2. – С. 9.

5. Миграционные процессы в Казахстане: на что нужно обратить особое внимание? [URL]: <https://365info.kz/>

6. Почему из Казахстана уезжает молодежь? Причины и последствия [URL]: <https://rus.azattyq-ruhy.kz/>

## ҰЛТТЫҚ ҮРДІСТЕГІ ҮЛГІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Нұрғалиев М.Ж.**

*«Тарих» мамандығының 3 курс студенті  
Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі Мырзахмет Ф.К.  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті*

**Аңдатпа.** Мақалада қоғамдағы әр түрлі құндылықтар жүйесі мен моральдық, адамның ақылы мен білімін, ғылыми, зайырлы тұжырымдарға апаратын ойлар баяндалған. Осылайша бүгінгі заманға сай азаматтық қоғамға қарай нық қадам басу көрсетілген. Барлық саладағы модернизациялау үлгісі Қазақстанда жаңа моделді қалыптастырды. Қоғамдық сана тез арада қалыптасты және бұл жаңа жетістіктерге жеткізуді тездетті.

**Кілт сөздер:** Модернизация, индустрия, саясат, экономика, заң, дін, тіл, технология.

Бүгінгі күндері жиі оқып әрі естіп жүрген сөздеріміздің арасында «даму», «модернизация», «индустрия» ұғымын кездестіреміз. Бұл Батыс Еуропаның үлгісінде жарық көрген ғылыми басылымдарда да жиі кездеседі. Жалпы алғанда бұл терминдердің мағыналық жағынан бір біріне тығыз байланысты екенін айтуға болады. Олардың бұл терминді пайдаланудағы алғашқы мақсаты, осы үш жапсарлас ұғыммен қоғамдағы өндіріс көлемін ұлғайту арқылы баю болса, келесі мақсаты алғашқы мақсатпен бірге өркендеу арқылы дамушы елдердегі болып жатқан әлеуметтік құбылыстардың өзгеруі, барған сайын әлеуметтік рөлдердің өзгеруі мен өзгеше әлеуметтік іс-қимылдардың пайда болуы [1, 276].

Модернизация ұғымын зерттеген көптеген зерттеушілер, әрқайсысы өз саласы бойынша әр түрлі анықтамалар берген. Қай салада болмасын модернизацияның ауадай қажеттілігіне тоқталған. Жаңа технологиялар сырттан келіп жатты. Бірақ бұлар қандай жаңа технологиялар екені толыққанды білінбеді. Барлық саладағы модернизациялау үлгісі Қазақстанда жаңа моделді қалыптастырды. Қоғамдық сана тез арада қалыптасты және бұл жаңа жетістіктерге жеткізуді тездетті.

Қазіргі заман ғалымдарымыз модернизацияның алғышарттарын біздің мемлекетімізге енгізуде көптеген қателіктер жіберіп алуға.

Олардың алғашқысы, модернизация туралы зерттеу жүргізгендер көбінесе дамыған қоғамның өкілдері және өздерінің қоғамдарының шарттарына қарап дамушы елдердің қоғамын зерттеп, сараптауда. Мұның нәтижесінде қате немесе жаңылыс қорытындыға қол жеткізеді. Тағы осындай қателесу, дамушы ел немесе аз дамыған елдердің қоғамдарын бірдей санатқа қойып зерттеу. Мысалы Африка елдерімен Орталық Азия елдері арасында біршама айырмашылықтар бар. Бұл екі өзге континент түгілі Орталық Азия мемлекеттерінің тіл, дін, әдет-ғұрып жағынан жақын болғанымен кейбір қоғамдық мәселелер мен саяси-экономикалық проблемаларға келгенде басқаша түсінік пен тұжырым бар екендігі байқалады. Мүмкін дамушы қоғам ретінде бірдей типке жатуы мүмкін, бірақ модернизация үлгісін нәтижелендірудің ғылыми негізі көрінбейді. Әр уақытта бір қоғамның заңы келесі бір қоғамның құндылығына теріс көрінуі мүмкін. Қазақстанның бүгінгі күнге дейінгі жүрген жолы өзіне түсінікті және өзі үшін құнды. Мұны қазір әлем мойындап отыр. Өйткені қоғамның құрылымы мен құрылысы басқа бір қоғаммен салыстыру мүмкін болғанмен, дәл сол жолға қою мүмкін емес. Қоғам әрдайым өзгеріс үстінде екендігі баршаға мәлім. Алдыға қарай ма, әлде кері қарай ма өзгеріс екені белгілі. Тәуелсіздігін алғалы бері Қазақстан бірнеше дамыған елдің үлгісімен танысты. Бірақ өз қоғамының, әлеуметінің жүйесіне сай жол таңдады. Қай жүйеде болмасын дәл соған шақ үлгі табылмайды. Американың кейбір экономика саласындағы үлгі Қазақстанның әлеуметтік, экономикалық құрылымына сай келмейді дегенмен өзіміздің әдеттенген немесе үйренген жүйемізге келтіріп алуға болады. Модернизация ұғымы да осындай. Әрине, шетелдік мамандар мен ғалымдар біздің ел жайлы бірнеше тұжырымдар жасауда. Бірақ шетелдің қонақ ғалымдарға қарағанда іштегі елдің жайы мен сырын біз тереңірек білеміз.

Модернизацияны зерттеу үшін ғылыми негізге сүйене отырып, тек артта қалушылық пен дами алмаушылық төңірегінде қалып қоймай, тақырыпты тереңдетіп оның себептері мен қоғам мүшелерінің қабілеті мен қабылдау мүмкіншілігі және сауаттылығына аса мән беру керек.

Модернизация ұғымы латынша “modernus”, “modo” деген сөзден шыққан. “Modo” ескі латынша «қазір, тез» деген ұғымды білдіреді. Осы мағынада модерн қоғам дегеніміз бүгінгі, қазіргі қоғам деген сөз [2, 536]. Модернизация болса, ескі замандағы қоғам түрінен бүгінгі қоғам түріне өзгеру дегенді түсіндіреді. Бұл жерде ескі замандағы қоғам дегеніміз индустриядан бұрынғы қоғамды айтуда. Негізінде модернизация мен индустриялану арасында бір байланыс бар екені белгілі. Көптеген әлеуметтанушылардың көзқарасы осындай. Индустрияланудың негізгі қозғаушы күші ғылым мен технология. Осы екі терминге сүйене отырып модернизацияның мынадай анықтамасын жасауға болады: ғылым мен технологияға сүйенген қоғамның ішіндегі өзгеріс пен күрделену процесі.

Модернизациялау бүгінгі күнге сай мемлекет болу үшін, халық болу үшін, азамат болу үшін барлығын топтастырған үрдіс. Мысалы, тек бір жақты емес, саяси, экономикалық, қоғамдық, білім беру және әлеуметтік жағынан қарап, әр саладан шыққан мәселені бірге шешпей, бүгінгі заманға сай болу мүмкін емес. Әрине барлық мәселе бірден шешіле қоймайды. Қоғамдық, ел мүддесі ескеріліп, мәселені шешу ең ақылды іс. Дамушы әр ел, модернизациялау мақсатында мемлекеттің жағдайына қарап өзінің әдісін талдап алып оны іске асыруға тырысады.

Модернизация тек бір мемлекеттің, бір қоғамның нақты тәуелсіздігі үшін саяси, экономикалық, әлеуметтік, діни, басқару, басқаруға қатысу, заң және әдет-ғұрып жағынан дамуға кедергі жасаған, кедергі күштерден құтылу емес. Сонымен бірге осы қоғамдағы азаматтарының санасының серпілісі мен бостандығы.

Модернизация бүгінге дейін тек қана мысал ретінде үлгі болып жүрген болатын. Батыс елдерінің саяси институттарын, бұл институттардың жүргізіп отырған саясатын, парламент жүйесін, сайлау әдісін, мемлекеттік жүйелерін дәл солай алып, көшірмесін жасау емес. Модернизация сондай-ақ индустрия қоғамына айналу деп жаңа технологияны шетелдерден сатып алып қана қоймай, өз азаматтарымыздың жаңа технология мен жаңа ғылыми жаңалықтар ашуға кедергі болу да емес. Яғни, модернизациялау осыларды қолдана отырып адамзаттың бостандыққа қол жеткізуі, қоғамдағы әр түрлі құндылықтар жүйесі мен моральдық, адамның ақылы мен білімін, ғылыми, зайырлы тұжырымдарға апаратын ойларға шама-шарқын сарп ету. Осылайша бүгінгі заманға сай азаматтық қоғамға қарай нық қадам басу.

Бүгінгі заманға сай болу деген ұғым қоғамның мүшесі ретінде тәуелсіз әрі кедергісіз ұшан теңіз ғылымды игеріп, қоғамда өз орнын табу болып табылады. Осылайша, модернизация адамның тәуелсіздігі, бақытты болу мағынасына жақындастыруға болады. Осындай модернизацияға қоғам немесе адамзат баласы бара алады ма? Яғни, мемлекеттің тәуелсіздігінен әрбір азаматтың тәуелсіздігіне дейін. Бұл әрине, пікір таластыратын мәселе: өйткені, адамзат баласы өмірге келгелі әрқашанда ізденіс үстінде келеді. Қандай ізденіс деп сұрайтын болсақ, жақсылыққа, өте жақсылыққа, бұдан да кереметке, алдыға қарай жылжи беруде, тоқтамауда деген сөз[3, 266]. Бұл адамзаттың ұлы мақсатқа жетуі күш те болса, әлем алдында адамзат баласының міндеті ұғым. Сол ұлы мақсатқа жету және оның әлем алдында паш ету керек. Бүгін қай елде жаңа ғылыми жаңалық ашылса, ақпарат құралдары сол елдің есігінің алдында екенін көріп отырмыз. Бұл біздің айтқан адамзат баласының әлемді өзінің жаңаша ойлану қабілетімен мойындатуының бірден бір айғағы екені айқын.

Англия жалпы алғашқы модернизацияланған қоғам ретінде танылуда. Бірақ аталмыш ел бұл жағдайға бұдан бұрын бар болған «үлгі» негізінде қол жеткізген еді. Англия қоғамы мен еліне сай, өзінің әлеуметтік құрылымының өлшемінде ішкі және сыртқы дамуының нәтижесінде модернизацияланған ел.

Қорыта айтқанда бүгін тек бір ғана модернизацияланған үлгі бар деп айта алмаймыз. Батыста Еуропа, Шығыста Жапон, Қытай, Америка үлгісі т.с.с. Қазіргі уақытта бұл үлгілердің ортақ жерлерін де көруге болады. ХХІ ғасыр Қазақстан үлгісінің қалыптасуы әлем алдында мойындау белестерінен көріне бастады. Негізінде Қазақстанға жаңа технология сырттан әкелгенімен ішкі ғылыми-ақыл күші мұны игеруге қиыншылық шеккен жоқ болатын. Іргелі ғылымнан ғарыштық саладағы ғылымға дейін дамыған елде сыртқы елдің жаңа технологиясы Қазақстанда қолдау тапты десек болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Общациональная идея Казахстана: Опыт философско-политологического анализа. – Алматы, 2018.
2. Қазақстан-2030» атты бағдарламасы-2000 ж.
3. «Жаңа онжылдық– жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы – Астана.– 2010.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПРОТЕСТТІК ПОТЕНЦИАЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЛАРЫ

*Ошан Баян, Бейсенбаева Аружан, Тагаева Айымжан*

*Саясаттану, 4-курс студенттері*

*Жетекшісі: Насимова Г. Ө., саяси ғылымдар докторы, профессор*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

**Аңдатпа:** Бұл мақала Қазақстан Республикасы территориясында орын алған протесттердің негізгі себептері мен қозғаушы күштерін зерттеуге бағытталады. Протесттік потенциалдың тәуелсіздік алған жылдарда қай деңгейде өзгергендігі қарастырылады. Территориялық, аймақтық ерекшеліктерге байланысты протесттік потенциал қалай өзгеріске ұшырап отырады, ең жиі митингтер орын алатын аймақтар қарастырылады. Түрлі әлеуметтік желілердің протесттік потенциалға әсері мен митингке қатысушылар санына тигізетін әсері зерттеледі. Мақалада 2008-2021 жылдар аралығында Қазақстанда орын алған протесттер зерттеліп, талқыланды. Мақалада Opinion Monitor System программасы арқылы БАҚ мен әлеуметтік желілердегі протесттік потенциал деңгейіне контент-анализ жасалынды.

**Кілт сөздер:** Протест, наразылық, әлеуметтік салдар, әлеуметтік желілер, ыстық нүктелер, потенциал.

Наразылық протесттері кез-келген қоғамда кездеседі. Наразылықтар әдетте саяси сипат алып жеке адамдардың немесе топтардың саяси жүйеде қабылданған әділетсіздіктерді жоюға немесе жүйеге қарсылық көрсетуге бағытталған әрекеттерін қамтиды. Саяси протест білдірушілер саяси жүйенің өзін түзетуге және жетілдіруге қабілетті екендігіне сенімді. Дегенмен, саяси протест білдірушілер саяси қатысудың дәстүрлі тәсілдеріне жиі сүйенбейді. Өздерінің құқығы жоқ немесе оларға қол жеткізе алмағандықтан немесе оларды тиімді деп санамағандықтан ғана сүйенбейді.

Қазақстанда 2008-2020 жылдар арасында өткен митингтер картасында қарасак:

- Жиі, ірі және маңызды митингтер өткен территориялар.
- Орташа жиілікте, ірі протесттерді қолдау мақсатымен және өзінің локалды мәселелеріне байланысты өткен митингтер территориялары.
- Орташа жиіліктегі, ірі протесттерді қолдау мақсатымен және қатысушылар саны аз болған митингтер территориялары.
- Төмен жиіліктегі, локалды мәселелері аз, не тым көтерілмеген митингтер өтілген территориялар.
- Картадағы цифрлар протесттердің санын көрсетеді



1-сурет – 2008-2021 жылдар аралығында Қазақстандағы протесттердің таралу аймағы (авторлық)

Бұл картаны жасау кезінде БАҚ сілтемелері, ғылыми мекемелердің зерттеулері және т.б. пайдаланылды. Бұл карта Қазақстанның барлық аумағында наразылық көңіл-күйінің таралуын және «ыстық» нүктелерді көрсетеді. Картаны құру кезінде құқық қорғау органдарымен қамауға алу, халық арасында таратылуы және қоғамға алып келген нәтижелері ескерілген.

Қазақстан аумағында көбінесе саяси тұтқындарды босатуға арналған шерулер орын алды және өзін-өзі жандыру, аштық, мемлекеттік ғимараттардың маңында түнеу акциялары жиі болған.

Картадан үлкен митингтердің көбі ірі қалаларда және мұнай өндірісі бар қалаларда өткенін көруге болады. Солтүстік өңірлерде наразылық көп бола бермеген. Карта бойынша «қауіпті» аймақ – Батыс Қазақстан, әсіресе Маңғыстау облысы. Сезімтал аймақтарға шекараға жақын облыстар екенін байқауға болады.

Қазақстанда орын алған протесттердің себептеріне тоқталатын болсақ, оларды бірнеше түрге бөліп қарастыруымызға болады. Олар:

- Саяси;
- Экономикалық;
- Әлеуметтік;
- Еңбек конфликттеріне байланысты және т. б.

2019 жыл тәуелсіздік жылдарын салыстыра қарағанда митингілер көп орын алған жыл болып табылады. Және олардың басым көпшілігі жергілікті органдардан алынуы тиіс болған рұқсатсыз өтті.

2019 жылы орын алған наразылықтар хроникасына тоқталып өтсек:

1. Жаңа жыл түні Қарағанды мейрамханаларында орын алған жанжал нәтижесінде қаза болған жігіттің тергеу процессінің әділ өтуін талап өткен шеру;

2. Жаңаөзендік жұмысшылардың ақпан-наурыз айларында жұмыспен қамту жайлы талаптары.

3. Астанада өрт жағдайынан дүние салған 5 қыздың оқиғасымен лек алған аналар көтерілістері. Бұл басқотерулер нәтижелі болып билік тарапынан біршама жеңілдіктер жасалды.

4. Астана атауының Нұр-Сұлтан деп өзгертілуіне байланысты білдірілген наразылықтар.

5. Мамырдың 1 мен 9 күндері Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында кезектен тыс президент сайлауына байкот жариялау мақсатында орын алған шерулер.

6. Сайлау орын алған 9 маусым және одан кейінгі күндері сайлаудың өту барысы мен нәтижесіне келіспейтін наразы азаматтардың митингілері орын алған болатын.

7. Астана күні деп белгіленген 6 шілде күні мемлекетіміздің бірнеше қалаларында «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қозғалысы орын алып, билік органдарымен тоқтатылған болатын.

8. Елде саяси реформаларды жүргізуді талап еткен «Оян, Қазақстан» шеруі Конституция күнінде және 9– қараша күні орын алған болатын.

9. «Қытай экспанциясына қарсы» митингілер ел президентінің Қытайға сапары жоспарланған қыркүйек айында орын алған болатын.

10. 16 желтоқсан күні 1986 жылғы және 2011 жылдары орын алған тарихи жағдайлардың құрбандарын еске алу мақсатында және елде саяси реформалар жүргізуді талап еткен көтерілістер нәтижесінде бірнеше адам ұсталған болатын.


Қазақстанда 2019 жылдың қыркүйек айының 13-сі мен 29-сі аралығында өткен анти-қытайлық протесттерге назар аударсақ. Opinion Monitor System программасы арқылы мониторингтен өткен осы митингтер туралы БАҚ мен әлеуметтік желілердегі ақпараттарға қарайық. Анализ жасау үшін кілт сөздер ретінде қазақ тілінде мында сөздер алынған: «Қытайға жол жоқ, Қытайға қарсы митингтер, Қытай экспанциясына, Қытайдың 55 зауытын, Қытай зауыттарына жол жоқ, 21-і күні митинг, митинг 21 қыркүйек». Ал орыс тілінде: «Митинги 21 сентября, антикитайские митинги, антикитайские протесты, 55 китайских заводов, китайская экспансия, задержания на митингах, аресты активистов, субботние митинги, антикитайские настроения» таңдап алынған. Ресурстар «Вконтакте», «Facebook», «Instagram», «Youtube» және жаңалық порталдарынан жиналған.

1-кесте

Қолданылған ресурстар

Ресурстар			
Ресурстардың атауы	Барлығы	Жазбалар	Комментарийлер
Жаңалық порталдары	57	5	52
Вконтакте	102	34	68
Facebook	23	1	22
Twitter	0	0	0
Instagram	249	10	239
Youtube	2296	9	2287






2-сурет – қолданылған ресурстар

Бұл кестеден халықтың Youtube платформасында өз ойларымен жиірек бөлісетінін байқауға болады.

2-кесте

Әлеуметтік желілердегі қатысу деңгейі

Қатысу деңгейі							
Ресурстың атауы		Көрілімдер	Комментарийлер	Репосттар	Лайк	Дизлайк	Барлығы
Барлығы	Барлығы	78К	280	4	11К	1	90К
	Максимум	43К	79	2	4К	1	48К
	Минимум	0	0	0	0	0	0
	Орташа	4К	17	0	739	0	5К
Vkontakte	Барлығы	17К	65	4	45	0	17К
Instagram	Барлығы	60К	215	0	11К	0	72К
Youtube	Барлығы	107	0	0	1	1	109



3-сурет – Әлеуметтік желілерде қатысу деңгейі

Егер кестеге қарайтық болсақ, азаматтардың көбісі Instagram желісінде митингтер мәселесін белсенді талқылайды. Екінші орында Vkontakte, ал одан кейін жаңалық порталдары тұр. Бұл кестеден анти-қытайлық тақырып халық үшін актуальді болғанын көруге болады. Сол себепті әлеуметтік желілерде митингтер туралы ақпараттар мен ой бөлісу жиі болған.

## Қолданылған кілт сөздер

Кілт сөздер					
№	Кілт сөздер	Тілі	Барлығы	Нәтижелер саны	Комментарийлер саны
1	китайская экспансия	Орысша	22	20	2
2	Митинги 21 сентября	Орысша	20	19	1
3	Қытай экспансиясына	Қазақша	10	8	2
4	антикитайские митинги	Орысша	9	8	1
5	Қытайға жол жоқ	Қазақша	6	4	2
6	антикитайские протесты	Орысша	5	5	0
7	задержания на митингах	Қазақша	5	5	0
8	антикитайские настроения	Орысша	5	4	1
9	55 китайских заводов	Қазақша	4	3	1
10	аресты активистов	Орысша	3	3	0
11	Қытайдың 55 зауытын	Орысша	2	2	0


Қытай экспансия сөзі қазақ тіліндеде, орыс тіліндеде жиі кездесетінін байқауға болады, тағы жиі айтылатын сөз – «митинги 21 сентября». Ал, «қытайға жол жоқ» сөзі 6 рет айтылған. «аресты активистов» және «задержания на митингах» бірге рет кездеседі, сонымен қатар комментарийда бұл сөздер мүлдем кездеспейді.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде #меняндым, #отправдынеубежишь #уменяествьвыбор сияқты хэштегтер жиі кездеседі. Бұл хэштегтер халықты саясатпен қызығуға, өз ойларын білдіруге шақырады.

Қыркүйекте өткен митингтерден кейін бұл тақырып қазан айында тағы бір рет көтеріліп, қазан айының 25-сі мен 27-сінде митингтер өткен. Енді осы митингтер кезіндегі мониторингтерге назар аударсақ.

## Қолданылған ресурстар

Ресурстар			
Ресурстардың атауы	Барлығы	Жазбалар	Комментарийлер
Жаңалық порталдары	561	31	530
Вконтакте	19	7	12
Facebook	40	9	31
Twitter	0	0	0
Instagram	2206	68	2138
Youtube	2922	18	2904




4-сурет – Қолданылған ресурстар

Кестеден қазан айындағы митингтер кезінде азаматтар өздерінің ойын Youtube платформасында білдіргенін, ал екінші орында Instagram желісі тұрғанын байқасақ болады.

5-кесте

Әлеуметтік желілерде қатысу деңгейі

Қатысу деңгейі							
Ресурстардың атауы		Көрілімдер	Комментарий	Репосттар	Лайк	Дизлайк	Барлығы
Барлығы	Барлығы	929К	5К	24	56К	839	991К
	Максимум	210К	892	17	5К	354	217К
	Минимум	0	0	0	0	0	0
	Орташа	6К	39	0	421	6	7К
Жаңалықатр порталы	Барлығы	0	530	0	0	0	530
Вконтакте	Барлығы	4К	12	2	32	0	4К
Facebook	Барлығы	56	31	22	54	0	163
Instagram	Барлығы	399К	1К	0	41К	0	442К
Youtube	Барлығы	524К	2К	0	14К	839	543К



5-сурет – Әлеуметтік желілерде қатысу деңгейі

Бұл кестеден де Youtube желісінде адамдар көбірек ақпаратпен бөліскен, комментарийде өз ойымен көбірек алмасқанын көруге болады. Екінші орында Instagram желісі тұр, бұл платформада көп адамдар осы тақырыппен қызыққаны байқалады. Алдыңғы кесте мен осы кестеден бұл тақырып адамдар үшін алдыңғы митингтерден бір ай өткеннен кейінде актуальді болып қала беретінін білдіріп тұр. Диаграммаға назар аударатын болсақ, Вконтакте желісіндегі 4К белсенді жазбалар Youtube және Instagram желілерімен салыстырғанда өте аз болып қалатынын басқауға болады.

6-кесте

Қолданылған кілт сөздер

Кілт сөздер					
№	Кілт сөздер	Тілі	Барлығы	Нәтижелер саны	Комментарийлер саны
1	Митинг	Орысша	801	126	675
2	Қытайға жол жоқ	Қазақша	8	4	4
3	Қытай экспансиясына	Қазақша	6	5	1
4	антикитайские настроения	Орысша	5	1	4
5	антикитайские протесты	Орысша	2	2	0
6	задержания на митингах	Орысша	2	2	0
7	китайская экспансия	Орысша	1	1	0
8	аресты активистов	Орысша	1	1	0

Бұл жолыда «қытайға жол жоқ», «қытай экспансиясы» сөздері жиі кездеседі. Ал орыс тілінде «антикитайские настроения» және «антикитайские протесты» сөздері жиі айтылған. Бұдан халықтың митинг кезінде қытайға қарсы көңіл-күйдің кең етек алуын байқауға болады.

7-кесте

## Жазылған комментарийлер

Интерпретация	Комментарий мысалы
Протестке шығушылардың полицейлердің қандай құндылықтарға жүгінетінін түсінбеуі	Неужели полицию не интересуется будущее своих детей или они довольны ситуацией в стране
Болашақтың алдындағы қорқыныш	Все за то что бились наши предки, пролили кровь, страшно за будущее детей
Қытай мемлекетін жау ретінде санау	Баршамыз бірігіп еліміз үшін, жеріміз үшін, болашағымыз үшін қытай экспансиясына қарсы тұрайық

Әлеуметтік желіде жазылған комментарийлерден халықтың Қазақстанды жаулап алатын, үлкен жауы ретінде көретінін байқасақ болады. Мысалы, «қытай экспансиясына жол жоқ», «қытай экспансиясына қарсымыз», «қытайлармен біз ешқашан дос болған жоқпыз», «қытайлар біздің ғасырлар бойы жауымыз» деген сияқты комментарийлерден айқын көруге болады. Сондайақ, «қытайдың 55 завод құру дегені бізге соғыс ашу дегенді білдіреді», «китайцы под видом 55 заводов хотят нас рабами сделать» және т.б. комментарийлерден азаматтардың 55 зауатқа қарсы екенін, қытай халқына сенімсіздікпен қарайтынын байқасақ болады.

Өткен анти-қытайлық митингтердің басты себебі ретінде қазақстандықтардың Қытайды қауіп-қатер алып келетін мемлекет ретінде көруі. Халықтың арасында синофобияның тарауы, қытай халқын жау ретінде қарастыруы, қорқыныш сезімдері, сонымен қатар, халықтың мемлекетке деген сенімсіздігі бұл тақырыпты әлеуметтік желілерде көп талқылап, митингтерге шығуға фактор болып табылды.

Сонымен, протесттер кезінде әлеуметтік желілерде халық өзінің ойымен, ақпаратпен белсенді бөлісетінін байқауға болады.

**Қазақстандағы әлеуметтік протесттер.**

2010 жылғы ҚСЗИ жүргізген әлеуметтік сауалнама бойынша «не себепті Қазақстанда протесттер басталуы мүмкін?» сұрақтың жауаптары [1]

8-кесте

## Протестке шығуға әсер ететін факторлар

Жауап варианттары	%
Бағаның өсуі, жұмыссыздық, инфляция, халықтың кедейленуі	58,1
Адам құқығының бұзылуы, коррупция және билікті асыра пайдалану	24,4
Тарифтердің көтерілуі	21,2
Экономиканың құлдырауы, кризис	18,7
Ұлтаралық мәселелер	9,9
Діни конфликттер	7,7
Саяси конфликттер	7,6
Ипотека мен үлескерлердің мәселесі	6,7
Банктердің төлемге қабілетсіз қарыз алушыларға қысымы	5,3
Экологиялық мәселе	5,2
Оппозицияның әрекеті	4,9
Ауылды аймақтардан көшіп келушілер мен мигранттардың мәселесі	3,2

Сауалнаманың жауаптарына назар аударсақ, протесттің басталуына ықпал ететін ең басты фактор – халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, халықтың әл-ауқаты. Ал екінші фактор – адам құқығының бұзылуы екенін көрсек болады.

**Әлеуметтік әл-ауқат** – қоғамның, оның әр түрлі әлеуметтік топтары мен жеке тұлғалардың жағдайының жетекші көрсеткіштерінің бірі. Ол адамдар, топтар және тұтастай қоғам арасындағы қарым-қатынастың эмоционалды деңгейін, олардың әлеуметтік құрылымдағы позициясын, әлеуметтік қатынастар жүйесіне қосылу дәрежесін ескереді. Әлеуметтік әл-ауқат – басқарушылық қызметтің анықтаушысы: оны оңтайландыру саясаттың мақсаты болып табылады.

Әлеуметтік әл-ауқат, халықтың мінез-құлық бағдары және қоғамдағы пікірлер негізінен мыналармен анықталады:

- халықтың әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді бағалауы;

- халықтың лайықты өмір сүру үшін өз мүмкіндіктерін бағалауы;
- халықтың өмір сүру жағдайының нашарлауы жағдайындағы іс-әрекеттің сипаты.

Әлеуметтік көңіл-күйдің елеулі нашарлауы әлеуметтік және саяси шиеленістің өсуіне себеп болады, бұл биліктің сенімсіздігіне, наразылық көңіл-күйінің өсуіне және т. б. салдарға әкелуі мүмкін.

Осылайша, әлеуметтік шиеленіс деңгейін бақылау Қазақстан үшін өзекті міндеттердің бірі болып табылады, оны шешу елде жүргізіліп жатқан реформалар қарқынын ұзартуға мүмкіндік береді. Қазақстандағы әлеуметтік шиеленіс деңгейін өлшеу бірқатар индикаторлар бойынша мүмкін болып табылады, олардың ең бастысы елде қалыптасқан жағдайға әлеуметтік-психологиялық реакция болып табылатын халықтың әлеуметтік көңіл-күйі мен мінез-құлықтық бағдарларының көрсеткіші болып табылады.

Халықтың әл-ауқатының жағдайын нақты көрсету үшін Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ҚЗСИ-ді әлеуметтік зерттеу жүргізіліп, олар Қазақстан азаматтары арасында қаржылық жағдайды зерттеу барысында бірқатар заңдылықтарды ашты. Бұл зерттеуде азаматтардың көпшілігі өздерінің жағдайын орташа бағалайды және материалдық хәлінің даму перспективаларын көреді деп айтылған. Адамдардың тек аз ғана пайызы өздерінің әл-ауқатына өте риза екенін хабарлады. Сонымен қатар, өзінің материалдық жағдайына қанағаттанбаған сауалнамаға қатысушылардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларын неғұрлым егжей-тегжейлі қараған кезде бірқатар үрдістерді бөліп көрсетуге болады. Тәуелсіздіктің барлық кезеңінде қала мен ауыл арасындағы өмір деңгейіндегі еңсерілмеген алшақтық кедейлік көрсеткіштерінде да көрінеді. Әлде де, тарихқа үңілсек, ауыл тұрғындарының саяси белсенділігі де төмен.

Қазақстан үшін кедейлік деңгейі бойынша өңірлік айырмашылықтар бар. Зерттеу нәтижелері бойынша экономикалық тұрғыдан ең әлсіз аймақтар – Павлодар облысы, ШҚО, Атырау және Қостанай облыстары.

Сауалнаманың нәтижелеріне сүйене отырып, азаматтардың жасы ұлғайған сайын өзін анағұрлым осал сезінеді, зейнеткерлік алдын және зейнеткерлік жастағы топ кедейліктің ең жоғары көрсеткіштерін көрсете отырып, әлеуметтік осал топтардың қатарына кіретінін түсінуге болады.

Кедейлікті болдырмау қабілетін білім деңгейімен байланыстыруға болады. Дәстүрлі түрде білім мен кедейшілік – бұл зерттеуде де расталатын кері пропорционалды деп саналады. Теорияны дәлелдеу үшін осы зерттеуден сандарды пайдалануға болады. Өз отбасыларының материалдық жағдайын нашар және өте нашар деп бағалаған, жоғары білімі бар респонденттер – 7,1%, орта-арнайы – 10,7%, орта – 13,2% және толық емес орта – 29,5%.

Әдетте әйелдер әлеуметтік тұрақсыз топқа кірді, өйткені карьералық өсу мен жалақы айтарлықтай әділетсіз бөлінді. Бірақ зерттеуге сәйкес, ер адамдар әйелдерге қарағанда экономикалық жағдайдың нашарлығына шағымданады.

Қорытындылай келе, Қазақстанда протестке шығуға потенциалды азаматтар ретінде әйел адамдардан қарағанда ер адамдарды қарастырсақ болады. Соның ішінде орта жастағы ер адамдар тобы. Сонымен қатар, бұл категорияға орта және толық емес орта білім алған азаматтарды жатқызсақ болады.

Ендігі кезекте, Қазақстанда орын алған әлеуметтік протесттерге тоқтала кетсек. Бұндай протесттерге 2019 жылы орын алған «Көпбалалы аналар» мәселесінен туындаған митингтер негізінде сипаттауымызға болады.

Жалпы, бұл жағдайдың осындай қоғамдық наразылыққа алып келуіне себеп болған негізгі қозғаушы күш – Астана қаласы маңындағы үйлердің бірінде бір отбасының 5 бірдей баласының өрт салдарынан дүние салуы болды. Осы жағдайдан кейін мемлекеттің әр аймағындағы көпбалалы аналар өз талап тілектерімен басқөтерулерге шығып отырды.

Бұл протесттер әлеуметтік жағдай нашар топтардың жеткілікті деңгейде қолдау ала алмай отырғандарының салдарынан туындап отыр.

2018 жылдың заң нормасымен бекітілген төрт немесе одан көп баласы бар көпбалалы отбасыларға берілетін әлеуметтік көмек 4,16 айлық есептік көрсеткіш көлемінде болған болатын. Яғни, АЕК – 2 525 теңгеге тең болып, 4,16 АЕК – бір айда 10 мың 504 теңге құраған болатын. Сол кездегі құ бойынша бар жоғы 28 долларды құраған бұл жәрдемақы баланың жөргегі мен тамағынада жеткіліксіз деген наразылықтарын жеткізген болатын, көпбалалы аналар.

Бұл мәселенің негізгі себептері тек әлеуметтік көмек көлемінің аздығы емес сонымен қатар жалпы халықтың әлеуметтік жағдайының төмендігі де болған болатын. Жалпы алғанд, Қазақстанда орын алған протесттердің тек аналар мәселесі емес жұмысшылардың еңбек мәселелері және кейбір саяси негіз алған протесттердің астарлы мәселесі осы әлеуметтік жағдай болған болатын.

Жоғарыда аталып өткен, аналар протесттерінің үдеуінің салдарынан мемлекет тарапынан арнаулы шаралар қабылданып, «Үкіметке әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарды, әсіресе, көпбалалы отбасыларды қолдау шараларын кеңейтуді тапсырамын. Аталған көрсеткішті күнкөріс деңгейінің 70

пайызына дейін жеткізуіміз керек. Ал атаулы көмек алып отырған көп балалы отбасылардың әр баласына берілетін жәрдемақыны 21 мың теңгеге дейін өсіруді тапсырамын», – деген экс-президент Н.Ә.Назарбаев тапсырма берген болатын.

Осындай шешімдердің қабылдауымен және көпбалалы отбасылардың әлеуметтік жағдайы осы көмек есебінен жақсарғандықтан елдегі ба көтерлер саны да азайған болатын.

Қорытындылай келе, протесттік потенциал кез-келген қоғамның ажырамас бөлігі. Алайда, протесттік потенциалдың қатты күшейіп кетуі қоғам дамуының тежеуіне алып келу мүмкіндігі бар. Сол себепті, кей-кезде протесттік потенциалды ары қарай дамытпай отыру қоғам үшін маңызды.

Зерттеу барысына анықталған, қазақстандық қоғамдағы протесттік потенциалды күшейтуі мүмкін факторларды атап өтсек:

- Халықтың әлеуметтік жағдайының нашарлауы;
- Адам құқықтарының бұзылуы;
- Жер мәселесі туралы сұрақ туындаған кезде;
- Синофобияның қоғамда ары-қарай дамуы;
- Билікке деген сенімсіздіктің артуы;
- Халықтың өзін қауіпсіздікте сезімбеуі;
- Білім беру жүйесінің сапасы;
- Экономиканың әлсіздігі;

Сонымен қатар, протесттік потенциал Ақтау, Атырау облыстары мен Алматы, Нұр-султан қалаларында басқа аймақтарға қарағанда үлкенірек екенін байқауға болады.

Қазіргі әлемде бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер маңызды бола түсуде, олар қоғамдық пікір қалыптастырады және халықтың пікіріне әсер етеді. Бүгінде барлығы дерлік Интернеттегі пікірталастарға қатыса алады, сонымен қатар Интернет – еркін цензурананбаған мазмұн болып табылады.

Әлеуметтік желілерді пайдаланып, протесттік көңіл-күйінің деңгейін анықтауға болады. Бұл зерттеу жұмыста талқыланатын тақырыптың мысалында, пікірлер саны, Интернет-қолданушылардың белсенділігі анықталып, бізге ең өзекті болып жатқан әлеуметтік-саяси мәселелерді көруге мүмкіндік берді. Талдау наразылық потенциалын тереңдетуге, азаматтардың қандай эмоциялар, сөздер мен іс-әрекеттер арқылы өз ұстанымын білдіретінін білуге, наразылықтың табиғатын және күту мен нақты жағдай арасындағы қарама-қайшылықта қаншалықты алшақтық бар екенін білуге көмектеседі.

Осылайша, халықтың көңіл-күйін осылай бақылау протесттік жағдайларды реттеудің бір әдісі болып табылады, сондықтан әлеуметтік желілердің маңызы зор екенін байқадық.

Сонымен, зерттеу жұмысынан протесттік потенциалға қауіп-қатерді азайту үшін:

- Халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту;
- Коррупция және непотизммен күрес;
- Білім беру және денсаулық сақтау саласын толықтау өзгерту;
- Азаматтық құқық пен бостандықты қамтамасыз ету шаралары жүргізілуі тиіс

Қорытындылай келе, протесттердің ары-қарай дамып кетпеуі үшін мәселені компромисске келу арқылы және халық пен билік арасындағы коммуникацияның агрессивті емес түрлерін пайдалану арқылы шешуді пайдалану қажет деп ойлаймыз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Б.К. Султанова «Уровень социальной конфликтности: потенциальные риски и угрозы (по результатам социологического исследования)». – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010. -92б.
2. Онук О. Кризис и социальная мобилизация в государствах переходного периода [europeandcis.undp.org/](http://europeandcis.undp.org/)
3. Гарр Т. Р. Почему люди бунтуют. – СПб., 2005. -461б.
4. Манюф Р. Роль СМИ в предотвращении и смягчении конфликтов // Российская пресса в поликультурном обществе: толерантность и мультикультурализм как ориентиры профессионального поведения. М, 2002.
5. Ортега-и-Гассет Х. Восстание масс // Ортега-и-Гассет Х. Избранные труды / пер. с исп.; сост., предисл. и общ. ред. А. М. Руткевич. Изд-е 2-е. М.: Весь мир, 2000.
6. Вайнштейн Г.И. Массовое сознание и социальный протест в условиях современного капитализма. М.: Наука, 1990. -312б.
7. Jenkins J.S., Klandermans B. The Politics of Protest. Comparative Perspectives on State and Social Movements. Univ. of Minnesota Press: UCL Press.1995
8. Beaumont, P. The truth about Twitter, Facebook and the uprisings in the Arab world. The Guardian.
9. Alexander A. Internet role in Egypt's protests. BBC News

## CHALLENGES OF XXI CENTURY: SAFETY AND DEVELOPMENT IN A NEW REALITY

*Onalbay B., Seilova M.*

*Kazakh Ablaiq khan University of International Relations and Word Languages*

**Abstract.** The purpose of this article is to study the most relevant challenges the contemporary society faces with the outburst of the coronavirus of the new kind that significantly reshaped the way people live, think and function. In this work we considered the negative implications of the virus on all aspects of human life, starting with global economy crisis and ending with different modifications and metamorphoses each field was prompted to adhere to. Along with it, the current state of international relations, education and personal safety were conscientiously discussed in the article with the ratio of loss, profit and break-even point provided. In addition to it, the promising prospects and feasibilities of further stabilization in sectors were analyzed and put into consideration.

**Key words:** challenges, coronavirus, tourism industry, international relations, COVID-19, education, global economy, personal safety, quarantine restrictions, digitalization, international cooperation, technology, prospects.

It is no wonder the way year 2020 has substantially shaped the person cognition and all the aspects of human life. 31<sup>st</sup> December, 2019 has been permanently engraved on the world history as a turning point irrevocably disfiguring already established and functioning the mankind lifestyle mechanism. All spheres of human activities have undergone both positive and negative transformations, pushing the humanity from habitual traditional way of life to extreme difficult to get accustomed to survival regime. With the outbreak of COVID-19 the global stability has been lost, shattering the world economy from the sides and putting the globe under colossal risks. According to the statistics of World Health Organization nearly 119 million cases of coronavirus infection have been registered, out of them 2,65 million with mortality rate. [1]

Global tourism, economy, financial markets, education, healthcare system, safety and international political relations could not dodge from the disastrous aftermath of the pandemic. As it was announced by Bloomberg L.P., financial, software and data American company, the amount of financial loss has already exceeded 5 trillion US dollars. Travel restrictions, social distancing and quarantine strict regulations and as a result increase in the delivery time of goods designed to reduce the spread of the virus plugged the world to another economic recession. Innumerable tourist locations and sites have been recognized as places contributing to mass virus transmission areas and thus have been accepted to get eliminated by their number and working terms. COVID-19 has paralyzed the global travel market for an indefinite period of time, leaving everything unsettled and entangled. Most countries have closed their air traffic and restricted the entry of foreigners and accordingly by the latest estimates calculated and provided by the International Air Transport Association (IATA), total global loss of revenue from air passenger travel in 2020 reached 50% (434 billion dollars). Apart from tourism and hospitality sectors, logistics and infrastructure have faced the challenges as well. Companies that were engaged in logistics and transport, as well as import products or components with the delays in transportation experienced inevitable logistical problems, leading to sales delays and a lack of storage capacity. The vast majority of them have had to seriously rethink their supply chains and further market strategies. [2]

Another sector that could not resist unavoidable effects of the recent virus situation and could not maintain the status quo regain was the international relations sphere, where such problems like political tense, discrimination rise and general psychological intolerance and instability were an inch away from setting the world on the fire of the next global war. The first to feel the changes in human relations in the weeks of virus emergence and spread were Asians due to the fact that almost all media means were shouting and revealing the origin of the virus with one voice that in the turn led to the rise of discrimination and nationalism. Chinese and Asian people around the world felt its impact: a deeply hidden synophobia in society revealed its face. In the UK and West Europe afterwards, Chinese restaurant owners have suffered significant losses after a message spread on social media of the possibility of contracting the virus through their food. People of certain national origin were under the aim, synophobic attitude was tracked in Los Angeles and several cases of verbal harassment have been reported on the streets of Toronto. Difficult times gathered as black clouds over Asian people. However, it did not last for that long. When the epicenter shifted from Asian continent to the USA and Europe, Europeans and Americans faced the same attitude on themselves. In Hong Kong, for example, they were prohibited from visiting certain private clinics, restaurants and gyms. Many people in China were demanding border closures for citizens of the United States and several European countries – just like those countries closed off from China when the whole situation started. Seeing in their own eyes the side effects of selective stereotypical behavior and with the accelerated spread of the virus, people could no longer classify each other on a national identity. They assembled their efforts on prevention actions to come up with the effective and safe ways on coping with the new pace of life in the face of the common rival. [3]

Despite all attempts by the world's governments to act together in this situation, precautionary measures and medical security have become a stumbling block on the way to achieving the goals they eagerly were putting forward. The restrictions on international flights and travel at the global and national levels pushed the world community to search for analogs of ways and means of maintaining communication. The pandemic gave a powerful impetus to the development of digital services. A huge variety of software and applications were developed and proposed by different countries in the same step with the development of vaccines. The inability and the unlikelyhood of physical contact and the traditional format of communication prompted them to use network communication platforms such as Microsoft teams, zoom and skype. Digital technologies have made it possible not only to bring new opportunities to the society, to increase inter-industry cooperation within the countries, but also to preserve international cooperation. [4]

In that way, in March 2020, in Moscow they launched a new online format for international interaction – teleconferences with foreign partners. Among those that took place were teleconferences with partners from Seoul, Beijing and Chongqing, Budapest, Paris, Barcelona, Almaty. Remote meetings allow solving current problems, discussing the development of strategic partnerships, sharing experiences, proposing new initiatives for interaction. Apart from it, another way of interacting has been also analyzed and put into practice – digital road shows. The first event of this format was held in June for the Gulf countries. It was attended by 25 representatives of the sector from Moscow and more than 100 from the UAE, Kuwait, Oman, Saudi Arabia and other countries. Now digital roadshows will become common practice along with traditional formats of business missions. Another example of well-working and resilient cooperation among world powers can be the final forum ‘Community’ that was held on November 2, 2020 in Moscow with a panel discussion ‘International cooperation in the era of a pandemic: rethinking the Sustainable Development Goals’ overcoming the crisis. The starting point for the discussion was the document signed in 2015 by 193 UN member states entitled “The 2030 Agenda for Sustainable Development”. The spread of COVID-19 has raised tensions around the world and is having a powerful impact on the state of international relations. A number of important diplomatic events were canceled, as a result of which the solution of a number of issues was paused. However, technologies such as online video conferencing can help us to some extent overcome the difficulties that have arisen due to the fact that we cannot directly discuss joint efforts against coronavirus and develop international cooperation. Despite the massive decline in the industry, COVID-19 turned out to be an unexpected catalyst for innovation and the integration of new technologies into the industry, according to WTTC experts in the current forecast. They note that the acceleration of the digital agenda is one of the positive results of this crisis, along with the development of new business models that embody the goals of sustainable development, the introduction of eco-tourism, the involvement of different social groups in the sector, as well as the evolution of demand and the rethinking of the role of safety and health. It cannot be only implied to tourism or international relations sectors as we have already witnessed the noticeable changes in the work of other spheres as well, such as education, personal safety and security. [5]

As well as vast majority of social spheres, global education was also crucially affected by the pandemic. The outbreak of the pandemic has become a serious challenge for education systems all around the world. Traditional face-to-face training proved impossible. All the educational institutions, students and teachers have been forced to switch to distance learning in a minute. The COVID-19 pandemic has led us to the largest disruption in learning, affecting nearly 1.6 billion students across all continents. Probably, not only Kazakhstan was not prepared for such circumstances. This crisis prevents a significant part of those children, young people and adults who are in the most vulnerable situation of living in poor or rural areas, refugees, persons with disabilities to continue their studying, and thus the previously existent issue of inequity is exacerbated. [6, c. 2] The search for alternative forms of education has become widespread. In most countries, in order to make the distance learning process accessible as soon as possible, different types of distance learning are used: broadcasting lessons through TV channels, setting video lessons on special platforms, audio broadcasting of lessons via the radio, websites, e-mail. Each country tries and chooses the most suitable route, in view of Internet access, technology infrastructure, and degree of adaptation of content to distance learning. It should be understood that the traditional form of full-time education is a more effective and convenient format today. The role of teachers and institutions in distance learning does not decrease, but, on the contrary, only demands increasing.

Moreover, the disruption of the educational process will have serious consequences beyond the educational system. The role of education has significantly increased in modern society. As we know education helps people to achieve incredible heights, build a career and be in demand in the field of activity. Most researchers tend to consider education as one of the most important factors in the construction of the economy and society. Therefore, the prospects for the progressive development of mankind fundamentally depend on the qualification and professionalism of our workforce. It is quite obvious that overcoming this crisis of a global nature is directly related to the reformation and development of education, which can and should provide the human resources to the state. To be com-



pletely honest, distance learning lacks quality, the teachers lose touch with the students and ability to control studying on each level. Many students experience financial instability, which leads them to seeking for a job and paying less attention to the learning. Such education threatens to cover future generations and to lose decades of progress.

Қазақстан сияқты әртүрлі этнос өкілдері бас қосқан елде ұлттық саясаттың табысты іске асуы этносаралық келісім мен толлеранттылықтың қазақстандық моделінің қалыптасқандығын көрсетеді. Осы жолда Қазақстандағы ұлтаралық саясатты жақсартуда және әлемді мойындатуда жоғарыда айтылған этносаралық татулыққа бетбұрған Конституцияның өзгерісі және оның қабылдануымен ғана шектеліп қалмады. Атап айтқанда Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы (1995), «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заңның қабылдануы (2008); «Қазақстанның ұлттық бірлігі доктринасының» әзірленуі мен қабылдануы (2008), қазақстандықтарды ұйыстыру мен басын біріктіру жолындағы маңызды қадамдар болып табылады. Н.Ә. Назарбаевтың ойы бойынша доктрина саяси тұрақтылықты, бірлікті және келісімді нығайтуға бағытталған болатын [10].

Көпұлтты мемлекетте идеология жалпы халықты біріктіруші рөлге ие болуы қажет, сонымен бірге, мемлекеттік тәуелсіздік, территориялық тұтастық, барлық елдермен достастық қарым-қатынасты қолдауды қамту қажет. Ол өзара тиімділік негізінде сауда, экономикалық, мәдени байланыстарды қолдай отырып, мемлекеттің ішінде конституциялық негізде теңдік пен халықтар достастығы идеясын дамытуы, діни түсіністік, төзімділік, отанға деген махаббатты әрбір азаматтың бойында тәрбиелеуі қажет. Осындай идеология ғана елде өмір сүріп жатқан барлық ұлттар мен халықтардың мүддесіне сәйкес келеді. Егер біз өзіміздің елімізді көркейткіміз келсе, онда оның идеологиясы ұлттық болмауы керек. Жалпы ұлттық рух, ұлттық идея, этностық сезім деңгейінде қоғамды, мемлекетті басқару мүмкін емес, дегенмен, мемлекеттілік

халықтың ұлттық рухына арқа сүйейді. Көп ұлтты мемлекетте идеология ұлттық болмауы керек, ол тек жалпыхалықтық, мемлекеттік бола алады [11].

Тәуелсіздіктің тұғырын тереңдету ұлттық бірегейлікті қалыптастыруымен тығыз байланысты. Ұлттық бірегейлікпен айналысып жүрген отандық ғалым Р.Қ. Қадыржанов «Қазақстанға өзінің ұлттық мемлекетін орнатып оны дамыту керек. Бұл үрдісте ұлттық бірегейлікті анықтау түбегейлі маңызды. Ұлттық мемлекет пен оның азаматтығының бар болуы өздігінен ұлттық бірегейлікті анықтап бермейді. Бұл жерде Қазақстан халқын анықтау мәселесі туралы сөз болып отыр, яғни, біз оларды «қазақтар» немесе «қазақстандықтар» ретінде анықтай аламыз ба, оның үстіне қазіргі таңда бұларды идентификациялауда айтарлықтай қарама-қайшылықтар байқалады» деп баға береді [12].

Қазақстанда ұлттық бірегейлікті анықтауда қоғамда екі концепцияның қарама-қайшылығын да атап өтеді. Ол оны «Қазақ ұлты» және «қазақстандық ұлт» деп екіге бөліп көрсетеді. Бұл екі тұжырым қазірше виртуалды кеңістікте, қоғамдық дискурс саласында күрес жүргізіліп отыр деп пайым жасайды [13]. Бұл қарама-қайшылықтардың тарихы тереңде болып табылады. Кеңес Одағының санасына әсері мен қазіргі саяси мәдениет ерекшеліктері негіз бола алады. Бұл құрамда этностардың әр алуандылығының рөлі басым болып табылады

Бұл туралы Е.К. Әлияров те пікірін келесідей білдірген: «Ұлтты Қоғамның, мемлекеттің мүдделеріне жақын араласқан кезде, оның дамуының негізгі векторларына қолдау танытқан жағдайда ғана толысқан ұлт деп санауға болады. Одан басқа ұлттық құрылыс – тек мемлекет күш салуының нәтижесінде ғана емес, сондай-ақ өздері белсенді қатысу арқылы азаматтардың біртұтас ұлтқа бірігуі үрдісі» – деп атап көрсетеді [14]. Осылайша азаматтардың саяси санасы мен мәдениетін көтеру арқылы саяси ұлт қалыптастыруға болатынын айтады.

Сонымен қатар «титулды ұлтты» анықтау да өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Барлық посткеңестік мемлекеттер әдебиеттерде «титулды ұлт» деген атауға ие болған жетекші этносы бар ұлттың түріне жататыны белгілі. Посткеңестік мемлекеттердің ұлттық жобасында қоғамның тілдік, мәдени кеңістігінде титулды ұлттың тілінің үстемдік құруы ұлттық құрылыс пен бірегейліктің бірінші шарты болып табылады. Бұл жерде титулды ұлттың тілінің, мәдениеті мен символдарының көпэтносты қоғамда жалпыға ортақ қолданысқа ие бола отырып үстемдікке ұмтылуына баса мән беріледі. Қазақстанда мемлекет ұсынған ұлттық топтастыру мемлекет тарапынан терең қолдау тапқан эволюциялық үрдіс ретінде сипаттауға болады [15].

Жаһандану кезеңінде Қазақстан өзінің ұлттық бірегейлігін сақтап қалу мәселесі туындайды. Ұлтаралық қарым-қатынас, этностар арасындағы жанжалдарды болдырмау, консенсустік шешім қабылдау, өзара тиімді кері байланыс ұлттық құрылыстағы бірегейлікке байланысты мемлекеттік саясатты дамытады. Ұлттық бірегейлікті дамыту арқылы Қазақстан өзін халықаралық сахнадағы саяси рөлін нығайтуға мүмкіндік алады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Жарлық.
2. Ұлт жоспары – Н. Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы.
3. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.
4. Назарбаев Н. Қазақстандық жол, – Қарағанды, 2006 – 372 б.
5. Новгородцев П.И. Қоғамдық идеал. – «Пресса» баспасы, 1991.
6. М. Қозыбаев «Ақтандақтар ақиқаты», Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 272 б.
7. Мұсатаев С.Ш. ҚР жалпыұлттық идеяны қалыптастырудағы мемлекеттік саясаты, 52 б.
8. Машан М. Политическая система: трансформация, адаптация, целедостижение. – Алматы, 2001. – С. 60-62.
9. Назарбаев. Тарих толқынында. – Алматы: Жібек жолы, 2010. – Б. 149-150
10. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства.
11. Кшибеков Д. Идеология национальная или государственная? // Қазақстанның ғылымы мен жоғарғы мектебі. – 2007. – №9. – С. 8.
12. Қадыржанов Р.К. Конструктивизм, примордиализм и определение национальной идентичности Казахстана // Аль-Фараби. – 2012. – № 4.
13. Қадыржанов Р.К. Казахи? Или казахстанцы? – В кн.: Зарема Шаукунова, Юрий Кириничьянов. Философская гостиная (к 55-летию Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК). – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 218 с.
14. Алияров Е.К. Проблемы национальной консолидации мультиэтнического, мультикультурного общества // <http://www.sarap.kz>. 07.06.2009.
15. Айтымбетов Н.Ы. Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері. Жеке монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018. – 200 б.

## XXI ҒАСЫРДЫҢ ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ: ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ КЕШЕНІ

**Самигуллиев Ж.А.**

*«Тасымалды ұйымдастыру және көлік қозғалысын бақылау»  
мамандығының 3 курс студенті,  
Ғылыми жетекшіі: Канаткалиева Л.А.,*

**Аңдатпа.** Елдің өркендеуі мен даму жолы жаһандану барша Қазақ халқының арманы мен бір тұтастығын көрсетеді. Қазақ елі 30 жыл ішінде алға қойған мақсаттары мен болашаққа ілгері қадам жазады. Мен сенемін Қазақ елі әлемдегі ең мықты көш басшы ел боларына.

**Түйін сөздер:** Он сын қатер, қалыптасқан Қазақстан, демография, жаһандық азық-түлік.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы – 2012 жылы желтоқсанда Мемлекет басшысының ел халқына Жолдауында таныстырылды. Оның басты мақсаты – мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы.

XXI ғасырдың жаһандық он сын-қатері.

1. Бірінші сын-қатер – тарихи уақыттың жеделдеуі
2. Екінші сын-қатер – жаһандық демографиялық теңгерімсіздік
3. Үшінші сын-қатер – жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер
4. Төртінші сын-қатер – судың тым тапшылығы
5. Бесінші сын-қатер – жаһандық энергетикалық қауіпсіздік
6. Алтыншы сын-қатер – табиғи ресурстардың сарқылуы
7. Жетінші сын-қатер – Үшінші индустриялық революция
8. Сегізінші сын-қатер – үдей түскен әлеуметтік тұрақсыздық
9. Тоғызыншы сын-қатер – өркениетіміз құндылықтарының дағдарысы
10. Оныншы сын-қатер – жаңа әлемдік тұрақсыздық қаупі

«Қалыптасқан Қазақстан – мемлекеттілігіміздің, ұлттық экономикамыздың, азаматтық қоғамымыздың, қоғамдық келісіміміздің, өңірлік көшбасшылығымыз бен халықаралық беделіміздің дағдарыста сыналуы» атты тақырыбының өзі үлкен 8 бөлімнен тұрады. Сіз бен біздің күнделікті жаңалықтардан естіп-көріп жүрген мемлекеттің атқарып жатқан жұмыстарының нәтижесін жинақтай келе, Қазақстан-2030 Стратегиясының негізгі қорытындылары шығарылды. Байқайсыз ба? Егер тек бірінші тараудың айналасында ғана әңгіме қозғасақ, онда үлкен том жазып шығуға тура келеді. Сондықтан, еліміздегі өзгерістер мен жасалып жатқан жұмыстар, қолға алынған реформалардың жүзеге асуы көз алдымызда болып жатқандықтан, бұл тақырыпқа тоқталмауды жөн санап отырмын. Екінші тараудағы XXI ғасырдың жаһандық он сын-қатері жайлы халыққа алдағы уақытта қандай қауіптің болатындығын, неден сақтану керектігін, қай нәрседі абай болып, нені үнемі есте ұстау қажеттігін ескертеді. Олар: Бірінші – тарихи уақыттың жеделдеуі, екінші – жаһандық демографиялық теңгерімсіздік, үшінші – жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер, төртінші – судың тым тапшылығы, бесінші – жаһандық энергетикалық қауіпсіздік, алтыншы – табиғи ресурстардың сарқылуы, жетінші – Үшінші индустриялық революция, сегізінші – үдей түскен әлеуметтік тұрақсыздық, тоғызыншы – өркениетіміз құндылықтарының дағдарысы, оныншы – жаңа әлемдік тұрақсыздық қаупі.

Сын-қатер – жаһандық демографиялық теңгерімсіздік. Әлемнің көптеген елдерінде, әсіресе Еуропа елдері мен Ресейде туу мен өлім көрсеткіші сәйкестік таппай, халықтың қартаю тенденциясы байқалуда. Африка, Азия елдеріндегі бұл көрсеткіштер керісінше. Бір отбасы – бір бала саясатын ұстанған Қытай мемлекеті, бір отбасы – екі бала саясатына көшті. Неге? Қытайда 1 қыз балаға 14 ұл баладан келеді екен. Өздеріңізге мәлім, Қытай әлемге барлық өнімді экспорттайтын ел. Тек қана тауар емес, тура мағынасында сонымен қатар адам экспорттайтын бірден бір мемлекет. Статистика бойынша, бүгінде әлемде екі жүз миллионға жуық адам жұмыссыз. Еңбек мигранттары болып келген шетелдіктер, сол елде отбасын құрып, жиендер санын арттыруда. Қазақ қашан да қыз баланы құрметтеп, төрге шығарған. Жиенге қол емес, дауыс көтермеген. Оның кеудесінен қақпаған, қолын қайтармаған, сұрағанын берген. Сол жиендер ертеңгі күні қай елдің саясатының сойылын соғады? Бұл үлкен сұрақ және ойланатын нәрсе.

Жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер. Ғалымдар мен сарапшылардың жер шарының тұрғындары 2050 жылға қарай 9 млрд-қа жуықтайды деген болжамы бар. Сондай-ақ БҰҰ-ның мәліметіне сүйенсек, дәл қазіргі кездегідей азық-түлік экспорттайтын елдер өз өнімдерін қысқартпай осы қалпын сақтаса, онда жер тұрғындарын толық қамтамасыз етуге қауқарсыз болып шығады. 2000 жылдың 17-



сәуіріндегі БҰҰ-ның Адам құқығы жөніндегі комиссияның 52-отырысында әлем халқының 825 млн-нан астамы, оның ішінде негізінен ана мен баланың тиісті деңгейде тамақтанбайтынын, яғни тамақтануға әлеуметтік жағдайының келмейтіні айтылған. Тіпті БҰҰ-ның жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған арнайы қарары да қабылданды. Осы қарарда әлем жұртын Азияның шығысындағы мұхит жағалауындағы халықтар секілді құрт-құмырсқа, бақа-шаянмен қоректенуге шақырды.

Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлемдік тәртіп үшін жаһандық инфрақұрылым құру идеясы алғаш рет 20 ғасырдың 40 – 50-ші жылдары АҚШ-тың зерттеу орталықтары: Халықаралық қатынастар жөніндегі кеңесте (ХҚК), “Рэнд” корпорациясында, Стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығында (СХЗО), Психологиялық стратегиялар басқармасында (ПСБ) тұжырымдалды. Жаһандану ұғымы, жалпы алғанда, әлемдік өркениеттің аса маңызды өлшемдерінің жалпыадамзаттық өлшемге ие болуы деп түсіндіріледі. Қоршаған орта, түпкі ресурстар (энергия, су, азық-түлік), демография, көші-қон толқындары, есірткі тасымалы, халықаралық терроршылдық проблемалары жекелеген елдер күшімен шешілуі мүмкін емес. Ақпараттық төңкеріс бұл проблемалардың жаһандық өлшемге ие болуына ықпал етті.

Зерттеушілер Жаһандануды әр текті, бірақ әлемнің біртұтастыққа айналу логикасымен біріктірілетін өзгерістердің жиынтығы деп түсіндіреді. Жаһандық өзара тәуелділік және бүкіләлемдік даму үрдісі Жаһандануға алып келмей қоймайды. Бұл үрдіс трансұлттық экономика мен жалпыадамдық құндылықтарды қорғауға негізделген халықар. ұйымдар жүйесі ықпалын күшейтеді. Жаһандану әлеуметтік феномен ретінде көп қырлы және көптеген құрамдас бөліктерді қамтиды. Негізінен, оны ұлттық және әлемдік шаруашылықтың техникалық және қаржылық жағынан дамуының нәтижесі деп есептейді. Алайда әлеуметтік-мәдени өзгерістер, адамдар тұрмысының өзгеруі, адамзаттың қоршаған ортамен қарым-қатынасының күрделенуі де Жаһандануға елеулі ықпал жасап отыр.

Ойымды қорыта айтқанда Дамыған елдер бастапқы жаңғыртуды аяқтап, XX ғасырдың 60-шы жылдарының өзінде-ақ қайта жаңғырту кезеңіне өтті.

Қайта жаңғырту немесе ғылымды көп қажет ететін экономиканы құру экономикалық өсуге білім мен инновациялар үлесінің өсуімен, көрсетілетін қызметтер үлесінің ұлғаюымен және экономиканы экологияландырумен байланысты. Қайта жаңғырту кезеңінде денсаулық сақтаудың тиімді жүйесіне, неғұрлым ұзақ өмір сүруге, сапалы білім беруге, тиімді және ашық институттарға, ақпараттық технологиялардың таралуына негізделген өмір сүру сапасын арттыру бірінші орынға шығады. XXI ғасырда еларалық бәсекелестіктің күшеюі салдарынан дамушы елдердің мүмкіндіктері шектеулі болады. Кез келген ел әлемдік көшбасшыға айнала алмайды. Дамушы елдердің біреуінен бесеуіне дейін ғана дамыған елге айнала алады.

Дамыған елдер тобына кіру үшін Қазақстан дамуда серпіліс жасауы тиіс. Қайта жаңғыртуға кезең-кезеңімен өту және ғылымды көп қажет ететін экономиканы құру моделін қалыптастыру қажет. Ұзақ мерзімді даму моделі әлемдік үрдістерді, ұлттық дамудың түйінді басымдықтарын ескеріп, Қазақстанды әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың 2050 жылға дейінгі стратегияларының нұсқаларын ұсынуы тиіс.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Айбын. Энциклопедия. / Бас редакторы Б.Ө.Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. ISBN 9965-893-73-X
2. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
3. 1998 жылдың 15 қыркүйегінде өткізілген Дүниежүзілік экономиканы жаһандандыру жөніндегі жыл сайынғы Монреал конференциясында жасалған мәлімдемеген// Сол жерде. – 16 б.
4. Сол жерде. -176. 18. Сол жерде.-196.
5. Токаев К.К.Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации. – Алматы. – С.30.

## ФОРМИРОВАНИЕ МОЛОДЕЖНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ: ОПЫТ КАЗАХСТАНА

*Серик А. С., Туебаева Н.Е.*

*магистранты 2 курса,*

*Научный руководитель: д.полит.н., профессор Зайниева Л.Ю.*

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби*

**Аннотация:** В статье рассматриваются некоторые вопросы развития молодежных организаций Республики Казахстан, а также политики государства по отношению к молодому поколению. Особое внимание уделяется роли молодежных организаций РК в международном сотрудничестве.

**Ключевые слова:** молодежная политика, молодежь, молодежные организации, Ассамблея народа Казахстана, СНГ, ШОС.

Как известно, молодежь способна быстро адаптироваться к изменяющимся реалиям и быть при этом проводником социальных инноваций. Она считается важнейшим ресурсом общественного и политического развития социума, а молодежные организации являются одним из основных инструментов активизации участия молодых людей в данных процессах. Мировой опыт показывает, что активное сотрудничество государственных органов с молодежными организациями и объединениями, привлечение их к решению важных вопросов отличается эффективностью. Принимая во внимание вышесказанное, во многих странах реализуется активная поддержка молодежных объединений.

Значимость и потенциальную роль молодежных организаций отчетливо осознают и в Казахстане. На данный период развития страны перед государственными структурами, осуществляющими работу с молодежью, стоят различные задачи. Требуется усиления и участия юношей и девушек в деятельности молодежных организаций. Так, согласно социологическим исследованиям, проведенным НИЦ «Молодежь» в 2018 году, 74,1% опрошенных по различным причинам не принимали участие в деятельности молодежных организаций, а в 2019 году данная цифра выросла до 86,7%. Необходимо добавить также, что по результатам этих исследований в 2019 году отметил свое желание вступить в молодежные организации каждый пятый опрошенный, пассивным участником тематических мероприятий являлся каждый десятый, активных членов молодежных организаций – 2,9% [1, с.226]. Данная тенденция указывает на наличие возможностей для повышения уровня вовлеченности молодежи в деятельность общественных объединений.

Необходимость усиления сотрудничества государственных органов с молодежными организациями, оказания им поддержки не раз отмечалось руководством республики. Одним из первых документов, определяющим политику по отношению к молодежи в стране, является Закон «О государственной молодежной политике в Казахской ССР», который был принят в июне 1991 года. Он обозначил права молодого поколения на консолидацию и создание молодежных общественных организаций, осуществление своей деятельности. В 2004 году был принят Закон Республики Казахстан «О государственной молодежной политике», где было дано понятие молодежной организации. Это неправительственная организация, задачами которой являются развитие, самореализация, защита прав и интересов, удовлетворение социальных, культурных, образовательных, духовных и иных потребностей молодых людей. Необходимо отметить, что Законом Республики Казахстан «О государственной молодежной политике» от 2015 года были расширены права молодежных организаций. В соответствии с этим документом, молодежные организации имеют право быть участниками:

- 1) обсуждений актуальных вопросов молодежной политики страны;
- 2) консультативно-совещательных органов в сфере государственной молодежной политики;
- 3) республиканского и регионального форумов молодежи;
- 4) органов молодежного самоуправления [2].

Другими документами, где также обозначена деятельность молодежных организаций, является «Концепция государственной молодежной политики Республики Казахстан», одобренная Распоряжением Президента РК Н.А.Назарбаева от 28 августа 1999 года, и программа «Молодежь Казахстана» 2001 года. В «Концепции государственной молодежной политики Республики Казахстан» определено положение молодежных организаций как характерного вида общественной деятельности, которые повышают роль молодежи в общественно-политических процессах, формировании демократического и гражданского общества [3]. Программа «Молодежь Казахстана» 2001 года выделяет такие типы молодежных объединений и организаций, как научно-технические, общественно-политические и культурно-просветительские. Целями же таких формирований являются представление и защита различных интересов молодых людей, в том числе организация досуга, нравственно-физическое воспитание молодежи, поддержка студенческих движений, содействие талантливым, одаренным молодым людям, экологическое воспитание молодежи, поддержка молодого поколения через образовательные и научные программы [4].

Таким образом, вопрос развития молодежных структур всегда становился на первое место с момента приобретения независимости государства. На начало 2000 года в Республике Казахстан было зарегистрировано около 150 детских и молодежных объединений, 6 из них республиканского статуса. Согласно данным национально-исследовательского центра «Молодежь», количество молодежных организаций на 2019 год выросло до 596 [1, с. 225]. На 2020 год в качестве активных отмечались 547 молодежных организаций, из которых 14 республиканского уровня. Наиболее известными среди молодежи организациями выступают Ассоциация стипендиатов «Болашақ», «Республиканский штаб молодежных трудовых отрядов «Жасыл ел», «Молодежное крыло «Жас Отан» партии «Нұр Отан», «Единая детско-юношеская организация «Жас Ұлан» и «Союз КВН Казахстана/ Жайдарман», Национальная волонтерская сеть и Альянс студентов Казахстана. Их деятельность признается эффективной. Среди менее популярных и малоэффективных, по мнению молодежи, находятся «Национальный дельфийский комитет» и «Конгресс молодежи Казахстана» [5, с. 211-212]. Рассмотрим названные молодежные организации подробнее.

Таблица 1

## Рейтинг наиболее популярных молодежных организаций

№	Молодежная организация
1.	Ассоциация стипендиатов международной стипендии Президента РК «Болашақ»
2.	Республиканский штаб молодежных трудовых отрядов «Жасыл ел»
3.	Молодежное крыло «Жас Отан» партии «Нұр Отан»
4.	Единая детско-юношеская организация «Жас Ұлан»
5.	Союз КВН Казахстана/ Жайдарман
6.	Национальная волонтерская сеть
7.	Альянс студентов Казахстана
8.	Молодежное крыло Ассамблеи народа Казахстана (Жаңғыру жолы/ Жарасым)
9.	Конгресс молодежи Казахстана
10.	Национальный дельфийский комитет

Ассоциация стипендиатов международной стипендии Президента РК «Болашақ» была создана в 2001 году как организация, призванная объединить всех выпускников и представлять интересы «болашаковцев», мобилизовать их потенциал на решение общественных задач.

В конце 2000 года, во время встречи с представителями молодежных организаций, Первый Президент страны Н.А. Назарбаев поставил вопрос о возрождении студенческих строительных отрядов. В своем Послании народу Казахстана в 2005 году он дал поручение Правительству республики реализовать программу озеленения страны «Жасыл ел» с привлечением студентов, с предоставлением им работы [6]. В целях обеспечения деятельности молодежных трудовых отрядов в 2005 году был создан Республиканский штаб молодежных трудовых отрядов «Жасыл ел», в рамках которого осуществляется работа 17 молодежных трудовых отрядов.

Одной из старейших организаций является Молодежное крыло «Жас Отан» партии «Нұр Отан». Оно является активным проводником политики партии «Нұр Отан», центром осуществления практических шагов в решении вопросов молодежи в стране и направлению ее потенциала на решение актуальных задач государства. Основное внимание «Жас Отан» уделяет созданию всесторонних условий для духовно-нравственного, интеллектуального и физического, политического, правового, экологического и духовного развития молодежи Республики Казахстан.

Для объединения школьников по инициативе Первого Президента РК Н.А. Назарбаева в 2011 году была создана Единая детско-юношеская организация «Жас Ұлан». «Жас Ұлан» является организацией, которая целью своей деятельности ставит воспитание у подрастающего поколения чувства патриотизма, базирующегося на высоких духовно-нравственных ценностях, принципах гуманизма и толерантности.

Добровольное объединение «Национальная волонтерская сеть» была создана в 2010 году и главной целью своей работы поставила формирование, поддержку и развитие культуры волонтерства, волонтерских инициатив и волонтерской деятельности.

Популярной среди студентов молодежной организацией является Альянс студентов Казахстана, созданный в 2005 году. Эта организация ставит перед собой множество целей и задач – от обеспечения защиты прав и решения правовых, социально-экономических вопросов студенческой молодежи страны до решения актуальных проблем развития государства.

Большое внимание молодежи уделяет Ассамблея народа Казахстана. Она своей главной задачей ставит реализацию государственной национальной политики, обеспечение общественно-политической стабильности в Республике Казахстан и повышение эффективности взаимодействия государственных и гражданских институтов общества в сфере межэтнических отношений [7, с. 133]. Со дня основания, 1 марта 1995 года, АНК постоянно работает с молодым поколением республики. В декабре 1999 года впервые в работе VI сессии Ассамблеи приняло участие около 30 лидеров региональных молодежных объединений и молодежных национально-культурных центров. При Совете Ассамблеи была создана комиссия по работе с молодежью. Это положило начало созданию при национально-культурных центрах молодежных секций и других структур [8, с. 50].

Со временем при Ассамблее появляются молодежные структуры. В апреле 2014 года создано Республиканское молодежное объединение «Жарасым». В марте 2018 года образовано Республиканское молодежное движение Ассамблеи народа Казахстана «Жаңғыру жолы». Отделения этих молодежных структур имеются в регионах республики.

На II Республиканском форуме молодежи, который прошел в 2002 году по инициативе Первого Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева, был образован Конгресс молодежи Казахстана. Данная молодежная организация представляет собой сеть молодежных объединений страны, а также важный институт гражданского общества.

Молодежные организации играют важную роль не только в решении внутренних вопросов страны, но также и значимы в международных отношениях. Глобализация молодежных связей зачастую выступает существенным фактором в развитии взаимодействия и взаимопонимания между странами, способствует становлению дружественных отношений.

Интересен опыт Содружества Независимых Государств. В июле 2012 года, например, молодежные лидеры стран СНГ приняли решение о создании международной молодежной общественной организации «Содружество», способствующее укреплению международного молодежного сотрудничества на пространстве Содружества [9]. Примером сотрудничества молодежных организаций выступает Форум молодежных общественных организаций государств-участников Содружества Независимых Государств, организатором которого выступает Совет по делам молодежи государств – участников СНГ. Данный Форум оказывает содействие в развитии сотрудничества и обмена практическим опытом, а участниками ежегодных форумов выступают лидеры молодежных общественных объединений и представители государственных органов. Очередной Форум прошел в декабре 2020 года с учетом эпидемиологической обстановки в онлайн-формате, на котором были рассмотрены вопросы о проекте Межгосударственной программы «Молодежная столица СНГ», о сотрудничестве государств-участников СНГ по осуществлению Целей устойчивого развития ООН, а также обмена опытом по реализации молодежной политики в период пандемии в государствах-участниках СНГ [10].

Другим примером молодежного взаимодействия является сотрудничество в рамках Шанхайской организации сотрудничества. В этом плане отмечается Молодежный совет ШОС, среди учредителей которого – Молодежное крыло «Жас Отан» партии «Нұр Отан» и Конгресс молодежи Казахстана. Молодежный совет ШОС сегодня являет собой организацию, деятельность которой касается основных событий политического и экономического характера. Взаимодействие и обмен опытом между представителями молодого поколения стран ШОС в различных сферах развития молодого человека – такова цель организации. Данная структура образована как орган, осуществляющий координацию входящих в него молодежных организаций и объединений в рамках направлений деятельности государств-членов ШОС, как орган, который придает новый импульс работе организации и служит залогом сохранения достигнутого уровня взаимодействия в дальнейшем. В сферу его деятельности входят развитие культурного обмена, сотрудничество в сфере образования и спорта, разработка предложений директивным органам ШОС по проблемам, волнующим молодежь. Важно отметить значимость развития молодежного сотрудничества ШОС для укрепления дружбы и взаимопонимания среди молодежи государств данного объединения, а также для всего Евразийского континента.

С момента создания Молодежного совета ШОС организацией были проведены Форумы молодых лидеров стран ШОС, студенческие форумы, семинары, молодежные лагеря и другие мероприятия. Форум молодых лидеров стран ШОС впервые прошел в 2015 году. В последующий период было организовано 5 Форумов, на которых обсуждались актуальные вопросы сотрудничества молодежи в области образования, науки и культуры. В рамках данного мероприятия представителями молодежных организаций вырабатываются проекты и программы, которые способствуют стратегическому повышению потенциала партнерства между государствами ШОС [11].

Таким образом, молодежные организации и общественные объединения – это связующее звено между государством и молодежью, оказывающее воздействие в двух направлениях: как на молодое поколение,

так и на формирование и развитие государственной политики. Это звено, которое способствует смягчению социальных противоречий, так как в своей деятельности молодежные организации не только выступают выразителями интересов молодежи, но и способны создавать условия для обеспечения развития государства. Молодежь должна быть активным, заинтересованным участником решения задач, стоящих перед государством и обществом в целом. В свою очередь, государство и общество должны создавать необходимые условия для самореализации молодежи и ее активного включения в общественные процессы. Молодежные объединения принимают активное участие в выработке и реализации различных направлений молодежной политики. На региональном уровне они способствуют не просто укреплению взаимоотношений между государствами региона, но также и формированию молодого поколения, способного стать движущей силой процесса интеграции. Важной целью в работе, которую проводят молодежные организации, выступает участие молодых граждан страны в различных видах самоуправления; формирование и укрепление гражданской позиции у молодого поколения; воспитание казахстанского патриотизма и толерантности; повышение правовой и политической культуры.

### Список литературы

1. Ойшыбаев К.Б., Қайдарова А.С., Каримова Ж.К. и др. «Қазақстан жастары – 2019» Ұлттық баяндамасы. Национальный доклад «Молодежь Казахстана – 2019». National report «Youth of Kazakhstan – 2019». – Нур-Султан: Научно-исследовательский центр «Молодежь», 2019. – 419 с.
2. О государственной молодежной политике в Казахской ССР: Закон Казахской Советской Социалистической Республики от 28 июня 1991 года [Электронный ресурс]: Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан. URL: [http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z910001800\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z910001800_) (дата обращения: 17.03.2021); О государственной молодежной политике в Республике Казахстан: Закон Республики Казахстан от 7 июля 2004 года № 581-ІІ [Электронный ресурс]: ИС Параграф «Юрист» URL: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1049268#pos=5;-106](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1049268#pos=5;-106) (дата обращения: 17.03.2021); О государственной молодежной политике: Закон Республики Казахстан от 9 февраля 2015 года №285 // Казахстанская правда, 11 февраля 2015.
3. О Концепции государственной молодежной политики Республики Казахстан [Электронный ресурс]: Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан. URL: [http://adilet.zan.kz/rus/docs/N990000073\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/N990000073_) (дата обращения: 17.03.2021).
4. О Программе «Молодежь Казахстана». Постановление Правительства Республики Казахстан от 17 февраля 2001 года N 249 [Электронный ресурс]: Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан. URL: [adilet.zan.kz/rus/docs/P010000249](http://adilet.zan.kz/rus/docs/P010000249) (дата обращения: 14.02.2021).
5. Руднева Е.А., Кожабекова Д.А., Туреханова Б.К. Социологическое исследование «Молодежь Казахстана». – Нур-Султан: НИЦ «Молодежь», 2020. – 146 с.
6. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. Февраль 2005 г. [Электронный ресурс]: Официальный сайт Президента Республики Казахстан. URL: [https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-na-nazarbaeva-narodu-kazahstana-fevral-2005-g](https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-na-nazarbaeva-narodu-kazahstana-fevral-2005-g) (дата обращения: 14.02.2021).
7. Ассамблея народа Казахстана. ASSEMBLY.KZ <https://assembly.kz/ru/ank/obshchaya-informatsiya/deyatelnost/>.
8. Зайниева Л.Ю. Международный опыт осуществления государственной молодежной политики. Учебное пособие. – Алматы: Эрекет-Принт, 2009. – 70 с.
9. Итоги выполнения Плана мероприятий на 2012–2013 годы по реализации Стратегии международного молодежного сотрудничества государств – участников Содружества Независимых Государств на период до 2020 года [Электронный ресурс]: Интернет-портал СНГ URL: <https://e-cis.info/cooperation/2842/78392/> (дата обращения: 17.03.2021).
10. VI Форум молодежных организаций государств-участников СНГ [Электронный ресурс]: Комитет по делам молодежи и семьи Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/fam/press/news/details/141635> (дата обращения: 21.02.2021).
11. Молодежный совет Шанхайской организации сотрудничества // [http://rus.sectesco.org/about\\_sco/20190716/565283.html](http://rus.sectesco.org/about_sco/20190716/565283.html) (дата обращения: 09.03.2021).

## ҚЫРҒЫЗСТАНДАҒЫ 2020 ЖЫЛҒЫ САЯСИ НАРАЗЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ҚӨЗҚАРАСЫ

**Симагамбетов Б.Н.**

*Конфликтология, I курс*

*Жетеушісі: Насимова Г. Ө., саяси ғылымдар докторы, профессор  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазіргі Қырғыз Республикасындағы саяси наразылықтардың кейбір мәселелері қарастырылған. Басылымда Қырғызстандағы өткен парламенттік сайлау тақырыбы, сондай-ақ олардың нәтижелері қарастырылды. Осы зерттеу барысында ішкі саяси наразылықтардың себептеріне талдау жасалды. Сонымен қатар, түрлі зерттеушілердің наразылық ерекшеліктері туралы пікірлеріне назар аударылды.

**Түйін сөздер:** Қырғызстан, саяси наразылық, парламенттік сайлау, саяси партиялар, саяси қақтығыс.

XXI ғасырдағы жаһандық мәселелеріне саяси тұрақтылық пен аймақтық қауіпсіздікті жатқызуға болады. Орталық Азия аймағындағы соңғы он бес жылда Қырғызстанда көптеген саяси өзгерістер байқалады [1, с.3]. Қазіргі уақытта сол елдің заманауи қоғамында саяси наразылықтар кеңінен көрініс табады.

Наразылық кез-келген саяси жүйенің ажырамас бөлігі болып табылады [2, с.472]. Ол саяси жүйенің даму немесе өзгеру процесі жүріп жатқан кезде пайда болуы ықтимал. Сол себептен көптеген ғалымдар Қырғызстандағы 2020 жылдың қазан айында парламенттік сайлаулардан кейін болған саяси наразылықтарға біршама назар аударды.

Американдық зерттеуші Коллин Вуд Қырғызстанның саяси құрылымы қатты бөлінгенін және көптеген саяси партиялар елдің ықпалды өкілдерінің мүдделерін қамтамасыз ететін құрал ретінде қызмет атқаратынын атап өтті [3]. Қырғызстанда тіркелген 250-ден астам партияның он алтысы 2020 жылғы парламенттік сайлауда 120 орынға таласты. Жеті пайыздық межеден өтуін талап ететін сайлау ережелері бойынша төрт партия ғана парламенттік орынға ие болды.

Сайлауға қатысқан жаңа «Биримдик» пен «Мекеним Қырғызстан» партияларының Сооранбек Жээнбеков үкіметіне қатысы кеңінен байқалды.

Оған қоса, С.Жээнбеков тұсында Қырғызстан үкіметі сөз бостандығы мен бірлестік бостандығына байланысты бірнеше даулы заң жобаларын қабылдады.

2019 жылдың басында С.Жээнбеков пен А.Атамбаевтың келіспеушілігі Қырғызстан социал-демократиялық партиясының (ҚСДП) бөлінуіне әкелді [4]. ҚСДП 2020 жылғы сайлау науқанына қатыспағандықтан, оның көптеген мүшелері «Биримдик» партиясына қосылды.

2015 жылы құрылған «Мекеним Қырғызстан» партиясын 2019 жылдың қарашасында сыбайлас жемқорлыққа байланысты іске қатысты болған бұрынғы кеден қызметкері Райымбек Матраимов қаржыландырды.

«Биримдик» партиясы да, «Мекеним Қырғызстан» да дауыс жинау үшін бірқатар шаралар жүргізді. Бақылаушылар бүкіл елдегі сайлау учаскелерінде заң бұзушылықтарды тіркеді. Орталық сайлау комиссиясына учаскелердегі алаяқтық туралы шағымдар келіп түсті.

Ресми нәтижелер 2020 жылдың 5 қазанында жарияланғаннан кейін алаяқтықты айыптау үшін Бішкекке наразылық білдірушілердің көпшілігі жинала бастады.

Осы кезеңде Қырғызстандағы бұрынғы революциялар мен соңғы билік үшін күрестің маңызды айырмашылықтары байқалады.

Біріншіден, телекоммуникациялық технологиялар алдыңғы кезеңдерге қарағанда айтарлықтай дамыды. Ғаламторға қол жетімділік 2010 жылғы 16 пайыздан 2019 жылы 40 пайызға дейін өсті, ал мобильді деректердің таралуы ұжымдық іс-шараларды ұйымдастыруды және жаңартулармен бөлісуді жеңілдетеді.

Мәселен, 2020 жылдың қазан айында әлеуметтік желілерді қолданушылар қамауға алынғандарға арналған кеңестер жариялады.

Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат қызметкерлері мен наразылық білдірушілер бүкіл ел бойынша митингілерді тікелей эфирде көрсетті, ал Бішкек тұрғындары олардың қоғамдық қауіпсіздігін қорғау үшін ерікті азаматтық патрульдер ұйымдастырды.

Екіншіден, Қырғызстан азаматтары билікке қарсы нақты талаптарды қоюға практикалық тұрғыдан дамыды. Қазіргі таңда мемлекетте либералды пікір білдіру, наразылықтар жиі кездеседі.

Бірақ бұрын олар өзгеріс туралы айтарлықтай нақты емес талаптарға жаппай наразылықтарын білдірді.

Осы кезеңдегі саясатпен айналысатын жастардың белгілі бір саяси платформасы бар және ең бастысы, олар оны ресми партиялық құрылымдар арқылы білдіреді.

Егер белсенділер мен көшбасшылардың осы жас буыны бұрыннан қалыптасқан келісімдерге негізделген үкіметті мойындаудан бас тартса, олардың демократиялық институттарын құруға мүмкіндігі туады.

Сонымен қатар, Коллин Вудтың ойынша, саяси наразылық халықаралық емес, ішкі динамикаға негізделген, ал Ресейге немесе басқа посткеңестік мемлекеттерге назар аудару тиісті жергілікті актерлер мен алаңдаушылықтардан алшақтатады. Ресей әскери базасы орналасқан Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі ретінде Қырғызстан Ресейдің стратегиялық серіктесі болып табылады.

Шындығында, Қырғызстандағы ішкі тұрақсыздықтың көрші елдерге таралу ықтималдығы өте аз деп есептеледі.

Қырғызстанның солтүстік пен оңтүстікке бөлінуі ең күшті әлеуметтік және саяси бөлініс болып қала береді, бұл белгілі бір алаңдаушылық туғызады.

Өз кезегінде, американдық ғалым Гэвин Хелф Қырғыз Республикасында 2020 жылдың қазанында болған оқиғалардың елдегі соңғы 2005 және 2010 жылдардағы екі революциямен ұқсас болатындығын көрсетті [5].

Атап айтқанда, 2005 жылғы наразылықтар себептерінің бірі президентті қолдайтын күштердің билігін күшейту процесі болған Қырғызстандағы парламенттік сайлау кезіндегі бұрмалаушылықтар болып саналады.

Одан басқа, оқиғалардың әрқайсысында Қырғыз Республикасының астанасындағы митингілер маңызды ірі қалалардағы тәртіпсіздіктермен қатар жүрді, сол кезде бұрынғы саясаткерлер мен мемлекеттік қызметкерлер оппозициялық топтардың жағында үкіметке қарсы болды.

2005 және 2010 жылдары оппозицияның көрнекті жетекшілері ақыры жаңа мемлекет басшылары ретінде тағайындалды.

2020 жылғы соңғы наразылықтар COVID-19 тудырған Қырғызстандағы экономикалық жағдайдың нашарлауымен қатар жүрді.

Үкіметтің пандемияға айтарлықтай лайықты жауап қайтармауы қоғамның президент С.Жээнбековке деген сенімін төмендетіп жіберді.

Зерттеушінің пікірінше, бәсекеге қабілетті, белгілі дәрежеде еркін және әділ сайлау жүйесін бұзған парламенттік сайлау саяси наразылықты қозғаушы күш болды.

Сонымен, 2020 жылдың қазан айында сайлауға алты ай қалғанда құрылған С.Жээнбековтың жаңа саяси партиясы 25 пайыз дауыс жинады, ал олигархиялық шеңбер өкілдерінің бірі ұйымдастырған екінші партия 23 пайыз алды.

Қалған бәсекелес 14 партияның, оның ішінде бұрыннан құрылған партиялардың көпшілігін қоса алғанда, екеуі ғана парламенттік орындардың жеті пайыздық межесінен өтіп, билік партияларына 120 орынның 107-сіне басымдық берді [6].

Сонымен бірге Қырғызстандағы аймақтық кландық қақтығыстар да саяси наразылықтардың себебі ретінде қарастырылады.

2010 жылғы бұрынғы тәжірибелерді ескере отырып, Гэвин Хелф АҚШ аймақтық ірі елдермен, әсіресе Ресей Федерациясы және Қытай Халық Республикасымен, Қырғызстандағы келесі реформистік үкіметті басқару және экономикалық қолдау көрсету үшін неғұрлым белсенді жұмыс істеуі керек деп санайды.

Одан басқа швед зерттеушісі Йохан Энгвалл, тәуелсіздік алғаннан бері, Қырғызстанның саяси траекториясы жартылай демократия мен жартылай авторитаризм арасында ауытқып отырғанын баяндады [7].

Бұл ел элитасының мүдделерін қамтитын саяси өкілдіктің дәрежесіне немесе шағын топтың қолындағы биліктің шоғырлануына байланысты болды. Соңғы динамика басым болған сайын саяси тұрақтылыққа қауіп төнді.

2010 жылы Бакиев биліктен қуылғаннан кейін, жаңа басшылар негізгі фракциялардың көпшілігін парламент құрамына енуін қамтамасыз ететін жаңа конституция қабылдауға тырысты.

Осы тұрғыдан алғанда, парламенттің негізгі рөлі оның ресми заңнамалық міндеттерімен қатар, сондай-ақ элиталар арасындағы дауларды шешудің арена ретіндегі қызметі болды.

Бұл әрдайым нәзік болған тепе-теңдік 2020 жылдың 4 қазандағы сайлау және сәйкесінше Жээнбеков пен Матраимов топтарының саяси билікті басып алу әрекеті нәтижесінде құлдырады.

Соңғы наразылықтардың алдыңғы оқиғалардан едәуір айырмашылығы саяси көшбасшылар және наразылық білдірушілер мен белсенділердің жас буыны арасында алшақтықтың болуы.

Олардың мүдделері осы жолы сәйкес келмеді, себебі 2005 және 2010 жылдардағыдай, жұмылдырылған электораттың көп бөлігі әртүрлі жетекші саяси қайраткерлермен тығыз байланысты болды.

Бұл жолы жас және саяси саналы қалалық ұрпақ басшы мен қарапайым халық дәстүрлі қарым-қатынас саласынан тыс тәуелсіз күш қалыптастыруда. Олар жаңа бастама мен ескі саясаткерлер мен шенеуніктердің ауысуын талап етеді.

2010 жылы Қырғызстанның оңтүстігінде көрінгендей, үлкен қатердің себебі болуы мүмкін процестерді қозғалысқа келтіру қаупін тудырады.

Атап айтқанда, республиканың оңтүстігі солтүстігімен бетпе-бет келгендіктен, эскалация аймақтық сипат алуы мүмкін деген нақты қауіпі болған.

Солтүстік пен оңтүстік арасындағы бөлініс кейде кемітіліп айтылғанымен, ол елдегі саяси бәсекелестік параметрлерін көбіне анықтайды. Осылайша, бұл бөлуді әрқашан саяси күштер басқара алады.

Қырғызстанның басты мәселесі ешқашан саяси плюрализмді насихаттау немесе алуан түрлі және жарқын азаматтық қоғамды дамыту мәселесі болған емес.

Бұл – ең қарапайым қоғамдық жағдайға жетуге қабілетті жауап беретін мемлекеттік институттарды құрудың сәтсіздігі.

Егер мемлекет бұл жағдайға жеткізбейтін болса, онда баламалы жеткізушілерге, оның ішінде жергілікті билеушілерге сұраныс әрқашан болады.

Сол сияқты, ақылмен жұмыс атқаратын мемлекеттік институттарсыз мағыналы демократиялық институттар утопия болып қала береді.

Йохан Энгваллдың пікірінше, бұл қырғыз мемлекеті жоқ дегенді білдірмейді: тек ол шенеуніктер мен саясаткерлер қоғамдық игіліктер мен қызметтер қандай болуы керектігін бақылайтындай етіп құрылады және ұйымдастырылады.

Бұл жүйеде сыбайлас жемқорлықты жалпы қабылданған мағынада бұзушылықтарға немесе нормалар мен ережелерден ауытқуларға сілтеме ретінде түсіну дұрыс емес, өйткені сыбайлас жемқорлық ойын ережесі болып табылады.

Демек, соңғы жиырма жылдағы мүлдем бұрыс себептермен қалыптасқан Қырғызстандағы саяси жүйенің кейбір негіздерін қайта қарауды қажет етеді.

Оған қоса, британ ғалымы Сайпира Фюрстенберг 2020 жылғы наразылық экономикалық дағдарысты күшейтіп, елдің денсаулық сақтау жүйесін бұзған COVID-19 пандемиясының аясында өткенін атап көрсетті [8]. Үкіметтің пандемияға қарсы әрекеті азаматтарды жағымсыз күйге жеткізді. Пандемия үкіметтің 6,5 миллион халқы бар дағдарысты шешудегі орнын толтырған жергілікті еріктілердің көмегімен айтарлықтай жеңілдетілді. Сол кезде денсаулық сақтау жүйесімен қамтылмаған, тыс жерде қалған адамдарға Қырғызстан жастарының бастаған көлік және дәрі-дәрмектермен көмектесу үшін жаппай қозғалысы пайда болды.

Өткен жылдармен салыстырғанда, наразылық шараларын ұйымдастыру да өзгерді. Байланыс пен бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы наразылық білдірушілерге ұжымдық акцияны ұйымдастыруға көмектесті. Хабардың бұқаралық ақпарат құралдары мен YouTube, Telegram, Facebook сияқты әлеуметтік медиа арналары арқылы жылдам таралуы адамдарға жаңартулармен бөлісуді және тез жұмылдыру мүмкіндігін жеңілдетті. Сонымен қатар, бұрын шеттетілген топтардың әңгімеге қатысуына мүмкіндік беруде біршама рөл атқарды [9].

Манызды өзгерістердің бірі биылғы наразылықтарды «ескі саясаткерлердің» үкіметтен аулақ болуды талап еткен белсенді жас буын басқаруында болды. Бұл белсенділердің көпшілігі 2020 жылғы шілдеден бастап пандемия жағдайында жаппай іс-шараларға қатысып, содан кейін кейбір реформатор партиялармен парламенттік сайлау өткізуге шешім қабылдады.

Бұрынғы наразылықтардан бөлек айырмашылығы – оппозициялық фракциялар 2005 және 2010 жылдардағыдай біріккен жоқ. 2020 жылғы 9 қазанға дейін реформашыл партиялар (Республика, Ата Мекен, Бір Бол, Реформа) бастаған оппозиция келесі сайлауға дейін уақытша үкіметті құруға уақытша премьер-министрге басты үміткер бойынша келісе алмады.

С.Фюрстенбергтің ойынша, елдегі саясатты қолдаудағы ұйымдасқан қылмыстың рөлі елдің бұрынғы және қазіргі саяси күйзелістерінің ерекшелігі болды. Кейбір жағдайларда мемлекет пен қылмыстық топтардың ара қатынасы соншалықты түсініксіз болғандықтан, оларды ажырату қиынға соғады. 2005 жылғы бірінші революция кезінде А.Акаевқа қарсы демонстрациялар ұйымдастыруда және қаржыландыруда бірнеше маңызды ықпалды қылмыскер басшыларының рөлі айқын болды. Қылмыстық топтар 2010 жылы маусымда Ошта өткен этносаралық қақтығыстарға да қатысты. Мемлекет пен қылмыстық ұйымдар арасындағы қатынастар Бакиевтер дәуірінде бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті, белгілі ұйымдасқан топтар саяси билікке еніп, парламент пен үкіметтен орын алды.

Сонымен қатар, поляк зерттеушісі Мариуш Маршевскидің пікірінше, алдыңғы революциялардағыдай соңғы наразылықтар бірнеше деңгейдегі қиыншылықтар бірігуінің нәтижесі болды [10]. Оларға президенттің және оның шеңберіндегі биліктің орталықтандырылуына және сайлауды өткізуге қарсы тұру, сондай-ақ әртүрлі топтардың арасындағы шиеленістер, әдетте аймақтық және рулық байланыстарға қатысты мүдделер (елдің Солтүстік пен Оңтүстікке бөлінуі) жатады.



Негізгі саяси күштер Қырғызстандағы халықаралық ойыншыларды (Ресей, Қытай АҚШ) бір-біріне қарсы қоюға тырысады. Әлеуметтік және экономикалық мәселелер туындаған дәйекті саяси дағдарыстар елдің конституциялық-құқықтық тәртібін әлсіретіп, жергілікті әлеуметтік шиеленісті өршітуге қызмет етті (мысалы, 2010 жылғы елдің оңтүстігіндегі өзбек диаспорасына қарсы әрекеттер).

Екінші жағынан, қайталанатын дағдарыстар Қырғызстанда плюралистік саяси мәдениеттің болғандығын куәландырады, оның қоғамы бейресми, бірақ тиімді өзін-өзі реттеу механизмдеріне ие.

Бұл соңғы биліктің күшпен өзгертуі солтүстіктегі элитаның президент С.Жәэнбековтің авторитарлық амбициясын әлеуметтік наразылықтардың көмегімен тоқтатуға дайын екендігінің көрінісі болды. Кенеттен оппозицияның жетекшісі болған С.Жапаров ұлтшыл (сонымен қатар өзбектерге қарсы) және популистік көзқарастары бар саясаткер болып табылады (мысалы, ол шетелдік инвестицияларды ұлттандыруға шақырды).

Ол аймақтық және орталық деңгейдегі саясатпен белсенді айналысады. С.Жапаровқа қылмыстық топтармен байланысы бар деген айып тағылып, революция басталғанда ол жергілікті үкімет органының қызметкерін ұрлап, кепілге алғаны үшін 11 жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан.

С.Жапаров премьер-министр қызметін бастады, содан кейін президенттің міндетін атқарушы болды, осылайша барлық билікті өз қолына шоғырландырды. Берілген мәлімдемелерден кейін қазіргі парламент жұмысын жалғастыруда. Кезектен тыс президент сайлауы 2021 жылы 10 қаңтарға жоспарланған еді.

Мариуш Маршеwski жаңа үкіметтің алдында тұрған ең күрделі мәселелер жүйелік әлеуметтік және экономикалық қиыншылықтар, олар қазіргі революциядан кейінгі күйзелістермен, соның ішінде COVID-19 пандемиясының құлдырауымен күшейе түседі деп ойлайды.

Басқа шетел зерттеушілер халықтың Қырғызстан парламентіне деген сенімі өте төмен болды деп есептейді [11]. Саяси партиялар Қырғызстанда іс жүзінде белгілі бір топтың беделді көшбасшылардың айналасында қалыптасқан аймақтық және отбасылық, сондай-ақ бөтен бейресми байланыстармен біріктірілген көрініс болып есептелуі мүмкін.

2005, 2010 және 2020 жылдардағы төңкерістер Қырғызстанның Орталық Азияда ерекше орын алатынына дәлел [12]. Қырғызстан әлі күнге дейін аймақтағы халықтық наразылықтар арқылы өзінің жағымсыз көшбасшыларын ауыстырған жалғыз ел болып табылады.

Бірақ, жиырма жылдан кем уақыттағы бұл үшінші қақтығыс Қырғызстанды құлдырау қаупіне ұшыратады. Қырғызстан мен көрші мемлекеттердің азаматтары елдегі тұрақсыздыққа алаңдаулы. Ресей, Қытай, Орталық Азияның басқа мемлекеттері бұл мәселенің тезірек шешілуін қолдайды.

Үндістан зерттеушісі Макхан Сайкия наразылық білдірушілер үкіметтік партиялардың сайлау тізімдерінде сенімсіз өкілдерінің болуына және жергілікті билік тарапынан сайлаушыларға кеңінен таралған әкімшілік қысымға қарсылық көрсеткен деген ойын жеткізді [13]. Қырғызстандықтар өздерінің әлеуметтік әділетті және демократиялық елде өмір сүруге деген ұмтылыстарына нұқсан келтірілгенін сезінді.

Қорытындылай келе, 2020 жылдың қазан айында болған Қырғызстандағы саяси наразылықтардың басталуына бірнеше факторлар әсер етті деп айтуға болады. Олардың қатарында түрлі әлеуметтік және экономикалық себептер, соның ішінде Covid-19 пандемиясының салдары да бар.

Сонымен бірге, жоғарыда аталған шетел ғалымдардың пікірі бойынша, 2020 жылғы наразылықтардың 2005 пен 2010 жылдардағы екі үлкен қақтығысқа ұқсастығымен қатар, қырғызстандық қоғамның өзгеруіне байланысты біршама өзіндік ерекшеліктері байқалады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Торогельдиева Б.М. Модернизация политической культуры в Кыргызской Республике / Бишкек: Алтын-Тамга, 2014, 311 с.
2. Nasimova G.O., Buzurtanova M.M., Saitova N.A. Social protests in Kazakhstan: Factors and trends // Вестник Санкт-Петербургского университета. Философия и Конфликтология, 2019, т.35, Вып. 3, С.472-484.
3. Wood C. Is This the Beginning of Kyrgyzstan's Next Revolution? // Foreign Policy, 2020.  
<https://foreignpolicy.com/2020/10/07/beginning-kyrgyzstan-next-revolution-election-protests-bishkek/>
4. Putz C. Does Kyrgyzstan's Post-Election Chaos Put It on the Road to Revolution? // The Diplomat, 2020.  
<https://thediplomat.com/2020/10/does-kyrgyzstans-post-election-chaos-put-it-on-the-road-to-revolution/>
5. Russell M. Another revolution in Kyrgyzstan? // European Parliamentary Research Service, 2020.  
[https://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/ATAG/2020/659300/EPRS\\_ATA\(2020\)659300\\_EN.pdf](https://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/ATAG/2020/659300/EPRS_ATA(2020)659300_EN.pdf)
6. Helf G. In Kyrgyzstan, It's Easier to Start a Revolution than to Finish It // United States Institute of Peace, 2020.  
<https://www.usip.org/publications/2020/10/kyrgyzstan-its-easier-start-revolution-finish-it>
7. Engvall J. Kyrgyzstan's Third Revolution // Central Asia-Caucasus Analyst, 2020.  
The development and practical application of the ideas of humanistic psychology in the practical psychotherapy of Carl Rogers (1902-1987, USA) provided an opportunity for their use in pedagogy. In addition to the personality structures outlined by A.Maslow and Ch.Buehler before, C.Rogers identifies as a fundamental component of personality the self-concept that is formed in the process of the subject's interaction with the social environment and is an integral mechanism of self-regulation of his behavior. The most important characteristic of a mature, 'fully functioning personality' is its openness to experience, whose conformity with self-concept ensures flexibility, continuous change, and improvement of the human self.

Carl Rogers' introduction of the concepts of trust, non-verbal communication, guided assistance, helping behaviour, locus of appreciation, etc. into the scientific lexicon changes the view of education, giving it the character of relational pedagogy and defining it as an opposition, an alternative to personal formation pedagogy. A person, according to C.Rogers, is the subject of his life, he is free in his choices and decision-making, he strives to be independent and responsible, to self-development and personal growth. All these attributes characterise a healthy, normal person, they always exist in him as potentialities. For this human potential to unfold and be realised, favourable living conditions and education focused on the individual and his or her life problems are necessary.

C.Rogers therefore identifies two types of learning: informational learning, which provides simple knowledge of facts, and meaningful learning, which provides learners with the actionable knowledge they need to change and self-develop. While recognizing the importance of all lines of human development – mental, social, professional, etc., C. Rogers prioritizes personal development proper, the formation of a 'fully functioning personality' and, above all, the development of an adequate and flexible, healthy self-concept: "helping people to be individuals is much more important than helping them to become mathematicians or French speakers". Learning to help people be individuals is personality-oriented learning, or, in Rogers' terms, meaningful learning. So what is meaningful learning for human self-development? The answer to this question can be found in C. Rogers' theory of personality. Its basic coordinates include concepts such as the field of experience of the individual, self, ideal self, congruence and incongruence, tendency towards self-actualisation, personal growth and barriers to growth, and social relationships. C. Rogers believes that personality is most fully manifested and defined in experience, which includes events, perceptions, feelings, influences, etc., i.e. everything that happens to a person at a given moment and is available for awareness. The field of experience of each individual is unique. The content of the individual's experience is determined by what elements become the subject of awareness, i.e. what life issues the individual's attention is directed to, what life issues occupy or concern him or her. The teacher who provides meaningful learning must therefore understand these issues and also see in the student's personal experience those issues that are important for their development but which they have not yet recognised as personally significant. In this case, it is necessary to organise an 'encounter with the problem. In the field of experience is the self, i.e. a person's self-image, based on past and present experiences and expectations of the future.

C. Rogers distinguishes between real and ideal selves – "the representation of oneself as one would most like to have, to which one attaches the greatest value to oneself". If a person does not accept himself as he is, and is guided in the assessment of his behavior, making decisions only by an ideal image of himself, it leads to constant discomfort, dissatisfaction with himself, neurotic states, inhibition of personal development.

The task of an educator providing personality-oriented education is to help a person to accept and love him/herself as he/she is, to reveal himself or herself as an attractive image. This requires helping the individual to develop congruence, that is, the ability to be oneself in interactions with people. This means not playing a role, not pretending, saying what one really thinks or feels. C. Rogers uses the term congruence to note the exact correspondence between a person's feelings and their awareness of these feelings, in other words, the correspondence of experience to consciousness. This draws attention to the integrity of the individual as a prerequisite for mental health. Incongruence occurs when there is a distinction between consciousness, experience and the reporting of experience. For example, people say they are having a great time, while they are bored, lonely or unwell. In this case, the person either does not understand what is happening to them, or does not want to talk about it, or is being deliberately insincere. All of this needs to be corrected because the integrity of the individual is destroyed, coming into conflict with the reality of their being.

The educator will help the learner to resolve this contradiction independently by drawing on the tendency towards self-actualisation, which is the main motive that drives the individual to move towards greater congruence and towards more realistic functioning. Thus, C. Rogers assumes that the source and drivers of development and personal growth reside within the individual. Therefore, the main task of training is to help him to understand himself, to understand his problems and to mobilise his inner strengths and capacities for their solution and self-development.

Based on his own therapeutic experience, C. Rogers identified five conditions for personality-oriented (meaningful) learning. The first concerns the content of the communication with the students' life problems, creating a learning situation in which the students are allowed to interact to a certain extent with the problems and issues that

are important to them and that they would like to resolve. The second condition is referred to as the 'reality of the teacher's personality', which is to be congruent, i.e. to behave appropriately to the feelings and states experienced and to display their human qualities in their interaction with the students.

The third condition is that the teacher accepts the student as he or she is and understands his or her feelings. C. Rogers emphasises the need for a warm acceptance, an unconditional positive attitude of the teacher towards the student.

The fourth condition concerns the teacher's attitude towards the sources and ways of acquiring knowledge. The teacher should seek to make students aware of his knowledge and experience and that they are allowed to refer to this knowledge, but he should not impose it on students. Teaching should not be prescriptive, the student should feel free in the world of sources of knowledge and information and should always be able to enter into a dialogue with the teacher, to choose an alternative solution to a problem.

Finally, the fifth condition for meaningful learning is the need for the teacher to build on the self-actualising tendency of his students. 'His teaching should be built on the fact that students interact with life problems they would like to solve, that they aspire to grow, are not always able to find a way out of a difficult situation, rely on the teacher and have an irresistible desire to create. The teacher's role is to organise such a personal relationship with students and such a psychological climate that would facilitate free expression of the above tendencies'. [10, p.74].

The results of a personality-oriented education cannot, according to Carl Rogers, be assessed by school grades, since its criteria are not the quantity or even quality of knowledge learned, but the changes that take place in the individual, in his or her development and growth. These include changes of the following kinds:

- a person begins to perceive oneself differently;
- a person accepts himself/herself and his/her feelings more fully; becomes more self-confident and autonomous;
- sets himself/herself realistic goals, behaves more maturely;
- becomes more like the person they want to be;
- becomes accepting and understanding of others, etc.

A comparison of the results of students in ordinary classes and those in classes where Rogers' conditions for meaningful learning were implemented. A comparison of the results of students in ordinary classes where Rogers' conditions for meaningful learning had been implemented did not reveal any significant differences in learning. However, it showed that the students with the human-centered approach had higher personal adaptation, expressed more desire to master knowledge beyond the curriculum, were more creative, and were more responsible.

The idea of a personality as the highest value of life, corresponding to this priority consideration of self-values of consciousness, its self-realisation as a person's realisation of its purpose, form the basis of both theoretical and applied constructions of the Western psycho-pedagogical science of the twentieth century. Despite the fact that these concepts were organically derived from the cultural and historical context of European civilization tradition, they formed the main alternative to traditional (primarily European) approaches to education. The value of humanizing the growing tendencies towards technocratisation of society manifests itself in the impossibility for humanistic education to follow a unified approach. It is the 19th century European, mostly German, philosophy that provided the scientific basis for the humanistic approach to education, which is culturally appropriate and in line with European tradition. This phenomenon shows all the signs of development, i.e. transition to a new quality, which is initially provided by breakthroughs of philosophical thought, becomes concrete in psychological research and is embodied in pedagogical approaches.

The humanistic paradigm is alternatively opposed to the transformative (formative) paradigm at all stages of its development. At the stage of philosophical justification, the appeal to the personal and semantic basis of the individual, to the inner sources of the activity of consciousness, to its value as a determinant of being, stands as an opposition to the idealist tradition (from Fichte and Schopenhauer to Dilthey and Husserl) to the materialist tradition (from Feuerbach and Marx to Duering and Heckel). Idealism is inherently humanist in that it prioritises the ideals (meanings) created and embodied by the individual over being. Idealism constantly *works* with the human problems of consciousness, existence, meaning, purpose of life, values, which materialism dismisses as imaginary, focusing on respect for the natural sciences, technology, human reasoning.

The exploration of the essentially human in man, the unfolding of subjectivity in the social environment, etc., determines the alternative of humanistic psychology to materialistic psychology, which focuses on the mediation of the psychic and the spiritual by what is not psychic and spiritual – the external environment, the bodily substratum, etc. In Soviet psychological science, this opposition was removed artificially, through the expulsion or physical extermination of the adherents of its humanist, i.e. humanistic, essentialist component. While in foreign psychology the alternative of the subject approach in the first third of the twentieth century moved smoothly from empirical

personality psychology to the construction of mid-level psychological theories of personality, the Russian variant of development had its own peculiarity.

Humanistic pedagogy in the West, represented by the alternative authorial systems of R. Steiner (1861-1925, Germany), M. Montessori (1870-1952, Italy, Netherlands), C. Freinet (1896-1966, France) and others, puts the individual, his values, personal freedom, the ability to predict and control his own life in the first place. The focus of humanistic pedagogy is on the unique holistic individual who strives for maximum realization of his/her possibilities (self-actualisation), is open to accepting new experiences and is capable of making conscious and responsible choices in various life situations.

The humanistic pedagogy proclaims the attainment of this quality as the aim of education, in contrast to the formalised transmission of knowledge and social norms in traditional pedagogy. This trend departs from the widespread Western ideas of behaviourism, which is based on the assumption that human behaviour can be controlled and changed in accordance with externally imposed goals. Behaviourism is indifferent to humanistic ideals in the process of education. Schooling is seen as an assembly line for the production of individuals adapted to exist in certain social conditions. Behaviourism has removed questions about the guidance of the moral formation of the individual, about the essence of his inner convictions and value orientations. Paradoxically, behaviorism, which was criticized in Soviet psychology and pedagogy, became an implicit basis for communist education, except insofar as it referred to beliefs and moral orientations.

There has always been a humanistic pedagogical culture in Russian education, even at a time of total ideologisation and unification. Here are a few cultural and historical analogues of the humanistic school that have been created by prominent Russian educators. The image of an 'ideal school' was drawn by K. N. Ventsel as the 'House of the free child', by V. A. Sukhomlinsky as the 'School of joy' and by S. A. Amonashvili as the 'School of life'.

'House of the free child' – this is an ideal school of the future that K.N. Ventsel wrote about at the beginning of the 20th century, stressing that it is not an ordinary educational institution, but an institution of general education where the emphasis is put not on teaching but on educating a person as an integral personality. "The aims of this institution are close and understandable to the child, because they fully coincide with his needs and, above all, with his needs for free development and active interaction with other people: the child comes to this school to live a full life here... free labour, free play, free communication with his fellows and with those adults who can share with him their knowledge and, in general, the spiritual treasures they possess, free quest for truth through independent study in science, free realization of the beauty of independent work in the field of artistic creation and free work on himself and on the little community he has entered so that both he and the community may grow morally higher, better and more stable" [11, p.64].

Amonashvili's 'School of life' is based on the principles of humanistic-personal pedagogy. The author identifies six features of the educational process.

The first is the internal continuity of the creative activity of Nature and a human educator. According to Sh. Amonashvili, nature provides the child with opportunities for boundless development. The school assumes the responsibility to continue the work of Nature and create a noble human being.

The second feature of the educational process in the humane school is its integrity, understood as the integrity of a child's life, aspiring to the future.

The third feature concerns the lesson, which is seen as an accumulator, as the leading form of children's life, not just their learning.

The well-being of the child's life in the classroom is ensured through cooperation with the teacher and other children.

The fourth characteristic of the pedagogical process is that a collaborative relationship between teachers and children becomes a natural quality of the process.

The fifth characteristic of the humanistic pedagogical process is the development of children's capacity for evaluation, while at the same time abolishing school marks, which is the key to children's success in learning.

The sixth characteristic of the School of Life is the special, humanistic mission of the teacher. 'The humanisation of the environment around each child, the humanization of society and of the teaching process itself, is the teacher's highest concern. A humane teacher is 'loving and devoted to each child, feeling deeply responsible for each child; striving to understand each child'.

The personal and humane approach to the child is a fundamental achievement of the theory and practice of humanistic pedagogy. Years of experience in pedagogical work have led Sh. Amonashvili to the conviction that there are two approaches to solving educational problems – imperative and humane. Teaching is imperative if it is built without taking into account the personal characteristics and needs of the child. The teacher who provides this kind of education is convinced that the child is bound to resist it, and therefore he/she has to be forced to learn by strict requirements, imperatives.

A humane approach is that the educator thinks optimistically about children, approaching them as independent subjects of learning, able to learn not under compulsion, but voluntarily, at their own will and free choice. In other

words, the educator assumes that each child has a personal meaning, a personal significance of learning, which should be the basis for the pedagogical process. If there is no such personal meaning, we should help the child to find it.

According to Sh.A. Amonashvili, to instrumentalise learning as an activity freely chosen by a student means, first, to create the best conditions for his/her purposeful, socially and pedagogically significant development, education, enrichment with knowledge and experience; and, second, to manage this process in accordance with the needs of his/her inner strength, that is, from the position of the child (emphasis added), his interests [12].

A reference to cultural examples of pedagogical practice allows us to draw some conclusions about the most essential features of the humanist paradigm of education.

The first of these is the special value attached to the child and childhood as a unique period in human life. Then there is the recognition of personal development (mental, physical, moral, aesthetic) as the main task of the school, and the formation of the child's unique individuality as its main result. The content of education includes cognitive, creative and ethical (moral) components in their unity and interaction.

As for pedagogical means, methods and forms of the pedagogical process organization, each educational system is creative and finds its own content, methods and means of upbringing and education. The humanistic approach implies freedom and creativity of both students and teachers.

The common requirements for all humanistic models are the creation of a cultural and educational environment, in which a person freely chooses the ways of creative self-realization and cultural self-development, and the implementation of socio-pedagogical protection, assistance and support for each child in his/her adaptation to the society and life self-determination.

Obviously, humanist pedagogy aims at the future of the individual, arguing that everything depends on his or her own efforts and activity, relying on the power of the mind rather than on the realm of the social, external to the individual. Thus, humanist pedagogy asserts the primacy of the mind over being. In this context, the humanization of education, as an alternative, excludes a static, impersonal approach to the individual.

The humanistic approach focuses on the human being (the core value), culture, and society as interrelated determinants of education aimed at supporting the processes of individual self-development and self-determination of a child. These features of the humanistic paradigm have created prerequisites for the emergence of personality-oriented strategies and models of education in its context.

In the 1990s, pedagogy and educational psychology of the CIS countries wrote methodological works, which substantiate the necessity and possibility of personality-centered education, the priority goal of which is to develop abilities and talents of an individual and to create favorable conditions for implementation of the student's personal potential. In the works of N.A. Alekseev, D.A. Belukhin, E.A. Bondarevskaya, M.M. Zhanpeisova, V.I. Zagvyazinsky, M.A. Kussainova, E.A. Mambetkaziev, E.V. Tkachenko, V.V. Serikova, I.S. Yakimanskaya have covered philosophical and psycho-pedagogical aspects of education quite thoroughly.

The legislative aspect was important for the implementation of personality-centred education principles in the pedagogical system of Kazakhstan. The Law on Education of the Republic of Kazakhstan approved the principle of variability in the choice of forms, methods and technologies of education, which allows teachers and pedagogues of educational institutions to use the best option in their opinion and to design the teaching process according to any model, including the author's model.

**Conclusion.** In summary, we have identified that awareness of the essence and models of personality-oriented learning is recognised as the main direction of teachers' preparation for the transition to this educational paradigm. This is evidenced by the availability of a wide range of scientific and pedagogical literature on the theory and practice of person-centred learning.

#### References

1. Dyachenko V.K. The main direction of educational development in the modern world. – M.: School technologies, 2005. – 512 p.
2. Slastenin V.A., Isaev I.F., Shiyarov E.N. Obshchaya pedagogika. – CHast 1. – M.: Gumanit.izd.centr VLADOS, 2002. – 288 p.
3. Levites D.G. Praktika obucheniya: sovremennye obrazovatelnye tekhnologii. – M.: Iz-vo 'Institut pravkticheskoy psihologii'; Voronezh: NPO 'MODEK', 1998. – 288 p.
4. Zhumazhanova R. Zh. Pedagogicheskoe soprovozhdenie kak tekhnologiya povysheniya effektivnosti uchebno-vospitatelnogo protsessa kolledzha: Ph. D. thesis: 13.00.01. – Almaty, 2007. – 145 p.
5. Kometov G.B. Paradigma pedagogiki podderzhki // SHkolnye tekhnologii. – 2006. – №2. – pp. 39-47.
6. Shakhgulari V.V. Sushchnost i soderzhanie pedagogiki 'pomogayushchih otnosheniy' // Vestnik KazNU. Pedagogicheskie nauki. – 2007. – №2 (21). – pp. 154-160.
7. Maslow A. The farther reaches of human nature: – 1971. – 430 p.
8. Barbara Reisel: Bühler, Charlotte. In: Gerhard Stumm u. a.: Personenlexikon der Psychotherapie. Springer, Wien u. a. 2005, ISBN 3-211-83818-X, pp. 77-79
9. Rogers C. Client-Centered Therapy: – 1965. – 320 p.
10. Anokhina T. Pedagogicheskaya podderzhka kak realnost sovremennogo obrazovaniya. // Novye cennosti obrazovaniya. iss. №6 – M.: Innovator, 1996. – pp.71-80.
11. Kulnevich S.V. Pedagogika lichnosti: Ucheb. posobie. part 1.– Rostov-on-Don, 1995. – 167 p.
12. Amonashvili Sh.A. Razmyshleniya o gumannoy pedagogike. – M.: Izdatelskiy dom Shalvy Amonashvili, 1995. – 496 p.

## ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

**Жұмабекова Қ.Б.**

*Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының 3 курс PhD докторанты  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа:** Білім беру жүйесіндегі тың түсініктердің бірі – педагогикалық жаңалық – бұл жаңа идеялар, әдістер, технологиялар ғана емес, педагогикалық процесс элементтерінің бірлігінің немесе жеке элементтерінің білім беру мен тәрбиелеудегі белгілі міндеттерді тиімді шешу жолы. Яғни заманауи білім беруде талап етіліп, кең ауқымда қолданыс тауып, жанданып келе жатқан инновациялық іс-әрекеттің сипаты. Мақалада инновациялық іс-әрекет түсінігі мен оның мәні, инновациялық іс-әрекеттегі негізгі бағыттар мазмұндалған.

**Түйін сөздер:** инновация, инновациялық іс-әрекет, педагогикалық инновация.

Педагогикада «инновациялық іс-әрекет» ұғымы кең мағыналық диапазонға ие. Бұл жоғары нәтижелерге қол жеткізу, жаңа білім алу, жаңа педагогикалық практиканы енгізу мақсатында оқу процесін салыстыру және зерттеу арқылы өзіндік педагогикалық тәжірибені түсінуге негізделген мақсатты педагогикалық қызмет, бұл білім сапасын арттыруға бағытталған педагогикалық жаңалықтарды жоспарлау мен іске асырудың шығармашылық процесі. Бұл педагог-психологтың шығармашылық әлеуетін көрсететін әлеуметтік-педагогикалық құбылыс деуге болады.

Әлеуметтік психология мен педагогика әрқашан оқу процесін басқару мәселелеріне ерекше назар аударады, өйткені барлық уақытта оқу барысында қабілеттері, білімі мен дағдылары қалыптасқан мамандар қоғамның әлеуметтік-экономикалық прогресінің маңызды факторы болып табылады.

Педагогикалық категория ретінде «инновациялық іс-әрекет» термині салыстырмалы түрде жас, және бұл тұжырымдаманы анықтауда әртүрлі тәсілдердің болуының бір себебі.

Қазіргі педагогика сөздігі бұл терминді былай түсіндіреді: «педагогикалық инновация – бұл педагогикалық қызметке жаңалықтардың тиімділігін арттыру мақсатында оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны мен технологиясының өзгеруі» [1].

Осылайша, жалпыланған түрде инновациялық іс-әрекетті идеялардың инновацияға айналуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ осы процесі басқару жүйесін қалыптастыратын қызмет ретінде ұсынуға болады. Сонымен қатар, инновация тек фактіні бекіту ғана емес, бұл педагог жұмысындағы тұтас жүйе, оның сипаттамасында мазмұн, мақсат, іске асыру мерзімі, инновацияны шешуге бағытталған мәселелер, инновациялық тәжірибе нәтижелерін диагностикалау әдістері, тәжірибені ұсыну формалары көрсетілуі керек.

Мақсаты бойынша білім берудегі инновацияларды шартты түрде екіге бөлуге болады:

– жалпы (заманауи білім берудің жаһандық тұжырымдамалары: ОТП оңтайландыру, гуманистік ережелер мен практикалық технологиялар, педагогикалық процестерді ұйымдастыру және басқару, ақпараттық технологиялар);

– жеке (заманауи білім беру парадигмасында біртұтас дамыған және тікелей білім беру мекемелеріне енгізілетін авторлық инновациялар).

Қазақстандағы үздіксіз білім беру жүйесі мен қызметі білім саясатының басым бағыттарын тұжырымдамалық амалдар арқылы жүзеге асырылады. Олардың ендірілуі мемлекеттің білім беру бойынша негізгі ойларын жүзеге асыруға қоғамды дамытуға болашақ ұрпаққа сапалы білім беріп өмірге даярлауға бағытталады.

Оқытушы тұлғасы, оның кәсіби біліктілігі, рухани байлығы ЖОО-дағы оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етудегі маңызды жағдай болып табылады. Оқытушының тұлғалық және кәсіби маңызды сапасын қалыптастыру мәселесі психологиялық-педагогикалық зерттеулерде өз маңыздылығын жоғалтпайды [2].

Жаңартудың тұжырымдамалық ережелеріне және білім беру мазмұнына байланысты инновациялық процестерді әдістемелік-бағдарланған және мәселелік-бағдарланған деп бөлуге болады.

Әдістемелік бағдарланған инновациялық процестердің негізінде белгілі бір білім беру технологиясы мен әдістемесін жүзеге асыру жатыр, мысалы:

- заманауи ақпараттық технологияларды қолдану;
- білім беру мазмұнын интеграциялау принципін қолдану;
- дамыта оқыту;
- саралап оқыту;
- жобалық оқыту;
- проблемалық оқыту;
- бағдарламаланған оқыту;
- модульдік оқыту [3].

Әдістемелік-бағдарланған педагогикалық технологиялар шеңберінде оқытуды заманауи ұйымдастырудың мынадай тәсілдері оқытушының кәсіби практикалық қызметінің, даярлығының, құзыреттілігі мен педагогикалық шеберлігінің міндетті шарты болуға тиіс:

- жеке тұлғаға бағытталған;
- операциялық-әрекеттік тәсіл;
- кәсіби бағытталған (құзыреттілік) тәсіл;
- акмеологиялық көзқарас;
- креативті-дамушы тәсіл;
- контекстік тәсіл.

Инновациялық жұмыстың міндетті шарты оқу-әдістемелік әдебиеттер мен заманауи материалдық-техникалық базаның жеткілікті санының болуы. Осылайша, инновациялық қызметтің негізгі бағыттарын: а) білім беру процесін ұйымдастырудағы өзгерістер; б) оқыту және тәрбиелеу технологияларындағы өзгерістер; в) білім беру мекемелерін басқарудағы өзгерістер деп бөлуге болады.

Соңғы жылдары білім беруді жаңаландырудың негізгі тенденциялары оқытудың гуманизация, гуманитаризация, демократизация, децентрализация, дифференциация, индивидуализациясымен сипатталады. Білім берудің ұлттық моделінің қалыптасу мен бекітілу процесі белсенді жүруде, оның негізгі идеясы – ұлттық-мәдени негізде тұлға мен қоғам талабына сай өзін-өзі дамытуға қабілетті білім беру мен тәрбие жүйесін құру.

Соған сәйкес, білім беруде педагогикалық процесстің бірден бір басқарушысы – білім беруші. Оқытушының болсын, мұғалімнің болсын профессиограммасына болашақ маман жұмысының түрі мен жағдайларына қысқаша сипаттама беру, кәсіби қажеттіліктің нормативтері мен көрсеткіштері, жас маман таңдауға құралған бағалау шкалалары және болашақ кәсіби оқытушыларды даярлауға қойылатын талаптарды жатқызамыз.

Білім алушылар қазақстандық білім беру жүйесі бағыт алған білімнің, дағды мен біліктің жиынтығын меңгеріп қана қоймай, білім алушылардың өзін барынша көрсете білу және қоғам өміріне пайдалы түрде қатысуы үшін ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалану дағдысын бойына сіңірулері әлдеқайда маңызды. Қазіргі таңда жоғары білім беру мазмұны фактологиялық күйден, шығармашылыққа ауысып, жоғары мектептер қоғам өміріне құзіретті, жауапты, бәсекеге қабілетті әрі шығармашыл маман даярлауға бағдарлануда. Сол себептен де қазіргі білім берудің даму тенденциясын ақпараттандыру, ізгілендіру, демократияландыру, компьютерлендіру алға қойылған. Тіпті соңғы орын алған білім берудегі платформалар да білім алушы мен оқытушыларды анағұрлым өз қабілеттірін жетілдіруге, мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға біршама бағдар жасауда.

Сонымен қатар, қазіргі заманның білім беру жүйесінің басты ерекшеліктерінің бірі – мемлекеттік басқарудан мемлекеттік-қоғамдық басқаруға өту. Білім беру жүйесін мемлекеттік-қоғамдық басқарудың негізгі идеясы – білімге қатысты мәселелерді шешуде мемлекет пен көпшіліктің күш-қуатын біріктіру, мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналарға оқу үдерісінің мазмұны мен түрін ұйымдастыру әдістерін және білім беру мекемелерін таңдауға барынша кең құқық пен еркіндік беру. Бұлардың өзі білім беруді басқаруда батыл қадамдар жасауға, заманауи бағыттардың, тың идеялардың пайда болуына зор ықпалын тигізеді.

Білім беруді басқарудың түрлі деңгейлі салаларын жетілдіру сауатты білім алып, заманауи, яғни, инновациялық басқарудың қыр-сырын жетік меңгерген болашақ мамандардың алдағы іс-әрекеті деп білеміз. Әрине бұл бағыттардың барлығы білім беру жүйесіндегі түрлі заңдар мен заңдылықтарды басшылыққа алынумен жүзеге асырылады.

Білім беруді басқарудың мемлекеттік сипаты «Білім туралы» заңда белгіленген мемлекеттік саясат принциптерінің мынадай бағыттарымен айқындайды:

- білім берудің гуманистік сипаты, жалпы адамзаттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығын, жеке тұлға бостандығының басымдылығы;
- азаматтыққа және Отанға деген сүйіспеншілікте тәрбиелеу;
- республикадағы мәдени және білім беру кеңістігінің біртұтастығы, аз ұлттарға білім беру жүйесінің қорғалуы;
- білімнің жалпыға бірдей міндеттілігі, білім беру жүйесінің базалық даярлығы, даму деңгейі мен ерекшеліктеріне бейімделгіштігі;
- білім жүйесінің еркіндігі мен көптүрлілігі;
- білім беруді басқарудың демократиялық, мемлекеттік қоғамдық сипаты.

Аталған принциптерді басшылыққа ала отырып, Ш.Т. Таубаеваның инновациялық іс-әрекеттегі басшылыққа алынатын негізгі кезеңдерді атап өтсек болады. Инновациялар, инновациялық іс-әрекет



инновациялық ойлауды қалыптастыруды талап ететіні сөзсіз. Инновациялық ойлау төрт диалектикалық өзара байланысқан кезеңдерден тұрады:

1. когнитивті – ойлау жүйесіне жаңа білім мазмұнын тану мен инновацияны генерациялау арқылы өтетін педагогтың субъективті шындығындағы инновацияның пайда болу үдерісі;

2. жобалау – пәнаралық, интеграциялық тұғыр негізінде субъектінің танымы, ең алдымен түрлі философиялық құрылымдар, таным теориясы, психология, педагогика;

3. инструменалды – педагог-инноватордың тәжірибедегі технологиялық инновацияларды тудыру кезеңі;

4. түзетушілік, онда педагог-инноватор педагогикалық тәжірибені жетілдіру мақсатында оған жаңаны ендіруді түзетіп, ыңғайластырады [4].

Инновациялық іс-әрекет қызмет студенттің табыстылығы мен тиімділігін бағалаудың қажетті шарты болып табылады.

Инновацияның әртүрлі анықтамалары бар, жалпыланған түрде инновациялық іс-әрекетті идеялардың инновацияға айналуын қамтамасыз ететін, сонымен қатар осы процесті басқару жүйесін қалыптастыратын қызмет ретінде ұсынуға болады.

Сонымен, жалпы педагог-психолог іс-әрекетіндегі инновациялар деп әртүрлі инновациялар түсініледі, мысалы, білім беру процесінің тиімділігін арттыратын білім беру мен тәрбиелеудің әртүрлі жаңа технологияларын қолдану, мысалы, АКТ-ны қолдану және енгізу, дизайн әдісі, білім беру салаларын интеграциялау, зерттеу қызметі және т.б. Яғни, білім берудегі инновациялық іс-әрекет – білім берушінің жаңа идеяларды, жаңа әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие процесіне, өзіндік кәсіби тәжірибесіне, білім мекемесі жағдайына, оқушылардың білім дәрежесінде байланысты енгізуі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Беляева И.Ф., Катульский Е.Д., Магун В.С. Мотивация трудовой деятельности и некоторые направления перестройки системы управления трудом // Ключевой вопрос социологии труда. – М., УРАО 2008.–367 с.
2. Таубаева Ш.Т. Инновация.Технология.Жоғарғы оқу: ҚазҰУ Хабаршысы. 2013ж.
3. Виллюнас В.К. Психология развития мотивации. – СПб.: Речь,2006. –458 с.
4. Таубаева Ш.Т. Жоғары мектеп оқытушысының инновациялық мәдениеті: стратегиялар, парадигмалар, құзыреттер. «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогикалық кадрларды кәсіби даярлау: құзыреттілік, технология және инновация» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдар жинағы. –Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2019 ж. –284 бет
5. Алексанина Н.С. Инновационная деятельность в образовании/ Н.С.Алексанина // Мир образования – образование в мире.– № 4. – 2006. –С. 119-124.

## ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҚОҒАМДА ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

*Маханбетияр А.Б.*

*7М01101 – «Педагогика және психология» мамандығы, 1 курс қазақ бөлімінің магистранты*

*Ғылыми жетекші: пед.ғ.к., доцент м.а. Қудайбергенова А.М.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аннотация:** Мақалада «Эмоционалды интеллект» тұжырымдамасының қысқаша талдау жүргізілген. Сонымен қатар, эмоционалды интеллектінің құрылымдары көрсетілген. Қазіргі уақыттағы эмоционалды интеллектінің психологияның ғылыми және практикалық бағыттары үшін қаншалықты маңызды екендігі талданады.

**Негізгі ұғымдар:** интеллект, эмоционалды интеллект, эмоционалды интеллект компоненттері

Қазіргі қоғамда эмоцияны түсіну мен білдірудегі құзыреттілік мәселесі өте маңызды болып отыр. Көптеген зерттеушілер эмоциялардың әлеуметтік мәніне баса назар аударып, ақыл-ойды жетілдіруге негіз болатын қоғамның ажырамас бөлшегі екендігін атап өтті. Өйткені, адам өзінің ойлауынан гөрі сезімі және басқа адамдармен қарым-қатынасы барысы тұлғаның қалыптасуына негіз бола алады.

Эмоцияларға тыйым салу оларды санадан шығаруға әкелетіні белгілі; өз кезегінде эмоцияны психологиялық өңдей алмау психосоматикалық бұзылулардан бастап, девиантты және делинквентті мінез-құлықпен аяқталатын түрлі жағымсыз салдарларды тудыруы мүмкін, өйткені эмоционалды проблемалар өзін-өзі бақылау деңгейі төмен адамдарда көрінеді [2].

Жоғарыда аталған мәселелерді шешуге жеке адамда «эмоционалды даналықты» дамытуға бағытталған мақсатты жұмыстар ықпал етуі мүмкін.

«Эмоционалды интеллект» феноменін зерттеу фундаменталды ғылымның да, психологияның, педагогиканың, менеджменттің қолданбалы салаларының әр түрлі салаларының ғалымдарының назарын аударады. Жаңа тұжырымдаманы зерттеу белгілі бір жас кезеңіндегі даму ерекшеліктерін, кәсіби қызметтегі көріністер мен жеке тұлғаның табысы мен дамуына әсер етуін талдауға арналған.

«Эмоционалды интеллект» ұғымының мәнін және оның құрылымын түсіну үшін «интеллект» сөзінің бастапқы мағынасы мен оның әр түрлі белгілерін талдап көрейік. Интеллект дегеніміз ақпаратты өңдеумен байланысты когнитивті сипаттама. Латын тілінен «интеллектус» ақыл, парасат, пайым деп аударылады. Энциклопедия интеллектті ойлау қабілеті, танымның абстрактілі қабілеті деп анықтайды. Бұл тұжырымдама «көне» болғанына қарамастан (оны ежелгі философтар қарастырған), қазіргі уақытта ол өзектілігін жоғалтпақ емес. Бұл құбылысты талдай отырып, ғалымдар бір көзқарасқа келе бермейді, сондықтан анықтаманың өзі күрделі болғандықтан, интеллекттің толық моделін құру қиынға соғады.

Қазіргі уақытта шетелдік психологияда «эмоционалды интеллект» терминін түсінудің бірнеше тәсілдері бар: қабілеттер ретінде; ерекшеліктері ретінде; тұлғаның тұрақты қасиеттерінің, әлеуметтік, эмоционалды-танымдық дағдылары мен мотивациясының жиынтығы ретінде.

Эмоционалды интеллекттің көптеген анықтамалары бар.

**Эмоционалды интеллект** – бұл кең мағынада өзіне және басқаларға деген жағымды да, жағымсыз да сезімдерді тану, жеке сезімдерді жалаң фактілерден ажырата білу, сондай-ақ басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда көңіл-күйді, темпераментті, интонациялар мен ниеттерді олардың жасына қарамай сезіну шеберлігі. Эмоционалды интеллекттің маңызды бөлігі – өзінің эмоциясын тану және шынайы сипаттау қабілеті, дүрбелеңге қарсы тұру және «жаман эмоциялардан» бас тарту (ашу, қызғаныш, тітіркену, қызғаныш, ашу).

Эмоционалды интеллект – бұл жеке тұлғаның бейімделу мүмкіндіктеріне тікелей қатысты және танымдық қабілеттер жиынтығы болып табылмайтын, өзін-өзі қабылдаудың және эмоциялармен байланысты эмоционалды бейімділіктің жеке және тұрақты жиынтығы деп болжануда. Зерттеулерге сәйкес, эмоционалды интеллект қасиеті жоғары дамыған адамдар оптимистік және бейімделгіш, жоғары эмпатияға ие, тұлғааралық және тұлғашылық сфераларда өте құзыретті [10], өмірге қанағаттанған, жағымсыз оқиғалардан аз уайымдайды, көп жағдайда стрессті жеңуге бейімделетін стратегияларды қолданады.

Р.Бар-Он өмірлік жағдаяттарды шешуге көмектесетін танымдық, білімділік және құзыреттіліктермен басқа барлық қабілеттерді қоса алғанда, эмоционалды интеллект тұжырымдамасына кең түсінік береді [3].

Эмоционалды интеллекттің әлеуметтік бөлігі ретінде қарастыра отырып, ол алдымен өзінің зерттеуінің бір бөлігі ретінде «EQ» (эмоционалды интеллект) терминін енгізді. Р.Бар-Он эмоционалды интеллекттің бес бағытын анықтады.

1. Өзін-өзі тану: адамның өз эмоцияларын білуі, түсінуі, сенімділік, өзін-өзі құрметтеу, өзін-өзі актуализациялау, тәуелсіздік.

2. Тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары: эмпатия, тұлғааралық қатынас, әлеуметтік жауапкершілік.

3. Бейімделу мүмкіндігі: мәселелерді шешу, шындықпен байланыс, икемділік.

4. Стресстік жағдайларды басқару: күйзеліске қарсы тұру, импульсивтілікті бақылау.

5. Басым көңіл-күй: бақыт, оптимизм

Ғылыми әдебиет көздерін талдау негізінде эмоционалды интеллект адамның эмоционалды жағдайдағы реакциясын түсіндіру және болжау үшін қажет және тұлғаның эмоционалдық сферасын талдаудың тиімді құралы болып табылатын күрделі құбылыс ретінде анықталады.

Эмоционалды интеллект тұжырымдамасын алғаш рет Г.Гарскова қолданды, ол эмоционалды интеллектті эмоцияларда ұсынылған және интеллектуалды синтез мен талдауға негізделген эмоционалды сфераны басқаруға қабілеттілік ретінде анықтайды [7]. Эмоциялар мен ойлау байланысының заманауи тәсілдерінің бірі – жағымсыз сезімдермен тиімді күресетін теңдестірілген адамдарды сипаттайтын практикалық интеллект тұжырымдамасы. Мұндай адамдардың айрықша қасиеттері – сабырлылық пен байсалдылық, жан тыныштығы.

Эмоционалды интеллект эмоцияларда қамтылған ақпаратты өңдеу қабілеті ретінде анықталады: эмоциялардың мағынасын, олардың бір-бірімен байланысын анықтау, эмоционалды ақпаратты ойлау мен шешім қабылдау үшін негіз ретінде пайдалану. П.Саловей мен Дж.Мейер иерархияда орналасқан төрт компонентті анықтады, мұнда әр компонент адамның өз эмоцияларына да, басқа адамдардың эмоцияларына да қатысты [8]:

– эмоцияларды анықтау. Бірнеше байланысты қабілеттерді қамтиды, мысалы, эмоцияны қабылдау (яғни эмоцияның болу фактісін байқау мүмкіндігі), оларды сәйкестендіру, адекватты білдіру, шынайы эмоциялар;

– ойлау мен іс-әрекеттің тиімділігін арттыру үшін эмоцияларды қолдану. Сезімдерді маңызды оқиғаларға бағыттау, проблемаларды шешуге ықпал ететін эмоцияларды ояту (мысалы, шығармашылық идеяларды қалыптастыру үшін көтеріңкі көңіл-күйді қолдану), проблема бойынша әр түрлі көзқарастарды талдау құралы ретінде көңіл-күйдің ауытқуын пайдалану қабілеттерін қамтиды;

– эмоцияны түсіну. Эмоциялар кешенін, эмоциялар арасындағы байланысты, бір эмоциядан ауысуды түсіну қабілеті;

– эмоцияны басқару. Эмоцияны басқара білу, жағымсыз эмоциялардың қарқындылығын төмендету, олардың эмоцияларынан хабардар болу, соның ішінде жағымсыз сезімдер, эмоционалды жүктелген мәселелерді олармен байланысты жағымсыз эмоцияларды баспай шешу: Жеке өсуге және тұлғааралық қатынастардың жақсаруына ықпал етеді [1].

Манойлова М.А. эмоционалды интеллект өзінің күйлері мен сезімдерін және басқа адамдардың сезімдерін білуді, қабылдауды және реттеуді қамтамасыз ететін коммуникативті және реттеуші тұлғалық қасиеттер жиынтығы ретінде анықтайды. Эмоционалды интеллекттің даму деңгейі тұлғаның өзара қарым-қатынасы мен жеке дамуының өнімділігі мен жетістігіне байланысты [5]. Комарова А.Р. эмоционалды интеллект дамуының биологиялық және әлеуметтік алғышарттарын анықтайды. Биологиялық алғышарттарға эмоционалды қабілеттің тұқым қуалайтын бейімділігі жатады. Әлеуметтікке белгілі бір жас кезеңінде рационализаторлықтың қалыптасуы, баланың өзіндік санасының даму дәрежесі, ата-аналар арасындағы эмоционалды қауіпсіз қатынастар, ата-аналардың білім деңгейі және отбасы табысы, тәрбиелеудің гендерлік ерекшеліктері, бақылау локусы, діндарлық жатады.

Эмоционалды интеллектті дамытудың керемет жолдарының бірі – жағымсыз эмоциялардың төмендеуі және бұл «сана деңгейлері» шкаласында айқын көрінеді [6].

Кез-келген жағымсыз эмоция – бұл адамның әлем туралы суретіндегі қателік. Әлемнің суреті адамның біздің әлеміміз туралы көптеген сенімдерін білдіреді. Кез-келген екі сенім бір-біріне қайшы келе бастағанда, бұл жағымсыз эмоцияны тудырады. Мысалыға, шешім қабылдаудан қорқу және қателік жасау, екі шешімнің кез-келгенін кінәлау, депрессия, өзіне ашулану, адамдарға ашулану және т.б.

Дамыған эмоционалды интеллект жағымсыз эмоциялардың себептерін (бірнеше нанымдардың қақтығысы) көруге мүмкіндік береді, содан кейін жағдайды байыпты бағалап, ақылдылықпен әрекет етеді.

Басқаша айтқанда, эмоционалды интеллект жағымсыз эмоциялардың себептерін ұзақ уақыт бойы сезінудің орнына, оларды тез шешуге мүмкіндік береді [4].

Эмоцияны түсіне білу нәтижесінде:

• эмоцияны анықтай алады, яғни өзі немесе басқа адам қандай эмоцияны бастан кешіріп жатқанын анықтай алады және оның сөздік көрінісін таба алады;

• осы эмоцияны тудырған себептерді және оның салдары қандай болатындығын түсінеді.

Эмоцияны басқара білу дегеніміз – адам:

• эмоциялардың қарқындылығын басқара алады, әсіресе шамадан тыс күшті эмоцияларды бәсеңдетеді;

• эмоциялардың сыртқы көрінісін басқара алады;

• қажет болған жағдайда ерікті түрде сол немесе басқа эмоцияны тудыруы мүмкін.

Түсіну қабілеті де, эмоцияны басқару қабілеті де өзінің эмоцияларына және басқалардың эмоцияларына бағытталуы мүмкін. Осылайша, тұлғайшілік және тұлғаралық эмоционалды интеллект туралы айтуға болады. Бұл екі нұсқа әртүрлі танымдық процестер мен дағдыларды өзектендіруді көздейді, бірақ олар бір-бірімен байланысты болуы керек [5].

Д.В. Люсин, эмоцияларды түсіну және оларды басқару қабілеті жеке тұлғаның эмоционалды салаға жалпы бағытталуымен өте тығыз байланысты, яғни адамдардың ішкі әлеміне қызығушылықпен (оның ішінде өзін де), мінез-құлықты психологиялық талдауға бейімділікпен ерекшеленеді. Демек, «эмоционалды интеллекті» қос сипатқа ие және бір жағынан, танымдық қабілеттерімен, ал екінші жағынан, жеке ерекшеліктерімен байланыстырылған құрылым ретінде елестетуге болады. Демек, «эмоционалды интеллект» – бұл адамның өмір сүру барысында оның деңгейі мен нақты жеке ерекшеліктерін анықтайтын бірқатар факторлардың әсерінен қалыптасатын психикалық қасиет [3].

**Қорытындылай келе,** эмоционалды интеллект мәселесіне деген қызығушылық ұзақ уақыт бойы сақталып келді, бірақ эмоционалды интеллект не екенін бірыңғай түсіну әлі дамымаған.

Сонымен қатар, осы бағыттағы ғылыми мектептің арқасында эмоционалды интеллект байланыс спектрі кеңейіп келеді, оның ішінде адамның мінез-құлқы және оның қоршаған ортамен өзара әрекеті.

Шетел әдебиеттерін талдау эмоционалды интеллект деңгейінің әлеуметтік өзара әрекеттесуге әсерінің екіұштылығын көрсетті. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, төмен эмоционалды интеллект агрессиямен байланысты, ал жоғары эмоционалды интеллект просоциалдық мінез-құлықпен байланысты. Бұл басым пікір. Бірақ мұнда керісінше де бар: егер біз жеккөрушілік, мацциавеллизм, келісім сияқты жеке ерекшеліктерді ескеретін болсақ, онда бұл девиантты мінез-құлыққа делдал болатын эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі деп ойлауымызға болады.

И.Н. Андреева атап өткендей, жоғары дамыған тұлғайшілік эмоционалды интеллект басқа адамдармен терең және тығыз қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін эмоционалды көріністердің табиғи болуына және өзіндік позитивті қатынасқа ықпал етеді [1]. Эмоционалды интеллект – бұл адамның сезімдері мен тілектерінің ішкі ортамен өзара әрекеттесу мүмкіндігі; интеллектуалды талдау және синтез негізінде жеке қатынастарды түсіну және эмоционалды саланы басқару мүмкіндігі; қоршаған ортаның талаптары мен қысымына төтеп берудің жалпы қабілетіне әсер ететін эмоционалды, жеке және әлеуметтік қабілеттер жиынтығы.

Эмоционалды интеллект тұжырымдамасын одан әрі дамыту девиантты мінез-құлықтың алдын-алу, түзету және қалпына келтіру, эмоционалды сарқылу, шығармашылық қабілеттерін дамыту, жеке тұлғаны әлеуметтендіру, стресстікке төзімділік пен жалпы жеке тұлғаның өмір сүру деңгейі сияқты ғылыми және практикалық мәселелерді түсінуге және егжей-тегжейлі қарастыруға ықпал етуі керек.

Эмоционалды интеллект адамды өздігінен ұстап тұра алады, бірақ ол терең білім мен күшті мотивациямен үйлескенде мансапта ең жақсы нәтиже береді. Жоғары интеллект жоғары оқу орнына түсуге немесе көптен күткен жұмысқа орналасуға көмектесетіні рас, бірақ ол стресстің әсеріне әсер ететін, жаңа жерде қарым-қатынас орнатуға бейімделетін эмоционалды интеллект дамымаған, бұл аймақтағы қиындықтарды жеңуге ықпал етеді. Өзін-өзі реттеу, ести білу және өзін басқалардың орнына қою, көңіл-күйді басқару қабілеттері қарым-қатынас қажет болатын барлық салалардағы практикалық дағдыларды толықтырады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Андреева И.Н. Концептуальное поле понятия «эмоциональный интеллект» / И.Н. Андреева // Вопросы психологии.– 2009. – № 4. С. 131
2. Гарскова Г.Г. Введение понятия эмоционального интеллекта в психологическую культуру / Ананьевские чтения: Тез.науч.-практ. конф. – СПб., 1999. – С. 212-119.
3. Гоулман Д. Эмоциональное лидерство: Искусство управления людьми на основе эмоционального интеллекта / Даниел Гоулман, Ричард Боячич, Энни Макки; Пер. сангл. – 5 изд. – М.: Альпина Паблишерз, 2011. – 301 с.
4. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. Д. Гоулман. – М.: Изд-во АСТ, 2009. – 480 с.
5. Ильин Е.П. Эмоции и чувства. – СПб.: Изд-во «Питер», 2001. 12.Леонтьев Д.А. Психология смысла / Д.А. Леонтьев. – М., 2003. – 216 с.
6. Люсин Д.В. Новая методика измерения эмоционального интеллекта: опросник ЭМИн / Д.В. Люсин // Психол. диагностика. – 2006. – № 4. – С. 3-22.
7. Манойлова М.А. Эмоциональный интеллект будущего педагога: акмеологическая диагностика и методы развития. (Учебно-методическое пособие). – Москва: «POLEOGRAFF PRESS», 2008. – 128 с. ISBN 5-89526-019-
8. Социальный интеллект: теория, измерение, исследования / Под ред. Д.В. Люсина, Д.В. Ушакова. – М.: Изд-во ИП РАН, 2004. – 213 с.

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖАСТАРҒА РУХАНИ-ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Табылдиева Н.М.*

*ҚазҰҚПУ 2 курс магистранты*

*Ғылыми жетекшісі: ф. ғ. к., аға оқытушы Смагулова А.С.*

**Түйіндемесі.** Мақала барысында автор заманауи білім беру үдерісіндегі рухани – құндылықты тәрбиелеудің өзекті мәселелеріне басты назар аударған. Заманауи білім беру сипатындағы рухани тәрбиенің моделі мен рухани – құндылықтық тәрбие әдістері туралы қарастырылған. Мемлекеттің рухани байлығы мен құндылықтары талдана отырып, оларды жастардың бойына сіңіру жолдары сөз болады. Қазіргі қоғамның айнасын сауатты әрі рухани жандүниесі бай жастардың ортасына айналдыру мақсатының астары қозғалды.

**Түйін сөздер:** рухани – құндылықтық тәрбие, заманауи білім беру үдерісі, білім беру моделі, мемлекет құндылықтары, қоғам.

Замана көші талай ғасыр мен жылдарды басынан кешірді. Өмір алма – кезек ауысып, бір көштің артынан ілесе басып екіншісі келді. Әр заманның өз құндылығы, өз байлығы мен бетке ұстар қадірлісі болды. Алайда, қай замана болмасын өзгермейтін құндылық – рухани байлық пен құндылықтың қадірлі болуы еді. Бүгінгі күні де нақты сол құндылықтар, дәл сол руханият ел өмірінің сипатын көрсететін басты көрсеткіш.

Заманауи білім беру үдерісінде жастарды тәрбиелеу және құндылықтарды олардың бойына сіңіру қоғамның һәм қоршаған ортаның міндетіне айналып отыр. Заманауи білім беру үдерісі – жаңа білім беру моделдерінің құрылуымен, жаңа әдістер мен әдістемелер кешенінің жасақталуымен сипатталатын күрделі, кең көлемді үдеріс. Осы үдерістің сапалы әрі табысты нәтижеге жеткізетін салаға айналуына кепілдік беретін ол, әрине – тәрбие мәселесі [1].

Тәрбиелеудің мақсаты – балаға әсер етудің мазмұнын, әдістері мен нәтижесін анықтайтын педагогиканың басты мәселесі. Бұл олардың дұрыс тандауына байланысты, ол адамның қалай өсетініне, оның жеке қасиеттері мен сипатына байланысты болады. Білім берудің мақсаты мен міндеттері дегеніміз не, алдымен бұл ұғымдар нені білдіретінін түсіну керек. Мақсат-сіз ұмтылатын нәтиже деп саналады. Тапсырмалар, өз кезегінде, қандай әрекеттер арқылы қол жеткізуге болады деген сұраққа жауап береді.

